МҰХТАР ӘУЕЗОВ

894.342-3
Ә82
Каз. яз.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1985

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

894.342-3
Ә 82

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМАСЫНШЫ ТОМ

Монография, мақалалар

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1985

83.3 каз.
Ә 82

Редакциялық коллегия:
АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л., БАЗАРБАЕВ М., БЕРДІБАЕВ Р., ҚАРАТАЕВ М., МҰСРЕПОВ Ғ., НҰРПЕЙІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

Ғылыми түсініктерді жазып, томды баспаға әзірлегендер:
ӘУЕЗОВА Л., МЫРЗАХМЕТОВ М., СЕРІККАЛИЕВ З., ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р., МҰҚАМЕТХАНОВ Н.

Жауапты шығарушылар:
ӘУЕЗОВА ЛӘЙЛА, СЕРІККАЛИЕВ ЗЕЙНОЛЛА

Әуезов Мұхтар.
Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы: Жазушы.—
Т 20. Монография мен мақалалар /Жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серіккалиев.—1985. —496 бет., 2 п. сурет, портр.—(Қаз. ССР Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты).

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының жиырмасыншы томына «Абай (Ибраһим Құнанбайұлы» (1959) монографиясы мен әдеби — публицистикалық мақалалары, сөздері орысша, қазақша екі тілде беріліп отыр.

Ә $\frac{4603010202-199}{402(05)-85}$ 3—85 **83.3 Қаз**

© «Жазушы» 1985

80112

АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

(1845—1904)

(Монография)

Біз қазақ халқының ұлы классигі, данышпан ақыны — Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық еңбегіне тоқтамақпыз. Бірақ Абайдың осы айтылған жайларын шолудан бұрын, жалпы Абайды тудырған дәуірі, тарихи ортасы, осы кездегі қоғамдық қарым-қатынас туралы біраз кіріспе сөз айту қажет.

Марксшілдік материалистік дүниетану жүйесі бойынша қоғамда болатын үлкен уақиғаның барлығын тудырушы себептер: шаруашылық және соған негізделген қоғамдық, тарихтық ерекше жағдайлар. Осы тұрғыдан қарағанда, ақынды да белгілі бір шаруашылық, қоғамдық тарихи дәуір туғызады. Абайды да сондайлық боп қалыптанған қазақ сахарасының өзіндік ерекше жағдайлары туғызған.

XIX ғасырдың орта кезі екінші жартысында Абай кезінде болған жағдайларды білу үшін сол кездегі жалпы Қазақстанның тарихи халін еске алу керек. XIX ғасырдың орта тұсында Абайдың балалық шағы өтеді. Бұл кезде Қазақстанда патшалық отарлау саясатының алғашқы дәуірі аяқталған. Әскери колонизация кезеңі өз дегеніне жеткен шақ. Ол дәуірдің алдында болған қозғалыстар аяқталған кезі. Патша үкіметінің отарлау саясаты өз жемісін бере бастаған мезгіл. Әскери түрде отарлау арқылы бірсыпыра жергілікті шаруа халқының қонысы ауысып, өздерінің шұрайлы жерлерінен айрылады. Ішкі Россиядан жер тарлығынан, помещиктер қанауынан үлкен жоқшылыққа ұшыраған орыс шаруалары қалың топ болып, Қазақстанға ауысып келе бастайды.

Сібір мен Қазақстан, кейінірек Орта Азия патшалық Россияның анық баурап алған отары болады. Ленин айтқандай:

«Европалық Россияның оңтүстігі мен оңтүстік шығысы, Кавказ, Орта Азия, Сибирь орыс капитализмінің отарлары тәрізді және оның тек тереңдей ғана емес, жайыла қайта дамуына да себеп болады» *.

XIX ғасырдың екінші жарымында қазақ сахарасына сауда капиталынан басқа өндіріс капиталы да ендеп кіре бастаған. Риддер, Қарағанды, тағы солар сияқты кен ошақтарын француз байлары жауша талауға кіріседі. Әр қалаларда тері илейтін, мал соятын, жүн жуатын, ұн тартатын, тұз кенін алатын сияқты өндірістер туа бастайды. Қалалардың базарлары мен әр жерге орнаған жәрменкелер арқылы сауда күшейе береді. 1860 жылдардың аяқ кезінде Бүкіл Россиялық рынокке Қазақстан мал, тері-терсек, жүн-жұрқаның барлығын ең мол беретін өлке болады. Мысалы, 1867 жылы Сібір мен Орынбор тараптарынан Европалық Россияға жіберілген малдың 91,8 проценті, терінің 66,9 проценті, жүн-жұрқаның 94,1 проценті қазақ сахарасынан барады.

Абай өскен елге ең жақын, үлкен жәрмеңке — Қоянды жәрмеңкесінің 1869 жылғы айналма сомасы — жарым миллион сомға жеткен. Қазақстан мен Россияның сауда-саттығының өсуі мына төмендегі цифрлардан анық көрінеді. Мысалы, 1820 жылы Орынбор, Сібір, Орал өлкелерінде жасалған сауданың айналма сомасы 115 мың болса, 1862 жылы малменен және өзге шаруашылық өндірісімен қазақ өлкесінде жасалған сауданың айналма сомасы — 5 348 438 сомға жетеді. Ал, сахараға келген Россиялық өнеркәсіп товарларының сомасы — 4 431 772 сомға жетеді. Мысалы, Қызылжардың Меневой дворына 1820 жылы барлығы 70 мың бас мал түссе, 1860 жылдарда жыл сайын 100 мыңнан аса қара мал, бір миллионға тарта қой-ешкі түсіп отырған.

Патшалық отарлау саясаты қазақ халқының жерін алғанда, оның шұрайлысын, сол патшалықтың оң қолы боп саналатын казак-орыстарға, помещиктерге, әр алуан өндіріс орнатқан капиталистерге, чиновниктерге және қазақтың өзінен шыққан байлары мен бектеріне алып береді. Ел қолынан кеткен жер патшалықтың өзі өсірген

* В. И. Ленин. Шығармалар, 1948, 4-том, 89-бет.

қанаушы таптарының қалаулы топтарына беріледі. Мысалы, Абай жас шағында араласып жүрген Қарқаралы округінде қазақ байларының шаруасы алты процент болса да, мал-мүліктің үштен бірі солардың қолында болады. Сөйтіп, қазақ халқының қалың көпшілік шаруасы патриархалдық-феодалдық үстемдік тәртібімен бір қаналса, әділетсіз ауыр алым-салық арқылы және де жем бола түседі. Мұның үстіне, жабайылық жағдайда шаруашылық, бақташылық өмір кешкен көпшіліктің тағы бір соры болып, арылмайтын жұттар араласады. Әрбір үлкен жұттың ең ауыр сор-салмағы қазақтың шаруа көпшілігіне, әсіресе кәрлі, зілді болатын. Өйткені, бай мен бек, болыс, би сияқты топтар жердің шұрайлысын алып отырғандықтан, жұтқа аз ұшырайтұғын. Осы соңғы топтар патшалық чиновниктермен қосылып, қазақтың қалың бұқарасын жаудай талаушы еді.

Осындайлық отарлау саясатын ойдағыдай жүргізу үшін патша өкіметі қазақ жайлаған өлкелерге мемлекет аппаратын құрды. XIX ғасырдың орта кезіне дейін Қазақстан округтерге бөлініп биленуші еді. 1868 жылғы жаңа тәртіп бойынша, енді қазақ даласындағы патшалықтың әкімшілік аппараты басқа түрлі болды. Бар Қазақстан бірнеше облысқа бөлінумен қатар, сол облыстар уездерге бөлінеді. Уезд болыстыққа бөлінеді. Болыстық ауылнайларға (старшиналарға) жіктеледі.

Абайдың туған облысы Семей, оған көршілес облыс Ақмола, содан ары Торғай, Орал облысы болады. Кейінірек Түркістан өлкесі түгел алынған соң, Жетісу, Сырдария облыстары жасалады. Сөйтіп, Ұлы Октябрь социалистік революциясына шейін қазақ жайлаған Сарыарқа, Жайық, Сыр, Алатау өлкелерінің барлығы патшалық құрған алты облысқа бөлінген.

Абайдың әлеумет қайраткері болып шыққан кезінде, ақындық өнері басталған шақта Қазақстанның мемлекеттік-әкімшілік бөлінісі осылай болып қалыптанған.

Семей облысының өзін алсақ, ол бес уезге бөлінген: Семей, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен, Зайсан уездері. Облыс басында әскери губернатор (жандарал) болады, оның кеңсесін «Областное правление» дейді. Уездің басында уездный начальник — мұны қазақ «ояз» дейтін. Ақмола, Семей облысы бірігіп бір генерал-губернаторлыққа бағынатын. Оның әкімін «степной генерал-губер-

натор» дейді. Қазақ бұл үлкен әкімді — кеңсесімен қоса «корпыс» деп атайтын.

Жоғарыда біз жасаған тарихтық, саясаттық қысқаша шолудың Абай жайын тексеруде ерекше қажеттігі бар. Өйткені Абайдың өмірбаянын зерттегенде және әсіресе шығармаларына тексеру жасағанымызда, жаңағы аталып өткен әкімдер, шаруашылық халдер, қанаушы топтар мен қалың бұқара халық арасындағы жайлар ұдайы, мол көрініп отырады. Абай ақындығының ішкі мазмұндарын нақтылап ұғыну үшін, сол аталған старшындар, болыстар, билер, ояздар, жандаралдар — барлығы да өздерінің іс-әрекеттерімен көп-көп жайларды ашып, шешіп отыруға себепші болады.

Жоғарыда аталған уездерді алсақ, бұлар 20—21—22 болыстан құралатын. Абайдың елі қараған Семей уезі жиырма болыс болатын да, көршілес Қарқаралы уезі жиырма екі болыстан құралатын. Қазақтың «болыс» деген сөзі орыстың «волость», «волостной управитель» деген сөзінен алынған. Қазақша қолдануда және Абай шығармаларында «болыс» деп әрі әкімдік бөлікті де, әрі соның басында тұратын әкімді де атаған. «Ояз» бен «болыстың» арасында тағы бір ұлық бар, ол — крестьянский начальник. Бір уезде 20—22 болыс болса, солар бірнеше участкеге бөлінеді. Төрт-бес болыстан құралатын участкенің бастығы жаңағы крестьянский начальник.

Осымен қатар әкімшілік орындарынан басқа сот орындары болған. Олар қазақ болысында үш жылда болыспен бірге сайланатын билер, сонан соң мировой судьялар және әр болыстың басында облыстық — окружной суд болатын.

Міне, Абай шығармаларында әр алуан кескінде сыпатталынып, әшкереленіп, сыналып отыратын ұлық, әкім, ел билеушілер дегендердің саты-саты орындары осылай еді.

Сондайлық әкімшілік орындарын тудырумен қатар, патшалық өкіметі тергеу, соттау жұмыстарының жөнінде өзінше бір тәсіл қолданады. Тегі, қазақ ортасының дау-шары патшалық тергеу орындары мировой судья, окружной суд сияқты кеңселерге түссе, патшалықтың өзінің заң-законы бойынша тергелетін. Ал, ел ішіндегі көпшілік талас-тартыс, дау-жанжал, сан қылмыс атаулының көбін патшалық сотынан бұрын болыс, болыстағы билер, казақтан сайланған адамдар тергейтін болған.

Кейде бір болыс ішіндегі ауылнай басы сайланатын билердің болыс ішіндегі съездері тергеу жүргізеді. Бірнеше болыстар арасындағы үлкен дау, зор қылмысты істер әр болыс, уезд, облыстардан бөлініп шығарылған жаңағы қазақ билерінің съездерінде тексеріледі. Бұндай съездерді қазақ —«шербешнай сыяз» деген. Кейде тек «шербешнай» деп атандыратын.

Бұлар сияқты тергеу орындарына патшалық өкіметі әдейілеп өзінше ерік, право береді. Тергеу мен үкімді қазақтың ескі ереже заңы бойынша, әдет, шариғат бойынша, баяғыдан келе жатқан қазақы қағидалар бойынша тергеп, кесуге еркіндік берілген болады. Бұрынғы патшалықтың саясаты — қазақ сахарасында ескі қалыптағы рушылдық, патриархалдық-феодалдық құрылыстың ұйтқысын бұзғысы келмегендігі. Отарланған ел мәдениетсіз, ескі қалпына берік боп, сол көне күйде қала берсін дегендік. Қазақтың ақсақалдық, феодалдық жобадағы билеріне бұрынғы неше алуан сорақы, жабайы түрдегі жол-жорасын үнемі сақтап отыруға құрық береді.

Сондықтан, мысалы, құн дауы, қалың мал, көп әйел алу, барымта сияқты надандық, ескілік әдет-қалыптың бәрін сақтап отыруға патшалық саясатының өзі жәрдемші болады. Патшалықтың ел ішінде сайлап алған аппараты: болыс, билер және әрбір елу үйден, сайлаушы ретінде аталып қойылатын елубасылар, әр ауылнай басындағы старшындар, сонан соң болыс кеңсесінде хат жүргізуші боп қызмет ететін «тілмәш», орысша «толмач», (кейде «песір») деп аталатын патшалықтың әрі тыңшы, әрі оң көзі болған адамдар, жаңағы тергеу істерінің барлығын орындатып отыратын аппарат болады.

...Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.
Орыс сыяз қалдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды,—

деп, Абайдың шенейтіні сол жаңағы ел ішінде патша өкіметі жасаған аппарат. Дәл осы топтар арқылы патша өкіметі қазақ халқының алым-салығын жиятын. Ол салықты болыс пен ауылнайлар елге бөледі. Әр старшын ішінде жеке шаруаларға бөлінеді. Әрине, ол салықты елдің қанаушы тобы: бай-шонжарлары, би, старшындары, атқамінерлері, елубасылары өз қолдарынан үлестірстін

болғандықтан, шаруалардың ауқатына қарамай, түтінге үлестірілетін. Сондықтан халық оны «түңлік басы салық» дейтін. Бұл салықтармен қатар, патшалықтың лаукөлік салығы қатар жүреді. Және ол түңлік басына әр болыстың «қара шығын» дейтін үстеме салығы қосылады. Ол болыстық әкімдердің сойысы, мінетін аттары, әр алуан «сыбағасы» есебінде үстеме шығын болып, момын елден жиналады. Осылайша топталатын жан-жақты шығын, қаржы-қарыз онсыз да кедейлігі, жоқшылығы асқан қалың елге ерекше қазадай болатын. Солайша халықтың жерін алып, мал-мүлкін әр жолмен талап, еселеп алыманжылар алып жатқан өкімет сол халықтың қамы үшін бір де бір әрекет етіп көрген емес. Қараңғы, надан, бұратана елдің ортасына мектеп ашып, ағартушылық іс жүргізу, дертін емдейтін емханалар орнату, тағы басқа сәл ғана болса да әр алуан мәдениет елесін беру дегеннің бір де бірі болмайтын.

1870—1880 жылдар шамасында Орынбор, Троицк, Омск сияқты қалаларда аздап бұратана елдердің балаларын орысша оқытатын Неплюевское училище, кейінірек Ыбырай Алтынсариннің талабымен ашылатын Русско-киргизское училище (Абайдың өлеңінде «Интернат» деп аталатын), бесті-онды школдар болса, бұлардың бәрі жаңағы қазақ халқынан алынған салық, қаражаттың есебіне ашылатын. Бірақ, патшалық өкіметінің бұл школдарда қазақ баласын оқытудағы ниеті қараңғы елді ағарту емес, өзінің ояздық, болыстық, чиновниктік кеңселеріне жергілікті халықтан көмекші боларлық тілмәштар, ұсақ чиновниктер әзірлеп алу мақсаты ғана болатын.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде біз патшалықтың дәл өзін сыпап, қарсылық сөз сөйлегенін кездестіре алмаймыз. Бірақ сол патшалықтың қазақ елі сияқты бұратана жұртты билеп отырған системасын және губернатор, ояз, болыс, тілмәш, би, старшын, елубасы, атшабар, опан соң жаңағы қазақтан шыққан ұсақ чиновниктер бар, осылардың барлығын барынша әшкерелеп, масқаралап, мінегенін көреміз. Елдегі ұлықтың үлкені болыс болса, соған жасаған бір шабуыл сынында:

...Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке ұсап.
Өзі ұлыққа,

Қадірі жоққа
Қарамай, өз халқына.
Сөз қайырмай
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына,—

деп, ақын сол болыстардың барлық залалды, сорақы кейпін ашып салады.

Патшалық системасының әкімшілік орындарын кейде «ояз» деп, кейде «орыс» деп (бұнда орыс халқын айтпай, қазақ ортасында сол кездегі әдет бойынша ұлықты орыс деп атаған қалыппен) шеней келеді. Соларға болысты қосып, ащы мысқылмен, ызалы кескінмен сынайды.

Осы аталған патшалық, отаршылдық, әкімшілік кертартпа күйлер қазақ халқының көпшілігіне неше алуан ауыртпалық әкелді. Қара шаруаның қаналуы тек жоғарыда айтылғандармен тынған жоқ. Әсіресе, теңсіздік пен қаналудың ең ауыр дерті көпшілік шаруаның жер жөнінде көретін таршылық қысымына әкеп сайды. Сауда капиталының қазақ даласын қанауы, өндіріс капиталы шығарған заттың да қазақ арасына әкеліп, сатылып таралуына себеп болды. Сөйтіп, ендігі Қазақстан өндіріс капиталының өнімдерін өткізетін базарға айналды. Шайқант, киім-бұйымдық пұл-товар, үй ішілік ыдыс-аяқ әр алуан ұсақ аспап — барлығын да қазақ халқы ашқарақ саудагерлер арқылы жәрмеңкелерден, үлкенді-кішілі базарлардан сатып алатын болды. Көп саудагерлер байып, чиновник, әкім атаулы болыс-билер, ел феодалдары бұрынғыдан да әлденіп, үстемдігі аса түсті. Жер тарылу, алым-салық күшею, неше алуан қанау ауыртпалықтар молаю арқылы бұқара көпшілік, еңбекші кедей атаулы бұрынғыдан да ауыр күйлерге түсті.

Қазақтың көп жерлерінде қалың шаруалар жатаққа айналды. Күн көрісі тарылған ел кедейлері қалалы, өндірісті орындарға жұмысшылыққа, малайлыққа кететін болды. Осының барлығы Абай ақындық еңбек еткен замандағы қазақ ортасында тап жігінің айқындап ашыла түсуіне себеп болды. Солардың нәтижесінде Абай тұсындағы қоғамдық жағдайда неше алуан таптық қайшылық молайған еді.

Біздің бұған шейін шолып өткеніміз, патшалық отарлау саясаты себебінен туған Қазақстан көлеміндегі жал-

пы саясаттық, шаруашылық, қоғамдық жағдайлар. Бұл абсолюттік монархия Россияның қазақ сияқты бұратана елге айқындап танылған, қастық түрдегі, тарихтық шыны мен сыры болатын.

Енді осымен қатар, ұлы Ленин айтқан тағы бір үлкен тарихи шындықты еске алуымыз керек. Ленин: «Әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі ұлттық мәдениет бар»,— деген. Россия туралы айтқанда, патшалық аппаратының жоғарыдағы айтқан жайларын танытатын, ресми түрдегі Россия. Ал, қазақ халқы үшін бұл өгей болса, қас-қастан болса, соған қарсы үнемі алысқан екінші Россия бар еді. Бұл — Радищевтен бастап, Ұлы Октябрь социалистік революциясына шейін, бір жарым ғасыр бойында патшалық өкіметімен алысып келген азаттық-демократиялық, революциялық жолдағы орыс халқының ұлы қайраткерлерінің Россиясы. Анық орыс халқының ұлы тарихындағы халықтық қасиетін танытқан сол Россия. Орыстағы данышпан адамдар жасаған, бүкіл дүние тарихына үлгі берген Россия.

Осы екінші Россия патшалықтың абсолютизміне, кертартпалығына қарсы алысқан сан қайраткерлерді, жаңағы айтылған, бір жарым ғасыр бойында дәурен-дәуір өткен сайын өсіре-асыра дамытып, молайтып отырды. Россияның өзіндегі еңбекші қаналушы жұртшылықтың қамын жеген, олармен қатар отар елдеріне достықпен қараған даналар шықты. Сондай әлеуметтік бағыт Пушкиннің еңбектерінде көрінген, Белинскийдің әлеуметтік ойларында танылған, Герценнің халық үшін толғанған азаматшыл ойынан, тартысынан туған-ды.

Ол 1860 жылдардағы шаруашылық, қоғамдық өмірдің қайшылығынан туған демократиялық, революциялық бағыт: Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтар еңбектерінен туған тартыстар.

1890 жылдарға келгенде Россияда жаңағы тарихтық ағымның ендігі үлкен, өскен белі есебінде социал-демократиялық, саяси тартыс жолы ашылды.

Осы жылдарда XIX ғасырдың соңғы шағында (1865ж.) қалыптанатын ұлы большевиктік партиясының әлемдік, тарихтық жолы басталады. Данышпан Ленинніің бүкіл дүние шаруаларына, еңбекші әлеміне көсемдік еткен ұлы қайраты, тартысы Россияның қалың бұқарасы мен бар бұратана қаналушы елдеріне, адам баласы та-

рихында бұрын атпаған таңның, бұрын тумаған күннің енді ғана сәуле атып келе жатқанын аңғартты.

Бұл соңғы аталған салт-саналық, саясаттық жаңа бағыт бұратана елдерге өгейлік орнына достық әкеле жатқан, қанаушылық орнына теңдік, азаттық әкеле жатқан, сан ғасырлық қараңғылық, надандық орнына білім-өнер әкеле жатқан ұлы орыс халқының анық халықтық қасиетін танытқан күндей жарық, жарқын жолы еді.

Абай майданға шықпас бұрын патшалық Россиядан көрген отаршылық қанау бойынша және заманындағы надандық себебінен, онан соң, өздерінің үстем таптарға табынысты болған тар көлемдігі себебінен барлық Россиядан тарайтын жаңалық атаулының бәріне жат қараған топтар қазақ ішінде көп болған. Олардың бір алуаны — Кенесары сияқты бүкіл Россияда талғаусыз қарсылықта, жаулықта болған патриархалдық-феодалдық санадағы зор залалды элементтер болады. Тағы бір алуан топ Досқожа, Нысанбай, Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты кертартпа ескішіл бағыттағы үстем тап санашылары, жаршы-жыршылары болады. Бірақ патшалық Россиясына бағынған өзге көп бұратана елдердегі сияқты, XIX ғасырдың екінші жарымында Россияның, жоғарыда айтылғандай, екі Россия екендігін анықтап, ашқарып ұғынатын топтар қазақ ішінен де оянып, көріне бастайды.

Бұлар, көбінесе, екінші Россияның шындығын, қасиетін ұққан адамдардан құралады. Россияның өзінде қаналушы миллиондардың көп екендігін көріп, олармен бірге қазақтай бұратана халықтың қоса қаналып жүргенін аңғарған қайраткерлер осылар еді.

Сонымен, патшалық Россияға бағынған бұратана елдердің ортасынан, көп жерде ұлы орыс халқының мәдениетін сүйіп, бағалап, өз елдерінің ендігі халықтық, озғын буындарын сол орыс мәдениетіне тез жеткіземін, дос етіп араластырамын деген ағартушылардың қозғалыстары басталады. Бұлар: Грузияда — Илья Чавчавадзе, Арменияда — Хачатур Абовян, Азербайжанда — Мирза Фатали Ахундов, Бурятта — Банзаров, Осетияда — Коста Хетагуров, қазақта — Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай сияқты адамдар.

Ал, XX ғасыр басында, бертінде татарлардан шыққан Абдулла Тоқай да сол қатардағы ұлы қайраткерлердің бірі. Осы аталған адамдардың бәрі де өз елдерінің ендігі

тарихтық тағдыры Россиямен бір екенін ұғынады. Елдерінің бұрынғы тарихына қарағанда Россиямен бірлесу қалайда ең дұрыс жол екенін біледі. Энгельс айтқандай: Россия Шығыс жөнінде анық прогрестік роль ойнайды,— дегенді айқын аңғарды.

Біз дәл бұл тұста Шоқан мен Ыбырайдың өмірбаяндарын, еңбектерін тексермейміз. Олар жайындағы тексерулер өз алдына. Әзір Абайды тудырған жалпы шаруашылық, тарихтық, қоғамдық дәуір, жағдайлар бәріне де ортақ екенін ғана ескертеміз.

Абай Шоқан мен Ыбырай сияқты қазақ елі тек орыс халқының ұлы мәдениетінен, әлемдік ел қазынасынан тәрбие-тәлім алса ғана жарыққа жететінін білген. Бұл жайды тек халқы туралы ғана емес, Абай өзі туралы да қоса ойлаған. Елі-жұртын үгіттеумен бірге ең алдымен өз білім тәрбиесін, әсіресе жазушылық, әлеуметтік еңбек талабын, бұрын, бұның алдында өзге ақындар бармаған бағытқа, түспеген арнаға салады. Оны классик Абай еткен де осы бақытты бағыты мен қажымастық еңбегі. Сондай ұлы жолға түскен себепті, өзінің еңбектерінде мүлде жаңа, ерекше қасиеттер көрсетті де, Абай біздің әдебиетіміздің ұлы классик Абайы болып шықты.

Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуат Абайдан бұрынғы ақындарда да болуға мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын боп та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса — жүз бірінші, мың ақын өткен болса — мың бірінші болар да қалар ма еді, әлде қайтер еді!

Өзі орыс халқының мәдениетіндегі қасиеттерді, үлгісін бойына сіңіріп, еңбегіне таратқан, соның бәрін жаңа дәуірдің жаңаша тарихтық, халықтық арман мүддесі етіп, ендігі асыл қазынасы етіп берген Абай болғандықтан өзгеше бағаланады. Барлық қазақ халқының өткен тарихында ең зор биікке шыққан, асыл тұрғыны ашқан, айнымас қадірі зор классигі боп танылады.

Абайды тану

Абайдың өмірі мен еңбектері турасында айтылатын тексеру, зерттеудің алдындағы кіріспе сөздің ендігі бір бөлімін — Абайды тану деген жайға арнаймыз.

Абайды тану жұмысы көлемді, сан-сапалы, ғылымдық жолмен тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, жалпы советтік социалистік мәдениетіміздің заманында ғана молайды.

Бірақ бұл сөздерге қарап революциядан бұрын Абай жөнінде еш нәрсе жазылмады, айтылмады деуге болмайды. Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Бұл жөнде Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тарағанын еске алу керек.

Бірінші жолы — баспа арқылы тарауы; екіншісі — халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі — қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар боп, көшіріліп тарауы. Және осылайша ақын шығармаларының оқушы, тыңдаушы жұртшылыққа мәлім болуымен бірге, Абайдың өмірі мен ортасын, еңбектерінің әр алуан сипаттарын, өз шамасынша көпшілікке мәлімдеп отырған үлкенді-кішілі танытқыш сөздерді, деректерді де еске алуымыз керек.

Бұл соңғы айтылған жайлар, жоғарыдағы ескертуіміз бойынша, Абайдың революциядан бұрын қаншалық танылғанын аңғартатын деректер болады.

Қай ақынды болса да ең мол танытатын баспаға шығу болғандықтан, алдымен революциядан бұрын Абайды баспа жүзінде танытқан еңбекке тоқтайық.

Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген Абай өзі тәрбиелеп, баулыған жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған — Қәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек.

Қәкітай Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағын бірінші рет Петербургтегі Бораганский баспаханасында 1909 жылы шығарады. Сол жинақтың аяғында ақынның Қәкітай жазған бірінші өмірбаяны беріледі. Шығармалар жинағына Қәкітай өзінше талдаужіктеу жасаған. «Ой туралы», «Өзі туралы», «Ел туралы», «Ғашықтық туралы» деген сияқты тақырыптарды бөліп шығарып, әр өлеңінің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді.

Анығында, Абай өзі тірісінде шығармаларын бұлай топтаған жоқ еді. Ақынның тілегінен тыс түрде редактордың өзінше бөлшектеуі редакторлық-ғылымдық дұрыс түрі деуге болмайды. Бұл, шартты түрдегі, біраз зорлықпенен жасалған жіктеулер. Себебі, көбінше Абай өлеңдерінің ішкі мазмұндарына қарасақ, «Ой туралы» деген бөлімде өзі турасындағы сөздер жүреді. «Ақындық туралы» деген бөлімінде — ой туралы, «ғашықтық туралы» деген өлең тобында көңіл-күйінің лирикасы да араласып отырады.

Сонымен, Қәкітай жасаған жіктеулер дәл-дәлді емес. Бірақ соған қарамай, революцияның алғашқы жылдарында Абайды қайта басып шығарған кейінгі редакторлар да, сол Қәкітай берген бөлік жітеулерді сынамай, дұрыстамай қаз-қалпында қайталап берген. Сол соңғы баспалар Абайдың өмірбаянына да Қәкітай жазған сөз, деректерден басқа ешбір тың жаңалықтар қосқан жоқты. Сондықтан, Абайдың баспаға шығуында тарихтық, бірінші зор еңбек етуші — Қәкітай дейміз.

Әрине, бұл тұста Абайдың «Жаз» сияқты бірер өлеңі 1889 жылдарда Омскіде шығатын «Дала уәләяті» газетінде басылғанын ескере кету керек. Және сол жылдарда, Абайдың өзі тірісінде, оның «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген бір өлеңін Жүсіпбек деген адамның көрнеу ұрлық жасап, Қазан баспасы арқылы, өзі шығарған бір жинақтың басына, сол баспаханаға жазған өз хаты есебінде бастырып жібергені бар. Ол адам баспахана иесі байға сәлем хат жазғанда:

Біздәргә ойын арзан, күлкі қымбат,
Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат,—

деп тұрып, Абайдың ұзақ көркем өлеңін түгелімен көпекөрнеу, әдебиет ұрысы есебінде жазып жіберген. Өз сөзі етіп бастырып та шығарған.

Қысқасы, раволюциядан бұрын Абайдың баспаға шығуы, әсіресе жинақ боп шығуы, зор қадірлі тарихтық іс болғанмен, ойдағыдай шыға алмаған. Әрине, Қәкітайдың бастыруы, Абайдың көп өлеңін бүкіл Қазақстан өлкесіне таратуға себеп болғаны рас. Түгел шықпаса да, таңдалып, топталған өлеңдердің өзімен-ақ Абай ақын Батыс Қазақстан, Сыр бойы, Алатау өлкесі, бүкіл Орталық Арқа қазақтарына түгел даңқты, қадірлі ақын боп таныла бастады.

Абайдың сол алғашқы жинағына кірмей қалған шығармаларының жайына сәл тоқтайық. Қәкітай Абай шығармаларынан қара сөздерді түгелімен алып қалған. Онан соң, ақынның бас тіршілігі, аталық, достық, қайғы-шері сияқты жеке адамдарға арнап айтқан көп көркем жырлары басылмаған. Мысалы, Абайдың аса сүйікті баласы Әбдірахман ауырып жатқанда, кейін сол қаза болғанда шерленіп шығарған сан алуан шебер жырлары баспаға берілмей қалады. Қәкітай ол өлеңдерді Абайдың өзіндік, үй ішілік сыры ғана деп ағат ұғынып, көпке танытудан іркіліп қалған. Онан соң, Абайдың ел жуандарының, атқамінерлерінің талай бұзар, бұзық мінездеріне әдейі нақтылап, арнап айтқан сатиралық сөздері баспаға берілмейді. Сол қатарда: «Абралыға», «Дүтбайға», «Күлембайға», «Қыздарға», «Көкпайға» тағы талай сол сияқты ер сипатты адамдарға қадап айтқан сыншы өлеңдері баспаға берілмей қалған. Кейбір «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген сияқты көпке мәлім атақты өлеңнің ішінде Тәкежандай туысына арнап, қатты ызаланып, сынап айтқан екі шумақ — сегіз жол өлең Қәкітай бастырған жинақтан және шығарылып тасталған.

Жалпы, бұл алуандас өлеңдерді Қәкітайдың баспаға бермеуінің себебі белгілі. Сол Абай сынаған адамдардың өзі немесе бала, бауырлары «баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады» деп жасқанып қалған.

Осындай себептердің салдарынан Абай шығармаларының үштен біріне жуығы Қәкітайдың бастыруында жарыққа шықпай қалады.

Революцияның алғашқы жылдарында сол Қәкітай шығарған жинақты енді жаңа емлемен Қазанда бір, Ташкентте бір бастырған редакторлар болды. Бұлар Қәкітайға ешбір жаңалық қоспаудың үстіне, мысалы, Ташкентте бастырушы редактор Абай еңбектеріне кей кезде надандық, топастықпен өрескел зорлықтар да жасаған. Абайдың тіл байлығын түгел түсінбей, ақын сөзінің кейбіреуіне өзінше түзеу береді. Мысалы Абай:

...Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің бәрі бір бас,—

десе, редактор «өлекшін» деген сөзді түсінбей:

Төбетке ұлы-кішінің бәрі бір бас —

деп өзгертеді.

Абай Лермонтовтан жасаған аудармаларында «Кинжалды»—«Қанжар» деп аударса, «парусты»—«жалау» деп аударса, жаңағы редактор: Абайдың сөздігінде, Абай өскен елдің ортасында ондай сөздердің мүлде болмағандығына қарамай, «парусты»—«желкен» деп, «кинжалды»—«қылжан» деп өзінше өрескел «қылжаң» жасайды.

Революциядан бұрын және революцияның алғашқы жылдарында Абайдың халыққа тарауы, тек баспа жүзінде ғана болған жоқ дедік. Оның көп өлеңі әнші-ақындардың, жас-кәрінің жаттауымен және оқушы жастардың жадына алып, айта жүруінен ауызша тарағаны да көпке мәлім. Абайға оның тірісінде алыс болыстардан болмаса да барлық Семей облысының уездерінен және көршілес Ақмола, Жетісу облыстарының уездерінен әдейілеп келіп, көп өлеңдерін жаттап алып, әнге салып, өз елдеріне жаңалық, үлгі-тәлім есебінде таратып жүрген көп әнші-ақын өнерпаздар болған. Бұлардың ішінде еркек пен әйелден шыққан халық өнерпаздары да көп еді. Солардың бастылары — Көкшетаудан келген атақты Біржан немесе Әсет, Жаяу Мұса, Ғазиз, Естай, Мұқа, Мауқай, Шашубай; әйелдерден: Ажар, Зейнеп, Сара, Қуандық сияқты талай талантты атақты әнші-ақындар болады.

Осылардың айтуынан және Абайдың өз қасындағы Көкпай, Мағауия, Ақылбай, Әріп, Бейсенбай, Мұқа, Әлмағамбет сияқты оқымысты әнші-ақындардың айтуымен де, Абайдың көп шығармалары жоғарыда айтылған көп уездерге, бірнеше облыстарға ауызша тарап жүрген.

Осы түрде Абайдың өлеңдері мен әндерін қалың ел жиылатын жәрмеңкелерде, базарларда, әртүрлі астарда, айт пен тойларда, жас-желеңнің сауық-мәжілістерінде көпшілікке таратып жүрген айтушылардың барлығы да Абайдың өмірі туралы, өскен ортасы туралы, алған білім-өнегесі туралы, ағартушылық еңбектері туралы көп-көп түсініктерді ұдайы айта жүреді. Абайдың өзінің жайы да өлеңдері тәрізденіп, ауызша аңыз боп таралады.

Фольклор мен жазба әдебиеттің тарихтық жапсарында шыққан ақынның, өз оқушылары мен тыңдаушыларына танылу жолы бір алуан заңды түрде осындай болған.

Революциядан бұрын және революцияның алғашқы жылдарында, Абай мұраларының халыққа таралуында, көп еңбек етуші бір топ адамдар қолжазба күйде Абай шығармаларын көшіріп таратушылар болады. Бұлардың

бір тобы Абайдың өз айналасынан шыққан адамдар. Ол көшірушілер ең әуелі Абайдың ұдайы қасында болған жақын адамдары: Көкпай, Ақылбай, Мағауия, Қәкітай сияқты адамдар. Бұлардан басқа Абайдың өз ауылы мен көршілес ауылдарда бала оқытушы кейбір молдалар еңбек етеді. Сол қатарда Қазаннан, әскерлік қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан дос болып кеткен татар молдалары: Ғабитхан, Кішкене молда (Мұхаммет-Кәрім), Махмуд (Кішкене молданың баласы) және қазақтан шыққан Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырады.

Абай өзі барлық шығарған еңбектерін жинастырып, ұқыптылық етпеген. Тек 1896 жылы ғана Мағауия, Қәкітай, Көкпайлардың айтуы бойынша, осы жылдан бастап, барлық шығармаларын жинастырып, көшіруге ұйғарады.

Жаңағы молдалардың: Ғабитхан, Кішкене молда сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мүрсейіт бастаған көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын сол жаңағы 1896 жылдан бері қарай көшіретін болады.

Жалпы Абайдың мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мүрсейіт Бікейұлының еңбегін айрықша атап өту керек. Бұл адам Абай тәрбиесін, үлгісін дұрыс ұғынуы бойынша, ескі діншіл молдалыққа берілмей, Абайдың өзге достары сияқты, өздігімен ізденіп, орысша да оқыған. Жазуы аса анық, шебер болғандықтан және өзі Абай сөздерін оның халқына ұқыптылықпен көшіріп таратуды өмірлік мақсат-міндеті етіп алады.

Қазір Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағы немесе толық жинақтары болса, барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз — сол Мүрсейіттің көшірмелері. Өйткені, Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалары сақталмай, жоғалып кеткен. Тек бір ғана «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген жалғыз бөлек қара сөзінен басқа қолжазба болмағандықтан, Абайдың өз заманындағы оның шығармаларын көшіре бастаған Мүрсейіттің қолжазбаларын біз нақтылы жазба дерек есебінде бағалаймыз.

Мүрсейіт қысы-жазы қалың кітап етіп Абай шығармаларын көшіргенде, оған үнемі шірет белгілеп, біткен көшірмелерін сатып алып отыратын кәрі-жас оқушылар болатын. Кейбіреулердің тапсыруы бойынша Мүрсейіт

Абайдың өлендерін көшіреді. Қартаң оқушылардың көпшілігіне қара сөздерді кітап етіп көшіріп береді. Тағы бір алуан үлкен толық жинақтар жасаса, өлең мен қара сөзді түгел жазудың үстіне, Абайдың ақын шәкірттері: Көкпай, Мағауия, Ақылбайлар шығарған поэмаларды да қоса көшіреді.

Грузия халқының атақты классигі — Шота Руставелиді грузин елінің ерекше қадірлегендігін білдіріп, кейбір әдебиет тарихшылары ақынның «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген поэмасын ұзатылатын қыздар өздерінің жасауына қоса ала кетеді,— дейді.

Біз де қазақ ортасында Абайдың шығармаларын сүйіп, сүйсініп оқып, ұзатылар кезінде Мүрсейіт, Самарбай, Дайырбай сияқты көшірушілерге жаздырып алып, өздерінің жасау сандығына салып алып кеткен бір топ қыздарды білеміз.

Кейін Абай қолжазбаларын жинаушылардың бірталайы пайдаланған сондай көшірмелер: Уәсилә, Әсия, Рахиля, Ғалия, Ғабида, Қаныш деген қыздардың көшіртіп сақтаған жазба жинақтары болатын.

Абайды бұлайша қолжазба күйде көшіртіп алып тарату тобықты іші мен Семей уезі ғана емес, Қараөткел, Кереку, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан, Лепсі, Қапал уездерінің барлығында да көп жайылған өнеге-дәстүр есепті болады.

Абайды тану жолында, революциядан бұрынғы революцияның бас кезінде болған істер осындай еді.

Революциядан кейінгі Абайды тану, әсіресе соңғы кезде ерекше үдей бастады. 1920 жылдан бергі отыз жыл бойында Абайды тану ісі неше салада жыл санап үдеп, өркендеумен келеді. Ең алдымен, Абайдың баспасөз жүзінде өз шығармалары шығып және Абайдың өмірі мен шығармалары туралы жазылған мақалалар, жеке кітаптар, үлкенді-кішілі зерттеулер аса көп боп молайғанын айту керек.

Абайды тану, таныту істері тек қазақ тілінде ғана болмай орыс тілінде де едәуір молайды. Және басқа да советтік туысқан елдердің тіліне де Абай шығармалары аударылып басылып, әр алуан тексерулер, зерттеулер шықты.

Екінші жағынан, халықтың жасөспірім жаңа буындарына Абай шығармаларын қадірлі етіп танытушы советтік қазақ мектебі болады. Өткен қырық жыл ішінде бұл

мектептердің саны өсіп, сапасы ұлғайып дамыған сайын, барлығының программасына Абай шығармалары үзілмей оқылатын дәріс болып кіріп, кең өріс алып келеді. Бастауыш мектеп, орта мектеп және соңғы он-он бес жыл ішінде Қазақстандағы педагогика институттары, Қазақ мемлекеттік университеті сияқты жоғары дәрежелі мектептерде Абайды тану әдебиет тарихы ғылымының аса үлкен және қадірлі бөлімі болып саналады.

Осы бастауыш мектепте, алғашқы оқу кітабына кіре бастаған Абай шығармалары, әлденеше саты оқу құралдарына да қосылды. Барлық бастауыштан жоғары дәрежелі мектептерге шейін созылған қазақтың әдебиет тарихында, көп программаларда, методикалық кітап, құралдарда Абайды тану ғылымының жыл санап кеңейіп те тереңдеп дамып келе жатқанын көреміз.

Осылардың ішінде, соңғы жылдарда сұрыпталып, ғылымдық дәрежесі өскен орта мектеп оқу құралдары туды. Мысалы, тоғызыншы жылдың оқу құралында қазақ әдебиет тарихы баяндалғанда, Абайдың өмірі мен еңбегі ойдағыдай зерттеліп, танылатын болды деуге сыяды.

Абайдың өмірін, дәуірін зерттеп жүріп, кейде кемшілікті қате пікірлер айтқан болса да, негізінде Абайды тану ғылымына елеулі еңбек еткен адамдар: Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаев, Белгібай Шалабаев сияқты тағы бірталай әдебиет тарихшылары мен жазушылар.

Абайдың өмірі мен мұраларын ғылым жолымен толық тануға себепші болған — оның толық жинағының баспаға шығуы. Және ақынның өмірбаянының толық жазылуы 1927 жылдан басталып, 1933 жылы түгелденіп болған толық жинақ бірінші рет 1933 жылы М. Әуезовтің құрастыруымен, латын әрпімен басылып шықты. Мұнда Абай шығарған сөздің сол кездерде қолға түскенінен басылмай қалғаны жоқ. Және ақын шығармалары ең бірінші рет бұрын Қәкітай шығарған баспадағы өрескел топтау-жіктеулерден арылды.

Ұлы ақынның мұралары, ғылымдық дұрыс жол бойынша, жазылған жылдарымен, хронологиялық тәртіппен тізілді. Ақын шығармаларын бұлайша топтау, Абайдың ең алғаш бала шағында айта бастаған өлеңдерінен басталып, ең соңғы өлер жылындағы өлеңдеріне келіп аяқтайды. Бұлайша тізілгенде Абайдың ақындық еңбек

жолы қалайша өсіп, дамығанын айқын аңғаруға болады. Тек шығармалары Абайдың өзі тірісінде түгел жинақталмағандықтан, бір топ өлеңдер жылы белгісіз шығармалар боп, амалсыздан бөлек топқа алынғаны бар.

1933 жылдың баспасында М. Әуезов жазған Абайдың бірінші, толықтау өмірбаяны да берілді.

Ақынның толық жинағы, кейін 1939—1940 жылдары екі том болып, тағы басылып шықты. Онан соң, әсіресе толығырақ болып топталып, ұлы ақынның жүз жылдық мерекесіне арналған толық жинақ түрінде 1945 жылы басылды. Бұл жинақтың кіріспе сөзін жазған — Сәбит Мұқанов.

Осы айтылған толық жинақтарға сүйене отырып, мектептерге арналған, жалпы көпшілік оқушыларға арналған әлденеше таңдамалы өлеңдер жинақтары басылды. Бұлардан басқа, ерекше мол тираждармен басылған, орта мектептерге арналған, әлденеше хрестоматияларда Абай шығармалары көп-көптен жарияланды.

Абайды советтік дәуірде социалистік мәдениет құрушы көпшілікке танытудың тағы бір еңбектерін соңғы жылдар туғызды. Ақынның дәуірі, тірлігі мен тартысы, ақындық еңбегі, көркемөнер көлемінде де кең танылатын болды.

Қазақстанның көп халық ақындары, жазушы ақындары шығарған, Абайға арналған мол өлеңдер бар. Және Абайға арналған пьеса жазылды. Абай өмірін суреттеген опера туды. Бірталай кемшіліктері болса да, Абайға арналған киносурет жасалды. Онан соң Абай өмірі мен дәуіріне арналған «Абай» мен «Абай жолы» атты романдар жазылды. Бұлар бүкілодақтық жұртшылыққа жарияланып келеді.

Ендігі атап өтетін тағы бір алуан, ғылым үшін аса бағалы еңбектер, таза ғылымдық зерттеулер. Абайдың ақындығы мен дәуіріне арналған нағыз ғылымдық, ойдағыдай толық мол монография жазылмады десек те, жалпы тексеру-зерттеулердің ұзын саны мол екенін айту керек.

Бұл ретте Абайдың шығармаларын әр тақырыптарға бөліп, тексерулер жасаған диссертациялық жұмыстардың бірталай екенін еске алуға болады.

Соңғы жылдарда, кейбір ғылым қызметкерінің докторлық диссертациясы да Абай шығармаларының кейбір ерекшеліктеріне арналып жазылғаны бар.

1948 жылы басылып шыққан профессор Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және «Абай поэзиясының тілі» деген еңбегін айрықша атап өтуге керек. Тек әдебиет тарихшылары ғана емес, басқа сыбайлас ғылым салаларының зерттеушілері де, мысалы тарихшылар, педагогтер де өз ғылымдарының тұрғысынан Абайдың өмірі мен дәуірін, ақындығын зерттеп, ғылымдық еңбектер жазды.

Қысқаша шолу ретінде қазақ тілінде Абайды тану жолында істелген істерді осы айтылғандармен аяқтап, Абайды тану жөнінде 1946 жылы басылып шыққан Нығымет Сәбитовтің бір ғана библиографиялық «Абай» атты еңбегін атап өтпекбіз.

Көлемі сексен беттік тұтас бір кітапша, тек қана Абайды тану жолында баспаға шыққан еңбектердің тізімінен құралады. Осы кітапқа қарап отырып, ұлы ақынның революциядан бұрын жарыққа шыққаны бір-ақ кітап болса, социалистік құрылысымыздың жылдары ішінде жасалған еңбектердің құр ғана тізімінің өзі мол бір кітап болғанын көреміз. Н. Сәбитовтың «Абай» атты библиографиясына кірген бөлімдер айрықша еске алуды, атап өтуді қажет етеді.

Ол бөлімдер: «Абай шығармалары», «Жинақтары», «Жеке өлеңдері», «Қара сөзінен үзінділер», «Шығыс тілінде басылғандар» деп бір топталады. Сонан соңғы бір үлкен бөлім: «Абай туралы әдебиеттер» деп аталып монография, мемуар, мақала, өлең, роман, очерк, заметкалар мен хабарлар, сындар мен отзывтар, шығыс тілдеріндегі материалдар деген жайларды қамтиды. Библиографияның соңында осы көрсеткішті құрастырғанда пайдаланылған газеттер мен журналдардың да толық тізімі беріледі.

Міне, осы қорытынды тізімді берген еңбектің өзі-ақ ұлы ақынның мұрасына біздің советтік жұртшылығымыздың, социалистік мәдениетіміздің берген бейілі, қастерлеген құрмет бағасы қандай екенін танытады.

Бірақ осы жағдайлармен қатар революциядан бұрын да, революцияның алғашқы кезінде де және бертін келген 1936—1937 жылдарға шейін де Абайды тану жөнінде, жоғарыда айтылғандай, анық советтік социалистік бағыт, мұраттармен қатар ілесе жүрген неше алуан зиянды, кертартпа қастық пікірлер де болды. Ондай пікірлердің ең зиянды түрін революциялық пролетариаттың жа-

уы болған ұлтшыл, байшыл алашордашылар көрсетті. Олар барынша талаптанғанда, Абайды өздерінің байшыл-контрреволюцияшыл туының астына тартып «өз» Абайы етіп пайдаланбақшы болды.

Солардың кейбіреулері Абайды «халық поэзиясының асқар биігі» деп танып келе жатқан советтік жас қауымды бұрмалап, топастық, надандықпен теріс ұғындырғысы келді. Абайды қазақ халқының әдебиет қазынасынан шығарып тастау керек деген сорақылыққа шейін барғандар да болды. Бірақ барлық Одақ халықтарының түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениетін жасауда, өзіндік тарихи ескілігін сақтап келген халықтық қазынасын айрықша бағалау керек деген Коммунист партиясының саясаты мен нұсқаған бағыттары қазақ халқының Абай сияқты данасын барлық тап жаулары-ның жаласынан арашалап алып шықты, ұлы ақынның өзі де, барлық қасиетті мұралары да аман сақталып өтті.

Сол арқылы Абай бұл күнде, қазақ халқының мәдениет тарихындағы ұлы мұнарадай қадірлі классик болуымен қатар, бүкіл Одақ көлемінде қадірі асқан ұлы классиктің бірі боп бағаланды.

Абай шығармалары ұлы орыс халқының тілінде 1940, 1945 және 1954 жылдары жеке жинақтар болып, орыстың советтік көп ақындарының аударуымен жарыққа шықты.

Осы алуандас үлкенді-кішілі жинақтар басқа да туысқан елдердің тілдеріне аударылып, басылып шыққан. Советтік Қазақстан көлемінде Абайды тану жөнінде жоғарыда айтылған сөздердің үстіне жаңағы Одақ елдерінің де тілдеріне ақын шығармаларының аударылып тарауы өзгеше бағалы.

Бір заманда, Абайдың өзінің тірі шағында, тек қана азғана көшірушілер мен әншілер, ауызша айтушылар арқылы кең сахараға жіңішке жолмен тарап жүрген өлеңдер бар еді. Солар тек советтік социалистік Отанда ғана Коммунист партиясының ұлт саясаты дәуірлеп, өркендеген заманында ғана өзіне мол өріс тапты. Ұлы Отан тауып, анық тарихтық бақытты тағдырына жетті. Ақын өзі тірлігінде болжап болмастай ұлы майданға шықты.

Ақынды тудырған тарихтық дәуірді, қоғамдық ортаны және Абайды тану жөніндегі кіріспе сөздерді осы айтылғандармен аяқтап, біз енді Абайдың өмірбаянына ауысамыз.

Абайдың өмірбаяны

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі — Құнанбай, атасы — Өскембай, арғы атасы — Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары Айдос, Олжай болады. Олжайдың үш ұлы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атақты жуан биі Кеңгірбай — осы Жігітектің баласы. Қайдостан — Бөкенші, Борсақ тарайды.

Айдос өз басы би де, бағлан да болған емес. Қайта момын, жасық адам болғандықтан, оны «Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» дейтін мәтел бар. Осы Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады. Бұлар: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай.

Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде, бір жағынан, тапқыр шешендік, бір жағынан, бақсы құшнаштық сияқты сәуегейлік те болған. Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз — төрт баласына берген аналық сын сөзі. Сонда:

Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Токпақ жалды торайғыр Көтібағым.
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым
Сірә дә оңбас Торғайым,—

дейді.

Сол шешесі дәме қылған Ырғызбай өзге туысынан анық артық болып, озып шығып, ортасы дәме қылған жігіт болады. Тобықтының сол күндегі биі Кеңгірбай өзге барлық жас-желеңнің ішінен Ырғызбайды сынайды. Ел сөзіне араластырып, баулып жүреді. Ол кез — көп бидің парашыл кезі. «Сыбаға» деп, «жол» деп мол параны бадырайтып алып жатады.

Кеңгірбайға да осы жөнде көп жаманат еретін. Соның мысалы, байы өлген қаралы бір әйелдің даусынан байқалады. Ері жанжал-төбелесте өліп, есе ала алмай отырған әйел:

Мойны, басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған қара атан,
Тігілгей еді қарана,—

деген.

Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде, сол інісі ертерек өліп қалады. Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін үлкен балуан болған. Уақытында қазақтың көп руларының арасында зор лақап болып жайылған бір күресі бар. Ол: қазақ, қоқан халықтары жиналған бір аста «Қоңыраулы балуан» деген түйс балуанды жыққаны.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олары: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскембай. Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң оның орнына Өскембайды ұстайды. Бертін келіп, өзі қартая бастаған кезінде өз орнына Өскембайды би етпек болады. Сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскембайды би қояды.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде, ең алдымен, көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан. Ел ортасында сақталып қалған сөздің бірінде: «Ісің адал болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген сөз бар. Бұ да билердегі сатымсақтық, жемқорлық дағдыны көрсетеді. Содан мезі болған, жиренген ел өз сынын әр тұста қатты айтып отырған.

Қайырсыз болған жазыннан —
Қайырлы болған қыс артық.
Көрінбеген алтыннан —
Пайдасы тиген мыс артық.
Пара жеген билерден —
Қасқыр алған ит артық,—

деген сөздер би атаулының қайсысына болса да сын, таразы тәрізді еді. Парашыл әкім кім болса да оған ел сыны беті-жүзіне қарамай қатты айтылатын. Би ғана емес, халықты меңгерген хан, төреге де соны ашып айтатын. Сол Кеңгірбай тұсында найманды билеген мықты төре Бопыға айтылған бір сын сөзде:

Бопекемнен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген.
Қара сөзге құбыладан ескен желдей
Алдынан тоқтылы-қой дау бітпеген,—

дейді. Парашыл, жегіштік елдің дау-шарына бітім таптырмай көпке кесір болған соң, осындай ашы мысқыл да, қатты, қатал сын да көп туып, ел аузында күнде айтылып жүре берген. Сондықтан Өскембай бұл жағынан тиімді болады. Бірақ, осындай болумен қатар, елді күшпен,

зілмен аламын деп, кейде оқыс, қатал мінезді көп қолданған. Мысалы, бір уақыт алдыпа жүгініске келіп отырған Мәмбетей деген кісіге ашуланып, мұрнын кесіп алған сияқты ісі жаңағы айтқанға дәлел. Озбыр, зорлықшыл, жыртқыштық мінез иесі екенін де танытады.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Бұның шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. 1850 жылы 72 жасында Өскембай өледі. Зере ерінен кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, тоқсанға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі — Абайдың бала, бозбала күнінде ауылдың бәрі Зерені «кәрі әже» дейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болады. Балаларына дұға оқытып үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі — Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа оқу тәрбиесін көрмеген. Мұның орайына жас күндегі өмірі елдің ол кездегі дағдысы бойынша батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде мықты, найзагер болып та саналған. Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінезді, қатты адам болған. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке-шеше, жанашыр жақынға да бір қалыпта болған сияқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен айлалы болған. Мұның кісілікке толық іліккен кезінде Сібір даласы «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша округке бөлініп, «округтік приказдар» билейтін. Округтің бастығы — аға-сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі — үкімет чиновнигі (елдің көбі мұны «майыр» дейді). Үшінші мүшесі — сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға-сұлтан болады.

Бұрыннан өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес боп жүрген ру жуандары Құнанбайдың аға-сұлтан болуын Бөкейханның нәсілі Құсбек, Жамантайдың партиясынан, патша саясатынан дегісі келмей, «Құнанбайдың басының қасиетінен» деп кеткен. Сол кездегі атқамінерлер аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай «қарадан хан болған» деп аталады.

Құнанбай бірде тобықтының старшинасы (ол күнгі болыс есепті), бірде жаңағыдай аға-сұлтан болып жүр-

ген кезде басынан талай үлкенді-кішілі уақиғалар атқарған. Ақын Абайдың алдыңғы аталарындай емес, Құнанбай жайында ел жадында қалған аңыз әңгіме аса көп. Себебі, Құнанбай өз тұсындағы ел билеушілердің көбінен қатал, салмақты болады. Ақыл, ой да, қажыр-қайрат та, өмір, билік батылдығы да және халыққа батқан қатты, кесек іс-қимылдары да бұның атын көпке мәлім еткен.

Ол жайындағы әңгімелерді ақын Абай атына байланыстырмай-ақ, неше алуан ғып ел аңызы көп сақтаған, көпке жайған. Шынында, Құнанбайдың ұзақ өмірі (ол 80 жасқа жетіп өлген) қилы-қилы уақиғаға аса бай еді. Өскембайдың өзі барда ел ішін ерте қолға алған Құнанбай ру тартысының зор қақтығысын жасырақ шағында да бірнеше көреді. Ондағы тартыс тобықтының өз ішіндегі тартысы емес, сырт рулармен тартысы. Мысалы, Құнанбайдың 30 жастағы шағында Өскембай ауылын найман шабады. Найман қолының мықты басшысы Серікбай көп қол жиып кеп, бекініс алып жатып, бірнеше түн ауыл шауып, жылқыға тиеді. Қатты қимыл соғыста Құнанбай тап ортада өзі жүреді. Найман көп кісі тұтқын қалдырады. Тобықты жылқыны алғызбайды. Бірақ осы соғыста Құнанбай жағынан көп кісі найзаға шаншылып, қатты жарадар болады да, Өскембайдың бір азамат баласы қаза табады. Ол Болсамбек деген асырап алған баласы болатын. Мұны Зере Құнанбаймен бірге бауырына салып өсірген еді.

Найманнан Өскембай аулында тұтқын боп көп азап көрген жандардың ішінде Қожамжар деген ақын да болған. Осы шабуыл, зор пәлені Қожамжар өз уақытында көп өлең еткен. Бұл пәленің арты Қарқаралы приказының, Аягөз ұлықтарының қатты кіріскен ісі боп, ақыры Омбы ұлығының кеңселеріне шейін барады. Соңғы жылдар табылған архивте тобықты жағының барлық жауабын, дауын айтып, бар тартысты басқарып жүрген кісі — би Өскембай емес, әкесі берген тапсырма бойынша, бар тергеу-талқыны өз мойнына алған 30 жасар жігіт Құнанбай болады.

Құнанбай аға-сұлтан болған уақытында тобықтыға старшиналыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Ел мұны адамшылық, ақыл, мінез жағының қайсысынан болса да елге залалды әкім деп бағалады. Майбасардың содырлы, зорлықшыл қылығы-

ның салдарынан жігітек деген ру, бастығы Бөжей болып, Құнанбайға қарсы болады. Бірақ бірде аға-сұлтан болып жүрген Құнанбай әрі сырт елдерге атақты, үкіметке салмақты болып ап жігітекті де, басқаларды да бойымен басып жыға берген. Сонымен, алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны жігітектің женілуімен бітеді. Құнанбай жігітектің он жеті адамын Сібірге айдатады. Ол кез патшалық ұлығына қазақ сахарасының жаңа-жаңа бойсұнып келе жатқан кезі болады. Сотталу, абақтыға жабылу, айдалу дегендер ел көрмеген үлкен сұмдық саналатын.

Құдая, елді сақта сотталғаннан,
Теңселіп екі қолын бос салғаннан,—

дейтін кез.

Құнанбайдың бұл айдатуы өз әмірін зорлықпен танытпақ болған қаталдығынан еді. Ол сол кезде тобықты ішінде талай руды жерінен көшіріп, немесе өзіне жақын ру басыларға шұрайлы жер әперіп жүрген. Бөкенші, борсақты жерінен көшіру, жуантаяқты, қара батырды көшіріп, жерін алу, көкшені көшірмек болу — бәрі де сол үлкен көрнеу зорлықтың айғақтары еді. Жігітекпен үлкен араздық та осы жөннен туып, кейін ұлғайған өштікке айналған. Сонымен, Құнанбай «елді қарсыластырмай, қорқытып, жасытып жіберем» деп, көп жанды жер аударған соң, кейінгі көп заманға, көп буынға шейін ұмытылмастық кек, жаулық қалады. Бері келе өсіп, іске араласатын жас Абайдың алдында әкесі тастап кеткен осындай зор пәле-зұлымдық, зорлық тұрған-ды. Абайдың одан жиреніп, қарсы боп өспесіне шара жоқ еді.

Бір Құнанбай емес, осы кезде ел ішінде жауласқан күшті жуанның бәрі де бір-бірін ұлық арқылы жер аударып, жазалатып жүреді.

Құнанбайдың өзін де жігітектер бір шақта жеңермен боп меңдетіп барып, қуғын қағазды молайтып, Омбы қаласына шейін тергеуге апарып әреңге қалған.

Ел ішінде кісі соттаудың алды бір қақтығыс емес, талай пәле боп келеді. Оның кей кездері барымта, төбелес, шабуыл және толып жатқан сыяз, тартыс-жұлыс болады.

Бейбіт елдің арасын атшабар, стражник сияқты беймаза шолақ әкім кернейді. «Қара қозы жеп, қара елтірі

қайқая киіп» дейтін сотқарлар молаяды. Сыяз деген бір ауыр салмақ тағы бар. Ол орнаған жер тың бір обырдың орнағанындай. Ел жуандары бір руға ызғарын өткізем дегенде, сол рудың үстіне сыяз құрады. Халық күйінің ауыр кезінде құрып, әсіресе берекесін кетіреді. Осындай сыяздың бірін Құнанбай көкше руының ішінде өткізбек болған екен. Мезгіл — қыс, ел қысаң күйде тұрған шақ. Сонда Көкшеден Бектас деген кісі Құнанбайға кеп: «Е-е, Құнанбай, жарқырап жаз шықпаушы ма еді? Күркіреп күн шықпаушы ма еді? Қыстың айы алтау еді, енді сенімен жетеу болды ма?»— депті.

Құнанбай тұсында тобықты ішінде мұнымен тең түсетін бастас адамдар: Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп сияқты кісілер болған. Мұның көбімен Құнанбай бірде дос, бірде араз боп өтеді. Қатты жұлқысқан кісілері де осы топтың ішінде.

Әрине, Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол феодалдық дәуірінің өз тобының бел баласы. Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар. Мысалы, Құнанбайға да алым, түсім аз болмаған. Ол түсімнің аты — пара. Сол жөнінде Балта ақынның бір сөзін мысал етуге болады. Балта ақынға бір кездескенде Құнанбай:

Ағалейкумәссәләм, ақын Балта,
Болып сен жаралдың ғой, шаран орта.
Шаншар менен Бошанның құртын ұрлап,
Салдырдың оң жағыңа майлы қалта,—

депті.

Сонда Балта:

Шарам орта болды ғой, шараңыздан,
Есіркесең бөліп бер қараңыздан.
Мен ұрласам құрт пенен май ұрлаппын,
Сіздің жеген арам ба, параңыздан?—

деген екен.

Осының мысалына Сүйіндіктің бір сөзі де куәлік етеді. Сүйіндік ауылы бір жылы жау түсіріп, сол жаудан олжаға бір жақсы қара ат алады. Қара аттың соғыста шекесіне сойыл тиіп, басы жарық боп түскен екен. Сонда да Құнанбай қызығып, Сүйіндіктен сауғаға сол атты сұрата жібереді. Бірақ осының алдында жуантаяқ руынан Бостан дегеннің ауылы Сүйіндіктің бір айғыр үйірі қысырағын апарып сойып алған. Сүйіндік Құнанбайға шаққан-

да, ол Бостаннан бір айғыр алған екен. Соның салдарынан Сүйіндіктің дауын аяқтатпай жүреді. Жаңағы қара атты енді Сүйіндік Құнанбайға бергелі жөнелтіп жатып:

Айыбында қара аттың басы жарық,
Өзім семіз болғанмен көңілім арық.
Бостанның қорасына қонар едім,
Құнанбай қор қылмаса айғыр алып,—

деп бір ауыз өлең айтқан. Сол заманнан қалған мұндай сөздер оның шындық айғағы еді.

Дін жолын бекем ұстауды үлгі етемін деп, Құнанбай аға-сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған. Кейін, 70 жастар шамасында, әмір-биліктен тоқталып. Мекеге барады. Сонда Мекеге қазақ адамдары түсіп жүрсін деп, өсиет етіп, өз пұлына «Тақия» деген жатын үй салдырып кетеді. Бертін келе әр рудан Мекеге барушы қазақ көбейген уақытта көбі Құнанбайдың «Тақиясына» түсіп, сол жақтан Құнанбай атына қаныҚ боп қайтады. Осының өзі де кейін Құнанбай өлген соң, оның атағын даңқты етуге себеп болған.

Абай Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай көп әйелді болған. Үлкен әйелі — қыздай алған Күнке. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі — Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалындық екен. Інісі өлген соң Құнанбай келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі — Айғыз. Одан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі — Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта екі шешесінің ортасындағы тел баласы Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ олардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасында, жалғыз баланың халінде өткізген. Екі шешеге бірдей бала боп жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телғара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ержеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен оны «Телғара» дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағала-

ры Қонтай, Тонтай қалжынмен даңқы шыққан, белгілі мысқылшыл, тапқыр күлдіргілер. Бұл әдет — бертіс, шаншар руына түгел жайылған мінез. Осы Шаншардың бұрын-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты қуы — Тонтай. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар — қалың қазақ ортасының үнемі көңлін көтеріп жүрген, таусылмайтын думан, ұдайы қызық күлдіргісі. Осы Тонтайдың інісі Тұрпаннан туған әйел бала — Ұлжан.

Ол сабырлы, кең мінезді кісі болған. Абай балалық шағын сөз қылғанда, өз шешесіне қатты ырза болып, Айгызға іші ренжіңкірейді екен. Ұлжан күндестікті көп сыртқа шығарып білдірмесе де, Айгыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы Абайдың бала шағында көп қатынды тұрмыстың бар зарын татып, тағы да неше алуан ауыр қиыншылықты көріп өскендігін білдіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталады. Қесек қалжың, әжуаға да Ұлжан көптерлі, созымды, тапқыр болған. Қиын жайды, қысталаңды күлкі сөзге айналдыру — қазақ халқының, әсіресе шаншардың мерзімді мінезі.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас»,— деп айтты деген сөз екінің бірі білетін мәтел болып кеткен.

Осындай тапқыштық және біреудің мінін ашы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген.

Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақылдықтың шарты болатын, жалынды, жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ шанышпа тілді, сатиралы ашы мысқыл, улы күлкіге ұрғандық көп пе? Біздің ұғымызша соңғы түрі басымырақ сияқты.

Құнанбай жанның бәріне салқын болған қалпында өзінің балаларына да зілді болған. Сол зілін жас шағында Абай да көп көреді, басынан көп кешеді. Ал, Ұлжан мінезді адам болғандықтан орайы келгенде өзінің бала,

80112

бауыр, қайын сияқтыларына әзіл-қалжынды айта береді. Әзілмен жауаптасуды Абайға бала күнінен еккен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның жолынан бөлек, өзіне ғана хас ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер шағына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан, енді Абайдың өз өміріне келейік.

Абай, жоғарыда айтылғандай, екі шешенің тел баласы болып жүрген. Қішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері — үйге қонған қонақтардың әлдеқалай айткан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде, пысық, ширақ емес болғандықтан, ауылдағы үлкендер Құнанбайдың бұл баласынан көп дәме қылмайды.

Абай он жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп, оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да Абай біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттердің жанында медреселер ұстаған. Оқушы шәкіртінің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу әрине ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, фарсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда түркіше оқу, жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады.

Ұстаз халфелердің бар бейіл бергені — дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді фарсыша.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Өзі тұстас үлкенкіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен, дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқитыны — шығыс ақындары. Одан соң — араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі

бойынша барын салып, көп оқыған. Оқуға кірген соң-ақ тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болады. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай ғазелдерін ұзыннан-ұзақ жаттап жүреді.

Сол бала күнінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған.

Осы сияқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе «Бидан», «Мұхтасар» сияқты дін кітаптары болмай, әдебиет мұралары болу керек. Ерте күннен әңгімелі өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмартқан талапты жас шәкірт ақындық өнерін қадірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің тынысы ауыр, тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары — Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Фзули сияқты қазіргі шығыстық совет елдеріміздің ескі классик ақындары болған.

Медреседе оқып жүрген кездерінде жаздыгүні елге қайтқанда, қаладан ала келетін кітаптары — тағы сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Екінші оқу тәртібі шынымен «инемен құдық қазғандай» өнімсіз білім болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті Абай араб, фарсы тілдеріне төселе түседі. Оқуға қиын араб тілін жете білмесе де, фарсышаны жақсы түсінетін болады. Мұның белгісі сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, фарсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, фарсы сөздерін қоспалап айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Фзули, Шамси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси
Қожа Хафиз — бу һәммәси
Медет бер я шағири фәрияд!—

деп өзі қадірлеген ескі ақындарының аруағын шақырады.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз. Және өзінің сол күнгі сыншыл ой шамасымен осыларды ғана таңдағаны да сүйсінерлік іс. Медреселерде тек софылық мистикаға баулитын Яссауи, Бақырғани, софы Аллаяр сияқтыларды өзіне үлгі етпей, олардан сау болғаны — мақтарлық сипат.

Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де жаңағы алғашқы ақындардан алған үлгі-әсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса, әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлиф дек ай йузіңе ғибрат еттім,
Би балаи дәртіңа нисбәт еттім,—

деп, «әліп», «бимен» жазған өлеңі, одан соң «йузи-рәушан, көзі — гауһар, лағилдек бет үші әхмәр...» деген өлеңдері жас шағында хиялына қатты әсер етіп, тіл кестесі де өздерінің үлгісіне тартып алған, жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Ақынның жас күнінен бізге жеткен өлеңдері көп емес. Сан шығармалары ұмытылып, жоғалған болу керек. Абайдың нағыз өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кездегі Абай арабшыламақ, фарсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқу ұзақ болмайды. Бас-аяғы үшақ аймен орысша оқуы бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады. Жасы 13-ке толғанда, ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу, тәрбие беретін мектептің есігі жабылады.

Осындай дүние есігін енді ғана ашқалы, жаңа ғана саңлау көріп келе жатқан уақытта, Абай аздаған білімімен үлкен кісінің өміріне кіріседі. Әкесі ел билеу жұмысында оны өзіне серік қылмақ боп, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген.

Баласын оқыта түспей, қайырып алған себебі, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас ру басыларының қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қып алады. Қатал мінез, қатты зорлық, үстемдік мінездерімен, істерімен жау етеді. Көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізеді. Қарсысына шыққан ру басыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз олардың көбінің есінен кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де әмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай зорлықшыл, озбыр, сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, «пәлен ауылдың жігіті, түген жуанның туысқаны» деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей берудің үстіне, тіпті Құнанбайдың дос болып жүрген ру басшыларын да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар оның өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретінде өшпенділік жөнімен Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепті біледі. Оны да дұшпан санайды. Осының бір мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында ойнап жүргенде, анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар бұның әкесімен араз. Бірақ Абай жаңағы үлкендердің алдарынан көлденең шығады да, қол қусырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алғанда Байсал жақтырмай: «Антұрғанның баласының сәлемін алып нағыласын»,— депті. Бөжей тоқтап, баладан: «Бізді көрсең, сәлем бер деген әкеңнің үйретіндісі ме, жоқ сәлемді өздігіңнен бердің бе?»— дейді. Абай: «Үйретінді емес, әдейі сәлем берейін, батаңызды алайын дедім»,— дейді. Байсал сонда тағы да: «Жетпегірдің баласына тағы не бата беруші ек!» деп жүре бермек болады. Бөжейдің батасында: «Әкесінің мінезін бермесін» дегені Абайдың есінде қалыпты.

Осы 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ баскан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап, ептеп бастауы керек. Сондықтан ең алғашқы жыл-

дарында әкесінің «барып келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтса, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас кезінен-ақ Абай өмірі әлденеше қиқы-жиқы шырыға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кетпейтін, ерекше халдерге ұшыраған.

Өзінің қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық өнерін еріксіз осы жолға салған.

Сонымен, балалықтан асып бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақпақ, ескі биліктеріне елдің мандай кісілерімен қатар түскендей білім жияды. Ескі ақындар, шешендер, батырлар болсын барлығының жайындағы әңгімелер Абайға енді таныс дүние болады. Абай халық қазынасына жанасады. Халықтың қоғамдық тірлігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды да содан ұғатын болады. Арызшы, мұңдыларды, зорлық, қорлық көргендерді көп тыңдап, солардан үлкен сырлар ұғады. Құнанбай үстемдігіне қарсы әділдік ойды ойлауды да сол халықтан үйрене бастайды. Құнанбайға көмекші Абай болмай, өзі үшін көп нәр алып өсіп келе жатқан жас болады.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі зор тәрбиеші, ұстаз қазақтың қалың бұқара халқы бола бастайды. Ел даналығын танып, соны ерте қамту жас талапкерге жаңа зор мектеп тәрізденеді. Бұл жөніндегі азық білімді ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен, ділмәр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Әрине осындай ақындық мұраларымен қатар, мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс сияқты сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің,

жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайды қатал суық билер ортасына қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүреді. Билер, әміршілер ортасын ел көзімен көріп, киянаттарын танып, қатты сынап, жиреніп өсуге бейімделе жүреді.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзінде соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру— шешендерге көп жайылған салт еді .Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт білген өнерін орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен боп көріне бастайды. Басында балалығының арқасында сөзге қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта береді. Бірнеше рет жол көріп, көзі қанған соң «пәлен жақсы, түген жақсы» дегендерінің айламенен, қанауменен киянат болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, адамгершілікке татымсыз екенін сезеді. Ол кісілерден өзін кем санамауына тағы бір себеп — Абайдың оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты оқымаған адамдар болған уақытта Абай олардың қасында өзін өзгерек көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде бұның оқуы дардай саналған.

Бұған халық ескілігі, тіл өнерінің мол байлығы қосылған соң, Абай өз заманының ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Ол үлкен-кішінің ұтымды шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жәй сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен де айтып жіберетін болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын тексерген еңбек жоқ. Бірақ қазақшасын оқыған адамның барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес. Сол байлық — Абайда бала, жігіт күнінен құралып өсіп келген байлық. Және шешендіктің өзі де тапқырлық пен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құрылған ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, «Ол кезде Абай ақын емес еді» деу қате болады. Абай — сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған күнде сынға салып, өз өнерін күнде безеп отырған ақын. Оныcы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған

ақындық. Бір жағынан, жүйрік, шешен, әсем, ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық-алғырлық. Өленді, суырып салма айтысты Абай ойында да, шында да көп қолданып жүрген. Бірақ сонда да ол шақта өзін «ақынмын» деп санамаған. Өленді де ойын, қалжың, мысал түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арналған сәлем хат, қалжынды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанының бізде жиналғаны: «Әліп-бимен жазылған тілек хат». Сонан соң «Тайға міндік», «Сап, сап көңілім» деген өлеңдер. «Сап, сап көңілім»— Сүйіндік қызы Тоғжанға айтылған. Бозбалалық шағында Абайдың қатты ынтық болғаны — осы Тоғжан.

Жігіттік шағында көп жастың салтын қолданып, кейде ақындық өнерін ашық шығара жүрген Абай ел келесіне ат салысып, шешендік пен алғыр, жүйрік билікке де ұста болады.

Сонымен, ақыл-ойға, білгіш-сезгіштікке келгенде ерте ержеткен жас жігіт сол уақытта-ақ өз ортасынан ығы асып, оза бастағанын сезгендей болады. Озу — ойы толып өсуінен білінеді. Өсуі заманын сынаудан, заманының әміршісі мықтыларын, жуандарын, әкесі бастаған үстем тапты сынаудан білінеді. Мәдениет, өнер-білімге кенжелеп, артта қалған ел-жұрт бар. Қыс жұты, жаз індетімен аралас ел шаруасының құтын шайқап, барымта жасап, бақталастан туған әлек, лаң әкеліп, соны қалың ел ортасына пәле ғып тастап, сол арқылы момын еңбекші, есесіз көпті жеп жүрген, қанап, тонап, сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері надан, өздері ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей, қараңғы топ. Олар бастаған ел көшінің барар бөті қараңғы, екіталай тығырық. Ендігі тірлікті жаңғыртып, өзгертетін заман керек, сол заманға қарай халық мұнын өз мұны етіп, адал азаматтық жолымен бастайтын қайраткер керек.

Міне, Абай өскенде, ортасынан асқанда осы сияқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең ұғарын, танын барын өседі. Әке мен сол әкелердей бар жуандардан торығып, бөлек жол іздеу қажет деп өседі. Әуелде барлық ақыл-ойын мынау ортаны мінеп, шешен, пәрсіздік, құнсыздығын ашуға жұмсайды.

Жалпы ақылмен болжайтын ой-пікірге келгенде,

олардың айтып тоқтаған жерінің ар жағынан жаңа өріс, тың жол табамын деп талпынады.

Олардың «таптым, білдім, шештім» дегеніне сынмен қарап, «жеттім» дегенін қанағат қылмай, өз ойын асырып түсіруге тырысады. Осы әдет Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінезі бола бастайды. Бұның дұрыстығын дәлелдеу үшін ел есінде қалған екіүш мысалды айтайық.

Абай ол күндегі «жақсы» дегенде ескі бектік, наңдық, қара күш болмаса, нағыз адамгершілік, шын талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды. Және әсіресе бұлардан елдің күйзелуі күшті екенін, халықтың сыншы, жыршылары айтқан сөздерден әбден танып біледі. Ел мұнынан, жұрт жадаулығынан соны таниды. Өз әкесі бір алуан озбыр күш иесі болса, соның қарсысындағы жуандар да ешбір жағынан абзал әулие емес екенін біледі. Зорлық, пара, пәлекорлық оларда да бықып жатады. Жалғыз-ақ Абайдың баларақ шағында әкесі өзін бұған танытқанда «сол елдің телісі, тентегімен алысамын» деп өз жағын дұрыс қып сипаттайтын еді. Енді Абай бертін кеп танығанда ең әуелі өз әкесі мен оның достарын алдымен сынайды. Оларды өздерінің «күштіміз» деген жағынан жүйрік, шешендік, озғындық жағынан жеңіп, тонамақ боп соқтығады.

Әкесі бастаған шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетуге тырысады. Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескендердің барлығына да Абай осы мінезді істей бастаған.

Құнанбайдың көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Ол көп елдің сынынша шешен, жүйрік адам. Сол Қаратай бір күні Абай бастаған жас жігіттердің үстіне келіп, бұлардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: «Сіздің заманыңызда көрші елдер арасында бір қол кісі болып жиналып, түн қатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әне алып кетті, міне алып кетті!» деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?» дегенде, Қаратай дау айтып келіп: «Менің заманым пайғамбар заманына жақын»,— депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында

мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбардың әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған»,— депті.

Осы қағысудың тұсында, әке заманы мен бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қайшы, қарсы көзқарастары да танылады. Ел мен елді шабыстырған, бұрынғы пәле басы «басшы» болыстарды сынаған, жақтырмаған сарын бар. Қалың ел мұңына, ел тілегіне өзі жақын болуға талпынып «сол ел тілегіне бейім болсаң жақсысың, болмаса өзің де жақсы емессің, өзің билеп қалыптаған заманың да жақсы емес» деген саналы жастың, жаңа адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап, өз уақытындағы, өзінің ар жағындағы «үлкен», «жүйрік» дегеннің әрқайсысына да Абай ұрынып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап отырады.

Жаңағы сияқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса Құнанбай құрбылас, өзі жуан-шонжардың бірі. «Шешен», «жүйрік» деген де атағы болған. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Садуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: «Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен, ол Сағид бин Уақас әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?»— депті.

Мұса Абайдың осы тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, бірталай кісінің мәжілісінде Абай кіршіме ішіп отырғанда, Мұса үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Абай Мұсаны мәжіліске кіруге шақырғанда, ол: «Жоқ, бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың «кірішмә» деген сөзінен болса керек. Сондықтан мен кіріспегенімді мақұл көрем»,— депті.

Бұл сөзге Абай: «Менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, фарсының «гаршама»—«шамаңа қарай» деген сөзінен болуға қисынады. Екінші — әрбір нәрсенің «ісміне» қарай жисмін ала ма, жисміне қарай ісмін алмай ма? «Алма» деген жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?»— депті.

Осы сияқты жұрттың «тапқыр» деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойсұнбайтын ізденгіш, өр мінезін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып, бір нәрсе айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай «тек отыр!» деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып, жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. Таласқан кінәсін Абай мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: «Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі — сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірің болмайды. Екінші — көрінгенмен жақын боласың, кісі танымайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің — орысшылсың»,— депті.

Осыған Абай: «Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыныраудағы судан да қойшы-қоланшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге — қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт!» десе өргізіп, «шәйт!» десе жусататын заман еді. Одан бері келе ел түйе сияқты болады. Бір шетіне тас тастап «шөк!» деп дыбыстаған уақытында аңырып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие боп, басшы бола алады. Орысшылсың дегенге — оның қолында зор қуат, өнер, білімі бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ, ол — надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын»,— депті.

Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше зор программын көрсетеді. Алдымен әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұңын ойлаған, халыққа адал еңбек етіп, ел көпшілігімен қабыса табысам деген тілек танылады. Осы сөздің артынан ол өзі тұстас ру басының жаңағы әкелерге ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзі туралы «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деп есептейді. Бұл жөнде ол бұрын осындай ниетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше

жуан болатын. Сол ортадан Абай үнемі етекбастыны, қара күшті, қарсылықты көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойсұнбайды, ірге бермейді.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын
. . . . . .
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң мінсе
қырқың?—

деп, кейін айтатын ызалы, сыншы өлеңдерінің түп-тамыры осы жаңағы айтылған жайда жатады. Сондайды ойлап, ол ортаны менсінбей, алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сияқты мінездің белгісін қаракесек Алшынбайға да көрсетіпті. Абай Алшынбай ауылының күйеуі болады. Алғашқы алған әйелі Ділдә — сол Алшынбайдың немере қызы. Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшынбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайыны әдет бойынша «қалаған, сұрағаны бар ма?» деседі.

Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, «батамды алсын!» дейді.

Абай: «Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар» деп, Алшынбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы ру басыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сияқты: көпшілігін менсінбейді, місе қылмайды.

Абай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз тобықты ішінде ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат-партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының ру басылары ортасына әдейілеп егіп тұратын әрекетінен туады. Неғұрлым тартыс күшті болса, соғұрлым даланың ісі ру басылар арқылы қалаға көп сарқады. Әмір несі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысады.

Патша өкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын ағасұлтан, беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның өзі де өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: «Болыс болдым міне-ки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген сияқты көптен-көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиреніштi, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет машықтарын анық танытады. Патшалықтың

парақор ұлық, жандарал, ояз начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмәштарына табынған жаңағы атқамінерлер қоғамдық тілекті лайлаған, неше алуан міп мен дертке толы еді. Бұл күй, бұл қалып бір ғана Абай көріп жүрген тобықты ішінде ғана емес, қазақ сахарасының барлығын басқан тұманды түнектей, қалың дерт болды. Ол патшаның отаршылық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші — бай, жуаннан шыққан болыс, би, елубасылар. Олар үшін рушылдықты, ескі тәртіпті сақтап, сол арқылы өз үстемдігін жүргізу қажет. Қазақ сияқты Россиядағы көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметінің өзі де жаңағы рушылдық, ескішілдік қалыпты нық сақтап отырды. Бұл елдерде өмір өркендесін, мәдениет дамысын деген ой онда мүлде болған жоқ. Қайта жаңағы ескіліктің кертартпа құрылысын өз керегіне пайдалана жүріп, соны мызғытпай сақтап отырды. Сондықтан да болыстық, старшындық, билік үшін ел жуандары қырқысса, соны патшалық ұлықтары әдейі қоздыра түсетін. Бұл тек саясаттық қана тәсіл емес, сол күндегі Россия буржуазиясының пайдасы үшін де керек.

Ленин XIX ғасырдың соңғы 25 жылының ішінде Россия буржуазиясы Россияның шығыстағы отарларына неліктен ынтығып, ұмтылып жүрген себебін айта кеп, «ол жақта сауданың «талау табысы» әлде де бірнеше жүз процент пайда кіргізуші еді» дейді.

Осындай неше алуан қанау, талау ауыртпалық боп орнағанда, қалың момын еңбек елінің басына орнайтын болыс сайлауының лаңынан басқа патшалықтың алымсалығы, парақор жетім-болыс, бидің «қарашығыныныц» барлығы және де байға мол түспей, «түнлік» басы деп жоқ-жітікке, жарлы-жақыбайға түсетін.

Жаланқая жат мінез жау алады
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп...
. . . . . .
Жүз қараға екі жүз алярман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп...

Абайдың бұл сөздері сол жаңағы халықты жан-жақтан, жұттай тонап жатқан обырлар мінезінен туған. Кертартпа ескі патриархал-рушылдық қалдықтарының барлығы «қанау мен деспотизмге (шексіз әмір зорлығына) ерекше кеп, еркін жағдай жасайды»— деп Энгельс айтқан сөз сол күндегі қазақ тіршілігіндегі шындыққа өте

дәл еді. Ру басылар, болыс, билер, бір жағынан, патшалықтың заңындағы өздеріне пайдалы жақтарын, өз үстемдігін күшейту, нығайту үшін берік ұстанды. Сол арқылы мал, сома, байлықты ғана емес, басқа да көп жем айыратын. Жақсы қыстау, ен жайлау, мол су сияқтыларды өз басына, өз атасына қаратып, талай момын көпшіліктің жерін алып, жермен бірге күнкөргішін, еркін алып жүретін қу, пысық, сұм-сұрқия, жуан феодалдар көп еді.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қармап,—

деген сөздер осындай содыр-сойқандардың істерінен туатын.

Бұл халдер бар қазақ жерінде болғанда, сол кездегі Россияда қара шаруаны феодалдық-крепостнойлық қалдықтары бойынша қанаудан және капитализмнің өсу салдарынан туған. Қазақстанды капиталистік қатынасқа тарту салдарынан да пайда болатын. Осы уақытта сахарада натуралдық шаруаның іргесі әлсіреп келе жатты. Соның бәрі көп қазақ қауымында қоғамдық жіктердің неше алуан қайшылықтарымен айқындай шыға бастауына себеп болды. Енді патшалықтан, Россиядан шыққан қанаушы мен қазақ ішіндегі бай-болыстан шыққан қанаушының бәрі бір топ екенін айыратын мезгіл туа бастады. Мұнымен қатар орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқара мен қазақ ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры бір екенін ұғатын, танитын заман да тақап қалып еді. Соны алдымен өздері аңғарып, халықтарға аңгартатын әр елден шыққан халық қамқоры болған халықшыл-демократтық, азат ойдың қайраткерлері туды.

Міне, Абайды әкелер жолынан, ел жуанының бар мінезі, ісінен жирентіп, оларға қарсы алысушы, әшкерелеуші етіп шығаратын тарихи терең себеп осында болатын. Абайдың алдындағы Шоқанды, Алтынсаринды халық үшін жаңа, тың жол іздеуге беттеткен тарихи себептер де осы еді. Кейін Абайды да алысқа құлаш серметтетін тарихи қоғамдық басшы ойлар осыдан туған. Бірақ жас Абай әуелі осы ойларын туғызып, осы қорытындыларын жасататын қайшылық, ерсіліктерді көрумен, солармен алысумен жүрді. Алысқанда ел сорына себеп боп жүрген болыс, би, партия бастығы қумен, сұммен алысты. Олар болса, патшалық тәртібінің бар жағдайын неше алуан сұмдық, азғындық түрінде пайдаланумен жүрді... Көбін-

ше елді бір алдап, арбап, ұлықтың да олақтығы болса, оны да зор айлалы аярлықпен пайдаланды. Әсіресе патша ұлықтарымен жемтіктес болғанда, олардың қазақ ішіндегі ерекшелік, қиын шытырман жағдайларды жете білмейтіндігімен пайдаланатын.

Патшалық законы, сот, әкімшілік орындары қазақ ішінде, атқамінер ортасының айла-тәсіл, салт-індетінен түк білмейтін. Қазақ әкімдері мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сияқты бой, олақ кеңселерді олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы атқамінерлер машық болған бір мінез — өтірік арыз болатын. Өштескен адамынан, ең алдымен ауылда, қара күшпен, қолмен есе алуға тырысады, ол болмаса, жауын мықтап жоймақ болса, ұлыққа шабады. Онда «кісі өлтірді», «ауыл шапты», «жер өртеді», «патшаны жамандады» деген сияқты неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жан беру, өтірік куәлар салу — жиі кездесетін іс болған. Немесе, бір жағынан, жаңағыдай арыз беріп, жала жауып қойып, артынан қыр жөнімен табысып, татуласып алып сол жауын қайта барып сот алдында жаңадан қиялап өздерін ақтау, бұрынғы жаласын қайтып алу сияқты әдеттер де толып жатады. Өздері парақор, қолдарына ұры ұстағыш, өтірікке мөр басқыш, приговор бергіш би, старшын, елубасылар көбейді. Ұлықпенен жемтіктес болып, парамен ақты қара, қараны ақ дегізе алатын айлакер де молайды. Сөйтіп ол күндердің арыз-тартыстарын тексергенде кім кінәлі, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қиын болатын. Көбінесе кінәлі жаза шекпей, кінәсіздер күйетін халдер де аса көп болған. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Ел жуандарының пәлесі олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнетімен аяқталатын. Абай ел ісіне араласқанда, өз әкесі мен әке достарының бұның басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болды. Бірақ сол зәрді іше жүре, әділетсіздікті, қиянатты таныды. Жуандар, Құнанбайлар ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбыр қиянатшылар ортасы екенін Абай таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді.

Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрыса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолына ел жуаны жау. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болады. Солардан бас қорғау ретінде және бір жа-

ғынан, жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысады.

Осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың екінші бір саласы уез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым түрінде болатын.

Ел ішінде Абай өз бетімен жүре бастаған соң аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жалаламақ болған ұлық 1877—1878 жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3—4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден-тергеу болса да Абай бір де біріне жығылмай, ағарып, аман шығады. Соңғы жылдарда Семейдің архивінен табылған бір іс Абайдың өмірінде бір-ақ жол, үш жыл бойында Қоңыр Көкшеге болыс болған кезін танытады. Сонда Абайға қарсы өтірік шағым, жалған жала жаңқан Үзікбай Бөрібаевтың арыздары Абайды көп тергеуге ұшыратады. Ол істі Семейдің оязы, ояздық соты, тіпті Семей губернаторы да қолға алады. Бірақ ұзақ тексеру соңында чиновниктер аппаратының өзі де Абайдың жазықсыз, адал, халыққа пайдалы адам екенін ықтиярсыз таниды. Сонда Үзікбай атынан Абайды текке жалалап жүргендер елдің жуан содыр феодалдары, бұзық атқаміперлері болып шығады. Абайды 1878 жылдарда тергеуге ұшыратып жүрген көп шағымдардың ең бір үлкені осылай боп шығады.

Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де әлденеше халде кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларын да кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Орыс тілін, әдебиетін бұрын өздігімен зер салып қарастырып жүрген Абай, мына сергелдең кездерінде Семейде ұзақ жатып жүріп, бұрынғыдан да тереңдеп, зерлеп, молынан ұғына бастайды. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса, бәрін таныған, бауырған талап-

кер өзінің жүйрік, сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей, ілгері қарай дамуды, жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Арыз үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие үшін көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың өнерін білу керек, оқу, зерттеу, іздену керек.

Жігіттік шағына дейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен бітеді. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену енді ғана молынан басталады.

1877—1878 жылдың қысы жаңағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмайды. Құр тергеуге ілінділергені болмаса, жаулары да жеңе алмайды. Бұрын дос тұтып жүрген ел әлі де болса, мұның қасында қалған. Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын әкесінің нұсқауымен жүргізбейді, өз жанынан жаңалықтар тауып, сүйген жолдарын қолдана бастайды.

Абай әкесі қолданған бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай көп қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен, өз күшімен қол қимылын жұмсауы да аса көп болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ болады.

Абай өзінің турашыл, әділетшіл мінезімен халыққа жағады. Сол арқылы қарсысындағы ру басыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып жеңіп шығады.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін-білмесін, бірақ өз басына «ақындық жол екен», «еңбек қылатын кең өріс екен» деп білмеген. Тегінде, оның жас шағында айтқан ірі өлеңдері аса көп болмау керек, оның орнына ұсақ жағы көп. Оны да үнемі қағазға жазбай, кейде орайы келген жерлерде қалжың ретінде, ауызша айта жүрген. Қолға түскен бірен-саранының айтылған себептерін қарасақ, көпшілігі біреуді қалжың қылған мысқыл, мазақ аралас өлеңдер. Бұлардың бәрі де өлең қылған кісінің көзіне туралап сынап айтқан сөз сияқты. Екінші түрлі өлеңдері — жігіттік шақтағы міпез, ой туралы және қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат есепті. Бұл соңғы жайын жоғарыда айттық.

Сыршыл, шебер үлгіде Тоғжанға арнап «Ақ етік аппақ екен атқан таңдай» деген бір өлеңі болған екен. Бірақ ол шығармасын түгел білетін кісі кездеспеді.

Күлкі мен қалжың қылып айтқан өлеңді Абай бала

күнінен бастаған. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын сатиралық өлеңнің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылда, әр жерде, кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана әр тақырыпты өлеңдер айтып, жазып жүріп, Абай жаңағы ел жуандарын жеңген жылдарға келеді. Бұл уақытта ол есті, бағалы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып басқалар жүрсе, Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады. Қалың елдің момын көпшілігінен шыққан дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын сол бұқара көпшіліктің тілегі бойынша кейде өзі атқарып, өзі басқарады.

Бұрынғы атқамінерлер парақорлық, өз жағына бұрғыштық, әділетсіздік мінездерінің бәрінен ол аулақ болып, барынша әділ, әсіресе момын бұқараға дос, зорлықшыл пәлекорға қас, турашыл болуға тырысады. Өз заманына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар енді жыл сайын ілім-білім табуға беттей береді.

Жасы отыздан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыс кітабын мықтап оқиды. Едәуір тіл біліп алған соң, енді көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі.

Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды тек кітап алады. Кітапты белгілі жүйелі тәртіппен оқымаса да, жақсы ақын, жазушылардың сөздеріне құмарланып, шетінен таныса береді.

Әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды. Осымен 35—36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1870 жылдарда Петербургтан айдалып келген революционер жас Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған. Атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі. Және сол кездегі демократ-революционер Шелгуновтың туысы (балдызы) еді.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басын-

да кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, достас адамдардың халіне жетіседі.

Михаэлис осы келгеннен бастап Семей облысынан қайта алмай, қырық жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міне, осы уақыттардың барлығында ол алғашқы рет таныс болып алған Абаймен ұдайы кездесіп немесе хатпен хабарласып тұрған. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 1880 жылдарда айдалған басқа демократтармен де танысқан. Соның ішінде жас доктор Долгополов, Леонтьев сияқтылар болған. Осылардың кейбіреулері Абайдың аулына қонаққа барып досы болады. Рас, Михаэлис, Долгополовтар әуелде бірі Петербургтен, бірі Харьковтен айдалған шағында революциялық әрекеттерімен, патшалыққа қарсылық істерімен айдалса да, кейін Сібірдегі кездерінде ол программдарымен көрінбейді. Михаэлис чиновниктік аппараттарда момын ағартушы, зерттеушілік істерге беріледі. Долгополов айдау орнын ауыстырып, Қазанға қайтқан соң, саяси бағыт жөнінде сан түрлі өзгеріске түседі. Бертін келе Россиядағы күшейіп өскен революция жолына шалғай әрекетке де кетеді.

Ленин қатты сынап, мінеген халықшылдықта жүріп, содан ары кертартпа партия — эсерлер тобынан шығады. Сондықтан Абайға ұлы орыс халқының бұқарашыл-революционер, ойшылдары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов еткен әсердің бәрін — Абай өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, жаңағы соңғы адамдардың еңбектерін зерттеуден соң табады. Сондықтан Михаэлис, Долгополовтардың Абайға берген көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Бұлар, әсіресе Михаэлис, ақынның өз айтуы бойынша, Абайдың жаңа ізденіп жүрген кезінде ең алғашқы түрде ғана көмекші болады. Бұрын орыс мектебін көрмеген, отаршыл чиновниктерден басқа орыс интеллигенциясын кездестірмеген Абайға Михаэлис алғашқы айдау жылдарында Ленин айтқан екінші Россия мәдениетінің ең алғашқы хабаршысы есепті болады. Ақынның ең әуелгі іздену, қалыптасу кезеңіндегі жол нұсқаушылары есепті.

Ал, кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озғын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың

өз мұраларынан өздігімен кең, терең тәлім-тәрбие алады. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік. Ал ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол алғашқы адым жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені.

Абайдың қазақтан басқа өзге ел адамдарымен танысуы жалғыз жоғарыда аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен алысып, Сібірден қашқан Қавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Тәштемірдің баласы деген адамды Абай бір жыл қонақ етіп, күтіп аттандырған. Қазан татарынан шығып, солдаттан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Кішкене молда (Мұхамедкәрім) деген кісілер Абайдың туысқаны сияқты болып, қазақтан әйел алып, біржола қазақ боп елде тұрып қалған. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, ауылына бірнеше рет тінту шығарған.

Жаңағы аталған Михаэлисті Абай өз өмірінің кейінгі шағында еске алып: «Дүниеге көзімді ашқан кісі — Михаэлис» деген. Жоғарыда айтқандай, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін осы алғысын айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да, әр тарау жолдардан мағлұматы болған мәдениетті адам. Абайға алғашқы кезде қандай кітапты оқу туралы шынымен көп мәслихат, көмек берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай, бертіндегі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, әр алуан тарихтық кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болған.

Орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасов; сыншыл, ойшыл демократтардан: Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Европа ақындарынан: Гете, Байрон; философ білгіштерінен: Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сияқты талайларды оқыған.

Алғашқы кездерде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқып, кейінірек талай кітаптарды

қырға да алып шығып, елде де қарастыратын болады. Европаның көпке мәлім романшыл прозаиктерін де оқыған.

Әрі-беріден соң кітаптарды өзі оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет ете бастайды. Сол 35—40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастауымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді.

Артынан біраз жылдан соң үшінші баласы Мағауяны да, әйел баласы Күлбаданды да әкеп, орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлде басқаша ортаны тапты. Олар патшалық үкіметінің Сібірге жер аударған әр алуан саясат қайраткерлері. Ертеректе Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омбы сияқты қалаға жазушы Ф. М. Достоевский сияқты талай адам келген... Бұлардың ішінде Буташевич-Петрашевскийдің өзі, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Революционер-демократтардан Чернышевскийдің талай серіктері келеді. Абаймен жақындасып, достасқан Михаэлис осы соңғы топтан шыққан Ұлы орыс халқының осылар сияқты адал, бұқарашыл ұлдарының бәрінің жүрегінде патшалық дегенге өштік пен жиреніші аса күшті еді. Каторгада, айдауда, еріксіз солдаттықта жүрген күндерінің бәрінде де олар орыстың қалың бұқарасы, қара шаруасының құлдық-қорлық халін патшалыққа кешпейтін. Сонымен қатар олар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді.

Чернышевский болса, Россиядағы сияқты дүние жүзіндегі барлық қанауға, құлдық қорлыққа қаны қас болғандықтан, поляк халқының патшаға қарсы алысуына тілеулес болғанындай, Америка халқының азаттық күресіне де көп көңіл бөліп, ондағы негрлердің көтерілісі болса екен деп те тілеген адам еді. Өз айналасындағы дос серігінің көбін патшалықпен қиян-кескі тартысқа, қолма-қол алысқа әзірлеп тәрбиелеген. Патшалықты құлатып, көзін жоюды өздерінің революциялық арманы, жолы етіп алған. Сол үшін, елі — отаны үшін өз бастарын, ой, күштерін ортаға салған орыс халқының адал ұлдары бұл кезде көп еді. Осының бәрін анық ұғын-

ған, анық байлаған бір жолы — патшалықпен алысқанда езілген бұратана халықтар мен орыс халқын бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Ол революционерлер қазақ даласын қараңғылықта ұстаған, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаған саясатқа да қарсы алысқан. Сондықтан, орыс халқының айдауда жүрген шын адал ұлдары, бұрын патшалықтар жиренумен өткен ой алыптары Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді Ол халықтардан шыққан ел қамқоры, саналы ұлдарының азаматының бәрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы революционер-демократтардың саяси үлкен жолының бірі болады.

Абайға жолығып, онымен дос болған Михаэлистер ол күнде өздері жеке бастары Россияда даңқы шыққан кісілер болмаса да, Абай сияқты кісілерге ала келген жаналық пікірлерімен қымбат болған өкілдер еді. Олар орыс халқының анық елдік сырын, шынын танытатын Ленин айтқан екінші Россияның алғашқы хабаршысы есепті. Бұлармен Абай достығының осындайлық тарихи мағыналары бар. Ендеше, сол күнде осылар ниетіне ниет қосып, еңбегіне еңбек жалғап, орыс халқының мәдениетіне, өз еліне өз шығармаларымен, әлеуметтік еңбегімен, ұстаздық тәрбиесімен бастаған Абай бір қазақ халқы үшін емес, бүтіл Россиядағы халықтық-демократтық қозғалысқа да зор еңбек еткен адам бола бастайды.

Орыс ойшылдарының достығы бір Абай емес, сол арқылы бүкіл қазақ сахарасына арналған достық боп ұлғайды. Абай енді өзінің қоғамдық, тарихтық жолын ұзақ өріске қарай ұлғайтып алып кетеді. Өзі де ғылым зерттей бастайды. Сонымен, 1884 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде, ол дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар қырағы озғын азамат болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейін Абай елге де білгіш, кемел, халық қайраткері болып танылады. Сырт елдердің халық қамын ойлайтын кісілері де Абайдың атағын көп естіп, әңгіме, мәжілісіне құмар болады. Бұлардың ішінде әр алуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бойсұнып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай өзі араласып жүрген ортасын өзгертіп, түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші

емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді... Жас буынды мәдениетке жеткізуді ойлайды. Соларды өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша, Абай жақын болып, кейбірімен сыйлас, таныс, дос болады. Жалғыз Семей уезі емес, Қарқаралы. Өскемен, Аягөз айналасының дұрыс деген адамдарымен де жақындық таба бастайды. Өзінің атағы бір тобықты емес, сан тобықтыдай елдерге жетеді. Ол әмір жүргізуші жуандардың барлық іс-әрекетіне бұрынғыдан да өткір, қатал сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіздік, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін айта жүреді. Сол терістіктерді түзететін қатал тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып, ұстаздық етеді. Сонымен, енді Абай өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы бола бастайды. Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі және қосымша себеп болады. Сонымен қатар, ауысып, өзгеріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойлаған ойы, жаңа бағыт түсініктері әсіресе себеп болады.

Өз айтуынша, отыздың ішінен бастап орыс оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты үстіне шығып өзгерді. «Күншығысым — күнбатыс, күнбатысым — күншығыс болып кетті»,— дейді. Әрине, оның мұндағы күнбатысы өзі тілін, өнерін үйренген Россия. Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан соның ағымына ақыл-оймен терен бойлайтын әдеттер табады. Мәселен, Будданың жайын оқып шыққаннның артынан:

«Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау!» дегені, не болмаса өмір бойы Лермонтовты сүйіп: «Бұл махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу» деген сияқты сөздері, оның әр алуан кең түсініктерге ие бола бастағанын көрсетеді. Исламшілдік, схоластикалық тұсаулардан арылғаны көрінеді. Сол сияқты өзгерген сана, жаңғырған ұғым бағыт бойынша Абай өзі мінеген ру партия тартысынан да арылып шы-

ғуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдан түгел босатпайды. Еркін өзіне билетпейді.

Ерте оянды м, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ...

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме,—

дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көпшен бірге өз мінін де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың арманы мен күнделік тірлігінде көп қайшылықтар кездесіп отырады. Бір жағынан, бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абайды көреміз. Екінші жағынан, күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, содан азап шегіп, қиналған Абай көрінеді. Абайдың сыртқы өмірі жеміссіз, мағынасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Өз халқының неше алуан қамы туралы ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін қауымына, замандастарына жеткізіп, мәлім етерлік құрал — ақындық, өлең болады.

Сонымен, енді Абайдың нағыз өнімді ақындығы дами береді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,—

дейді.

Бұл кездегі Абайға — ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар, әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол надандық, зорлық, жуандық, пәлеқорлық сияқты халық үстіндегі паразит атқаміперлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріседі. Абайды кейінгі тарихқа және сол кездегі еңбек еліне, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі өркендейді. Өлең сөзін, поэзияны әлеуметтік тартыстың құралы етеді, оны сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, надандықпен кектене алысады. Ендігі Абай ақын, ақындық мүддесі деген жайларға Белинский,

Чернышевский, Добролюбовтар айтқан эстетикалық тұрғыдан қарайды. Ақын еңбегі, әлеуметтік тартыстың құралы, қоғамдағы мінді ашатын, соған өкім айтатын ұлы маңызы бар әрекет деп түсіпеді. Сол себепті өз заманындағы, қазақ қауымдарындағы мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады. 1886—87 жылдардан бастап Абай осындай өлеңдер туғызуға кіріседі. Бұлайша өрлеуіне іштей себеп болған жайлардың барлығын мәлімдедік. Бірақ осы жылдарда жаңағы айтылған күймен қатар, Абайдың ақындық еңбегіне сыртқы өмірдің үлкен бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тептектік молаяды. Сонымен, ел арасындағы жалпы наразылық күшейеді. «Ырғызбаймын» деу орынсыз зорлық, орынсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген еркіндік сияқты болады.

Осындай себептер жиылып келіп және ру басылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстары мен сол ел жуандарының екі арасынан зор тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, туыстар жағы да еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағын Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл, арамза атқамінерлер де Абайдың ақтығына, жазықсыздығына қарамай, көп арыз бен шағымда ылғи пәлебасы қып Абайды атайды. Соны сүйрейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды.

Бұрынғы дос болып жүрген Жиренше, Күнту сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішіне Абайдың: «Күн ашықта мойнында, күн жауында қойнында» дейтін құнсыз бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады.

Кісілік, әкімдік болса, оны таласпен алатын да — солар. Жаманшылық, бұзық мінездерінен ел бүлінгенде пәледен бас сауғалап қашатын да солар, Өз мінездерімен Абай басына пәле әкеп тастайтын да осылар. Мысалы, Шыңғыска сол кезде болыс болып тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Ел кісілерін жазықсыз сабағыш болады. Болыстың әйелі Мәніке кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып сойғызып жатады.

Осындайлар бұларға жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түнілтеді.

Құнанбай тұсында елге зорлықты көп етіп байып, жуандап алған сотқар, бұзық Ырғызбай тобы және әсіресе Құнанбайдың әмір иесі болған бала-інілері жалпы халыққа қорлығын өткізгенде Абайды есепке алмайды. Оның қарсылығын, ашу наразылығын елең қылмайды. Қайта, Абайдың өз басына бар жауынан бетер қастық еткен, қызғаныш, жаманшылық ойлаған талай адамдары болады. Абайға сыртымен дос болған боп жүріп Оразбай, Жиреншелер де сол қиянатты оның басына көп істейді.

Мына тұста сол Оразбай, Жиренше Күнту, Абыралы дегендер астыртын баталасып ап, болыс боп жүрген Құнанбай баласын орнынан түсіріп, өз орталарынан Күнтуды болыс сайлайды. Сондағы мақсат, мұраттары, әрине, көптің тілегіне маңайласпайды, тек өздері әкім болу, билеп-төстеу болады. Бірақ олардың ендігі ниеті бұл ғана емес, қолдарына болыстықты алып ап, ең алдымен Абайды мұқату, соны жазалау, қор ету. Олар болыстыққа өз басы таласпай, таласпақ түгіл жұмысы да болмай, үйінде ел үшін еңбек етіп отырған Абайдың адамшылығын күндейді. Халық сүйетін адал атағын, абыройын күндейді. Ел мұнына ниеті, жолы қабысқан Абай алыспастан үйде отырып, Оразбайдай партияқор атқамінерлерді жеңіп отырған сияқты. Осыны олар Абайға кешпейді. Құнанбайдың елді жиренткен зорлықшыл балаларына тимейді. Өйткені олармен өздері бір бітімдес. Олармен табысулары да оп-оңай. Қоғамға арналған үлкен ақтық беті бар, шындық үшін алысатын Абайды қуып, өздерінің үстемдігін нығайту қажет болады. Бұл — олардың үстем таптық қанаушылық қалпынан туатын сыр. Абай жуан феодалдар, атқамінерлерді сынау арқылы өзінің әлеуметтік еңбегімен үстем таптан, өзі шыққан қанаушылар табынан бөлініп кетеді. Оларға қарсылық күрес ашады, әшкерелеп отырып, қалың бұқараға, шаруаға таптық жауларын танытып, таңбалап береді. Осы бағыты мен еңбегі арқылы Абай өз табынан кеткен соң еңбекші бұқара халыққа дос болып келеді. Елінің осындай еңбекші көпшілігімен тілек, мұрат қосу Абайды шын бұқарашыл Абай ететін ұлы жол болады. Осындайлық Абайға өз жақындарынан шыққан атқамінерлер мен Оразбайлардың қатты жаулығы заңды нәрсе. Ол тарихи

таптық қайшылық, қарсылықтардың айғағы болатын.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетінің барлығы уақытша еріксіз бөгеліп, Абай тартыс жаулықтың ортасында қалады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған партияқорлар енді Құнанбай балаларынан есесін алу керек. Жеңгендіктің жемісін тату керек. Жауласқан адамдардың үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінен сайланған болыс, бидің мөрін, приговорын пайдаланып, жауларын қылмысты кісі қып көрсету керек.

Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия, тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы бас қорғаудың алысы болады. Ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де алысу керек болады. Сонымен, бірнеше жылдар түгелімен алыспен өтеді.

Бірақ сол алысқа кіріссе де, осы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарады. 1884—85 жылдар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім». «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлеңді ғана тағызса, 1886 жыл Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, кең үңіле бастағанын байқатады. Бұл жылда 16—17 өлең туады. Абайдың осы күнге шейінгі баспаларында «Халық туралы» деп жүрген көп өлең бар. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?—

деген сияқты талай-талай сөздерден Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей. Сонымен қатар, бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған күйін аңғартады.

1882 жылдардан бастап, осы 85—86 жылдарда ол Пушкин, Лермонтовтен бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды.

Бірақ жоғарыда айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз, шағым ұлық кеңселеріне тағы топырлап түскен еді.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, ру басылары осы жылғы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйді алып, Оразбай Шыңғыс

болысынан бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде, болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, приговор бермей, өз ауқымынан шығармайтын. «Түбі жаулық ойласа, басқа болыста отырып алысып кетсе, құрығымыз үнемі жете бермейді»,— деп аңдысқан кісіні өз қасынан шығармай қою — көп болыс, жуанның есебі, саясаты. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бірер мықтыны аналардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Күнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындай да бір нәтиже береді.

Екінші, сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қоластына қайта қарап қалмас үшін, өзіне ерген руларын алып, көршілес Мұқыр болысына шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін бұны түсіретін мезгіл болғанда, Күнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды сайлап жүріп, Мұқырға шығып кетеді. Бұл — Кунту болыс болудың ең соңғы уақиғасы.

Бірақ осыған жетпестен бұрын, ол адамдар ең әуелі Құнанбай жағының барлық бұзақылары үшін Абайды жазалауға кіріседі. Осындай қызу тартыс үстінде «Құнанбай баласынан болыстық кетті» деген дақпырт ұлық айдатқан жігітек балаларына да жетеді. Сонымен, Бөжей заманынан бері қарай Құнанбайға қарсы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Күнтудың болыстығына сүйеніп, «қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді» деп бір сеніп, екінші орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді.

Осы сияқты әр алуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шиеленістіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады.

Осындаймен жүргенде Қарамола деген жәрмеңкеде, ол күндегі әдет бойынша, ұлықтар бас қосқан «шербешнай» дейтін (төтенше) сыяз болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта тобықты ішіндегі Абайға жау болып шыққан кісілер, өздеріне іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жуан, шонжар болыстар тәрізді жаула-

ры да бар еді. Енді тобықты іші жіктеліп алғанда, солар шұрқырасын келіп, Абайдың тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай сыязға жиналған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін Семей жандаралынан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Кейін жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға тоқтайды.

Абай өзге ұлықтарға істеген мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалыну дегенді Абай ешуақытта білген емес. Қай ұлықпен болса да тең сөйлеседі. Елдің тілегін жеткізе айтады. Және әсіресе ешбір ұлық баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты дау-шар атаулының барлығын да қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын Абай басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағынасыз құр алыс, бос пәледен құтқарады. Бұл — өзінің де іздейтіні.

Сондықтан ұлық атаулы өз әлсіздігін біліп, Абайдың ақылына, біліміне амалсыздан құштар болатын. Жаңағы жандарал Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде, еріксіз құралынан айрылып қалады. Абайды таныр алған соң амалсыз келіп шербешнай сыязға оны төбе би қып өзі ұсынады. Өзге шағымқор, шенқұмар, парашыл атқамінердің ешнәрсені шеше алмайтынын көреді. Ел арыздары шешілмесе, кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі мұқтаж боп, өзге ру басыларға кеп: «Сыязды жақсы өткізіндер. Ұрыда ақылары кеткендердің ақысын толық әперіндер. Сыязды жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайлаңдар»,— дейді.

Ел жуандарын осы жеңуі Абайдың партияшылдық тартысынан емес, өзінің көпшілік тілегіне жақын болған қасиетінен туған, Ерекше халықшыл бағыты үшін, өнер, еңбегі үшін Абайды бағалаушы халық саны сол тұстың өзінде де көбейіп қалғанына осы дәлел еді.

Солар жәрмеңкеге келіп, Өскемен билерін де тежеп, Абайға қастық істемек болған жуан содырдың көбін бір жол да болса, тойтаруға жарайды.

Абай сондағы мансапқор, күншіл, шағымқой арам

адамдардың қалың ортасында отырып, бәрін де көзге шұқып отырғандай қып, бір үлкен терең сөз тастайды. «Биік мансап — биік жартас. Оның басына екпіндеп қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады»,— деген. Парамен, айламен, жағымпаздық, сұрқиялықпен ұлық, болыс болып жүрген надан жуандарды, ел жуандарын тағы әшкерелейді.

Ел-елді ақылдастыратын, неше алуан ұлы-кіші дауларын шешетін, түйін-түйнектерін жазатын — сыяз. Мұнда қай жолмен, қандай кесіктер айтылу керек. Дау алуанына қарай заң, ереже тудырып, орамды әділ билік жасау керек. Осы міндетті мойнына алған Абай бірнеше күн хатқа жазып ереже тіседі. Оныcының көбі қазақтың өзі ескіден білген ел заңы болумен қатар, кей жерлерде жаңа жол-жоба болады. Біздің қолымызға Қарамола сыязы мен кейінірек болатын Семей, Жетісу облыстары бас қосқан Көктума сыязындай ұлы дүбір сыяздың хатқа түскен ережелері тимеді. Көктума сыязында да төбе биге халықтың ұйғаруымен әділ би деп Абайды сайлаған.

Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлінің куәлігі бойынша, бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді,— дейді. Сол Мүсірәлінің есінде қалған екі статьясы анық Абайдың өзі қолданған, өзі қостырған, тың жаңа жолға ұқсайды. Ол күннің жағдайында шамасы келгенше көпшілік үшін әділет іздеген Абай ұрлық, қылмыс пен әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады.

Бұрынғы жол бойынша ақы нелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде, ағайыны төлейді екен. Абай енді «ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын»,— дейді.

Бұдан бұрын ері өлген жесір әйелді алатын әменгері жоқ болса, байының ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады екен. Абай: «Бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау-мүлкімен кеп алғашқы қалың мал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ — зорлық. Алатын әменгері болмаса, еркі өзінде, ол әйел «азат»,— деген.

Осы екі баптың, әсіресе алғашқысы — ұрар жерін тауып соққан ереже. Ұрыға ат майын берушінің көбі азғын, құнсыз қорқау байдан, ел ішіндегі арылмас пәлебасы, бықсық шонжардан шығатын. Абай мына ережеде, көп ұры еместі ұры етіп жіберетін сондай індет түбін тауып ұрып отыр.

Осыны ереже қып бекітеді де, Абай өзі орындатады. Мұндай жайлар да талай жерден Абай басына өшігетін сотқар, бұзарларды көбейте түседі.

Сонымен қатар, қалың елдің шын әділетті іздейтін көп момын, көп бұқарасы Абайдай әділ таразының билігін іздегіш те болады. Кейінгі Абай өмірінде, талай да талай алыс елдің нелер қиын сүрі дауларымен мұны іздеп келетіні осыдан. Бұл соңғы жайдың өзі де Абай даңқын асырып, көп ортаның би-жуанын Абай басына қас ете берген.

Ал, Қарамола сыязы Абайдың қатты әсерімен, сол белгілеген бетпен өтеді. Бірақ сыяз осылай өтсе де, Күнту болыс тұрған уақытта, Абаймен ұстасқан жуандар тартыстан да, арыз-шағымнан да тыйылмаған. Сонымен, көрсету-шағым тағы молайып, қарсы жағы Абайды және де жер аударуға жақындайды. Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының «корпусы» (генерал-губернаторы) келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аударма қшы болады. Абай генерал-губернатормен де жәй арызшы түрінде емес, анадағы жандаралмен сөйлескендей еркін, кең сөйлеседі. Ақылының, ақтығының себебінен ақталып шығады. Бұрынғы жер аударылу деген сөз іске аспай қалады.

Аздан соң Күнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады.

Бұрын елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай, жаңағы оқиғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді шамасы жеткенше атқамінерлер ортасынан, олардың пәлесінен аулақ болуға тырысады. Шынымен ел тынышты-тығын іздейді. Өз басы нәрлі еңбекке берілмек болады. Орыс кітабын ешуақытта да тастамаған еді. Сонымен бірге 1866 жылдан 1889 жылға жеткенше тағы да көп өлеңдер жазады.

Мүмкін болғанынша бұрынғы арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқыганын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жылдары Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өшімді, ең жемісті кезі болады. 1889 жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрын-

ғыша өз ортасының, өз көрген кемшілік міндерін, қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да араласады. Пушкиннің «Евгений Онегинін» аудара береді. Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын талапты жастарының бәрі — шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына дос, жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Енді осы ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі хиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. «Ескі үлгіде қалма! Өзгерген заманның жаңа түрлі қайраткері болуға әзірлен»,— дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет мәжілістерімен тағы да баулын, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай жас қауымды бастай береді. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны қолында ұстайды. Мұқа Абай ауылына кеншілік жәй емес, қысылшаң хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайынының бірсуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны әмеңгеріне тигізбей, алып қашады да, Абай ауылына барады. Бұл кеткен соң, жуан ағайыны, артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады. Тағы сол кезде өзге елдерден келген басқа бірнеше ақынды да сақтайды. Бұлардың көбі Абай өлеңдерін қатты қадірлеп, жаттап алып, кейін Орта жүз, Ұлы жүздің көп еліне мол таратады.

Ертерек уақытта қазақтың әнші, ақындарының ең бір ірі адамы — Біржан сал да Абаймен жүз көрісіп, үлкен дос болған. Ол Абайдың жасырақ кезінде тобықты ішіне келіп (атақты ақын қыз Сарамен айтысатын сапары болу керек), көп уақыт қадірлі қонақ болып жатып, Көкшетау, Атбасардан бергі жерде болған қазақ өнерпаздарының көп қазынасымен Абайды кең таныстырып кетеді. Абай өзі де көп ән үйреніп, көп ақынның сөзіне

қанып қалады. Әйелі Әйгерімге Біржанның әндерін үйретеді. Бұл сияқты кездесулер Абайды өз заманындағы қазақ сахарасындағы халық өнерімен мол таныстырып, нық байланыстырып отырған.

Тоқсаныншы жылдарда өлең, өнерге тереңдеп кіріскен Абай бір өзінің көргені мен сезгенін жырлайтын ақын емес, бүкіл қазақ даласындағы ой-сезімін жырлаушы Абай болады. Осындай үлкен арналы ақындық жолына берілген соң, 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болады. 1890—91 жылдарда да көп өлең жазады. Сол уақыттарда жас жігіт болып, әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген шәкірт достары: «Осы жылдардың мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Бар талапкер жастар болып сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше хақиқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік» деседі.

Осы екі жылдың ішінде Абай өзінің көп жаңа өлеңдеріне ән шығарады. Ұстаздық қып отырғанда «малқұмар, мансапқор адам адам емес» деп ұғындырады. Әрдайым сағынып, көксеп, қатты рахаттанатын уақыты сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болады. «Ондай сөзге түсіп отырғанда, шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып, не ел арасындағы партияның жайын айтып, сөзін бөлсе кейіп, я ашуланып қалушы еді».

«Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шыққа, аза бойы қаза тұрып, жиренген кісідей болып мазасы кетіп, «есептерің бар болса, аулаққа барып есептеңдер» деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді»— деседі.

Осы айтылған сөздердің барлығы — жалғыз Абайдың шәкірттері емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөзі. Сондай өмір, сондай мағыналы, үлгілі жол — Абайдың барлық кейінгі өмірінде айнымай ұстансам деген жолы.

Егер де ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 1889 жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ ойлаған мақсұт-ниеті бұл тұста да түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 1890 жылға дейін тыныштық болып, кейін дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды.

Абай ержетісімен өзі тұрғы жастан дос етіп, қасына ертіп адам ғып шығарған кісілері ең алдымен осы Оразбай, Жиренше, Ерболдар болатын. Дәл Жиренше басына еткен сан жақсылығының бірі көп сайлаудың бірінде «тентек ояз», «қара ояз» деп атанған бір сотқар ояз елдің жазықсыз адамдарына дүре соға бастап, солар қатарында Жиреншеге де дүре салмақ болғанда, Абай оязбен қатты жанжалдасып, ара түсіп, сабатпай ананың арын, намысын қорғап шыққан. Соның артынан «тентек ояз» Абайды Семейдің каталашкасына да жапқызған. Аргын, найман арасына барса, өмірінде жалғыз-ақ рет, жас шағында Қоңыр-Көкшеге болыс болса, Абайдың әрдайым сенімді, белді би қып ерткен кісілері осы Жиренше мен Оразбай еді.

Ол екеуі Абайдың ығында жүріп, елеусіз халден белгілі адам қалпына жеткенде, малданып, әлденіп күшейген күндерінде Абайға ең алдымен қас боп шығады. Сол жылдардың алдында бұрын ондайлық бай болмаған екеуі мейлінше байып алады. Әрқайсысында мың-мыңнан жылқы болған. Оразбай бертінде жылқы саны үш мыңға да жеткізген. Ал, Абайдың өз басында ешбір уақытта ондай байлық болған емес. Қайта өмірінде талай рет «шағын дәулет», «шолақ дәулет» дейтін күйлерге жақын қалып жүрген. Мынау екеуі өздері байып, әлденіп алған соң Абайға қарсы жаулықты тобынан бұрын бастайды.

Олардың ең алғаш Абаймен араз болған сылтау, себебі де өзгеше. Бір жылы тобықты, найман шекарасында Абайлар жүргенде найманның екі руы — сыбан мен мұрын арасында қатты қырқысқан дау туады. Жесір дауы. Абай тегі қатал қалпын өзгертіп, азаттық үшін алысам деп, сан рет қатты пәлеге ұшырап, өз басы арандап жүрген. Мынау жолда да соның бір кезі болады.

Мұрын қызы күйеуін тең көрмей, өзінің сүйгеніне кетеді. Сыбан қызды қайтарып алмақ. Пәле ұлғайып, ел шабысарман болған соң екі жағының сөзі Абай алдына келгенде, Абай бітім-тоқтау айтындар деп өз атынан Жиренше мен Оразбайды жібереді. «Мұрын қызына азаттық әперіндер» деп арнап тапсырады. Жиреншелер Абайдың айтқанын орындап, қыз басын босатарман болғанда, сыбанның біреуі: «Жол осы ма еді. Кеңгірбай аруағы қайдасың!» деп ұрандап, аруақ шақырады. Осыған қайысқан Оразбай Кеңгірбай жолын бұзғысы кел-

мей, Абайға келгенде, ол: «Кеңгірбайдан ел әділдік көрген жоқ. Әйел үшін ол «Қара қабан» атанған деп, өз айтқанын істетеді. Мұрын қызына еркіндік әпереді. Ал, Оразбай мен Жиренше: «Абай асқан екен, Кеңгірбай жолын бұзумен тұрмай «қабан» деп тілін тигізді. Енді бұдан біз кеттік, жауластық», деп — өзді-өзі серттесіп алады.

Осыдан кейін екеуі жар құлағы жастыққа тимей: «Қалың найман алдында Абай Кеңгірбайға тілін тигізді» деп, өздеріне ұсаған бай-жуанның басын құрай бастайды.

Байғұлақ, Күнту бар, жиыны 16 атқамінер боп, Абайға қарсы шықпаққа серт байласады. Бұл серттері Жиренше қыстауының үстінде «Ши» деген жерде, Кеңгірбай бейітінің қасында жасалады. Кеңгірбайдың аруағын атасып, бейітіне бет берісіп тұрып баталасады. Жауламақ, мұқатпағы — Абай. Оның еткен «жаманшылығы» әлгі.

Міне, Күнту болыс болудың алды осы еді. Содан бері Оспан болыс болған шақта да тыйылмай жүрген күндестік, араздықтың түбі үнемі Абайға сарықпай тұрмайды.

Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болады. Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер сыязын өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды қуа барады да, ояз кеңсесінің алдынан өз қолымен ұстап алып, «қорлық көрсін» деп, өзі мінген арбасының артына таңып алып, елге әкеледі. Бұрын зорлыққа бойұсынбаймын, көнбеймін деп тырысып жүрген Оразбайға мынау істеген іс, «құлақ естіп, көз көрмеген» кекті жаза болады. Бірақ Оспанның осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Орнына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі «долынжы би» (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын бірінші би) Шәке деген Оспанның інісін қояды. Осы араздық, жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы кеп ошарылады. Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан, үлкен тартыс енді молайып келе жатқанда, 1891 жылы қайтыс болады. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі еді.

1892 жылы өлендерінің көбінде Абай Оспанның өлімінен уланып, дерттенген жайын көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең жазады.

Оспан өлген соң, барлық жаудың азабы мен әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толы тыныштық өмір бұзылады. Барлық ішкі қуат-сезімімен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді.

Бірақ, қалай да болса, кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өсиетін көксеп, мәжілісін іздеген жастарға медресе есігі уақытша жабылғандай болады. Өлеңдері де бұрынғы сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде жазыла жүреді.

Осы жылдарда Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. 1891 жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Тартыс бір ел емес, әлденеше елдің ішінде, әлденеше жұмыстардың тұсында бола келіп, 1897 жылға шейін созылады.

Бұл әредікте шет елде болған тартыс — тобықты мен уақтың тартысы. Ол пәленің басы да Оразбай болады.

Оспан өліп, ел ішіндегі үлкенді-кішілі істерге өзі бас боп жүрген Оразбай енді Абайды түрткілеп қоздырып, бір пәлеге тартуға құмартады.

Осы орайда Абай мен уақтың бір адамы Нұрке деген кісінің екі арасын шиеленістіретін бір кез келеді. Бұрын Абай мен Нұрке аса тату, дос еді. Нұрке — Көкен болысының қазағы. Жері мен елі Семей қаласына жақын. Өзі адамшылық абыройы зор, қала мен қырға бірдей, беделді адам болатын. Сол Нұркенің бойжеткен қызын Абайдың баласы Мағауия аламын деп әуелде бір қысырақтың үйірін қарғы бауға жібереді. Артынан Мағауия қызбен көрісе келе ұнатпай, алғысы келмей, сырт беріп жүреді. Қыздың көңлін тұрақтатқан құдалық та жоқ, азаттық та жоқ, жіпсіз байлау болады. Соны ауырлаған қыз Айтқазы деген адамға өздігінен сөз салып, тием дейді. Айтқазы — Ертістің ішкі жағындағы Белағаш деген болыстың адамы. Өзінің түбі көкше (тобықты) Абаймен қатты дос, шешен, алғыр адам болған. Бұның да жасы Мағауияға құрбы, жасынан озғын шыққан адам. Нұркенің қызына Айтқазы қызығады да, алып қашады. Осы жөнінде Айтқазының өзі де, Оразбай сияқты ел пәлесін тілеушілер де «Абай ашуланар, сойқан басталар, Айтқазы, Нұркелермен қиян-кескі жауласатын болар» деп байлайды.

Бірақ Абай түк намыс та етпейді. Сөз де айтпайды. Аз күн ішінде Айтқазыға «саспа» деп басу айтып тыныштандырып, Нұркемен де қабақ шайыспай, бұрынғы достық күйінде қалады... Қыз сүйгеніне тиді, ерік алды. Әйел еркіне зорлық болмасын деп, өзге тұста жол айтып жүрген Абай өз басына келгенде сол жолынан тайған жоқ. Осыған айызы қанбай, бармағын шайнап қалған Оразбай өз бетімен пәле бастайды.

Абай болса 1895 жылы тағы бір ауыр қаза көреді. Әбдірахман деген сүйікті баласынан айрылады. Ол Семейде уездік школды бітірген соң, Түменнің «Реальное училищесіне» барып, соны бітіреді. Петербургке барып «Михайловская артиллерийская школаға» түскен. Басында Абай «Технологический институтқа» түс деп жіберген екен. Сабаққа кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң жаңағы мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, зор үміт қылған баласының бірі.

Бұл жаңағы мектепті бітіруімен де қанағат қылмай, енді «Әскерлік академияға» түсеміп деп жүргенде, костоед (құрт ауру) болып, 1895 жылдың қысында, қызмет етіп тұрған жері — Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған.

Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйіндірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы еді. Соның мұратына жете алмай, ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек бастыны көріп» жүргенде, Абайдың ақсап, тілеп, көп күткені сол баласының келешегі болатын. Көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да ұзақ шер, көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның өліміне айтылғаннан да зарлы, ауыр қайғылы сөздер болады. Бұл аза ақынның сол кездегі басқа өлеңдеріне де өкіпіштің уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болған. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде, қалыптанып толған сыншы ақылдың, бұны табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне, жанына сүйеніш санап,

тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң бар сотқармен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақшага аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аударма йды. Барлығын да өз жүрегіне түсінік, өз халіне жанасатын, өзінің әлеуметтік мұң-арманына тап келетін және өз хиялына үйлесетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударады. Аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас-тынысы сияқты болады.

Кезі келгенде айта кету керек, Абайдан қалған аудармалар тегіс бірдей емес. Кейбіреуі, мысалы, Крылов мысалдарының көп жерін немесе Лермонтов өлеңдерінің бірқатарын ақын дәл аударады. Сонымен қатар, сол Крылов, Лермонтовтың және әсіресе Пушкиннің «Евгений Онегинін» әдейі бір кең толғаумен өзінше еркін жырлап жеткізеді. Бұнысы — аударма ғана емес, Европа, Шығыс әдебиет тарихында көп ғасырлар бойында тәжрибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішіне де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойларды өзгерте жырлауы әдейі істелетін, өзіндік тумаларға жақын боп шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің кейбіреулерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек.

Осындай болып қалыптанған ақындық күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған арнасы еді. Әредікте, қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап, аз да болса орнығып отыратын уақыт жетсе, 1889—1890 жылдардай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық етеді.

Бұл уақытта жалғыз өз өсиетін айтпай, орыс кітаптары арқылы таныс болған бұрын-соңғы данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдарының көбін өз тілі, өз аудармасы (редакциясымен) әсем әңгіме қып айтып береді.

Абай айтуынан тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде өз уақытында жаңа болған «Мың бір

түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы сұлтан» сияқтылардан басқа, орыс пен Европаның да талай романдары болды. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың «Үш мушкетері», «Он жылдан соңғысы», «Король қатын Маргосы», Лесаждың «Ақсақ французы» («Хромой бес»), Пушкин, Лермонтов әңгімелері және Батыс Европада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін «Қызыл сақал» деген роман, онан соң Америка, Африка жабайылары ортасында күн кешкен «жәһәнкездер» жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі — ол өзін «шығыс адамы едім», «мұсылман едім» деп, діни тұсауына бағындырмаған. Халқына үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де Аристотельді, Белинскийді қоса айтады. Ұлттық, діндік тар көлемде әсте қалмайды.

Бірақ атқамінерлер пәлесі Абайдың саналы еңбекпен отыруына ырық бермейді. Оразбаймен ұстасқан жаулық 1891 жылдан бастап 1897 жылға келеді. Бұл кезде Абайдың ел жұмысына араласарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Қәкітай сияқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің кеңесі, билігі болсын — үлкен шербешнай сыяздар мен болыстық сыяздары болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

1897 жылға шейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң «тым болмаса осымен бірдеңе істеп болмас па екен» дегендей:

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя
Дауың мен шарыңды,—

дейді.

Бірақ 1897 жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес. Оразбай партиясы бір Шыңғыс, бір тобықтымен тоқтамай, тағы мол ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай неғылса да бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Еріксіз келіп, түрткі салып, соқтығып Абайды ерік алдына қоймайды.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші бо-

лыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы жаулардың басын құрап, сайлау сайын партия, тартыс шығарады. Сонымен, жауы баратын болған соң ықтиярсыз Абай да барады. Бөтен елдегі достары өзге кісіні қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп 1897 жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманды болып өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып, бір үлкен оқиға туады.

Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы уез келер кезде, барлық Семей уезінің шылықтары кездесіп отырады. Бір жағынан, бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абайды көреміз. Екінші жағынан, күндегі өмірдің талқысы мен шыр-шеңберінде, түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай жағында, жартысы оған қарсы ниетте жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, қимылы қатал боп, көпті қорқытып, дәуірі тобықты ішінде басымдап келе жатқан.

Мұқыр сайлауының дәл алдында ел ортасынан тағы бір тың әрекет шығады. Ол Бәзілдің қызы Қадишаның дауы. Бәзіл тобықты, жуантаяқ ішіндегі бай-жуанның бірі. Құнанбай тұстас кісі. Бұның Байғұлақ деген баласы Оспан мен Оразбайдың аралығында «тең тарта» жүретін елеулі атқамінерлердің бірі. Соның қарындасы Қадишаны айттырып отырған жері Оразбайдың туысы, Есболат екен.

Қыз атастырған жігітіне ырза болмай, Абыралыдан келген жолаушы қаракесек Олжабай деген жігітке ғашық болады. Екеуі көңіл қосып, қашуға әзірленіп жүрген түні аңду болып, қолға түседі.

Байғұлақ пен Оразбайлар қыз бен жігіттің екі аяғына бір кісен салып, Олжабайды өлтірмек болған. Жаны қысылған жастар көмек тілеп Абайға тіл хат жібереді.

Абай сол арада бұл жандардың ауыр халіне ара түсіп, тез бұйырып, Олжабай мен Қадишаны өз аулына алдыртады. Сонда Қадиша Абай үйіне жақындап, есіктен кіре бергенде, жастық арызын айтады:

Шығады бүркіт алған қыр басына,
Алаштың болдым жолдас мырзасына.
Бір кісен жекс тимей аяғыма,
Олжабай ортақ болдың бір басына.

Олжеке, тартынасың неге жүрмей,
Бағана қалсаң еді маған ермей.
Бір жұмыс не де болса істеген соң,
Қарада жан қалама дауға кірмей.

Алдына келіп тұрмын, Абай аға,
Бар шығар сізде дағы мендей бала.
Айдайды кісен салып аяғыма...
Ісіне құдіреттің бар ма шара...

Абай жуантаяқ пен Есболаттың қарсылығына қарамай, аңдушы жігіттерді айыпты етіп, Олжабай, Қадишаға азаттық әпереді. Екеуін қосып, Абыралыға аман-есен жөнелтеді.

Мұқыр сайлауының дәл алдында болған осы билік Абайға қыз төркіні жуантаяқты, қыздың қайны Есболатты өкпелі, араз етеді. Оразбай тобына жалған намыс жоқтаған, қалың шоғыр тың руларды қосады. Ол Оразбайды бұрынғыдан да қыздыра түседі. Алыстағы Мұқыр сайлауына омыраулап араласып, асыға қимылдап, пәле шақырып жүреді.

Сонымен, сайлау жақындаған соң Мұқыр болысындағы Абайдың тілектестері: «Сайлауға өзің келмесең болмайды, Оразбай келіп, сүйген адамын болыстыққа сайлап алып, басымызға пәле жаудырады» деп, Абайды еріксіз барғызады.

Екі жақ та осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген. Шынында көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде дендеп тұрады. Қарсы жағында бұрынғы барлық Қоңыр Көкшеден жалғыз ғана аз ру көкше қалады. Одан басқа мырза-жәкең деген ел және бұрын Шыңғыстан Құнанбай балаларынан қашып, осында шыққан жігітек, бөкенші — барлығы да Оразбай ниетінде болады. Осы сайлауға шейін Мұқырдың болысы боп келген Әбен де Оразбайдың досы. Ол қыңыр, надан және өзі ожар, сотқар адам. Бұлардан басқа Шыңғыстың өз ішінен және тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайға астыртын тілеулес боп алған адамдар бар-ды. Соның бірі — Абайдың ағасы Тәңірберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай сыртына шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Мұқырға ояз келіп сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанды. Ол жолшыбай Тәңірбердінің аулына қонып отырып: «Абай бұл тоңқа бармасын, барса бүлік болады» дейді.

Абай бұның алдында үйде тыныш отырып ақындық, ұстаздық еңбек етіп жатқанда, Оразбай, Жиреншелер және жігітек, бөкеншіден — Бейсембі, Күнтулар, жәкеңнен — Әбендер тыным алмай пәле қоздырып жүрген. Осы топтың анық бүлік, жанжал басы екеніне солардың сырмінезін жақсы білетін Асылбектің дәл сол орайда айтқан бір сөзі айғақ.

Сүйіндік баласы Асылбек ру жігі бойынша Күнтулармен бірге болса да, кесір іске бармайтын адал адам болған. Абайға өз басы дос. Үйде жатқан момын жан екен. Соған бір күн Жиренше кеп амандасқанда:

— Аманбысың, байғызым,— дейді де, тастың арасында тек жатып, түбін ойлап жатырсың ғой,— дейді. Асылбек соған орай:

— Аманбысың, бәбісегім. Бәбісек көкекше әр қидың түбінен барып бір «пыс» деп, исі олжайды түртіп тұрғызып жүрсің ғой!— деп мысқылдайды. Тағы бір орайда Жиренше мінезін жақтырмай әжуалап:

— Қосаяқ қой бұл. Күнібойы тек жатып, кеш батқан апақ-сапақта екі аяқтап, шаңдатып жортады!— дейді.

Бұл айтқаны, Жиреншелердей тынымсыздардың елді пәлеге айдап, сол Мұқыр сайлауындай тартысқа әзірлеп жүрген сұмдықтарын танытады. Олар, бір жақтан бейбіт елді бөріктіріп «жау жетті» деп жүріп, екіншіден өз араларын да нықтап шүйлей береді. Сол күндерде Оразбай өз алдына әлденеше тәсіл-айланың, қастық жаулықтың жолын атап, белгілеп ап, осының байлауын енді «Жер табанға берейік» дейді екен. «Жер табан» деп ат қойғаны сол кездегі жігітектің қайсар, қыңыр биі Бейсембі. Өздері түртпек салып жүрсе де, араздық туын жігітекке ұстатпақ. Соларды найза басы етіп, алдына салып алмақ. Сол үшін жігітектің «жер табан», таймас, қайсар Бейсембісі топтың байлауын өз аузынан бекітсін дейді. Мұқыр сайлауында болатын оқиғаның бұ да астар жағы, әзірлігі.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады. Оразбайға Әбен: «Елді алатынбіз. Бірақ Абай келді. Енді тағы алып кетеді»,— дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жиылып тұрғанын көреді. Өзінің жаулық ниеті іске асатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен, қол қимылын істеп жіберуді Әбен мен жігітектерге тапсырады.

Айтқанындай, Абай келген кезде Әбеннің өзі бастаған бір топ кісі Абайдың үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Қәкітайды да сабайды. Бұл Абайдың үстіне өзі жығылып, таяқты өз басына алады. Бір кез Қәкітай оязға жетеді. Ояздар мылтық атып барып, арашалап алады.

Бұл оқиға ел ішін астан-кестен етеді. Елдің Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, Оразбайды ұстап алып, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әр түрлі ірі жаулықтың жолдарын айтысады. Бірақ, Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл сол күні Оразбайдың Тәңірберді ауылына тілдесуге жіберген жансызы сезіліп қалады.

Абай соны білген жерде: «Менің жауым бауырымда отыр ғой, бүйткен елде қайтіп тұрам, кетем!»— деп атына мініп, қасына бір ғана жігітті ала, күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа: «Бұл елде тұрмаймын, жоғаламын»,— дейді. Бірақ қуғыншылар шылбырына оралып, атын жетелеп, қайта әкеледі.

Барлық осы әлектің терең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл қастық — ескішіл, қараңғы феодалдардың Абайға тап жауы екендігін, сондай қоғамдық тартыс жөнінен өштігін көрсетеді. Олар үшін Абайдың өсиеті, әр өлеңі, жаңа жарық дүниені іздеуі жат, жаңалық болып көрінетін. Жуандардың шірік ортасы намысқа дақ салғанда, өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді.

Осы іс үстінде сол ру басылар ортасының іштей шіри бастағанын, Абай жалғыз Тәңірберді емес, көп жерден көреді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраты кеміп, таршылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске он есе артық істеп, жаза мен қарсылық көрсету 1897 жылда да қолынан келуші еді. Абайды Оразбайдың сабағанын естігенде, тобықтының өз іші емес, алыс-жақын көп қазақ күйзеледі де, намысы қозады. Абай үшін ең алдымен керей, найман жоқшы боп шығады. Егер күшпен, елмен Оразбайды жазалаймын десе, қалың қазақ Абайдың жасағынан табылатыны даусыз еді.

Оразбай жөнінде тағы осындай бір іс 1898 жылдың жазында болған. Тоғалақ руынан шыққан Ержігіттің Бейсембайы деген жас жігіт Оразбай айтқан бір бұйрық-

ты орындамайды. Соған ашуы келген Оразбай кәр қылып, қорламақ боп, көр қаздырып, Бейсембайды тірідей көмдіреді де, өлімші ғып жазалап, зорға босатады.

Сол ісіне ызасы келген жай шаруаның көп елі бірігіп ап, Бейсембайдың намысын жоқтап, аттанып барып Оразбайдың ауылын талтүсте шауып, желісін кескілеп, үш мың жылқысына тиіп алады. Елдің осы ашуында Абай кегі де жоқ емес еді. Абай тілесе, бұл жолы Оразбай қайтып тұра алмастай соққы көрер еді. Бірақ Абай ел жуандарынша жаулық қумайды. Сол тұстағы барлық басқа ісі мен мінезі де, осы айтқан сөзді дәлелдейді.

1899 жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және сол жылғы жанжалдың кіндік енесі болған жігітек, жер-қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Абай бұрын Құнанбайлармен араз болған ағайынның бар адамдарын шақырып алып:

«Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды. Бұрынғы араздық кекті тастайық»,— деп жігітек елімен татуласады.

Абай жуандардың ісін ұлыққа да шақпаған. Заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тиылмағына өмірден суынып, қажи бастағаны да себеп болған. «Алды үміт, арты өкініш» өмірден енді шын түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды ку өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?!—

дейді.

Бірақ Абайдың өз басы осы күйде болғанымен 1897 жыл әлегінің арты тобықты ішінде із-тозсыз өшіп қалды, партия, пәле, алыс-жұлыс тыйылды деп ойлау керек емес. Ру басы, атқамінер атаулыға ол ауа мен су сияқты тыныс, қорек ететін азығы. Сондықтан, Абайдың өз балаінілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Бар күштерін ел кегін алуға салады. Баяғы әдіс-тартыс қайта қолданылады. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан біліпеді. Биді молайтып, басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік

жазаларымен орындайды. Абайдың намысын, ісін қуған жақындары ендігі барды осы шербешнайларға салады. Екі жақ бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады.

Бұл тартыс-таластардың тұсында жандарал, ояз кеңселері де, әсіресе, жасырын тыңшы полиция кеңселері де тек отырып қалмайды. Тегінде патшалыққа қарсы болған төңкерісшіл топтармен іштей достық, байланыс жасаған Абайға патшалықтың ресми орындары, кертартпа ұлықтары көптен қадала қарап жүрген-ді.

Жылдан жыл асқан сайын қазақ сахарасына өлеңөсиет үгіті тарап, қалың елге, әсіресе еңбек еліне қадірі артып бара жатқан Абай, патшалықтың болыс ұлықтарын шенеп жерлеуші Абай жәйлі кісі, жақсы кісі боп саналмайтын. Сондықтан оның ел ортасындағы әсерін әлсіретіп, қанатын қырқатын дүлей күш қазақтың өз ішінен табылса, оны жандарал кеңселері әлдеқашан құптап, қостаушы болуға әзір жүретін. Оразбайларға астыртын дем беріп отыратын өздерінің де арам саясаты бар-ды. Елден Абайды жамандап түскен арыз болса, оны ерекше ықыласпен тыңдайтын. Сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Осындай арыз-шағымның бірін сылтау, себеп етіп 1903 жылы қырдағы Абай аулына жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кісілерінің бастығы полицмейстер өзі бастап, бір топ жандармдармен кеп, қатты тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға іліктіру еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ, даңқынан, қадірінен жасқанып, батыл әрекет істей алмай кетеді.

Сол жылы Абайды астыртын көрсетіп отырған — тағы да бүлік, бұзық ру басылары, сатымсақ болыстар. Абайдың барлық өмір бойында халқына деген қасиетті еңбегіне өш болған қараңғы кертартпа, қанаушы топ.

Абайдың «ел мінезі» деп ру басылар мінезін алып, қатты ызамен, сын сатирамен жырлауы осы халдерден туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы, әсіресе, сол 1897 жылдарда және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады.

Абай енді жылдан жыл өткен сайын өмірден қажып, шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске ала отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілік ұмытылмайтын «Өлсем орным қара жерді» жазады.

1896 жылы өзінің бұдан бұрын жазған өлеңдерін «жинасын» деген. Бізге қаншалық ғажап көрінсе де осы 1896 жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір оймен қозғалып отырғанда қолына қағаз, қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен.

Соны қасында отырып балалары, інілері я жәй адамдар болса да, қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан біреуден-біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып, домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолынан жазылған қолжазбасының бір де бірі де жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттерінің қалтасында, қойны-қонышында жүріп, жоғалып кеткен. Осы ретіне қарағанда, «Абайдың беріде жазған талай өлеңі де ешкімге мәлімсіз болып, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен?»— деген күдік туады.

Өйткені жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің оғаш мінезін көргенде, ылғи қалжың, әжуа, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, ағайын-туысқандарын мысқыл етіп, солардың мін-мінезін күлкі ғып, әйгілеп айтады. Кейде қалжың ғып жазып, өз қолдарына да береді. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Сонан соң, кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып-жалпайып сұрап алып та, көзінше жыртып тастайтын болған. Мысалы, Көкпайға, қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, дос-жар таныстарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары, «ана адамдар өкпелер» деп, жасырып жоғалтып жіберетіні де бар. Еске алатын бір нәрсе, Абай кісі мінеп айтып, өлең шығарғыш болған да, сол құралды ешуақытта нағыз жауына жұмсамаған. Өлеңімен мысқыл қылатыны ылғи жақынан шыққан адамдар болады. Ал бұлардың Абай сөзін жоқ қып жіберуі өзгеден сонағұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

1890 жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң Абай өлеңді аз жазса да «қара сөзбен» айта-

тың өсиетті көп жазады. «Ғақлия» деген өсиеттері сол 1890 жыл мен 1898 жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдердің сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар.

Қалай да соңғы 10—15 жыл ішінде Абай осы сияқты жаңа жанрды тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Бұл кездерде Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған ел оқушылары «қара сөздер» шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болады.

Қайта берірек келгенде ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен қара сөзді тілейтін. Соған көп ынтығатын.

Тегі «қара сөздер» кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, сонда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты. Бұл ретте Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына мезгілімен тізіліп, жазылып, елге тарап отыруына көп еңбек еткен адамдар бар. Ол кіріспе бөлімде айтылған Кішкене молда, Махмуд, Самарбай, сонан соң, әсіресе, Мүрсейіт. Баспаға шыққанынша жыл бойы әлденеше рет Абай жинағын көшіріп отырып, Мүрсейіт бір кітапты бір қойға сатушы еді.

Өз өлеңдерін 1896 жылға шейін жиғысы келмегені — Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздері өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен Абай жалғыз Марабай мен Шөжені ғана «нағыз ақын» дейді екен. Бірақ Абай Махамбет сияқты ірі ақындарды ести алмаған. Абай өз сөздерін қатаң сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген.

Кешірімсіз қатты сын жасап отырады. Олардың сөздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкпай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын нек, сары ала қыз»,
Қәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз...

дейді.

Алғашқы жолдағы «Әзірет Әлі, айдаһарды» Көкпайға арнаған. Оның діншіл қисса сарынымен жазған бір өлеңін жақтырмай айтқаны. «Алтын иек, сары ала қызды» Әріп ақынның «Зияда» деген қиссасына арнаған. Әріп қыз көркін айтқанда:

Ақ тамақ алтын иек, мойындары,
Ұжмақ, жұпар исі қойындары.
Бағдат, Мысыр қызығы ұқсамайды,
Бұлардың сауық қылған ойындары,—

деген.

Сұлу қызды сипаттаймын деп «иегі алтын, көзі гәуһар» деп, түсіне қарамай, асыл тастарды санай береді. Соған айтқан.

Абайдың сын сөздері ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе, Әріп қатты намыс қылып, кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып, «Біржан — Сараның» айтысына өз жанынан Абайды жамандау сияқты көп сөздер қосқан деседі.

Осы айтылған мысалдар ақын боламын деген жастардың шығармаларына Абайдың үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға сөздерді жеткізетін — жалғыз жазу ғана емес, қайта көбінесе домбырашы, әнші жігіттер. Осы жағынан қарағанда Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жаттаушылары хат білетін, арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел болады. Фольклор мен жазба-баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші-ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері, Абай әндері болған.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді, осымен қатар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар, композиторлық еңбегін де атау керек.

Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй,—

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі халді ойлап, толғанып кеп:

Есіткендей болады,
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды,—

деген жолдары бұның өз еңбектерінің терең тамырлары сол қазақтың өткен өнер, мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу мағыналы жырларын арнайды. Ол музыканың ақын болып қосқан үні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та атсалысады. Абайдан қалған 16—17 ән бар. Бұлардың көбі — өзі жазған жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, «Сегіз аяқ», «Сен мені нетесін», «Қор болды жаным» сияқты алты, жеті, сегіз жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды- сіңімді ету үшін қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі жаңа, түрлі өлеңдерін өте даңқты қып, көпшілік ән қып әкетеді. Сол тәрізді Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау өлеңдер арқылы аса түсінікті, әсерлі және даңқты етіп жібереді. 1890 жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары қазақ сахарасында халықтың өзі тудырған жырлардағы адамдардың атындай белгілі, сүйікті аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де ақыпдық еңбегі сияқты өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын пайдалана отырып «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп өзінше жаңа түрлі өлеңдер шығарады. Бұрынғы әнді өзі бұрынғы әдебиеттен сонағұрлым артық бағаласа да, ендігі өз әнін жақсы-жаман болса да жаңаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне ұқсаған қоңыр баяу әндер туғызады. Орыс пен Европаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әніпіц жаңа бір стиль-

мен дами бастаганын байқатарлық әндер болады. Бұл да — өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, жиыны 1886 жыл мен 1897 жылдар арасында шықты деседі. Өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де жарыса шығып отыратын сияқты.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, Абай 1899 жылы өлеңді недәуір жазады да, осы жылдан соң алғашқы жаза бастаған 1880 жылдары сияқты, өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4—8, әйтпесе 2—3 өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көретіні — Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт аурудан төсек тартып, жатып қалады.

Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне ерекше мінезді кісі болған. Қасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып Европа тәрбиесін алған адамдардай ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халінде болған. Бұ да әкесі сияқтанып, қырда отырып, көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған адам еді.

Ел жұмысына кіріссе, әкесінің міндетін өз мойнына алатын. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, 1904 жылы жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Өз сынынша: ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналған. Соның барлығының үстіне Мағауия өлгеннен соң Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да ,отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын емшіге көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, Мағауияның

өлімінен кейін қырық күн отырып, 23 июньде 1904 жылы, алпыс жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда өз қыстауының жанына қойылады.

* * *

Абайдың өмірбаяны зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ, бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық баспасының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді. Осы зерттеуде де ақынның өмірбаяны бұрынғы жазылғандардан бірталай өзгертіліп, тың редакциядан өтті. Абай өмірі туралы бұдан былай да ел аузынан жиналатын естегілер, жалпы әңгімелер жамала беруге тиіс. Сонымен қатар, ерекше бір көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне, әсіресе салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі орыс тілінде сақталған деректер туралы.

Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының — Михаэлистердің не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық. Бір табылған аз сөз — Кеннанның «Сібір және айдау жазасы» деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек. Онан соң, Семей архивінен табылған тергеу ісі бар.

Анығында Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен әлі де көп жаңалық табуға болатын тәрізді. Орыс достарының өзара хаттары, естеліктері, күнделік жазбалары да Абай жөнінен қымбат, қызық жаңалықтар айтса керек.

Осымен бірге тағы бір ескеретін нәрсе, бұл күнге шейін Абайдың өмірбаянын жазғанда, барлық әңгіме, дерек тобықтының ішінен және әсіресе Абайға анық жақын болған туыстан, достан алынып келген. Тек, осы соңғы жылда ғана керей, уақ, найман елдерінің азды-көпті әңгімелері енді ғана кіріп отыр. Бұдан былай сол сыбайлас елдердің Абайды өз көзімен көріп әңгімелескен адамдарынан қалған ертегі, аңыз емес, нақтылы деректері, жаңалықтары болса, соларды көп қосу қажет.

Бұның бәрінің үстіне Абайдың өзі туып-өскен елдің ішінен Абайдың үлкенді-кішілі істері, сөздері, мінез-машықтары туралы айтылатын қосымша әңгіме, естегілер теріліп жазылып, тізіле беру керек. Осындай неше саладан сарқылып келерлік жаңалықтар әлі де бар, мол деп сенгендіктен, біз әлі ақынның өмірбаяны үстей береді, өсе береді дейміз.

Абайдың жайына соңғы жылдарда қосылған өмірбаянының жаңағы соңғы түріне кірген ірі деректерден басқа бірталай ұсақ, бірақ аса қажет, елеулі әңгімелер бар. Олар Абайды әр жағынан мінездейтін бағалы деректер. Осы жолғы өмірбаянын, соның біразын айтумен аяқтаймыз.

Бұл әңгімелердің көбі 1935 жылдан бері қарай, әсіресе соңғы жылдарда «Абай» ауданындағы, немесе жалпы Семей облысындағы колхозшы еркек, әйелдердің аузынан жазылып алынған.

Мұнда Абайдың жас жігіт кезінің әңгімелерінен бастап, өлер шағына шейінгі жайлары араласа жүреді. Әңгімелер ақын Абай, әзілқой, мысқылшыл Абай жайын айтады. Өнер мен өнерпазды аңшылықты, ас пен тойды, ат қосуды сүйетін Абайды суреттейді. Және аса бір бағалы естегілер кедей көршіге, жалпы еңбек иесі бұқараға берік дос болған Абайды танытады. Балаға, келін, жасқа тәлім айтып, ұстаздық ағалық етіп отырған ақынды кейіптейді.

Сондай әңгімелердің бір алуаны Абайдың қалжынды қадірлегенін көрсетеді. Қалжың, әзілді Абай өлеңімен де, қара сөзбен де айтып, айтысып отырады екен. Абай Көкшеге жас жігіт кезінде бір рет болыс болады. Сонда бір күні Бәйкөкше ақын Абай отырған үйге кіре бергенде, Абай қарсы алдынан өлең бастап:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бақ көп бітеді,—

дей салып, «ал осының аяғын отырғанша айтып жіберші» дегенде, Бәйкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді,—

деп қалжыңдаған.

Өлең, қалжың Абайда аса көп болған. Ұлы сөзде өрелгі жоқ болса, зіл де жоқ. Жалпы айтыстың еркіндігі

бойынша «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, екшесе берген.

Абайдың Ақылбай деген баласынан туған немере қызының күйеуі келіп жатады. Сол кезде күйеуді ертіп келген құда шал отырғанда Абай өлең бастап:

Есіктің алды тастақ та
Тастақтың алды баспақ та,—

дей бергенде, жаңағы құда шал:

Атасы басқа жау жеңге,
Күйеу қасына тастап та...

деп ойын-сауық өлеңінің ізіне салып жіберген.

Абай кейде әзіл сөзді қара сөздей қолма-қол айтып салып, қайта есіне алмай қалдырып кете берген. Осындай бір қалжыңды Ағыбай деген туралы айтады. Біреу кеп: «Ағыбай тағы алдап, сырт беріп кетті» дегенде:

Адам деп есеп қылма Ағыбайды,
Анттан қорқып құдайды танымайды.
Сабын жаққан терідей жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, бір орыннан табылмайды,—

дейді.

Кейде Абай оқыс бір сұраумен ел кісілерін сынайды. Шақантайдың Төлтай, Ошыбай деген кісілері келгенде, Абай: «Қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті?» деп сұрайды.

Соған Ошыбай: «Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан тәтті бар дейсіз бе?» деп бастағанда, Төлтай Ошыбайдың құрдасы екен: «Ой, ит, оттама. Қатты дегені — жоқшылық, тәтті дегені — жас емес пе!»— депті. Абай күліп: «Жарайсың, Төлтайым. Құдай ақымақты да, ақылдыны да Шақантайға берген екен!»— дейді.

Қалжыңды Абай билік үстінде де қолданып, мылжың даугерді мысқыл-әжуа етеді екен. Мамай Қарабас руынан шыққан Тоқа деген кісі өзінің бір туысынан құнан даулап Абайға келеді. Екі жағы бір-бір рет айтқаннан кейін Абай жауапкерге: «Мына Тоқаның құнанын бер!»— дейді. Бірақ, Тоқа дауқұмар, мұндай тез билікке айызы қанбай: «Абай, сөзімді екіндіге шейін тыңдашы!— дейді. Абай қозғалмай, үндемей тыңдап, тыңдап алып, енді жауапкерге: «Сен енді құнаныңды берме!»— дейді. Сонда Тоқа: «Е, бұның не?» дегенде: «Сен құнаныңды бағана алып ең, өзің дауға саттың» деп, мылжың даукесті жазалайды.

Абайдың ел ішінде өзіне тартып, дос тұтып, серік етіп жүретіндері неше алуан өнерпаздар болған. Қавказ адамы, айдаудан қашқан бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып, әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді үйреттіреді. Сонда Абай нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып, үлгі таратады.

Өнер иесінің ішінде құсбегі, аңшы, мерген, ат баптылы болса, бәрі Абайдың сыйлас адамдары болған. Жасынан Тұрғамбай құсбегі, Бәшей мерген, өз інісі Шәке сияқты кісілерді ертіп, «салбурынға» (бүркіт аңшылығына қостап бару сапары) көп шығып жүрген.

Ал, ән-күй өнерпаздарынан жасында Біржанды сақтап, қонақ еткеніндей, бертінде Мұқаны, Әсетті, Әлмағамбетті сақтап және өзінің барлық балаларын ән-күй өнеріне көп баулыған. Өз әйелі Әйгерімнің әншілігін өсірмек боп, Біржаннан жаз бойы ән үйретеді. Кейін Тәкежанның Мақұлбай деген баласы өлгенде Әйгерімге жоқтау өлеңді өзі шығарып беріп, жаздай жақсы әуенмен жоқтау айтқызады.

Белгілі әнші-күйші емес, жәй орташа айтушыларға да халық жырларын, немесе өз тұсындағы ақындар жазған дастандарды жырлатып отырады.

Топай Бейсембай деген ақынға «Қозы Көрпешті» Жанақ үлгісімен жырла деп тапсырады. Бірақ бар өлеңін бір қалыпты әуенмен айту жол емес деп, Қарабай, Кодар, Тазша, Сақау қатын, Баян, Қозы — барлығына кей сөздерін өз әуенімен айтқызатын болады.

Халықтың қайрат-өнер спортын да Абай қатты қызықтаған. Өз тұсында болған ірі астардың барлығына ол барып отырады. Бәйгесіне ат қосып, күресіне балуан түсіріп, үнемі зор қызық етіп тамашалайды. Абайдың жолдасы, серігі боп кеткен Құдабай, Нұрмағамбет сияқты «түйе балуандар» болған. Өз тұсындағы «Бозамбай асы», «Торайғыр асы», «Мұрын Бұланның асы» деген сияқты талай асқа нелер жүйрік бәйгелерді апарып қосып жүреді.

«Кедей құла», «Айдапкелдің ақтабаны», «Ақбас ат» деген сияқты ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп сатып алып, біреуден базыналықпен сұрап алып, сол арада өзінен сұрап келген сыйлас адамдарына бере салып, ризалап жүрген. Бәйге ат, қыран құс, алғыр ит сияқты көп қызығы болатын асылдардың бір-ақ кісінің қолында болмай, әр ортаның қызықтауында жүргенін мақұл көреді.

Осындай естегілер қатарында Абайдың ауылына малшы, жалшы, қонсы-көрші болған әйел-еркектің, жас-кәрінің әңгімелері де аса бір қымбатты дерек боп отыр.

Еңбек сүйген адамды Абай зор бағалаған. Өз ауылына көрші, малшы болған сондай еңбекшіл адамның талайын Абай байытып шығаруға тырысады. Оспан үйіне малшы боп, артынан Абайдың қарамағында болған Жетібай, Қөтібай деген екі кедейді кейін ауқатты ауыл етеді.

Абай аулынан Байсүгір, Дарқан, жаңағы Жетібайлар сияқты талай жандар малданып, әлденіп көшкен. Кейбір пысық, мықты жігіттер кедейліктен ұрлыққа салынып кеткенде, ұрлығынды қой деп серт, уәде алып, «енді саған ерген кедейлік итті мен көрейін» деп, алдына аз жылда мал салып, тоқ, ауқатты үй етіп жіберген. Тіпті бұрынғы жау жігітек ішінен де сондай еткен, жақсы көрген адамдары болған.

Кейін барлық бала-шағасымен Абайдың шын берік досы болып қалған Қорамжан сондай адам еді. Мұсабек деген жігітек ұрысының адам болуына да Абай көп көмек еткен. Қорамжанның баласы Қатпа әуелі малшы болып жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет-бауыр жақыны, дос інісі боп кетеді.

Осы Қорамжан, Қатпалардың Абай қолына жаңа көшіп кеп, кедей боп жүрген кезінде бұрын кеп байып алған Жетібай Қатпаны боқтап қорлайды. Абай Жетібайдың кедейліктен шығып ап, енді кешегі өзіндей кедейді ренжіткеніне қатты ашуланып, бір-ақ күннің ішінде қасынан көшіріп жібереді, бірақ жер беріп, қыстау беріп көшіреді.

Кейін Қорамжан білікті, беделді кісі боп, өзінің жігітегі ішіне Абай ырзалығымен қайта көшкенде, 15 бие байлаған желісі бар, көп мал несі боп көшеді. Осындай бұрын ұры болғанның талайын Абай кісі етеді. Әрине кісі болғысы келгеннің негізі бұзық емесін танып, соны кісі етеді. Болмаса жалпы ұры дегенге Абай аса қатал, қатты болған. Сондықтан да бір ұрының өлеңінде:

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Кедей менен найманды торытқаным-ай.
Қазы менен картаны кертіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай!—

дейтін сөздер бар.

Тегінде, Абай жас шағында бір-ақ рет болыс болған. Мынау орайда болған емес, бұнда Абайдың айтқанын істейтін біреу болыс болғандығын айту керек.

Ұрлық, сотқарлықтың себебі боп, көп уақытқа көп жігіттің басында кедейлік ызғары жүргенін Абай жақсы біледі. Кедейліктің ауыр бейнеті ұры емес, момын көпшіліктің бәрін де езіп жүргенін терең түсініп, Абай өлең, өсиетінде сол қазақ кедейінің жайын көп толғайды. Ырысты еңбек жайын сол кедейге құтқарушы, көмекші есебінде көп үгіттеп, көп ұсынады. Адал еңбек иесі адамнан артық ол сахарада Абай сүйген адам болмаған. Көп өлендері мен қара сөз толғауларында кедейдің үнемі жоқтаушысы болған.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып...
...Қара кидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы,—

деген Абай, еңбек иесі кедейге жақын дос, қамқор боп кеп, оның еңбегін қанайтын байды «қара қиына» шейін сатып беретін құлқыны жаман, арсыз қанаушы етіп жерлейді.

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей,—

деген сияқты толып жатқан өлендері халық ішіне Абайдың ең жақыны — еңбек адамы, еңбек қауымы екенін айқын көрсетеді. Бір күнгі мәжілісте кедей баласын мінеген тоқ мырзаның сөзін естіп отырып: «Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген дейді. Аз ішсе, негізі тойған дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған дейді. Аз ішсе, шілдесінде шық көрмеген дейді. Осы кедей баласының кінәдан құтылары бар ма?!»— деген.

Кедейдің момыны, адалы көмек тілеп келген кезде Абай жәрдем етпей қалған емес. Баласы мініп жүрген атты алып беру, өзі жеккелі отырған семіз аты құла айғырды бір шалға бере салу сияқты істері толып жатады.

Осы тәрізді естегілердің соңында Абайдың күндегі тіршілікте балаға, келінге, үй ішіне істейтін достық, аталық, кішіпейілділік мінез-әдеттерінің кейбірін айтуға болады.

Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған іниге Абай істейтін ұстаздық бір алуан. Олардан ақын, білгір,

оқымысты адамдар, ел қайраткері сияқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдармен достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық мінезді үлкен емес, мектеп жасындағы балаларға да көп істеген. Абайдың қолында, ауылында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, көп келіндер де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиеттеріне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы көршілерге де ертек, аңыздар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау аса көп болған. Абай үйі бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта, неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып Абайдың досы Баймағамбеттей ертекшілер ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан әңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан.

Сондайлық тәрбие, үлгі-өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсилә, Әсия, Рахила сияқты оқымысты, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар алдында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп Абайдың өлең жинағын әкететін болған.

Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен ата-ананы Абай үнемі мінеп отырған. «Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. О да ашуланады» дейді.

Келін, күйеу туралы да Абай көзқарасы жұрттан басқа, кендік, еркін теңдік қалпында ұстауға тырысады. Өз қолында соңғы жылдарда болып, Абайды өзі күткен Кәмәлия (Кәмәш) деген келініне алғаш түскен күннен бастап бетін ашып жүруді шарт етеді. Бар жайдан ұялмай, ашық сөйлесіп отыруды тілейді. Сол келініне Абай өзі өлерден бұрын ауырмай тұрып: «Мен биыл өледі екем» деп, ішкі өзі түйген ауыр сырын ең алдымен айтады.

Осындай жас атаулының бәріне көнтерлі кең, досжарға, көпке мәжілісі ортақ ұстаз болғандықтан Абай маңынан елдің талапкер, өнерлі, саналы жасының бәрі арылмаған. Үнемі айналасын, ауылын, үйін қоршап, Абай тәрбиесін кең алып, мейлінше қызықтап жүрген.

Сол себепті шет елдің бір үлкен адамдары Абайға келгенде, жаңағы жастар тағы Абай қасынан шықпай отырғанда, қонақтың бірі:

— Жастар, сендерге бақ берген. Ол бақ күнде ортада, қолында — бәріне неше алуан ұстаздық, үлгі, өнер

үйретіп отырған Абай! Жылында Абайды бір-ақ көретін бізді айтсайшы!— дейді.

Шынында, Абай малшы, көршіден бастап, солардың баласынан, жасынан бастап, айналасындағы барлық ес-тияр жанның, үлкенді-кішілі қауымның, жұрттың бәріне бойында барын түгел, үнемі үлеске салып отырған. Сол арқылы өзі тіршілік еткен ортасына тағы да мол сәуле төгіп, нәр беріп отырған Абай да ақын Абайдың өнегелі сыр-сипатын танытушы еді.

Абайдың жас шағындағы шығармалары

Ақын Абайдың шығармаларын барлық түгел бойында тексеріп, зерттеп шығудың бұл кітаптағы тәртібі (системасы) бүгінге шейін Абайды тану ретінде жазылған тексеру, сындардан әдіс жағында басқарақ болады. Ол басқашалық — орыс классиктерін тексеретін әдебиет тарихы ғылымының әдісіне байланысты.

Горький, Маяковский сияқты советтік социалистік әдебиеттің үлкен жазушыларын барлық жазушылық, ақындық жолымен түгел зерттеуде, біздің социалистік әдебиет тарихымыз қолданатын система, әдіс те сол бұрынғы орыс классиктерін зерттеудегі рет, тәртіп бойынша құрылады.

Нақтылап айтқанда, бұл әдістің өзгешелігі, ақын шығармаларын жазылған жылдары бойынша топтайды. Абайдың толық жинақтарын хронологиялық ретімен бастырғанымыз сияқты ақындық жолын да ең алғашқы өлендерінен бастап, жылма-жыл өсіп, даму ретімен тексеретін боламыз. Жылы аталған өлендердің алғашқы топтарынан бастап, ақын өмірінің соңғы жылдарында туған шығармаларына қарай ауысамыз. Ақындық эволюциясын, жазушылық жолын біртіндеп, кезегімен тексереміз.

Әрине бұл қатардан оқшауырақ тұратын, жылдары белгісіз бірнеше өлендер бар. Ол топтың жайындағы сөз қосымша ретінде кейін қосылатын болады. Жеке жанрлық өзгешелігі бар шығармаларды да бөлек-бөлек тексереміз.

Абайдан қалған ақындық мұраның молы — ұсақ үлгідегі қысқа формалы өлендер болғандықтан, жаңағы айтылған тексеру, зерттеу әдісін әуелі осы лирика түрлеріне айрықша қолданып өтеміз. Бұл шығармалардан жанры

басқа болғандықтан, Абайдың поэмаларын, аудармаларын және қара сөздерін бөлек-бөлек қарастырамыз.

Сонымен, Абайдың шығармаларын бұл кітап көлемінде тексеру мынадай бөлімдерге жіктелетін болды:

1. Абайдың жас шағындағы өлеңдері.
2. Абайдың лирикасы.
3. Абайдың поэмалары.
4. Абайдың аудармалары.
5. Абайдың қара сөздері.

Енді Абайдың жас шағындағы шығармаларын талдауға кіріспес бұрын бұл уақытқа шейін қазақ тілінде болған, әдебиеттік-тарихтық зерттеу, тексерулердің кейбір әдіс ерекшеліктерін атап өту керек.

Бұрынғы зерттеушілердің бір алуаны ақын шығармаларының мазмұны мен идеясынан туатын және зерттеушілердің өздері нақтылап алған ғылымдық мақсатынан туатын арнаулы, шартты түрдегі тақырыптық топтаулар жасайтын. Бұл тексерулер Абай шығармаларының қай жылдарда туғандарына қарамайды. Тақырып жағы мен идеялық өзгешеліктерге қарай өздеріне керек шығармаларды бөліп, ойып-ойып алып талдайды.

Сонда, Абайдың эстетикалық көзқарасы, педагогикалық ойлары, философиялық көзқарасы, қоғамдық, тарихтық идеялары деген сияқты немесе Абайдың орыс классиктерімен жалғасы, кейде Абай ақындығының түрлері Абайдың тілі деген сияқты әр алуан жекеше тақырыптарға арналған зерттеулер туады.

Әрине, бұлайша арнаулы тақырыптар мен мақсаттарға ерекше көңіл бөліп, сол жайларды ғана зерттеу орынсыз, керексіз демейміз. Қөбінше зерттеушілердің нақтылап, ерекше зер салып, дәлелді етіп зерттеу шамаларына қарай, бұл сияқты арнаулы тақырыптың әрқайсысы өз көлемінде көңілге қонады, орынды боп, бағалы еңбек боп шығулары әбден мүмкін.

Бірақ солай бола тұрса да, бұндай ойдым-ойдым тақырыптарға нақтылы арналған зерттеулер ақынның мұрасы туралы толық дерек бермейді. Рас, жоғарыда аталған, ақындық ерекшелігі, тіл өзгешелігі, педагогикалық, эстетикалық, философиялық мәселелердің бәрі де Абай шығармаларынан арнаулы күйде табылып отырады.

Бірақ, осы аталған күрделі, зор мәндері бар салалардың барлығы да Абай шығармаларында жекешеленіп, екшеліп, бөлініп тұрған жоқ. Кейбір ірі өлеңдерінде неме-

се кей жылдардың туындыларында сол жайлардың барлығы да азды-көпті түрде айқын көрініп отыратыны даусыз. Сондықтан, Абай шығармаларының барлық елеулі өзгешеліктерін, қасиеттерін кеңірек қамтимын деген зерттеушілер, осы мәселелерді бір жақты іріктеу мен тексерудің әр кезеңінде, еріксіз сыңар жақтыққа ауысып кетіп отырады. Тексерудің бұл түрі де бұрынғы Абай шығармаларынан: «Ой туралы» ,«Өзі туралы», «Ақындық туралы», «Халық туралы» деген шартты түрдегі, бір жақты топтау сияқты болады.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандай ақынның жас шағынан бастап қайтыс болғанына дейін қатар ілесіп отырған ақындық жолын шоламыз. Ақын өнерінің дамуына, ойларының өсу, өрістеуіне сәйкес тексеру болады. Жоғарыда аталған ірі тақырыптардың (ақындық ерекшелігі, тіл өзгешелігі, орыс классиктерімен жалғасы, эстетикалық, педагогикалық, философиялық көзқарастары, тарихтық қоғамдық идеялары т. б.) бәрі де нақтылы шығармалардың жан-жақты өзгешеліктерін сынау, талдау ретінде үнемі қамтылып отыратын болады.

* * *

Абайдың толық жинағы 1858 жылы жазылған екі өлеңнен басталады. Біріншісі —«Йузи — рәушан», екіншісі —«Фзули, Шәмси». Бұлардан соң, 1864 жылы жазылған «Әлифби» өлеңі бар. Ақынның он үш жас пен он сегіз, он тоғыз жастар арасында тудырған шығармалары осы.

Жалғыз бұл өлеңдер емес, Абайдың сол жылдарда осы алуандас жазған басқа өлеңдері де болса керек еді. Бірақ олардан із-дерек табылған жоқ.

Мынау өлеңдер тұсында айқын байқалатын ерекшелік — шығыс ақындарының үлгісінде жазылғандықтары. Екінші өзгешелік — бұл өлеңдер жатқа, ауызша шығарылған шығармалар емес. Бұнда Абай анық жазушы ақын. Біз XIX ғасырдың басы мен орта кезінде жасаған Махамбет, Нысанбай, Мұрат сияқты ақындардың шығармаларынан ақынның өзіне тән стиль ерекшеліктерін айырып тексерсек те, «олардың қай өлеңі жазылып айтылған, қайсысы ауызша жырланған» деген сұрақтарға нақтылап, деректі жауап бере алмаймыз. Өйткені олардың жазғаны мен ауызша шығарғанының стильдік өзгешелігін айыру оңай емес.

Ал, Абайдың мына кітапшылап, араб, фарсы, ескі өзбек («шағатай» немесе «түркі» деп аталатын) тілдерден көп сөздер кіргізіп тудырған өлеңдері, тек қана жазумен туатын шығармалар екенінде дау жоқ. Әйелдің сұлулығын бейнелеген «Йузи — рәушан» деген өлеңде жас Абай анық еліктеуші ақын екендігін көрсетеді. Бұнда қыздың көзі гәуһәр, бетінің ұшы лағыл тастай қыпқызыл, тамағы қардан бетер, қасын құдіреттің, жаратушының қолы шеккен. Және өзі дүниежүзіндегі сұлулардың раһбары — көсемі, басшысы. Ал осыған бұрынғы шығыс тарихында байлығымен, патшалық әмір құдіретімен аңыз болған атақты жаңдар — патша Сүлеймен, патша Ямшид, патша Искәндәр — бәрі де ынтық болар еді. Солар бар мүліктерін салса да бұл сұлудың бағасын өтей алмас еді,— деп жырлаушы жас ақын өзінің бар, тек, төркінін танытады. Кейін Абай Көкпай мен Әріп ақынды қатты шенеп отырып:

Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз».
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».—

деп қысылғанда, өзінің жас шағында жаңағыдай өлең жазғанын ұмытып кеткен болу керек. Болмаса, көзі жарқыраған жылтыр тас, беті шиедей болған қызыл тас тәрізді сұлудың сары ала иегі бар қыздан айырмасы азақ екенін аңғару қиын емес.

Реалистік жолға орыс классиктерін терең тану арқылы ауысып алғаннан кейінгі Абай, әрине мынау үлгіде өлең жазушы, еліктеуші ақынды мазақ етпеске мүмкін емес. Ал, жаңағы өлеңде Абай шығыс ақындарының бар үлгісін түгел меңгерген. Теңеулері шектен асқан әсірелеуді көрсетеді. Өмірге, шындыққа жанаспайтын орасандық шығыс поэзиясының көп ғасырлық дағдысы еді. Абайдың еліктегені кім екенін де тану қиын емес. Осы өлеңде және бұдан кейінгі екі өлеңде де, Абай өзінше түркі тіліндегі (сол кездегі әдебиет тілі деп саналған) үлгіде жазып отыр. Бірақ, анық, сол түркі сөзі мен осы өлең қатарында келетін араб сөздері әлдеқайда көп. Өлеңнің уәзін ырғағы да, жеке сөздердің айтылуы да кітап үлгісінде «нигә», «шигә» деп қазақтың «неге», «шегеді» деген сөздерін кітапшалап, әдейі бұрмалайды. Өйткені алып отырған өлең ырғағы, ритмнің өзі арабтан пран, шағатайға жайылған «ғаруз» өлшеуінің үлгісі. Араб өлеңінің ырғағына сай мәтпен созылатын ұзақ үнді дыбыс пен қысқа

үнді дыбыстардың алма-кезектесіп отыруынан құралатын өлшеу. Бұл — қазақ сияқты елдердің тіліне, өлең құрылысына мүлде жанаспайтын ырғақ. Бірақ өздері азербайжан, өзбек, түрікпен, татар, қазақ сияқты елдерден шығып, арғы замандар мен бертін кездердегі араб, ислам мәдениетінің ықпалын көрген классик ақындардың көбі өз халықтарының тілдерін бұрмалап жазатын. Өздерінің өлең қатарларына жаңағыша араб, фарсы сөздерін көптен-көп кіргізіп, аламыш тілмен жазады. Сол үлгі Науаида, Фзулиде, тағы басқа Абай қадірлеген ескі өзбек, азербайжан, тәжік ақындарында көп кездеседі. Өзі шәкірт, өзі бала ақын Абай соларға сырттай бой ұрып, алаңсыз еліктейді.

Екінші өлеңінде:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,—

деп, сол еліктеген, өзіне үлгі еткен ақындардың аттарын да балалық шыншылдықпен тегіс атап береді. Осы орайда айта кететін тағы бір ерекше мәселе бар. Бізде бүгінге шейін Абайдың Шығыспен байланысын айтқанда, кейбір жайлар ұшқары сөйленеді. Абай мұсылманша оқығандықтан, араб пен фарсы тілін түгел білген боп суреттеледі. Кейбір зерттеушілер Абайды араб, фарсы классиктерін де түгел білген етіп қояды.

Анығында, бес-алты жыл мұсылманша оқығанмен, ол кездегі шабан оқытудың шалағай методикасын еске алғанда, Абай арабтың классик поэзиясын түгел ұғарлық дәрежеге жетті деу, асыра сөйлеу болады.

Сондықтан да Абайдың мына сапаған ақындарының ішінде арабтың атақты классиктері: Мұтәнәбби, Әбіл Ғала-Мағрилер кездеспейді. Оған тілдері түсінікті ең жақын ақындар болғандықтан Науаи, Фзули үлгісі көп әсер етеді. Жас шағында сол ақындар өздеріне үлгі еткен Фирдоуси, Сағди, Қожа Хафиз тәрізді ұлы классиктердің ескі өзбек тіліне аударылып, Абайға сол аударма арқылы таныс болуы көңілге қонымдырақ көрінеді. Бұл соңғыларды Абай білгенде, түрікшеленген аудармалардан білу керек.

Ал, олай болса, Абайдың шығыс поэзиясымен таныстығын атағанда, оның үлгі еткендері осы күнгі советтік шығыс елдеріміз: азербайжан, өзбек, тәжік сияқты елдердің ұлы классиктері деу керек.

Абайдың орыс классик поэзиясынан алған үлгісін мол бағаламақ болған дұрыс ниетті кейбір тексерушілер «Абайда шығыс поэзиясының әсері де болған» деген пікірлерге қытықтанып, шамданып қарайтыны бар. Ол дұрыс емес.

Анығында, Абай жаңағы анықталған Жақын Шығыстың кейбір үлгісін анық пайдаланған. Оған жас шағында аз ізденумен, арзан еліктеу түрінде барған болса, бері келіп, әбден қалыптанып, ұлы реалист, шебер классик, мастер болған шағында да, сирек түрде болса да, оқта-текте айналып соғып отырады. Мысалы, 1889 жылы жазылған «Қор болды жанымда», 1891 жылы жазылған «Көзімнің қарасында» ақын махаббат жайын тағы да жаңағы аталған, өзіне анық түсінікті болған, бүгінгі ұлы советтік Отанымыздың қадірлі, кәрі классиктері Науаи, Фзулише жазатыны бар. Бұл жерде біз Абайдың реалист ақын болып қалыптасқаннан кейін де сол жаңағы Жақын Шығыс поэзиясында кездесетін толып жатқан сөздіктерді, ақындық лексиканы шығыстық әдебиеттен алатынын талдаймыз.

Тек ескерте кететін нәрсе, Абайдың барлық поэзиялық мұрасында Шығыстың орны орыс классик поэзиясының орнынан әлдеқайда аз. Бірақ, жалпы алғанда, жаңағыдай анықталған Жақын Шығыс мәдениетінің әсері болғанын атамай болмайды. Ол жәй — Абайдың ақындық нәр, қор алған тектері, іздену өрісі, жалпы ойшылдық, ақындық диапазоны кең болғанын көрсетеді. Мысалы, грузиннің атақты классигі Шота Руставелидің идеялық, поэзиялық, философиялық негіз қорларын айтқанда, барлық зерттеушілер оның араб, иран мәдениетінен және орта ғасырлардағы батыстық мәдениеттен екі жақты үлгі-өнерлер алғанын жасырмайды, ашып айтады. Тіпті соны Руставелидің өз заманынан бойы озған ерекше қасиеті деп айтады. Өз тұсындағы дүниежүзілік мәдениетке бұның кең құлаш жайып, еркін пайдаланғанын мақтан етеді. Абай жөнінде, егер ол өмір бойы сол өзіне үлгі еткен Шығыс поэзиясының ескілігіне ұдайы табынып, бағынумен қалса, бұны ақынның орасан олқылығы, айыбы дер едік. Бірақ Абай ондай емес.

Жаңағы жастық жайында, бала шағында айтқан шығыс үлгісіндегі еліктеу өлендері ақын Абайдың тек қана алғашқы адымы ғана болады да қалады. Жігіттікке кіре бере, Абай ол үлгіде жазуды мазмұн жағынан да, тір

жағынан да табылған жол екен деп білмейді. Осының шындығын, тіпті, сол шығысшылап жазған өлеңінің ең үлкені «Әлифби» бәйітінің өзінен де анық аңғаруға болады.

«Әлифби» өлеңінде шығыстық ерекшеліктердің барлығын өз бойынан көрсетумен бірге, ол поэзиядан бөлегірек, оқшауырақ тұрған айқын өзгешелік те бар. Бұл ретте өзге жайларды қойып, өлеңнің соңғы екі жолын еске алсақ та болады.

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,—

деп келіп, Абай сүйікті сұлуға арналған хаттың ең соңында нақтылы тілек айтады. Онысын натуралдық түрде, тұрпайылау етіп анықтап, ашып салады. Бұндағы Абай құрбы қызға сәлем-тілек жолдап отырған көп жеңіской жігіттің бірі болады. Шығыстық шер сөздер қосып, ғашық-мағшуқ жайларын тал бойы ұйып жырлаған сияқтанып, отырып, «Әлифби» өлеңінің ақырында Абай сезім, сана жағынан жаңағы шығыстық сарыннан өз басының сау екенін танытады, сергек екенін байқатады. Ендеше, бұл бұрын қазақ жазып көрмеген өлеңдік оқшау түрді қызықтап, тамашалаған сияқты да, уақытша әуестік есебінде сол өлеңдік түрмен ғана ойнағандай болады. Кейін, аз уақыттың ішінде-ақ, өмір шындығына жақын өлеңді өз халқының анық халықтық тілімен жазып кететін Абай, мынау тұста тек аз уақыт қана өзінің көзі түскен және өзін жас шағында қызықтырған, таңдандырған үлгіге аз бой ұрады. Мұндағы тағы бір қасиеті — Абай діншіл мистикаға берілген Яссауи, софы Аллаярдың бірде-біріне маңайламайды.

Ақындық үлгісін іздеп жүрген жас қазақ ақындары айтып келген қара өлеңнің, жырдың әр алуаны білсе де, өзі де солайша жырлауға жараса да, алғашқы кезде ел ақындарының үлгісінше өлең айтуды місе қылмайды. Бұрын қазақ құлағы сирек естіген өзгеше өлең үлгісіне қызығады. Қиын тыңды баурағысы келеді.

Дұрыстығын айту керек, Абай терең сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен шығыс ақындарының ықпалына берілмесе де, өлең құру шеберлігі, түр жаңалығы жөнінде бұл кезде де көп нәрсе табады. Сонда, әсіресе өзіне ең жақын ұстаз етіп классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді. Дастан жазған Науаи емес, ғазелдер жазған Науаиға еліктегісі келеді.

Атақты «Чар-диуан» Науаи лирикасының төртке бөлінген жинақтары еді. «Чар-диуанның» төрт бөлімі адам өмірінің, ақын тілегінің төрт кезеңіне арналған: балалық, жігіттік, орта жас, кәрілік кезеңінің көңіл сыры, мұң сезімі баяндалатын.

Абайдың жоғарыда біз атаған шығыстық өлеңдері «Чар-диуанның» жігіттік дәуірін, нәзіктік нақыстарын жырлаған үлгілеріне келеді. Науаидің барлық ғазелдері ерекше шеберлік, көркемдік мазмұн сарындардан басқа, түр жағынан толып жатқан қиын, қызық, ырғақ үлгілер көрсететін. Өлең шумақтарына қарап, жол есептері бойынша бөлінетін бір түрлері бар еді. Мысалы: ғазелдер ішінде «мүстәзәт», «мұхамәс» (бестік), «мүсәддәс (алтылық), «мүсәммән» (жетілік) деген шумақ өлшеулер болған. Екі жолдан ұйқасатын «мүснәун»; төрт жолдан құралатын «рабаят»; кейде егіз екі жолдан қосылып, ұйқасты сөздерді ойнақы етіп беретін «тұйық» өлшеуі болған және де түрі мен мазмұны бірдей жұмбақ, аса шебер құрылатын «мүәмме» үлгісі бар. Мазмұн жағынан алғанда, «сақинама» — ішкілік-сауық өлеңдері болады. Осы түрлермен қалыптанған сыршылдық өлеңдердің арнаулы сюжеті болмаса да, көпшілігі көңіл сырына, ішкі сезім ырғағына арналады.

Абай «Әлифби» өлеңінің әр жолын араб алфавитінің ретімен тізеді. Науаида да сол араб алфавитімен тізілген ғазелдер бар. Бірақ ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы ұйқасты сөздердің ең соңғы дыбысын әлифби ретімен келтіреді.

«Чар-диуанның» барлық саны қырық мың жол өлең болғанда, бұлардың орта жасқа, кәрілікке арналған бөлімдерінде, ғазелдерінде Науаидың терең толғауы, философиялық ойлары да, қысқа қайырып, шебер етіп қалыптаған ақыл-нақыл сөзі де афоризмдері де көп кездеседі.

Жас ақын Абай Науаидің осы соңғы айтқанындай, анық классиктік ұлы өрісіне бара алмаған. Ол дәрежеде ұзақ ізденіп, терең бойлап салынбаған. Тек жігіттік, жастық сезімдеріне жаңа мода болғандай тың түр ғана іздейді. Сол себепті «Әлифби» өлеңінде, жоғарыда аталып өткен Науаи ғазелдерінің кейбір сырт түрі, өрнектерін ғана көреміз.

Тегінде, анық ішкі сана-сезімге келгенде, Абай сол өзі аз дәуреп үлгі еткен шығыс классиктерінің шығармала-

рындағы ішкі мазмұндарға түгел табынған деген пікірді біз айрықша бөліп айтамыз. Өйткені, шығыстың көп классигіне ортақ болған бір жәй, махаббат сияқты сезімдерді жырлауда мистикалық элементтер де болады. Ғашықтықтың өзін құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді. Сондықтан ғазелдерде аталатын «мағшуқа» қандай отанның, пендей халықтың қандай шаһарын мекен еткен жан екенін біліп болмайды. Оған ынтығып жырлаған жырлардың ешбірінен сол сұлудың атын, тегін де, нақтылы түсінің өзін де аңғарып болмайды. Бұл жер басқан адамзат па, жоқ бір мекенсіз, нақтылы дерексіз ғажайып жаралған перизат па? Оны да айыру қиын. Ғашығына жолдаған наз, тілектер табыну сарынына айналғанда жаратқанға жалбарынып отырған сопылық, мистикалық тұманды күйрек сезімдер басымдап кететіндері болады.

Осындай құдайшылдық сарын, ғашық жайын, көңіл халін, табиғат көркін атаған теңеулердің бәрінде де көп көрініп отырады. Науан сияқты ұлы классикте бұл өзгешеліктер кемірек болғанмен, Абай көп оқыған өзге шығыстық ақындардың көбіне осы өзгешелік ерекше мол болған. Абайдың қасиеті сол — жас шағының өзінде де, еліктеуші бола тұрса да, өзінің махаббаттық арман-шерлерін, тілектерін жырлауында сопылық, бендешілік, құдайға құлшылық, мінажатшылық күй сарындарға бармайды.

Көп теңеулерде кітапшылап, әсірелеп, жырлап отырса да, жоғарыда біз айтқан «Әлифби» өлеңінің соңғы жолдарындай жердің жігіті боп шығады және арнаулы тілек пен нақтылы сәлем айтып жатқан түсінікті мақсаты бар тұмансыз жаршы болады. Болашақ реалист ақынның жақында ауысатын өрісін, әдісін аңғартқандай.

Осы жайды «Әлифби» өлеңі ғана емес, ең алғаш кітапшылап жазған «Йузи — рәушан» деген өлеңнің соңғы жолдарынан:

Мүбәдә болса, ол бір кәз,
Тамаша қылса, йузмә-йуз
Кетіп қуат, йумылып көз,
Бойың сал-сал бола нигә?—

деген сөздерінен де аңғаруға болады. Басында жер сипатты емес, хор сипатты, қолға түспес алыс сұлу, мына тұста ынтық жігітке бетпе-бет кездеседі. Сонда түсінікті

құмарлық, нақтылы тілекпен тал бойы ұйып тұрған жастың көпке мәлім күйі бар шындығымен аңғарылып тұрады. Әрине бұндағы тіл шұбарлығы — Абайдың жаргонға орынсыз қызыққан кемшілігі. Мазмұны өзіндік, мистикасыз болса да, еліктеудің арзан үлгісіне кеткендігі көрінеді.

Бұлардан соңғы Абайдың жас шағынан бізге жеткен, жылы белгісіз өлеңі «Сап, сап, көңілім». Жігіттік, жастық мінездеріне арналып айтылғанмен, Абайдың бұл өлеңі жоғарғы тексерілген жолдардың барлығынан мүлде басқаша. Ең әуелі оқушыға салғаннан айқын көрінетін өзгешелік бұл өлең таза қазақ тілінің өзімен жазылады. Мазмұны мен мағанасына қарағанда, Абайдың бұдан бұрын азды-көпті айтылып келген өлендерінің өзінше, өзгеше бір қорытындысы сияқты. Жылы белгісіз болғанмен, ақынның жиырма-жиырма бес арасында өз өмірінің осы шағына нақтылап, арнап айтқан өлеңіне ұқсайды. Бұндағы ойлар мен сезімдер, жас жігіттің өзіне де өзі құрбы тұрғыластарына да арнаған тоқтау сөзі, сын, толғау сияқты. Ең әуелі, бұл өлеңде Абай қазақ әдебиетінен бөлек үлгіге еліктеуді өзіне енді лайық көрмеген сияқты. Өз өмірінің шындығы бұл жырда аса айқын қонымдылықпен айтылады.

Ұзақ өлеңнің көркем жолдарында ел жігітінің тіршілігінен тысқары тұманды, оқшау хал де, теңеу де жоқ. Қыз аңдыған жігіттің түнде жортқан, жеңіл-жеңсік қуған әдеті өзгеге де ой түсіреді. Бұл өлеңде жасанды теңеулер жоқ. Қайта қазақтың шешен, орамды, терең, мәнді сөздерін қолданады.

Қарсақ жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасың?
Сонда тәуір бола ма,
Ұстап ап біреу сабасын!—

деген жолдарда сыншыл оймен қатар, сол кездегі қыр жігітінің басынан кешетін анық көріксіз, көңілсіз болмысын арнаулы трагедиялық қалпында береді.

Өмірдің өткел кезеңінде тұрған, ой түскен жас орынсыз деген мінездер, істер жайын көп сұрақтармен баяндайды. Тыңдаушысын ойландырып, өзіне ақыл салып айтады. Опасыз, тұрақсыз, тынымсыз жортуылдан қайту керек дегендей, тасқындаған көңілді ауыздықпен шаужайлағандай болады.

«Сап, сап, көңлім» деген сабырдың, тыйылудың сөзін үнемі қайталап отырады. Айтпақ жайын әдейілеп, көп қайталап, осы өлеңді жазудағы мақсатын, ойын ерекше нықтай түседі. Опасыз жас болмау керек, таңдап сүйген біреуі ғана бар, тең сезімге табынған жақсы жастың адамгершілік пен махаббатты қабыстырамын деген ниеті көрінеді.

Барлық осы аталған өмір, ой, сезім жайлары шындыққа бағынған. Бусанып тұрған жанды, шындығы бар жыр туады. Ақын алыстан тұмандатып орағытпайды. Айтпақ ойының сөздері де дәл табылған. Қозғайын деген пернесін дәл басады. Және өз басының тәжірибесін шығарып, өзіндік мінін сынап, шенеп отырған кісі болып, сол кездегі көп жастың халіне арнаған үлгілі сөз айтады.

Қазақ жасының Абай заманындағы махаббат жөнінде қолданатын іс, мінезі тұрпайылау, натуралдық күйде екендігін осы өлең дәл ашады. Ер мен әйел арасындағы жарастық, жақсы сезімді қасиеттей білмейтін топас тәрбиені әшкерелейді. Ендігі түсінігі бойынша махаббат, жастықты сөз қылатын ақын құр құмарлық қызығын шала-шалағай күйде жырламай, адамгершілік тәрбиесін өсіріп, асырғандай, моральдық жоғарғы дәрежеде түсініп жырласын дейді.

Абайдың жас шағындағы өлеңдерінің қорытындысы есепті болған «Сап, сап, көңлім» енді жақын шақта реалист сыншы және шыншыл ақын боп қалыптанатын Абайдың алдағы өрісін аңғартады.

Ақынның толық жинағында жылы белгісіз өлеңдер тобына қосылған «Тайға міндік» деген бір өлең бар. Мазмұнына, тақырып тегіне, сын сырына қарағанда бұл өлең де жаңағы тексерілген «Сап, сап, көңлім» атты өлеңмен бір бітімдес, екеуі де бір мезгілдің туындысы. Жиырма-жиырма бес арасындағы ой түсе бастаған сыншыл, өр талапты ақынның жастық толғауын танытады. Енді азаматтық сапа, санада өзіне жаңа өр, өріс белгілеп отырған ойшыл жас бұл кезге шейін басынан өткен балалық пен бозбалалық, жігіттік шақтарын сынай шолып өтеді. Бір өзі емес, қазақтың өзі құрбы жасының бәріне де ой сала, шіміркене жырлайды. Өлеңінде келтірген дәл деректі балалық суреттері, бозбалалық алданыш, жұбанышы, болымсыз тәрбие, шала сауаттылық, арзан әуейілік және солардың нәрсіз нәтижесіндей дайынсыз күйде үйлі-баранды өмір бастау — осының бәріне де болашақ

реалист, сыншыл жас ақын салқын оймен қатаң сынап өтеді.

...Шала оқудан
Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан?
Бағасыз жастық —
Бозбастық,
Адастық,—

деген жолдардан жоғарыда айтылған сыншыл сана айқын аңғарылады. Сонымен қатар оқу-тәрбиенің өзгеше өрісін мақсат еткен бағыт та байқалады.

Қайын бардық,
Қатын алдық,
Енші тиді аз ғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Қала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла —
Не пайда?

деген соңғы жолдарында өткен өмір жолына өкіне қараған шырғуды танытады. Бұл өкініші — өзін-өзі қамшылап, намысты талапқа бет қойған, ізденгіш жігердің өкініші. Өзі құрбы қазақ жасынан шыққан ақын-өнерпаздың Абайдан өзгесіне әлі мұндай сапалы ой оралған жоқ-ты. Абай осы соңғы екі өлеңімен жастық шағының өзінде де, соныға басқалы тұрған ақын екенін танытқанды.

Тіл, теңеуде, өмірлік нақтылы деректерін тізіп теруде ақындық тың жаңа үлгіде жолын іздей бастаған өнерпаз сезіледі. «Тайға міндік»— шумақ, ырғақ, ұйқас құрылыстарымен де өлеңге жаңаша тың түрлер енгізуді мақсат еткен талапты көрсетеді.

Бұл екі өлеңнің мазмұны мен стиль үлгісі Абайдың сол жастық шақтың өзінде де көркем шебер жырлар туғызуға жетіп қалғанын байқатады. Дәл осы өлеңнің өзіне қарап-ақ Абайдың жігіттік шағында жазған шығармалары бір бұлар ғана емес, әлденеше өлеңдер болған деп нық сенуге сыяды. Тек өз өнерін әр кезеңде әр өлеңмен сынап, барлап жүрген ақын ол кездің шығармаларына өз басы толық мейірлене алмай, ұқыптап сақтамаған сияқты. Сол себепті осы алуандас әлденеше шығармала-

ры жоғалып, ұмытылып, кейінгі шаққа жетпей қалған болу керек.

Бірақ ең алғаш қолына қалам алып жазған «Йузи — рәушаннан» бастап, осы соңғы екі өлеңге шейін жеткен Абайдың жас ақындық жолы бар екені ап-айқын сезіліп тұр. Оның басы — жеңіл, сыртқары еліктеуден басталып, соңғы кезеңі — ойы да, көркі де өсіп, пісіп қалған болашақ ойшыл, сыншыл ақынның іздену, өсу кезеңін көрсетеді. Бұл шығармаларына бойлай қарап, танып, біліп талдамай, кейінгі өскелең үлкен шығармалар беретін классик Абайды сол шығармаларынан ғана бастап тексеріп тану, жарым жолдан бастағандай жартылай тексеру, шалағай тану болар еді.

Абайдың лирикасы

Абайдың «Сап, сап, көңлім» деген өлеңін ақынның жиырма-жиырма бес шамасында жазғаны деп ұйғардық. Енді осыдан соңғы анық ақындық үлкен шығарма туатын жыл — 1882 жыл болады. Бұнда Абайдың бір жылда туған екі өлеңін білеміз: біреуі өз өлеңі —«Қансонарда», екіншісі аударма — Лермонтовтың «Бородино» деген өлеңіне жасалған аударманың бір үзіндісі. «Сап, сап, көңлім» 1865—1870 жыл аралығында жазылса, «Қансонарданы» жазғанша, арада он бес жыл өтеді. 1882 жылғы өлеңінде Абай мүлде басқаша, өзгеше көркемдікке жеткен, шеберленген және әсіресе ақындық мәдениеті жоғарылап, қалыптанып қалған ақын боп көрінеді. Арада көп жылдар өткен соң басқаша ақындық сапаға аттап түскен Абайды көреміз. Абай ақындығының осындай үлкен үзілісі бар кезеңін, біраз ойланып, аңғару керек.

Осы тұста еске алатын бір жәй — Абайдың сол әредікте мүлде өлең шығармай жүруі мүмкін емес. Бұған екі түрлі дәлел бар; ең әуелі — сол ұзақ үзіліс жылдарынан бізге шашырап жеткен үш-төрт мысқыл-әзіл өлеңдер барын біледі. Олар: 1870 жылы айтылған «Шәріпке» деген өлең; 1876 жылы туған «Абыралыға» деген өлең; 1880 жылы айтылған «Жақсылыққа» дейтін және «Кең жайлау» деген бір-бір ауыз өлеңдер бар. Қысқа-қысқа болса да, кейбір жеңіл әзіл-мысқыл түрінде ауызша айтылғанға ұқсаса да, тегінде Абайдың осындай өлеңдерді әркезде айтып жүрген әдеті болуға лайық. Бұлардың

ішінде «Абыралыға» деген өлеңі анық жазылып айтылған кейінгі Абай сатираларына әбден ұқсайды.

Ал, 1882 жылы жазылатын «Қансонардаға» қарасақ, Абайдың анық шеберленген ірі суретші және реалист ақын болғанын көреміз. Бұл өлең тұңғыш туа қалған, бірінші ғана көркем шығарма болуға мүмкін емес тәрізді. Неғылса бірталай шығармалар жазып келіп, ақындығы шыныгып, қаламы төселіп кеп тудырған шыгармаға ұқсайды. «Сап, сап, көңлім» мен «Қансонардың» арасында он-он бес жыл бойында ақынның тағы да әр жылдарда тудырған, бізге саны белгісіз бір топ өлеңдері болмауға мүмкін емес деген ойды, жаңағыдай, екі дәлелмен топшылаймыз. Ол жылдарда Абай ауызша айтқандарын да, жазып шығарғандарын да ұқыптап сақтамаған болу керек. Тұстас, құрбылас адамдары, әсіресе, жинап сақтауды ойламаған. Сонымен, Абайдың өзі үшін де, қазақ әдебиеті тарихы үшін де жоғалып кеткен әлденеше шығармалар болған дейміз.

Анық үлкен ақын шеберлігіне жеткен қалпындағы жазушы ақын Абай, бізге 1882 жылдан бергі шығармалармен танылады дедік. Осы жылдан бастап 1903 жылға дейін алсақ, мөлшері жиырма екі жыл бойында Абай отыз сегіз жасынан бастап ақындық өнерін өзіне үлкен жол етіп алады. Өмірбаяныи еске алсақ, отыз сегіз-қырық жастарға жеткен шағында Абай орыстың тілін анық жете біліп, орыс классиктерінің шығармаларын қатты зер салып, өзіне үлгі-өнеге есебінде қадірлеп оқып жүретін оқушы болып еді. Соның дәлелін ең алғаш аударма жасап, Лермонтовтың «Бородиносын» қазақшылаган еңбегінен айқын көреміз. Аз үзінді болса да, бұл аударма ең алдымен Абайдың Лермонтов текстін өте толық ұғынғанын көрсетеді. Және ұйқас, шумақ, өлеңдік ырғақ жағынан келгенде, қазақ өлеңінен басқаша еркін, жаңа түрлер іздеп аударып отырған ақынды аңғарамыз. Тіл менен шеберлікте аса орамды және өзіне сенімді қайрат танытады.

...Штык, қылыш қайрасып,
Ширатып мұртын шайнасын,
Ашулы солдат қыстықты:
«Қойса екен бізді тыюын,
Айтса екен бізге қиынын,
Жыртпасақ жаудың киімін,
Біз не етеміз штыкты...»

деген жолдарда, жоғарыда айтылған, анық өнерлі ақындықтың сипаты көрінеді.

Осымен қатар шығатын Абайдың ендігі өз өлеңдерінде бұл ақынның мүлде қазақ поэзиясында бұрын болмаған ойларды айтып, болмаған шеберлікті тауып, соның барлығында өзге өлеңдердің классик поэзиясының үлгісін меңгерген мәдениеттілікті, шеберлікті танытатынын көреміз.

Анық ақындыққа үлкен өрісті, әлеуметтік еңбек деп кіріскен ақын, мүмкін, 1880 жылдардан бұрынғы кейбір өлеңдерін бертінде өзі де місе қылмаған болар. Сондықтан, жоғарыда айтылған, жоғалып кеткен деген кейбір өлеңдерді өз шығармасынан кейін өзі де өшіруі ғажап емес.

Ал, 1880 жылдардан 1903—1904 жылдарға шейін ұлы қайраткер биік сапалы көркемөнерлі Абай бірде бір уақыт өзінің сол жеткен жаңалық сатысынан төмендемейді. Бірде-бір жол оқымаған фольклор көлеміндегі қазақ ақындарының үлгісіне қарай кейін баспайды. Абайдың арнаулы шығармаларына сүйеніп отырып, нақтылы түрде айтатын кейбір қорытынды пікірдің жәйін осы тұста алдын ала ескерте кетейік.

Мәдениетті, жаңа бақытты ақын Абай қазақ тіршілігінің қай тақырыбын жырласа да өз алдындағы қазақ поэзиясының атақты саналған Бұхар, Дулат, Шортанбайларынша жазбайды. Тұтас өлең түгіл, соларды қайталап, не солар үлгісіне түсіп жазған бір шумақ өлеңінің өзі де жоқ деуге болады. Өлеңіндегі тіл, кейбір теңеу, кейбір мақал және кейбір тақырып пен көңіл-сезім сарыны соларға ұқсас сияқтанғанмен әркезде Абайдың ойы, өрісі, идеясы мен әлеуметтік арманы, мақсаты әлдеқайда басқаша боп, классик ақынның өзіне ғана тән болған өзгешелікпен айқындалып шығып отырады.

1882 жылдағы «Қансонарда» сияқты өлеңмен бастап, нені көріп, нені сезініп, нені жыр етіп толғанса, бәрінде де әр дәрежеде реалистік шеберлікті танытады. Өлеңнің өрнегімен ізденгіш жаңалықтары соныдан соныға түсіп, үдеп, өсіп отырады.

Сондайлық тың арнаны өз тұсындағы және өзінен кейінгі қазақ әдебиетіне бұдан былайғы жол етемін деп «басқа шауып, төске өрлеген» жаңа заман ақынын біз ең алғаш көлемді түрде «Қансонарда» деген өлеңінен көре бастаймыз.

Осы өлеңдегі табиғат көріністерін, өз сезімін және аңшылықтың қызулы, қызғылықты сәттерін сипаттағанда Абай өзінің жаңаша қалыптанған ақындық мәдениетін танытады. Бұл реалист ақын болғанда, орыс классик поэзиясының реалистік традицияларын өз бойына мол сіңіріп, жақсы меңгерген суретші ақын боп көрінеді.

«Қансонарда» өлеңінде орыс халқының өмірінен, не орыстың классик поэзиясынан тұпа-тура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір сырт белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз қазақ халқы мекен еткен қысы қарлы табиғат. Бүркіт салуға салт атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы. Ермек үшін еңбек еткен ширақ, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелмек. Осы адам тобының мінездері, аңшылықтағы тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық кесек әрекеттері толып жатқан ұсақ машық-мерзімі тұтас қазақтың өзіне тән тіршілігі боп шығады.

Сөйтіп, барлық нақтылы фактілердің, жеке реальностардың баршасы нағыз қазақтың өзіне тән шындықтармен қалыптанудың үстіне, тұтасымен алғанда, осы өлең зор мәдениетті, ірі суретші тудырған шығарма екенін танытады. Сол өзгешеліктерін, ең алдымен, пейзаждан байқауға болады. Көз алдымызға қар басқан елсіз таудың тұрғысы, сағасы, қансонар күнгі анық болмыс күйін елестетеді. Анық қазақ сахарасындағы аңшылар ғана жүретін жым-жырт таудың елең-алаңдағы тыныштық шағын беруден бастайды.

Тегінде, пейзаждың өзін суреттеуде көп ақын өздерінің стильдік өзгешелігін анық аңғартады. Шығыс ақындарының ескі дәстүрін алсақ, олар дәл таудың таулық, шындық қалпын суреттемей, салыстыру үшін әр алуан тұспалдарға бейімдеп көрсететін. Тауы кейде тауға ұқса-са, кейде қиялап, шұбарлап, әсірелеп айтқан тұманды, жұмбақты бір көріністерге ауысып кетер еді.

Орыс поэзиясының, әсіресе Пушкиннен бері қарайғы классик реалист стильге ауысқан үлгісін ескерсек, оның аса айқын бір өзгешелігі — әрдайым дәлшілдігі, шындыққа жақындығы оқшау тұрады. Абай да осы сияқты суреттейін деп отырған жайын және барлық күйлерін, сол орыс поэзясындағы нақтылы дәлшілдік негізге құрады. Қазақтың Абайдан бұрынғы поэзия үлгілерінде де тау анық реалистік дәлдік болмысымен суреттелмейтін. Кө-

бінше «бұлғыр-бұлғыр, бұлғыр тау», «асқар-асқар таулар» жалпылап әсірелеп айтқан, бұлдыр бейнеден ары бармайтын.

Абайдың пейзажы, тауы шығыс ақындарының тұманды тұспалына да соқтырмайды. Қазақ ақындары айтатын фольклорлік «заңғар тау», «қара аспан тауларға» да бармайды. Жаңаша берілген тау бейнесі, кеше ғана өзіңіз жүріп өткен жерлердің, адыр таулардың ой-қырын, жотасы мен қорым тастарын, қия беттерін, соны қарға түскен іздерімен дәл ғана, түгел көрсетеді.

Екінші айқын бір жаңалық белгісі — тауды және барлық пейзажды тек сол тау үшін, пейзаж үшін ғана алмайды. Адамның іс-әрекеттерін, тартыс-талабымен, пеше алуан мінездерімен араластырып, арнаулы қарым-қатынаста, шарпысу қалпында алады. Адамның да іс-әрекетін, сезімін тегіс табиғат ортасында береді. Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы поэма, баллада үлгісінде жазылмаса да, бар өлең бастан-аяқ динамикалық суреттерден құралады. Әрекет пен уақиға жағына басқан сайын байып, өсіп, үдеп бара жатады. Өлеңнің ішінде сәт сайын құбылған толып жатқан өзгеріс, қимылдар болғандықтан қай оқушыға болсын әсерлі, қызықты тиетін, көзге қонымды, көңілге иланышты шындық тапытады. Салқын күнде, аппақ қардың үстінде бусанып тамған қызыл қан тамшысындай жанды шындық.

Адамды алсақ та, құр аталып қойған емес, арнаулы қимыл-әрекет үстінде көрінеді. Сонарды күткен үлкен аңшы мен қағушылар ерте аттанған. Ол сонардың да аңшы тілейтін сонары бар. Бұл «ұзақ сонар» емес. Қар кеше күндіз жауып, кеше тоқтаған болса, түлкінің ізі түні бойы жортқан ұзақ шиыр боп кетер еді. Ол ізбен түлкіні табу оңай емес. «Келте сонар» болса, ол да жақсы емес. Қар түн бойы жауып, таң атар алдында ғана тоқтаса, түлкінің ізі қысқа жортуылды ғана көрсетер еді. Бұндай із кез келсе, түлкі тез табылатындығы рас. Бірақ аң аз болған жерлерде, оңай кезігуді күту хиял сияқты. Анық жақсы сонар қардың ел жатқанша жауып тоқтаған түнінде болады. Бұнда түлкі көбірек кездеседі. Жортуылы да ұзақ сонардай, шексіз алыс болмайды. Сөйтіп, Абай сонардың ішінде аңшыға көп кездесетін шындықты алады. Аңшылықтың қызығы мол. Оның шарты да зор. Астында жақсы, мықты ат болу керек. Үсте ыңғайлы, ықшам киім, қасында тату жолдас — барлығы да аңшы-

лықтың әрі шарты, әрі қызықты шындығы. Осы топтың кейбіреулері қағушы болып, сай-сағаны кезгенде, біреулері тау басында томаға тартып отырады. Дәл осы сәттен бастап түлкіні алып, көңіл жайланып, «үйірімен үш тоғыз»деп қанжығаға байланып, сүйсінгеннен насыбайларын атқан шаққа шейін өмір шындығынан шалғай жатқан бір қимыл, бір қозғалыс, бір сезім жоқ.

Абай осы өлеңде өзі айтатын жайларды аса жақсы біліп, оны үлкен дәлшіл шындықпен жырлайтындығын танытады. Өлеңнің композициясын алсақ ауызша поэзияда жиі кездесетін, ілгерілі-кейінді аттап түсіп отыратын, бірі ілгері бірі кейін орынсыз жүретін ауыспалы хал жоқ. Өлең жазушы ақынның шығармасы. Оны барлық мезгіл мен іс-әрекетті бастан-аяқ ретімен бұлжытпай бергендіктен көреміз. Алдын-ала ойланып алған ретті жоспар барлығы даусыз.

Шындыққа, нақтылы деректілікке ерекше мән берген ақын реалистік дәстүр бойынша, өз шығармасының барлық бұйымын, бар тұрманын тұтас ету керек. Соның белгісін бұл шығармада Абай өзінің сөздігінен де айқын танытады. «Сонар», «қағушы», «қайтқан із», «бүркіттің қайқаң қағып аспанға шығуы». «Түлкінің көрс тұра қалуы», «үйірімен үш тоғыз» десу — бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар ақын хиялын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны теңеуді де табады. «Қар — аппақ», «бүркіт — қара», «түлкі — қызыл» дей келіп, сол бір қайнаған қимылдарды қымсынған ұяң сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы да шеберлік айғағындай. Бұнда натуралдық үлгіде екі жайды: «ананы көр де, мынаны көр» деп ұқсата салу жоқ. Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі.

Осындай белгілерінен де әрі мазмұн, әрі түрі түгел қабысып келіп, ірі табысқа айналған ақындық туыс танылады. Бұл өлеңде орыс поэзиясының реалистік үлгісін жақсы меңгеріп алған ірі реалист байқалады.

Абайдың ендігі көпке мәлім елеулі бір өлеңі — «Қақтаған ақ күмістей». Бұл өлең 1884 жылы жазылған. Өлеңнің тақырыбы қазақтың бой жеткен қызының сырт көрінісін, пішін, мүсін келбетін суреттеуге арналады.

Жас атаулы қызығарлық, сүйсініп тамаша етерлік ерекше сұлу қызды сипаттайды. «Қансонарда» мен «Қақтаған ақ күмістейде» Абай көбінше сұлулықты, жарастық келісімді жырлайтын эстет ақын болып танылады. Әлі әлеуметтік шындықты, халық басындағы ауыртпалықты сыншылдықпен жырлайтын қоғам қайраткері Абай бұл өлеңдерде көрінбейді. Бірақ «Қақтаған ақ күмістейде» және де Абайдың анық жазушы ақын екенін аңғарамыз. Бұнда сұлу әйелді сипаттауда ең алғашқы жолдан бастап, айқын сезілетін тәртіптілік бар. Әуелі қыздың пішінін айтады. Келісті біткен мандайынан бастап көзіне, қасына тоқтайды. Одан ары мұрнын, бетін атай келіп, аузына ауысады. Сұлу тісін, бұлбұл үнді күлкісін айтып, аузына аз аялдап, содан ары мойнына, тамағына тоқтайды да, осыдан ары ұлы мүшесіне, жауырыны, иығына, бойына ауысады. Жазба ақын фольклор үлгісінен бөлек, ерекше планмен жазып отырғанын аңғартады. Ауызша шығарылған өлең болса, мұндайлық реттілік кездеспес еді. Әйелдің ішін пішінімен аралас жанды адам етіп беру қажет болса да, Абай бұл тұста өзінше үлгі көрсетеді. Ол — сұлудың сыртқы портретін береді. Ал, адамның пішін-портретін арнаулы рет, әдіспен суреттеудің өзі де, жазушы ақын айтарлық мәдениетті үлгі. Бірақ, осымен қатар, Абайдың сұлуды суреттеуінде анық орыс классик поэзиясының үлгісінен өзгелігі де байқалады. Кейде Пушкин, Лермонтовтардың реалистік дәстүрін жақсы ұғынып, толық меңгерген Абай, сол биік дәрежелі шеберлік, өнерлілікке әзірше кейде дәл басып, жете алмай қалып та отырады. Оны 1882 жылдан кейінгі бірталай өлеңдерінен де байқауға болады.

Дәл «Қақтаған ақ күмістейдің» тұсында Абайдың жаңағы жөндегі кемшілігін сынай кету керек. Мұндағы жетпегендік неменеде?

Біздің байқауымызша, Абай бұнда жанды, тірі адамды бейнелеудің орнына жансыз сурет беріп отырған сияқты. Суретшінің қағазға түсіріп отырған портреті айқынырақ сезіледі. Әсем сұлудың сырт көркімен қатар сезімін, ақыл-мінезін, адамдық ішкі дүниесін беруді ақын ескермейді. Паспорттық сипаттау жасайды.

Бұның себебі де бар. Дәл осы өлеңнің тұсында, Абай әйел жынысына қазақы көзбен, әсіресе бой жеткен қызға феодалдық ортаның қарайтын көзімен қарағандай болады. Сол себепті, сұлудың жүзін бізге айтып беріп отырған

ақынның көзі көбінше қыз көре келген жігіттің, келін айттыра келген құданың көзқарасы сияқты.

Нақтылы дәлдік болғанмен, ішкі сезім сыры жоқ шығарма көрінеді. Белдеуге сұлу атты байлап қойып, мүсін тұлғасына көлденең карап отырған бағалаушының мінезін аңғарамыз.

Кейінірек жазылатын «Ат сынын» осы қыз суретінің тұсында еріксіз еске алуға тура келеді. Онда да аттың кекілі, құлағы, қабағы, мойны аталып келіп, ұлы денесі сипатталып кетеді. Бірақ, атқа солайша сырт мүсінін санап, сынау қаншалықты қонымды болса да, адамзатқа қолданған мынау әдіс оншалық орынды емес.

Рас, кейінгі жолдарында дәл осы қыздың өзін айтпаса да, жалпы қыздарға сол Абай кезінде, патриархалдық-феодалдық ортада айтылып жүретін арзан, үстірт, әділетсіз сындар айтылады. Онда да Абай қызды міней түсіп, ақылдың салмағын жігітке айтады. Қыздың іс-әрекетінен айтылатыны — тек «іске ыңғайлылығы» деуге ғана болады.

Осылайша әйелдің сырты мен ішін екі бөліп алгандықтан өлеңнің жалпы құрылысында тұтас бітімді бірлік болмай қалған. Өлеңнің алғашқы күшті бөлімі сипаттау болады да, екінші бөлімі көпке мәлім, орташа шындықтарды ақсақал ортасының ауызымен санап, ақыл-өсиет етіп айтуға ауысып кетеді.

Екінші бөлімі Абайдың бұл өленін композициялық тұтастық, көркемдік күйден айырып, әлсіздікке ауыстырып әкетеді. Оның себебі өлеңнің бас жағы бір тақырыптан басталып, аяқ жағы екінші бөлек тақырыпқа ауысқаннан. Әуелде іш пен мінез жоқ, тек сырт болса, кейін сырт жоқ, тек мінез аталады. Басында сұлулыққа сүйсіне сөйлеп, кейін ұрсып тоқтайды. Сондай екі ұдайылық сыртқы түрден, ақындық теңеу лексикасында айқын көрінеді. Күлкісі «бұлбұлдай» деп «іш қайнататын» жарастық тауып отырған ақын, кейінгі бөлімде «жыртақтап», «тыртақтаған» деген тәрізді, келісімге шалғай, ұрысқа жақын сөздерді қолданады.

Осы өленмен жалғас 1885 жылы туған «Жасымда ғылым бар деп» дейтін өлең Абайдың сол 1880 жылдардың бас кездерінде, ақындық еңбек жолында әр алуан түрде ізденіп жүргенін көрсетеді. Ізденуші Абай, ең алдымен, өзін жаңа үлгідегі ақын етуге жәрдемші болатын ғылымның жайын сөз етеді. Жасында оқыған оқуын,

ғылым екен деп танымайды. Ендігі Абайдың арман етіп, «махрұм» қалдым деп көкірегін қарс айырғандай арман ететін мекені мәлім. Бұл — орыс мәдениеті, соның ең жарық, жарқын идеялы, үлкен өрісі, өнімді жолы. Бұл ресми Россияның қазақ жасына сол кезде аз-аздап бере бастаған шалағай шағын оқуы емес. Оның не беретіні мәлім. «Қызмет қыл шен ал!» дейтін ғана әрі теріс, әрі шағын тәрбие. Абай екінші Россияның зор ағартушылық және әлемдік қасиеті бар терең ғылымын жоқтайды. Өзі үшін ғана емес, орыс мектебіне (медресе деп бұл тұста атап отырғаны — орыс мектебі) берген баласы туралы да осылай ойлады. Ең алдымен, «білім ал!» дегенде «орыс халқының шын зор өнерін үйрен» дейді. Сонымен танысып, өсіп бол да, «халқына пайдалы басшы боп қызмет ет!» деген ұлы жол тартады. Қызмет қылып шен алуды енді Абай қасиет емес, мін санайды. Көлемі аз ғана өлең болса да, «Жасымда ғылым бар деп»— Абайдың бұл уақытқа шейін жазған өлеңдерінен мүлде бөлек. Енді өзі бірталай оқып, өсіп, бар өмірін қайта ойланып, қатты сынап, мінеп өткен ойшыл ақынды көреміз. Білген сайын жеткеніне місе қылмай азсынып, зор ғылымға ұмтылғанын байқаймыз. Өзінің арманымен іздеп тапқанын, болашақ буынан шығатын қазақ жасына ағалық өсиетпен ұғындырғысы келеді. Анық үлкен жолды іздеп табуда. Өз басының кешіккендік өкінішін айтып отырып, сол жастарды ойландырмақ. Тура жолға ерте күннен, жас шағынан түссе екен деп баулымақ болады.

Бұл шығарма енді халықтық, адамгершілік, ағартушылық жөнінде үлкен қияға қарай жол тартқан жаңа ақынның ашық бейнесін көрсете бастайды.

Азамат ақынның зор идеясын бастаған өлең сол «Жасымда ғылым бар деп» болса, енді осыған жалғас 1886 жылы туған толып жатқан тың өлеңді көреміз. Тегінде 1886, 1889, 1896 жылдар Абайдың ақындық, ойшылдық еңбектерінің ең жемісі мол, өнімді жылдар болады. 1886 жылы Абай он сегіз өлең жазған. Тақырып жағынан қарағанда бұл өлеңдерді бірнеше жікке бөлуге болады. Ең әуелі айқын көпшілігі, қазақтың сол күнгі қоғамдық тіршілігіндегі сорақылық міндеріне арналған. Надандық, қанаушылық, кертартпа қайшылықтарды таңбалайтын қатты сын және өсиет өлеңдері. Бұл топ, көбінше сыншылдықпен, ойшылдықпен айтылған, әлеуметтік тартыстың құралы есепті болған өлеңдер. Екінші бір жігі ат

сыны, жаз өлеңі сияқты боп, табиғат, жаратылыс тақырыбына арналады. Үшінші жігі жас буынға арналған. «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жігіттер, ойын арзан», «Бір дәуреп кемді күнге» деген сияқты өлеңдер. Төртінші жіктегі өлеңдер көңіл-күйінің лирикасы. «Қоңлім қайтты», «Патша құдай», «Көкпайға» дегендер сияқты ақынның әлеумет тіршілігінен, ел надандығынан туған, мұңды шығармалары болады.

Барлық он сегіз өлеңнің тобы Абайдың ақындыққа мол күшін сарп етіп, бойындағы өнер қанатын кең жайып, табанды еңбекке түгел берілгенін танытады. Осы жылдың өлеңдерінен былай қарай классик Абай кең диапазонын көрсетеді. Өзіндегі ақындық еңбектің көп сипаттарын жан-жақты түрде таныта бастайды. Бұл жылдарда Абай әрі жазып, әрі тереңдеп оқи түсіп, өз басының да әлеуметтік, азаматтық санасын, идеясын өсіре бастайды. Заманы мен ортасының кемшілік пен қайшылық міндерін зор дауыспен әшкерелейтін ұстаз ақын тәрбиешілік тартысқа белсеніп түседі.

Сол себепті бұрын қазақ сахарасында жырланып көрмеген сөз сарындар туады. Осы жылдарда Абай анық қалыптанған реалистік ақын болумен қатар, өзі суреттеп отырған ортада сан түрлі адамдардың ішкі сырын, мінез әрекеттерін де ірі шеберлікпен ашатын психолог ақын болады. Өз заманындағы әлеуметтік ауыртпалықтарға ем іздеуші қайраткер туады. Әсіресе халқының қалың көпшілігі болған, орта шаруаның жоқшысы, жаршысы бола бастайды. Сонымен, Абайдың ендігі еңбегі, әрбір өлеңі анық еңбекші халық үшін істелген қамқорлық, қайраткерлік, азаматтыққа ауысады. Әрбір көркем терең ойлы шығармасы әлеуметтік тартыстың үлкен бір құралы, тарихтық акт есебінде туып, қалыптанып отырады.

«Абай өзінің әлеуметтік тартыстағы бағытын белгілегенде, қай топ, қай ортаның санашылы болды?»— деген сұраққа, осы еңбектің бас жағында беріп кеткен жауабымыз бар-ды.

Ақынның өзі қазақтың жуан атасынан, үстем табының ортасынан шыққа да, кейінгі еңбегімен, әлеуметтік, тарихтық міндетті түсінудегі жаңалық салт-сана идеясымен сол өзі шыққан таптық ортасына қарсы адам боп қалыптанады. Заманындағы тарихтық үлкен түйіндерге дұрыс жауап беруі арқылы Абай орташа, еңбекші шаруаның санашылы болып, сол тапқа кеп қосылды дейміз.

Келешек тарихы бар, алдында үлкен перспективасы бар қоғамдық ортамен өзінің бағытын, тағдырын нық байланыстырады. Ел көпшілігін қанаушы үстем тап өкілдерін анық халық көпшілігінен аластап, таңбалап бөліп шығарып, «елім», «жұртым», «халқым» дегенде, өзіне дос тұтатыны — еңбек елі болады.

Осы жайды Абайдың 1886 жылы тудырған көп өлеңінен де, кейінгі талай сөздерінен де тану оңай. Ақын сол еңбекші елді қанайтын топты: бай, болыс, би, молда және толып жатқан ку, пысық, старшын, елубасы, ақсақал, қарасақал жиынын — атқамінер деп атайды да, барлығын да ел денесіндегі паразиттер деп түсіндіреді.

Сол әшкерелеуінде үстем тап әміршілерімен көпшілік елдің үнемі бітімсіз қиыншылықта, қарсылықта екенін анықтап түсіндіреді. Рас, кейбір өлендерінде Абайдың дәл осы санасына қайшы келетін қателік пікірлері де болады. Бірақ, ондай жайларды сирек кездесетін салт-саналық қайшылықтары деп ұғыну керек. Ал, жалпы алғанда, ағартушы халық қайраткері Абайдың барлық мол, ұлы мұрасында айқындап отыратын күрделі ой, зор арман атаулының барлығы да ақынның, жоғарыда айтылған, анық табысқан халқымен бірге болады.

Осы айтылған пікірдің бір дәлелін біз Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңінен айқын көреміз. Бұл өлеңнің ішінде сан алуан жолдармен жұртты жем етіп, қанап, ұдайы алып жатқан бай, болыс, би, елубасы, жаланқай жау — бәрлері де тынымсыз алушылар болады. Ал, соларға беріп жатқан кімдер?

Ол — өз малын өзімдікі дей алмайтын, «басынан сырық, малынан құрық арылмайтын» анық момын ел — орташа көпшілік. Бұл өлеңнің тұсында Абай қазақтың анық қалың жоқшылыққа батқан тақыр кедейінің жайын сөз етпейді. Орташа шаруаның мұнын жоқтап сөйлейді. Осы өлеңіне егіз сыңардай, қоса шығарған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңі бар. Онда ел ортасына бүлік салып жүрген тынымсыз атқамінерлерді ең алғаш рет сынға алып, бөліп шығара бастайды. Ел бұзарлар осылар деп әйгілемек болады.

...Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек.
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек,
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек
Адалдық, арамдықты кім теңгермек!
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттен қор боп, өзіне сөз келтірмек,—

деген жолдарда елдің ортасында «жақсымын», «жұрт ағасымын» деп жүргендерге ең алғаш сын сөздер айтады. Кейінгі жылдардың өлеңдерінде Абай бұл топтың адамдарын таптық тұрғыдан жаңағы айтылғаннан да қатты сынға алады.

Алғашқы өлеңінде болыстықтың өзі де «қорлық», «иттікке» апаратын жол деп, қазақ ортасындағы әкімшіліктің өзінен қашу керек десе, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арманның» артында атқамінер тобын айқынырақ, ащырақ шенеп, әйгілеп өтеді.

...Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын,—

деп, сол атқамінер ортасын «жүзі күйгір» деумен жиренішті топ етіп көрсетеді.

Осы екі өлең туралы тағы айта кететін бір жәй бар. 1886 жылы қырық бір жасқа келген Абай өлеңдерін «Қартайдық, қайғы ойладық»— деген сөздермен бастайды. Анығында, бұл жылдарда Абай қартайған жоқ. Оны жасынан ғана айыру керек емес, халық қамқоры боп, азамат ақын боп, осы жылдан бастап жазған сөздеріне қарасақ, ақын анық үлкен тартысқа барынша белсеніп кіріседі. Ызалы ашумен, қайсар қайрат, өнімді қажырмен араласады. Сондықтан қажыған адамның әлсіреп, қартайып, ой қуаты, жүрек оты бәсеңдеген күйін көрмейміз. Олай болса, жаңағы «Қартайдық, қайғы ойладық» деген сөздерді Абай басқаша бір мән-мағынамен қолданады. Өсиетші, сыншы, ұстаз болуға бекініп кіріскен ақын халықтың анық ағасы боп, ақылшының тұрғысымен сөйлемек болады. Ел ұғымына қонымды бір «құлаккүй» сияқты сәл сарыннан бастайды. Бұрынғы ақылшының көбі — кәріден, атадан, ақсақалдан шығады деп түсініп қалған көпшілікке өзіне де солайша, жақсы етіп, тоқтаған, ой түскен, ел мұңшысы есебінде танытпақ боп, әдейі солайша бастайды. Болмаса, өз басының қажыры мен өнеріне қарасақ, ол жылдарда құлшынып, өрлеп келе

жатқан, қайнап өсіп, дами бастаған анық шабытты ақынның шалқып жанған жалынын сеземіз.

Ол жалын — ел жайына қарап отырып ызаланып, ширыға түсіп, күйінген ердің көкірегіндегі ашулы жалын болады. Ал, үлкен сападан туған қатты ашу мен қызулы жалын екеуі де кәрілік пышаны емес. Кемеліне келіп отырып, кектенген күресті іздейтін, қуаты күшті жүректен шығады.

Рас, сол жүрек халық жайын ойлағанда, біресе ызаменен толқыса, бір кезде сол халық үшін қамырық мұңға да толады. Сол себепті, 1886 жылдың тағы бір шығармасы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртымды» ақын өз халқының сол кездегі тарихи трагедиясын айта кеп дерттенеді. Жоғын жоқтап, мұңын мұндап отырғаны «қалың елі, қазағы». Оны «қайран жұртым» деп, бар жанымен ынтыға сүйеді. Бұның қамын ойлағанда, қамырыққа көңіл толады. Ал және сол қалың ел бар да, оның ұйтқысын бұзған, елдігін кетірген үстем тап бар. Осы соңғылардың сорақылығын айырып, атап береді.

Аузымен орақ орған өңкей қыртың,
Өзімдікі дей алмай өз малыңды.
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.

. . . . . .

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Міпеки бұзған жоқ па, елдің сиқын?—

деген жолдарда ақын қалың елді жаңағы қаскөй топтан айырып жырлайды. Елдің жауларын қанаушы бұзықтық іс-әрекеттің үстіне мінез, адамгершілік жағынан да өңшең татымсыз, құнарсыз адамдар деп танытады. Олар «жақсымын» десе де, анығында, толық мағынада адам да емес. Өңкей қиқым. Адамзат ішіндегі қоры, қортығы, сің бір сорақысы деп танытады.

Қоғамдық сана жағынан қарағанда, өздерін «басшымын», «жақсымын» деп жүрген әміршілердің барлығын осылайша масқаралап, таңбалап берудің өзі де Абайдың алғашқы адымында үлкен тарихтық, әлеуметтік жаңалығы бар әрекет еді.

Бірақ 1886 жылдың әлеуметтік тақырыбына жазылған үлкен толғаулы көп көркем өлеңдердің қатарында Абайдың жаңағы айтылған әлеуметтік сыншыл ойдың жаңсақ бастаған кезі де бар. Мысалы, «Байлар жұр» деген өлеңде және кейін шығатын кейбір қара сөздерінде Абай қанаушы таптың ішінен, бұзық болыс, арамза

атқамінерлер тобының арасынан кейбір байларды бөліп шығаратыны бар . «Момын бай» деп жалпы қанаушы топтың қатарынан бірен-саран малды байды бөліп алып, арашалағандай болады. Оны да жаңағы ел бұзар, әкім, ұлықтар, қу пысықтар жем етіп жүргендей суреттейді. Әрине, Абай байдың бәрін былайша қорғамайды. Бірақ оларды көбінше болыстарға қоса жамандай отырып, кейде жем болушы жылаулар бай тапқандай болады. Бұнысы Абайдың «байдың да байы бар да, көпке залалы аз, сотқарлардан өзі де зығыр жеп жүрген бай бар» деп теріс жіктеген пікірі.

Дәл бұл өлеңнің тұсында Абай үлкен қайшылыққа ұшырайды. Таптық жағынан қарағанда, қазақтың халық даналығының өзі айтқан, өзі әшкерелеген сананы да Абай аңғара алмай қалады. Халық мақалында «Бай байға құяды, сай сайға құяды» деген үлкен шыншыл да сыншыл қорытынды бар еді. Абай қалың елдің момын көпшілігі ашық түсінген осы жайды айырмайды. Бай атаулы қанаушы топтың басшысы, түп тірегі екенін аңдамай, қателік ойлар айтады.

1886 жылдың сыншылдық, қоғамшылдық тақырыпқа арналған өлеңдерінің қатарында «Адасқанның алды жөн» деген бір өлең бар. Бұнда да өзі көрген кемшілікті, мінді мінездерді үлкен турашылықпен қатты сынап, шенеп айтатын ақын көрінеді. Тек бұл өлеңде сынайтыны, ащы мысқыл үлгісінде қатты мінеп сөйлейтіні алғашқы көп өлеңдердегі болыстар, атқамінерлер, қанаушылар тобы емес, ел ішіндегі еңбексіз өмір кешетін жалқаулар болады.

...Осындай сндаң жігіт елде мол-ақ.
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
. . . . . .
Олардың жоқ ойында малын бақпақ,
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа
жақпақ,—

дегенде, ақын кімді сынап, сөгіп отырғанын танытады.

Өзінде мал жоқ, істер әрекет, еңбек жоқ, өз үйінде ішетін ас та жоқ. Бірақ осындай жігіттер малы бар, асы бар ауылдарды қыдырып, бейнетсіз, еңбексіз қор жалқаудың қалпында жүргенін ақын үлкен айып етіп әйгілейді. Абай заманындағы қазақтың көшпелі ауылында болған жалқаулық, еңбексіздікті ең алғаш өлеңмен сөз қыла бастайды. Арамтамақтық, кісінің асына көз сүзгіш-

тіктің өзі де паразиттіктің бір түрі деп танытады. Әсіресе бай ауылды жағалап жүрген, жатып ішерлік әдетке салынған жастарды ызамен айыптайды. Үстем таптың, малды таптың өкілдері арамтамақ болса, еңбексіз өмір кешсе, бұл олардың болмысы, дағдылы қалпы. Ал, жоқшылықта жүрген көпшілік өкілдерінің еңбексіз жалқаулығы — ақынды анық қамқорлық ойымен ыза қылғандай болады. Бұл топтың баласына, жас-кәрісіне түгелімен қамқорлық ой ойлайтын ақын «көзінді сатпа, теріңді сат», «еңбегің ғана есенді әпереді»,— дейді. Адамшылығыңды сақтауға, қорлықсыз, мазақсыз өмір кешуге жәрдемшің, сүйенішің сол еңбек қана болады дегенді көп үгіттейді.

Кейін молайып өрістейтін осы алуандас ойларының басын жаңағы «Адасканның алды жөн» деген мысқыл, шенеу үлгісімен жазылған өлеңінен бастайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1886 жыл тудырған өлеңдердің тақырыбы әр алуан екенін көрсететін бір-екі өлең аттың сыны мен жазға арналған өлеңдер. Жоғарыдағы айтылғаннан мына екі өлеңнің тақырыбы да, стилі де өзгеше. Бұл шығармаларында Абайдың суретші-реалист ақын есебіндегі шеберлігі көрінеді. Аттың сыны — жаратылыстың жанды бір бейнесі болған бәйге атқа арналған өлең.

Ғасырлар бойында мал өсірумен, көшпелі күйде тірлік еткен елдің ақыны аттың бағасын өзгеше түсінеді. Соның ішінде бәйге аттың орны мүлде бөлек. Ол қазақтың бағы заманнан бергі ауызша әдебиетінде де сан алуан «қиял прағы» болып жырланып келген.

Абай өмір кешкен кезде де ат — ер қанаты жүйрік ат, әсіресе, қазақ білген жануардың ішіндегі адамға ең ыстығы, қадірлісі. Бірақ осы аттың жайын сипаттағанда Абай тағы да реалист-суретші боп шығады. «Қақтаған ақ күмістей» деген өлеңінде оншa орынды болмаса да, мұнда қолмен қойғандай, барлық сыны сырт сымбатынан көрінетін көліктің жайын Абай кекілі, құлағынан бастап түгел толық баяндап шығады. Бәйге аттың мүсінін сыпап санауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір саятшы, атсейіс сыншы боп шығады. Аттың бар мүсінін санап шығуда, әсем жырмен үлкен шешендікпен шеберлеп сыпаттауда ақын қазақ тілінің осы жөніндегі мол байлығын да танытады.

Өзге тілге аударуға аса қиын соғатын осы өлеңінде ақын сол тілдің бар мүмкіншілігін де өзгеше ұсталықпен пайдаланды. Жалғыз-ақ атап айтатын бір жәй, осы атты сынап отырушы адамның кейбір салт-саналық көзқарасы турасында болу керек. Ақын осы атты еңбекші көпшіліктің күнделік тіршілігіне қажет болған күш көлігі есебінде жырламайды. Және жорықта жан серігі ететін жауынгер көзімен де қарамайды. Өзі жүйрік, өзі берік, жуан, жуас, қолға түспес, жақсы атқа қарап отырған көз өзі де еңбекші адамның көзі емес. Атты, оның іс-әрекетінің үстінде көрсетпей, «белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек» деп, тек қана көлденең тұрғызып қойып, созерцание түрінде тыныш қана тамашалап отырған ақын көзін көреміз.

Онан соңғы атап өтетін өлеңдік ерекшеліктің бірі — бұнда және де шындықтан тыс, хиялды тенеулер жоқ. Қонымсыз романтика, тұманды тенеулер сияқты болмыстан сырт, жалған жамаулар жоқ. Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл ұлгіні көрсететін, реалистік шеберлікпен толық шыққан көркем шығарма болады. Мазмұнында ат жайын аса білгірлікпен дәл айтуды мақсат етіп алған шығарма өлеңдік құрылыста, сөздік байлықта, ақындық орамды шешендікте де біртегіс, тұтас келісімді танытады.

Осы жылда Абайдың жаратылыс келісін, көркін суреттеген шебер жырының бірі — табиғат жайына арналған «Жаз» өлеңі. Жалпы алғанда, Абай жылдың төрт мезгілін бір жылда емес, бірнеше жыл бойында жазады. Сол өлендерінің алғашқысы осы —«Жаз». Басқа тақырыптар сияқты табиғат көркі мен адам әрекетін араластырып жазған шығармаларда да Абайдың әртүрлі дамып өскенін, ақындық эволюциясын байқаймыз. Мысалы, ең алғаш жазылған «Жаз» өлеңі мен кейінірек жазылатын «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген екі өлеңнің арасында, өзгесінен бұрын, салт-саналық, қоғамдық жақтан айқын тұрған айырмасы бар. «Жаз» өлеңінде сахарадағы ауыл тіршілігін, көшіп-қонып жатқан көрінісін сипаттауда сол ауылдағы әр алуан топтар арасындағы қайшылық, қарсылықтар көрінбейді деуге болады.

Ал, жаңағы аталған күз көрінісін сипаттаған өлеңде, бір ауылдың екі шетіндегі бай үйі мен кедей үйінің барлық тірлігінде бітімсіз қайшылықтар үлкен шыншылдық-

пен терең ашылған болады. «Жаз» өлеңінің Абайдағы ерекшелігі — бұнда да ақындық мәдениеті ірілеп, шеберленген көркемдікті аңғарамыз. Барлық суреттер мен динамикалы қозғалыс әрекеттер неше алуан бай құбылыс боп сипатталады.

Ақын және де нақтылы, анық шындық халдерді көп теріп, шығармасын өте жанды, мол әрекеттерге толтыра жазады. Және ешбір көрініс-қимылда болмыстан тыс көмескілік, тұманды тұспалшылдық жоқ. Ең әуелі жас шалғынды, бәйшешегі толықси өсіп тұрған соны қонысты алады. Сол араға жеткен малдың ішінде, әсіресе, қалың топ жылқының ен суға, мол шалғынға емін-еркін араласқан күйлі кезін көрсетеді. Әлі үйін тігіп, жайғасқан ауыл жоқ. Жанды-жансыз табиғат арасында шұбартқан суретті өз қимыл-қозғалыстарымен толықтыра түседі. Сәнін молайтқан адам тобының әр алуаны көрінеді. Үй тігіп жатқан қыз-келіншек, ат үстінде мал ішін аралап жүрген ауыл иесі үлкендер аталып өтеді. Содан жұмыс үстінде жүрген шешелерді жағалаған жас балалар, тынымсыз шабуылмен күнұзын салпылдап еңбек еткен жалшылар көрінеді; өзен бойында құс салып жүрген жас аңшы бозбалалар да ақынның көзіне түседі. Бай ауылына жағынышты, жалынышты тынымсыз көрші малай, қартаң ақсақал да өз әрекетімен аталып өтеді. Осылайша үлкен ретпенен көп өмір көрінісін аз өлеңнің ішіне тығыздап сығыза білген ақын, негізінде реалистік пейзаж беріп отыр. Табиғаттың белгілі көрінісіне, мезгіліне адамның әрекетін мол араластыра біледі. Аз адам емес, ауылда тіршілік еткен кәрі-жастың, бай мен малайдың, қолы бос бозбаланың — бәрін де тізіп өтеді.

Табиғатты ағын судай, сымпылдап ұшқан үйрек, қаздай динамикалы халде алған сияқты, адамды да тепе-тек тыныш отырған үнсіз, қозғалыссыз күйде алмайды. Әркім әр алуан іс пен мінезде, құбылыста көрінеді. Осында буы аспанға шыққан, көшіп келген жәрмеңкедей жанды өмірді оқушыға аса қонымды етіп, «дәл осындай болады» дегендей бас шұлғытып, иландыра біледі. Өлеңнің ішінде жанды тіршілік, қайнар қызу мол болғандықтан түрі менен өлшеу ұйқастарында да аса жанды, қызулы жүрдектік бар. Ұйқастарда келетін «шыбындап», «шылпылдап, «бұлтылдап», «сымпылдап», «сыпқылдап», «жылпылдап» деген сияқты айтуға ауырлау келгенмен, тұрақты тыныштық күй емес, үнемі өзгеріп тұрған қозғалыс

әрекетті көрсететін сөздер барлық өлеңге өзгеше ағындылық (темп) береді.

Тұтас бітімді, келісті келген өлеңнің аяғына шейін осы жаңағы айтылған сөздерге орайлас ұйқастар айнымай созылып отырды. Жиынын алғанда өлең тілінде үлкен байлықпен қатар, тапқырлық, дәлшілдік мол. Мал бакқан, көшпелі тірлік еткен елдің жайлаудағы жаңа коныска көшіп, қонып жатқан кезін, қимыл-әрекетін, әбігер-қарбаласын өлеңнің әр бөлімі айқын аңғартады. Сондай мазмұнымен біркелкі келген анық реалистік шеберлікке толған өлеңнің барлық құрылысындағы, мағына-идеясындағы бір кемшілік және де айқын байқалады.

Ақын көшпелі тіршілікті сынап, мінеп жазып отырған жоқ. Көбінше оның көркін, сырт көріністерін тамашалай түсіп, сүйсіне жырлап отыр. Әсіресе, бай ауылының қалың шұбар жанды-жансыз мүлкімен толықсып, жайғасып жатқанын негізгі тақырып етеді. Идея осылай бөлімделгендіктен, Абай талантының шыншылдығы бұл ауылда қажып, талған жылқышы барын, жалыпышты, бағыпышты кедей-кепшік барын еске алса да, жоғарыда айтылғандай, қоғамдық үлкен қайшылықтарды дәл осы көшіп-қонып жатқан бай аулының өзінен де табуға болатынын ашпай кетеді.

Алғашқы көп тақырыпты, мол өлеңдер жазған жылдың ішінде Абайдың бір топ өлеңі жастарға арналған. «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге» деген шығармалардың бәрі де — өспетші, сыншы ұстаз ақынның жас буынға арнап айтқан сөздері. Солардың ішінде, әсіресе Абай шығармасына үлкен жаңалық қосатын өлең —«Интернатта оқып жүр».

Бұл өлеңде сыншылдық та көп, қоғам үшін қамқорлық озғын ой да мол. Жаңа буынға басшы болған ақын патшалық системасына да терең сын айтады. Тегінде, қазақ баласының ендігі талпынатыны тек орысша оқу екенін Абай бұрын да айтқан. Бірақ, екі түрлі оқу бар: осы өлеңде Абай екі Россияның жігін айыратын екі түрлі оқу барын танытады.

Біріншісі — патшалық аппараты өзіне тілмаш, ұсақ чиновник, ұсақ әскери адам етіп әзірлеймін деп оқытып отырған шала, шиқі оқу. Бұған берілген жасты Абай халыққа пайдалы адам емес, залалды адам боп шығады

деп бағалайды. Оның бар талабы: прошение жазу, шала зәкуншік, шалағай төрешік болу. Өзі де азғын, елді де сорлатады. Оны оқытып жүрген әкесі атқамінер, пәлекор болса, әсіресе, жаңағы жасты бұза түсуге тырысады. Соның нәтижесінде:

...Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?—

дейтін залалды топтар туады. Бұндай оқушы болудан жирену керек. Ұсақ тілмаш, әлдеқандай адвокат, чиновник болсам деген арманда жүрген жаңағы жастарға Абай Салтыков пен Толстойды әдейі атап өтеді. Бұндағы ұстаз ақынның үлкен сыншылдық толғаулы ойы айрықша түсінік беруді талап етеді. Абай сол жастарға: «Сен арман еткен чиновник пен адвокаттарды Толстой, Салтыков-Щедриндер қандайлық масқаралап, әшкерелеп, сорақы кескіндерін әйгілеп бергенін ойлаңдар! Ойлана түсіп жиреніңдер, қашыңдар!»— дейді.

Осының алдындағы жолдарда «орыс жаман бол демейді» деген пікірді Абай әдейі айтып отыр. Бұл тұста патшалық өкілдерін айтпайды... Анық орыс халқының қасиетті қазынасына нұсқайды. Оның сыры мен нәрі орыстың классиктерінің еңбегінде, анық орыс халқының сен талпынар қуат қазынасы сонда!— дегенді аңғартады.

1886 жылдың өлеңі Абайдың тұсындағы жастар жайын танытумен қатар, ақынның өзінің де ішін ашады. Осы кезеңде орыстың классик ақындары ғана емес, көркем прозасының ең ірі өкілдерінің де шығармаларын Абайдың анық біліп, терең танығанын көреміз. Сол классиктермен сыншылдық ой жөнінде өзі де бар санасымен табысып отырып:

...Военный қызмет іздеме
Оқалы кнім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге,—

деген ойлар айтады.

Бұнда анық, айқын түрде «патшалық кеңсесінен қаш!»— дейді. «Ол арада өмір кешсең, залалды адамның бірі боласың. Елі-жұртыннан лағнат аласың» демек. Бұның орнына:

Алыс та болса іздеп тап,
Кореннойға кіруге...

Абайдың түсінігіндегі «коренной» адам — оның арман еткен азаматы. Көп білім тауып, үлкен азаматтық тартыс жолына түсіп, патшалық кенсесімен алысып жүрген ерлердің қатарына қосыл дейді. Міне, осы жерге шейін Абай орысша оқитын қазақ жасынан өзі күткен халықтың тілегін үлкен дұрыстықпен айтып келеді. Ал, осыдан кейінгі кейбір ойларында тағы да қайшылық аңғарылады:

...Я байларға қызмет қыл,
Ерінбей шауып желуге,
Адал жүріп, адал тұр,
Счетың тура келуге,—

дейді.

Ақынның өзі ойлаған өріске жете алмаған, жарым жолда қалған жастарға ұлықтың кеңсесінде істегенше, саудагер байдың есепші, қызметшісі бол дейді.

Дәл осы өсиетті зиянның азын талғау түрінде ғана, шартты түрде ғана қабыл алуға болады. Болмаса, тіпті бұл алуандас өсиетті Абайдай зор саналы, ірі идеялы өсиет айтып отырған ақынға артық кеңес деуге де болар еді.

Тіл мен теңеу, түр жағынан алғанда және де бұл өлеңнің мазмұнына сай стильдік өзгешелік айқын екенін көреміз. Осы бір өлеңнің ішінде ақын «интернат», «здравомыслящий», «военный қызмет», «коренной», «счет» «занимайся прямотой» деген сияқты сөздерді кейде қазақ сөздерімен ұйқастыра отырып, еркін қолданады. Мазмұнымен байланысты туған сөздік өзгерістер Абайдың орыс мәдениетін үгіттейтін озғын ойларына әдейі, заңды қажет боп отыр.

Рас, кейде Абай орыстың сөздерімен өзінің қазақша ойлаған ойын шалалау аударады. Шикілеу подстрочник сияқтанып, орысша қонымсыз келген бір сөйлем «занимайся прямотой» дегенінен көрінеді.

Жастарға арналған өсиет өлеңінің ой жағынан көрнекті біреуі — тағы осы жылда туған «Ғылым таппай мақтанба». Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және программдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы

қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы — ғылым дейді. Осы өленнің әр кезінде сол ғылымды Абай шап-шағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» деген сөзді әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында өзі үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жиренттіп өсірмек. Ол сорақы мінездер атқамінер атаулының қолданып жүрген машықтары. Бұлар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектік, бекерге мал шашпақ.

Бір өлендерінде дәл осы мінездердің адамдарынан ел ішіндегі жуан, содыр, болыс, би, атқамінер деп атап берсе, мына тұста ол адамдарды атамай, солардың тек сорақы қылықтарын атайды. Кейінгі өсетін жас буынға сол мінездер «бес дұспан» деп танылу керек. Ал, осыған қарсы ғылым тапқан жас болса, ірі адамгершілікке не болсын азамат деп айтарлық ар несі болсын. Ол — шын мағынадағы қасиетке жетуге талпыну керек. Сондықтан, ойы жетіп, адамдығы өскен жас, өзінің досы деп бес асылды таңдасын дейді. Гуманист Абай, ағартушы, әлеумет ағасы болған ақын сол бес нәрсені санағанда, ең алдымен талапты айтады. Сонан соң еңбек, терең ой, қанағат, рахым деген сияқты арлы адамгершіліктің сипаттарын санайды.

Бұл жолда тартысу керек. Алдыңғы буынның өзіне мінез етіп, үлгі етіп жүрген жолдарынан жирену керек. Сол себепті «ақсақал айтты, бай айтты» дегенге тоқтамау керек. Тағы сондай жалған авторитет саналғанының кімісі айтса да мойындамау керек дейді.

...Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз,—

дегенде, жаңағы қаранғы топтан өзі тәрбиелеп отырған жас буынды бөліп алмақ болады.

«Интернатта оқып жүр» деген өленді жас жеткіншек оқушы тобына айтса, мынау өленін Абай өзі үміт еткен, өскелең ойлы жасқа арнайды.

Тағы да жас буынға осы жылда арналған сөздің бірі —«Жігіттер, ойын арзан» деген ұзақ өленді. Бірақ ішіне тіршілік шындығы, күндегі өмір куәліктері көп кірген ұзақ өлең болғанмен, бұл соңғы шығарма жастарға арналған жаңағы екі өленнен идея жағынан төменірек түседі. Онда қазақ жастарының сауығына, үй іші тірлігі-

не, бір-бірімен кездескен мәжіліс ермектеріне көп көңіл бөле отырып, ақынның әсіресе мән беріп айтатын ойы — достық жайында.

Адал, шыншыл адамгершілікке сүйенген жастың достығын айрықша қадірлейді.

Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

. . . . . .

Жолдастық, сұхбаттастық — бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.

. . . . . .

Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!—

деген сияқты ойларды шешендік, ақылгөйлік түрінде әсіресе баса айту — бұл өлеңдегі Абайдың ағалық, ұстаздық ниеті. Бұндағы үгіттеп отырған оқушылары да бала жастар емес, жігіттікке, үй іші тірлікке, кісілікке ілініп қалған өскелең жастар. Солардың арасында қиянатсыз достық айтумен өз ұғынуындағы адамгершілік, адалдық мінездерді жол етіп ұсынады. Алдыңғы ата, әке, буындарының мінезіндегі боямалық, жалған татулық, қиянаткерлік атаулыдан сол аталардың нәсілдерін сақтандырмақ болады. Және достықты, татулықты ер мен ер арасындағы ғана қарым-қатынас демейді. Үлкен достықты шын мағыналы тұрақтылықты жас жігітке ең әуелі өзінің жары мен үй іші тірлікте мақсат ету қажет екенін айтады. Әйелің, құрбың — барлығын да адамгершілікпен дос ете біл дейді. Қазақтың әйеліне арналатын кейінгі адамгершілік, әділет, моральдық ойларының басын осы өлеңде айта бастайды.

...Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса райыс үстіндегі үй,—

деуменен Абай қазақ әйелінің орнын жаңаша, өзгеше бағалайды. Өмір мағынасы мен көркі достықта болса, соның ең бір жарастықты асыл ұясы үй ішінде басталу керек дегенді айтады.

Сонымен, ел ішіндегі көпшілік жасқа өздері жүрген қалпындағы күнделікті тіршілігінің, күнделік жол қағидасын әр алуан мінезділік ретінде өснет стеді.

Және де осы жылда жазылған алдыңғы айтқандардан тақырып, сезім сарыны бөлегірек шығатын бірнеше өлең — Абайдың өзіндік көңіл-күйлері. Өз басының мұң-

шыл, сыншыл ойларына арналады. Бұл қатарға қосылғанда: «Көңлім қайтты», «Патша құдай», «Көкпайға» деген өлеңдер.

Сыншыл ойдың иесі әлеуметтік пайдалы еңбектің өзінің ендігі тірлігіне мақсат, мұрат етіп алған ақын жұртына етіп жүрген еңбек, қызметі туралы күдікті, мұңлы ойларды да ойлай жүреді. Әсіресе, өзінің күнделік өмірі мен тағдырын байланыстырған құнарсыз ортадан көрген опасыздық, қиянаткерлік жайларын жыр ете бастайды. Дұшпан ғана емес, досын деген талайдан да сол күнделікті тірлігінде сан түрлі қиянат көреді. Етіп жүрген еңбегінен түңілмесе де жаңағы топтан түңіліп, оқшаулана бастайды. Ойлы жалғыздың бітімсіз, сыншыл уайымы тәрізді сөздері шығады. Өзі отырған елдің аты тобықты болса, алғашқы сөзі жетіп жатқан орта сол елдің құнарсыз атқамінер тобы болғандықтан және халықтың үлкен арманға толы асыл сөздері сол меңіреу, керең ортада бағаланбай, тыңдалмай жатқанын жеке уайым етеді. Халыққа арналған қамқорлыққа толы зор саналы өлеңдерінің бағасын Абай өзі жақсы білген.

Бұрын қазақ ортасында айтылмаған соны сөз екенін танып отыр. Бірақ елді, көпшілікті өздерінің әлегімен алаң етіп жүрген жаңағы топтар өзі де ермейді, көпті де дұрыс жолға бастатпайды. Абайдай өлең сөзін, ақындық еңбегін әлеуметтік тартыстың құралы етіп жұмсап отырған адамға осы халдер бөгеттің зоры кейінгі көп өлеңдерінде басымдап, үдей беретін ызалы мұң сарыны және де осы 1886 жылдың шаруашылығында әр алуан көрініс береді. Кейде жуан содырлар ортасы Абайдың өз басына да жала жауып, қастық арнап, соққы беруді талап етеді. Өздерін беті-жүзі, демей масқара түрде әшкерелеп отырған сыншы, жыршыдан қолдан келген жаманшылық, пәле, қазаны аямайды. Ояздық облыстық кеңселерге, әр саты соттарға Абайдың үстінен неше алуан қылмыстармен айыптаған жалақор, жалған арыздар түседі. Абайды қырда да қинап, далада да сан қыспаққа салады. Сондықтан «Көкпайға» деген өлеңінде өзінің жеке басы көріп жүрген жапаны айтады. Өз ойынан кешкен ызалы уайымды еске алып отырып:

...Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды,—

деп, қиналу үстіндегі бас сырын шерте түседі.

Осы соңғы өлеңдерді шолумен тексеруде біз Абайдың ақындыққа барынша терең бойлаған бір жылының жемісті нәтижесін талдап өттік.

Қорыта айтқанда, ендігі Абай көп қырлы, терең сырлы үлкен әлеуметтік идеяны жыр қылған ұстаз ақын болады. Шығармаларының бәрі де өзі өмір кешкен ортаның дәл сол тарихтық нақтылы дәуірдегі дәлме-дәл болмысымен, күнделікті шындығымен нық байланысты болады. Және қай жайды жырласа да сыншы шебер реалист боп жазады. Жаңа арманмен өзгеше ақындық үлгі көрсетіп, соны стильдің шебері болып қалыптана береді.

Толғаулы ақынның бұл уақытқа шейінгі ең басты тақырыбына — халық қамына, көпшілік шаруа мұңына арналған, анық жарқын жолдағы жырлар екенін көрдік. Бұл кездегі Абайдың табиғат жайында үлкен ұсталықпен, жаңа үлгімен жырлайтынын аңғардық. Атқамінер, бұзық топтан көрген, сезгендеріне арнап сатиралы бітімсіз қарсылық жолын бастады. Сонымен қатар өзі тіршілік еткен заманның көп топтарынан үміт етеді. Келешек солардікі деп, осы соңғы топқа арналған сөздерін ойлы, мәдениетті ұстаздық қамқорлықпен айтады. Бұл тобы халқының жас жеткіншектері мен ересек жігіттері болады. Соларға айтқан өр талапты өсиеттерінің үлкені — білім жарығына ұмтылу. Шала-шарық емес, анық үлкен өрісі бар, ұлы орыс халқының шынайы қасиетті қазынасына ұмтылу, жету шарт дейді.

Осы айтқандармен қатар біз талқылап өткен 1886 жыл өлеңдерінің соңғы бір түрі — өз басының ой-мұңымен байланған көңіл сыры екенін көрдік.

Біз 1886 жылдың өлеңдеріне айрықша көп тоқтадық. Себебі, өз заманына да, біздің дәуірімізге де Абайды қадірлі дана, анық классик етіп танытатын ақындық жолдың нақтылы арналары осы жылда салынған. Бұдан былайғы жылдардың шығармаларында Абай жаңағы аталған төрт сала тақырыптардан қол үзіп кетпейді. Қайта, өмір бойында халық мұңы, әлеумет қамы, ақынның берік бекіткен діңгегі есепті болады. Өзге үш саладағы тақырыптарға да кейін Абай айнымастан сан рет оралып отырады. Әрине келер жылдардағы ақындық еңбегінің бар көлемі бұл айтылған төрт сала тақырыппен түгелденбейді. Әр кезде осы айтылғандардың үстіне өзі жыл санап үдеп, өсіп отырған ақын тағы да тың тақырыптар-

ды коса береді. Ал, жаңағы аталған негізгі арқауларын алсақ, олардың да әрқайсысына кейін қайта оралып, соғып отырғанда салт-сана жағынан да, ойшылдық, даналық, тереңдікте де батыл бойлап, жаңалық өрістер тауып отырады.

Олай болса, біз бұдан былай кездесіп, ақын шығармаларын тексергенде жаңағы, соңғы айтылған сипат, қасиеттерді, әсіресе есте тұтамыз. Сонымен, келесі жылдар туындыларын шолғанда бұрынғы тақырыптарды қайталаған шығармаларды түгел тексермей, солардың ішіне кейінгі жылдар қосқан жаңалық идея мен көркемдіктің тың сипаттарын айрықша атап отырамыз. Сол арқылы Абай ойының, ізденулерінің және ақындық шеберлікке жетуде айқындай түсетін саты-сатыларын анықтап ескеретін боламыз. Осылайша шолу Абайдың ақындық жолындағы сан алуан эволюциясын толығырақ танытатын болады.

Бұл айтылған сөздер, бір жағынан, 1886 жылдың шығармалары туралы берілген қорытынды есепті болса, екінші жағынан, келесі 1887 және одан арғы жылдардың да шығармаларына шолудың кіріспе сөзі есепті болады.

Сонымен, 1887 жылдың шығармаларына ауыссақ, бұл жыл ең алдымен сан жағынан аз өлең тудырған кез болады. Дәл осы жылдың үлкен өлеңі үшеу-ақ. Оның екеуі — «Сабырсыз, арсыз», «Қожекбайға» («Бөтен елде бар болса») дегендер — ел ішінің содыр-сойқанды, бұзық тобына арналған.

Өткен жылғы көп шығармаларының тақырыбы қайталап, өскелеңдеп кеп тағы жаңа шығармалар туғызады. Бұлардан бөлек, жаңа жылдың, ерекше жаңа, бұрынғы кезде Абайдың өзі де өзге қазақ ақындары да айтып көрмеген тақырыптағы ең бір терең, көркем шығармасы — «Өлең — сөздің патшасы» болады.

Алғашқы аталған, бұрынғы, белгілі тақырыпты тың өлеңдермен қайталаған шығарманың екеуі де ұзақ өлеңдер. Солар сияқты үшінші өлең де аса терең мағыналы болумен бірге, ұзақ жырдың бірі боп шыққан.

...Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсе қызар жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан ала ауыз,—

деп басталатын өлең елдің сорына біткен қу мен сұмның неше алуан жексұрын, жиреніштi кескінін бейнелейді.

Өздері елдің тұнығын лайлап, береке тыныштығын кетіріп жүрген бұзық бола тұрса да, толып жатқан әмір-құдіреті солардың қолында:

...Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе, ауыл шабам деп.
Сүйтіп құдай атады...

Қазақтың Абай тұсындағы сан байлары, болыс, атқамінерлері өздерінің баю жолына неше алуан талан-таражды пайдаланса, кейде қолдарына ұры сақтап, аттандырып отырып, бөтен елден мал ұрлатып, байып отырғандары да болған. Жаңағы елді сорлатып отырған, жуан содырдан шыққан ұрыны айтады.

Өйткені ол бірде ұрлық қылса, бірде «ауыл шабам» дейді екен. Ауыл шабу — жәй ұрының ісі емес. Артына қара-шоқпар, сойыл соғарды ертіп алған мықтының, әкім-әміршінің жұмысы. Қырда осындай сойқанды салып отырып, сол адамдар және қалада да ең үлкен пәле басы өздері болады.

...Пысық кім деп сұрасаң —
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай,—

деген нақтылы айыптау сөздер жаңағы ел берекесін кетіріп жүрген жауыздардың бір тірегі, ұшығы қалада болғанын білдіреді.

Сөйтіп, бұл өлеңде біз ел бүлдірушінің тағы да тың әрекетін көре түсеміз. Бұндағы атқамінер, Абайдың бұрынғы суреттеген қапаушы топ өкілдерінен, қосымша сорақы сипаттармен толыса түседі.

Негізгі мазмұн өзгеріп ауыспағандықтан, Абайдың бұл өлеңіне тұр, стиль жағынан қосылған тың жаңалықтар жоқ. Тек ызалана түскен ақынның ашу тілі шырығып, өткірлене береді. Жауыздық «харакеті әрекет» деп бұрынғыдан да айқындап беріп, енді осы сөзді арнап отырған тыңдаушысы басқа жандар екенін сездіреді. Өзі өшігіп, әшкерелеп отырған жуанға арнаған сөз емес, елге, көпке жеткізсем деп отырған сөзі.

...Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ.
Абайлаңыз, байқаңыз,
Елдің жайы солай-ды,..—

деумен Абай анық елдік үшін күйзелетін көпке сөйлеп отыр. Елдің дұшпаны кім екенін таныта түседі.

«Көжекбайға» деген өлеңнің, бұрынғы біз талқылаған, осы тақырыптас өлеңдерден тағы бір айырмасы бар. Онысы — ел ішіндегі атқамінер, бүліктің атын «Көжекбай »деп атап тұрып, соның бар мінезін, іс-әрекет, қимыл-құбылысындағы бейнесін сипаттап беруінде. Тынымсыз бүліктің бір алуан портретін қапысыз түгел түсіреді. Және бір Көжекбай емес, көп Көжекбайдың психологиясынан жиынтық бейне туғызып, обобщение жасайды.

Осы өлеңнің ішінде, Абайдың кейінгі әдебиетке және халық даналығына афоризм есебінде қосып кеткен әлденеше шебер ақыл, нақыл, сыншылық сөздері бар. «Күн жауғанда қойнында, күн ашықта мойнында» немесе «Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ»— деген сияқты жолдардың жөні бөлек. «Ел бүлігі тобықты, көп пысыққа молықты»— деген мәтел есепті жолдар да осы өлеңнен табылады. Көжекбайлардың көмектесі, жемтіктесі кімдер екенін де осында ашады.

...Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды,
Ку старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды,—

дегенде, көжекбайлықтың тамыры мен тегі қайда жатқанын танытады. Бұлар патшалық әкімшілігінің қазақ арасына орнатып отырған аппараты. Бұзықтық пен азғындықтың айықпас, арылмас ұясы соларға сүйенеді. Пәле басы әкімшілік құрылыста, қоғамдық жаманшылықта екенін аша түседі.

Сонымен, бұл аталған екі өлең бұрынғы тақырыпты тың дәлелдермен, дерек, әрекеттермен байытады. Аты аталып, таңбаланып берілген әкімдер, атқамінерлерді қосады. Әлеуметтік дерттің иелерін бұрынғыдан да күшейе түскен ызалы сыншылдық, өткір сатирамен әйгілеп әшкерелейді.

Өзінің үлкен тақырыбы — қоғамдық мінді айту болса, ақынның бұл жөнде қайта басқанын көрмейміз. Жауыздық, жаманшылықпен алысуда бұрынғыдан да күшейе түсіп, үдей басқанын байқаймыз.

Осы жылдың өзгеше бір шығармасы — «Өлең — сөздің патшасы». Ол — қазақ оқушысына ертеден даңқты

көркем әдебиетте Абай тудырған биік тұрғы есебіндегі өлең. Бұған шейін ақындықтың әлеумет тірлігіндегі өзгеше қасиеттерін Абайдың өзі де жырлаған жоқ-ты. Ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты туралы қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын өзге де жырлаушы, жазушы болмаған. Ең алдымен, бұл өленде Абай ақындық өнері, ақын шығармалары әлеуметтік тартыстың үлкен құралы, зор мәнді әрекеті екенін анық түсінгенін көрсетеді. Шығарманың үлкен идеясы анық халықшыл демократ қайраткерлердің салт-санасын танытады.

Ең алғашқы сөздерде өленге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жаңа норма жариялайды. Адам баласы айтып келген сөздің асылы — поэзия екенін биік бағалаумен бірге, оны төмендететін олқылықтарды да алдымен айтады. Ал, шын жақсы өлең ердің ері, данасы туғызатын сөз болады. Шын жақсы өлең өзі де даналықтың айғағы дейді. Бірақ өзіне шейін қазақ көпшілігіне жайылып жүрген өлең бұны қанағат еткізе алмайды. Айтушы да, тыңдаушы да надан болғандықтан поэзияның зор қасиеті тумай да, танылмай да жүр дейді.

Келесі бір-екі шумақта Абай өлең сөздің бағасын дін деректерімен дәлелдейді. Мұсылманшылық ұғымынша ең беделді деген жайларды дәлелдейді. Тәңірінің өзі, пайғамбары мұсылмандарға ұстаздық етуші әулие ғұламасы бәрі де өленді қадірлейтін боп аталады. Бірақ қатты ескертетін нәрсе, Абай бұл жерде ислам дінін мадақтау үшін жаңағыларды сөз етіп отырған жоқ. Тек хат танитын қазақ оқушысының көпшілігі мойындаған дін ұғымдарын, өзіне шартты түрде керекке жаратады. Өленнің сол ортадағы беделін көтеру үшін пайдаланады. Болмаса исламның анық дін басы үгітшілерінің — имам сопыларының, молда-ишандарының көзімен қарағанда, Абайдың өлең сөз туралы жариялап отырған жаңалықтарын түгелімен күпірлік деп санар еді.

Өзі бағасын көтермек болған өленді құдай айтқан құранмен, пайғамбар айтқан хадиспен теңеуден артық бұзарлық болмас. Абай ол арасын жақсы ұғынса да, мына тұста сол дін авторитеттерін өз керегіне жаратады. Онысы және өзінің терең нанымы емес, халық ұғымына берілген баж деп танылу керек.

Осыдан ары Абай эстетикалық жаңа принцип жариялайды.

...Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?—

дегенде, жаңа ғана осының алдында аталған ислямияттік норманың барлығын оп-оңай аттап өтіп, тура 1860 жылдарда Чернышевский, Добролюбовтай революцияшыл-демократтар әдебиет үшін жариялаған эстетикалық негізге ден қояды. «Іші — алтын, сырты — күміс» демек, мазмұн мен түр мәселесіне Абайдың өз көзқарасын анықтайды. Түрден мазмұн қымбатырақ, бағалырақ дегенді анық танытады. Дәл осындай озғын оймен Абай орыстың классик әдебиетінің ішіндегі ең биік шыңдығын танып, талғап алғанын көрсетеді.

Мазмұнды жоғары бағалаған Абай өз заманы үшін ғана емес, дәл бүгінгі біздің социалистік әдебиетіміздің тұрғысынан қарағанда да, ең жарқын жолда тұрғандай. Осылайша, эстетикалық ең биік тұрғыға ойын өрбіткен Абай, енді өз алдындағы қазақ әдебиеті тарихына да өзгеше талап қойып, сынмен қарамасқа мүмкін емес.

Осыдан кейінгі көп шумақтарда айтылатын ойларының барлығымен Абай ақындықтың, соның ішінде өз ақындығының жаңа платформасын, үлкен декларациясын жариялайды. Бұл жөнде Абайдың толғаулы ойы, диалектикалық отрицание дәрежесіне, философиялық биікке өрлейді. Өткен тарих қалдырған әдебиетке тарихтық, философиялық қатты сынмен, қатал соқтығады. Бұрынғы қазақтың «жүйрігі, шешені» деген ескі биін мақал көлеміндегі жаттанды шешендіктен аспаған арзан ойдың көзқарасын көрсеткендер деп біледі. Әсіресе, бұрынғы ақындардың кейбір топтарына ерекше, қатты соқтығады. Сатымсақ ақынды — жағымпаз, жанын жалдаған жексұрын ақын етіп, өнер ұстап жүрудің орнына қайыршылыққа кеткен сорлылықты әшкерелейді.

...Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап,—

деген төрт-ақ жол өлеңінде Абай қазақтың бұрынғы поэзиясында таптық жіктің өзі де айқын екенін көрсетеді. «Ақын» аталып жүрген үлкен топтың ішінде үстем тап-

тың, бай мен әкімдердің жыршы-жаршысы боп жүрген санашылары бар екенін атап тұрып, таңбалап береді.

Қасиетті өнерді жағыныш, мақтанышқа жұмсап, көп құнсыздың, жуан содырдың тобын қошемет қылған ақынды сол топтың өзіндей, халық ортасындағы ең бір жиренішті жандардың қатарына апарып қояды. Абайдың сыншыл, тапқыр әділетті ойы — ол ақындар айтып жүрген сөз, қазақ халқының өзіне де «қадірсіз, былжырақ» екенін ашып айтып береді. Өзі көпшілік шаруа елінің сыншылы, қайраткері болғандықтан, жаңағы топтан өзінің арманы мен мақсатын біржолата бөлек етіп, айырып, ажыратып алады.

...Ескі бише отырмын бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяндап,—

деуменен жаңа жарияланған ақындық декларациясын нықтай түседі.

Сонымен қатар өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінеді. Өсиет өлең халық дертінің тарих қайшылықтарының бәрін емдеп, тазартатын өзгеше құрал деп біледі. Ал, Абайдың үгіттейтіні зор адамгершілік пен халықшыл тазалық жолдар болғандықтан, өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең-өсиетпен түгел жайып, жоғалтуға болады деп иланады.

Басқаша айтқанда, адамгершілік, ар, ақтық деген сияқты қасиеттерді тәрбиемен көпке жайса, өмір де, қоғам да, халық тағдыры да өзгеріп, түзеліп кететіндей көреді. Бұл жәй — бір Абай ғана емес бүкіл дүние ақындары мен ойшылдарының және бұрынғы орыс классиктерінің, әлеумет қайраткерлерінің де, бәрінің басынан кешкен ортақ жәй. Адам баласындағы ұждан, орысша айтқанда, нравственность мәселесі орнына келіп, толып жетсе, сонымен қауым, қоғам тірлігі, тарихы өзгеріп, жақсы боп кетеді деген ойды бұрынғы идеалистік жолдағы ойшылдар мен қайраткерлердің бәрі де ойлаған. Адамгершілік түзелумен тарих түзеледі деген көзқарас Маркске шейінгі дүние жүзілік ұлы адамдардың бәрі де ден қойған наным болатын. Тек Маркс қана экономикалық болмысының негізі өзгермей қоғамдық салт-саналық күйлердің өзгеріп, толмайтынын ашып берген еді.

Абай «сөз түзелді, сен де түзел» дегенде, бір-ақ ауыз өтілу сөзді айтып отырған жоқ. Осыдан бұрынғы жазылған және кейін жазылатын барлық шығармаларында, жаңағы сияқты өзгеше нанымды көп таратып танытады. Өзінің барлық шыншыл, әділетшіл қажырлы еңбегімен, өлең ұстаздығымен заманын түзеп алады екенмін деп түсінеді.

Өз еңбегін сондайлық ұлы жолдағы үлкен адам мүддесі бар, ерекше еңбек деп түсінген Абай енді ақындық шығарманың өзін де жанр мен түр жағынан іріктеп, талдап алады.

...Батырды айтсам ел шауып алған талап.
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап,—

деген толғауда үлкен мән, терең сыр бар.

Халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз өзіне бөлек, бір алуан болсын. Онда терең оймен, ашық шындықпен аралас үлкен тәрбиелік мән, мағына болсын дейді. Ал, осылай талап қойған Абай ақындықтың көпшілігі туды-ратын әңгімелі поэзия, уақиғалы, қызық сюжетті поэмаға сынмен қарайды. Оны өзі жазудан тартынады. Себебі, батырлық пен қыз, қызықты жазу — оқушының көңлін ақын өзі баулып, бастаймын деп отырған тәрбиелік жолдан алаң етіп, аударып әкетеді. Ондай шығарманы оқушы ойланып, тәлім алатын боп, оқып тыңдамай, әншейін арзан қызық, болымсыз ермек ретінде тамашалап кетеді деп біледі.

Екінші жағынан, қазақтың Абайдан бұрынғы көпшілікке жайылып жүрген ақындық мұраларының өзі де, осы Абай айтқан жайды дәлелдегендей болатын. Бұрынғыдан қалған батырлық жырлар, ашықтық жырлар — барлығы да өз заманындағы тәрбиелік, үлгілік қасиеттерінен айрылып, тек қызықты әдебиеттер ғана дәрежесінде қалғанын Абай өз тұсындағы тыңдаушылар беретін бағадан әбден біледі. Сөйтіп, осы жағдайға қарап та, бұрынғы қазақ поэзиясының дәстүрінен кейін серпіледі. Оларға қарсы бетке шығып, диалектикалық отрицание заңы бойынша жол кешеді. Бұрын қазақ тарихында, әлеуметтік санасында болмаған жаңалықты әкелуші ақын, ең әуелі өз алдындағы тарихи ескілікпен қатты шайқасады. Ескіріп, тозып, енді өмірге жарамсыз, көне

боп қалған дәстүрлерден өзінің негізін аулаққа салады. Іргесін ажыратып алып, тың дүниені тарихтық жаңа жолдан іздейді. Осылайша, ақын мен ақындық туралы, олардың қоғам тірлігіндегі міндет, мүддесі туралы өзінің үлкен өріс арнасын саралап алып, бұдан кейінгі шығармаларында дәл осы бір өлеңде қалыптанған негіз бойынша әрекет етеді.

Әрине, Абайдың өз алдында, өз тұсында болған кейбір ақындардан жиренуі — бүкіл қазақ халқына біткен ақын атаулыдан торығып, аулақсыну емес. Сол сияқты, батырлық жөніндегі жырларды өз басына қабыл етпегенде, мазмұнын, көркемдігін біржола мансұқ еткендік емес. Ендігі тарихтық дәуренде, қауым тіршілігі жаңаша, басқаша боп өзгеріп құрылу керек дейтін. Абай, ақындық міндетті түсінуде, үлгі алуда, орыстың классик әдебиетіне бет бұрады. Содан тәлім алған жаңа заман үншісі, ұраншысы енді халыққа басқаша әдебиет керек дейді. Бүгінгі өмірдің бүгінгі тартысына белсене араласып, басқаша тірлікке халық көшін бастайтын идеялар керек. Сол талабына сол тұрғыдан қараған қырағы сыншы көзіне «Өлең сөздің» ішінде аталған байшыл, әкімшіл, жағымпаз, сұрамсақ ақын жат болып көрінбекке мүмкін емес.

Халықты ондай ақындардың әсерінен, ықпалынан Абай ажыратып, айырып алмақ. Ал, батырлық жыры сияқты халық қазынасы сақтаған дастандарды Абай негізінен керексіз демейді. Тек, бүгінгі тартыс, мақсат үшін оның жәрдемі аз дейді. Осылармен қатар, Абай халықтың өзіне жақын, ел мұңын айтатын ақындар жоқ демейді. Қайта солардың барлығын қуат көріп отырып, оларға енді қандай өлең айту шарт, міндет екенін ұғындырмақ болады. Ал, қалың елдің көпшілігі қолданып жүрген анық халықтық мұң мен шердің жырын ол жат санамайды. Адам басындағы қуаныш-қайғыны әдет-салтқа аралас тұрған өлең-жырды және ел даналығын танытатын мақал, нақылдың баршасын да Абай түгелімен қостап, құптайды.

Соларды қалың көпшіліктің сүйіп, қадірлейтінін, Абай өзі де 1888 жылдың тағы бір ақындыққа арналған терең, көркем «Біреудің кісісі өлсе қаралы — ол» деген шығармасында терең танытады. Өз өлеңінің қадірін, мақсатын халыққа жеткізе түсу үшін тыңдаушысы мен оқушысына ежелден тән болған ақындықты сүйгіш мінезді еске түсіріп өтеді. Елдің өз көңіліне түсінікті тілмен да-

усыз дәлелдер келтіріп сөйлемек болады. Ақын өзі шығарып таратып жатқан жаңа мән, мүдделі шығармаларын ел тіршілігінің керегіне, көмегіне жаратпақ. Әлеумет тартысына қапысыз құрал етіп араластырмақ. Содан өлең сөздің ел тіршілігіне күнде араласып жүргенін еске алып, санап өтеді. Өлең қазақтың халықтық әдебиетінде, жақсы дәстүрінде қандай зор орын алғанын тегіс теріп айтады. Кісісі өлген жан күйерлер бар зарын өлеңмен айтады екен. Елдің салтындағы өлең — тірлікке күнделікті ілесіп, үнемі араласып отырады екен, соны тереді. Қайғы-қазада, шат-шадымен қуанышта, толып жатқан әдет-салтта өлеңсіз өмір жоқ екенін атай келіп, осы анық халықтық қасиет деп бағалайды. Бұл жөнінде жалғыз ауыз өлеңмен ерекше кең, мол мағынаны берген мысалын көреміз.

...Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаншы бос қақпай елеп-селеп,—

деген терең толғау арқылы, қазақ халқының жақсы әдеті бойынша адамның барлық өміріне өлеңнің қатар ілесіп отыратынын айтады.

Халық дәме қыларлық, анық ел мұқыпа жақын ақындарға арнап тұрып, халықтық талап білдіреді.

...Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйенерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ бол, әпін сатып пәрсе алғаннан,—

деп отырып, халыққа мазақ болма, қадірлі, сүйікті қайраткері бол дейді.

Бұл тұста да Абай әшкерелеп, аластап шығарған жағымсыз ақындардан басқа, халықтың өзіне жақын, өз ақыны бар екенін айыра танытып отыр. Бірақ осылардың алдында атағы, даңқы көпке мәлім бол жүрген, беделді ақындар бар. Абай үгіттеп, тәрбиелеп отырған ендігі жаңа заман ақындарына сол алдыңғы авторитет саналып қалған ақындардың ықпалы мен залалы тиюі мүмкін. Сол себепті, өзі сыншыл, өзі ер, жарқын талапты жаңа жолдың ақыны бұрынғы «кәрі аруақ» сияқты бір топ ақынды, әдейі аттарын атап тұрып, сынап, шенеп өтеді.

...Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау.

Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,—
Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау!—

дейді.

Бүкіл XIX ғасырдың атақты ақындарының ішінен Абайдың осы үшеуін іріктеп алуында да тарихтық себеп бар. Абай өскен ел — Арқа қазақтарының ортасында, әсіресе, беделді болған осы адамдар. Абайдың алдындағы әдебиеттік мол ағымның, әсіресе, Орта жүз ішіндегі қайраткерлері осылар. Бала шағынан, жас күнінен өзі өскен феодалдардың, үстем тап өкілдерінің ортасында анық абыройлы ақындар да осылар боп саналған. Осы үшін де Абай бұл ақындармен қатты қағысады. Олардың бәрінен қалған мұраны жиып-теріп, бір-ақ мығым сын береді. Өлеңдері «бірі — жамау, бірі — құрау» дегенде, олардың өлең ұйқастырып, сөз қиыстырып жүрген ақындығын олқысынып отырған жоқ. Үшеуінің бірдей идеясын, бәріне ортақ ой кедейлігін әшкерелейді. Халықты алға бастар өнімді жолдары жоқ. Саналары әрі надандықта, әрі кертартпа ескілік, қараңғылықта жатқанын мінейді.

Абай ұғымынша, халықтың арманы зор қасиетті өлең олардан өз заманында да туған жоқ. Өзекті ой мен озғын идеал болмағандықтан тарихтық тілектердің керегіне жарамсыз болғандықтан, бәрінің шығармасы жамаужасқау, шоқпыт-құрау сияқты. Ой бишаралығын, жүдеулігін ғана көрсетеді деп соққыға ұшыратады. Әсіресе, осы адамдар Абай, Шоқан, Ыбырайлар арман етіп отырған жаңалықтан, орыс халқының ұлы мәдениетінен ел сапасын, жас буынын, бар ұрпақтарын алыстатып ұстауға тырысқан. Өздері заман өтіп бара жатқан надан, топас хан-төренің кілеміне түскен ақындар болғандықтан, әсіресе Абай өшіге түседі. Олардың орнына, жаңағы өлеңнің аяғында ақын өз мақсатын тағы да жақсы жырмен жариялап, оқушыға ұғындыра түседі.

...Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан — сауық ойда жоқ ғуел баста-ақ,—

дейді.

Өлең — ермек емес, өнердің басы. Ол өнер халықтың тілін де, ойын да жаңғыртып, түлетіп өсірсін. Ең алды-

мен, алысқанда, надандық, қараңғылықпен алыссын. Соны жас ұрпаққа, халықтың болашақ тарихының жаңа қауымына әдейі арнап тұрып айтады. Тағы да шынайы әлеуметтік тартыстың құралы болған өлең арзан бағаланбайды. Жеңіл жеңіске, сән-сауыққа ермек қана боп кетпейді... Өзгеге, алысқа, халықтық, тарихтық ұлы арманға мегзейді... Өлең жазудағы мақсатым осы, бұл халқым алдындағы қарызым дей түсіп, Абай бұрын жариялаған ақындық платформасына тағы да бірнеше кесек ойлар қосады.

1888 жылдың аз өлеңінің ішінде тағы бір орны бөлек шығарма сахараның табиғатына, пейзажына арналған жаңа өлең —«Қыс». Бұл өлеңнің басында Абай анық орыс классик поэзиясымен байланысты, мәдениетті бір стильді көрсетеді. Қыстың өзін тірі жанды, бейнелі етіп сипаттайды. Бұл да тапжылмай қатып тұрған бейне емес, қозғалып, қорқынышты әрекет етіп келе жатқан өндімелі, динамикалы жанды образ. Бірнеше белгілеріне қарағанда, ол Некрасов шығармаларындағы Дед-Морозға (Аяз-бабайға) ұқсайды. Бірақ қазақ поэзиясы және қазақ халқы да қысты бұлай суреттеп көрген емес. Ауызша бір ғана мәтелде «Қылышын сүйреп қыс келеді» деген жалғыз метафора болмаса, қысты адам етіп, оның ішінде шал етіп шамалаған суреттер қазақ поэзиясында болмаған. Бірақ орыс поэзиясынан осындай жаңа бейнені ала отыра, Абай өз өлеңнің алғашқы шумақтарында сол жаңа образды қазақ оқушысына қонымды етіп, оңоңай таныта келеді. Әсіресе, Абай заманындағы қазақ оқушысына аса түсінікті бейне шығады. Бұны танытатын «Қәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды» деген жол мен «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» дейтін кесек теңеулер.

«Қәрі құда»— ең сұрамсақ, әсіресе алымпаз, тойымы жоқ, жеміт құда. Ол және қызын бермей талдырумен қатар, сан рет қайталап, еселеп соқпай, ала бермей тынбайды. Әрдайым айналып соғып отыратын қысты, осы құдаменен теңеу арқылы Абай Аяз-бабайды орыс әдебиетінен алып келіп, оқушысына өзінің құдасы етіп, қабыстыра кетеді.

Бірнеше өлеңдік шумақтармен кең, көркем таратқан қыстың өз образынан соң, Абай және де мал баққан көшпелі елдің сахарасындағы кең пейзажды шыншыл шеберлікпен беріп өтеді. Баланы да, алыста жүрген отар-

дағы жылқышыны да, панасыз далада тебінмен күн көрген жылқыны да, оларды торыған қасқырды да түгел айтады. Осы саналған жан-жануар киял тудырған заттар емес, анық реальдық болмыстың елесіндей шындықтар. Соларды аз сөздермен, аз шумақтың ішінде атап, бейнелеп өтудің өзінен-ақ ақын көп жайды өз оқушысына ескертіп, танытып отыр.

Тек, бұнда еңбек иесі жылқышы, адам тобының ішінен ең алдымен ауызға алынса да, екінші кезекте үйде отырып, әмір-бұйрық қана жіберіп жатқан байды да еске алады. Бірақ әлі де пейзажды, жансыз дүлей табиғатты адаммен, малмен аралас алуда, реалистік шеберлікті көрсетіп отырған ақын идея жағынан өзге өлеңдерінде жеткен өрісіне өрлемейді. Малшының күйіне көңілі күйзеліп, байдың бейнетсіз өмірін сынамай, тек көргендерін санап өтуші халінде қалады. Тартысты танытарлық идеяның жетімсіздігінен, қыстың суреті, көбінше, көлденеңнен көруші, салқын қанмен сөйлеуші адамның созерцаниесі болып қалады.

Осы аталған ақындық жолмен жыл санап кеңейіп келе жатқан мол сырлы, көп салалы ақындық өрісі енді келіп 1889 жылға жетеді. Ұлы ақынның қадірлі еңбек жолында дәл осы жыл және де аса бір мол жеміс берген жыл болады. Бұл жылы өз шығармалары мен аудармаларын қосқанда, жиырма жеті өлең туды. Орыстың ұлы данасы А. С. Пушкинге қазақ сахарасынан шыққан елші-баршы Абай ақын, дәл осы жылы оқушы ғана болып бармай, оның ойына ой, хиялына хиял, шабытына шабыт жалғап табысады. Сонымен, 1889 жылдың жеке аталатын сегіз өлеңін аударма алады. Бұлар Пушкиннің «Евгений Онегинінен» қазақ ақыны жыр еткен үзінділер. Біз Абайдың барлық аудармаларын бөлек тексеріп өтпек болғандықтан, қазірде мынау еңбегіне айрықша тоқтамаймыз.

Сонымен, 1889 жылдың қалған он тоғыз өлеңін тақырып жағынан жіктеп өтейік. Бұнда да бұрынғы жылдар бойында ақын шабытын, азаматтық арманын, халық қайраткерлері есебіндегі идеяларын және терең сырлы, шеберлене түскен сезім сырларын, өздеріне тартқан арнаулы тақырыптар айқын көрініп тұрады. Ең алдымен, қоғам тірлігіндегі кесір-кесел есепті жаманшылық, сорақы күйлерді әшкерелеп алысқан тартыс өлеңі бір тақырып болады. Олар — болыстарға қадап, көзеп айтқан енді

анық өткір ызалы, улы сатираға айналған шығармалар. Осымен қатар бұл жылда және де ақынның ой толғауын, бас мұқын азамат арманымен қабыстырған ірі шығармалар туады. Бұл жылда Абай өз ақындығының мәнмақсатын тағы да тақырып етеді. Бұлардың үстіне, бір топ өлең әйел жынысына арналған көркем, сыншыл сөздер болады. Бұлардың кейбірі ынтық-ынтызар, ғашықтар сөзі боп жазылады. Және де осы жылда бұрын ақын бірнеше рет жыр етіп көрген табиғат жайы, қазақ сахарасының көшпелі ауылында орнаған күз көрінісі жыр болады. Сол саналған бес тақырыптың үстіне, жоғарыда аталған, көп аудармалар қосылып, Абайдың 1889 жылғы ақындық еңбек қорытындысы және де іргелі, сапасы биіктеген салаларға бөлінеді.

Қоғам ортасындағы үстем таптан шыққан зиянды элементті Абай бұл жылғы өлеңінде барлық орны, дәрежесімен атап, таңбалап береді. Осы жерде, 1889 жылы жазылған «Болыс болдым, мінеки» деген өлең мен «Мәз болады болысың» деген өлеңнің орны, үлгісі өзгеше деп тану керек.

Алғашқы өлеңді, бертінде анықталған деректерге қарағанда, Күлембай деген болысқа арналған деп санаймыз. Бірақ, бір Күлембай емес, сол арқылы Абай бүкіл қазақ сахарасындағы XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі болыс, феодал, әкім атаулының барлығын сипаттап, зор обобщениелік шығарма туғызады. Болыс атаулының бәріне ортақ анық шындықты ерекше шебер мысқыл, сатирамен әйгілейді. Бұрынғы шығармаларында да зиянкес содыр-сойқан атқамінер тобының іс-әрекетін әшкерелеп жырлағанда, Абай болыстарды жиі атайтын. Ал, мынау өлеңде ел ішіндегі көрнекті әкім, пәле басы анығында болыстар болғандықтан, нақтылап тұрып, бөліп алып, шын содырдың өзін әшкерелейді. Айтайын деген сын-шенеудің ең үлкен тақырыбын ортадан ойып алып, оқушының алдына «сұм кескіні мынау» деп, көлденең тартады.

Көркемдік, суретшілік, сыншы мысқылшылық жағынан ерекше толық шыққан бұл шығарма, ең алдымен, болыстың психологиялық портретін береді. Оның ішкі есеп, айла, тәсілін сан құбылған мінез-құлқын, қимыл-әрекетін қапысыз, толық бейнелеп шығады.

Абай роман жазған жоқ. Қазақ тұрмысынан басқа түрлі де оқиғалы, сюжетті шығарма беріп, адам образдарының алыс-тартыстарын мол шығарма көлемінде сурет-

теген жоқ. Бірақ сонда да, ол қалыптаған болыстарға қарасаңыз, жақсы роман, повестің ішінде толық берілетін жанды образдың бар мүсін, кейпі осы өлеңдерде қапысыз қамтылған деуге болады.

Тағы бір айта кететін ерекше мәселе, осы болыстардың қоғамдық, таптық ерекше бір шындығы турасында. XIX ғасырдың аяқ кезінде бұрынғы ірі феодал өзі де азып, іргесі ыдырап барған сайын халық көзінде сорақы бітімдерін айқындай бастайды. Және ұсақтаған топқа айналды. Бір замандағы хан, төре, немесе ру басы, жуан бел би, аталы шонжар, рушыл әкімдер тұсында істелетін көрінеу жауыздық пен қанаушы зорлықтар енді басқа түрде жүретін айла, тәсілге ауысты.

Елдің ендігі қиянаткер әкімдері жаңағы болыстар болса, олар бір жақтан таптық қанаушылығын жүргізе отырып, екінші жағынан, әрі жалтақ, әрі қорқақ жағымпаз да болатын. Жаманшылық қастығын істей отыра, сол кездегі тарихтық, қоғамдық көп қайшылықтарды көре бастаған, аңғара бастаған көпшілік халықтан жасқанатын да, неше алуан алдамшылық, аярлыққа салынатын. Бұл жағынан да, қазақ сахарасына патшалық өкіметі өзіне өкіл етіп қойып отырған әкімдердің шындық сырын ерекше батыл, турашылдықпен ашып беру — Абайдай халықшыл ақын үшін қасиетті жол еді.

Сөйтіп, жаңағы болыстың кескініне келгенде, Абай ең әуелі оны өз тіліменен сөйлетіп, неше алуан қорлық, масқара шындықтарын өз аузымен айтқызады.

...Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап,—

деген жолдардан бастап, сұмырай болыс өзін-өзі әшкерелей береді. Ақын сатиралық ең бір өтімді, дәлелді және өмір шындығына ерекше жақын, төте жолын алады. Жауыздығын өз аузымен тегіс түгендетіп өзіне айтқызу — Абайдың жаңадан дәл басып тапқан шебер әдісі. Психологиялық ерекше толық портрет болудың үстіне, болыстың кескіні сол болыстың өзі жасаған автопортрет болып шығуы бұл өлеңді ерекше реалистік дәлдікке жеткізеді. Орыстың классик әдебиетінде Белинский атаған «Натуральная школа», Гоголь шығармаларында пелер қоғамға залалды, жексұрын, жауыз топтарды осындай ерекше жолмен әшкерелеген болатын. Талай городничий-

лер, Чичиков, Собакевич, Ноздревтер өздерін-өздері, әсіресе, айқын әшкерелейді емес пе?

Абайдың болысына келсек, ол өз аузымен қорқақтығын, екі жүзділігін, өтірікшілігін өзі ашады. Жегенін қайта құсу үстіндегі өкінішін де өзі мәлімдейді. Оязға жағыну кезеңінде:

...Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдап.
. . . . . .
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап,—

дегенде, масқаралық күйге жеткен болыстың қалпын карикатура үлгісіндегі мазақпен жеткізеді.

...Антұрғанмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті екенін
Көрсем дағы, күтпеймін,—

деген сөздермен құнарсыз болыс өз жауыздығының тамырын да ашады. Бір бұл болыс емес, осымен қатар жүрген ұлық алдында беделі тәуір болыстарды да Абай оңдырмай іле кетеді.

...Елі жөнді болыстар,
Мақтанып жүр тарқылдап,
Күлкісі жақсы қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап,—

деп, олардың да сорақы сықын аша түседі. «Тарқылдап» жүрген мінез-кескін сорақы тұрпайылықтан басқа, жетісіп жүрген халді, жарасып тұрған мінезді немесе сол бір жөнді ойы бар адамшылықты сипаттамайды.

Күлембайдың өзін бейнелеуде қолданғыш неше алуан ерекше мысқыл эпитеттерін салыстыру шенеулерін Абай бұл жерде де оқтай өткір етіп, әдейі қолданады.

Абайдың болыс туралы шығарған осы жылғы «Мәз болады болысың» деген өлеңінде де жиын болыс атаулы тағы да барлық жексұрын жүзімен ашыла түседі. Онда ар-ұятын оқалы тонға сатқан жұрт жауы және де нақтылап көрсетіледі. Солардың бәрін өз оқушысына әйгілеп отырып, ақын халықты бұл сияқты дұшпандарыннан «жасқанба» деп үгіттейді.

...Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.

Елең қағып елбірер,
Еліртіп көзді аспанға.
Жайы мәлім шошканың,
Түрткенінен жасқанба,—

деп, соншалық қажырлы қайрат-қарсылығын таратады. Ащы ызамен аралас, осы тұста ақын барлық ұлыққа арнап, ажал оғын атқандай болады.

Бұл өлеңдерді тексеру жайын қорыта келе, атақты Чернышевскийдің Салтыков-Щедрин сатирасы турасында айтқан бір ойын еске аламыз:

«Олардың (чиновниктердің) қоғамдық қылмыстарын бұдан аса ащы тілмен жазып, біздің қоғам денесіндегі дерттерді бұдан артық рақымсыздықпен жарыққа салған жазушы болған емес»,— деген.

Сөйтіп, Абайдың жаңағы өлеңдері сияқты, әлеуметтік тартысқа арналған шығармаларындағы шыншылдық, реалистік үлкен дәстүр оны тек Пушкин, Лермонтовтармен ғана табыстырып, туыстырмайды. Біздің ұлы ақынның ой-санасының өсуі орыс әдебиетінің XIX ғасыр бойында үдеп, өскен реалистік дәстүрінің кейінгі табыстарын да мол қамтиды. Абайдың өз заманындағы өмір шындығын ерекше шебер, реалистік үлгімен бейнелеуін Белинский айтқан тағы бір оймен шенестіру қажет:

«Әдебиеттегі натуральная школаның жазушылары арқылы біздің әдебиет нағыз шындық жолмен өрледі. Шабыттың, әлеуметтік арманның ең нақтылы негізіне сүйенді, сол арқылы әрі орыс әдебиеті, әрі бүгінгі әдебиет болды»,— деген.

Және осы ойына қоса «енді бұдан былай, осы шындыққа, натураға берік болған қалпынан өзгермек емес»,— дейді.

Абай шығармаларын тексерудің басынан бері қарай, біз айтып келе жатқан бір пікір, оның ақындық жолында айқындап шыққан реалистік дәстүрі болатын. Бұл жолда біздің ақынның табысқан, түйіскен даналары орыс классиктері дегенбіз. Шыншылдық, нақтылы дәлдік және қоғам өмірінің күнделік болмысымен байланыстылық жағынан алғанда, біз Абайды да Белинский айтқандай, әрі қазақтың халық ақыны, әрі өзінің тарихи дәуірімен барынша байланысты ақын болды дейміз.

Орыс әдебиетімен жалғасын алғанда, аудармалар мен мәдениеттілік, көркемдік, анық классиктік дәстүр жағынан Абай Пушкин, Лермонтовтан әрине көп үлгі алды.

Бірақ тереңдеп талдай бастасақ тек солармен ғана байланыс жасап, тоқтап қалмағанын көреміз. Белинскийдің сан-сапалы, терең түйінді ойларының көпшілігі Абайдың қоғамдық тақырыпқа жазған шығармаларынан әр кезде танылады. Герцен ойларының да Абай еңбектерінен өз орнын тауып отырған жерлерін айқын аңғарамыз. Және, әсіресе, 1860 жылдарда Чернышевский, Добролюбовтар айтқан қоғамдық, сыншылдық ойлар Абай шығармасынан өз бойын көрсеткенде, әсіресе сүйсіне түсесің.

Жаңағы аталған революцияшыл-демократтардың қоғамдық идеясын, эстетикалық, философиялық идеяларын өздерінің шығармаларында талай танытқан Салтыков-Щедрин, Некрасов шығармаларымен де Абай көп жерде жақсы табысып, түйісіп отырады. Анығында Пушкин, Лермонтовтар күшті ақын болғандықтан, кейде мысқыл, әжуа үлгісін көрсетсе де орыс әдебиетінде қоғамдық, әлеуметтік және тарихтық ерекшелігі, қасиеті өзгеше боп шыққан қоғамдық сатираны жетер жеріне дамытқан Салтыков-Щедрин болады. Ал, Абайдың жиырма жыл бойында шығарған мол мұрасының көптен-көбіне қарасақ, өз заманымен, өзінің тарихтық ортасымен байланысты туған қоғамдық сатирадан көп орын алатын басқа өлең үлгілері жоқ деуге болады.

Жаңағы болыстар жөніндегі Абай сатирасы түгелімен Добролюбовтың орыс қауымына қандай әдебиет керек деп толғаған бір терең ойына өзгеше жақын қабысады. Добролюбов өз заманындағы орыс жазушыларына әлеуметтік талап артқанда:

«Жағымпаз жаршы да, даурыққан сыршыл да, тәтті тілді мақтағыш та қажет емес. Россияға шабытты, ызалы сатирик, ащы шыншыл сөздің тасқынын беретін ақын керек»,— деген еді.

Абай тұсындағы қазақ қауымына да керек те керек, қымбат та қымбат анық осы Добролюбов айтқан қайраткер еді. Біз тексеріп өткен, қоғам мінін сынаған өлендерінің барлығымен Абай дәл осы Добролюбов айтқан тұрғыдан шығады.

1889 жылы, жоғарыда санауымыз бойынша, Абайдың тоқтаған тағы бір тақырыбы бар. Ол — бұдан бұрын да ақын шығармаларында бізге таныс болған көңіл лирикасы.

Өз ойымен халық мұның қоса мұңдап ойшылдық, сыршылдық үлгіде туғызған терең толғаулары. Бұл қатарға

қосылатындар атақты «Сегіз аяқ», сонан соң «Ішім өлген, сыртым сау», «Қажымас дос халықта жоқ» деген өлеңдер.

«Сегіз аяқ» ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарманың бірі.

Бұл өлеңнің түрі де осы шаққа шейін ақын жазып келген өлеңдердің үлгісінен басқаша. «Сегіз аяқ» демегі — сегіз жолдан қайырылған шумақтар болғандықтан айтылған.

Көп ойлармен заман, қоғам шындықтарын және өз басының мұндарын жиған үлкен өлең, ең әуелі Пушкин, Лермонтовтар дәстүріндегі аса шебер арнаудан басталады. Ол тағы да мән-мақсаты өзгеше өлеңге арналған шумақтар.

Өзінен бұрын ешкім таппаған қиын ұйқасты шебер ғүрге Абай әдейі арнап ән де шығарады. Бұ да өлеңнің мазмұны мен мақсатына ақынның ерекше зер салғанын көрсетеді. Алғашқы өлеңге де арналған бастаудан соң Абай:

...Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде,—

деген ызалы толқын атып, аттап түскенде, өзі тірлік етіп отырған бұзық ортаның дертті кескінін бейнелейді.

Содан бірлік кеткенін, ел іргесі тозып бара жатқанын әшкерелей келіп, осы жаманшылықтардың себебін де айтады:

...Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын,—

деп жеке адам үшін, тұтас қауым, халық үшін де ең қадірлі, қажет іс — еңбек екенін айтады.

Осыдан соңғы сан өлеңінде Абайдың бұрын қазақ ақындары айтпаған бір тақырып етіп алатын айнымас ойы — еңбек туралы болады.

Еңбекті Абайдың қадірлеуі қазақ поэзиясы үшін аса бір соны сөз еді. Ол бұл тұста биік идеяға басады. Осы орында Герценнің «Бізде дұға жоқ. Бізде еңбек бар. Еңбек — біздің дұғамыз!» деген ойларын анық еске алуға керек.

«Сегіз аяқтың» ішінде Абай әр жерде өз күйігін қосып отырады.

...Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды,—

деп, өз ішіндегі ой толқыны — у толқыны екенін танытады. Бірақ бұл қасиетті уайым жеке бастың сыры емес. «Мақсұт — алыс, өмір — шақ» деуменен Абай халық үшін қамырық шегетінін танытады.

...Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім — күн емес,—

дегені, немесе:

...Болмаска болып кара тер,
Қорлықпен өткен ку өмір,—

дегені және де қайғылы ойының басынан кешетін жалғыздықты айтқан:

...Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым — тап шыным!—

деген барлық жолдар сөзбен жазылған емес, қанмен жазылған жолдар.

Бұл тұста Белинскийдің Лермонтов жазған «Одиночество» деген өлеңге берген бағасын еске алу керек.

«Одиночество» өлеңінде Лермонтов шығарған зарды Белинский: «Қоғамның қанды жаралары осы»,— деп бағалаған.

Біздің Абайда да кейін, әсіресе, осы «Сегіз аяқтан» басталған көп мұңды көреміз. Ол мұңды ақын өз басының жеке жарасы, өзіндік қам-қайғысы есебінде «мен» деген жүректен жеке-даралық қайғы түрінде айтады. Кейін де Абайда сол тур, солайша толғау көп кездеседі. Осында оқушыға, «Сегіз аяқтай» үлкен жырдың тұсында, қатты ескеретін қорытынды бір ойларды Белинский сөзімен келтіреміз:

«Ұлы таланттың ішінде ішкі сыр, субъективтік элементтің мол болуы — гуманизмнің белгісі. Бұл бағыттан қорықпаңыздар. Ол сізді алдамайды. Жалғанға әкетпейді. Ұлы ақын өзі туралы сөйлеп отырып, өзінің «менін» айта отырып, адам баласы туралы айтады. Өйткені оның жаратылысында бар адам баласы тірлік еткен жәйдің

бәрі бар. Сол себепті, оның қайғы-шерінен әркім өз қайғы-шерін ұғынады. Оның жанынан өз жанын таниды. Сөйтіп, одан ақынды ғана көрмейді, адамды да көреді. Азамат ішіндегі туғанын көреді»,— деген. Дәл Абай басына, оның «мен» деп айтатын қайғы-шерлі зарына, мұңды жүзіне қарағанда, біз де осы ойларды арқау етеміз. Сөйтіп, Абайдың бас қайғысын айтқан шығармаларында халық қайғысы жатқандығы, жаңағыдай зарлы, мұңлы жеке жүрек шерінің өзінде де Абайдың позитивтік программасы жатқанын айрықша ескертіп өтеміз.

Лермонтовтың өз басындық сырлы мұңға берілген субъективтік шығармалары туралы тағы да қорыта келіп, Белинский және де біздің Абайға бола шешу, қорытынды айта кеткендей болады:

«Осы белгісінің өзіне қарап, біз одан орыс ақыны екенін және аса зор, қасиетті мағынада халық ақыны екенін көреміз. Бұл ақынның бойынан орыс қоғамының белгілі тарихтық кезеңі көрініп тұр деп бағалаймыз»,— деген. «Сегіз аяқ» турасындағы Абайдың өз ішін мұңмен ашқан терең сырын, біз осы ұлы сыншы айтқан айнымас шындықпен аяқтаймыз.

Жоғарыда жіктеуіміз бойынша, Абайдың бұл жылы тағы да оралып соғатын бір тақырыбы — ақын мен ақындық міндеті туралы. Бұның айғағы —«Мен жазбаймын өлеңді» деген шығарма.

Ақын бұл тұста өз өлеңінің санасы мен арманы бөлек екенін тағы да жаңаша, терең оймен тарата келіп, айрықша бір жайға нақтылап тоқтайды. Ол — осы өлеңнің ішіндегі жөні бөлек бір толғаулар туралы:

...Сөз айттым «Әзірет Әлі айдаһарсыз»
Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».
Қәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз,—

деген алты жолды шумақ өз ішіне көп мән-мағына сыйғызған өлең.

Абай шығармаларына осыдан бұрын беріліп жүрген түсініктерде дәл осы өлең Көкпай, Әріп сияқты өзіне жақын жүрген бірнеше ақындарға арналып айтылған дейтұғынбыз. Рас, бұнда Көкпайдың ертеректе айтқан дін сарынындағы бір қиссасы мен Әріптің «Зияда» дейтін қиссасын Абайдың еске алып отырғаны шын. Жалғыз-ақ

әңгіме тек ол екеуінің еңбектерінде ғана емес. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап аягына шейін және XX ғасырдың басында да Қазан, Орынбор, Петербор баспаларында татардың баспахана иелері, саудагер капиталистері қазақ сахарасы үшін бастырып таратқан аса көп кітаптары болған. Сол кезде басылып, тарап жүрген шала қазақша сексен шамалы кітаптың көптен-көбі қиссалар болатын. Ол кітаптардың бәрін де қазақтың діншіл, кітапшыл (исләмшіл) молда ақындары шығарған. Осы шығармалардың көптен-көбі панисламизмді қазақ сахарасына таратып, сіңірудің үгіті еді.

Сол кітаптардың көбінде ескі замандағы исләм дінін таратушы дін қаһармандарының істерін дәріптейтін. Солардың арасында Мұхаммет пайғамбар, оның досы Әзірет Әлі, кейін шыққан Хасен-Хұсайын, Жәнәбіл, Сейтбаттал сияқтыларды ерекше діндарлықпен, сопылық қошаметпен көтере мақтайды. Осылардың шабуыл, соғыстарын дәріптеу арқылы өзге дүние жүзінің мұсылман емес еліпің барлығына қастық, өштік үгіт, өсиет тарататын және барлық исләм ту астындағы елдер тарихының, тілінің, географиялық жағдайының, тарихтық тағдырының өзгешеліктеріне қарамастан бәрін бір бауырлас, дін қарындас дейді. Әдейі арнаулы саяси мақсаты бар өсиет еді. Ол үгіттің түбі пайғамбардың заманын ғана қошеметтеу емес, қайта көбінесе сол XIX ғасырдағы шығыс өлкесіндегі халықаралық қайшылықтарды қамтиды. Жақын Шығыс пен Россиядағы мұсылмандар арасынан шыққан буржуазияның европалық, россиялық ірі капиталистермен базар үшін таласуында, әдейі ойланып табылған, кертартпалық, реакциялық қыңыр сана — осы кездегі исләмшілдік санасы болатын. Мұсылман буржуазиясы мен олардың сыншысы болған әдебиетшілер және баспа орындарының редакторлары осы жолда қандай күштерді болса да пайдалануға тырысқан.

Сонымен, ғасырлар бойында дүние жүзінің прогрессивті мәдениетінен оқшауланып, оған қастасып, мешеу қалған шығыс елдеріне неше алуан надан үгітшілерді таратады. Оларды әр алуан айла-тәсілмен пайдаланады. Қазақ даласын, өзіне жақын отырған ұлы орыс халқының мәдениеті мен жаңалық әсерінен аулақ ұстамақ болады. Соған қарсы халықтың ескі надандық қараңғылығын пайдаланбақ. Ел көпшілігінің санасы сау болса да, соған реакцияшыл дін фанатизмін таратып, сіңірмек

болады. Жаңағы кітапшыл, шала молда, жалған ақынның көпшілігін, сол көп ислямшіл, діншіл қиссаларды шығаруға бастап отырған өте айлалы және қатты зиянкес, саяси бағыт тұтынған топтар бар. Россияның ішінде осы соңғы топтар: Англия, Германия сияқты Жақын Шығысты көптеп торлап, қалап жүрген империалистік мемлекеттердің әдейі жіберген агенттері есебінде де әрекет етеді. Осылар Россиядағы ислям дінін тұтынған елдердің бәрінің ортасында, қазақ арасындағыдай, қараңғы діншілдік үгітін мол таратады.

Бұл елдерді Россиядағы патшалықтың отаршылдық саясатын желеу етіп отырып, сылтау ете жүріп, барлық орыс халқының мәдениетінен, өнер үлгісінен, білім-тәлімінен аулақта, жаулықта ұстамақ болады.

Осы айтылған жайларды біздің көбірек таратып, айтып отырғанымыз Абайдың қоғамдық идеясы мен ақындық шығармаларында төтелей кездесетін болғандықтан айтамыз. Жалғыз-ақ кездесу, бітімдесу, үйлесу түрінде емес. Үлкен өрісте, негізгі қарсылық түріндегі кездесу екенін программалық, тарихтық қайшылықтардың қақтығысып, қарсы алысуы түріндегі кездесу екенін ерекше баса айтамыз.

Абай өзінің бұл күнге шейін, біз тексеріп өткен, барлық шығармаларымен орыс халқының өнерін үгіттеді. Өзінің ақындық мұрат-мүддесін, барлық жаңа саналы үлгісін орыстың классик әдебиетімен байланыстыра отырып дамытты. Және соңғы жыл өлеңдерін тексеруімізден байқалуы бойынша, Россиядағы халықшыл-демократтық тартыстың санашылы болған ұлы орыс даналарымен күн санап, жақыннан табысып, қабыса түсті. Әр кезде көп таратып айтса да, жаңағы біз тоқтаған бір шумақта, Абай және де сол жаңағы айтылған жолдағы өзінің жаңа программасын жарыққа салады. Оқушыға ғана айтып қоймай, халықтың жоғын жоқтарлық, мұңын мұңдарлық жаңа талап ақындарды өзіне серік етіп алмақшы. Оларды өз бағытына бейімдеп қоса тәрбиелемек боп талаптанады. Сөйтіп барып, бағанағы көп қиссаларды, діншіл үгіттерді қазақ даласына жайып жатқан залалды үгітшілерге, реакцияшыл күштерге қарсы топ әзірлейді. Пайғамбардың, Әзірет Әлінің тартыс-тарихын әдейі сөз қылмаймын дейді. Шығыстағы көп жайылған сопылық сарындарындағы жалған, жасанды ғашық-мағшуқ жайын да әдейі жырламаймын дейді.

Олардан туған әсер, жалған қызықшылық саналы ақын тұтатын жол емес, демек:

...Өлені бар өнерлі, інім сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге,—

деген сөздермен қазақтың жас буын ақындарын үлкен мақсатқа баулып, бастамақ болады.

Сөйтіп, ақындықтың тақырыбына бұл жолы оралғанда, Абай өз тұсында болған әдебиеттік ағындардың ескісі мен жаңасын, пайдалысы мен залалдысын саралап тұрып, екі айырады. Бұнысы, тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Жоғарыда айтылғандай, бүкіл Қазақстанның, қала берсе, бүкіл Жақын Шығыстың тарихтық, саясаттық халдеріне байланысты, жаңа салт-сананың, ескілікті кертартпа салт-санамен алысуының айғағы еді. Сол себепті жаңағы өлеңді ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек.

1889 жыл тақырыптарының тағы бірі — махаббат жайы деген едік.

Сол қатарға кіретін осы жылы жазылған бірнеше өлең бар. Бұлар: «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым».

Осы бес өлеңнің тұсында Абай әртүрлі стиль іздеп, махаббат, ғашықтық жөнін әр алуан үлгіде жырлап көреді. Сонда, «Қор болды жаным», осы тексерудің бас кезінде біз айтқан, шығыс ақындарының Абайға еткен әсерін көрсетеді. Махаббатты «тағдырдан келген зұлым»,— дейді. «Жаным қор болды, бек бітті халім»,— дейді. Сол ауыр дертпен тең мүшкілдікті алланың жіберген тағдыры, оны бенденің көрмеске шамасы қане?— дейді. Әрине, оқушыға ап-айқын, махаббат жайын бұлай жырлап көрген қазақ ақыны болған емес.

Орыс, европа классик поэзиясы да ғашықтықты құдайдың тағдыры екен, кеудеге әкеп салды дей қоймайды. Ал кейде сопылық лирикасы көбірек әсер еткен шығыстың классик поэзиясындағы көп диуандар толы сансыз көп ғазелдер қандай ұлы ақын айтса да, осы жаңағы «Қор болды жанымның» панымы, сезім сарынымен жырланатын. Абай осы үлгі дәстүрмен бір кезек ойлағандай болады. Жасы ұлғайып, басқаша стиль, дәстүр-

дің ақыны болып алып-ақ өзі жақсы білген шығыс классиктерінің үлгісінше, бір сәтке осындай құлақ-күй шертеді. Ұлы Пушкиннің кейде Парниге, кейде құранға, кейде «Песня песнейге» еліктеу ретінде ойнай жазған қысқа өлеңдері тәрізді бір мысал.

Шығармалық еңбегінің қайсысында болса да ерекше ықылас, ұқыптылықпен қарайтын ақын, бұл өлеңге бұрын айтпаған, таппаған жаңа түр береді. Сол жаңа түрін оқушыға тосаңдық қылады деген оймен ұғымдырақ, қонымдырақ ету үшін әдемі ән де шығарып таратады.

Ғашықтық тақырыбына жазылған осы жылдың тағы бір өлеңі «Сен мені не етесің?». Онда опасыз жардан наз-нала шеккен ер шерін шертеді. Бұнда да Абай барынша шебер тур табады. Жеті жолдан қайырылатын ұқсастық көбінше он төрт жолды шумақ боп келісе үйлескенін көреміз. Абай осы өлеңде ең алғаш рет әр жолдың ырғақ, буын өлшеуін де қатты өзгертеді. Кей жол төртбес сөзден құрылса, белгілі санаулы қатарда, мысалы: төртінші, алтыншы жолдарда бір-бір-ақ сөз бір жол болып отырады. Осындай өлең уәзінін (Абайдың өзі айтуынша) тауып, ақын және де арнаулы ән шығарады. Әпі де қазақ айтып, естіп жүрген ән-күй ырғақтарынан мүлде бөтен. Бұндайлық өлең түрін құрып, ән өзгешелігін іздегенде, Абай қазақ музыкасы үшін әдейілеп речитатив өрнегін тапқан тәрізді. Тегінде речитатив музыкасында драмалық-уақиғалық мазмұн молырақ болады. Мынау өлеңнің мазмұнында бастан-аяқ жүріп отырған үй ішілік драмалық бір хал баян етілген. Өлеңнің он төрт жолдан қайырылған шумағының өзінде де, қалыпты өлшеулі қатармен түсіп отырған өлең сөзден гөрі ауызша айтылып отырған сөздің интонациясы бар (разговорная интонация).

Бұл өзгешелік тек Абайдың осы шығармасында мазмұн, тур (әрі өлеңдік, әрі музыкалық түрлері) өте үйлесіп табысқандықты танытады. Тұтас бітімнен төгіліп шыққан әсем бір келісім аңғарылады. Бұл өлеңде тегінде орыс классик поэзиясының, соның ішінде әсіресе Лермонтов лирикасының зор әсері бар тәрізді.

Осыдан соңғы екі өлең: «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзіне» келсек, Абайдың ғашықтық жайын жырлауда және де біржолата басқаша стиль-дәстурді ізденгенін көреміз. Бұл өлеңдерде ішкі сырларын сәлем хатпен делдал арқылы айтысып отырған жастар көрінеді. Жаңағы ғазелмен

айтылған шер-мұңнан мынау өлеңдер мүлде бөлек. Бұл өлеңдердегі асықтар қазақтың анық Абай тұсындағы ауыл жастары. Солардың ішінде құда менен құдаша, бозбала мен бикеш сәлемдемесі. Екеуі де жалын жеңістерін анық-ақ ынтық-ынтық сезіммен айтпақ болады. Сол көңіл талаптарына арналған нелер шебер теңеулерді ақын табады және тапқанда қазақ халқының өз тірлігіндегі, өз табиғатындағы болмыстар, натурадан мысалдар алады.

Осылайша бейнелеу арқасында жігіт те, қыз да өздерінің тілектерін натуралистік шындықпен бадырайтып, ашық айтысады. «Тар төсекте», «құмар қану» деген сияқты жігіт пен қыздың нақтылап айтылған, әсірелеп аталған мақсаттары бұл өлеңдердің шешендік теңеуіндегі көркемдігіне қарамай, негізінде натуралистік қалыптағы, тұрпайылау болмысты баяндайтын өлеңдер боп шыққанын байқатады.

Тағы осы жылдың ендігі бір-екі өлеңі және де бұрын Абай бірнеше рет жырлап көрген сахара табиғатының өзгеше кезеңдеріне арналады. Ол — көшпелі ауылдың күзгі тірлігін суреттеген «Сұр бұлт» және «Қараша, желтоқсанмен» дейтін екі өлең.

Бұл өлеңдер көркемдік жағынан да, өмір шындығы мен мазмұн жағынан да және әсіресе ақын барынша батыл шыншылдықпен ашып берген қоғамдық тірлік, халықтық идея жағынан да бұрын Абай жазған табиғат турасындағы өлеңдердің барлығынан биік өрлеп, өзгеше сапа табады.

Бұнда көшпелі елдің күзді күнгі тіршілігін жүдеген табиғаттың көрініс, өзгерістерімен де көп танытады. Ақын аса қонымды реалистік пейзаж бере отырып адам топтарының өмір болмысын да мықтап қамтиды. Аз сөздермен барлық көшпелі шаруаның көп күйзеулігін таныта келе, әсіресе күздің ауыртпалығы кімге түсетініне айрықша көңіл бөледі. «Сұр бұлтта» да жүдеулігі, күйсіздігі аса ауыр сорлылыққа жеткен кедей ауылды бейнелейді. Сол ауылдың адамы ғана емес, итіне шейін даланы кезіп, безіп кеткенін айту арқылы Абай көшпелі тіршілікке дәл осы өлең тұсында лағнат айтқандай болады. Онсыз да жәйі жүдеу, кедей ауылға көшпелі өмір анық азап, қатал жаза есепті аталады. Бұл шақта барынша жанын салып, бейнет кешіп жүрген, арылмас еңбек иесі кедейдің де қатты қинауға түсетінін екінші өлеңде, «Қа-

раша, желтоқсанмен» деген өлеңде әсіресе айқындай ашып береді.

Бұған шейін Абай жазған «Жаз» бен «Қыс» өлеңдерінде реалистік пейзаждың шыншыл қалпын бере отырса да, адам мен табиғатты ұдайы араластыра алып жүрсе де, біз ақын шығармаларында қоғамдық қайшылықты жетерлік дәрежеде ашпайтынын атағанбыз. Ал, мынау соңғы өлеңде, Абай осы жөнде зор саналы халық қайраткерлеріне ауысады. Бұндағы ауыл — анық айқын таптық жікке бөлініп отырған ауыл. Оның бір шеті — кедейлерді, малшыларды қатал, қастандықпен көрінеу қанап отырған бай үйлері; ол ауылдың екінші шеті — өңшең жыртық лашық ішінде қайыршылық күн кешкен кедей, жалшы үйлері.

Осы үйдің үлкендері мен балаларына шейін ақынның көзіне түседі. Араларындағы бітімсіз қайшылықтармен суреттеледі. Ақынның алғашқы Қәкітай бастырған баспасы мен кейінгі кейбір баспаларда түсіп қалып жүрген екі ауыз өлең, әсіресе, Абайдың сараң бай мен бәйбішеге иттей жек көріп, жиреніп айтқан ойларын танытады. Байдың қатыны өзінің кішкене баласына шейін «кедей балаларына асыңды берме» деп, сараңдыққа баулып, азғырып отырғанын көріп ақын:

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып.
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.
Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр,
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр,—

деп, қатты ызалы жүрекпен жазғырады.

Абайдың сан сатирасы өзгеше батыл, турашылдықпен еңбекші көпшілікті қанап жүрген жауыз топты аямай әшкерелеп берген болса, мынау өлеңде де оның халықшылдық салт-санасын аса айқын ашады. Бұндағы өзі көрсетіп берген тап қайшылығы қарсылықтары арқылы Абай қазақтың еңбекші қалың елінің жоғын жоқтап, соның көңіліндегі бар шері мен арманын айтады. Бұл тұстарда Абайдың аузынан сол замандағы қалың еңбекші бұқараның дертті шындығы толық айтылады. Бірақ осылай ете келе, дәл сол жаңағы өлеңнің соңғы шумағында

Абай «Бай мен кедейді аңдыстырған құдай» деп кетеді. Және ең соңғы жолдарда:

...Бір қыс сақта, тас болма сен де о
құрлы,—

деу арқылы ақын, бір жағынан, кедейге сол ауыртпалық халдің шығар жолын атай алмайды. Екіншіден, баймен екі арасына бітімші болғандай аңғар танытады.

Әрине, ағартушылық жолында, қазақ көпшілігінің қанаушы жауын мол мысалмен, батыл сыншылдықпен кең ашып берген Абай өзінің заманында еңбекші елдің тартысы қалай болу керек екенін атап бере алмады. Оның тарихтық, таптық тұрғыдан қарағанда, тар көлемді болған болмыс шындыққа байланысты екендігі түсінікті. Осы жөнінде Лениннің 1910 жылы Толстой туралы жазған мынау ойларын еске алалық:

«...Оның аузымен кәзіргі кездегі өмірдің қожаларын енді жек көретін, бірақ оларға қарсы саналы, дәйекті, ақыр аяғына дейін баратын, бітіспес күрес дәрежесіне әлі де жетпеген орыс халқының сан миллион бұқарасы сөйледі» *.

Орыс әдебиетінде бітімсіз тартыстың жайын толық айту дәрежесіне жеткен тек ұлы пролетариат жазушысы Горький ғана болады.

Әрине, Абай ол заманда жаңағы оның озғындап жеткен жерінен артықты талап ету мүмкін де емес. Абай шығармаларының келесі кезеңдеріне ауысарда айтатын жалпы бір жай: 1890, 1891, 1892, 1893 жылдар көлемінде Абайдың өз өлеңдері онша көп болмайды. Олардың ішінде жылма-жыл қосылып отырған ерекше көркемдік идеялық, жаңалық үлгілері болса, біз соларын ғана іріктеп, талдап, шолып өтетін боламыз. Жалпы осы аталған жылдарда, Абайдың өз өлеңдерінің, жоғарыда айтылғандай, онша мол болмауымен қатар оның аудармалары көбейгенін ескеру керек. Және мөлшері 1890 жылдан бастап, Абай ақындық шығармаларымен қатар, өзінің жазушылық еңбегіне жаңа бір түр —«Қара сөз» деп аталған жанрды қосады.

Сөйтіп, жалпы еңбек көлемін алғанда, ақынның әдебиетшілдік әрекеті азайып, әлсіремейді. Ал, әзіргі біз тексеріп келе жатқан лирикаларының тобын алғанда, жа-

---

[1] В. И. Ленин. Шығармалар, 1952, 16-том, 371-бет.

ңағы аталған төрт жылдың ішінде, және де әлденеше көркемдік сапасы өзгеше болып қалыптанған сан өлеңдер бар екенін байқаймыз. Түр жағынан алғанда да, осы жылдар ішінде Абай әлденеше жаңа шумақты, жаңа ырғақ ұйқасты бұрынғы қазақ поэзиясы ғана емес, өзінің де еңбектерінде бұдан бұрын болмаған үлгі, стильдер туғызады.

Осы жылдары оригинал өлеңдерін сырттай шолып өтсек, мысалы, он бір буынды, төрт жолды шумақ ұйқаспен жазылған бір-ақ өлең бар екен. Ол «Жазғытұры». Осыдан басқаларының қай тақырыпқа жазылғандарын алсақ та, ақынның үнемі жаңа көркемдік, жаңаша түрлерді өзіне көбірек машық, мерзім етіп алғанын аңғарамыз.

Мазмұн жағынан қарағанда, бұл жылдарда Абай бұрын өзі ақындық, әлеуметшілдік, ағартушылық жолында өмірлік мақсат, мүддесі етіп алған, зор тақырыптарды жаңа өлеңдермен, жаңа сапада қайталап отырады.

Әрине, ол тақырыптарына қайта соғып отыру — Абайдың бір орнында тұрып қалуы емес. Бір басқан ізін қайта басу емес. Әр кезекте сол тақырыптарды әр алуан оймен, көркемдік жолында ізденумен, сападан сапаға карай өрлеумен жыр етеді. Бұның бәрі — сыншыл және талабы зор ізденгіш, шабытты ақынның ерекшелігі. Бірақ осымен қатар және де айтатын бір жәй, сол ізденудің көпшілігі толық табыспен аяқтап отырса да, кей-кейде кей шығармаларының анда-санда бір шумақтарында ақынның қайшылықтарға, көрінеу олқылықтарға ұшырап отыратыны да болады.

Жаңағы аталған бірнеше жылдардың шығармаларын тексеру алдында, осындай азын-аулақ жалпы көзқарастық пікірлер айтып, енді сол жылдардың әр алуан ерекшелігі бар өлеңдеріне жеке-жеке тоқтап өтейік.

Осы жөнде алғашқы тоқтайтынымыз «Бай сейілді» деген өлең. Бұнда да негізінде ақын ел ішіндегі жаманшылыққа айналған ауыртпалықты толғайды. Сол елді билеушілердің халқына тыным бермейтін бұзақылық, әлекәрекеттерін таңбалайды. Бірақ, дәл осы өлеңнің басқа жолдарында әлдеқандай бейілі дұрыс, момын бай азайды деп өтеді. Мұнысы — айқын тұрған қайшылық. Өзі айтып жүрген содыр, бұзар, ел бүлігі, жұртшылық соры болған болыс, би — жаңа өзі басқа жырларында арамтамақ, тойымсыз деп сынап, шенейтіндері барлығы да байлар емес пе?

Халыққа оларды қас етіп отырған жеке бастарының мінездері ғана емес, байлыққа сүйенген үстемдік пен қанаушылық емес пе? Және осы өлеңнің ішінде:

...Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке ұсап,—

деп сынап отырған болысты, сол болыстыққа сайлап, құрық беріп отырған тағы сол байлардың өзі емес пе? Не жаңағыдай, Абай жазықсыз күйде атап отырған бай, болыстың жақын туысы емес пе?

Солардың бәрі жиылып кеп, Абайдың өзі айтқандай, сорақы мінездерін тудырып отырған жоқ па? Дәл солардың ісіне қарағанда:

...Ел де жаман,
Ер де жаман —
Аңдығаны өз елі.
Елге сыяз,
Ойда ояз.
Оңбай-ақ тұр әр түрі,—

екенін сыншы көзбен тура көріп отырған Абайдың өзі емес пе?

Осы себепті «Бай сейілді» өлеңін ақынның қайшылық пікірден жаңсақ бастап барып, кейінгі шумақтарында түзегенін көреміз.

1890 жылда аса шебер жазылған өзгеше күйлі құрылысы бар бір өлең «Келдік талай жерге енді». Бұнда көп надан ортасындағы бір жалғыздың мұңды, улы ойлары айтылады.

...Адам деген данқым бар,
Адам қылмас халқым бар,—

осылайша түңілген, түнерген ойды көреміз.

Бұл тақырып Абайда бұрын да кездескен. Мынау өлеңдер сол жайды жаңаша шумақ, уәзін өлшеулермен баян етеді. Бар өлең өзгеше бір ұйқаспен, жалғыз ұйқаспен берілген. Тұр жағынан өзгешелік тағы бір тың жаңалықпен байланысты. Бұнда тұрақты шумақ жоқ. Әуелгі шумақ алты жолдан басталып, соның ең соңғы жолында берілген ұйқаска кейінгі төрт жолды, үш жолды шумақтардың үйлес келген ұйқастары тізбектеледі. Өлеңнің аяғына шейін сондай үйлесімдер созыла барады. «Бергенді», «ергенді», «белге енді», «желгенді» деген

сияқтылар болады. Тағы бір айрықша өзгешелігі — осы шығарманың ішінде Абай өзінің ақындығына жаңа, соны бір теңеу айтады:

Балапан құстай ондалып,
Қанатынды комданып.
Жатпа ұяда қорғанып,
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!

Көңілде қайғы, қалың зар
Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді!—

дейді.

Осылайша өзінің шабытына, сөзіне, ақындығына өзі дем беріп, өзін-өзі қамшылағандай болады. Оны әлеуметтік тартысының азаматтық қайратының құралы етеді. Сөйтіп, түңілу күйін ашынып, жігерлене түсуге айдаушы етіп пайдаланады.

1890 жылдың ішінде Абайдың тағы айналып соғатын тақырыбы: табиғат көркі — «Жазғытұры» деген өлең.

Ақын жылдың әр маусымын суреттеуде көп қыр мен сыр танытады. Сонда, күз өлеңдерімен салыстырғанда «Жазғытұрының» бірталай контрастық айырмасы бар. Тегінде көктем мал баққан шаруа халқына қызықты, көтеріңкі кез. Ақын да қыстай малдың күтімімен шұғылданған шал-кемпір, жас-көрінің жадырап, қуанғанына бірге көңілденіп, қоса қуанады. Жалғыз-ақ, бұл өлеңнің екі түрлі кемшін өзгешелігі бар. Ең әуелі — адам еңбегінің айырмыстары «Күз» өлеңіндей айқын көрінбейді. Екінші — Абайда дәл осы өлеңде пантеистік ұғыныс көбірек байқалады. Өзінше жаратылыс философиясын бермек болғанда, көктемгі көрікті күйді бәрін «алла» мен «тәңір» құдіретімен жалғастыра айтады. Онан соң, күнді — күйеу, жерді — қалыңдық етіп, осындай образбен теңсу мәдениетті әдебиеттің үлгі дәстүрінен ескіріп қалған, мифтік теңеу болады.

Пантеистігі де солайша жаратушыны жаратылыстың бар көріністерінен таба беруінде. Діндік наным араластырған ойларды көне фольклор үлгісіне апарып қосады. Бұл өлеңде, осы себептен туған тұрпайы теңеулер, натуралистік күйге соғатын жолдар да бар.

1891 жыл өлеңдерінің ішінде «Көзінен басқа ойы жоқ» дейтұғын өлеңнің тақырып жаңалығы болмаса да

сыншылық, қосымша дәлел фактылары кеңейе түседі. Халық ортасындағы надандық, қараңғылықты шенеген сөздерді бұрын Абай би-болысқа, атқамінер жуандарға, партия басы, тынымсыз бүліктерге арнаушы еді. Мынау өлеңде:

...Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңлі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?—

деумен ең алғаш рет молданы да қатты әшкерелеп, аямай әжуалайды.

Тегінде, Абай тұсындағы көпшіліктің үстірт нанымы бойынша, надандық пен моральдық ұғымы біріне-бірі қарсы тұрған жайлар сияқты еді. Ал, Абай ұғымындағы надандық ең алдымен молданың өз басында екенін көреміз. «Малқұмар», «Жемқұмар» молдалар да халықты қанаушының бірі. Ел ортасына жарық әкелушілер олар емес, өздері қараңғы жолдағы қас надан, бұлардан жақсылық күтпе деп, әйгілеп береді.

Абай осы жылдарда жазған «Қара сөздерінде» айтатын молдалар жөніндегі және халық надандығы турасындағы сыншылық ойларын жаңағыдай өлеңдерінде де қатар ілестіріп отырады.

Ақынның мораль-философиясы ретінде айтқан көп сөздері адамшылықты сипаттайды. Сол адамшылықтың ақын өзі ұғынған айнымас шындық қасиеттерін айтады. Сондай ойларының көбі — жастарға өсиет афоризм сияқты боп мол тараған. Жас буынның тәрбиесіне өзін жауапты деп білген өсиетші, ең алдымен өз заманының жастарына жаны ашиды. Әсіресе, таза жасқа жаны ашиды.

«Жастықтың оты жалындап» деген өлеңінде сондай жастарға әралуан түрде қамқорлық етеді. Ұстаздық борышым деп, алдыңғы бұзық қауымдар мінезінен бұларды арашалап, өзінің бауырына ала сөйлейді.

...Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!—

деген жолдар өз халқының үміт етерлік жаңа буындары үшін Абайдың шіміркеніп, ширығып толғанғанын көреміз.

Осы жылдарда Абай лирикалық, эстетикалық тақырыптарының махаббатқа арналған жайына тағы да тыңнан жазған екі өлеңмен оралады. Бұлары: «Қызарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы».

Бұрын да осы тақырыпқа әр алуан үлгіде оралып соғып отыратын ақын мынау екі өлеңде және де екі алуан өзгешелік байқатады. «Қызарып, сұрланып» өлеңі Пушкин, Лермонтов шығармалары сияқты үлкен бір шындықпен, ыстық жалынмен қырланған махаббатты табиғаттың көркем бесігіне бөлеп көрсетеді. Жасырын кеште алғаш кездесіп, сөз таба алмай, тек қана лүпіл қаққан жүрекпен, қабақпен сыр танытқан жастар көрінеді. Өрекпіткен қуаныш арасында алабұртқан дағдарыс та бар. Сәт сайын ауысқан сәл құбылыстар ол жастардың ақыл, сезімдерін билеген. Бар тынысы бусанып, көрініп тұрған жанды махаббат жырланады.

Бұл өлең махаббат психологиясын аса нәзік сезінген шеберлікті танытады. Ақын осындай тең күйде, жалындаған шындықпен табысқан жүректерді құптай қостайды. Шын махаббат сөзсіз, үнсіз-ақ танылсын, ыстық жалынды кеуденің тынысымен-ақ білінсін, айтылып болмастай ым мен емеуріннен танылатын болсын дейді. Сондай ғашықтықты жастарға үлгі еткенде, бір жағынан, интимная лирика арқылы нәзік сырды тереңдетеді. Екіншіден — өзінің реалистігіне берік ақын аса конкретті жайларды суреттейді. Түстей тұманға белгісіз батқан киял жоқ. Абайдың махаббат жайындағы ең нәзік, ең көркем терең сөздері осы өлеңде көрінген.

Анығында, Пушкин, Лермонтов шығармаларынан танылатын махаббат лирикасын бар үлгі дәстүрімен меңгеріп алып, өзі де сол классиктермен бастаса, теңесе отырып жазған сыршыл өлеңі осы тәрізді.

Ал, «Көзімнің қарасы» қазақтың шешен тілімен шеберлеп айтқан сезімдерді көрсетеді. Сонымен қатар шығыс поэзиясында Науаи, Фзули лирикасында көп орын алған үлгілердің әсері де жоқ емес, Бұл өлеңде «тәңір, ие» көп кездеседі. Бұнда жастар махаббатының нақтылы шындығынан гөрі сұлудың көркін мадақтау көп.

...Сұлуды сүймектік
Пайғамбар сүннеті,—

деген тәрізді мұсылманшылық сөздігінен «жан ләззәті»,

«тән шәрбәті» деп келе отырып, «алланың рахметін» де айтады. Сұлулықты тәнірінің дәулеті дейді. Өлеңнің осы алуандас мәнзегені, махаббаттың бағасын алланың, пайғамбардың беделдерімен бағалатпақ болғандай. Барынша шешен, шебер жазылғанмен, бұл өлеңде әр алуан әсірелеу, аса көтере сөйлеу мол келеді.

Осы өзгешеліктері бұл шығарманы «Қызарып, сұрланып» өлеңінің шыншылдық, дәлшілдік үлгісінен алыстатып әкетеді. Анығында, екеуі айқын екі стильде жазылған бір-біріне контраст тәрізді өлеңдер.

Сол жылы жазылған, жалғыздық тақырыбына толғанған шығармасы «Менсінбеуші ем наданды» деген өлең. Осы алуандас өлеңдерге, бұл шығармада қосылған тың бір толғау надандықты сөз қылу жөнінде. Бұрын Абай ол надандықты жақсы ақылмен, сап таза өсиетпен, шынайы еміренген адал көңілмен түзеуге болады деген наным үстінде еді. Ал, мынау өлеңінде жаңағы жөнде қайта ойланып, надандық әлсіз жау емес, ол әлдеқайда күшті дейді. Сондықтан жақсылыққа талпынған жалғыздың қолынан келері аз, көбінше оның таласы әуреші-лік болмас па? деген мұнды дағдарыс байқалады.

Осы жылда жаңағы соңғы өлеңге ілесе ой-сезім сарыны соған ұқсас келетін «Қайғы шығар ілімнен» деген аса көркем, шешен тілді бір өлең және туады. Бұнда да мұңменен түңілу танылады. Көптен түңілу емес, кей сәтте өзінен де түңілген тәрізденеді.

Қауым тіршілігіндегі жаманшылықты ақылменен ғана түзеуге болады деп, тартысқа кірісетін, кейін ол ойлары, армандары қанша еңбек етсе де дегеніне жетпейтінін көрген соң түңілу аралас уайымға бір Абай емес, Абайға ұқсаған дүние жүзілік ірі классиктердің бәрінде болған дедік.

Орыс әдебиетінде бір Пушкин, Лермонтовтар ғана емес, сол сарын Салтыков-Щедринде де болған-ды. Абай «тірлікте ақылдыға орын жоқ» деген сияқты түңілу ойын айтқанда, осы жаңағы аңғардан шығады. Бірақ бұл түңілуші өзіне орын жоқ деумен қатар өмірдің қожасы боп жүрген барлық бұзық содырдың бәрін де қатарынан тізіп, таңбалап беріп отырады. Сол арқылы арманды, мұнды ойының өзі де жауыздарды әйгілегіш, ашулы тартысқа айналып, жаңа қасиет, қымбат баға табады.

Жоғарыда біз тексеріп өткен өлеңдер тобынан бөлек, 1892 жылы Абай шығармасына тағы бір тақырып қосы-

лады. Ол — бас қайғысымен байланысты бір алуан жоқтау жыры. Өмірбаянына қарағанда, 1891—1892 жылдар Абай үшін қаралы жыл болады. Ол Оспан сияқты Абайдың жақсы көрген інісі өлген жыл.

Кейін 1894—1895 жылдарда Абайға Оспанның өлімінен де ауыр тағы бір жара жабысады. Ол өзінің орысша көп оқытып, ойдағыдай тәрбиелеген ардақты ұлы Әбдірахманның қазасы. 1894—1895 жылдарда Абай әуелі Әбдірахманның ауруы үстінде көп қайғы-нала шегеді. Кейін соның өлімін көреді. Осы екі кезеңде де, жаңағы Оспан өлгендегі сияқты, сан өлеңдер шығарады. Тақырып жағы мен нақтылы факт жағынан алғанда, бұл өлеңдер Абайдың жеке ғана өз басының үй-ішілік қайғысы, бас лирикасы деуге болады. Бірақ сырт қалыптары қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұң жырларына, жоқтау сарындарына ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тудырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады.

1892 жылғы Оспанды жоқтаған өлеңдерінде жаңағы атаған ескі түрлер көрініп отырса да, сол жоқтаушының өзі қандай жан екенін Абай шығармаларынан аңғармасқа болмайды. Жарадар ағаның жан күйер інісін жоқтағанында «бай едің», «бағлан едің» деген емес, «адам едің», «адамдық қадірің басқадан бөлек еді» деген ой әсіресе басымдан отырады.

Сол ерекшелігі бұл алуандас өлеңдерді де моральдық мәні бар өсиетке айналдырады. 1892 жылы жазылған өлеңнің бірі — «Бойы бұлған» және де ел ішіндегі құнсыздарды шенейді. Бұдан соңғы «Не іздейсің» дейтін өлеңі ақынның көңіл шерін күйлейді.

Енді 1893 жылдың өлеңдерін шолсақ, «Ал сенейін-сенейін» деген өлеңді айрықша ескерту қажет. Бұл да торығудан туған саналы сыншы толғау болумен қатар ел ішіндегі жауыз топты жалтармастан анықтап атап, тағы масқаралап береді. Ақынның осы жылғы сынына әдейі бір қолданған сырты момын, монтаны әдісі бар. «Сенейін» деп сөз бастап отырып, кекету мен әжуаның ең ащы зәрін халық үшін ең қатерлі жауға жұмсайды.

...Шалма ораған сопының
Ішін арам демейін,—

дейтұғын жолдар кекесіннің ең бір өтімді түріне айналады.

Кейін келіп:

...Өткен өмір көрген түс
Неғылғанда бір болар,
Деп нанып ем,—«маған нан».
Не таптым мен нанғаннан?—

деп тұрып, ауыр зілді сұрақты береді де, тағы да ызалы сынға жол ашады. Нанудың барлығы ақын көрген тіршілікте өкінішке соғады. Бір сәтке өкіне торығып, ешнәрсеге сенбей өтсе қайтер еді дегендей болады. Бірақ ақын дәл бұл түрдегі мүлде үмітсіз пессимизмге кетпейді.

Толғану мен түңілуді өзіне және де жаңа айдаушы етіп алып, жауыздық жаманшылыққа тағы да тың шабуыл жасайды. Надандық күйлер мен әр алуан залалды зұлымдық жағдайларға қарсы шығу үшін керегіне жаратады. Түңілудің кейбір кезектерін құлаккүй есебінде пайдаланғанда, ақын жұлдызынан жаңылмайды. Өйткені әрбір кезде сыншыл ойы ашқан ауыр шындықтың ар жағында оның сол барлық ауыртпалыққа қарсы шырғып тұрып, соққы әзірлейтін ызасы бар. Сол ыза — өмірге сырт қараудың ызасы емес, қайта өмірді түзеп алып жаңғырту, жайнату жолындағы алысушының ызасы. Өмірді сүйіп тұрып сол үшін тартысқа бекіген жанның ызасы болады. Бұл жолы Абай Байрон — Лермонтовтан, Гете — Лермонтовтан аудармалар жасайды. Және осы жылы өз жанынан жазған «Жақсылық ұзақ тұрмайды» дейтін ойшыл, мұңды, шебер өлеңі бар.

1894 жылдың шығармаларында жаңағы айтылған ызалы сыншылдықтың бір түрі «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» деген өлеңде тағы бір шебер сатира туғызады. Бұл өлең елді билеп жүрген жуан, бұзықтарға жасаған шабуылды өзгеше өткір, мысқыл мазаққа айналдырады. Ол топтың ел билеуде қолданатын неше түрлі сұрқиялық, аярлық, құбылғыштық мінездерін жарыққа салады. Және ақындық өтімді ирония түрінде тапқан әдісі — бүкіл таптың ішкі сырын, бұрын Абай қолданбаған тағы бір жаңа қыр мен сырын терең түрмен шығартады. Пәле басылардың өзімен Абай сырласып отырған, ақыл қосып отырған кісі боп сөйлейді.

...Жат елге жадағайда сөйле шәргез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез,—

деп, сұмдық сырларды, сорақы мінездерді ашуға жаңа жол тапқандай болады.

Содырлы сойқандардың біріне-бірі айтатын әзәзілдік өсиеті қандай болатынын ашып береді. Екі жүзділіктің киіз кітабында жазылған масқаралық, сұмдық қағидалары құнсыз ортаның ақылшысының аузымен айтылған болады. Абайдың өзі жауыққан топты сыншылдық соққысына ұшыратуда шебер қолданған сатираның бірі осы өлең боп қалыптанады.

Бұны терең сырлы, аяусыз сықақ деп атауға болады. Осы өлеңге анық қарсы контраст есебінде тұрған шығарма қазақтың әр буын жастарына нақыл афоризм болып тараған шебер өлең — «Әсемпаз болма әр неге».

Бұл өлең басынан ақырына шейін қоғамдық тілекке қадірлі қасиетті адам болудың Абай ұғымындағы сипаттарын баян етеді. Бұнда адамгершілік қағидаларын ақын өз тұрғысынан атап береді. Халқының ортасындағы өзі үміт еткен жас талапкер тобына дұрыс жолды нұсқап отырады.

...Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!—

деген ойлары қауымның дүкеніне пайдалы жан бол, халықтық, дұрыстық тірліктің іргесін қаласуға себепші бол дейді. Өмірге неге келгеніндi ақта. Адамдық қасиет тек үлкен орын, үлкен дәрежеде емес. Дұрыс өмір құрушы көптің бағалы өкілі бол. Сол да адамдықтың жеткілікті сыбағасы дейді.

Ақыл, қайрат, шафқат (бұл сөз Абайдың ұғымында гуманизм мағынасында) — барлығы сенің қоғам өміріндегі жаңағыдай жақсы талабыңа жұмсалсын дейді. Әйтпесе қауымға залалды топтың «тірлігім» деп жүрген қу өмірінің қордасы болғанша, тірі болмай-ақ қой,— дейді. Абайдың жас буынға арнап айтқан көптен-көп өлеңдерінің бәрі де жоғарыда біз айтқан бір жайға үлкен дәлелді куәлік береді. Абайда түңілу бар дегенде, сол түңілу өмірді өзгерту жолындағы алысушының бұзар бұзық ортадан түңілуі дегенбіз.

Осы түңілумен қатар барлық шығармаларында ақын үмітін де алыс өріске арнап отырады. Сол үміті ұдайы өз халқының жас ұрпағы — жаңа буындармен байланысты. Оларға айтатын сөзге келгенде, Абай тіпті де түңілуші болмайды. Әрбір ұстаздық сөздің үлкен адамгершілік

негіз, қасиеттерін, терең түрдегі мораль философиясымен байланыстыра айтады. Жалғыз ғана өлеңдері емес. Абайдың қара сөздерінде, «Масғұт» сияқты дидактикалық өсиет поэмасында да біз осы жолды ақынның өзіне ең бір айнымас арна етіп алғанын байқаймыз.

1894 жылы болашағынан жақсылық күткен жастарының бір адамы ақынды үлкен дертке, қалың қайғыға ұшыратады. Ол қазақ жастарының ішінде жолы бөлек жан — Әбдірахман болатын. Сол ұзақ ауруға ұшыраған соң 1894 жылы Абай алыстан жіберген сәлем хат етіп бірнеше өлең жазады.Жырақ шетте қатты ауырып жатқан сүйікті баласына мейірбан атаның арнаған жолдары. Өлеңіндегі жәй хаттан, жәй бір үй ішілік бас уайымынан өзгеше тұратын бір сарын сол — қайғырушы әкеніц адамгершілік сипатын танытуында. Әбдірахман ауырып жатқанда да, кейін 1895 жылы ол қаза болған соң да Абай осы қазаға арнап көп жырлар туғызады. Сондағы Абайдай атаның қайғысы халықтың азаматын қимаған халық жасының қайғысы болатын. Көп жерлерінде бұл хат танытатын қайғы үлкен гуманист атаның қайғысы. Өзі оқымысты, білгір және халық қамы үшін ойланған қамқор ойшылдың қайғысы болады.

Абайдың өмір бойы арман еткені орыстың үлкен білімін алған жас еді. Сондай болған Әбдірахманның еңбегінен жеміс күткен халық болатын. Онымен салыстырғанда, Абай өзін ескі буын адамымын деп бағалап, Әбдірахмандай жасты жаңа төлдің келешектің басшысы деп түсінген.

Оның бойындағы білім мен талап және ірі мағынадағы адамгершілік қасиеттер қазақтың Абай үміт еткен барлық жас ұрпағына үлгі боларлықтай еді. Сондықтан да Абайдың 1894—1895 және одан кейінгі кейбір жылдарда да, осы уайымға оралып, өзінің айтқан жырлары жалпы қауымдық қайғыға айналып отырады дейміз.

Сонымен қатар Абай осы өлеңдерінің алғашқы үлгілерінде өзінің дінге нанған адам екенін де жиі аңғартады. Жалпы, Абайдың дін мәселесіндегі көзқарасына біз кейін шығатын бір өлеңдерінің тұсында молырақ тоқтаймыз. Бірақ жалпы айтатын бір жәй — қай кезде болса да Абай дінсіз емес, қайта діп тұтынушы, иланушы адам болады. Сонда ол өзінің елі тұтынып отырған мұсылманшылық дінінде. Сол діннің алласын және басқа да бірталай қағидасын ақын өзінің нанымы етеді. Дінді

түсінудің, тұтынудың және бағалаудың жайында, әрине, заманындағы исламшыл дін басылардың, апологеттердің ұғымынан сан рет аулақ алыс кететін пікірді Абай өлең сөздері мен қара сөздерінде де көптен-көп танытады. Кейде оның діні шартты түрдегі, тек адамгершілік мақсатына ғана арналған діи болатыны бар. Бірақ осылардың бәрімен қатар Абай кейде алланы, пайғамбарды аузына жиі алып отырады.

Әбдірахманға арнаған өлеңдерінде әсіресе осы діндік ұғым-нанымдарды ақын мұсылманшылықтың, дін кітаптарының өзі қолданатын тілмен жарыққа шығарып, отырады. Сондықтан «алла», «әррахман», «яр тұту», «дұғаның қуаты», «сүнғатім» деген сияқты сөздіктер, жаңағы айтқандай, діндік наным, мазмұнмен жалғасып, өзінше заңды түрде келтірілген ұғымдар болады.

1894—1895 жылдардың жоғарыда біз шолып өткен үлгілерінен басқа жеке адамдарға арнап айтқан қағажу, мысқыл-әзіл өлеңдері де бар. Соның бірі — Қыздар деген кісіге арнаған сыншыл шенеу өлеңі.

Бұнда да Абай елдің пәлесін тілейтін атқамінерді дәл өзінің қасынан тауып, нақтылы айыптарын бұра тартқызбас фактілермен дәлелдеп отырып әділ, қатал сын айтады.

1895 жылғы ақын тудырған өлеңдердің қатарында аса бір көркем, шеберлікпен шыққан жыр — «Көлеңке басын ұзартып» деген өлең. Табиғат жайында реалистік дәстүрмен, ірі суретшілдікпен туғызған шығармалардың қатарынан бұл өлең жаңа сапада бөлекше көрінеді. Бұнда орыс классик поэзиясының традициясынан ауысқан ірі ерекшелік бар. Онысы енді табиғаттың кезі мен көркін көлденеңнен көруші боп жырламайды. Өз көңілімен айналадағы дүниенің суретін, сырын шарпыстырып, табыстыра жырлайды.

Бұндағы ақын үшін тың жаңалық — табиғаттағы стихия мен ақындық көңілдің шабытты стихиясы терең сырлы сипаттарымен кезігеді.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса.

Күңгірт көңлім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа.

Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа,—

деген шумақтарда табиғаттан алған әсер ақынды шіміркендіре бір білінсе, соған орай шабытты жүрек сыр қосады. Кейде сол дүниені көріп отырса, кейде ой көзімен ол дүниенің саз-сарынын ілестіріп барып шабытты жүрек басқа жаққа да шалқып кетеді. Көрініп тұрған болмыс қана емес, көмескі сезіммен ойларға да алабұртып, ауытқып отырады. Сол өлеңнің ішінде Абай қолданған ерекше бір теңеу бар:

...Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді, жолын бекінді,
Әуре болма, оны қой,—

дейді.

Ақын бұнда халықтың жеңіл мағынада қолданып жүретін тілдегі метафорасын тереңдетіп, қорғасын құйғандай салмақ бітіріп қолданады. Көпшілік тіліне «Адасқан күшік» деген сөз болымсыз ғана шындықтай сәл күлкі күйдей танылса, Абайда сол күлкілік күймен қатар, екінші сипат — трагедиялық және философиялық мән-мазмұн табады. Күшіктің айласыз, әлсіз дал болуын көшіп кеткен ауылдың есіз қалған жұртымен байланыстырып барып, ақын өз басының ендігі мұнын соған теңейді. Көңілдің жұртынан, үміт пен арманның өрісінен көпшілік тірлігі, халық көші аулақ кетіп жатыр. Сондықтан бұның азалы ойы адасады. Үнін ешкім естімес, шерменде ой трагедиялық күйде, ұлып жүріп зарланады.

Жалғыздықтың өз басына түсетін шерлі шындығын Абай кейде осындай шеберлік терендікпен толғайды. Дәл осы өлеңнің басқы жолдары Лермонтовтың бір өлеңімен ұқсас басталса да, кейінгі жолдарда ақынның өз шабыты өктеп шығады.

1895 жылы Әбдірахманның өлімімен байланысты қайғы-мұңға бату үстінде Абай діи мәселесі мен адамның жаратылыс сыры турасындағы тақырыптарға екі өлеңмен соғып өтеді. Бұның біреуі — ақынның нанымын аңғартқандай «Лай суға май бітпес» деген өлең. Екіншісі — адамның жаратылыс сырын сөз қылған — «Өлсе өлер».

Алғашқы өлеңнің басы үлкен ақындық теңеумен тағы да бір өкініш наланы танытады. Содан ары созерца-

ние ретіндегі ойларын тере келіп, ақын өзінің наным жөнін толғайды. Болып өткен ауыр қазаларға жоғарыда танылмаған кейбір түнілу сарындары қосылып келіп, ыза мен қазадан туған бір алуан діншілдік ойлар, күйлер шығады. Абай өзінің тиянақ таппаған тынымсыз көңлін дінге қарай бұрғанда, мұсылманшылдық дініне барады. Тағы да «халық», «махлұқ», «даһри», «лә мәкан» сияқты анық исләмият өсиетінің сөздігін пайдаланып отырады. Және:

...Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі,—

деумен алласына бас иген бендесін танытады.

Бірақ исләмнің үгітшілері иландырған өсиеттер бойынша «алланы» оның жаратқан бендесі ақылмен түсінем десе, адасады,— дейді. Ал Абай осы айтқан қағидаға қанағат қып тұра ма? Тоқтай ма?

Біздің білуімізше, өзін мұсылманмын дей тұра, Абай жаңағыдай дін атынан айтылатын зорлыққа көне алмай шығады. Өзгенің бәрін ақыл-ойға қондырса, мынау жолда да, сол ақыл жәрдемші болу керек дейді. Өзі сыншыл, өзі шын ақылы жеткенге ғана тоқтайтын ақын жаңағы дін ұстаздарының «тоқта» деген жеріне тоқтамайды.

Рас, мұсылманшылдықтан шідер үзіп, шығып та кетпейді. Сөйлетіп іздену мен сынаудың, сынап ойланудың жолына түседі.

...Көңілге шек шубәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын,—

деген ойлары бойынша Абайдың діні — ақылдың, сыншыл ойдың діні болуға бет алады. Исләм схоластикасы көзімен қарағанда, Абайдың бұнысы — мұсылман ғұламалары ұсынған дін жолы емес, күпірлік. Шариғат ойланбай илан десе, Абай илану үшін ойланам,— дейді.

Сол себепті, біз Абайдың аузында алла менен оның арабша айтылған сипаттары қанша болса да, ақынның мұсылманшылығын шартты түрдегі мұсылманшылдық деп білеміз.

Осы ойды келесі өлеңге келгенде, әсіресе деректі етіп, батылырақ байлауға болады:

...Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

«Мені»мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

. . . . . .
. . . . . .
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниеге дос ақыретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орнына алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың,
Иманын түгел деуге аузым бармас...

Осы өлеңнің алғашқы шумағында Абай адам жаратылысы туралы дуализм жолында. Әрине ол дуализм Европада Декарттың философиясында да аңғарылады. Бірақ Абай мұсылманшылық шартынан келесі шумақтың соңғы екі жолында тағы да шығыңқырап кетеді. Оның айтуынша, өлмейтұғын ой мешен өшпейтін сөз, өнер мұра қалдырған адам өлмейді екен. Ислямияттің үйреткені мүлде бұл емес.

Ал, мұсылманшылық дуализмі мен Декарттың дуализмін алсақ, онда айырмыс бар. «Мен ойлаймын, сол себепті бармын» деген Декарттың идеалистік философиялық формуласы ойды заттық дүниеден үстем етіп қояды. Абай да: «терең ойдың телміріп соңына ермей» деумешен адамдық қасиеттің ең зоры — ой деп біледі. Ендеше, бірінші дәрежеде тұратын — илану деп дін үгіттесе, Абай одан кетіп, жаңағы идеалистік санадағы философ ойына көбірек жақындайды. Соңғы шумақтың ең соңғы екі жолында Абай ислям діні үгіттеген «иманға» да күдік айтады.

Діннің бес парызы шарт еткен жолдарды Абай өзінің сыншыл ақылымен діндік соқыр наным — предрассудок деп түсінеді.

Осы ойын тағы да кейінгі бірнеше өлеңдерінде және қара сөздерінде де көп қайталайды. Сөйтіп, адамның жаратылысы мен өзінің тұтынған діні турасында Абайдың ең үлкен мән беретіні — адамдағы сыншы ақыл, терең ой ғана болады. Нәтижеде ақын жаратылыс мәселесінде идеалистік көзқараста тұрса да, сырттай мұсылманшы-

лық белгілерін байқатқанмен, бар нәрсенің тетігі ой дегенге келеді. Сөйтіп, жоғарыда айтқанымыздай, оның діні сыншыл ақылдың шартты діні болып шығады.

1895 жылда ақын тағы бір топ көркем өлеңдер: «Талай сөз бұдан бұрын», «Аш қарын», «Балалық өлді» деген жырлар жазды. Бұларда ел мінезі, әдеттері мен көңіл-күйі, ақындық мақсаты да осылар тектес бұрынғы өлеңдердей шешен, көркем баяндалған.

1896 жыл шығармаларының ішінде әзірге біздің тоқтайтынымыз үш алуан тақырыпта жазылған үш өлең. Олар: «Малға достың мұңы жоқ», «Адамның кейбір кездері», «Бір сұлу қыз».

Қазақ сахарасындағы Абай тұсындағы мал иесі байлардың барлығының тобына арнап айтқан ақындық қорытынды сияқты бір өлеңі —«Малға достың мұңы жоқ». Бұл ортаның тойымсыз, ынсапсыздығын, ардан кешкен алымпаз аярлығын, қомағай топастығын Абай өткір сынмен ашады. Бұрын ақын байлар тобын жалпы болыстармен қоса айыптап отырса да кей-кейде солардың араларынан «тәуір дерлік» момын бай дегендерді бөліп сөйлейтін. Ол белгілі бір қайшылық дегенбіз. Ал, мынау өлеңде Абай барлық байлар туралы тұтасқан жиреніш, сыншылық ойларды өрбітеді. Оныcы қоғамдық мол мазмұны бар, үлкен шындықты көрсетеді. Көпшілік еңбекші бұқара көзімен қарағанда, осы тұста анық, айқын таптық сынды танимыз. Байлардың сорақы, құнсыз кескінін Абайдың дәл осы өлеңіндей ащы тілмен аяусыз әшкерелеп берген қазақ ақыны болған емес.

...Мал жияды мақтаныш білдірмекке,
Көзге шұқып малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке,—

деумен қатар Абай келесі жолдарда қатал өткір тілменен натуралдық образдарды қолдана отырып, қазақ байларының мінезін дүниедегі ең пәжістің бірімен теңейді.

Ақын ойы бұрын кей кезде қайшылыққа ұшырап жүрсе, енді өскеленденеп, анық халықтық-демократтық түсінікке жетеді. Қазақтың байы жұртына жау. Екінші, көпшілікке оның істеп отырғаны шошқалық деп алып, еңбек елін бай тобынан айыра сөйлейді.

...Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,—

деп еңбек елінен адамгершілік күтеді. Соның еңбегінен нұрлы ақыл, жылы жүрек те туады деп дәмеленеді.

Қазақтың малқор да дүниеқоңыз байының маңында еңбек етуші кедей еңбегін ғана жегізбейді, ар қорлығын да көреді,— дейді. Бұл өлең осындайлық ойдың, қоғамдық идеяның өріне жеткен қалпымен, Абайдың өзіндегі азаматтық сыншы сананың жаңадан биіктеп, өрлей түскенін көрсетеді.

Осы жылдың ендігі бір өзгеше өлеңі — «Адамның кейбір кездері». Бұнда Абай және де ақындық жайын толғайды. Бірақ оның бұрынғы айтып жүргендерінен тағы да басқаша, зор мәдениетті ірі шеберлік тауып жырлаған толғауын көреміз. Абай бұл өлеңде шынайы ақындық шабыт үстіндегі шарқ ұрарлық, өскелең халді алады. Еліктеу жоқ, бірақ өз түсінігімен, өз тілімен көріктей берген осы өлеңінде Абай Пушкин, Лермонтовтан оқып үйренген дәстүрін анық еске түсіреді. Орыстың ұлы классиктері жазған «Поэт» және «Поэту» деген өлеңдеріндегі ақын шабыты турасындағы аса биік саналы түсініктер Абайдың өлеңінен анық бой көрсетеді.

Сонда Пушкиндегі ақыннан құрбандық тілейтін Аполлон біздің ақында «тәңірге» айналады. Жайшылықта көптің ішіндегі көрнексіздің бірі боп жүрген ақынның шабыт үстінде шалқып кететіні айтылса:

...Кірлеген жүрек өзі ішін
Тұралмас әсте жуынбай...
. . . . . .
Дүние кірін жуынып,
Көріпіп ойға сөз салар,—

деуменен шабыт үстіндегі ақын қатардағы адамнан асқындап озып, биікке кетеді,— дейді. Сол биігінен қарағанда, айналадағы тіршіліктің бар зұлымдығын айқын көріп, іркілмей ашып береді демек.

Пушкинде ақынның көрегендігі ұябасар бүркіттің қырағылығына теңеледі. Абай да өзіндік, халықтық теңеуді анық өз бойынан туған бейне етіп отырып толғайды.

...Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға,
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін...—

дейді.

Осындай сапамен жауыздық, надандыққа кектенген әділ сыншы қоғамдық шындықтың өкімін айтады. Жалтармай, жасқанбай бар сорақылықты басқа соғып, көзге шұқып айтады.

...Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсендер, өзің біл,—

дейді.

Үлгіні үлкен гуманистік дәстүрлі орыстың классик поэзиясынан ала отырып, ақын қазақ әдебиетіне және де жаңаша бір міндет артып, сап таза сипат бітіреді. Әрі мәдениетті ақындық дәстүрін әкеледі. Әрі соны оқушысына ерекше жақын етіп, қамқорлықпен ұғымды, қонымды етіп береді. Және де әсіресе ақын атаулыға шынымен халыққа жақын жазушы боламын деген қазақ жасына жол нұсқайды. Сатымсақ, ардан кешкен арзан ақын болма, жуандарға қостаушы, құптаушы, қошеметші болма, қайта олар істейтін жауыздықтың шындығын ашып, әділет пен ақындық тілшісі бол, өмір сорақылықтарының әкімшісі бол дейді.

Бұл тұста Абай, сөз жоқ, Чернышевский атаған әлеуметтік, эстетикалық талапты түгел ақтайды. Чернышевскийдің ойы бойынша, ақын өмір шындығына түсінік беріп, шешу айтып қана қоймау керек, ол өмірдің бар мініне өкім де шығару керек, Абай өз ақындығын қоғамдық тартыстың актысы деп түсіндіргенде, осы Чернышевскийдің нұсқаған тұрғысынан барып шығады.

Тақырыбы мен сол тақырып сыншыл шеберлікпен қалыптасуда осы жылы туған, орны бөлек үшінші өлең «Бір сұлу қыз». Бұл жырда Абай қазақ әйелінің еріксіздік, күндік күйін арнаулы тақырып етіп қолға алады. Өлеңнің алғашқы екі шумағын аңыздай бір тақырыпқа арнайды:

...Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға,—

деп аяқтайтын жолдар шалға тигісі келмеген жас сұлудың трагедиясын қысқа баллада тәрізді баян етеді.

Осы жәй барлық өлеңге кіріспе болумен қатар өзінше өзек — тақырып береді. Қазақ әйелінің халінде шалға еріксіз тиетін, мал күшімен, зорлықпен кететін жас әйелдер жәйі айтылады.

...Бай картайса малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып.
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?—

дейді.

Осы тәрізді бірнеше шумақтарда Абай анық қазақ әйелі көретін қорлық пен зорлықты айтады. Бірақ сыңар жақ айтады. Абай заманында қазақ әйелінің көретін теңсіздік қорлығының ең бір ауыр дертті түрі жас әйелдің кәрі күйеуге тиюі, оның үстіне көп әйелдің бірі боп, тоқал боп тиюі екені рас. Бірақ ол күндегі әйел қорлығы осы ғана ма екен?

Әменгерлік, жастай құда болушылық, жалпы малға сатып алушылық, жастары тең болғанда да сүймегенге берушілік, осы сияқты толып жатқан әділетсіздік дерттері, сан сорақылықтары Абайдың осы өлеңінде түгел айтылмайды. Көбінше, өлеңдегі ой, өзінің сыншылдық зәрін жас айырмасына ғана арнағандай болады.

Әрине, Абайдың заманы үшін оның осы өлеңінің өзі де өзгеше тарихтық бағасы бар өлең екенін ұмытпау керек. Шеттеп тисе де қазақ әйелінің ол замандағы мың батпан болған ауыртпалық халін гуманистік, сыншылдық тұрғыдан қарап, ең алғаш рет өз еліпің әдебиетінде сөз қылушы Абай ғана.

Бұл орайда қазақтың фольклорында кездесетін ғашықтық трагедияларын әйел халі туралы айтылған үлкен сыншылдық шығармалар деп санауға болмайды. Оларда салттан туған ерекше жайларды, қайғылы күйлерді шер ету ғана бар. Бірақ сол салттың өзін сынау жоқ. Абай болса, қазақ әдебиетінде ең бірінші рет үй ішілік, тұрмыстық құрылыс негізіне шабуыл жасайды. Көп надандық, масқаралық салттың қазақ әйелін қор етіп отырған бар түрін алмаса да, сол қанаудың ең үлкен мысалдарын көрсетеді. Бай ортасының, әсіресе көп қолданатын жаманшылығын ең алдымен ауызға алады. Сыншыл жырмен халыққа әрі мысқыл етіп, әрі айып деп әшкерелейді.

Өзінің заманы үшін бұл өлеңнің сондайлық ерекше орны, бағасы бар. 1896 жылы, жоғарыда тексерілгендерден басқа, «Туғызған ата-ана жоқ», «Сағаттың шықылдағы», «Көңіл құсы құйқылжыр», «Махаббат, достық қылуға» деген тағы бір тақырып көріктері мен қадірлі болларлық өлеңдер жазылады.

1897 және 1898 жылдарда Абайдың өзге өлеңдерімен қатар тапқан тағы бір тың тақырыбы бар. Ол — қазақтың әніне арналған өлеңдері.

Біреуі —«Көңіл құсы құйқылжыр», екіншісі —«Құлақтан кіріп бойды алар».

Осы аталған әрі терең толғаулы, әрі әсем және бар сапасы бөлек соны шығармалар қазақтың әні мен күйіне арналған. Бұл да қазақ поэзиясында бұрын жекеше баға беріп, әсіресе Абайша үлкен эстетикалық, ойшылдық баға беріліп, қозғалған тақырып емес. Абай бұл жайға өзінің ірі суретші, ойшылдық тұрғысынан қараумен, өз ақындығының қаншалық кең құлашты екенін көрсетеді. Анығында, өз тұсы мен өзіне шейінгі замандағы қазақтың қоғамдық, шаруашылық, үй ішілік, ой-саналық, тілөнер тудырғыштық, тірлік-барлық — барша тақырыптарын Абай түгел шолады.

Осындайлық өзі берген деректер мен асыл мұраларына қарап біз Абайды анық өз заманындағы қазақтың заттық, әлеуметтік және рухани тіршілігінің энциклопедиясын берген дана классик деп, толық бағалай аламыз.

Екінші айтылатын бір жай: Абай өз халқының тілі мен өнерін, анық халықтық қазыналық қасиетті жақтарын аса зор бағалаған. Оны сан рет өлеңге арналған шығармаларынан бір көрсек, осы тұста елінің ән-күй қазынасына арналған шығармаларынан, әсіресе, тағы да толық танимыз.

Мынау өлеңдерде Абайдың еске алып отырғаны — жалпы ән емес, қазақ халқының өзінің әні. Солай екенін:

...Көбінесе ән басы келеді ащы,
«Кел тында!» деп өзгеге болар басшы.
Керім толған, тауысар қоңыр-күңгір,
Сол жеріне ойынмен араласшы.—

дегенінен байқаймыз.

Бұл анық қазақ әнінің әуелі зор шырқаудан бастала-тын ерекше түрін еске алады. Ақын сол өз халқының әнін өзгеше ыстық көңілмен сүйеді. Көп уайымнан, улы дерт-

ті ойларынан қазақ әні мұны айықтырып, сергіткендей болады. Кейде шабытсыз, қанағатсыз, толықсыған жүрек сезіміне де ән қуат беріп, қайта оңалтқандай болады.

...Ұйықтап жаткан жүректі ән оятар.
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар...
. . . . . .
Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге,
Жылы жүрек қайда бар қозғалатын
. . . . . .
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.
. . . . . .
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер...

Міне, осы айтылған ән мен күйге кезектеп берген бағалар, Абайдың өз өлеңіндегі музыка қазынасына тіпті барлық басқа өнер мұраның бәрінен де артықша, биік орын бергенін байқатады.

Халқының әнін Абай өзінің мұңдасы етеді. Ойына, азаматтық еңбегіне қанат бітіретін сенімді серігі есепті санайды. Ақын жарқын жүзді, жақсы шырай мен жалынды шабыт табады, жабырқаған көңіліне ем етеді. Бірақ онда да сынсыз шұлғымайды. Тағы да шыншыл, ойшыл ақын әннен әнді, қатты талғап айырады:

...Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің өсері бар,—

деуменен бар дүниеге ойлана, сынап қарайтын ақын ән мен күйге де шарттар қояды.

Әнге арналған екінші әсем өлең:

...Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй,—

деп басталады.

Бұл өлеңде Абай, жаңағы айтқандай, әнді құр тыңдаушы, тамаша етуші ғана болмай, соншалық өзі ынтық болған өнерден кейінгі еңбегіне зор қуат алатынын айтады.

...Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.

Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер,—

деп, музыканың шабытқа шабыт қосатынын танытады.

Көркемдік жыршысы көркем туыстан кең тыныс алады. Ән мен күй ілгергі тартысқа қуат бітіргендей әсер беріп, бұны тың талапқа бастайды. Қазақ әні Абайдың өмірге арналған көзқарасы жөнінде де кейде жасартып, жебеп отырғандай болады.

...Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?—

дейді.

Мінеки, ән турасында айтқан ақын толғаулары осындай. Бұларда сезімтал жүректі шіміркендіре шыққан шындықтары мол. Осы жылдарда Абай тудырған, біз түгел санап өтпеген тағы да көп өлеңдер бар. Солардың қатарында өзгеше бағалы бір жаңалықтар боп барлық қазақ көркем әдебиетінен бөлекше орын алатын осы шығармалар. Жекелеп тексерілмесе де 1897 жылы туған елеулі өлеңдер «Көк тұман», «Сенбе жұртқа», «Алла деген сөз жеңіл» болады. Бұларда да Абайдың көңіл-күйі, ойшылдығы, діндік нанымы аса маганалы, шешен түрде танылады.

Абайдың ендігі бір мол ақындық жеміс берген жылы — 1898 жыл. Бұл жылда, әсіресе, аударма көп. Крылов пен Лермонтовтан жасалған аудармалардың көбі осы жылда туады. Өз жанынан жазған өлеңдер қатарынан өзгеше боп, оқшау шыққан екі өлеңді айрықша бөліп тексереміз.

Бұлардың біреуі — табиғат, махаббат сырына арналған, ақынның ең бір нәзік шеберлікпен тудырған өлеңі «Желсіз түнде жарық ай». Екіншісі — ақынның адамгершілік ұлы бітімінен туған әрі терең, әрі көңілдің сирек сыры — «Өлсем, орным қара жер».

«Желсіз түнде»— ұзақ өлең емес. Бірақ оның сол қысқа түрі анық ыстық тынысты, нәзік ырғақты, әсем лирикаға сай келеді. Бұл өлеңді өзгеше қымбат етіп тұрған да сол аз жайға көп күйді сыйғызғандық болар. Бағасы зор, шын асылдың көп болмай, шағын мөлшерде бар қадір-қасиетін, қымбат бағасын танытып тұрғандай.

Бұнда қазақ сахарасының бір кеші елес береді. Көшпелі ауылдың жарық айы, желсіз түнде тау іші, өзен жағасына жайғасқан кезі алынады. Ауыл ұйқыға кеткен. Дүниенің жым-жырттығын анда-санда үрген ит пен күзетшінің айтағы ғана ауық-ауық бұзғандай. Айналадағы тау жанды дүние үніне сирек жаңғырықпен үн қосады. Тағы бір тіршілік белгісі — сайды жарып аққан тасқын өзен ағысында. Сол жақта оңаша, жасырын, аулақта сүйіскен екі жас кездеседі. Махаббат жаңағыдай келіскен табиғат бесігіне бөленеді. Осы өлеңде алынған барлық болмыс, көрініс көңілге аса қонымды. Өзінің қасында тұрғандай әр көңілге жақын да таныс. Бұл қазақтың сахара тіршілігінің күнделік болмысы. Соны жыр еткен ақын бірде-бір тұманды, бұлдыр күйді араластырмайды. Бар жай ап-анық боп, жанды тынысымен «е» дегізгендей болса, сөз, сезім, суретшілік те аса мөлдір сұлулық тапқан.

Өлеңде баян етілген хал мен сәтке жат келетін жалғыз сөздей түйткіл жоқ. Сол себепті, шебердің сараңдығымен берілген тамаша сурет аса бір ұстамды ұқыптылыққа бағынады. Екі жастың ынтыққан, құмарлықпен кездескен жүректері де осы тынып тұрған мазмұнды түн тынысындай, үнсіз лепке, емеурінге табынады. Бұндағы тіл — сөзбен айтылған күй емес, сөз жеткісіз жүрек тілі болуға тиіс. Ұлы суретші және психолог ақын сол жайлардың барлығын емеуріннен, елестен ғана танытып, нәзік жайды қысқа шебер ғана қайырып, кілт тоқтайды. Оқушы өзі ойланып, өзі хиялдап, арғы сырдың баршасын өзі қосатындай етіп леп береді де, тына қояды. Аса бір мазмұнды танудың өзі де сыршыл өлеңнің көркемдігін асыра түседі.

Абай осы өлеңнен соң махаббат, ғашықтық жайын айрықша тақырып етіп жырламайды. Бірақ әр кезде, әр түрлі ырғақ, үлгі стильге түсіп, ізденіп жүрген тақырыбының төріне осы өлеңмен еркін жетіп танығандай. Бұнда әрі үлкен дәстүрлі орыс классик поэзиясынан ауысқан реалистік, зор мастерлік үлгі бар. Сол мол меңгеріп алған мәдениеттік үлгі бойынша анық өз халқының өз табиғатын, өз тірлігін тамаша ұсталықпен көріктеп берген шеберлік көрінеді. Абай бұл жырында аса нәзік суретші, сыншыл ақын да және анық қазақтың халықтық өзгешелігін әсемдеп берген шынайы халық ақыны.

Осы жылғы Абай ақындығының тағы бір үлкен тұр-

ғысы —«Өлсем, орным қара жер». Бұл жыр да өлім жайын толғайды. Бұдан бұрын да басқа классик ақындарша Абай да өлім жөнін ауызға оқта-текте ала жүретін. Бірақ анық өзінің өмір шындығымен, ерекше жол жағдайымен байланысты өзгеше бір ойлы мұңнан туған саналы сырдың жыры осы өлең.

Жалпы алғанда, бұл жырдың тақырыбы — ойшыл адамның, әсіресе, сыршыл ақындардың анық тоқтайтын тақырыбы. Өмірдің өріне жетіп, оның ішінде талай қиыр кезең жолдарын басып өтіп, енді тірлік сапарын таусарманға келгенде айтатын шерлі сыр болады. Бұл өлеңде көп жайдың түйіні бар. Қеше ғана көрген соққының салдары ғапа емес, өмірінің ұзын бойын шолып келіп, дәл осы жылда өлімді айтып отырған Абай аса қымбат қасиет табады. Ол келешекпен тілдеседі. Өз халқының кейінгі ұзақ тарихына өлместік із қалдырып отырғанына сенім артады. Қасиет дейтініміз — өлім жайынан бастап, өлместің сырына ауысады. Белинскийдің Пушкин жайында айтқан бір пікірінде: «Ақын-генийдің қайсысы болса да алдыңғы заманды аша алмайды, бірақ әр кезде ол келешектің, көпшілік көзіне көрінбестің мазмұн мен мәнін болжай біледі»,— деген.

Әрине, Абай да өз халқының болашағын сол Белинский айтқандай болжаған. Халқының келешегіне, тарихына айқын етіп айтқан шешуі жоқ, ол, Белинский айтқандай, мүмкін де емес. Бірақ сонымен қатар Абай өзі өмір кешкен заманнан басқаша, артық заман болатынын болжайды. Сол заманның адамымен сөйлескендей болады.

...Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап, қара,—

дегені және келесі шумақта:

...Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!—

дегеніне қарағанда, Абай келер нәсіл адамына бар сырын ашып, мұң шағады. Оған жақын отырып, барынша сенім артып сырласады. Ол адамды өз заманының адамынан ұғымдырақ, ойлырақ және әділетті тыңдаушы деп түсінеді. Оның үстіне, ол келешек адамның заманы, Абай

заманынан әлдеқайда артық заман болады деп біледі. Өйткені оларға, Абайдай ақын барлық мұрасымен жұмбақ адам боп көрінбекке лайық сияқты. Ендеше олар қоғамдық тірлігі, тарихы, мәдениеті — бәрі де өзгеріп, өскеленде кеткен нәсіл болу керек. Ол ортада «соқтықпалы», «соқпақсыз» тірлік болмау керек сияқты. Және де ол ортада мың адаммен жалғыз көз ашық кездеспесе керек. Надандық жеңіліп, адамдықпенен білім жарығы жеңген заманның адамын ақын көріп отырғандай. Қейін өзінің өмір ерекшелігін тағы да еске алып: «мен сендердей жас күнімнен жарық көргем жоқ. Дұрыс ойдан аулақ ұстайтын өмір тартысының, сендерге жат тартыстың жағдайында өстім. Сендер білместей көне күннің адамымын. Ол уақытта, менің қостаушым боларлық қауымым өскен жоқ еді. Замандастарымнан тек «етек бастыны» ғана көрдім. Сол себепті, сандалмамен күн кештім. Заманыма ұғымсыз, бағасыз болдым. Жұртшылық дегеніннен қорлық көрдім. Сен ол заманның алысқа кеткен шағында, басқа жағдайда өмір кешіп отырған ырысты нәсілсің. Менің жайымды ойлағанда, «есіркеп ойла»,— дейді.

Өлеңнің аяғы да өлім күйімен күңіренбейді. Ойлы жалғыздың жақсы, момын, саналы әзілімен аяқтайды. Өз өлеңін сол әзілмен «өсекші» деп атандырады. Ішімді ашып, сырымды жеткізуші сен боларсың-ау!— деп өзі әдейі ырық беріп отырған өлең атты сырласына наз айтып тоқтайды. Өмір, тірлікке лағынат-қарғыс айтпайды. Жауласып, жарғыласып кетіп жатқан жоқ. Тіршілік есігін ақырын жауып, анық дана ақынның кең, сабырлы мінезділігімен кетіп жатыр. Ол мінезділіктің тірегі — болашаққа үмітпен қарауында, күдіксіз сенуінде.

Осындай тереңде жатқан түйіндеріне қарап, бұл өлеңді біз Абай өмірінің соңғы шағының үлкен қорытындысы дейміз. Қазақ оқушысына ең бір даңқты, қадірлі болған көркем өлеңінде әр шумақ, әр жолдың ішкі мазмұнынан көрінген түкпірлі толғау, сымбатты сырлар бар. Бұл өлең Абайдың ақын мен ақындық жөнінде және көңіл сыры жөнінде, қоғам мен өз арасын білдіру жөнінде бұл шаққа шейін айтып келген әр тақырып, сан өлеңдердің сұрыпталған асылы есепті.

1898 жылы Абай көп аудармалар жасайды дедік. Осы жылда бұрынғы тақырыптарын жаңа көркемдік, шеберлік тілдерімен толғаған, өз жанынан жазылған басқа да бір топ өлең бар. «Болды да партия», «Қуатты оттай бұр-

қырап», «Сұм дүние тонап жатыр», «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңдер.

Осы алуандас бас мұңы, өмір философиясы және кейде мысқыл, әзіл тақырыбына жазылып, бұрын ақын айтқан ойлар мен әсем сыр-сезімдерді білдіретін өлеңдер келесі жылдарда да үздік-үздік туып отырады.

Мысалы 1899 жылғы туған сондай өлеңдер: «Есінде бар ма жас күніңе», «Жүрегім менің қырық жамау», «Нұрлы аспанға тырысып», «Дүтбайға» деген сияқты өлең тобы.

1900 жылы жазылған аз өлеңнің жоғарыда аталғандай, оригиналдық үлгілері: «Жүрегім, нені сезесің», «Көңілдің күйі тағы да», «Күнді уақыт итеріп» деген өлеңдер.

1901 жыл туындылары: «Ұяламын дегені», «Жапырағы қуарған», «Қуанбаңдар жастыққа», «Осы қымыз қазаққа», «Буынсыз тілің» дейтұғын шағын өлеңдер болады.

Абай ақындығының соңғы жылдары 1902 жыл мен 1903 жыл. Дәл қайтыс болатын 1904 жылы ақын өлеңді мүлде қояды. 1902—1903 жылдарда да төрт-бес-ақ өлең жазылады. Осы ең соңғы жылдар өлеңінен біздің енді аз тоқтайтынымыз «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлең.

Бұл шығарма Абайдың дінге арналған ойларын қозғайды. Оның діні қандайлық діп боп аңғарылатынын біз бұрын айтып өткенбіз. Қазір мынау өлеңмен байланысты қосымша бір-екі жайға тоқтайық..

Ең әуелі байқалатын нәрсе, сырт қарағанда, бұл өлеңде Абай анық діншіл ақын. Діні — исламият жолының қағидаларына табынған, мұсылманшылықтың алласын, пайғамбарын, имамын үнемі ауызға алып отырған дін ұстазының ұғым-нанымын көрсеткендей. Тілде де, ақындық сөздікте де құранның аятынан алынған әрбір діндәр мұсылманның аузында жүрген дұғалықтың, тағат-ғибадаттың сөздері бар. Өлеңнің бас жағында бар мұсылман өзінің мұсылманшылығын иман келтіріп айтатын, шартты дұғалығы еске алынады. Сонда: «Амантү билләһи, уәмалайкәтиһи, уәктүбиһи уәрслуһи уаляумиль ахири, уәл бағд-бағдәл мәут» дейтін иманның шарты еске алынады. Бірақ осының өзінен басталып:

«Уәктүбиһи дегенмен ісі бар ма?» дейтін сұрақты бере отырып, Абай бір мұсылманшылық емес, өзге бір құдай-

ды танитын діндәрдің бәріне де (анықтап айтқанда төртеуіне де) теріс қарамайды. Ең алдымен, мұсылманның имам-ишандарының көзімен қарағанда, Абайдың бұл ойының өзі дұрыстық емес. Содан ары, Абай ислямияттың өрісінен, арнасынан мүлде алыстап кетеді:

...Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады иманн гүл.
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.
Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдик — хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуеской — онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж — талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанмен татымды бермес жеміс,—

дейді.

Осы келтірілген шумақтарда Абайдың осы өлеңіндегі барлық дінге байланысты нанымы да, адамгершілік турасындағы үгіті де және біз кейінірек тоқтайтын мораль философиясы да түгел байқалады.

Ал, осы тұрғыдан қарасақ, алғашқы шумақта адамзатты махаббатпен жаратқан ие бар, ендеше соны сүю жаратылушы бенденің қарызы деген ой жалғыз ислям ғұламаларының көзқарасы емес. Ол: Сократтан, Платоннан бері басталып келе жатқан идеалистік философияның бәрінің арқа тірегі.

Содан ары Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейді. Бұндағы мұсылманшылықтың өзі ауызға алып келген «алласы», «пайғамбары», «кәләмшәрифі», «иманы» нұсқаған жолдың бәрінен Абай бөлініп, шет жайылып кетеді. Ислям үгіті бойынша, бар адам баласын сүймек түгіл, мұсылман еместің, дін қарындасы еместің барлығын кәпір деп жау санау керек. Екінші — Абай айтқан әділет те ислямнің түсінігінен басқаша.

Абай жалпы гуманистік түсініктің әділетін айтады. Ал, ислям дінінің барлық тарихы мен тәжірибесін, үгі-

тін алсақ, оның ұғымындағы әділет, мысалы, мұсылман болмаса, өзге діндегілерді өлтіруге де болады. Онымен алысу жолында өзің өлсең «шәһит» боласың, бейішке барасың, ендеше әділеттің үлкені осы дейді.

Абай дін қағидасымен өзінің қайшы келіп отырғанын елеместен, тіпті шындап ойласаң «тағат та осы» дейді. Сөйтіп, жаңағы өзі айтқан жолды құлшылықтың да, діннің де жолы дейді. Және соған қарсы, дінді бұзатын мінездер: «пайда, мақтан, әуесқой — онан шошы» деп, өз үгітін тағы ұсынады. Ислам дінін атамаса да ақынның өз түсінігіндегі адамшылыққа қайшы келетін мінездерді санайды. Ал, ислам діні — «мұсылманға бес парыз» деп: ораза, намаз, зекет, хаж дегенді айтса, Абай оларға көп көңіл бөліп, місе тұтпайды. Жаңағы өзі айтқан, өзі ұсынған адамгершілік жолынан шықпаған адамның «бес парызды тұтынуы «татымды бермес жеміс» деген бағаны алады.

Осыдан әрі, Абай өзгені емес, мұсылманшылықтың тірегі дейтін имамдардың сөздерін мансұқ қылады:

...Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған...—

деп ,оларды сынау ғана емес, жазғырып, айыптаумен тынады.

Өлеңнің ең ақырында:

...Ойла, айттым: адамдық атын жойма!—

дейді.

Солайша, мұсылманшылықтың «алласынан» бастап, адамшылықтың үлкен мағынадағы адамдығымен тоқтайды. Қысқасы, өз оқушысының бәрі де «мұсылманбыз» деп, белгілі дінді тұтынғандықтан, Абай солардың дін негізіне сүйене отырып сөйлеген тәрізді.

Бірақ, жоғарыда біз талдап көрсеткендей, ішкі сырына үңіле ойлансақ, бұрынғы байқағанымыз, талдағанымыз тәрізді мынадай сыртынан барынша діншіл көрініп отырған өлеңнің өзінде де Абай ислам дінінің үгіт-өсиетін, өте шартты түрде ғана шамалы, шақты жерге ғана керекке жаратты.

Ал, өзінің шынайы үлкен мүддесі, ислам дінінің шеңберінен әлдеқайда ары асып түсіп, кең жатады. Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды. Сол жөнде ислам дінінің иманын, парыздарын, тарихындағы шартты жолдарын — баршасын да,

өзінің ұлы гуманистік тұрғысынан қарап, көп жерінде мүлде, Абайдың діні — өзінің заманы мен ортасына, бір жағынан, сырттай баж бере отырса да, негізінде және де ақылдың, адамгершіліктің діні болады.

Енді, осы жаймен байланысты, біз жоғарыда атап өткен Абайдағы мораль философиясын еске аламыз. Жалғыз-ақ соны айтудан бұрын жалпы Абайдың шығармаларынан көрінетін философияға қатынасы бар ойлар туралы біраз сөз айтып өту керек.

Абай мұраларын зерттеушілердің кейбіреулері «Абай философиясы» деген тақырыпты бөліп алып, тексеруді талап етеді. Абайды философ деп атап жүргендер де табылады. Анығында, бұл жөнде дұрыс түсінік керек. Шын мәнінде алғанда, Абай философ емес. Ғылымдық кең мағынасында Абай философ емес дейтұғынымыз — оның арнап жазған, философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ.

Қорытып айтқан системалы философиялық көзқарасы болса, Абайда ең алдымен жаратылыс туралы, адам ойының, познаниесінің жүйелік тұрғысынан қараған, өзіндік өрісті оқуы, учениесі болса керек еді. Өз алдындағы адам баласының дүниелік әдебиетіндегі зор мәдениетімен және әсіресе орыс халқының классик әдебиет дәстүрлерімен жақсы қабысып, табысқан оқымысты Абай бар еді. Сондайлық дәрежеде өз алдындағы философиялық ғылыммен, оның ішінде әр дәуірдегі философтармен жалғасы, байланысы болса керек еді. Бұл жөнде тек Сократ туралы Платонның еңбектерінен және Ксенофонттың естеліктерінен алынып, Абай қара сөздеріне кірген бір әңгіме-толғауды ғана мысалға келтірмесек, басқа философтардың Абай шығармаларынан өз системаларымен орын алғаны көрінбейді. Оларды қабылдау түрінде де, сынау ретінде де Абай өрлі ой жүргізген емес.

Ауызша әңгімелескен шақтарында, әрине өзінің ақын шәкірттеріне, жақын тыңдаушыларына Абай әр мезгіл оқып отырған Спиноза, Спенсер, Дарвин, Дреппер немесе ескі антик философиясынан: Сократ, Платон, Аристотель еңбектері туралы сан мәртебе ойларын, сын толғауларын айтқан болар. Бірақ сол мәжілістерден, сондағы ойшыл Абай айтқан философиялық пікірлерден бізге жеткен жазба дерек жоқ.

Европа мен Россия философтары ғана емес, Абай ислам тарихымен байланысты соның көлемінде еңбек етіп,

жазба мұралар қалдырған мұсылман философтарының ешқайсысының да мұраларын сынап, талдап тексерген шығармалар жазған жоқ.

Ислам ғаламында грек философиясынан келген неоплатониктердің көп әсері бар еді. Мұсылман философтарында Бағдаттағы әл-Фараби сол жолда еңбек жазған. Кейін Аристотель философиясы да арабтар арқылы мұсылманшылық мәдениеті көлемінде көбірек өріс алып тараған болатын. Көп мұсылман елдерінде және орта ғасырдағы Европа елдерінде де аттары мәлім болған мұсылман философтары Әбу-Әли-Сина, Ибн-Рашид сияқтылар бар-ды. Ал атақты философтар өз замандарында исламның апологеттері аталған тар көлемнен шығып, үлкен ізденгіш ойлар танытқан.

Схоластикалық исламның өз шеңберінде еңбектер туғызып, діншілдікке байланысты философиялық шығармалар тудырған соқыр ақын Әбу-аль Мағри немесе исламның үлкен апологеті имам-Ғазали тәрізді философтар болған.

Абай жоғарыда біз айтқандай, бұлардың да бірде-бірінің атын атап, еңбектерін талдамайды. Сөйтіп, аңдап қарасақ, Абайдың дүние жүзілік философия ғылымымен ой шеңестіргеп, жалғасқан еңбектерін көрмейміз. Өзінен туған, өзіндік философиялық системаны танытатын арнаулы трактат тағы жоқ дедік. Олай болса, анығын айтқанда, «Абайдың философиясы» деген тақырыптарды оның кейбір өлеңдерінен және біраз қара сөздерінен теріп-сүзіп қана қарауға болады.

Жалғыз-ақ осымен қатар, біздің тағы бір баса айтатын пікіріміз, Абайды философиядан мүлде аулақтатып, жырып тастаудың да жөні жоқ. Өзіндік философиялық системасы, жекеше философиялық еңбектері болмаса да Абайдың барлық мұрасын алғанда (лирикасы, поэмалары, қара сөздері) көп шығармаларында көрініп отыратын анық ойшылдық көзқарастар, терең толғаулар болады. Бұлар міне, қатты ескеріліп, анықтап зерттеліп отыруға керек. Және осындай ойшылдық белгілерін жеке философиясы деп атамасақ та, ақынның даналық, философиялық көзқарастары (философские взгляды) деген түрде, мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек.

Бұндай жолға келгенде, мысалы, Гете, Байрон, Пуш-

кин, Горький сияқты ұлы ақын-жазушыларды алсақ, барлығын да жекеше арнап «философ» деп атамаса да, тексерушінің бәрі де олардың жаңағы Абай турасында біз айтқандай, философиялық көзқарастарына көп көңіл аударады.

Абайға келгенде, осыған шейін біз тексеріп өткен, оның өз заманындағы қоғамдық мәселелерге ақындық, көркемдік, эстетикалық мәселелерге, тәрбиелік, ұстаздық, педагогикалық мәселелерге және әсіресе адам мен адамгершілік ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әр саналы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз. Соларының барлығын біз, әдебиет тарихшысы есебінде, оның әр шығармаларының әдебиеттік сапасын тексеру, талдау үстінде еске аламыз. Ал енді, жақын заманда қазақстандық әлеуметтік, философиялық ойдың өсу тарихын зерттейтін марксшіл-лениншіл жаңа философтарымыз Абайдың жаңағыдай мұраларын түгелдей теріп, терендеп талдап тексеруге мейлінше болады. Ұлы ақынның даналық мұрасы турасында сондай еңбектер ету, үлкен шарт та болады.

Ал енді, бұл жәйді қорыта келе, жоғарыда біз атап өткен бір түйінге қайта оралайық. Ол жоғарыда біз тексеріп өткен «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген шығармамен байланысты өзіміз атаған мораль философиясы туралы. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік мәселесіне тіреледі. Қоғам мінін айтып, қатты сынап-шенеумен сол қоғам мүшелері болған жеке адамдарды түзегісі келгендей, барлық оқушының да барша сын өлең сөзімен түзеп алмақ. Өзі білген кітаптардан алған адамгершілік, гуманистік, бұқарашылдық идеяларға қоса, өз халқы тұтынып жүрген діннің де керекке жарайтын жақтарын алып, өзінің ұстаздық, тәрбиелік керегіне жаратуға тырысады. Ал, ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты — жеке адамдарды жаманшылықтарынан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп өзгертпек болады.

Қысқасы, нравственная личность мәселесін бар тартысының, талап-арманының тетігі етеді. Ой-сананы түзеуменен қоғамдық құрылыс, шаруашылық болмыстың баршасын өзгертіп, жаңғыртуға болады деп ұғынады. Маркске шейінгі Абайға ұсаған барлық жазушылар мен

ойшылдардың бәрінде болған түсінік Абайдың басында да болады дегенбіз.

Ал, осы жөнде өз заманы үшін, қазақ тарихы үшін мол жаңалық болған Абайдың ұстаздық программасына көбінше басшылық етуші — орыстың классик мұралары мен бұқарашыл-демократтарының ойлары болады. Бірақ осы жайды айтумен қатар тағы да еске алатын бір ерекше мәселе бар. Абай орыстың демократтық, революцияшыл ұлы адамдарынан: Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбовтардан көп ой, өнеге ала отырса да бірнеше жайларда өз халқының надандығы себепті, тарихтық тілі мешеулікте болғандығы себепті және өзінің де тантық көзқарасында шамалы тар көлемділік болған себепті, бірнеше жөнде олар жеткен өріске жете алмайды. Мысалы, Герцен «абсолютизм бе, социализм бе?— екінің бірі, басқа таңдау жоқ» десе, Абай дәл Россияның патшалық құрылысының өзіне қарсы сөз айтпайды. Чернышевский орыстың шаруашылығына патшалықты қулату жайын үгіттеп, шаруалар революциясын арман етсе, Абай бұл дәрежедегі тиянақты, өрісті жолды атамайды.

Екінші жағынан — Чернышевскийлердің материалистік көзқарасы діңді керексіз етіп, атеизмге жеткен болса, Абай дүниенің жаралысы, адамның жаралысы турасында олар басқан өріске бара алмайды.

Міне, Абайдың ойшылдық жөніндегі мұраларын талдап, шолып өткенде, осы айтылғандай жәйларды айрықша еске алу керек.

Енді Абайдың лирикасы жөніндегі сөздерді аяқтай келе, 1902—1903 жылдарда шығарған тағы бір-екі өлеңдерін атап өту керек. Олар тақырып жағынан өзгеше жаңалық көрсетпейтін болғандықтан біз талқылап тексермейміз. Бірақ көркемдік, шеберлік жағынан бұның бәрі де Абайдың ақындығына сай келген асыл шығармалар. Олары: 1902 жылы туған «Тоты құс түсті көбелек», «Жүрек — теңіз», 1903 жылы жазылған «Жалын мен оттан жаралып» және «Жылы белгісіз» деп топталған өлеңдердің қатарындағы автобиографиялық сыры бар, екі шумақ тамаша көркем өлең: «Жарқ етпес қара көңлім». Сонан соң «Тұлпардан тұғыр озбас», «Тайға міндік». Бір топ өлең Әбдірахманға арналған, жоғарыда тексерілгендей, аса көркем саналы, шерлі өлеңдер болады. Және де кейінгі жылдарда табылған: «Домбыраға қол соқпа» дейтін

нәзік сырлы тағы да автобиографиялық мән-мазмұны нәзік, терең боп келген бір өлең мен соңғы жылдарда табылған бірнеше қысқа өлеңдер бар. Бұлардың бәрі де Абайдың лирикасы турасында біз әр тақырыпқа бөліп тексерген, көп салалы шығармалардың үлгілерінде жазылған, шағын көлемді көркем өлеңдер болады.

Енді ақынның лирикалық шығармаларының біраздарымен байланысты тағы бір алуан еңбегін, мұраларын еске аламыз. Ол айтпағымыз, Абайдың ән шығарған, композиторлық еңбегі турасында.

Әрине, бұл жөнде ғылымдық, зерттеушілік толық пікірді музыка мамандары, көркемөнер зерттеушілері айтуға лайық. Біздің айтатынымыз, солардың ойларына қосымша, қысқаша деректер мен жалпы түрдегі кейбір пікірлер.

Абай әндері осы күнде түгел нотаға түсті. Ақын шығарған әндердің көпшілігі оның өзі тудырған жаңа түрлі өлең үлгілеріне арналған. Тағы біраздары Абайдың айрықша баға берген аудармаларына арнап шығарған ән мелодиялары.

Өзіндік шығармаларынан —«Алыстан сермеп», «Сен мені не етесің», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлған», «Сүйсіне алмадым, сүймедім» дегендер сияқты шумақтары және әр жолдағы буын сандары әр алуан боп жазылған жаңа стиль, жаңа түрлі өлеңдерге жазылған әндер. Бұлардан басқа төрт жолды, он бір буынды өлеңдерінен — «Айттым сәлем қаламқас», «Біреуден біреу артылса» деген өлеңдерге арнап тудырған әндері бар.

Аудармаға әдейілеп арнап шығарған әндері: «Татьянаның хатына», «Онегиннің жауабына» арналған әндер. Сонан соң «Қарацғы түнде тау қалғып», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Сұрғылт тұман дым бүркіп» деген сияқты аудармаларға жалғас тудырған әндер бар. Осы шығармаларының бәрінде Абай өзінің ақындық еңбегіне ұқсаған, нақтылы өзіндік, творчестволық өзгешелік танытады.

Қазақтың халық әнін барынша жақсы көріп, сүйсіне бағалай тұрса да, Абай өзінің әндерін сол халықтың шырқау әндерінің үлгісінде шығармайды. Орыс халқының бар мәдениетін сүйіп, сүйсінін үлгі етсе де, өз әндерін орыс әнінің үлгісіне де салмаған. Ақындық шығармасында, даналық ізденулерінде әр халық қорларын, бар

нәрін мол пайдаланып, әрі орыс халқының классик поэзиясының үлгі-дәстүрлерін меңгеріп отырса да ақын барлық өлеңдерін еліктеушілікке жібермейді. Түгелімен өзінің жеке-дара ақындық өзгешелік қалпынан тудырады. Өз тәні етіп, үнемі тың оригинал шығармалар жазады. Композиторлық істе де сондай еңбек еткенін көреміз.

Абайдың әндері барлық қазақ әнінен бөлекше тұратыны әрбір тыңдаушы мен айтушыға айдан айқын. Көркемдік қасиеттерін, шығармалық шеберлік дәрежесін музыканың сыншылары айыра жатар. Біздің білуімізше, ақындық шығармаларының зор шеберлік, көркемдік қасиеттеріне композиторлық мұралары барабар келеді.

Творчестволық іздену мен негіздер жағынан бағалағанда, Абайдың бұл соңғы еңбектері алдыңғы мол еңбек туғызған үлгісіне сәйкес болады. Көбінше сыршыл, терең сезімді ақын болған Абайдың әндерінде де бір алуан сыршылдық, сезімшіл күйшілік айқын тұрады.

Абай әндері кең сахарада мал соңынан, не түнгі күзетте отырып, шырқап айтатын ащы айғайдың әндері емес. Қайта сөз мәндерін тыңдаушыға мол жеткізерлік азғана топтың арасында, бір үйдің ішінде, ақырын пақыстап айтарлық камерный әндерге ұқсас.

Әнді көркем шеберлікпен мағыналы етіп айтуды қарыз деп білген суретші сол сөзінің кенеулі дәстүрінен ауыспайды.

Ал, Пушкин сияқты ұлы ақындар мұрасын қазақ тіліне аударғанда, солардың ең қадірлі деген үлгілеріне ең шығарғанда, Абай және де үлкен ізденгіштік көрсетеді. Орыс жастарының өмірі сөз етіліп отыр деп, тек орысша әннің белгілі бір түрлеріне ұқсатуға да тырыспайды. Еліктеуге де салынбайды. Ол орыс адамдарының ойлары мен сезімдері енді қазақ тілінде айтылып, қазақ сияқты жаңаша, басқаша оқушы мен тыңдаушы ортасына келіп отыр. Сонда тілдері қазақша шеберлікпен көрік тауып отырған сияқты, олардың әнмен аян етілетін сөздеріне де Абай өзіндік өзгеше үлгі, нақыс ұсынады.

Бұл ізденуде де үлкен ойшыл, толғаулы жанның жаңадан тауып жатқан асылдары бар. Осылайша Абайдың лирикалық шығармаларына жалғаса туған, музыкалық-лирикалық мұраларын қысқаша шолып өтумен, біз ақынның барлық лирикалық мұралары жөніндегі сөзімізді аяқтаймыз.

Абайдың поэмалары

Абайдың оригиналдық поэмасы үш шығарма: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім».

Бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, соның ішінде бұрынғы шығармаларындай, өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалары емес. Үшеуі де шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады.

Тегінде, Абай бірнеше өлеңдерінде, поэма жазуды өзіне мақсат етпеген тәрізденетін. Сонда «Әзірет Әлі айдаһарды» жазғаным жоқ, «сарала қызды» жырлағам жоқ деп бір кезек айтса, тағы бір уақытта ел шапқан батырды, қызықты қыздырмалап айтсам, қызығып тыңдар едің деп, оқушыны шеней түсетін. Жәй бос уақыт өткізетін қызықшыл, қысыр кеңесті құмарланып тыңдар едің дейтұғын.

Ондай әңгімелі өлеңдерден Абай өзі ойлаған өсиеттік, адамгершілік терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көретін. Өз басының ұзақ ақындық еңбегі бойында Абай поэма жанрына анықтап зер салған жоқ. Тек, кейін тәрбиесінен шыққан шәкірт ақындарына ғана әр алуан тақырыптар беріп, анық поэма дерлік күрделі, сюжеті бар шығармаларды соларға жазғызады. Ал, солай бола тұрса да, өзін-өзі тежеп, ақындық шығармаға жанр жағынан да арнаулы қатаң талап қойған ақынның, жоғарыда аталған, үш поэманы жазғанын көреміз.

Бірақ жалпы алғанда, көлемдері азғана, оқиға, сюжеттері шағын шыққан осы поэмалардың да негізгі идеясы мен мақсаты Абайдың көп лирикалық шығармаларындай, ұстаздық тәрбиелік ойларға арналғанын байқаймыз. Өзі көп дәстүрлерін қабылдаған орыс классиктері: Пушкин, Лермонтовтың, не Байрон сияқты Европа классигінің анық үлкен поэма жазудағы өрнектеріне Абай бой ұрмайды. Олардың поэмалары кең өмірді мол қамтитын, кейде роман-поэма, кейде қалың уақиғалы, шытырман шебер тартысы бар романтикалық поэма боп, көркем, шебер қалыптанса да, Абай сол жанрға қызықпайды.

Осы жылдарды еске алғанда, Абайдың біз тексергелі отырған поэмалары, ең әуелі жоғарыда ескерткендей, шағын халдерді алып, содан өсиеттік, ұстаздық ой туғызуға тырысады. Екінші жағынан, Абай өзінің ұзақ

шығармалар тудырарлық қуатын байқап, осы тұста тәжірибе жасап көреді.

Енді осы айтылған жалпы жайларды жеке шығармаларынан, үш поэманың әр алуан өзгешеліктерін талқылаудан ақтарып көрейік. Алғашқы тексеретініміз —«Масғұт» поэмасы. Бұл поэма туралы Абайдың өзі атап көрсеткен деректері жоқ. Бірақ шығарманың ішіндегі кейбір белгілерге қарағанда, бұның уақиғасы, тақырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынғаны байқалады.

Ең әуелі геройдың аты — Масғұт. Оның тіршілік еткен шәһәрі — Бағдат. Заманы — Һарон-Рашид халифтың тұсы. Кейін Масғұтқа кездесетін қария мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыр, қазақша Қыдыр аталады. Ол сол айтылған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын жалғыз жан. Әр заманда, әр ортаның адамына оқта-текте бақ-дәулет әкелетін, ырыс үлестіруші болады. Міне сөйтіп, осы аталған белгі, деректердің бәріне қарап, біз Абай поэмасының негізі шығыс аңызынан алынған дейміз.

Жалғыз-ақ Абай аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен кәдеге жаратады. Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес. Қызырдың қызырлығын да баяндамақ емес. Олардың барлығы да поэманың идея жағынан қарағанда, тек бір көмекші қосымша хал мен жайлар. Анығында олар шартты түрде алынған аңызды жалпы шартты орта деуге болады.

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың — Масғұттың ғана жайы. Сол Масғұтты бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшыратып барып, Абай оған үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады. Бұл жағынан қарағанда, Масғұт қай заманның адамына болса да, Абайдың ұғымынша, үлгі боларлық, жоғары дәрежедегі ұжданды адам, нравственная личность.

Абай геройының және бір ерекшелігі — ол өзгеше көрнекті күшті ортадан шыққан адам емес. Орташа көптің бірі. Әдейі дәулет, әмір, құдірет, ақыл-өнермен асырып шығарған адам емес. Халық ішіндегі, қатардағы қалың көптің жас өкілі. Масғұтқа осындай сипат, қасиеттер беру арқылы, Абай оны өзінің жоғарыдағы атап берген Бағдатынан, Һарон-Рашидінен, Қызырынан да аулақтап бөліп шығарады. Өзі үгіттеп жүрген жақсы

жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, арманды адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді. Оның белгісін және де шартты түрдегі аңыздық бояуды алып тастап қарасақ, айқынырақ көреміз. Қызыр шал ұсынатын үш жеміс сол аңыздық бояу десек, ол Масғұттай өнегелі жастың ішінен сырын, қаспетін ашуға арналған оңай ғана бір сылтау десек, соның ар жағында көрінетін Масғұт қандай боп танылады. Ол ақылдылықтан қашады. Байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы — Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданың арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық турасында сөйлегенде де, Масғұт Абай заманындағы бай менен сол байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошаметтерін де сынайды.

Кейін Масғұт қызыл жемісті алганда, жеңсікшіл, нәсіпқұмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен ,адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өз өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдық алдында терең дәрежеде бағаланады. Осы ойлардың барлығы да біз тексеріп өткен Абай шығармаларында ақынның өзі көп үгітпен көркем жырлар, терең ойлар тудырған тақырыптары емес пе еді?

Ендеше, Масғұт аузыменен Абай өз заманындагы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі тартпақ болған мораль философиясын жаңа түрде шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр.

Сөйтіп, шығыстан келген аңыз, мағыналы мазмұны бар легенда немесе притча ақынның өз ойын баяндауда керекке жаратылған творчестволық материал ғана болып отыр. Абайды поэманың оқиғалары қызықтырып жетелемейді. Ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез істерімен, сөздерімен Абай өзінің дағдылы идеясына қарай пайдаланады.

Сөйтіп, бұл поэманың ойы өмір оқиғасынан, тартысынан тумайды. Қайта сол оқиға, тартысының бәрі ақынның ақылынан туады. Осындай сюжетті әңгіме құруда,

суреттеп көрсету орнына, баяндағыш ойды басшы ету арқылы Абай бұл поэмасының композициясын ойдағыдай толық көркем, тұтас етіп шығара алмаған. Ол, әсіресе, осы поэманың екінші бөлімінен аңғарылады. Композициялық құрылыста логика болмай кетеді. Өйткені тұтас күрделі сюжеттік құрылысының шартына бағынса, Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек еді.

Ал, Абайда олай шықпаған. Масғұт қызыл, жемісті жеп, әйелдердің достығын алудың орнына, ақылды кісі болып шығады. Іс жүзінде ол қызыл жемісті жеген кісі емес, қайта өзі жемеймін деген ақ жемісті жеген кісі боп, үлкен ақыл иесі боп, тіпті Шәмсижиһан атанады. Ақыл парасаты арқылы жиһанның күні болған делінеді.

Дұрысында, поэма оқиғасының алғашқы бөлімінде жеткен өрісі бойынша, әйелдер достығынан туған мінез оқиғалар, соның айналасындағы тартыстар поэманың екінші бөлімінің үлкен өрісі болу шарт еді.

Ал, Абайда — Масғұт бар әйел қауымы түгіл, бір әйелдің достығына да душар болмайды. Оның үстіне поэманың соңғы бөліміндегі «жынды су» мотив және одан туатын «жұртың жынды болса, ақылды болма, қоса жынды бол!» дейтін қорытындылар бұл поэманың алғашқы бөліміндегі мінез бен істерге логикалық жағынан да қиыспайды. Оқыстан туған оқшау халдер есепті болады. Рас, екінші бөлімдегі «жынды су» арқылы туатын өрескел өзгерістер мағынасыз емес. Ол да Абайдың кейбір сорақы құбылыстарға қатты мысқылмен, үлкен сатиралық сынмен қарайтынын танытады. Поэма дәл осы жәйін, жаңағы айтылған жалпы күйлерден бөліп алады. Бұнда да Абайдың бұрынғы өзіндік өлеңдеріндегі сыншыл, әжуашыл ойларды көреміз.

...Есер, есірік болмасаң
Тіршіліктен пайда жоқ,—

дейтұғын ызалы, ащы мысқылдарын еске түсіреді.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, Масғұттағы идея — араб шығыс ақызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша жанр, стильде айтылып жүрген идеялары болады. Бірақ сол жәйлары заманындағы халдерден туған сыншылдық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып қию-

ластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді.

Оқиға мен тіл, аңыз материалы бойынша Абай қазақ оқушысына бөтен реальностьлармен сөздерді қолдана отырады. Бөтен аттар арабтан алынғандықтан, араб сөздері кездеседі. Бірақ, өлеңдік түр жағынан қарағанда, бұл шығарма төрт жолды шумақтан, он бір буынды жолдардан құралып, анық қазақтың өз үлгісіндегі дастандар түрінде жазылады.

Түп идея Арабстанда болған оқиғаны айту емес, Абайдың өзінің қақ қасындағы сол күнгі қазақстандық шындықтарды білдіруге арналғандықтан, поэманың жанағы аталған өлеңдік түрі идеялық мазмұнымен байланысты туған болады.

Абайдың екінші поэмасы —«Ескендір».

Біз ең алдыман бұл поэманың негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы біраз деректер айтып өтелік. Шығыста Ескендір, орыс пен Европа елдерінің атауынша Александр — бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам. Біз бұл тұста тарихтағы Ескендірдің көпшілікке мәлім жайларына тоқтамаймыз. Аңыздар мен әдебиеттегі Ескендір жәйі Абайдың мына поэмасының тұсында бізге төтелей, жақын деректер береді. Соларға тоқтаймыз.

Шығыс елдерінде, әуелі Иранның аристократиялық аңыздарында Ескендір образы көп әңгімеленген. Сол замандардан бері қарай Византия (Рум) аңыздарында да оның жәйі көп айтылады. Атақты Фирдоуси өзінің «Шаһнамасында» Ескендірдің туысын жоғарыда аталған Иран аристократтарының лақабы бойынша баян етеді. Оны Филикустың баласы емес, Иранның шахы — Дараптың (Дари үшінші Кадоманның) баласы дейді. Бұл біздің эрадан бұрын 110—335 жылдар арасында Иранда шахтық құрған. Өзі Ахеменидтер әулетінің ең соңғы әкімі болады. Рум әңгімесі де Ескендірдің туысын тарихтан өзгертіп, аңызды әңгімеше баяндайды.

Шығыс ақындарында біздің туысқан советтік еліміз азербайжанның атақты классигі Низами ғана өзінің «Ескендір намасында» жанағы бұған шейін жеткен екі тарау аңыздарды теріске шығарады. Ол анық тарихтық шындық бойында Ескендірді Филикустың (Филиптің) өз баласы етіп жырлайды.

Ескендірді, соңғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды, түгелімен сол Низамидің «Ескендір намасынан» алған.

Әзербайжан ұлы классигінің ең зор поэмасы — «Ескендір нама» сансыз көп оқиғалардан, көп тарау бөлімдерден құрылған аса бай мазмұнды дастан. Ескендірдің жоғарыдағы Даримен соғысқаны, онан соң азербайжан патша әйелі — Нушабемен кездескені, Ескендір мен Хақан әңгімесі, қытай, туран өлкелерінде жүрген сапарлары және терістік өлкедегі бір ғажайып бақыт, молшылық, әділет орнатқан елдікке ұшырасуы — бәрі де Низамиде мол баян етіледі. Кейін Ескендір Терістік сапарына барып, Яжуждерге қарсы қорған соғады. Осы алуандас толып жатқан шытырман оқиғалы, күрделі сюжеттер тарайды. «Ескіндір наманың» тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің түн тарапына шеккен сапарына арналады. Ол сапарға Ескендір Әбулхаят суын (мәңгі тірлік беретін суды) іздеп барады.

Түн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында, сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы Хызыр болады. Бұлар іздеген Әбулхаят суын Хызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы ақ боз атын да әрі суарып, әрі суға шомылдырады. Бірақ ғажайып су енді Ескендірге білдірмек болғанында, ғайып боп жоғалып кетеді. Сөйтіп, бар мұсылман аңыздарындағы мәңгі тірлік алған Хызырдың жәйін Низами өз поэмасында осылайша әңгімелеп дәлелдейді.

Сол түн тарапта жүргенде, кезу үстіндегі Ескендірге сыры, жәйі мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жас Ескендірге өзгеше сыры бар кішкентай тас береді. «Кейін ойлансаң осы тастан көп сыр көресің, ой табасың»,— дейді. Түн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат, асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны, жаңағы титтей тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде, барлық өзге асылдың барлығын баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де барабар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына Хызыр келіп бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілейіп, аспанға көтеріледі.

Сонда Ескендір өзгеден бұрын өзі ойшылдық таны-

тып, «топырақтан біткен топырақтан ғана тойым табады» деп, терең байлау жасайды.

Міне, біздің білуімізше, Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған «Ескендір наманың» дәл осы тұсынан алынған. Бірақ, Абай поэмасын білетіндерге мәлім, жаңағы әңгіменің желісін Абай өзінше өзгертіп, өсіріп алған.

Абай шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер мол баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Европа тарихы мен мәдениетінен өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді. Ескендірдің әкесі Абайда Филипп болып аталады. Тарихтағыдай оның астанасы — Македония шәһәрі болады. Және де тарихтық дәл деректер бойынша, ертегілік Хызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп, адамдары мен олар арасындағы мінез-қатынастарға Абай тарихтық шындықты негізгі арқау етеді. Аңыздан бұрын тек кішкентай тас (Абайда кішкене көз сүйегі) және оның өзгеше сыры ғана сақталады.

Бұдан өзге Абайдың үлгі іздегіштік, сыншылдық бір ерекшелігі тағы бар. Низами өз поэмаларында Ескендірден бұрын кездесетін Хосрау, Бахрамгур немесе Дарап сияқты тағы басқа солардай шахтардың барлығын да сынаумен мінеп көрсетіп еді. Жалғыз-ақ, Ескендірге келгенде, Низами оны барлық бұрын-соңғы өмір иесі хан-сұлтанға, шах — әмірлерге анық айыпсыз, мінсіз үлгі етіп көрсеткен. Ол әділетті, ойшыл асыл зат.

Кейін поэманың тарауында Низами Ескендірді даналық дәрежесіне жеткізеді. Дүние жүзінің бар білгіш, ойшылдарының ортасында көрсетеді. Оған бір заман ғайыптан келген ғажайып үн, бұдан ары пайғамбарлыққа арналғанын білдіреді. Мұсылманшылық аңызы бойынша уахи келеді.Ол бар жиһанды кезіп, адамзатқа езгіліктің жолын танытпақ керек деген әмір болады.

Барлық шығыс поэзиясында Ескендірдің сипаты осы алуандас зорайып, қастерлеп алынған болатын. Ал Абай поэмасына келсек, мүлде олай емес. Жасы әрең жиырма бірге келген, атырапта ғы көрші елдердің бәрін бағындырмақ боп, оңды-солды қастан көз тастап тұрған жәһәнгер, қан төккіш патша көрінеді. Қанша алса да тоймайтын, қанағатсыз хан бейнесі беріледі. Сол тый-

ымсыз, тойымсыз әміршінің өз өмірінде жалғыз рет тылсым қуаты бар, жасырын сыры бар және жол бермес тас қақпаға кездесуі Абайша үлкен мол мағынамен келтіріледі.

Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады. Оған ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонағұрлым биікте, анық қасиет иесі боп суреттеледі. Бұл Абайдың өзі айтатын афоризм «бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық» деген терең сырлы нақылға дәл келетін халдер.

Осы айтылған жайларға қарағанда, Абайдың әкімшілікке көзқарасы бұрын мұсылман ғаламында болмаған жаңа сыншыл биік ойды танытады. Ескендірге де мұсылманның өткен тарихы, аңыздары, діншіл үгіттері ұйғарған табыну көзімен қарамайды. Азат ойлы, еркін, әділ сыншы шығыс елдері таныған авторитеттің маскасын сыпырады.Өзінің гуманистік, адамгершілік нанымдарының тұрғысынан қарайды. Өз заманының озат ойлы сыншыл жазушыларының туралық ойын таратады.

Бұнымен Абай Шығысқа қатты беделді боп жайылған ұғым,нанымдардың баршасына енді үлкен сынмен, талғаумен қарайды. Көп жәйді қайта бағалайтын, жаңаша саралап беретін ұстаз ақын екендігін танытады. Сонымен қатар айтылатын тағы бір өзгеше күй бар. Ол, Абайдың өзінен бұрынғы шығыс классиктерінің ұлы мұраларына баруда қолданған творчестволық іздену жолдары туралы. Абай Низами поэмасынан әңгімелік көп деректер алады. Бұл жөнде ол белгілі дәрежеде шығыс әдебиетінде жүрген тұрақты бір дәстүрге соғады. Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді.

Сол қатарда Жүсіп — Зылиха тақырыбын, Ләйлі — Мәжнүн, Фархад — Шырын, Жеті шұғыла және осы Ескендір турасын немесе «құстар тілі» деген сияқты тақырыптарды бірінен соң бірі қайталап жазған ірі классиктер бар. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауы ешуақытта аударма деп танылу ке-

рек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді.

Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрде «Назира», «назирагөйлік» деп атау да берген. Абай сол дәстүрді жақсы біліп қана қоймаған, қолданған да, Назира жолымен алдыңғы ақынның поэмасы бойынша, қайтадан жаңа поэма жазатын бұрынғы ақындар да кейінгі заманының көзқарасын, творчестволық жаңа поэзиясын танытады.

Мысалы, Низамидің «Хамсасында» жырланған «Ләйлі — Мәжнүн», «Хосрау — Шырынды» өзбектің ұлы классигі Науаи қолға алып жырлағанда, көп тың жаңалықтар қосқан. Науаи өз дәуірінің ойшылы, өкілі болып отырып, Ләйлі мен Мәжнүннің махаббатына да тыңнан шындық сипаттар берді. Ал, «Фархад — Шырында» Низамидағыдай емес, Хосрау патшаны үлкен сыншыл оймен әшкерелеп, зұлымдық сыпатта суреттейді.

Абай болса, XIX ғасырдың орыс пен Европаның ағартушылық, гуманистік және сыншыл реализм бағытындағы үлкен үлгілермен тәрбиеленген ақын болғандықтан, Ескендір жайында өз заманының тың сындарын еркін пайдаланады. Және өз поэмасының соңғы шумақтарында алыстағы Ескендір жайынан әңгіме қозғап келсе де, қорытынды өсиеттерін өз замандарына, өз оқушыларына арнайды. Бұрын өзге өлеңдерінде өзі айтып келген негізгі ойларға әкеліп саяды.

Адамгершілік, ақтық, шындық, мінезділік жөнінде өзі ұсынған жолдарын белгілі бір аңыз арқылы тағы да көңілге қонымды етіп, таныта түсуге талап етеді. Сол жөнде Абай да Низами, Науаи, Фзули сияқты өзі кәдірлеген классиктердің назирагөйлік үлгісін творчестволық жолмен пайдаланып қолданған дейміз.

Жалпы композициялық құрылысын алғанда, Ескендір Абайдың ең жақсы поэмасы. «Масғұттай» емес, бұнда сюжеттік құрылыс бастан-аяқ бір түйіннің айналасына топталады. Адамдарының мінездері, істері арқылы біртіндеп ашылады. Соның ішінде Ескендір сияқты поэманың бас геройы шығарманың басынан аяғына шейін оқиға арқалығы болып отырады. Барлық суреттер, кездесулер мен қайшы келетін мінез, әрекеттер және түйінді ойлар — баршасы да бір Ескендірдің басымен байланысты болады.

Поэмасының ең соңындағы бірнеше шумақтарда Абай дидактикалық, ойшыл-өсиетшілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жай етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты.

Абай бұнда да, Масғұт турасындағы ақызға барғандай, ескілік материалына текке бармайды. Өзіндік өсиеттерін шартты түрдегі ақыз-ансанаға бөлей отыра, қызықтыра ұсынбақ болады. Сондықтан поэманың әңгімелі, оқиғалы желісін жетер өрісіне жеткізіп болған соң, жырдың аяғын жаңағы айтқандай, моральдық, адамгершілік байлау мен толғауға, сентенцияға әкеліп тіреуі заңды болып көрінеді. Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі — бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда, Абайдың ақындық өнеріне сай келген. Бұлар поэманың тұтас бітімді шығарма болуына нық жәрдем етеді.

Абайдың 1933 жылғы жинағында алғаш рет басылған бір поэмасы — «Әзім».

Бұл поэманың тақырыбы «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша көп айтылып жүретін «Мың бір түннің» бір тарауы — «Әлидің — Әзімі» деген ұзақ ертегі болатын. Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың поэмасына желі, арқау болған тәрізді.

Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар. Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы шығыста, ертегі ғана емес, химия ғылымы деп аталып жүретін алхимия жайынан туған неше алуан жасырын сырлы әңгімелер бар-ды. Ондай әңгіме нанымдар шығыста ғана көп жайылған емес. «Философский камень» дейтұғын қара тас пен қара металды алтынға айналдыратын ғажайып сырлы бөлекше бір затты іздену орта ғасырлық Европада талай фантастикалық әңгіме, ақыздарды көп тудырған.

«Мың бір түннің» «Әзім» әңгімесі сол жаңағы жайдың шығыста да өзгеше орын алатынын аңғартады. Бірақ халықтың сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін неше алуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап жем ететіндерді өз әңгіме, ақыздарымен әшкерелейтін болады.

Абай шығыс ертегісінің осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болу керек. Поэманың бастауына қарағанда, әкесі өлген жазықсыз, тәжірибесіз жас баланың аярға кездесіп, алданған бейнесі көрінеді. Бірақ бұл поэма Абайда аяқталмай қалады. Өз уақытында аяқталған болса да жалғыз ғана қолжазба болып, мезгілімен көшірілмей, тозып-шашылып кетеді. Сөйтіп, соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған үзіндісі бітпеген поэма болып басылып жүр.

Жоғарыда тексерілген «Масғұт», «Ескендір» поэмасынан мына поэманың жазылу үлгісі басқарақ. Бұнда Абай Пушкиннің орыс ертегілерін балаларға арнап, өлең еткені тәрізді жеңіл тілді, қызық оқиғалы әңгіме жасамақ сияқтанады.

Бұл алдыңғы поэмалардай ойшылдық, зор тәрбиешілік мақсаттар көздеп жазылған шығарма емес. Халық аузындағы әңгіменің өзін ғана барлық оқиғаны рет-тәртібімен жеңіл өлең етіп берудің талабы танылады.

Ал, өлеңдік құрылысына, кейбір сөз кестелерінің, ұйқастарының оншалық Абай шығармаларына лайықты шеберлікке сай келмейтініне қарағанда, бұл поэманы оншалық жоғарғы дәрежедегі көркем шығарма деуге келмейді.

Біздің ойымызша, 1927 жылы осы поэманың текстін Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен Ырысайдың Ысқағы Абай поэмасының ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз жанынан да «төлеу» салып, аламыштап жіберген сияқты. Өйткені поэманың кейбір ұйқастары, кей кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жанаспайтыны да бар.

Бұлай болмаса, поэма Абайдың тіпті ерте кездерде өзінің ақындық күшін алғашқы тәжірибе ретінде, әр тақырыпты байқастап жүрген кезінде туған, алғашқы черновик есепті бір вариант болуға керек. Қалай да «Әзім» поэмасы ең әуелі бітпеген шығарма болғандықтан, екінші — көркемдік, шеберлік жағынан көңілдегідей қалыптанған дастан болмағандықтан, бұл поэма жөніндегі түсінік сөздерді осы, жоғарыдағы айтылған жайлармен аяқтаймыз.

Абайдың аудармалары

Аудармалық өрнекті Абай тек орыстың классик поэзиясын қотаруға жұмсайды. Байрон, Гете сияқты өзге Европа елдер классиктерінен бірер өлеңді аударса, оны да Лермонтовтың аудармаларынан алып қазақшылайды. Анық орыс классиктерінен Абайдың аудармалары: Крыловтың бір топ мысалдары, Пушкиннің «Евгений Онегинінен» алып аударған үзінділері және Лермонтовтан жасаған көп аудармалар. Тағы бір жалғыз өлеңді Буниннен аударған. Ең соңғы зерттеушілердің айтуынша, А. Мицкевичтің кейбір өлеңдеріне үйлес келетін аз аударма да бар делінеді.

Абай жинағында бөлек аттармен әр жылдарға бөлініп бастырылған аудармалардың барлық саны — қырықтың ішінде. Сол қатарда Крыловтың төрт-бес мысалын аударған. Лермонтовтың өз шығармалары мен аудармаларынан алғанын қосқанда, отызға жуық өлең аударған.

«Евгений Онегиннен» жасалған аудармалар Абайдың толық жинағында бұрынғы Мүрсейіт қолжазбасында жекеше аталып жүрген ретпенен жеті бөлек болады.

Міне, қазір біздің жалпы түрде тексеріп өтетініміз Абайдың осындай мұрасы. Ақындық еңбегінің айрықша тарихтық, мәдениеттік және ағартушылық өзгеше бағасы бар зор еңбектері.

Енді жеке ақындардан жекеше жасаған аудармаларды айрықша талдаудан бұрын біраз жалпы ойлар айта кету керек.

Бұл жөнде екі түрлі пікірді ерекше бөліп айтамыз. Оның біріншісі — Абайдың осы аудармаларға берген бейіл, бағасы тұрғысында. Екіншісі — сол аудармалардың Абайдың өз шығармаларына еткен әсері және Абайдың кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік, ұстаздық дәстүр әсері туралы.

Алғашқы жайға оралсақ, әрбір оқушыға даусыз айқын көрінетін нәрсе, Абай өзі сүйген орыс классиктерін кейде дәл, кейде еркін аударып отырса да әр кезде барынша көркем, шебер өлеңнің үлгісін берген. Бұл жөнде біздің ақынның ізденуі, өзіндегі тіл байлығы мен ірі таланты ерекше ынтамен зер салып жұмсауы өзгеше көрінеді. Өз өлеңдерін туғызуда қолданған ақындық шабыт, сыншыл ұқыптылық, тіл орамға өткір жүйріктік — бар-

лығы да аудармалық еңбекке келгенде, барынша күшімен түгел жұмсалған деуге болады. Тіпті, кейде Абайдың өзі тудырған тамаша, нәзік те, терең сырлы ащы сөздер, көрікті ойлар немесе аса өткір шанышпа, мысқыл әжуа, ащы сөздер — осы аудармаларда үнемі көрініп отырады.

Зор мәдениетке жеткен, дүние жүзілік әдебиетте ұлы классиктері озғын шыққан орыс халқының өскелең поэзиясы, әрине, Абайдың өз елінің жас әдебиетінде өздеріне тең сипат, әрекеттерді кездестірген жоқ еді. Сондықтан да Абайдың шебер аудармалары ғана Пушкин, Лермонтов поэзиясының көркемдігін, терең сыр, үлкен сатирасының түгел түсінікті болуына жол ашты.

Осы айтылған пікір жоғарыда аталған екінші жайға да белгілі дәрежеде шешу айтады. Абайдың аудармалары оның өз шығармаларына да белгілі әсер еткенін атаған едік. Анығында, 1887 жылдан бастап Абайдың өлер жылдарына шейін оның аудармалық еңбектері жыл санап қосылып, молайып отырады. Сонда, Абайдың өзі көп толғайтын тақырыптарын түгел еске алсақ, бара-бара сол тақырыптардың барлығына жазылған өлеңдерге де Абай жасап жүрген аудармалардың аса жақсы, жемісті жаңалық әсері бар екенін аңғару қиын емес.

Рас, қоғамдық мін-мінездерді, қалып-құрылыстарды шенеуде Абай Пушкин мен Лермонтовтан гөрі Салтыков-Щедрин, Некрасовтардан молырақ үлгі-өнеге көрді дегенбіз. Бірақ сол қоғамдық тақырыптардың өзінің ішінде де жиі кездесе беретін мұңды-сыршы жалғыздық ойларға соққанда Пушкин, Лермонтов саз-сарыны байқалмайды деуге болмайды.

Ал, осыдан соңғы ақындық жайындағы тақырыптарды, эстетикалық принциптерді алсақ, табиғат көркін, махаббат жайын, жеке бастың көңіл сырын, лирикасын алсақ, Абайдың ақындық шеберлігі асқан сайын оның теңеулері, көркем түрлері — бәрі де Пушкин, Лермонтовқа еліктемей отырып, соларменен басталып, табыса туысып бара жатқанын анық танытады.

Бұл Абайдың өз шығармасына аудармалық еңбектерінің ала келген аса қадірлі әсері деуге керек. Ал, Абайдан соңғы қазақ әдебиетін алсақ, ұлы ақын жасаған аударманың мәдениеттік, тәрбиелік, көркемдік әсері ұшан-теңіз. Өзге-өзгесінен бұрын Абай аудармалық еңбегімен және де өз тұсындағы қауымын көп тәрбиеледі.

Қазақ сахарасына орыстың ұлы мәдениетінің жарығын әкеп төккендей болды. Бұл жөндегі Абай еңбегі тек әдебиеттік қана еңбек емес, ол зор, кең мағыналы ағартушылық, тарихтық, қоғамдық еңбек еді.

Патшалықтың отаршылық аппаратынан өгейлік қана көріп жүрген қазақтың қалың бұқарасына Абай орыс классиктерін аудару арқылы анық орыс халқының жүрегін, сезім мен ойларын, қасиет қадірін ашты.

Ол ұлы халықтың дана ұлдарының аузыменен айтылған толып жатқан шындықтарды, тәрбиелік үлгі-өнегені айқындап көп танытты. Сол арқылы Крылов, Лермонтовтар өткен ғасырдың соңғы шенінің өзінде-ақ қазақтың жас қауымына, жаңа буындарына барлық тамаша шығармалармен қадірлі, сүйікті болады. Ол шығармалар Абайдың өз жырларынан бірде-бір кем бағаланған емес. Сондықтан да кейінгі қазақ әдебиетінің ендігі тарихында орыс әдебиетінің ықпалы, үлгі-өнегелік әсері үзілместен дами беретін болды.

Енді Абай аудармаларының нақтылы жекеше дұрыстығын айқындай түсуді талап етеміз.

Аудармалық шығармаларды тексеруді Абайдың өз шығармаларына қолданған жылма-жылдық ретпенен жүргіземіз. Сол себепті орыс әдебиет тарихында Крыловтың дәуірі бұрынырақ болғанмен, оның мысалдарын Абай кейін аударғандықтан, біз Абай аудармасы жайындағы алғашқы сөзді ақынның «Евгений Онегиннен» жасаған аудрамаларына арнаймыз.

Бұл шығарманы Абай бөлек-бөлек үзінділер түрінде аударады: «Онегиннің сипаты», «Татьянаның хаты», «Онегиннің ойы («Таңғажайып»), «Онегиннің сөзі» («Хатыңнан жақсы ұғындым»), «Онегиннің хаты» («Хұп білемін сізге жақпас»), «Татьянаның сөзі» («Тәңірі қосқан»), «Ленскийдің сөзі» («Барасың қайда-қайда»).

Осындай жеті бөлек жекеше тақырыптармен түгел «Евгений Онегин» романының ұзын бойына созылып, екі жас арасындағы махаббаттың хал-құбылыстары беріледі.

Әрине, бұнда Пушкин романының ерекше көп жайлары аударылмай, сырт қалады. Абай ол романның ішінен тек Онегин, Татьяна арасында кезек ауысқан күшті махаббат күйлерін ғана сөз қылады. Өөбінше, Абайдың аударуында хаттарменен баян етілген роман (эпистолярный роман) қалыптанған тәрізді.

Өзі аудармасының соңында Абай өз жанынан Онегинге ақырғы сөз береді. Бұл Пушкинде жоқ. Еркін өзгерістің, Абайдың өзінше дәлелденген, ерекше бір түрі.

Қазақ оқушысына көптен мәлім мәселе Абайдың бұл аудармасында Пушкиннің текстіне үнемі ұқсас келіп отырмайтын еркіндік бар. Жеке алғанда, Онегиннің сипатында, Ленскийдің сөзінде және Татьянаның «Амал жоқ қайттым білдірмей» деп басталатын хатында, онан соң Онегин айтқан «Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін» дейтін бөлімдерде Пушкинге көп жерлерінде Абай жақын келіп отырады. Кейбір жолдар мен Пушкин қолданған теңеулерді де Абай дәл, шебер етіп аударып береді. Бірақ сонда да бұл бөлімдердің өзінде Абайдың өзінен қосылған жолдар, шумақтар, ой сезімдер жиі ұшырайды. Ал, Онегиннің алғашқы хатты алғанда ойланатын жері Абайда «Таңғажайып» деп басталатын үлкен өлеңмен баян етіледі. Онан соң Онегиннің кейін жазатын хаты («Хұп білемін сізге жақпас») және «Татьянаның сөзі» («Тәңірі қосқан жар едің сен») бәрі де Пушкин текстісінен алыстан кетіп, мейлінше еркін суреттелген болады. Бұл тұстарында Абай Пушкиннен аударма жасамай, оның орнына Пушкиннің ізімен жаңа жайларды жырлап кетеді.

Ең аяғында, жоғарыда айтылғандай, Онегиннің өкінішін үлкен трагедиялық ауыр ойға жеткізіп, оған өлім тілетеді. Бұл Абайдың мүлде өз жанынан қосқан халдер мен өзгерістері дедік.

Осылайша Пушкиннің үлкен шығармасына қазақ ақыны Абай бірталай еркіндік жасайды. Бұндай шығармалық еңбек етудің екі түрлі айқын себебі бар деп білеміз. Оның біріншісі және ең үлкен себебі — Абай орыс жастарының сезім-сырларынан, өмір түйін тағдырынан өзінің жас оқушысына үлгі боларлық тәлім-тәрбие бермекші болады. Екінші себебі — біздің ойымызша, 1889 жылы жалғыз «Бородиноны» аударғанын еске алмағанда, қолға алғаны осы Пушкин романы. Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма турасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше, өзгерек болған тәрізді. «Ескендір» поэмасының тақырып желісін Низамиден алып, көп өзгертіп жырлағаны сияқты. Абай бұрын өзі білген Жақын Шығыс классик поэзиясында қолданылып жүрген «Назира» жолын қолдана түскен тәрізді. Аударатын оригиналдың өзінде бар шындық пен сырлардың, халдер мен қасиет-

тердің көбін аркау етіп ала отыра және де тың арман, мақсұттар косады. Осылайша аудару өз заманындағы оқушылар үшін ұстаздық, үгіт жағынан қажеттірек деп ұғынады. Осы тұрғыдан қарасақ, жоғарыда айтқандай, қазақ жасына орыс жастарының өмірінен үлгілі әңгіме баян етіп беруді ең үлкен мүддесі етіп алады. Сондықтан Абай үшін опасыз жігіттің қайғылы, күлкілі халінен көрі оның шынымен қателесін, бар жанымен шын қамығып, өкінгені қымбатырақ. Өмірде бір жақсыны бір жақсы кезінде бағалай алмау, бір ғазиз жанның сирек қасиетін кезінде тани алмау әр ортада, әр заманда, әрбір жазықсыз адамның басында да болуға мүмкін.

Бірақ соның артынан өзінің жаңылғанын білген уақытта туатын үлкен өкініш, үлкен жалынды арман, алғашқының қатесін жуғандай, жойғандай немесе жеңілткендей болу керек. Ондай адамдық шындық халден әр халықтың, әр дәуірдің жастары ойланып, үлгі алу керек дейді. Әдебиеттегі өмірге жақын стиль — реализмнің ең зор сыры да осындай болар.

Сол себепті де Абай Онегинді айыпты адам қылып шығармайды. Оны тек жұлдызынан жаңылған, жазықсыздан жаза басқан жақсы жан етеді. Сөйтіп барып біріне-бірі теңдік, жаны туысқан жақындық себепті анық бұйырылған адамдар тірлік талқысының себебінен қосыла алмай, қоса күңіреніп, қаныда кетеді. Сөйтіп, жақсы Татьянаға жақсы Онегиннің қолы жетпей қалады.

Дәл осы жай туралы кеңірек ойланып қарасақ, Абайдың Онегинді ұғынуы тіпті де ұшқары, үстірт емес, терең ұғыну екенін байқауға болады. Бұл жөнінде Белинскийдің Онегин басын талдап түсіндірген сын мақаласын еске алу керек. Онегиндегі барлық сыртқы сипат, ішкі жаратылыс, оқшау мінез өзгерістердің баршасын Белинский өзгеше көрегендік, тапқыр сыншылдықпен түгел ашып береді. Сөйтеді де оның мінезін өзі де түсінеді, жұртқа да түсіндіре отырып, көпшілік ойлаған үстірт кінә, айыптың көбінен Онегинді ақтап шығады. Ішкі сырына келгенде, Белинский Онегиннің адамшылығын өз ортасындағы татымсыз еркектердің бәрінен бөлек деп артық бағалайды.

Пушкиннің осы романындағы үлкен қасиетті сынағанда, ұлы сыншы «романда бір замандағы орыс қауымы берілген»,— дейді. Және сол қауымның тұлға бей-

несі, үш адамның басынан көрінген. Олар: Онегин, Татьяна және бұл екеуінен төменірек дәрежеде тұратын Ленский деп біледі.

Анығында, Белинскийдің ұғындыруынша, Татьяна қаншалық орыс жанды болса, Онегин де сол сипаттың көбін сыртқа шығарып көрсете алмаса да, ішінде сақтаған адам болып шығады.

Енді сол жайларды еске ала отырып, Абайдың Онегинді опалы, жақсы жігіт етіп шығаруына келсек, бұның екі түрлі орынды себебі болып шықты. Біріншіден — Абай Онегинді анық Белинскийдің бағасы бойынша түсініп отыр. Екінші — сондай Онегиннің адамгершілік, турашылдық, әділ сыншылдық қасиеттерін өзі де асыра жырласа, қазақтың жастары осындай жақсы жігітті үлгі етсін дейді. Абай үшін оның заманында опасыз Онегинді әңгіме етудің қажеті аз болғандай, өйткені қазақтағы жақсы қыздың әзиз жанын түсінбей, бағаламай жарақаттайтын опасыз жігіт күнде кездесер еді. Ондай опасыздың өкінішінен де үлгі шықпас еді. Шын опасыз жігіт өкінішінде де жарытпас еді. Онан да шыншыл, қиянатсыз опалы жігіттің өкінші қандай қиын халге соқса да, қандайлық арман қалдырса да жар етуге жарамды.

Осылайша қарағандықтан, Абай Татьяна мен Онегиннің ішкі сезім сырларын ашқандай, өз қолынан келген ақындық, шеберлік, ізденушілік өнерінің бәрін жұмсайды. 1889 жылға шейін Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің «Хұп білемін сізге жақпас» деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерге Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы — шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады. Шалыс ұйқасты Пушкин қолданатын көп ұйқастардың ішіне ең жиі кездесетін үлгісі ретінде жаңа түр етіп алады. Кейін аударып болысымен, Татьяна мен Онегиннің сырлы сөздеріне арнап, өзінше әсем саздар тудырады. Ішкі сезім толқындарын барынша нәзік, өткір, орамды шеберлікпен келтіруде, Абайдың ақындығы осы еңбек арқылы өзі де биік белге шыққандай болады. Тырысып аударғандық сонша дәрежеде болғандықтан, біз Онегиннің өз текстерінен дәл шығуды ғана ойламай, Абайдың көбінесе сол Татьяна, Онегин жайын басқа

тілде оқитын басқа қауымның жөні бөлек жастарына әдейі арнап жазуды көп ойлағанын аңғарамыз. Татьянаның тілімен қазақ қызының жүрегіне қоса тіл бітіреді. Онегиннің ойлы-сырлы өкінішімен қазақтың саналы жігіт, жас буынын үлгілі сезімдерге тәрбиелейді. Бұл жөнде, Абайдың аударған Татьяна, Онегині Пушкин шығармасында болған үлкен бір қасиетті ашады. Татьяна Пушкиннің өзінде «орыс жанды» орыс қызы болумен бірге, адам баласындық үлкен қасиет, зор сипаттарға ие болған жан еді.

Абай еңбегінде сол орыс халқындағы адам баласындық қасиеттер иесі болған жас жер жүзілік географиялық ортаның бәрінде бар адам баласының жас буындарының ортасында өзінің мұңдасын, сырласын, үндес жандарын тапқанын көресің. Бұған Абай аудармасындағы ерекше ірі көркемдік пенен ақындық шеберліктің өзгеше боп құрылған күйі, келісімдері себепші боп отыр.

Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ жаңағы айтылғандай, оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру көп табыла бермес.

Татьяна мен Онегин сөздерін танытқан Абай жолдарының, шумақтарының олқысы жоқ деуге болады. Кей жерлерінен алсақ та, бұрын айтылмаған үнемі тың және қазақ тілімен бұрынғы шумақтарда хат жүзіне түсіп көрмеген соны тіл мөлдір, таза сезімдер балбұл жанып тұрғанын көреміз. Үнемі ескірмес, әлсіремес жарастық пен ыстық жалын, әлі де оқушының жүрегін шарпып, қақ қасында тал бойынды ұйыта, тыныс алып тұрғандай болады.

Осындайлық шеберлікке жету үшін Абай нешеалуан теңеуді, сирек шешендікті және бұның оқушысы білген нешеалуан керекке жарарлық түсініктерді, реальностерді түгел қолданады. Кейде қазақтың халықтық, тірлік теңеулерінен де мысал келтіреді. Бұның кейбірі көңілдегідей жарастықпен шықса, кейбірі Татьяна шындығына дәл қабыспай жатса да, ақын оған қысылмайды. Өз халқына, оқушысына өз тұсында ұғымдырақ ету үшін Татьяна мен Онегинді сол өз жұртының тіл-түсініктеріне, кейбір ұғым-панымдарына жақындатып, жанастыра түседі.

...Шеш көңілімнің жұмбағын.
Әлде бәрі алданыш.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс,—

деген аудармада Абай Пушкиннің өзіне жақын барып, шеберлік тапса, Онегиннің хатында басқа сырды көрсетеді.

...Михрабымсың, бас ұрамын,
Тіл жете алмай ғүзіріме,
Жетпедім не жасырамын,
Ғауһарымның қадіріне,—

дейді.

Бұнда алған теңеу «михраб» болуы ғажап емес. Татьяна орыс қызы болу себепті христиан дінінде. Ал «михраб» тек мұсылманның ғана мешітінде болады. Онда имамның ғана сәждә қылатын орны. Абай Онегинге осыны айтқызуда, өзі білген асылдың, өз оқушысы түсінген қадір-қасиеттің, асыл құрметтің қайсысын болса да екі жастың сезімдерін жеткізуден аямағанын көрсетеді. Әрине, мұнда діндік ұғым-сөздікті алмай, осындай күшті жайды білдіретін халықтық ұғым-сөздікті алу әлдеқайда орынды болар еді.

Кейін Татьянаның сөзінде және де мұсылмандық ұғымпан «талақ етіп бұл ғаламды» дейтін бір түсінікті келтіреді. Немесе бұрынырақ кезде бір айтатынымыздай, орыстың дворян қызына қаспақ қыргызады.

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем,—

дегізеді.

Міне, осындай Пушкинде жоқ және онда болуға мүмкін емес кейбір жайларды да, сирек түрде болса да теңеу ретінде Абайдың қолданып кететіні бар.

Бұлардың тұсында да жоғарыда айтылғандай, өз оқушысына ұғымдырақ болғысы келгенінің ізденулері байқалады. Бірақ жалпы алғанда жаңағыдай ерекше, оқшау теңеулер, ұғым түсініктер көп емес, Абай Пушкиннің өзінде бар оригиналдан молайтып, өсіріп, өзгертіп, шығарма тудырып отырса да, көптен-көп жерде орыстың ұлы классигінің өз поэзиясының табиғатына сай міндетті тілмен теңеуді үнемі жақсы тауып отырады.

Пушкинге Абайдың алғашқы аудармаға ауысқанда барған барысы сондайлық болса, енді Лермонтовтың шығармаларын аударуда Абай мүлде басқа сапаны көрсетеді.

Бұл жөнде жалпы айтатынымыз, Абай анық шебер аудармашының өзі болып еңбек етеді. Жиыны Лермонтовтан Абай жасаған аударманың ұзын саны — жиырма жеті өлең, үзінділер.

Көбінше Лермонтовтың жеке өлендерін аударумен қатар Абай орыс ақынының бірнеше поэмаларынан үзінділер де аударады. Бұлары: «Демоннның» басынан жасалған «Мұңлы шайтан» деп басталатын өлең, «Боярин Оршадан» «Боска әуре боп дейтін» Арсенийдің монологы. «Измаил бейдің» кіріспе толғауын да аударады. Лермонтовтың қара сөзбен жазып бітірмеген «Вадим» атты повестінің бас жағын «Батар күнге шымылдық» деп бастайтын бірталай өлеңмен аударады.

Бұл еңбектерінен жекеше бөлініп тұратын лирикалар ретіндегі аудармалары: «Теректің сыйы», «Қарасам қайғырар жұрт», «Тұтқындағы батыр», «Жолға шықтым», «Жалғыз жалау», «Жартас», «Дұға», «Сал демеймін сөзіме ықыласыңды» (Лермонтовтың «Альбомға» деген өлеңі), «Менің сырым жігіттер», «Бородино» сияқты үлкенді- кішілі көп өлендер болады. Және Лермонтов аударуынан Байронның «Европейская мелодия» деген өлеңін «Көңлім менің қараңғы» деген аудармамен береді. Гетеден атақты «Қараңғы түнде тау қалғыпты» да Лермонтов аудармасынан алып қазақшаға қотарады.

Бұл айтқандарымыз аудармалар. Ал, осылармен қатар Абай да Лермонтовтың кейбір қысқа өлендерімен аударма сияқты сөз бастап келіп, өз шығармасына еркін ауысып кететін бір топ мысалдар бар. Бұларда, қазақша баспада көбінше, өлеңнің дені Абайдың өзінікі болғандықтан және бұрынғы баспаларда анықтап зер салып, сынап қарамағандықтан, Абайдың өз шығармасы деп атап кетіп жүргендер де бар. Сол ретте Лермонтовтың «Не верь себе, мечтатель молодой» деп басталатын өлеңінің алғашқы шумағы Абайдың «Өзіңе сенбе, жас ойшы» деп басталатын өлеңінің алдында келеді.

Лермонтовтың «Вечер» деген өлеңінің бірнеше жолдары Абайдың «Көлеңке басып ұзартып» дейтін өлеңіне құлак-күй есепті әсер етеді. Абайдағы «Ауру жүрек

ақырын соғады жай» дейтін өлең орысша «Больное сердце бьется ровно» деген өлеңмен сарындас шығады. Орысша:

..Опять явилось вдохновенье,
Душе безжизненной моей —

...Көңілдің күйі тағы да,
Өмірсіз жанның алды ішін,—

деген өлеңдердің де бір тектес екенін байқаймыз. Және де Абайдың «Әм жалықтым, әм жабықтым» деп бастаратын өлеңі Лермонтовтың «И скучно, и грустно» дейтін өлеңімен тектес екені айқын көрінеді.

Осы соңғы бір топ өлеңдердің алғашқы жолдарына қарағанда, Абай анық аударма жасаған сияқты көрінеді. Бірақ, сол алғашқы жолдар, шумақтардан әрі қарай тексерсек, Абай Лермонтовша бастайды да, сол сарынды кейін өзінше, көңіл сырын, ой толғауын қосып, өзгертіп жырлап кетеді. Жалғыз бұл өлеңдер емес, Абайдың Лермонтовқа баруында осыған ұқсаған тағы бірнеше творчестволық іздену тәжірибелер бар. Ол жайлар Абайдың аударматарын түгелімен ұдайы салыстырып отырып, толық зерттейтін еңбектердің нақтылы міндеті болу керек.

Тегінде, жаңағыдай өлеңдерді Абайда аударма демей, «Лермонтовтың ізімен» не «Лермонтовша» деп жіктесе дұрыс болар еді. Кейде бір ұлы ақын айтып кеткен теңеулер немесе шумақтар екінші ұлы ақынның сол сарында жазатын өлеңімен туыстас лейт-мотив есебінде қосыла жүретіні анық болады. Бұл ретте Лермонтовтың өзінің ғана тәжірибесіне қарасақ та болады. Мысалы, Байронда «В альбом» деген өлең бар. Соның алғашқы шумағын Лермонтов былай аударған:

...Как одинокая гробница,
Вниманье путника зовет.
Так эта бедная страница
Пусть милый взор твой привлечет,—

деген болса, кейін Лермонтов өзі және де «В альбом» деген өлең жазады. Соның соңғы төрт жолында Байрон теңеуі мен сезімдерін былайша қайталайды:

...Быть может, долго стих унылый
Тот взгляд удержит над собой.

Как близ дороги столбовой
Пришельца памятник могилы...

Абай осы шумақты «Сал демеймін» дейтін аударма-сында:

Кім білер жабырқаңқы жазған сөзім,
Жібермей көп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен,
Секілді өткен жаның бір күмбезін,—

деп аударған.

Әрине бұнда Абайдікі Лермонтовтан жасаған анық аударма. Ал Лермонтовтікі Байроннан жасалған деп аталмаған. Ол тек Байрон сарындас, тектес туған үлгіні көрсетеді. Абайдың жаңа біз бөліп көрсеткен бір топ өлеңдеріндегі ерекшелік те осы алуандас.

Енді осы сияқты кейбір өзгешеліктерін бөліп шығарған соң, біз Абайдың Лермонтовтан жасаған анық аудармаларына аз тоқтап өтейік.

Лермонтов шығармаларынан жасаған аудармаларында Абайдың үлкен шеберлікпен, анық ірі шабытпен қоса шабыттанып отырып жасаған аудармаларының кейде өте дәл шыққандары бар. Сонымен бірге дәл емес аудармалар тағы да кездеседі. Ең алғашқы аударма жұмысын Абайдың байқап көргені — 1882 жылғы «Бородино» аудармасы. Үзінділеріне қарағанда, ол дәл аударма болғандай. Ол аудармада Абай қолданған ұйқас, өлшеулер де Лермонтовтың өз түрлеріне, стиліне бейім, келісті шыққан. Кейінгі дәл аудармаларының көбінде де Абай сол «Бородино» тұсында өзі бір рет тапқан түр ұқсастығын үнемі сақтауға тырысады. Бұл жөнде дәл аударған еңбектерін алсақ, Гете — Лермонтовтан: «Қараңғы түнде», сонан соң Лермонтовтың өзінен: «Тұтқындағы батыр», «Сал демеймін» («Альбомға»), «Жолға шықтым», «Жалау», «Жартас», Дұға» (және сол өлеңді «Қасиетті дұға» деп екінші қайтара аударған) сияқты өлеңдер. Және Байрон — Лермонтовтан: «Көңлім менің қараңғы» деген өлең. Осының барлығы да Лермонтов текстеріне ерекше жақын шығады. Бұларда Лермонтовтың шумақтары дәл сақталып және әрбір жолдар саны да түп нұсқа мен аудармада бірдей шығып отырады. Тек Абайдың соңғы жинағында (197-бетте) Лермонтовтан жасалған «Қасиетті дұға» дейтін аудармасының үш шумақпен, он екі жолмен біткен жеріне жаңылыс түрде Абайдың өз жаны-

нан жазған үш шумақ өлеңі — «Ерекше естен кетпес» деп басталатын қысқа өлеңі қосылып кеткен.

Енді біраз өлеңдерде оригиналды көбінше дәл өлшеумен, аса көркем, шешен тілмен аударып отырып, Абайдың өзінше сәл (кейде бірер сөзде) басқа мағына беріп аударатыны бар. Мысалға «Қанжар» деген өлеңін алайық. Бұл өлең Абай аудармасында қазақ оқушысына аса қанықты және өзгеше күйлілік, шеберлігімен соншалық қызықты болған өлең. Аудармалық шеберліктер Лермонтов жолдарының өзіндегі құрыш қуат, әсем сезім, күйлі толқынга көбінше сай келеді. Бірақ осы өлеңнің соңғы бір шумағын Абай түгелімен аудармайды. Екінші өзгешелік — Лермонтовта «задумчивый грузин», «черкес свободный» деген жердегі «задумчивый», «свободный» деген сын есімдер Абайда «грузин ашулы ұста», «ер шеркес» деген еркін сөздермен аударылған. Сондай кейбір ұқсамайтындық ұшыраса да, бұл өлеңнің өзге теңеулері, сезімдері турасында Абай қолданған асқан ақындық, көркем келісімдер оригиналдың қасиетіне үнемі барабар келеді. Мысалы Лермонтовта:

...И черные глаза, становясь на мне,
Исполнены таинственно печали».

делінсе, Абайда:

...Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған,—

деп аударылғанда, қазақтың өзіне де барынша ыстық жалын атып тұрған сырлы сезім жолдары туады. Әсте естен кетпестей ғажайып көркем келіскен үйлесімдер.

Тегінде, Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары әлі сан рет нақтылап, тереңдеп тексеруді талап етеді.

Соңғы жылдарда Абайдың Крыловтан жасаған аудармалары турасында және Абайдың Лермонтовпен жалғасы, соның ішінде аударылмақ еңбегі турасында кейбір диссертациялық еңбектерде біраз салыстыру, тексерудің толығырақ деректері беріледі. Біздің ескеретініміз, Лермонтовтан Абай жасаған аудармаларды тексергенде, аударушы ақынның сол аудару арқылы қазақ поэзиясына кіргізген жаңаша поэзия мәдениетін айрықша ескеріп, бағалау қажет дейміз. Көп жерлерде Абай Лермонтовты дәл аударғанда, оның өз жырындағы көркемдік өзгешеліктен басқа жаңа бір жарастық қоса тұрғанын көреміз.

Сонда Лермонтов ақындығының сұлу сыр, нәзік сезімдерін жеткізу талабымен Абай қазақтың өлеңінде бұрын әсте қолданылмаған, тың жаңалық табады. Қазақтың өз сөзімен өлең құрып отырса да, сол сөздердің қабысуы, кейде жеке сөздердің Абайша шебер ізденгіштікпен өзгеруі өзіне бөлек баға, сын тілейді.

Мысалы, Лермонтовтағы «лилейная рука» Абайда «еркелі нәзік қол» болады. Немесе Лермонтовтың жолы «Как сталь твоя при трепетном огне» делінсе, Абайда «Болатша дірілдеген жалын көрген» деп аударылады. «Таинственная печаль» — «құпия қайғы» деп аударылған. Осы аталған кейбір мысалдардың өзінде «еркелі қол», «жалын көрген болат», «құпия қайғы» деген ұғымдар қазақ сөздерінен құралганмен бұрынғы қазақ әдебиетінде айтылмаған, қолданылмаған ұғым, келісімдер.

Кейде Абай Лермонтовтың тексіндегі жалғыз сөзді жалғыз сөзбен төлеу салып аударғанда және де өзгеше бір ізденгіш, тапқырлық көрсетеді. Мысалы, Лермонтовтың «В альбом» деген өлеңін Абай өте шебер аударған. Сол өлеңнің соңғы шумағында — оригиналында:

...Быть может, долго стих унылый...

деген жолды Абай:

...Кім білер жабырқаңқы жазған сөзім,—

дейді.

Осында «унылый» деген сөзді Абай «жабырқаңқы» деп аударады. Қазақта жабырқау деген сөз бар. Бірақ жабырқау түн болады. Адамның қабағы жабырқау делінеді. Ал, сөз жабырқау деген ұғым бұрын қазақ тілінде, ауызша сөзінде, ақындық сөйлемдерінде қолданылмаған. Абай болса, «жабырқау» деп қана қоймайды, «жабырқаңқы» деп жадаулық күйді үдете түседі. Ақынның сөздігіне ең алғаш кіріп отырған жаңа түр. Бұнда Абай орыстың «унылый» деген сөзінің мағынасын ғана емес, тыңдаушыға беретін қосымша әсерін де (дополнительная ассоциация) қоса қамтыған.

Соның үстінде өзі қазақтың поэзиялық лирикасына жаңа ұғым кіргізген. Міне, Абайдың қазақтағы әдебиет тілін байытуын тексергенде, оның осындай аударма, әсіресе қатты шабыттанып аударған еңбек тұсында сан жаңалықтар ізден тапқанын ескеріп отыру керек.

«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» деген

өленнің аударылуында тағы бір өзгешелік бар. Лермонтовта:

...Ночь тиха, пустыня внемлет богу...

деген жол Абайда:

...Елсіз жер тұрғандай боп хаққа
мүлгіп,—

деп аударылады. «Ночь тиха» деген сөздер Абайдың бұл жолында жоқ. Ол ауысып, бірінші жолға түскен-ді. Ал, жаңағы «внемлет богу» деген суретті Абай «хаққа мүлгіп» дейді. Тамаша сыпайы әсерлілік табады.

Осында «богу» деген сөзді қазақ көп қолданатын «құдай», «тәңір», «жасаған» немесе алла» деген ұғымдармен айтса да болатындай. Бірақ Лермонтов «Пустыня внемлет богу» деген сөйлемінде сахарапы мінәжат, тағат етіп тұрған күйде алған. Абай сол сезімді «мүлгіп» деген қазақ сөзімен тамаша тауып аударған. Бірақ қазақтағы «мүлгу» үшемі дін, тағат-ғибадат ұғымдарымен байланысты емес. Біреудің жаманшылық сөзін де иланғыш адам мүлгіп тыңдауға болады. Ендеше, «мүлгіп» деген сөзді жақсы табумен қатар, соған мінәжаттық, қосымша ұғым бере түсу үшін оның алдына «хаққа» деген қазақта сирек қолданылатын, бірақ иланушылар көзінде «құдай» деген ұғымнан көрі де биіктей түскен сөзді алады.

Осымен, өзінің өлең жолын айрықша бір тұманды сезіммен қоюлата түседі.

Мінеки, осындай әрбір аударманарынан байқалған кейбір ерекшеліктерді атап өтумен қатар біз Абайдың енді Лермонтовтан оншалық дәл аударманған біраз өлеңдерін еске алайық.

Абайдың бұлайша етуі кейде қысқарту мақсатымен туады. Ал, кейде әдейі қазақ ұғымына шалғай келер деген оймен Лермонтовтың кейбір шумақтарын не қалдырып кетіп, немесе өзгертіп аударатыны бар. Дәл аударылмаған өлеңдер: «Теректің сыйы», «Демонның» басқы жағы (Абайда «Мұңлы шайтан»), «Ой», «Рахат мені тастап», «Босқа әуре боп», «Асау той» деген сияқты жеке өлең мен үзінділер.

Біз бұлардың барлығындағы ерекшеліктерге тоқтамаймыз. Ақынның кейбір өзінше кеткен жерлерінің себептерін ғана ұғына түсіміз келеді. Мысалы «Теректің сыйын» Абай көп қысқарту жасап аударады. Лермонтов-

та жетпіс жеті жол өлең Абайда отыз сегіз жолмен аударылады. Себебі, оригиналдың ішіндегі бір үлкен үзіндіні Абай түгелімен тастап кетеді. Онда Терек қарт Каспийге бір кабардин жігітін әкеле жатырмын дейді. Оның сауыт қаттауында жазылған «Құранның аяты да бар» дейді.

Абай өз оқушысына осы жерді сол қалпында беруді қолайсыз көрген тәрізді. Сол бөлімді алып тастаумен бірге Лермонтовтың кейбір жолдары мен кей шумақтар ішіндегі мазмұндарын аударыстырып, не өзгертіп алады. Сөйтіп, жалпы аңғары тамаша көркем шыққан өлеңнің дәлдік жағынан әр алуан өзгешелігі бар. Бірақ сонымен қатар Лермонтов берген образға Абай өзіндік, ақындық шабытпен қатты қызығады. Кейде өз жанынан тамаша әсерлі көркем теңеу қосады. Бұлқынып жұлынған орасан күштің анық орайлы тексерулерін табады. Мысалы:

...Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып,—

деген теңеу, немесе:

...Екі езуім көпіріп айғайласам,
Шын құтырсам, шың тасты
тербеткенмін,—

деген образдар Абайдың теңегіштік қуатындағы ірі тапқырлықты танытады.

Тағы бір дәл аударылмаған шығарманың соңғы мысалына «Мұңлы шайтан» деп басталатын «Демон» поэмасының бас жағынан аударған үзіндіні алайық. Ең әуелі Абай Демонды шайтан деп, бекерге кішірейтіп алмаған. Шайтан мұсылман ұғымында көп болады. Ал, Демонның мұсылманшылық ұғымындағы орайы «Әзезіл» ғана, Абай сол күйді анық түсініп отыр. Өйткені оның аудармасындағы шайтан құдайдың өзімен таласады. Міне, осы жерлерін аударуда Абай он шақты жолдың көлемінде өз жанынан күй толғап кетеді. Сол жолдардың ішінде:

...Босағасы кең еді, төрде орын тар,
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.
Жалғыздық бір тәнірінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағынетке болған душар,—

дейді.

Бұл тұста Абай анық Әзезілді баяндап отыр. Лермонтов жолдарынан қазаққа немесе барлық мұсылмандарға

жанасып келетін жайды алады да, Абай біраз еркіндеп кетеді. Оны қызықтыратын халық ортасына көп жайылған діндік аңыздың өзі. Бірақ, Абай соны діндік қалпынан және де бұра түсіп, қазақтың ұғымына жақындатып әкеп, мүлде ауыл үй қондырады. «Босаға мен төрді» айту қазақтың феодалдық-ақсақалдық немесе патриархалдық-хандық құрылысымен байланысқан болмысты танытады. Төрде жасы үлкен жалғыз әмірші отырғанда, кішінің бәрі бендешілігін, бағыныстылығын танытып, босағадан озбау керек. Міне, қазақ оқушысының түсінігіне осылайша жақындату үшін және Әзезілдің жаманаттылығын күшейту үшін оны шайтан атайды. Жаңағыдай қалт етіп бұзылмас қалыпқа қарсылық етті дейді.

Сөйтіп, бұндағы өзгеріс те өз тұсындағы оқушыларының шама-шарқымен, дін санасы, ұғым-нанымдарымен есептесіп отырып, Абайдың әдейі кіргізген өзгерісі тәрізді. Осындай себептер өзгерткені болмаса, жалпы Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары бүкіл қазақ поэзиясының оқшау тұрған биігіндей. Анық халықтық, қасиетті қазына болады деп ұғыну керек.

Абайдың ендігі біз тексеретін бір топ көркем, қымбат аудармалары Крыловтан жасалған. Тегінде, қазақ әдебиет тарихына Крылов мысалдары жалғыз Абайдың аудармасынан емес, одан бұрын да кіре бастаған еді. Бұл және де бір Крылов емес, орыс көркем әдебиетінің өлең сөз, қара сөздегі әралуан үлгісін өзі жазған оқу кітабына кіргізіп, алғаш аударған Ыбырай Алтынсарин болатын.

Абай Алтынсариннің еңбегін жақсы біледі де, зор бағалаған. Оны Крыловтан өзі жасайтын аудармасында өз еңбегіне белгілі дәрежеде үлгі етіп алғанын байқауға болады. Алтынсариннің тек аудармалық еңбегі емес, оның орыс классик поэзиясынан үлгі-дәстүр алуда іздеп таңқан кейбір жолдарын Абай және де өзінің творчестволық тәжірибесімен жақсы қостап, құптайды.

Осы жөнде мысалы Алтынсарин қазақ сахарасындағы көктем туралы «Сәуірде көтерілер рахмет туы» деген өлең жазып, қазақ поэзиясында ең бірінші рет реалистік пейзаж жасады. Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының көктемдегі тірлігін, шаруа салтындағы көркем ерекшеліктерін аса жақсы бейнелеп берді.

Бұнда Алтынсарин Пушкин жазған, орыс тұрмысынан алынған жылдың төрт мезгілі турасындағы өлеңдерден

көп үлгі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның стиліне ден қойып, соның дәстүрін меңгерді. Ыбырай осы көктем жайындағы жалғыз өлеңнің өзімен қазақтың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзиясын бастап кетті деуге болады.

Абайдың кейін жазатын осы алуандас «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айтылған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан да ары көркейіп, дами түскенін білеміз.

Сол сияқты Алтынсаринге Абай орыс классиктерін аудару жөніне де анық деп қояды. Бұл айтқанның ең үлкен бір белгісін Крыловтың мысалын аударудағы екі үлкен еңбектерінен байқауға болады. Ыбырай мысалдарды аударуда шын шеберлік көрсетіп, қазақ тілінде Крылов шығармаларын жеткізіп берудің арнаулы үлгілерін жасаған. Абай сол үлгілерді көп сынамайды. Өлеңдік түрде Ыбырай салған стильдік тың өзгешеліктерді көп өзгертпей алады. Екі аударушының қолданған өлшеу түрлері, сөздік тақырыптары бір-біріне өзгеше сай келеді. Сондықтан анық қатесіз көшірушілік жасаған адамдардың қолжазбаларында болмаса, кейде Крылов мысалын екі ақынның қайсысы аударғанын білу де оңай емес.

Мысалы, Крыловтың «Ворона и лисица» деген мысалын Абай да, Ыбырай да аударған. Екеуінің сол аударма сы Абайдың көп қолжазбаларында бірге көшіріліп, бірге таралып жүретін. Осының себебінен Абайдың 1940—1945 жылдарда шығатын толық жинақтарында сол екі ақынның аударма сы қатарынан Абайдікі саналып (224—226 беттерде) қатар басылады. Сөйтіп, бүгінгі оқушыға Абай Крыловтың бір мысалын екі рет аударған тәрізді болып жүр. Бұл баспаның қателігі. Анығында, Абайдың аударғаны «Жұрт біледі, күледі» деп басталатын мысал. Ал, «Боқтықта талтаңдап» дейтін Абайдікі емес.

Кеш болса да осындай қателікті түзеу ретінде тағы айтатын фактілер бар. Жоғарыда айтқандай, Абайдың қолжазбасын көшіріп жүрген Мүрсейіт сияқты және басқа да толып жатқан адамдар революцияға шейін және одан бері де, кейінгі бастырушыларды жаңылдырғандай бір қатерлі әдет қолданатын. Олар Абай өлеңдері мен поэмаларын көшіріп, кітап етуді мақсат етіп

отырып, сол Абай өлеңдеріне қоса Абайдың шәкірт ақындарының және Алтынсарин сияқты ақындардың, тіпті, басқа замандас ақындардың да кейбір өлеңдерін авторларын атамастан қоса көшіріп жіберетін-ді.

Осындайдың салдарынан, Абайдың 1940—1945 жылы шығатын толық жинақтарында Крыловтан Абай ғана емес, өзге адамдардың жасаған аудармалары да жаңсақ басылып кеткен.

Әсіресе жинақтың тізілуін қолма-қол басқарған адамдардың шалағайлығы бойынша, жаңағыдай қолдарына түскен Абай қолжазбасының кейбір өзгешеліктерін аңдамауы бойынша өзге тұста болмаса да дәл осы Крыловтың мысалдарын тізген бөлімде көрінеу қателіктер кеткен. Мен өзімнің бала күнімнен білетін ескі қолжазбаларды еске алғанымда, Абайдың Крыловтан жасаған аудармаларын төрт-бестен артық деп айта алмаймын. Олары:

1. «Есек пен бұлбұл».
2. «Бүркіт пен қарға».
3. *«Шегіртке мен құмырсқа».*
4. «Түлкі мен қарға».
5. «Піл мен қанден».

Енді осы аудармалар жөнінде Абай еңбегінен байқалатын бірнеше ерекшелікті атап өтейік. Ең алдымен, Абай Крылов мысалдарының әдебиеттік ерекше қасиеттерін жақсы аңғарған. Белинский түсіндіруі бойынша аңғарған деуге болады. Белинский: «Әңгіме мен мақсұт — міне мысалдың бары осында, сатира мен ирония (әжуа) — міне оның ең зор сипаты. Крылов дана адам есебінде мысалдың эстетикалық заңдарын ой-жобамен аңғарған. Орыстың мысалын сол жасады деуге болады»,— дейді.

Осымен қатар Крыловтан қалған барлық мысалдарды Белинский үш топқа бөледі. Соның әрі сатиралық, әрі поэзиялық ең көркем түрі үшінші топтағы мысалдар дейді. Және сатира, мысалдың поэзиясы деген пікірді айтады Абай сол үшінші топтан мысалдар аударманған. Оның аудармалары көбінесе Крыловтың Белинский атаған екінші топ мысалдары болады. Оларға ұлы сыншының берген бағасы: «Бұларда өсиетшілдік бағыт ақындықпен шарпысып отырады»— деген.

Абай Крылов мысалдарынан, әсіресе орыс халқының Крылов заманындағы әлеуметтік, саясаттық ерекшеліктерінен туған әжуа, сатира жақтарын көп алмайды. Оның

орнына өз оқушысына оңай, ұғымды боларлық, жалпы адам баласының қай қауымына болса да оңай үйлесетін мысалдарды бұрынырақ аударуға талап еткен.

Онан соң жоғарыда Белинский мысалдың бары әңгіме мен мақсұтта десе, сол мақсұт аударманың ең аяғындағы жолдарда келеді. Абай осылардың бірталайын дәл аударма й, өзінен қоспа жасап аударады.

Мысалы: «Есек пен бұлбұлда» Крыловтың бір-ақ жолмен айтқан моралін Абай төрт жол өлеңмен береді. Кейде Абай Крылов айтқан қорытындыны, моральді өзгертіп жібереді. Крыловтың «Вороненок» дейтін мысалын аударғанда, ең соңғы қорытынды, моральді Крылов бір басқа, Абай бір басқа айтады. Крылов:

Үлкен ұры құтылып, ұсақ ұры тұтылып
қалды,—

деген ойды айтса, Абай екі жол өлеңмен:

...Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!—

деп мүлде басқаша байлау жасайды. Крыловтағы түйінді қоғамдық сынның өткірлігін өзгертіп, жалпы мінездік жайға теріс ауыстырады.

Ал, «Қарға мен түлкі», «Шегіртке мен құмырсқа», «Піл мен қанден» деген аудармаларда Крыловта да қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Абайда да солай. Бұл мысалдың өсиеті өз ішінде деген түсінік байқалады. Абайдың Крыловтан жасаған аудармаларында ендігі бір дәл еместік «Стрекоза и муравей» дегенді Абай «Шегіртке мен құмырсқа» дейді. Стрекоза шегіртке емес, инелік. Абай қазақтың фольклорында, жайшылық ұғымында инеліктің араласатын орны аз болғандықтан, оны әдейі оқушының ұғымына жақынырақ, қонымдырақ шегіртке етіп алған тәрізді.

Бұдан соңғы бір өзгешелік, жақсылық жағынан айтқанда, Алтынсарин мен Абай екеуі де жоғарыда Белинский атаған мысал ішіндегі әңгімені, ондағы мінездер мен сөздерді, құбылыс-қимылдарды мағына жағынан өте дәл береді. Бұл турада, өткір сөзге, шешендікке, тіл байлыққа келгенде, тапқырлық орамдылығы Абайға көп жәрдем етеді. Бірақ сонымен қатар Алтынсарин де, Абай да Крыловты өлең қып аударған. Ал, анық әдебиет жүйесінің көзімен қарағанда, орыс әдебиетінде мысал (басня),

стих (өлең) емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей боп шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақысты, ыргақты қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған өте мазмұнды жауантасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады.

Ал, Абай мен Алтынсарин немесе басқа қазақтың аудармашылары болсын, бәрі де Крылов мысалының осы ерекшелігін дәл бермеген. Қазақша аударылуда орыс әдебиетінің бұндайлық бөлекше жанры қазақшада бөлекше жаңа жанр тудырмайды. Кейбір аудармалар қазақтың төрт жолды шумағы бар он бір буынды өлеңімен аударылады.

Абай мен Алтынсарин жеті-сегіз буынды жыр алуандас өлеңмен айнымас өлшеуге бағындырып, қысқа жолмен аударады. Сол себепті сырттай салыстырып қарасақ та, мысалы, Крыловтың «Ворона и лисица» дейтін шығармасы жиырма алты жолға бөлінсе, Абай мен Алтынсаринде елуден аса жолдардан құралады. Крыловтың мұраларынан оның әңгімесі мен сатиралық-әжуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, Абай оның сыртқы түр өзгешелігін көп құнттамайды.

Адам мінезіндегі, қоғам ішіндегі құнарсыздық, өрескел сорақылық жайларда ашуға үнемі талаптанған Абай мысалды сатиралық жағынан тағы да бір өтімді, қымбат құрал есебінде пайдалануға талпынған.

Бірақ осыны айтумен бірге ескеретін бір пікір, Абайдың өзіндік, ақындық ерекшелігі — адамдық, әлеуметтік турашыл және шыншыл бітімі — оған жалғыз ғана жалтарып айтқан мысалдарды місе қылғызбас еді. Сол себепті, ол Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Щедриндер дәстүрінде қоғамдық жаманшылық масқаралықтарды туралап шапышады. Басқа соғып, көзге шұқып отырып айтуды ақынның айқын жолы деп біледі. Крылов мысалдарын жақсы көріп аударғанмен, Абай сол Крылов үлгісінде мысал жазбайды. Себебі, жаңағы айтқандай, жаманшылықтың жайын жалтартып айтпай, Добролюбов үгіттеген жол бойынша ызалы шабытпен, тура шабуылмен «түңлігін ұшыра соғып» айту керек деп ұғынады. Сондықтан өз бойындағы әжуа мен сатираға толып келген ызалы, толқынды ойларын Абай мысалсыз-ақ ашық, анық өлеңдермен шығарады. Оларының түрі, шеберлігі, әлеуметтік-тарихтық, салт-сана-

лық құны мен көркемдігі, қазақ поэзиясының тарихында қандайлық қасиеттермен қалыптанғанын біз Абайдың өз шығармаларын тексергенде түгел айтқанбыз.

Абайдың қара сөздері

Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары — «қара сөз» деп аталады. Жалпы саны қырық алты бөлек шығарма. Оның алты-жеті үлгісі қысқа келеді. Бұл қатарға қосылатындар он алтыншы, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма төртінші, отыз бірінші, қырық бесінші сөздері. Жалпы қара сөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратын — қырық алтыншы сөз. Ол тарихтық мақала-очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты. Өзге қырық бес сөздің ішінде көлем жағынан ең мол шығарма бұрын Абайдың қолжазбаларында «Ғақлиат-тасдиқат» деген атпен бөлекше көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі Абайдың бір үлкен ой-толғауы болады. Бұл — отыз сегізінші сөз.

Осыдан соң қара сөзбен жазылған мысал, өсиет есебіндегі — Сократ пен оның шәкірті Аристодим әңгімесі. Бұл — жиырма жетінші сөз.

Көпшілік қара сөздерден және де өзгешерек қалыптанған — Абайдың отыз жетінші сөзі. Бұл бөлімше өзге қара сөздерше тұтас құрылған бүтін шығарма емес. Шартты түрде «отыз жетінші сөз» деп бір араға бастары құрылған афоризмдер саналады.

Мүрсейттің көшірулерінде және Абайдың толық жинақтарының бәрінде осы афоризмдер жиырма үш деп саналады. Анығында, Абайдың афоризмдері бұлар ғана емес. Және жинақтарға басылғандай бір ғана 1896 жылда туған болмау керек. Әр жылдарда айтылған терең ойлы, шешен, шебер сөздерді 1896 жылы ең алғаш Абай шығармаларын құрастырушы шәкірттері сол жылда түгендеп еске алып отырып, ойда сақталғандарын осылайша «отыз жетінші» сөз деп мөлшермен, шартты бір шеңберге сыйғызған тәрізді. Афоризмдер Абайда жиырма үштен әлдеқайда көп екенін Абай оқушыларының бәрі де біледі.

Ақынның өз шығармалары ғана емес, Пушкиннен, Лермонтовтан және әсіресе Крыловтан жасаған аударма-

ларының тұсында әралуан өсиет, сын, мысқыл, әжуа, психологиялық, эстетикалық, педагогикалық жайлардан түйіп айтқан нақыл, ақыл, терең ойлар аса көп кездеседі. Сондайлық бір-екі өлең жолының бойына сыйған тұжырымды көркем сөз Абайда көбінше афоризм боп қалыптанған.

Ал, өз өлеңдеріне ауыссақ, онда осылайша жазылып және жұртқа мол жайылып, нақыл-өсиет есебінде тарап кеткен талай өлең жолдары бар. Соның көбі және де Абайдың афоризмдерінің санын молайту керек. Ең ақыры, осы тұста бөлек тексеріліп отырған қара сөздердің өздерінің кейбіреулерінен де Абайдың шешен, шебер, тапқыр етіп түйген сөйлемдері афоризм қатарында оқушы жұртқа ертеден көп тарап кеткені бар.

Олар да «отыз жетінші сөзді» көп тың мысалдармен әлі талай тамаша бағалы афоризмдерімен молайта алады.

Осылайша, жалпы Абай қара сөздерінің ішінен «отыз жетінші сөзді» деп біраз ерекшелігін қарап, бөліп шығардық.

Жоғарыда жасалған екшеулер бойынша бір жеті сөзді қысқалық себебінен және өзге сөздерде әр көлемде айтылған пікірлерді қыска түйіп, қайталайтын болғандықтан, бір бөліп шығардық. Онан соң Абайдың түгел өз сөзі болмағандықтан, аударма ретінде жиырма жетінші сөзді — Сократ сөзін бөлдік. Тур өзгешелігі бойынша «отыз сегізінші сөз» афоризмдер жайын жеке қарадық. Және отыз сегізінші сөз — «Ғақлиат-тасдиқатты» бұрынғы барлық қолжазбаларда бөлініп жүрген ретімен жалпы қара сөздерден бөлекше атадық. Тағы да тақырыбы ғылымдық мәселе болғандықтан, «қырық алтыншы сөз» — тарихтық очеркті де бөліп атадық. Осымен жиыны он бір сөз, қара сөздер көпшілігінің қалпынан бізге басқарақ саналады. Содан ары қалатын Абайдың анық «қара сөз» атты мұрасын алғанымызда, олар отыз бес сөзден құралған болады.

Енді ең алдымен, осы қара сөздің қалың тобын тақырып мазмұндарына қарай арнаулы жіктерге бөле отырып тексеріп, танып көрейік.

Жалпы алғанда, Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны боп қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стиль,

мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Кейбір сырт сипаттарына қарағанда Лев Толстойдың «Круг чтение» деп аталатын еңбегіне ұқсас. Толстой өзінен басқа ойшылдардың көп-көп жайлардан жазған толғаулы терең пікірлерін жиып топтап, өз оқушыларына бірнеше кітап етіп ұсынған. Бірақ Толстой «Круг чтениеде» оқушыларымен тыныш, тату әңгіме өткізем дейді. Сөз бастағанда әрбір жайлардан өз ойларын келтірмейді.

Абайдың қара сөзінде Сократтың сөзін, дін үгітшілерінің сөздерін келтіргендей етеді. Ал мына қарасөздерде Абай көбінесе барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме дүкен құрып отырған болады.

Осыдан соңғы қара сөздер жөнінде айқын байқалатын бір өзгешелік, Абай өзінің өлең сөздерінің көптен-көбін заманындағы оқушы мен тыңдаушыларына үнемі түсінікті болмайтындай көреді. Онысы — анығында солай да еді. Осы жайды ескеріп, Абай енді қара сөзінде сол өлеңдерінде айтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады.

Сондықтан кейбір қара сөздерінде бұрынғы өлеңінде айтылатын ойлар қарапайым, жеңіл, оңай ұғымдармен қайтадан айтылады. Бұл жөнде Абай өзінің көпшілік оқушы, тыңдаушысыменен әңгімелеседі. Және сол әңгіменің үстінде адамгершілік мәселелерінен: әділет, ақтық, турашылдық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты жайларды айтады. Немесе осылардай, адамдық, сипаттың жауы болатын, аярлық жалғаншылық, бәле құмарлық, мақтаншақтық мансапқорлық, өсекші-өтірікшілік, еріншектік, әралуан арамтамақтық сияқты мінездердің барлығын айтқанда, Абай сол жайларды тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлайды. Айтпақ сөздері мен ойларын мысалдармен келтіреді. Кейде өзінің көз алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады. Мысалдарды қазақтың сол өз заманындағы күнделік болмысынан алады. Осы мысалдарды кейде күлкіге сайып, мыс-

қыл, әжуа халдерді әдейі айқындай түседі. Әңгімесі тыңдаушысына пайдалы өсиет болумен бірге, көңілді айтылып, қызықты боп жетсін деген мақсатты ойлайды.

Өзінің адамгершілік, әлеуметшілік, ағартушылық ойларын айтуда, Абай педагогикалық жақсы әдісті қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-өсиет асырады.

Сонда тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет озғын ойлары бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуге мүмкін. Сол себепті өлең сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын анық шыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қара сөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады. Бұл ретте кейде ақынның өлеңінде кездесетін қайшылықтар және тарихтық тар көлемді түсініктер көбірек көрінетін кездері де болады.

Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, ақын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз нанымы өзгермейді. Сондықтан өлеңіндегі сияқты дінді адамгершілік моральдің, тәрбиенің әралуан қаранғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды.

Осындай негізгі түсінік (убеждение) Абайдың қара сөзінде де көрінеді. Бірақ осымен қатар мұсылман дініне планған тыңдаушыларына құдайдың, пайғамбардың, иман, парыздардың жайларын көбірек айтады. Мынау оқушылармен әңгімелескенде өз ойына соларды көбірек серік етеді. Және өлеңнен қара сөздерді төменірек түсіретін тағы бір өзгешелік бар. Оны: дін тұтынушылар мен би-болыс, атқамінерлер жөніндегі аса аяусыз, сынды, жазушы болған қалпын Абай қара сөздерде біраз жеңілейтіп, ашуын азайтыңқыраң алады.

Өлеңінде жаңағы топтар жөніндегі шығармалар тіпті көп болса, қара сөздерінде аз көрінеді. Бірнеше шығармаларда басып айтқан ащы, сынды пікірлер болғанмен, көпшілік қара сөздер орташа шындықты орташа халде таратады. Бұнда жалпы байқалатын күй, осы тыңдаушылармен Абай тату, тыныш мәжіліс құрғандай болады. Ол тыңдаушылары әрине «Ғақлиат-тасдиқаттағы» оқушы-

лар ғана деп бағалау дұрыс болмайды. Өйткені «Ғақлиатты» Абай өзінің қасында жақын жүрген шәкірт достарына, үміт еткен жақсы жастарына аса бір жылы жүректен ағалық өсиет етіп айтқан.

Ал, көпшілік қара сөзде Абайдың көз алдына көрініп отырған тыңдаушысы жаңағы жастар ғана емес сияқты. Бірақ олар Абайдың аяп әңгімелесетін, тартына сөйлейтін адамдары тәрізденеді.

Осы себептен болу керек, қара сөз ой тереңдігі жағынан да көп өлең сөздерден тайызырақ, сәл ғана шындықтардың өріс-өрісін байқатқандай болады.

Енді осы жайларды, жоғарыда біз бөліп шығарған отыз бес қара сөздің әралуан жіктерінен, таптарынан нақтылап танып көрейік.

Жиыны барлық қара сөз, біздің аңғаруымызша, он-он бір тақырыпқа бөлінеді. Кейбір тақырыптар бір топ сөздердің көлемінде қайталап, әралуан жаңа мысқыл, теңеулермен, дәлелдермен молайғаны болмаса, ой жағынан бір алуандас болады. Ал, кей тақырып, бір-бір қара сөзде айтылумен тоқтап отырады. Мысалы, бірінші қара сөзінде Абай жазуға қалай кіріскені туралы сөйлейді. Бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің жалпы шығармалық еңбегіне ойлы түсінік береді. Бірақ кейін осы тақырыпқа өзге қара сөздерде оралмайды.

Екінші сөзінде — халықтарды салыстырады. Қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес елдерді оқушысы қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді. Әңгімені жәй бір тыңдаушылар тобында отырғандай, жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады. Еңбек сүйген ел атаулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпте, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қалып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады.

Тақырып жағынан алғанда, үшінші сөз де өзіне бөлек бір алуан. Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық аппараты туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын, тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерлейді. «Уақытша себі бола ма» деп бірер ұсыныстар айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқуы бар

адамнан болса екен дейді. Және тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот орны туралы пікір айтады. Ел ішіндегі дау оңай шешілу үшін, әділетпен аяқталу үшін патшалық өкіметі сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Оның орнына третей билікті ұсынады. Абайдың осы пікірі Герценнің «Былое и думысында» жазылған соттар турасындағы пікіріне өте дәл келеді. Герцен Россиядағы параны құрту үшін халықтың көз алдында әшкере тергеу болатын болсын және бұрынғы третей соты қайтадан заңға кірсін деген.

Абайдың ойында да билік, тергеу халықтың қамына жақын болсын. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулары орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар. Бұл қара сөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Өлеңдік шығармаларында өз заманының шындықтарымен қолма-қол байланысты болып, оны сынау арқылы пайдалы іс етемін деген ақын, жаңағы қара сөзінде сол әлеуметтік, әкімшілік қалпына нақтылап араласқысы келеді. Әсіресе халыққа күнделік іс-әрекеттерімен бейнет, дерт әкеліп отырған тергеушілік тәртіптің сорақылықтарымен алысуға кіріседі. Бұл жөндегі Абайдың кемшілігі, қателігі Шоқанның бір қателік пікірімен үйлес келеді. Екеуі де ендігі билер ауыспайтын, өмірлік би боп сайлансын дейді. Бұл ескі феодалдық қалыпқа тартар еді.

Төртінші сөздің де тақырыбы өзіне бөлек басқаша шығады. Бұл өсиетте бұрынғы өлең сөзінде көп айтқан бір тақырыпты қозғайды. Онысы — күлкі туралы ойлаған ойы, сыны.

Бесінші сөз — қазақтың кейбір мақалдарын сынайды. Мұнда халық санасының өзіндегі надандық, қараңғылықтың салдарынан туатын мінді мінез, кемшін ой, айыпты әрекеттерді шеней өтеді. Мал үшін өмір кешетін адамдарды үлкен қиялменен сынап, айыптап түземек болады.

Осы жоғарыда аталған бес сөзінде бес бөлек тақырып болса, келесі алтыншы сөзден бастап белгілі ой мен сындардың, өсиет пен үгіттің арнаулы тақырыптары бірталай сөздерде қайталап отыратынын көреміз. Мысалы, алтыншы, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он төртінші, жиырма үшінші, жиырма алтыншы, жиырма тоғызыншы, отыз үшінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші және қырық үшінші сөз сияқты үлкен бір топ

сөздерінде Абай ел мінезін көптен-көп сөз етеді. Бұнда бірлік жөнінде, ол ақылды болыс-би сияқты ел әкімдерінің «пара алмайтыны» жөнінде кекету-әжуа айтылады (алтыншы, сегізінші сөздерде). Және де осы топта ол туралы толғанған ойдың ызалы ащы күйін уланған оймен төрсететін сөз бар (тоғызыншы сөз).

Осы қатарда мінез жайын айта келіп, өтірік батырсыған бояма мінезді сынау, адамдықты үгіттеу он төртінші сөзде көрінеді. Ел мінезін сынайтын сыншыл-реалист жазушы кейде бұрынғы өлеңінде қолданатын қатты сатираны да өзіне үлгі етеді. Қуаныш пен жұбаныш жайын аса ащы сатирамен жиырма үшінші сөзде, жиырма алтыншы сөзде айқын көрсетеді.

Жиырма төртінші сөзінде тағы да мақалды шенеу арқылы ел мінезіне үлкен сыншылдық жасайды. Және де кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты отыз үшінші сөзде баяндайды. Осыдан соңғы бір топ толғаулар қазақтың бұрынғы өткен адамдарының мінезін сөз етеді. Халықтың дұрыс мақалдарын елдік қасиет есебінде ақынның қадірлейтінін көреміз (отыз тоғызыншы сөз).

Ел мінезіне арналған сөздердің қырқыншысы — тыңдаушысыменен көзбе-көз әңгімелесу үстінде туғандай. Жазушы көп сұрақтар беріп отырып, қазақ қауымындағы адам мен адам арасындағы қарым-қатынасты қатты сынай сөйлейді.

Және де ел мінезіне арналған қырық бірінші сөзде Абайдың көп өсиет-сын өлеңдерімен ұштасатын жәйттар қайта қозғалады. Елді тағлым-тәрбие түзер еді, ол жоқ деген арманды ой туады. Халық басындағы, қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осы топ сөздердің бір алуаны (қырық екінші сөз) жұмыссыздыққа арналады. Еңбексіз жатып ішу, қолы ұдайы бос болу жеке адамның басындағы және бір қауымдағы кеселдің үлкен себепшісі деген аса сыншыл, дұрыс ойлар айтылады.

Осы бір топ сөздердің ең соңғысы қырық үшінші сөз — алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенмен педагогикалық, психологиялық үлкен жүйрік ойды танытады.

Қара сөздер ішіндегі көлемі үлкен, кенеуі мол сөздің бірі де осы деуге болады.

Енді бір бөлек тақырып боп, жетінші сөз оқшаулау

көрінеді. Ол — жас баланың психологиясын ескке алып талдаған сөз. Баладағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін атаумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланы жаман тәрбиемен қорлап бұзғанын білдіреді.

Өзге қара сөздерден және де өз тақырыбымен оқшауырақ тұратын он бірінші сөз — ұрлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы, оларды қатты әшкерелеген сыншының ойын танытады. Халықтың, көпшіліктің өкілі боп отырған азамат жазушы жаңағыдай ұлықтар кесіріне бейнет шегетін ел үшін ширығып, ызалы турашылдық сөздерін сөйлейді.

Бұл тексерілгендерден бөлек қара сөздердің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып — дін менен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: он екінші, он үшінші, жиырма жетінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз сегізінші және қырық бесінші сөздерде.

Осы сөздердің кейбірінде Абай құдайға құлшылық етудің мәнін айтып иман жәйін сөз етеді (он екінші, он үшінші сөздер). Бірақ сол мұсылманшылдықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі — адамгершілік өсиеттер болады. Сол адамгершілік қасиетті адам өзінің жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлайды. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді дейді. Осы ойына тіреп, дерек етіп (жиырма жетінші сөзінде) әдейі ұстаздық, тәрбиешілік ниетпен Сократ сөзін береді.

Отыз бесінші, отыз алтыншы сөздерде Абай қазақтың дін күтушілерін және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Пайғамбар өсиетін айта отырса да, сыншыл ақылдың талаптарын Абай айқын атап отырады.

Осы топта көлемі мен мазмұны бойынша ең үлкен орын алатын отыз сегізінші сөз —«Ғақлиат-тасдиқат». Бұнда Абай аят, хадистерден цитаталар келтіріп сөйлейді. Жазу тілінің, басқа қара сөздердегі анық қазақтың түрін өзгертіп, кітаншылап (түрікше) тың үлгі, стиль іздейді.

Сыртқы стильдегі, тілдегі өзгешеліктер бұл сөздегі діндік мазмұнменен нық байланысты. Осы кезде Абай өзінің дінін, түп наным жағынан да, моральдық қасиеттер турасынан да және адамгершілік тәрбие мақсатымен де анықтап, таныта түсіпек болады. Өлеңдерінің тұсында айтқанымыздай, әрине бұл сөзде де Абай өзін мұсылман

етіп көрсетеді. Ол ислам дінінің құдайына иланады. Енді соның көп сипаттарын оз оқушысына баяндап береді. Сол баяндауында үнемі адамдық жақсы сипаттар жағын айрықша екшеп терумен болады. Ендеше, бұл сөздің де түп мазмұн-мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе түсу. Моральдық философияның, педагогикалық мұраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып бермекші. Жалғыз-ақ осы жөндегі Абай ойларында кейде көрінеу тайыздық көнелік те байқалады. Бұл әсіресе жаратылыс жайы мен адамның жаратылыс сырын шешемін деген кездерінде аса айқын сезіледі.

Сонымен қатар осы үлкен сөздің ішінде Абай үлкен батылдық табады. Тарихтық, әлеуметтік, ағартушылық жөнінде күшті қуат көрсетіп, заманы үшін аса сыншылдық танытатыны да бар. Ол — қазақ ортасындағы не жалпы мұсылмандық шығыстағы қоғамдық, әлеуметтік құрылыстар жөнінде айтатын терең толғаулы пікірлер.

Алғашқы айтылған сөздің мысалын осы отыз сегізінші сөзде (Толық жинақ, 356-бет) келтірген бір ұзақ пікірден байқауға болады. Барлық жаратылыстың молдық берекесін айтып келіп, Абай «Адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік»— дейді. Осымен бар дүниенің жан-жануары, өлі-тірі табиғаты — баршасы да тек адам баласы үшін жаралады. Өйткені, адам нәсіліне тәңір иесінің жасаған махаббаты солай деген ой таратады.

Анығында, жаратылыс диалектикасын ойлағанда, Абайдың бұл айтқаны жаңылыс, теріс пікір. Және философия тарихында әлдеқашан ескірген — дүние адам үшін жаралады дейтін, көп заманнан бері қолданудан қалған, көне пікір болады.

Ал, әлеуметтік мәселеде Абайдың діп жайын қозғай отырып, дін ұстаздарына айтатын қатты соққы, сындары және осы сөзде. Бұл жоғарыда біз айтқан, Абай ойының ең қымбатты, бағалы жағы.

Абай молдаларды сынап келіп (Толық жинақ, 382-бетте): «Бұл заманның молдалары хаким атыпа дұспан болады (бұнда Абайдың хаким дейтіні — оқымысты ғалымдар мен жазушы ойшылдар.— М. Ә). Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық пиғыл»— деп, осыдан кейін Абай молдаларды өздерінің тілдерімен дәлелдер айтып отырып, әшкереленп, қатты шепен шығады. Содан ары (Толық жинақ, 383-бетте) жалғыз қазақ емес, бүкіл мұсылманшы-

лық ғаламына ауысады. Өздерінің реакциялық қараңғы нанымдарымен елді улатып, шырмап келген үлкен дін басыларға да аяусыз соққы берді.

Мысалы, «Молдалар тұра тұрсын. Хұсусан бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңдар. Олар — фитнәй ғалам (ғаламның бұзықтары.— М. Ә). Бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хүкім шариғатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін өзі әһли тариқат (сопылық жолындағы жандар.— М. Ә.) біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі — мұхал. Бұлар — адам аздырушылар, хатте дінге де залалды. Бұлардың сүйсінгені надандар, сөйлегені жалған, дәлелдері тәспиғы менен сәлделері, онан басқа ешнәрсе жоқ»,— дейді.

Осындай дінмен байланысты діншіл ойларды айтып келіп, Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олары үш нәрсе: надандық, еріншектік, залымдық,— деп атайды.

Өлең шығармаларында адамгершілік, тәрбиелік терең ойларды қозғағанда айтатын қорытынды түйіндерін осы арада тағы келіп табады. Сөйтіп, анық айқын діншілдік үгіт сияқтанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына келіп қосылады.

Ақындық өсиеттері мен қара сөзде көрінген ұстаздық мақсаттар екеуі де осындай тұстарда табысып кеп, үнемі бір сағаға қосыла құйылып жатады.

Осылайша топталып, тексерілген қара сөздердің тақырып бойынша құралатын ендігі бір мол түрі тағы бір топ сөздерде көрінеді. Олар: он бесінші, он жетінші, он сегізінші, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма сегізінші, отызыншы, отыз екінші, отыз төртінші және қырық төртінші сөздер. Бұнда эралуан түрде қайталап келіп отыратын бір тектес тақырыптар бар.

Сол ортақ тақырыптар адамның адамдық қасиеттерін тереді. Үлкен адамгершілік, ақтық, тазалық, азаматтық жөніндегі тәрбиелік ойлар айтылады.

Он бесінші сөзде мораль мәселесін мінез белгілеріне байланыстыра отырып, әрбір жақсы адам боламын де-

ген кісіге өз-өзіне есеп беру, самоанализ, самоотчет жасау қажет екенін айтады.

Он жетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың, ұстаздардың көп айтқан пікіріне жанасатын ой-толғау жүргізеді. Ол — толық сапалы адам болудың шарты, гармоническая личность жайындағы ойлар. Адам жан-жақты, асыл қасиетті болу үшін оның бойындағы қайрат, ақыл, жүрек (сезім.— М. Ә.) үшеуі бірдей болып, тең табыссын деген талап қояды.

Он сегізінші сөзінде және де қысқа қайырып, адамды адам етіп өсіретін, ұлғайтатын ақыл, ғылым, ар, мінез деген ой түйеді.

Жиырма бесінші сөзінде қазақ халқынан қадірлі азамат, қауымға пайдалы қайраткер шығару үшін орыс оқуының ерекше бағасын қадірлеп айтады. Оқушы өзі үшін емес, халқы үшін еңбек ететін адам болсын дейді. Бірақ осы сөзінің ішінде және осыдан бұрын жазылған жиырма екінші сөзінде Абай бірнеше қайшылық пікірлер айтады. Орысша оқып жүрген жастардың ішінде жақсы атаның баласы аз оқыды деп, екіұдай қалдырады. «Жақсы ата» деп Абай тұсындағы жалпы ұғымды алсақ,— жуан атаны ұғынуға да болады. Немесе Абайдың өзіндік сыны бойынша — үлгі берер, жеке жақсы атаны айтты деуге де болады. Қалайда осылай екіұдай түсінік беретіндіктен жиырма бесінші сөздің бағасын біраз әлсіреттетін жәй бар. Жаңағы аталған жиырма екінші сөзде Абай көрсеткен қайшылық бұрынғы өлеңінде де біренсаран жерде ұшырасқан қайшылыққа жалғасады. Ел билеуші адамдардың адамгершіліктен тыс мінездерін сынап, әшкерелеп келе отырып, Абай еңбек байын қостаймын дегендей ойға ауысады.

Көп байдың сорақылық, зиянды қомағайлық, қанаушылық мінез-құлықтарын көп шығармаларында ашып, әшкерелеп келген Абайдың «еңбек байы» дерлік байы қоғам ішінде болмайтындығын ақын айыра алмаған.

Адамгершілік жөніндегі тәрбиелік тақырыпты Абай отыз екінші сөзінде де және қырық төртінші сөзінде де қайталап, толық дәлелдеп өтеді. Бұларда ғылым басқа есеп үшін емес, адамның бас қасиеті өсуі үшін арлы, мінезді толық мағыналы адам болу үшін жәрдем етсін дейді (отыз сегізінші сөз).

Қырық төртінші сөзінде тәрбиелік ойдың тағы бір

шартын адамның басындағы мінезділікпен байланысты талапқа әкеп саяды.

Міне, осылайша топтап тексеру ретінде тақырыптық өзгешеліктерін еске алып отырып, біз Абай жазған қара сөздердің барлығын шолып өттік. Ақынның бұл шығармаларын тексеруде жылма-жыл (хронологиялық) ретпен талдауды қолданбадық. Абайдың лирикасын тексеруде ол әдіс ерекше қажет, шарт болса, мынау үлгідегі шығармаларын талдап ұғынуда поэзия тұсындағыдай сонналық кажет, міндет боп танылған жоқ. Себебі, өлеңде ақынның тақырыптарын қайталап отырса да барлық ақын, шеберлік жаңалық, көркемдік түрлер үнемі өзгеріп, жаңарып отырады.

Ал, қара сөздер түр жағынан, әдебиеттік құрылыс жақтарынан бұндай жыл санап жаңғырып, өзгеріп отырған тың түрлердің тосын үлгілерін бермейді. Сол себепті бұндағы түр, стильдік өзгешеліктерді жалпы қара сөздердің барлығына ортақ қалпымен осы бөлімнің алғашқы кіріспе беттерінде атап өттік. Содан кейін жазушының өзінің де зер салғаны — ой менен мазмұн болғандықтан, қара сөздерді біз әдейі тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерге қарап, жоғарыда өзіміз жіктеген топтар бойынша тексеріп тануды орынды көрдік.

Қорыта келгенде, Абайдың қара сөздері — оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты туған шығармаларды көрдік. Қара сөздердің бағасы — Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. Рас, біздің заманымыз үшін Абай сынап, суреттеп отырған ортаның барлық болмысы, барлық дерті және Абайдың сол ортада отырып, күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары, кейбір ұнысыс ойлары — бәрі де ескірген. Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық орта мен қоғамдық шындықтар мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қара сөздердің арманы мен мазмұны, мұраттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек.

Екінші — Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл

жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар.

Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол — Абайдың осы қара сөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қара сөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді.

Біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихы жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетінде анық бинік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз.

Ақылбай (1861—1904) шығармалары туралы

Ақылбайдың шығармалық еңбектеріне көшуден бұрын, оның өмірі туралы қысқаша деректер айта кетейік. Ақылбай — Абайдың өзінің баласы. Абайдың алғашқы әйелі — Ділдәдан, әкесінің он алты жасында туған.

Алғашқы балалық шағын және жігіттікке жеткен кезін Ақылбай өз әкесінің үйінде өткізбейді. Үлкен әкесі — Құнанбайдың кенже баласы атанып, оның төртінші, әйелі, ең соңғы тоқалы — Нұрғанымның қолында өседі.

Осындай тәрбиелік жағдайының есебінен Ақылбай Абайға көбінше іні есебінде қарап өскен. Абайдың анық ұлғайып, үлкен білім иесі, атақты ақын болған кезінде ғана Ақылбай оның өз тәрбиесіне ауысады. Бірақ жас кезі, жігіттік шағы Абайдай әкеден аулақта өткендіктен, Ақылбай орысша оқи алмай қалған. Оның оқу-білімі, ауылда оқыған мұсылманша, ескіше оқудың орташа дәрежесі болады.

Бертінде Абайдың ақындығын танып оның мәжілісі, өсиеті көп әсер еткен соң, Ақылбай өз бойындағы ақындық күшін жарыққа шығара бастайды.

Әуелгі кездерде, қысқа өлеңдермен өз өнерін байқатып жүріп, кейін бірнеше үлкен поэма жазады. Ақылбай Абайдың ортасына араласқан соң ән-күй, музыка өнеріне көп ден қояды. Ол ірі домбырашы және скрипкашы болған. Соның үстіне композиторлық талантын танытқан-

дай, әдемі бір ән шығарғаны да бар. Әнді Әлмағамбет деген жас әншінің сұрауы бойынша шығарады. Әлмағамбет Ақылбайдың ерекше талантты адам екенін танытарлық белгі болғандықтан, біз сол әннің өлеңін келтірейік:

Бір ән тауып Әлекең бер деген соң,
Матайды алыс бірталай жер деген соң.
Он минутте ойыма осы ән түсті,
Қапаш-құпаш қолымды сермеген соң.

Ішік кидім бұлғыннан құндыз жаға,
Жас дәуренді өткіздім бермей баға.
«Ақылжан» деп талай қыз тұрушы еді,
Сұмдық шықты дейтұғын «Ақыл-аға»,—

деген.

Бұл мысалы Ақылбайдың әнші ақын болғандай өнерін көрсетсе, біз оның поэмалар шығарарлық өнері болғандығын да айттық. Ақылбайдың жазып шығарған үш поэмасы болған. Алғашқысы «Жаррах» деген поэма, бұның тақырыбын шығыс әңгімесі —«Жеті үй» дейтін ұзақ ертегіден алған.

Екінші поэмасы —«Дағыстан».

Үшіншісі — Африкадағы зұлыстар тірлігінен алынған үлкен поэма «Зұлыс» еді. Бірақ «Жаррах» поэмасы мүлде жоғылып кеткен. «Зұлыстың» бас жағы ғана сақталып қалып, барлық поэма және де жалғыз сақталған қолжазба өртенумен жоғалып кетті.

Біздің қолымызда енді қалған Ақылбайдың жалғыз поэмасы — белгілі «Дағыстан».

Поэмаларын Ақылбай өз өмірінің соңғы кездерінде шығарған. Ақындық талантын ірі үлгілермен кесек еңбек тудырып, таныта бастаған Ақылбай өзінің ақындық өнерінің жаңа өрлеп келе жатқан кезінде қайтыс болады. Ол 1904 жылы әкесі Абай қаза болғаннан кейін соның қырқын Семей қаласына жұрт жиып беріп болған түні, әкесінен соң қырық күн ғана өмір сүріп, өзі де қайтыс болады.

Енді біз Ақылбайдың «Дағыстан» атты поэмасын тексеріп өтейік.

Бұл поэма Қавказдағы Дағыстанда болған бір тартыс әрекеттерді баян етеді. Ақылбай осы шығармада өзі қазақ ақыны бола тұрып, тақырыпты қазақ тіршілігінен ұзап барып, өзге ел тұрмысынан алып жазады. Абайдың антик дәуірінен «Ескендір» тақырыбын, араб ескілігінен

«Масғұт» тақырыбын алып, ұлттық шеңберден кеңірек өріс іздеген дәстүрін танытады.

Ақылбай өз поэмасының басында Қавказ тауын баян етеді. Лермонтовтан Абай жасаған аудармада «Арыстанның жалындай бұйра толқын бар» Терек аталған еді. Ақылбай сол Терек өзеніне ақынша сөз тастайды:

Қазақтың Каф дегені Кавказ серек,
Құдайым сұлу биік еткен ерек.
Ақырып айдаһардай жүз толғанып,
Тасты ағызып, тау жарған долы
Терек,—

деп бастайды.

Солайша, өз поэмасының оқиғасы жүретін географиялық ортаны атап алған соң, дәл Дағыстанның елін мінездеп жырлайды. Олар қатал ерлігі бар, ашушаң, суық мінезді жұрт болып сипатталады. Ызада кекшіл, қатал, қанжар жұмсағыш мінездерімен Дағыстан елінің қазақтан басқаша екені айтылады.

...Сөйлейін сол таудағы Дағыстаннан,
Жауыменен жалығу жок шабысканнан.
Күні бүгін іркіліп көрген емес,
Бір сөзге қанжар алып қағысканнан...

Сода кейін ақын Қавказдың таң атып келе жатқан көрінісін суреттейді. Оянған табиғаттың алғашқы үншіжаршысы құмыр бұлбұл сайрап, скрипканың квинтасындай жіңішке нәзік күй толғантқанын сипаттайды. Динамикалық суретпен өндімелі күйде баян етілген көрініс ішінде атыраптың әр алуан суретін атайды. Сол қатарда Дағыстанның жарымы ойран болған таулық қалалары ақынның көзіне түседі. Осы арада Ақылбай өз шығармасында алып отырған әдебиеттік үлгісін тамаша қымбат бағалы жолдармен таныта кетеді.

...Сөкпе калса сөзімнің шалалары,
Кітапта жазған орыс даналары.
Бұрын неше соғыста ойран болған,
Көрінді Дағыстанның қалалары,—

дейді.

Бұл жолдар Ақылбайдың әдебиетте қадірлеген ұстаздары кім екенін аңғартады. Ақылбай да Абайдың өзінше, орыс жазушыларын ерекше қадірлеп сүйеді. Зама-

нындағы оқушыларға орыстан дәстүр, үлгі алып отырғанын әдейі батыл әңгімелейді. Оларды және тек адамдар демей, «даналары» деп, өзгеше қадір тұтынғанын жариялай келеді.

Ақылбайдың суретшілігінде, өзгеше бір өндімелі кеңдік пен үйлескен, анық дәлдік бар. Әуелі таңды, одан тауды, содан ары қалаларды оқушы көзіне біртіндеп көрсетіп кеп, ақыры бір қаланың ішінде, бір «хананың» есік алдына көз тоқтатады. Оқиға да осы арадан туып дамып кете барады.

Сюжет құрылысында Ақылбайдың бұл поэмасы анық орыс классик поэзиясындағы қызықты оқиға туғызу дәстүрін шебер түрде жалғастырған. Поэманың басында қайғылы Жүсіп карт көрінеді. Оның жүзінде жас:

...Жуан, қалың білектей бурыл мұртқа,
Домалап улы жасы барып жеткен...

Қарттың жүзі жасқа, жүрегі қазалы өкінішке толған. Болашақ геройының осы халін сәл баяндап, ақын әңгімені бұл арадан үзеді де, енді осы карт Жүсіптің дәл жанағы қайғыға неден түскенін баяндауға ауысады. Содан ары поэманың барлық оқиға тартыстары дағдылы жолмен өрбиді де, ең ақырында барып, кезегімен дамып келген оқиға жанағы поэманың басында қайғылы жаспен отырған Жүсіптің өзіне оралып кеп аяқтайды.

«Дағыстан» поэмасы адам образын көрсетуде, қызық оқиғалы тартыс түйіндерін туғызуда өте шебер қалыптанған. Бұнда Жүсіптің жас жігіт кезінен басталатын бір тартыс бар. Оның есебі қызғаныш болатын. Жүсіп қызғаныштың үстінде жазықсыз жақсы жігіт, ер, мерген Ыбырайымды қапыда өлтірген. Ыбырайымның шешесі де баласының қазасынан қиналумен өледі. Бірақ, Жүсіпті қарғап өледі. Содай кейін ұзақ мезгіл өтеді. Жүсіп үйленіп, одан бес ұл туады. Және сол бес ұлдың ортасындағы жалғыз гүлі — Зайра сұлу өседі. Осылайша, Жүсіп тірлігі толықсып, бағына жеткен шағында баяғы өлген кемпірдің қарғысы енді келе бастайды.

Содан поэманың ішінде қызық әңгіменленген тартыстар арқылы Жүсіптің бес ұлы қаза болады. Ең соңында Жүсіптің қан кегін қуған қызғанышы арқылы қызы Зайра және өлімші болып жатады.

Сол ең соңғы қалған жалғыз нәсілінің өлім шағында, Жүсіп кешірім сұраған. Бірақ, махаббаты үшін шерле-

ніп, өлім халіне жеткен Зайра әкесіне кешпей жатыр. Поэманың басында қайғылы Жүсіптің өкінішпен жылап отырған себебі осы еді.

Бұл шығарма — анық өмірлік романтика үлгісінде жазылған. Бұрын қазақ поэзиясында үлгісі болмаған, өзгеше шығарма. Романтика тартыс оқиғаларға араласқан адамдардың мінездерінен, іс-әрекеттерінен айқын көрінеді. Ол стильдің ерекшелігі — адамдағы белгілі бір сезімді, мысалы, қызғаныш, кек, махаббат сияқты күйлерді алады да соларды аса зорайтып жырлайды.

Байронның шығыстық поэмаларында, Пушкин мен Лермонтовтың оңтүстік елдерінің аңыздары мен тарихтарынан тақырып алған поэмаларында жиі ұшырайтын қызық оқиғалы тартыс сол жаңағыдай жеке бір-бір ғана сезімге түгел құлап, беріліп кеткен геройларды көрсетеді.

Ақылбай поэмасында қызғаныш пен кекке бар жаратылысын бағындырған мінез-әрекетін тек сол сезімдер арқылы ғана көрсеткен Жүсіп бар. Махаббатқа бар өмір тілегін табындырған, бағыштаған Зайра мен Жәбірейіл бар.

Сюжеттік құрылыс пен суреттік идеяларының өзгешеліктері «Дағыстан» поэмасында анық мәдениетті романтикалық поэмалардың қалпынан аумай, бар талабына сай шыққан.

Бірақ, осымен қатар ақынның санасында шығыстық немесе жалпы дінге нанған адамдардың бәрінде болатын бұлдырға нанғыштық, суевериеге бой ұрғандық айқын көрінеді.

Поэманың құрылыс заңы бойынша әрбір, жоғарыда аталған, сезімдерді кейде шындыққа сай келген-келмегеніне қарамай әсірелеп, өсіріп, романтизмге түгел беріліп отырған ақын осы қатарда жаңағы бұлдыр нанымға да барынша көп орын береді. Ол наным бойынша қарғыс адамды құтқармайды, анық орынды қарғыс қылмысты адамды бір таппай қоймайды, тағдыры оны тосады деген ұғымды берген.

Сөйтіп, нанымның идеясында адамдағы қызғаныш, кекшілдік, әділетсіз сотқарлық сияқты бұзық мінездерді сынаумен қатар және айыпсыз таза сұлу махаббатты барынша қостаумен қатар жаңағыдай қарғыс деген наным жүреді. Жаңа үлгілі поэмасын Ақылбай өз заманының діндік суевериелік ұғым, нанымдарымен әсірелеп алған.

Жалпы стиль мен түр өзгешеліктеріне қарағанда, бұл поэма турасында айтыла кететін бір ерекшелік, жоғарыда айтылған, романтикалық мазмұнына өте қонымды, қабысып жатқан теңеулер, сөздіктер, ақындық сипаттаулар бар. Ол жағынан да реалдық Қавказды алып, сондағы нақтылы елдің арнаулы жер мекенін, адам бейнелерін алып отырса да теңеулер, сипаттаулар ішінде көтере көріктеу, асыра сипаттау мысалдары көп кездеседі.

Осымен «Дағыстан» поэмасы ұлы ақын Абайдың өзі жазбаған соны түрдегі шығарма болады. Басталу негізінде, үлгі алуда, орыс классик әдебиетіне Абайдың барғанындай Ақылбай да барады. Бірақ, Абай орыстың анық классиктік қасиет пен сананы танытқан реалистік ұлы дәстүрін өзіне үлгі етіп алса, бұның мектебінен шыққан мына жас ақын орыстың романтикалық стиліне көбірек еліктеген болады.

Ақылбайдың үшінші поэмасы —«Зұлыс» еді.

Ол поэма түгел сақталмай жоғалып кетті дедік. Бірақ алғашқы кіріспе бөлімі Ақылбайдың талантына сай көркемдіктерді танытып, біраз адамдардың жадында сақталып қалған екен. Солардың ауызша айтуынан жаңағы кіріспе бөлімі 1921—1922 жылдарда қайтадан хатқа түсіріліп, 1924 жылы «Сана» журналының екінші санында жарияланды. Жоғалып кеткен поэманың ол жарияланғаны тек кіріспе жағы болған соң, бар поэманың тым құрыса сюжеті де білінбей, мәлімсіз кетіп барады. Мен поэманы түгел оқымасам да жас шәкірт шағымда «Зұлыстың» әңгімесін естіген едім. Ақылбай шығармасына арналған осы жолғы алғашқы бір еңбекте сол «Зұлыстың» оқиғасын қысқаша айтып өтуім қажет деп білемін.

«Зұлыс» әңгімесі Генри дейтін адамның әңгімесінен басталады. Ол өзінің жалғыз інісімен өкпелескен де, сол өкпе арқылы інісінен айрылған адам. Еміс хабар бойынша інісі Зұлыстарға өтіп кетіпті деген сыбыс есітіпті. Енді сол інісін іздеп табу үшін Зұлыс тауын асып, ақ жұрттың адамдары бұрын бармаған зәңгілердің арасына сапар шекпекші.

Қасына жолдас етіп Зұлыс тауында мергендікпен өмір кешкен Гвартерман дейтін атақты аңшыны жалдап алады. Гут деген бір жолдасы тағы болады. Бұлар жүргелі тұрғанда «Зұлыс еліне мен де барушы ем»— деп, бір жас зәңгі, батыр денелі Омпапа деген жігіт келеді. Ол

жігіт бұрын бала күнінде зәңгілерден зорлықпен ақ жұрттың адамдары кепілге алып кеткен жан болады. Қазір ақ жұрт ішінде өсіп, ержетіп болған соң өзінің елі-жұртын, ата-мекенін таппақшы.

Үшеуі жолдас боп жүруге беттеген соң қастарына таулық қыстақтан бір пысық, өжет баланы ертіп алады. Бірақ, жолшыбай төртеуі пілдердің ойнағына кездеседі. Бәрі бірігіп бір пілмен амалсыз алысады. Сонда жаңағы бала қатты ерлік көрсетіп жүріп, пілдің тұмсығына ілініп қалады да, қаза табады.

Қалған үшеуі қалың бейнетпен ұзақ жол кешіп, Зұлыстың адам баласы баспаған, қарлы биік асқарынан асады. Зұлыстың сол қарлы, мәңгілі бір асқарын Ақылбай былай сипаттайды:

...Зор Зұлыс, содыр Зұлыс түсі суық,
Басына жан бармаған оның жуық.
Күн ашықта көрінер жалтыр тасы,
Ақ боран көк ала бас, басын жуып...

Осындай ерекше көркем күшті сурет береді.

Ақыры бірталай мезгіл өткен соң жолаушылар Зұлыстың еліне жетеді. Ол ел дәрімен атылатын мылтық дегенді көрмеген болады. Бірақ, ақ жұрттың адамдарын жат көріп, өздеріне қас санайды. Бұларды өлтірмек ниетке де бекінеді. Сонда Гут «мен қарғаймын, қарғаганым өледі»,— дейді. Бір топ зәңгінің біреуін атып өлтіреді. Өздерін жер адамы емес, айдан түскен етіп танытады. Зәңгілер бұлардың сиқыр күші бар деп сескене бастайды. Бірақ, зәңгінің әміршісі жауыз Твала әкім екен. Ол халқын қан қақсатып, қысып тұрған адам. Омпапа біртіндеп сөйлесіп, өз халқының кейбір адамдарымен ұғыса бастайды.

Бұның өзін білетін қарттар табылады. Анығында Омпапа осы зұлыстың бұрынғы жақсы әкімінің баласы екен. Қазіргі әкім Твала сол Омпапаның әкесін өлтіріп, орнын тартып алған, тұқымын құртып жіберген дұспаны боп шығады.

Осы Тваланың ақылшысы, аяр кемпір Гаула деген бар. Жолаушылардың сырын, жайын Твала мен Гаула естігенде бұларға қарсы қатты жауығады. Бар зәңгілерді жиып алып, солардың көзінше Генрилерді сынамақ, әшкерелемек болады. Мезгіл кеш. Қалың ел жолаушыларды қоршап тұрғанда зәңгінің әкімі «әулиелікті көрсетіңдер»

деп, бұларға шарт қояды. Сонда Гут «әулиелігім сол, қазір аспандағы айды ұрлаймын»,— дейді.

Календарь бойынша, сол кеш айдың тұтылатын кезі екен. Гуттің айтқанындай, біразда ай тұтылып, барлық зәңгі сажда ғып, мыналарға табына бастайды. Бірақ Гаула кемпір жұртты қайта толқытады. «Ай тұтылу әр кезде болатын. Ол адам ұрлайтын зат емес»,— деп бұларға қайта сын қояды. Әкімі менен Гаула: «Шын қасиеттерің болса, анау тұрған өгізді қарғап өлтір»,— деп бір үлкен өгізді нұсқайды.

Гут өгізді атып өлтіреді. Осыдан кейін зәңгілердің көпшілігі бұларға мүлде табынады. Омпапа сол халмен пайдаланып, жауыз әкімді өлтіреді де, өзінің кім екенін жариялайды.

Сөйтіп, Омпапа әкім болады.

Гауланы дұспан санап, өлтірмекші болғанда Генри одан інісінің жөнін сұрайды. Қарт зәңгілер мен Гаула бұрын бір адамның келіп, бір үңгірдегі тылсыммен бекітілген қазынаны іздеп кеткенін айтады. Басқа дерек білмейді.

Сонда Генри мен Гвартерман Гауланы ертіп, сол тылсым буған қазыналы үңгірге сапар шегеді. Онда барғанда, Гаула бұларды бір тесіктен үлкен үңгірге түсіріп жіберіп, өзі тас қамауды тарс жауып, қашып кетеді.

Генрилер үңгір ішінде көп бейнет көріп жүріп, зорға дегенде, бір жол тауып шығады. Үңгір ішінде бастарына күн туған шақта бұлар асыл тастар қазынасына кездесіп, бірер кесектерін ғана алған болады. Олары таза гауһар екен дейді.

Інісін таба алмай, қайта оралып, Омпапаға Генрилер жеткен соң бұлар еліне қайтуды мақсат етеді. Омпапа «ақ жұрт зорлықшыл, біздің елімізге қастан ойы көп, жол таба алмағандықтан ғана мұнда жете алмай жүр. Сендерді жолдастық қарызым үшін жерлеріне жеткізіп саламын. Бірақ, басшы берем, олар көздеріңді таңып ертеді де, асудан асырады»,— дейді. Сөйтіп, айтқандай, Генри мен Гвартерманды Зұлыстан асырып, етекке түсіріп қоя береді. «Зұлыс» поэмасының оқиғасы осымен бітеді.

Тақырып, сюжет жақтарынан қарағанда, бұндағы әңгіме XIX ғасырда, Батыс Европа әдебиетінде көп үлгілер туғызған жиһанкездік және отарлық тақырыптың романдарына (колониальный роман) ұқсайды. Соларда кезде-

сетін жабайы елдер болмысына байланысты шындықтар бұл поэмада да айқын танылады. Және сол шығармаларға тиісті болған фантастикалық, жарым ертегілік элементтер де «Зұлыстың» ішінде араласып отырады. Ақылбай ол мотивтерді қызық детектив сюжет құру үшін шебер пайдаланады. Негізгі әңгімелік желісіне қарағанда, бұл поэманың ең жақындасатын романы Хаггарттың «Копи царя Соломона» деген шығармасы. Ол ағылшынның отаршыл санадағы жазушысы болатын. Бірақ, Ақылбай сол тақырыпты көп өзгертіп, өзінше жаңғыртып алған болу керек. Бұның айқын белгісі ақ жүрттан да әлдеқайда қасиетті және адамшылығы зор етіп сипатталған Омпападан көрінеді. Ақылбай шығармасындағы ең артық образ — сол Омпапа образы. Ол Европа отаршыларына ашық, программдық қарсылық көрсетуші, өз отанының басшы қайраткері боп кейіптеледі. Мұнымен Ақылбай Хаггарттың отаршылдық санадағы романын материал жағынан ғана пайдаланып, салт-саналық жағынан өзгеше жазғанын көрсетеді.

«Зұлыс»— Ақылбайдың аса қою оқиғалы роман-поэма түрінде жазылған үлкен көлемді шығармасы еді. Сол ұзақтық себебінен алғаш жазылып шыққан жылында ұқыпты көшірушінің қолына кездеспеген. Жас оқушы Ақылбай қасындағы жігіттер ақынның қолжазбасын біреуінен біреуі ауыстырып, қыдыртып жүріп, көшіріп алуға еңбек етпеген.

Қарындашпен жазылған жалғыз қолжазбасын Ақылбай өзі де қайтадан көшіруге үлгірмей қалады. Бұл поэма оның өзі қайтыс болардың алдында соңғы жылдарында ғана жазылса керек. Ол кезде інісі Мағаштың қатты науқасы, оның қаза болуы және әкесі Абайдың қайтыс болуы — барлығы қат-қабаттап, Ақылбай өз поэмасын тарата алмай кетеді.

Жалғыз қолжазбаның өзі де кейін 1918 жылы өртеніп, өкінішті түрде із-тозсыз жоқ болады.

Мағауияның (1870—1904) шығармалары

Мағауия — Абайдың жиырма бес жасында, Ділдәдан туған кенже баласы. Жас шағында Абай бұны, ауылда мұсылманша аз оқытқаннан кейін қалаға апарып, Семейдегі Городское училище дейтін орысша мектепке түсіреді. Мағауияның алдында орысша оқуға берген ағасы

Әбдірахман Түмен қаласында оқып жүреді. Мағауиямен бірге Абай Күлбәдан деген қызын да орысша оқуға береді. Мағауия екі-үш жыл оқығаннан кейін жұқарып, науқасқа шалдыға бастайды. Содан амалсыздан оқуды тоқтатып, ауылға қайтады. Осыдан соң, үнемі, Абайдың өз қасынан қалмай, әкенің өз тәрбиесінде болады.

Бұның жастық шақтарында Абай орысша кітап оқуға барынша еңсесін беріп, өздігінен мол ізденеді. Сонда Абаймен ілесе Мағауия мен Қәкітай екеуі де орысша кітапты Абайша қатты зер салып оқиды. Жаз сайын келіп жүретін Әбдірахманның да оларға көмегі көп болады.

Сонымен, Мағауия оқымысты жастың бірі болады. Ол әкесіне ел жұмысында да үлкен серіктік етеді. Ерекше адамгершілік тазалығы бар, өте бауырмал және кең мінезді, әділеті мен ары зор, ерекше қасиет иесі адам болады. Ел көпшілігі Абайдың билігімен қатар бертін кездерде Мағауияның әділ көмегін де көп көреді.

Әкесінің ақындық еңбегін аса қадірлеп, жақсы білген, ұғынған Мағауия өзі де Ақылбай, Көкпай сияқты ақындық еңбекке беріледі. Бұның жазған ұсақ өлеңдері Әбдірахманның науқасына байланысты көңіл-шері есебінде, өз орталарына аса мәлім болады. Сонымен қатар Мағауия Абайдың мәслихатымен және материал беруімен пайдаланып, бірнеше поэма жазады. Ол жазған поэмалар: «Еңлік — Кебек», «Абылай» және «Медғат — Қасым».

«Еңлік — Кебек», «Абылай» поэмалары қолжазба күйде сақталса да, оқушыларға тарамаған. Бірақ Абай өленін көшірушілердің кей қолжазбаларында ертеден араласа жүретін.

Мағауияның ең көлемді және көркем поэмасы — «Медғат — Қасым» болғандықтан, оның ақындық ерекшелігін, анық айқын көрсететін осы «Медғат — Қасым» поэмасына тоқтаймыз.

«Медғат — Қасым» поэмасының тақырыбы да қазақтан жырақ, алыс елдер өмірінен алынған. Ақылбай ізденген жолменен тың тақырып, мазмұнды Мағауия да Африка елінің болмысынан алады:

Бір әңгіме қозғайын ойымдағы,
Мақсат болды әшкере болынбағы.
Бай мейірсіз ер құлдан саза тартқан,
Африкада, Ніл дария бойыидағы.—»

деп сөз бастайды. Поэмадағы тартысқа араласатын адамдарының жайын да әңгіменің басынан-ақ таныстыра кіріседі.

Мейірімсіз байдың ер құлдан саза тартқанын әңгіме етемін деп, ақын өз тақырыбының айшығын танытады. Осыдан соң оқиғаның болатын географиялық ортасын білдіріп Африканы, Ніл дариясының жағасын, оның айналасында тоғам алып кәсіп еткен Мұрат бай жайын әңгімелейді. Осылайша, поэма тақырыбын оқушыға алдын-ала таныс ете көрсету үшін шығыс әңгімесінің үлгісі емес, Ақылбайдың Қавказ тауын, Дағыстан жерін, соғыста ойран болған қалаларын суреттеуден бастап өз геройына біртіндеп, белгілі бір күнге, арнаулы бір мезетте, ерте, сәскеде көз салатыны сияқты.

Мағауия да «Медғат — Қасым» поэмасында жаңағыдай жер мекендерін айтып, ол өлкеде кәсіп еткен адам қауымдарын айтып, өте дәл реалистік шындық көрсетеді.

Абайдың өзі сияқты, бұл ақындар да Европа және орыс классик поэзиясының дәстүрінен үлгі алған. Ол дәстүр көбінесе конкрет түрдегі дәлдікті, нақтылы шын халді сүйеді. Шығыс әңгімесі болса, бір айтылса болады, одан ары өмірлік дәлдік ескертілмейді.

Мағауия тек бұл айтқан жайда ғана емес, поэмасының кейін көрінетін барлық құрылыс, стилі мен сюжеттік, образдық мәдениет өрнегімен және қазақ поэмасына кіргізген көркемдік жаңаша шеберліктері мен орыс поэмаларынан көп үлгі алғанын айқын танытады.

Бұнда Пушкиннің түстік поэмалары «Бақша-сарай фонтаны», «Қавказ тұтқыны», «Сығандар» бір еске түссе, Лермонтовтың «Измаил-Бей», «Ауыл Бастунжи», «Ашик-Кериб» және Байронның шығыстық поэмалары — бәрі де «Медғат — Қасым» поэмасынан өз туыстарын, жақын жолдағы жаңа бір үлгілерін көргендей болады.

«Медғат — Қасым» поэмасы да өмірлік шындықтан туған романтизм сарынындағы поэма. Бірақ негізгі стилі романтикалық бола тұрса да, бұл поэманың реалистік шындықпен өмірге жанасымды, қонымды берген тартыстары, мінездері (характерлері) дәлелді көркемдікке сүйенген. Романтизм негізгі сарыны дайтініміз бұл поэманың үлкен желілері және де бір-екі сезіммен түйілген геройлардың іс-әрекетінен туады. Ол сезімдер бұл поэмада да геройларды өздеріне нық бағындырады. Ішкі дүниелерін, сөз ойларын, мінез-қиялдарын және тартыс

армандарын бір араға түйеді. Сондай жалғыз сезімге түгел берілген адамның бірі, поэманың бас геройы — Қасым.

Бұны бастаған сезімнің аты — кек.

Екінші сезім поэманың ішіне кірген екінші сгіз тақырыпты билейді. Ол тақырып бойынша әрекет ететін адамдар да бір-ақ сезімге түгел бой ұрған. Бұндағы сезім — махаббат.

Ол — Сәлім мен Ғазизаның арасында болатын халдердің арқауы боп таратылады. Бас герой Қасымды кекке айдаған себеп не? Поэманың алғашқы жағы осы жайды баян етуге арналған.

Заты зәңгі, Қасым деген жас жігіт Мұрат дейтін байдың сіңісті құлы болады. Ніл дариясы бойында тоғам алып, көп мүлік, құлдар жиып, плантаторлық ететін Мұрат байдың өжет, өткір құлдарының бірі сол Қасым жаңағы байдың асырап алған қызы — Мәрияға ғашық болады. Сол сырын бір күні қызға жігіт ашқан шақта, қыз оны менсінбей ашуланады. Бұның арын қорлағандай сөздер айтады. Жігіт реніш білдіргенде, қыз Қасымның мінезін Мұрат байдың баласы Медғатқа айтады. Медғат пен қыз жақын екен. Ал Медғат әкесінен де қатал, барлық құлға рахымсыз, жауыз мінезді мырза болады.

Ол Қасымды қатты жазаға ұшыратып, Мәрия қыздың көзінше қинауға салады. Азаптан талып, өлімші болған Қасым үш күндей үнсіз, нәрсіз жатып алады. Төртінші күні із-тоз қалдырмай қашып жоғалады. Бірақ кетерінде Мәрияны өлтіріп кетеді. Осыдан кейін әңгіме мезгілі үзіліп, бірнеше жыл өткен соңғы хал баян етіледі. Медғат морттық істеп, байдың мүлкін шашады. Бай банкрот болып, сынады. Мүліктері мен құлдарын сатып, енді Африкадағы Занзибарға көшпекші болады. Аз керуен болып сапарға шығуға әзірленгенде, бұларға жолбасшы болуға бір зәңгі келіп жалданады. Ол Обаға деген кісі.

Кейін осы керуен жол үстінде бір елсіз өлкеге келіп, түнеп жатады. Кеш мезгілінде, жақындағы зәңгілер таудың бөктерімен жиырма атты жолбасарлар жортып келе жатқан болады. Бұлардың атырапқа қаһарлы атағы шыққан атаманы бар. Оның аты — Сарбастық. Ақын бұл топтың іс-міпездерін таныта сөйлегенде, оларды тек қанішер, кісі өлтірушілер демейді. Бұл — Байрон, Шиллер, Пушкин шығармаларында келетін благородный разбойник тәріздес адам. Карл Моор, Дубровскийлер

сияқты Сарбастықтың тобы да байларға рақымсыз, кедей атаулыға үнемі жәрдем, жақсылық етіп жүретін топ болады.

...Әсіресе байларға рахым етпес,
Ағаш толы зәңгінің бәрі ниеттес,
Сорлы болған жандарға, тағы әдеті,
Бір жақсылық қылады естен кетпес,—

деп, Мағауия да өзінің жаңа герой атаманын жәй ұры емес, қоғамдық сыры бар, бөлек сынды жан етіп сыпаттайды. Жаңағы түнде Сарбастыққа Мұраттың керуенін бастап келе жатқан зәңгі Обаға жасырын келеді. Атаман хабарды біліп алып, барлық тобымен керуенге сол түнде шабуыл жасайды. Мұрат бай өледі, Медғатты атаман өзі өз қолымен байлап алады. Осы атаман баяғы Қасым боп шығады.

Керуенді бар мүліктерімен, барлық жандарымен өздерінің жатағына әкелген соң зәңгілер ішкілікке салынады. Тұтқындар байлаулы, кісендеулі тұрады. Осыдан соң поэманың екінші тақырыбы араласады.

Сәлім деген аңшы жігіт өзінің мерген жолдасы Халитпен сол түнде от басында ас әзірлеп отырып сырласады. Сонда Сәлім өзін ел-жұртынан қаңғыртып шығарған қайғы-шерін айтады. Онысы — асықтық екен. Бұл Мұрат дейтін байдың Ғазиза атты қызына ғашық болған. Қыз да сондай сүйген екен. Бірақ Мұрат бай Сәлімді кедейсініп, қызын бермепті. Сүйгеніне қосыла алмаған жігіт ыза менен қайғыдан қамырық шегіп, елден безіп, осылай аңшы боп кетіпті.

Дәл осы әңгіменің үстінде олар түн ішінде жүгіріп келе жатқан адамның дабырын естиді. Екеуі қарсы жүгіріп, есі шыққан бір жанды ұстап алады. Ол жаңағы Мұраттың керуеніне қашып шығып келе жатқан қызметшісінің бірі екен. Мұраттың өлгенін, керуеннің таланғанын білдірумен қатар, сол адам Ғазизаның да жайын атайды. Сәлімнің ғашығы Ғазиза керуеннің ішінде екен. Зәңгілер оны да тұтқын ғып әкетіпті.

Осы хабарды есітіп Сәлім қаруына ұмтылып, қазір алыспаққа асығады. Бірақ Халит оны ақылменен тоқтатады. Екеуі түні бойы осы атыраптағы аңшыны жиып алып Сарбастық атаманның қапыда жатқан қолына шабуыл жасайды. Атаманның өзінен басқа жолдастарының бәрі қирай мас. Олар соғыса алмай қаза табады. Қасым бөлек шатырда жатып, жаңағы жайды біліп, оян-

ғанда, арғымағына мініп қаша береді. Бірақ шатырының қасында байлаулы тұрған Ғазизаны ала қашады.

Сәлім атаманның соңына түсіп қуады. Ғазизаны танып қалып, «құтқарамын қорықпа» деп айғайлайды. Бұның алдында Ғазиза мен Қасым сөйлескен болатын. Атаман Ғазизаға достық етуді серт қылған еді.

Қазір Ғазиза сол жайды айтып, Қасымды тоқтатпақ болады. Бірақ Қасым «өз қолымнан беремін, тартып алмайды»,— дейді.

Сонымен, Сәлімді тосып, атаман тоқтай бергенде, Сәлім оны атпақ боп мылтығын көтереді. Сонда Қасым Сәлімнің мылтығын құндағынан атып үзеді де күліп тосып алады.

Кейін Сәлімге Ғазизаны қосады. Әңгіме Қасымның бір кезде кекті болған қатал жауыз бай мырзасынан әділ кегін алумен бітеді.

Міне, «Медғат — Қасым» — сюжеттік желісі осындай тартысқа толы, терең мағыналы болып құралған. Кейін шыққан шығармалардың ішінде осы «Медғат — Қасымнан» көркемдігі және әсіресе идеясы, ойы зор еңбек жоқ деп айтуға болады.

Бұнда Мағауия үлкен ізденгіштік, ағартушылық және қоғамдық озғын идеялы, ірі мәдениеттілікпен жақсы үйлестірген. Қасымның кек алу жолында істеген мінездері өмір шындығында анық үйлеседі. Шығарманың адам мінезіне байланысты негізгі тақырыбы, идеясы осы болғанда, бұл бір Қасымның басының ісі емес. Поэмадағы осы жөндегі тартыста үлкен обобщениелік қасиет бар.

Қасымның кегі арқылы дүние жүзіндегі осы алуандас жағдайда қаналып жүрген жазықсыз және үлкен қайраты бар, ары зор, намысы күшті еңбек адамдарының бәрінің жоғын жоқтаған идеяны танытады. Бай менен қанаушы құлдың, еңбекшінің арасындағы бітімсіз қайшылық бұнда таптық қарсылық, қайшылық дәрежесіне анық жеткізе суреттелген.

Қасымның образында Мағауия терең ойлылық пен сыншыл реализмді шебер түрде таратқан жазушы болады. Геройдың мінезі мен сезімдерінде, барлық қауіпсіз істерінде, оның үлкен қасиет иесі, үлгілі жан екені асқан шеберлікпен суреттелген. Мағауия Қасымды өз сөзімен дәріптемей, оның өз іс-мінездерін суреттеу арқылы кесек табысқа жетеді.

Және алған ортасы, заманы, мінез тартыстары жағынан қарағанда Қасымның істері өмір шындығынан шет жайылмайды. Бұны романтизмге бөленген поэмада бір-ақ сезім, бір-ақ арманға түгел төндіріп отырса да, Мағауия сол сезім әрекетін шындықпен қабыстыра біледі. Өмірлік романтика үнемі иландырып отырып өрбиді. Оның жауы болған Медғаттың және Мұрат байдың мінез-қылықтарын да ақын орнымен қонымды етіп суреттеген. Ғазиза мен Сәлім арасындағы ғашықтық сыры геройдың әңгімелеуі арқылы берілсе де поэмада өзінше өте көркем, келісті болып шығады. Бұл жай шығарманың екінші, қосалқы тақырыбы бола тұрса да барлық поэмаға өзінше бір көрікті, әсерлі сәуле төккендей. Екі жастың ғашықтығы, көпшілік оқушыға үлгі болсын деген мақсатты ойлаған ақын, романтизм стиліне лайықты жолмен, олар басындағы ынты-зарлық күйді ұлғайтып берген.

Бірақ жалғыз ғана осы махаббат арқылы ашылатын екі жастың мінез, сезім әрекеттерінде өз ортасының, заманының шындығынан шалғай кеткен жасандылық қосылмайды.

Осылайша анық көркем поэзияның үлкен үлгісін шебер танытқан Мағауия өлең, теңеу, сөздік жағынан да өз шығармасының төркін-тегін, жеке реальностармен жақсы аңғартып отырады. Оқушы бұл шығарманы жазған адам анық оқымысты, білікті ақын екенін поэманың ішкі-сыртқы мазмұны, жалпы стилі, тілі сияқты үлкенді кішілі элементтерінің барлығынан толық тани алады.

Ақындық мектеп тек ұстаз ақынның өзі тапқан жол, жаңалықты қайталап қана қойса, ол аз болар еді. Абай берген бағыт бойынша ізденген шәкірт ақын Мағауия осы шығармасында Абайдың өзі жазбаған анық сюжетті поэманы туғызады.

Ақылбай мен екеуі де, романтикалық поэманың стилін қазақ әдебиетіне әкеліп кіргізгенде, анық соны, жаңа, жақсы ағым әкеп қосты деу керек.

Сонда Ақылбай шығармасында идея жағынан, жоғарыда біз айтқандай, кемшін қайшылық болса, Мағауия өз шығармасында бұл жөнде де ілгерілеп түсіп, анық бағалы табыс әкеледі. Егер, сол Абай, Мағауиялар уақытында қазақтың баспасөзі болып, сыншылық, зерттеушілік, әлеуметшілік ойы өскен болса, Мағауияның осы

поэмасының орны қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың соңында шыққан жаңалықтардың көрнекті тұрғысының бірі деп атауға жарар еді.

Абайдың өз маңындағы өнерлі жастар «Медғат — Қасымды» шынында, дәл осы біз айтқандай, бағалай білген. Мүрсейіт сияқты Самарбай, Дайырбай, Махмуд бар және басқа көп көзі ашық жастар «Медғат — Қасым» поэмасын да, Абайдың өлеңдерін де жиі көшіріп, көп таратқан. Ал, Мұқа Әлмағамбет сияқты әнші өнерпаздардың бәрі де, олардан бергі замандағы жастар да «Медғат — Қасымды» түгел жаттап алып, әнге салып жырлап айтатын.

Осындай оқушы мен тыңдаушыға бағалы болған қасиеттердің себебінен «Медғат — Қасым» поэмасы жоғалмастан және де бір жолға ауысып, ұмытылмастан біздің заманымызға түгел жетіп отыр.

«Медғат — Қасым» — Мағауияның ең соңғы поэмасы. Бұдан бұрын Абайдың тақырып етіп, шәкірт достарына тапсырып беруі бойынша, Мағауия қазақ өмірінің өзінен алып, тағы бір поэма жазған. Бұл — қазақ тарихындағы салттық болмыстан туған «Еңлік — Кебек» жайындағы қоспа поэма болатын.

«Еңлік — Кебек» — Мағауияның алғашқы жазған шығармасы. Өлеңдік жағынан ол әлі поэма тіліне жете шеберленбеген күйді танытады. Тілі тұтқыр және анық поэзиялық ерекшелік жағынан олақтау келген сырт құрылыс байқалады. Бірақ идея жағынан қарағанда бұл поэманың да өзінше өз тұсындағы ақындардың шығармаларынан оқшау тұрған, озғын жайлары бар.

Сол ерекшеліктің үлкені — Кеңгірбайдың образын, ісін бейнелеуде айқын көрінеді. Мағауияның уақытында, рушылдық салт бойынша тобықтының әруақ тұтып, қадірлейтін атақты биі — Кеңгірбай болатын. Заманында оның істеп кеткен озбыр, содыр істері болса да рушылдық, ақсақалдық салт-сана бойынша кейінгі ұрпақ Кеңгірбайды сынамастан «баба» деп, «би» деп қадірлейтін.

Абай болса, қазақтың бұндай ескілікті кертартпа санасына өзінің сыны мен ақылын билеткен, бағындырған емес. Ол Кеңгірбайдың өз заманындағы парақорлық сияқты арамдықтарын ашып айтып, әшкерелеп жүретін. Еңлік пен Кебектің өліміне себепші болған — Кеңгірбайдың билігі. Ол осы билікті Матайдан пара алып айтты

деп сынайды. Кейінгі надан ұрпақ Кеңгірбайдың атын да атамай, оны — «Қабакең» дейтін. Мағауия осы жөнінде еркін сыншылық танытады. Кеңгірбайдың әулиелік, аруақтық маскасын сыпырады. Жаңа буынның сыншыл, әділетшіл, гуманистік талабын өзіне ең үлкен мақсат етіп, өткен заманның үлкен авторитеттері мен трагедиялық істерін батылдықпен ашып, әшкерелеп жырлайды.

Енлік пен Кебектің тағдырын шешкен түп себепті айта келіп: Мағауия:

...Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый,
Айтады қыз қайнына бітім жерде,
Әуелі ұстап алып қызыңды тый,—

деп, биліктің сырын ашады.

Кейін сол билік бойынша Енлік пен Кебек өлтірілген соң ақын өзінің ызалы сынын Кеңгірбайға бұрады:

...Қылжырлықтан атандың биім «Қабан»,
Қабан түбі шошқа ғой, білсең надан.
Үлкен билік алдында сөйлесермін,
Жазасы не болады бидің арам!—

дейді.

Бұрынғы ру авторитетіне мұншалық батылдықпен өкім айтуға жеткен ақындық сана, Абай тұсындағы жас талапкерлердің ойлары, ізденулері, қаншалық кең өріске, үлкен азаттыққа жеткенін көрсетеді.

Адамгершілік, гуманистік сарын бұл поэманың соңында Енлік пен Кебектен қалған жас нәрестенің өлім халін айтуда да көрінеді:

Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты.
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен
Деседі бір күн бойы жылап жатты,—

деп бітіреді.

Поэманың осы соңғы жолдары да надан заманның, қараңғы ортаның қатал мінездеріне қарсы айтылған ашулы өкімі есепті болады.

Осылайша образдарды бейнелеуде, өткеннің қараңғылығын сынап көрсетуде, адамгершілік талабын ең үлкен мақсат, арман етіп биік сапада танытуда Мағауияның бұл поэмасы да өз уақытындағы бағалы еңбек болатын.

ВЕЛИКИЙ СЫН НАРОДА

1

Прошло пятьдесят лет[1] с тех пор, как умолкли последние ноты безутешной песни печали — жизненной подруги поэта, как возник скромный могильный курган на маленьком холмике, еле возвышавшемся над унылой безлюдной равниной Жидебай.

А десять лет спустя, в пору своей ранней юности, я был свидетелем одной несостоятельной затеи, устроенной под названием вечера воспоминаний о поэте. Это было в зиму 1914 года в городе Семипалатинске, в здании Общественного собрания, куда группа казахских услужливых чиновников пригласила на вечер памяти Абая военного губернатора Семипалатинской области Тройницкого и старика баксы (шамана) Берикбая, чтобы последний развлек народ.

Сам факт антиестественного соседства в этот вечер, первый вечер воспоминаний об Абае, царского генерала — носителя темных сил самодержавия — и воплощения обветшалого азиатского мракобесия — колдуна — с именем поэта-просветителя, борца за свет и правду было глубоко обидным, не менее сумрачным, печальным фактом, чем те, что ранили сердце поэта при его жизни.

А дальше на наших глазах проходят юбилеи, общественность отмечает исторические даты — двадцатилетие, тридцатилетие, сорокалетие и ныне — пятидесятилетие памяти поэта... Это признаки все более усиливающегося, все более расширяющегося признания, любви и почитания Абая, ставшего гордостью и славой своего родного народа.

Ныне перед славной памятью Абая по-родному, сердечно и почтительно склоняют свои головы все народы нашей страны. И не только чествуют, а как самые правомочные наследники всех выдающихся духовных богатств, созданных человечеством, изучают его жизнь и творчество, его необычайную судьбу, его борьбу с хозяевами темной, жестокой жизни.

Так вместе с Великим Октябрем пришло раскрепощение духовных ценностей, освобождение и очищение их от злобных бедственных оков общественной жизни, от сквер-

---

[1] В 1954 году исполнилось 50 лет со дня смерти Абая.

ны степного суеверия, мракобесия, этого порождения невежественных поколений степных феодалов.

И ныне, чествуя пятидесятилетие со дня смерти поэта, мы, деятели и представители культуры казахской социалистической нации, можем поведать о многих художественных, научных и общегосударственных явлениях, фактах и мероприятиях по увековечению памяти Абая.

Создано много стихов и песен, написаны пьесы, либретто, романы писателями, поэтами, акынами Казахстана на тему о жизни, творчестве, об эпохе Абая. Театрами Казахстана осуществлены драматические, музыкальные и оперные постановки об Абае. Трудами целого коллектива советских композиторов Казахстана создано множество песен на тексты Абая, написаны сюиты, симфонические поэмы и, наконец, полноценная опера об Абае. Много лет упорно трудятся художники, скульпторы, творчески воссоздавая образ Абая в изобразительном искусстве, немало трудились и деятели кино по увековечению его памяти.

Огромную пропагандистскую, популяризаторскую и, наконец, серьезную исследовательскую работу ведут целые группы молодых и зрелых ученых Казахстана по глубокому изучению на основе марксистско-ленинской методологии наследия, традиций, жизненных обстоятельств Абая. Имя его присваивают колхозам, районам, школам, вузам и театрам. А стихи поэта, как никогда, стали столь близкими, родными, волнующе дорогими, что их заучивают, читают, запоминают все от мала до велика.

Но еще ближе, роднее и милее стали советскому народу песни Абая. Нет уголков в республике, где бы не были известны они. Ни один композитор прошлого и настоящего в Казахстане не был так популярен, распространен в массах, как Абай.

Законно и уместно поставить вопрос о том, чем же заслужил, снискал Абай всенародную любовь в наше время? Безусловно, объяснений, ответов на этот вопрос может быть несколько. Но прежде всех иных логических или научных определений я считаю уместным применить к Абаю одну народную пословицу великого китайского народа. Она гласит: «Мудрая пчела не пьет из увядшего цветка». Абай, как вдохновенный и честный поэт, питался в своем творчестве не из источников гнили и тлена,

а вбирал все памятные впечатления и волнения, думы и мечтания из источника бессмертия, из жизни ради жизни.

Отвечая на поставленный важнейший вопрос об основе величия и бессмертия Абая, мы полагаем, что два незыблемых и могучих свойства в искусстве Абая выделяются из числа всех иных качеств — это народность и жизненность, иначе — народность и реализм его искусства. Остановимся на анализе этих двух проблем в наследии великого поэта.

Итак, в чем особые свойства народности Абая? В том, что всей суммой своих идейных исканий, своей творческой деятельности он оказался в главном русле прогрессивного поступательного развития истории своего народа. И в этом качестве он был неисчерпаемо богат и разнообразен.

Безусловно, ошибались те исследователи творчества Абая, которые односторонне, элементарно и абсолютно внешне определяли степень его народности. Они искали ответа на вопрос: писал ли Абай о борьбе народных масс против своих угнетателей, о ханско-феодальном деспотизме, об отрицании кочевого быта, пропагандировал ли оседлость, земледелие, призывал ли народные массы к борьбе с царизмом, к приобщению передовых элементов своего народа к русскому рабочему движению и т. д.

Нет, не в таком виде выступает народность поэта. Абай народен в выявлении дремлющих духовных возможностей своего народа. В этом смысле к Абаю, как и другим подобным ему великим сынам братских народов Советского Союза, как, например, Шевченко, Чавчавадзе, Абовяну, Ахундову, Тукаю, весьма убедительно подходит характерное определение Белинского в отношении значения Пушкина. Он писал: «Пушкин принадлежит к числу тех творческих гениев, тех великих исторических натур, которые, работая для настоящего, приготовляют будущее и по тому самому уже не могут принадлежать только одному прошедшему». Мы не можем правильно определить народность Абая также исканием, скажем, фольклорных корней, тематических связей отдельных выдающихся его произведений с образцами народного творчества. Безусловно, обращение к фольклору и верное осмысление его является одним из доказательств народности поэта. Но разве верно было бы определять народ-

ность Пушкина лишь по сказкам «О царе Салтане» и «Руслан и Людмила»?! Было бы глубоко ошибочно, антинаучно видеть народность Шота Руставели лишь в использовании им мотивов восточной народной сказки. Народность Низами и Навои в их поэмах о «Лейли и Меджнуне» также выражается не только в обращении их к мотивам арабской народной легенды.

Высшим критерием народности любого художника является влияние его произведений на развитие национального духовного богатства. Значит, все зависит от того, насколько он двинул вперед духовную культуру своего народа, насколько обогатил ее. И все гении наших народов, в том числе и Абай, использовали народные достояния обязательно обогащая, развивая и творчески совершенствуя их. Обогащали, наполняя народные источники, мотивы, языковые красоты новым, неведомым народной памяти передовым идейным содержанием. Только таким путем они достигали наиболее высокой степени художественного воплощения передовых идей и чаяний своей эпохи. И в этом смысле дистанция от первоначального народного мотива, народного источника до вдохновенного поэтического воплощения его в произведении великого классика может оказаться приблизительно такой же, как от простой глинобитной землянки до Дворца культуры или, применительно к истории русской культуры прошлого,— от крестьянской избы до творений Растрелли, от сказки до «Евгения Онегина», от русской народной песни до оперы или симфонии Чайковского.

Такую именно дистанцию между устной народной поэзией, несомненно обильно питавшей корни творчества Абая, и его совершенными, высокопоэтическими культурными творениями наблюдаем мы при сопоставлении. Однако народно и то, что составляло первоисточник, и то, что в полноценном, преображенном и развитом виде представлено в наследии поэта. Творчество Абая обогатило историю народа и вместе с тем и общечеловеческую культуру необычайными свежими и новыми ценностями. А эти ценности народ хранит потому, что в них воплощено высшее достижение народного духовного богатства, в них показатели, способствующие дальнейшему широкому расцвету передовой культуры народа.

Каждый факт, каждый мотив, каждую малейшую частицу живого явления народной жизни, народной куль-

туры Абай сумел воплотить в искусство, в подлинную поэзию. Своей творческой практикой он подтверждает мысль Г. Флобера о том, что «...нет атома материи, который не содержал бы поэзии».

Велика была сила убедительности, жизненной и высокой поэтичности, с которой он вторгался в неприглядную действительность своей эпохи, стремился разрушить ее косные устои, осудить все и всяческие противоречия и препятствия, находящиеся на пути поступательного прогрессивного развития своего народа.

Потому он так беспощадно бичует во многих своих стихах угнетателей народа с точки зрения эксплуатируемых масс. Он использует при этом народные, устно-поэтические остроты, изречения, поговорки, богатые метафоры, приемы и средства народного юмора. Во множестве своих ставших широко популярными среди народа стихов он заступается за аульного бедняка, батрака («Ноябрь — преддверье зимы», «Тот, кто заблудился», «О бедная моя страна»), за казахскую женщину («Красотка девушка»), за мирный созидательный труд простых людей («Лето», «Осень», «Вот и старость»), за молодое поколение («В интернате за годом год»), развращаемое дикими правилами невежественных отцов. Стихов, «кара сёз» (назиданий), Абая на перечисленные темы имеем мы огромное количество, и создавались они на всем протяжении его активной творческой деятельности. Создавая их на языке народа, Абай обогащает, развивает этот язык для более острого, глубокого, точного и тонкого выражения народных дум и чаяний. В этом смысле во многих своих творениях он выразил то, что еще не было и не могло быть высказано, ввиду исторической новизны и значительности, народными певцами, но что смутно бродило в глубине, в сознании народных масс.

Давая сознательное выражение стихийным, неосознанным еще стремлениям народа, пользуясь для этого всем тем, что сам он, Абай, приобрел, стремясь к вершине тогдашней русской образованности, поэт создает ценности общекультурного, общенародного значения, ценности общенациональные.

Отраженные в его творчестве эстетические принципы Белинского, Чернышевского, его бессмертные лирические творения о природе («Весна», «Зима», «На воде, как челнок, луна»), любви («Обращение джигита», «Ответ

девушки», «И краснеть и бледнеть»), поэзии («Поэт»), о музыке («Грубый крик»), его огромная, высокого исторического назначения для его эпохи просветительская деятельность как переводчика Крылова, Пушкина, Лермонтова и др., его же поэмы о значении и величии нравственной личности —«Восьмистишья», «Масгут», «Искандер»— представляют особую ценность.

В них Абай не говорит непосредственно о народной доле, о средствах спасения народа от гнета, но тем не менее и эта часть наследия Абая глубоко народна.

Эти творения Абая, включающие в себя существенные элементы передовой поэтической культуры человечества, выводят казахскую литературу из вековой изоляции, поднимают казахскую культуру на новую, высшую, историческую ступень. Они народны потому, что возвращают заимствованные у народа ценности возросшими, обогащенными тем, что необходимо народу, что будет им усвоено в ближайшем будущем и без чего немыслимо улучшение его исторических судеб. Абай народен тем, что стал духовным оком своего народа и видел далеко вдаль, мысля и чувствуя за народ, указывая ему его будущее.

Потому в творчестве Абая отразилось, как в историческом фокусе, все главное, общенародное, волнующее передовые умы народа. Никто до Октябрьской революции в истории казахского народа так напряженно, многосторонне и ответственно не мыслил о судьбе труженика, «о кровавых ранах общества», о его будущем, как Абай. Он и стал, пользуясь выражением Белинского, тем талантом, который должен быть органом «...сокровенной думы всего общества, его, быть может, еще неясного самому ему стремления. Другими словами: поэт должен выражать не частное и случайное, но общее и необходимое, которое дает колорит и смысл всей его эпохе».

Вот такие и подобные им существенные черты и свойства наследия Абая выражают и качество народности его в целом. Не противоположно ли подобное определение народности Абая понятию классовости природы его наследия? Нет, наоборот, указанная нами народность творчества Абая в условиях классового общества не исключает причастности его наследия к передовой народно-демократической культуре, стало быть — к культуре трудовых народных масс, трудового крестьянства, которому принадлежит будущее. Поэтому народность Абая мы по-

нимаем в диалектическом единстве с понятием классовости всей природы его наследия.

Второй вопрос, который также весьма актуален,— это вопрос о реализме Абая. При этом круг тем стихов поэта о волостных управителях («Кулембаю», «Управитель начальству рад», «Кожекбаю»), о баях-хищниках («Как без труда в руках народ держать», «Ноябрь»), о родовых старейшинах — воротилах степной борьбы («Хотя мы уже старцы»), о муллах («Глядит, но что же видит он!»), о невежественных, но упорных хранителях древних диких обычаев, отцах семейств («О бедная моя страна»), о продажных чиновниках-взяточниках, сутяжниках, лодырях, дармоедах («Тот, кто заблудился») и т. д.— свидетельствуют о самом широком охвате сложнейших явлений степной жизни с критическим ярким раскрытием глубоких корней социальной действительности прошлого.

В казахскую литературу приходит принципиально новое качество в приемах изображения самой этой действительности. Мы знаем, что реализм присущ и творчеству Махамбета — активного борца против ханского угнетения народных масс, однако реализм Абая выступает иной качественной основой подлинного и высокого искусства.

В творчестве Абая убедительно, ярко раскрывается типическое в жизни, что составляет характерный признак его реализма. Поразительна обличительная сила его творений, правдиво и смело, резко и гневно раскрывающих все недуги и пороки описываемой им действительности, главным образом, окружающей его общественной жизни. Читая стихи Абая, остро бичующие гнилые устои быта, общественное зло, невежество, косность, вспоминаешь Л. Н. Толстого, который охарактеризован В. И. Лениным как «...горячий протестант, страстный обличитель, великий критик».

Широкое и конкретное, многостороннее и критическое изображение общественной жизни казахов второй половины XIX века было возможно только средствами критического реализма. Реализм Абая был именно таковым. Историческими предпосылками критического реализма на казахской почве явилось: развитие капиталистических отношений в Казахстане, рост производительных сил в городах, промышленных очагах, усиливающаяся связь капиталистического города с аулом и деревней и в связи

со всеми этими явлениями — усиление классового расслоения и классового антагонизма. Абай писал, по преимуществу, стихами, но картины современной казахской действительности даны в его творениях в широком социально-экономическом разрезе так полно, так всеобъемлюще, разносторонне, что получается самое ясное отражение эпохи. Его стихи, поэмы, назидания (кара сёз) смело можно назвать энциклопедией жизни современного ему общества во всех его слоях, возрастах, состояниях.

Читая Абая, можно составить ясное, разностороннее и точное представление о социально-экономическом, правовом, семейном и общественном, а также культурно-историческом, моральном состоянии казахского общества.

Искусство Абая, будучи глубоко реалистическим, отличалось и передовой идейностью в плане того же самого критического реализма.

Достигнуть таких высот мысли и мастерства Абай смог только благодаря усвоению передовых народно-демократических традиций русской классической литературы.

Неизмеримо огромную роль в развитии эстетических воззрений Абая играли Пушкин, Лермонтов. В процессе своей творческой эволюции Абай глубоко воспринял также эстетические заветы Белинского и Чернышевского о назначении и долге поэта выражать сокровенные думы и чаяния трудовых народных масс. Один лишь семнадцатый тезис диссертации Чернышевского о том, что произведения искусства должны объяснять жизнь и выносить приговор над действительностью, определил многое в мировоззрении казахского классика.

Мы имеем очень и очень много явных и глубинных связей в эстетике, в мироощущении и мировоззрении Абая со взглядами Белинского, Герцена, Чернышевского и Добролюбова. Эти связи составляют огромный и благодарный объект для сосредоточенного научного анализа. И мы вспоминаем о них с особенной благодарностью к памяти Абая еще и потому, что он сумел обратиться к наследию великих мыслителей с таким безграничным доверием и преданной любовью, какие в тот суровый век отчуждения, косности, фанатизма являлись редчайшим и ценнейшим качеством. Последовательное, бесповоротное обращение Абая к лучшим традициям русской литературы и общественной мысли объясняется величай-

шей гуманной и притягательной силой русской литературы, с ее чутким и дружелюбным отношением ко всем народностям и, особенно, к угнетенным народностям России.

Ведь не однажды и не в одном поколении русского народа повторялись мысли, высказанные Добролюбовым: «Настоящий патриотизм, как честное проявление любви к человечеству, не уживается с неприязнью к отдельным народностям». А сколько мы знаем подобных высказываний у Белинского! Ведь он говорил, что настанет время, когда все народы будут «братски делиться друг с другом духовными сокровищами своей национальности» и «обнимутся при блеске солнца разума». Был глубоко прав советский писатель А. Н. Толстой, который сказал: «Передовая русская литература никогда не знала высокомерного отношения к населявшим Россию народам. В ней никогда не было колониальной струи, колониальных мотивов, столь характерных для литератур некоторых европейских народов».

Именно такая благодарная историческая миссия русской литературы и общественной мысли со всеми их лучшими традициями на протяжении всего XIX века и формировала развитие и становление в новом выдающемся качестве поэтический и общественный облик таких классиков из среды угнетенных народов России, как Абай.

Вспоминая эти важнейшие для Абая и для дальнейшей судьбы всей казахской литературы исторически благоприятные обстоятельства, я скажу от имени всех казахских советских писателей — наследников Абая — великое спасибо той мудрой русской книге, которая научила Абая первой букве русского алфавита, великое спасибо тому русскому учителю, который научил Абая первому русскому слову!

Абай стал ревностным и самоотверженным проповедником русской культуры, русской образованности. Только на одну эту благодарную тему писал он немало стихов, назиданий, слагал прочувствованные замечательные мелодии. В двадцать пятом назидании (кара сёз) он писал: «Не жени сына, не наделяй его наследственной долей «енчи». Заложи все свое, но обучи сына русской науке». Характерно при этом упоминание о женитьбе и наследственной доле «енчи». Дело в том, что по обычному праву казахов, да и по адату и шариату, долг отцов перед

сыновьями так и определен — женить с выплатой всего калыма (выкупа) за невесту и наделить «енчи». А Абай настаивал на отступлении от этих непреложных общеобязательных путей отцов во имя постижения русской культуры.

Будучи современником Горького и Маяковского, Торайгыров остался равнодушным к революционным идеям их творчества. Он не сумел увидеть в произведениях пролетарских писателей черт социалистического реализма, открывающих перед художником величие организованного революционного движения широких масс, его исторические перспективы. Султанмахмуд остался лишь выразителем индивидуального, анархически-бунтарского протеста. Отсюда происходят его политические блуждания в 1917—1918 гг.

Казахские писатели в прошлом обращались к русским классикам с ясным сознанием, что восприятие лучших традиций русской литературы приведет их к вершинам художественной культуры. Уже тогда в казахской литературе были заложены корни исторической дружбы и родства советской казахской литературы с передовой культурой великого русского народа.

После победы Великой Октябрьской социалистической революции казахский народ равноправно вошел в братскую семью народов Советского Союза. Он начал активное политическое существование, проявляя себя во всех областях экономической, общественной и культурной жизни Советского Союза. Только в советскую эпоху все творческие силы казахского народа получили широкий расцвет и небывалый размах. Великий процесс возрождения духовной мощи бывших угнетенных народностей России породил новых художников, которым уже ничто не мешало познать и усвоить лучшие традиции русской духовной культуры. Казахские советские писатели выступают в своем творчестве как полноправные на-

следники Пушкина и Абая, Белинского, Чернышевского и Валиханова, Горького и Маяковского.

Коммунистическая партия, воспитывая миллионные массы в духе братства и равноправия наций, объединила духовные силы народов Советского Союза. Партия породила то идейное единство, которое, в частности, позволяет писателям всех братских народов уже не поодиночке, а общим фронтом, вместе с русскими писателями, достигать высот советской социалистической культуры.

В советскую литературу возрожденного Октябрем казахского народа пришли пролетарские писатели и народные акыны: Сакен Сейфуллин, Ильяс Джансугуров, Беимбет Майлин, Сабит Муканов, Баймагамбет Изтолин, Габит Мусрепов, Габиден Мустафин, Джамбул Джабаев, Нурпеис Байганин, Аскар Токмагамбетов, Жакан Сыздыков, Абдильда Тажибаев, Калмакан Абдыкадыров и другие.

В советскую эпоху изменился не только прежний облик письменной литературы, но даже фольклор приобрел новые, ранее невиданные черты. Наиболее характерным его признаком становится зарождение и постепенное развитие элементов социалистического реализма в советской народной поэзии Казахстана.

Казахские советские поэты в своей творческой работе обращаются к традициям русских советских писателей: Маяковского, Горького, Демьяна Бедного, Багрицкого и других. Оптимизм, пафос политической борьбы, идеи дружбы советских народов, любовь к русской культуре — вот характерные черты новой казахской поэзии. На первом этапе своего развития молодая советская казахская поэзия много заимствует от плаката, от газетных статей. Новая поэзия уже участвует в происходившей тогда в ауле классовой борьбе за утверждение социалистического строя. Эта поэзия была нужна как оружие классовой борьбы бедняку и батраку в ауле, рабочему — в городе, была нужна молодежи, новой советской казахской интеллигенции, жадно стремящейся приобщиться к русской культуре.

Хотя форма этих произведений еще не совершенна, но в них уже можно заметить зарождение социалистического реализма. Жизнеутверждающий призыв к действию, созиданию отличают произведения новых казахских

писателей от классического наследия Абая и Алтынсарина, где главным мотивом всегда являлось не утверждение, а отрицание. Основная линия творчества казахских классиков определялась главным образом неприятием феодально-родовых отношений в казахском обществе.

Существенным, определяющим элементом социалистического реализма в советской казахской поэзии можно считать тематику революции, воспевание героики гражданской войны, подвигов Красной Армии. Раскрепощенный батрак, освобожденная женщина-казашка, полноправные хозяева не только своей личной судьбы, но и своей возрожденной страны — вот герои новых произведений.

Утверждению революционной темы в казахской литературе во многом способствовали традиции русской пролетарской поэзии. Острые агитационные стихи, революционные песни, широко бытовавшие в народе, помогли казахским поэтам использовать не только их формы, мелодии, но и на их основе создавать новые произведения, полные пафоса революционной борьбы, утверждения нового и непримиримости к прошлому, старому миру. Так, руководствуясь образцами русской пролетарской поэзии, Сейфуллин создает «Марсельезу молодого казаха» (1918), Токмагамбетов — популярную песню «Саулетай» и т. д. Школой мастерства служила для молодых казахских поэтов поэзия Маяковского, насыщенная ярким революционным содержанием. Они осмысливали его новаторские искания, необычную ритмику, сложные рифмы, но воспринимали вначале в основном внешнюю сторону его поэзии, форму, перенимали строки, расположенные «лесенкой».

Большое влияние оказывала на казахскую поэзию и горьковская проза. Ее образы, например, Сокола или Ужа, характеры героев, вышедших из народных низов, переходили в казахскую поэзию.

Несколько позднее, когда начала развиваться казахская проза, на ее становлении сильно сказались традиции русской романистики и, прежде всего, горьковские традиции в изображении и современной действительности, и прошлого, в создании образа положительного героя — человека труда, в понимании народа как творца истории. Под прямым воздействием Горького возникли

романтические новеллы Мусрепова о матери, автобиографические рассказы Муканова.

Обращение к традициям русской советской литературы, однако, отнюдь не стирало национального своеобразия произведений казахских писателей. Поэзия, проза, драматургия рождались на национальной почве и приобретали черты, отражающие национальный характер народа, насыщались образами, созданными на основе народной поэтической культуры. Но с восприятием традиций русского реализма углублялась в них идейная целеустремленность, проблематичность, совершенствовалось мастерство создания человеческих характеров.

Создавая первые революционные произведения, зачинатели казахской советской поэзии воспринимали их творчески, являясь не подражателями, а творцами самобытных произведений новой литературы социалистического реализма. Эта особенность сказалась на формировании жанра поэмы, прежде всего советской тематики, представленной такими произведениями, как «Советстан» Сейфуллина, «Степь» Джансугурова, «Броды Октября» Муканова, «Поток» и «Солнце заговорило» Жарокова и многими другими, посвященными изображению революционной борьбы масс, социалистическому строительству, дружбе народов. А с другой стороны, поэты, подходя с новых позиций к традициям народной поэзии, создавали крупные поэмы с тематикой прошлого, где в основе сюжета лежала социальная борьба, борьба героев за справедливость, свободу личности, человеческое достоинство, где слышался протест против насилия и мракобесия феодально-байских кругов.

Конечно, народность этих поэм заключалась не только в том, что поэты освоили предшествующий поэтический опыт народа. Основное их достоинство состоит в том, что в них отразились чаяния и стремления трудовых масс, их роль в процессе развития национальной культуры. Казахские поэты, обогащаясь художественными ценностями, добытыми народом, сторицей возвращали ему свой долг. Они наполняли фольклорные мотивы и традиционные образы новым глубоким смыслом, новым идейным содержанием. Лучшие из этих поэм —«Кокчетау» Сейфуллина, «Слушаш» Муканова, «Куралай-слу» Байзакова, «Кулагер» Джансугурова.

Овладение методом социалистического реализма обу-

словило уже в тридцатые годы подлинный расцвет казахской поэзии, народного устно-поэтического творчества. Важнейшие темы современности, их необычайное разнообразие, многочисленные высокохудожественные образы советских людей — строителей социализма, идеи советского патриотизма и пролетарского интернационализма, которые воплощались в эпических и лирических произведениях, составляли социалистическое содержание казахской поэзии, занимавшей положение ведущего жанра. Могучим свидетельством творческого взлета поэтических сил народа явилась поэзия народного акына Джамбула. Прежде всего через нее уже в тридцатые годы казахская поэзия начинает оказывать свое влияние на многонациональную поэзию советской страны. Стремление к широким эпическим обобщениям, к созданию героического образа народа, глубокие образы, яркий язык — все это делало стихи и песни Джамбула предметом и для широкого подражания, и для творческого обогащения поэтики других народов.

Сложный процесс взаимообогащения письменных и устно-поэтических традиций характерен еще тем, что отдельные поэты, как, например, Иса Байзаков, от устных импровизаций переходили к письменной поэзии.

Тесная связь с жизнью народа, достаточно сильные традиции, утвердившиеся в казахской поэзии в период ее формирования, сделали этот жанр самым активным с первых дней Великой Отечественной войны, когда наша литература была призвана сыграть мобилизующую роль. Казахская поэзия во всех своих жанрах, от сюжетных поэм до философской лирики, была готова выполнить свое высокое назначение как верное оружие Коммунистической партии в воспитании патриотизма советского народа. Зачин многих тем, вызванных самой жизнью, оставался и тогда за русской советской литературой, но казахская поэзия выдвигала им навстречу свое решение, своих героев. По всей стране звучал голос Джамбула, создавшего такие шедевры, как стихотворение «Ленинградцы, дети мои!», которое вызвало целый поток стихов-обращений к городам-героям, породило новую форму стиха в советской поэзии. Образ самого лирического героя Джамбула обогатил в целом образ положительного героя нашей литературы военных лет. Символика, аллегория, романтические и реалистические тенденции,

свойственные творчеству народного акына, насыщали новыми чертами принципы типизации действительности и положительного героя.

Раскрывая влияние традиций русской литературы, мы должны говорить вместе с тем о новом, самобытном, что проявляется в национальной форме литературы, которая также развивается, наполняется новым содержанием.

Казахская литература за годы Советской власти обогатилась новым жанром — в ней появился роман, который не имел в прошлом развитых национальных традиций. Если, например, таджикская или узбекская литература еще до революции имела письменные прозаические традиции, то казахской литературе их пришлось создавать уже после Октября.

В период двадцатых годов в казахской печати публикуется большое число очерков, рассказов, просто зарисовок, из которых выросла затем казахская проза. Писатели-прозаики создавали новые традиции этого жанра, реалистическую манеру письма. Поэтому мы не наблюдаем в ней той цветистости стиля, усложненности условными архаическими образами, которые в определенный период становились тормозом на пути развития национальной формы в ряде других литератур. Советский казахский роман возник и развивается под влиянием Горького, Шолохова, Толстого, Фадеева. Освоение богатства русской литературы заключается в восприятии казахскими прозаиками ее ведущих тем, наследования и продолжения ее передовых, реалистических традиций.

Тема Родины и народа, образ человека труда освещены в казахской прозе в соответствии с горьковскими принципами. Большое значение в становлении и развитии социалистического реализма принадлежит автобиографической трилогии Горького. С. Муканов в автобиографических рассказах «Школа жизни» освещает прошлое своего народа в духе горьковских традиций, а в романе Г. Мусрепова «Солдат из Казахстана», где повествование ведется от первого лица, приемы автобиографизма осваиваются творчески и обогащаются новыми чертами. Вместе с темой народа в казахской прозе поднимается образ типического героя — свободного труженика, который раскрыт в росте в глубоких связях с окру-

жающей средой. Горьковские мысли о великой радости созидательного труда, подкрепленные опытом социалистической действительности, горьковский гуманизм, горьковская «третья действительность» кладутся в основу значительных произведений казахских прозаиков.

Говоря о специфике казахского романа, мы считаем, что, воспринимая от русской литературы эпичность, психологическую мотивировку действий героев, он в то же время обогащает советскую литературу особенностями своеобразной системы и конфликтов, показом прошлого под углом зрения прогрессивной роли русского народа, русской культуры, русской демократической интеллигенции в исторических судьбах народов нашей Родины.

Не только отдельными произведениями, но всем коллективным опытом, накопленным в процессе своего развития, казахская советская литература оказывает значительное влияние на дальнейшее углубление метода социалистического реализма во всей многонациональной советской литературе. Этот процесс взаимообогащения и взаимовлияния, который стал возможен в литературном движении благодаря зрелости национальных литератур, раскрывает широкие горизонты каждой из них, придает новые силы, порождает новые традиции. Межлитературные связи России и Казахстана, возникшие еще в прошлом столетии, прошли несколько специфических формаций и в период критического реализма, и теперь, когда социалистический реализм стал основным творческим методом казахских писателей.

За невиданно короткий исторический срок казахская литература благодаря помощи и заботе Коммунистической партии достигла высокоидейного художественного уровня, сумела запечатлеть пути и судьбы своего народа, стать глашатаем революционной правды, оружием в борьбе за построение нового, коммунистического общества.

ІРІ ОҚЫМЫСТЫ

Данышпан Абай адамгершілікке баға бере келе: «Адамның адамдығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан білінеді»,— дейді. Тегінде, бұл — істің

нәтижесін күтпей, келте қайырған байлам емес, қайта тұңғиық ойдың тұнығына бойлағанда ғана табылатын кемеңгерлік тоқтам болса керек. Не нәрсені болмасын бастап қолына алғанда, ертеңгі күні берер жемісі бесенеден белгілі болып тұратын талабы таудай кейбір жандарды аңдап байқаған Абай құрғақ сәуегейлік құрмай, өнерлі, дарынды жандардың болашағын барлай білген. Сөйтіп, сынына толған адамын ғана нағыз адамгершіліктің иесі деп таныған және содан еңбек зейнетін үміт еткен.

Енді бүгін сонау Абай меңзеген өрістен Абайша көз салып қарасақ, өз тұрғыластарымыздың ішінен өнердің, істің, еңбектің талай майталман жорғасы мен өрен жүйрігін көреміз. Жорға мен жүйріктің алғаш аяқ тастасынан көзге шалынатыны сияқты, сол адамдардың қай-қайсысы да бастапқы қадамдарынан-ақ өздерінің кім екенін, қоғамдағы орны қандайлық болатынын аңғарта білген-ді.

Біз әңгімелегелі отырған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді. Өздігінен оқып ғылым-білімнің әр саласынан да әжептәуір хабардар болған Құдайберген сонау ерте уақыттардың өзінде — 20 жылдар ішінде — математикадан, физикадан, химиядан техникумдарға сабақ беріп, философияны, логиканы психологияны рефлексологияны тесіле зерттеді. Павлов, Бехтерев сияқты орыс ғалымдарының еңбектерін дамылсыз оқыды.

Бірақ Құдайбергеннің шын ықылас қойып, мықтап бет бұрған ғылымы — тіл білімі болды. Жастайынан араб, парсы, түрік тілдерін меңгерумен қатар, есейе келе неміс, ағылшын, француз тілдерін біліп алды, сол тілдерде жазылған ғылыми еңбектерді оқып пайдаланатын болды. Өзінің туған жері — Ақтөбе облысында жүрген кездерінде де тюркологияның, жалпы тіл білімінің күрделі мәселелері жөнінде Москвадағы, Қазандағы, Бакудегі, Ташкенттегі, Ленинградтағы аса көрнекті тіл мамандарымен хат жазысып пікір алысып тұрды. Оның архивінде тіл зерттеуші Поливанов, Богородицкий, Мешанинов, Ағамалыоғлы тағы басқаларынан келген хаттар жатушы еді.

Құдайберген оқып жүрген жылдарының өзінде де

зерттеу жұмыстарынан қол үзген емес. Араб әліппесіне негізделген қазақ жазуының практикада үлкен қиындық тудыратынын көп дәлелдеп, өз кезінде латын әліппесіне көшуге аянбай атсалысты. 1930 жылы түрік тілдерін зерттеуші мамандардың Алматыда өткізілген съезіне қатысып, «Мағнасыз сөздердің мағналары» («Смысл бессмысленных слов») деген тақырыпта аса қызықты баяндама жасады. Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді. Оның журналистік, публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларына байланысты өрісі кең білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататынды. Қазақ күйлерінің тарихы жайындағы тарихи-лингвистикалық очеркінде Құдайберген осындай қаламы төселген шеберліктің аса бір нәзік үлгісін көрсетеді. Оның 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекеде жасаған баяндамасы (кейін мақала түрінде жарияланған) — қазақ филологиясының, әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек. Абайдың өлең құрылысындағы ерекшеліктерді, ақынның новаторлығын және халық тілін пайдаланудағы шеберлігін алғаш көре біліп, айырықша атап көрсетушілердің бірі де осы Құдайберген болды.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов аса ірі зерттеуші-тюркологтердің қатарынан орын алады. Ленинградтағы Шығыс институтының, соңынан Тіл және Ой институтының (қазір СССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты) аспиранты болып жүрген кезінде-ақ ол шығыстану жөнінде кең көлемді білімі бар, тілдің ең нәзік мәселелеріне шейін байқай білетін зерттеуші-лингвист екенін аңғартты. Қазақтың дарынды ғалымының таланты мен қабілеті, әсіресе, республикамыздағы тұңғыш жоғары оқу орны — Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының өмірінде айқын көзге түсті. Құдайберген біраз уақыт институттың профессоры және қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Оның жалпы тіл білімі мен қазіргі қазақ тілі, тюркология жөніндегі лекциялары қазақ интеллигенциясының қалың көпшілігінің назарын еріксіз аударатын. Ол ертедегі түрік ескерткіштерінің тілін мүлтіксіз білетін және тыңдаушыларына Орхон-енисей жазулары, олардың лексикалық, грамма-

тикалық және фонетикалық ерекшеліктері жайлы мол білім де беретін.

Құдайбергеннің қаламынан күні бүгінге дейін өз актуалдығын жоймаған толып жатқан бағалы ғылыми еңбектер туды. Баспа бетінде жарияланған «Из истории порядка слов тюркских языков» (1936), «Вспомогательные глаголы» немесе «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» сияқты кітаптары, көптеген мақалалары мен түрлі конференцияларда сөйлеген сөздері («К постановке исследования истории фонетики казахского языка», «Буын жігін қалай табуға болады», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында», «Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер», «Об одном факте появления аффикса из корневого слова» т. б.) отандық тюркологияға қосылған бағалы үлес болып табылады. Оның еңбектері өзінің сыпаты жағынан қарағанда салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану жолымен жазылған. Рас, кей тұстарда Маррдың жалған ілімінен қалған іздер де байқалады.

Қазақ және басқа түрік тілдеріндегі сөздердің орын тәртібі туралы жазған еңбегінде автор сөздердің орын тәртібін белгілейтін синтаксистік нормаларды және олардың тарихи қалыптасу жолдарын қызықты да тартымды етіп баяндап, өз ойын ешкім теріске шығара алмайтын нақты материалмен дәлелдеп береді. Зерттеушінің алдына қойған мақсаты: сөздердің орын тәртібінің қазіргі нормаларында ертеректегі тілден қаншалықты ауытқу барын анықтап, сол арқылы түрік тілдерінің құрылымдық ерекшеліктерінен туатын негізгі заңдылықтарды дұрыс түсіну еді. Көмекші етістіктер туралы жазған еңбегінде автор ана тілінің лексикалық, грамматикалық құбылыстарын түсінуде терең білімпаз екенін танытты. Қазақ тіл білімінде тұңғыш рет Құдайберген «отыр», «жатыр», «тұр», «жүр» тәрізді көмекші етістіктерге ғылыми талдау жасап, олардың лексикалық мағыналары мен қолданылу орындарын анықтады.

Тарихи деректерсіз тілдік құбылыстарға шын мәнінде ғылыми талдау жасау да мүмкін емес. Өз кезінде белгілі бір дәстүр ретінде қалыптасқан яфетидология деп аталатын лингвистикалық бағытқа кейбір еліктеушіліктері болғанымен олар Құдайберген қалдырған теориялық мұралардың құнын жоққа шығара алмайды. Көрнекті ғалымның еңбектерінде тілдік заңдылықтарды тарихи

тұрғыдан дұрыс баяндау жағы Н. Я. Маррдың палеонтологиялық төрт элементті анализінен сөзсіз басым жатады.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1930 жылдың өзінде-ақ Құдайберген тілші-тюркологтердің Алматыда болған съезінде одағай сөздер туралы баяндама жасап, мал шаруашылығына байланысты айтылатын бірсыпыра одағайларды этимологиялық тұрғыдан талдады, олардың бір кездерде сол малдарға қойылған ат екенін айтып берді («қош», «өк!», «моһ!» сияқты одағайлар тарихи жағынан «қой», «қошақан», «өгіз» сөздерімен, қытайдың «ат» дегенді білдіретін «маа» сөзімен байланысты).

Құдайбергеннің ерекше атай кетуді қажет ететін еңбегі — «Қазақ тілінің грамматикасы» (1-бөлім, жалпы морфология, 74 бет, 1936 жыл, қазақ орта мектебінің V класына арналған). Автор мұнда сөздердің құрылымына және қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстарға байланысты негізгі мәселелерді жүйелі түрде мазмұндап шыққан. Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды қазақтың әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі жөнінде оқулық жазатын көптеген авторлар үшін тамаша үлгі болады.

Құдайберген өз мақалаларының тұтас бір сериясын практикалық тіл білімінің мәселелеріне — орфографияға, терминологияға, қазақ тілін оқыту методикасына арнады. Республикамыздағы тілдік құрылыстың белгілі бір мәселелері жөнінде ғылыми айтыстар жүргізуде Қ. Жұбанов асқан шеберлік қабілетімен ерекше көзге түсіп тұратын.

Құдайбергеннің есімі өз кезінде қазақ интеллигенциясының, әсіресе, ағарту қызметкерлерінің арасында кеңінен мәлім болатын. Ол СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалында, республиканың Оқу халық комиссариатында жетекші қызметтер атқарды. Сонымен қатар ол көрнекті қоғам қайраткері де еді. 1935 жылы Құдайберген Қазақстанда болған мәдениет қызметкерлері съезінің ұйымдастыру комитетінің председателі болып сайланып, өзі сол съезді ашып сөз сөйледі. Сол 1935 жылы ол Советтердің Бүкілроссиялық XVI съезіне Қазақстаннан делегат болып сайланып, съезде асқан патриоттық жігермен сөз сөйледі.

Біз, Құдайбергеннің замандастары әрі достары, Октябрьден кейін туып жетілген советтік тіл ғылымының,

оның ішінде қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі болған марқұм Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың игі еңбектерін ешуақыт ұмытпақ емеспіз.

1957

ҮМІТТІ ҰРПАҚҚА — ИГІ ТІЛЕК*

Жазушы, әдебиетші, студент жастардың тәрбиешісі ретінде өзім жеке сәтте отырғанда басқа келетін кейбір ойларымды шәкірттерімнің алдына тартпақпын. Бүгінгі сәулетті, парасатты, сәнді өмірдің кең тынысындағы студент шәкірттердің рухани бейнесіне көз салсаң, осы бір қуанышты жайларды айтпасқа болмайды.

Совет Одағының басқа жоғары оқу орындары сияқты Қазақстаның жоғары оқу орындары да пәрменді дамыған шаруашылығымыздың салаларына, мәдени мекемелерімізге тамаша кадрлар даярлап беруде. Бір кезде — бес, одан беріректе — он бес, ал бүгін — жиырма бес болып отырған жоғары оқу орындарымыз дәрігерлердің, агрономдардың, зоотехниктердің тағы басқа мамандықтардың қалың ну армиясын ұшырып отыр. Әр мамандық салаларында, әр жайттарда ұстаздық ететін педагог кадрларымыз саусақпен санау дәрежесінен кетіп, мыңдап санау парасатына ауысты. Қарап отырсақ қоғамдық-саяси, мемлекеттік басқару жұмысындағы қайраткерлеріміз де — кешегі студенттер. Мәдениетті ұрпақтың шоқтығы биік тобы — ғылыми кадрларды көрсек те соншама алға кеткенімізді еркін сезініп, тереннен сүйсінеміз. Бұлардың барлығы бүгін мәдениеті марқайған республиканың жоғары оқу орындарының — медициналық, ауылшаруашылық, мал дәрігерлік педагогикалық институттарда т. б. оқу орындарында тәрбиеленіп шыққан перзенттер. Сол перзенттер жыл асқан сайын өрбіп барады, өсіп барады.

Осыны, мәдени жағынан, рухани жағынан өскен ұрпақты көргенде алғы ағалары ізбасарлардың әлпешті Отанның, қамқоршыл үкіметтің жасаған игілігін, берген мүмкіндігін дұрыс ақтап отырғанын қуана сезінеді.

* Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің V пленумында сөйлеген сөзінен.

Шәкірттеріміз тәрбие қазанында еркін балқып, әдемі мүсінді адамдар болып бүгінгі ғасыр сүйсініп құшағына аларлықтай жандар болып, шығып келеді. Олардың осы бір қасиетін, шын мәнісіндегі мәдениеттілікке қалыптасу қасиетін атап айту әбден орынды. Сонымен осындай шадыман сезім үстінде бүгінгі шәкірттерге асқақ үмітпен тым қастерлеп қарайтын жайымыз бар. Мәгәрки, мен өзім әр жаңа оқу жылында Қазақтың мемлекеттік университетіне, соның ішінде оның тарих-филология факультетіне келіп түсіп жатқан студенттеріне көз салғанда оларды болашақ прозаиктер, болашақ ақындар, болашақ редакторлар, әдебиеттің болашақ зерттеушілері болады ғой деп сонша серпілем.

Жоғары оқу орнының табалдырығын жаңа ғана аттаған жас жігіттер мен қыздарға бұлай қарау тәтті қиялға берілуден ғана емес, бүгінгі шындық жайға көз тігуден. Өйткені, әрірегіне терең үңілмесек те, соңғы 15 жыл ішінде Қазақтың мемлекеттік университеті қаншама ақындар, прозаиктер, әдебиет сыншыларын даярлап шығармады! Жоғары оқу орнындағы терең білім мұхитынан сүңгі сусындаған күйі өмірге шыға келгенде шәкірттеріміз әуелде артқан үмітімізді ақтайтын халге жетті. Мұндай қуанышты бір мен емес, басқа жоғары оқу орнындағы ұстаздар да айтады.

Бұл осылай. Енді мен студенттер өмірінің қалыптасқан шындығына байланысты кейбір жеке жайларға сәл тоқтап өтпекпін. Бұл — жоғары оқу орындарында оқитын жас шәкірттеріміздің моральдық, интеллектуалдық, рухани бейнелерін көз алдыға келтірумен қабысты туған нәрсе.

Студент шәкірт өзінің білім жорығы жолында алдына мынандай бір тегеуірінді зор мақсатты қойғаны мүлдем дұрыс және керекті жәйт. Студент қайда оқымасын, қай саладағы мамандықтың иесі болмасын, әр кезде өз бойына интеллектуалдық мәдениетті мол жинауға бой ұруға тиіс. Биік интеллектуалды мәдениет бір күнде, бір жылда, әйтпесе, 40—50 жылда адам бойына өздігінен үйіріле қоймайды. Ол өмір бойына жылатын рухани азық. Жас адамның жанында әлгі айтылған интеллектуалдық мәдениеттің жарқыншақтары сонау кіршіксіз бейнелі сәбилік дәуірдегі тәрбиеден бастап тұғыр алады. Сол даму осы өздеріңіз оқып жүрген жоғары оқу орнындағы өмір шақтарыңызда берік негіз алып, қалыптаса бастайды.

Институт болсын, университет болсын, тек қана агрономдарды, дәрігерлерді, инженерлерді, педагогтерді қалам қайраткерлерін тағы осындай мамандықтардың иелерін даярлайды. Мұнымен қоса ол өзінің қабырғасына келген жас жандарды адам етіп қалыптастыруға, мәдениетті, ақыл парасатты, инабатты адам етіп тәрбиелеуде үлкен роль атқарады.

Бүгінгі ағаның ертеңгі үміті — шәкірт ұрпақ осыны терең сезіне білуі керек. Ол мұны білсе әрқашан «өз» мамандығының тар шеңберінде қалмайды. Жан дүниесі бай, талап-тілегі өскелең, ой-өрісі кең нағыз мәдениетті маман болады. Осы тұрғыдан алғанда бүгін агроном не инженер болуға талпынған жас жігіт пен қыз көркем әдебиет, искусство, мәдениет мұраларын тереңнен білуге тиісті. Дәрігерсің бе, өзің туған елдің, жердің тарихын жақсы біл. Инженерсің бе, искусствоны жетік білмеске хақың жоқ. Бұлай болу сенің жан байлығыңды молайтады, белгілі мамандықтың шеңберінен адамдық қасиеттің биік деңгейіне алып шығады.

Мен осында, әдемі Алматымызда тұратын өзіммен замандас біраз ғылым қайраткерлерін, түрлі мамандық иелерін жақсы білем. Солар химик, ботаник, географ болуына қарамастан дастарханы кең Отанымыздың жеке отаулары — туысқан республикаларының әдебиеті мен мәдениетін, өткені мен бүгінгісін, жаманы мен жақсысын кәміл жақсы біледі. Солардың рухани бейнелеріне қарап отырсаң сүйсінбеске шарап жоқ. Бұған еліктеу — игі ақыл.

Мен жоғарыдағылармен қоса студент шәкірттердің ой жайына, көкей-көңіліне мына бір ескертпелерді салар ем. Және қазақ студенттері мен орыс студенттері өздеріне арнайы айтылған жайларды саралап ұғынса артық емес.

Осы уақытқа дейін республикамыздағы жоғары оқу орындарына келіп түсетін қазақ жастарының біраз тобының ұлы орыс тілінен марқая білімді емес екендігі көзге айқын ілігетін факты. Бұл — кемістігі өз алдына, кешірімсіз нәрсе. Қазақ студенті орыс тілін шала-шарпы білсе өзінің мәдениетті адам болып қалыптасуы жолында көп нәрселерден құр қалады, ұтылады. Күн сәулесін аз алған өсімдіктің жетілуі қандай баяу болса, ұлы халықтың ұлы тілін білмеген қазақ жасының да мәдени өсуі сондай баяу болады. Бұлай болса әділ ақиқат мынаны айтқыза-

ды: орыс тілі — қазақтың да, қырғыздың да, түрікменнің де, тәжіктің де, өзбектің де екінші ана тілі. Иә, олар үшін орыс тілі — шет тілі емес, екінші ана тіл!

Астананың институттарына сонау шалғай жатқан аудандардан — Аманкелді, Қарқаралы, Балқаш аудандарынан келгендер үшін осы бір ойымыз сонша орынды болса керек. Аталған аудандардың ұлдары мен қыздарына әдемі Алматының өз мәдениетінде де алақан жайып үйрен, біл, ұқ деп тұрған сәулет үлгілері аз емес.

Қазақ студенттері, айталық, атақты суретші Репиннің, ұлы композитор Чайковскийдің шығармаларын білуге міндетті. Ұлы орыстың Пушкинін алайық. Оның отандастары дана ақылшылар Белинскийді, Чернышевскийді, терең сырлы Гоголь мен Достоевскийді, заңғар Толстойды, алып Горькийді, жауынгер Маяковскийді, сөз шебері Шолоховты шоқтығы биік орыс интеллигенциясының тағы осындай өкілдерін институттарда оқитын қазақ жастары өзінің Абайынан, өзінің Ыбырайынан, өзінің Шоқанынан кем білу — кешірілмес күнә. Білгенде сол ұлы жандардың шығармаларын қазақтың бүгінгі жас жігіті мен қызы өз нұсқасында жетік білсін. Қазақ студенттеріне үлкен трибунадан айтпағым осы еді.

Енді Қазақстан жоғары оқу орындарында оқитын орыс студенттеріне аз айтпағым бар. Бұл жолдастар жақсы инженер, жақсы геолог, жақсы биолог болуға ұмтылу жолында өзінің ұлы Отанының бір отауы Советтік Қазақстанды жетік білулері керек. Бүгін социалистік інжіл атты орынды тағынып отырған Қазақстанның экономикасын, даму тарихын, мәдениетінің тарихын білу орыс жігіттері мен қыздары үшін де парыз. Парыз ғана емес әбден қажетті нәрсе.

Отан деген ұғым біздер үшін айқын ақиқат. Отан — өзің туған қала, өзің өскен ауыл, өзің оқыған мектеп, қысқасы, өзің өмір азаматы боп қалыптасуға әсер жасаған орта. Ендеше солар жайлы білу ауа мен судай қажет нәрсе.

Егер арнайы айтсақ былай дер ек. Бүгін жоғары оқу орнының аудиториясында отырған орыс жігіті мен қызы, ертең сен де Қызылорда облысының алыстағы бір колхозына агроном немесе дәрігер болып барарсың. Не Қарағанды облысының бір МТС-іне бас механик болып кетерсің. Сонда сендер тек орысты ғана емес, ол тілде сөйлей-

тіндерді ғана емес, басқа тілдеде сөйлейтін адамдарды кездестіресіндер.

Рас, бір кезде басқа халықтар мен ұлттардың тіліне немқұрайды қарау жайы болған. Бұлай жасаған кең пейіл ұлы орыстың биік мәдениетті интеллигенциясы емес-ті, оның қарапайым халқы да емес-ті. Олай жасаған ұлы елдің денесіндегі кінәрат жандар еді.

Ал, бүгінгі өмір шындығы мүлдем басқаша емес пе! Бұл бір болса, екінші жағынан қалыптасып, өсіп келе жатқан бүгінгі орыстың жас интеллигенциясы өзінің алғы ұрпағының қалдырып кеткен тамаша ізгі дәстүрін естерінен шығармасқа керек!

Осы жерде Россияның ұлы Пушкиндері қалдырған дәстүрді тағы еске салғым келеді. Адамзат ақындарының құдіреттілерінің бірі — ұлы Пушкин сол патшалы Россияның түнек, түнді өмірінің ішінде жүріп-ақ басқа халықтардың жанашырлық халіне ақындық көзін салған жоқ па еді. Патша айдауында жүріп Қавказ халқы болмысынан «Цыгандар», «Бақшасарай фонтаны», «Қавказ тұтқыны», сияқты мәңгі жасар шығармаларға материалдар жинап қайтты. Әйтпесе, жалын отты, нәзік сезімді Лермонтовты алайық. Ол да өзінің ұзақ ғасырлар жасайтын тамаша шығармаларының біразын Қавказда айдауда жүргенінде жазды. Міне, соларға бүгінгі советтік Қавказдың бақытты халықтары өздерінің өткен тарихының шынайы көріністерін жанды энциклопедия етіп жазып кеткендері үшін мәңгі сүйіспеншілікпен тағзым етеді.

Терең байымдап қарасақ, В. И. Лениннің Октябрь жеңісінің екінші күніне бүкіл адамзат баласына жария еткен халықтар праволарының декларациясында да әлгі айтылған тамаша дәстүрдің жалғасы жатыр...

Сонымен, көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факты болып отырған біздің ұлы елімізде орыс студенттері мен студенткалары өздері қатынас жасайтын ұлттың тілін, оның тарихын, оның мәдениетін білулері керек.

Осыдан кейін орыс студенттеріне айтарым мынау: егер сендер орыс тілі мен орыс мәдениетінен басқа ештеңе білмейтін болсаңдар, әрине, жақсы емес. Егер сендер өздерің жүрген ортада, өздерің тұратын қалада, өз республиканда, айталық, біздің Қазақстанда жасалған мәдени байлықтарға қызықпайтын болсаңыздар, ол кешірілмес күнә. Бұл — жоғары оқу орындарында оқи-

тын орыс жолдастарға өзінің мәдениетін биік өрімдеуге кепіл, ұлы достықты одан әрі терендете түсулеріне кепіл.

Мына бір мысалды айтпасқа болмайды. Мен осыдан біраз уақыт бұрын Жапонияда болдым. Оның тұрғындары жапон тілінен басқа ешбір тілді білмейді екен. Және ондағы насихаттық трибуна жапон тілінен басқа тілді біл деп үгіттемейтін де көрінеді. Мұның тарихи дәлелі де бар. Себебі, Жапонияда тұратындардың 99 проценті жапондықтар.

Сол сапар сәтінде жапон жазушыларымен, ондағы аудармашылар қоғамының мүшелерімен әңгімелесуге тура келді. Мен оларға біздің көп ұлтты әдебиеттің жайы туралы айттым. Мұны естігенде олар таң қалды. Сөйтсек, қарапайым халқы ғана емес (насихат солай болғаннан кейін оларды кінәлауға болмайды). Жапонияның интеллигенциясы да озат үлгілі совет әдебиетінің көп ұлттық әдебиеттен құралатынын білмейді. Совет әдебиетін олар тек орыс әдебиеті деп қана түсініпті. Біздің Одақтың әдебиетінен тек орыс ақындары мен жазушыларының ғана шығармаларын аударыпты. Рас, аударып үлгірген кітаптарының тақырыбы жағынан алғанда оларды кінәлауға болмайды. 176 тақырыпты роман, басқа шығармалар аударылған. Ал, бірақ, жапондық жолдастар Жамбылды, Корнейчукты, Олесь Гончарды, Упитті білмегені үшін ұялғаны бар.

Мұны мен неге айтып отырмын, болашақ инженерлер, агрономдар, дәрігерлер — орыс жігіттері мен қыздары, сендерге? Мұны мен жоғарыда айтқан ойымның ұшын әрі жалғастырмақпын. Иә, бізде Жапониядағыдай емес, көп ұлтты, көп тілде сөйлейміз. Сондықтан мәдениет үстіне мәдениет, білім үстіне білім жалғай түскілерің келсе, ең бастысы — ұлы достығымызды әрі терендете бергілерің келсе, сендер қазақ тілін білуге, Қазақстан тарихын білуге тиістісіндер. Қазір нақ осыған ұмтылатын шақтарың!

Ал, бұл жөнінде бүгінгі өмір шындығының өзінде орыс интеллигенциясының желілеп тартып отырған ауыз толтыра айтарлық, тұшына естірлік үлгісі бар. Мәселен, Арменияда, Украинада, Өзбекстанда, Әзербайжанда тұратын көптеген орыс жолдастар өздері қарым-қатынас жасайтын туысқан ұлттардың тілінде еркін сөйлеп мәдени демімен бірге тыныстайды. Шынында, кәрі азербайжанға инженер орыс жігіті азербайжан тілінде лекция

оқып тұрса әлгі шалдың жан өзегі қалайша тебіренбес. Өсти алсандар, малшы қазақ шалына сендер де тума ұлсыңдар. Мәдениеттілік деген, терең достық деген басқадан емес, міне, осындайдан келеді.

Біздің үмітті ұрпағымыз — студент шәкірттер, мен сендерге айтпағымды моральдық, адамгершілік бейнелерің кісі сүйсінерліктей болсын деген оймен түйер ем. Моральдық бейне, шынайы жарқын сезімді қасиет биік мәдениеттіліктің көрінісі. Мәдениет этиканың, искусстволың бал-шырынын араша жалықпай жиғанда ғана бойға төгіле үйіледі. Сондықтан, жоғарыда айтқанымдай, үлгі аларлық алғы үздік интеллигенцияның дәстүрінен таймандар, дамыта беріңдер!

Студенттік жылдарың терең білімді мамандық игерудің, бойға ең ізгі қасиеттер жиюдың шабытты да, шабуылды кезеңі болсын! Ұстаздық ниет осы!

1957

ЖҮРЕК АЛҒЫСЫ

Қадірлі жолдастар! Осы жиындарыңызбен қуаныш толқытқандай, үлкен әсер еткендей, достық, туысқандық мінез көрсетіп отырсыздар. Бұл зор сыйларыңызға, осы көрсеткен пейілдеріңізге жаңағы менің алдымда сөйлеген жолдастардың аузынан шыққан неше түрлі достық та, туысқандық та, терең сүйсініс сөздерінің барлығына мен соншалық ризамын да, қуанамын да және баршаңызға алғыс айтамын. Менің алғашқы айтайын деген сөзім осы.

Қеуде алғысқа толы. Осы көрсеткен пейілдеріңіз — үлкен аға, кіші іні, атадан шөбереге дейін, анадан кішкентай немере, шөбере қыздарға дейін бәрлеріңіз жиылып келіп тұрсыздар. Менің туған ортам, менің туып өскен елім, досым! Сіздердің орталарыңа келген мені алпысқа жасым келгенде қайта тудырған да, қайта жасартқан да сіздерсіздер.

Орталарыңа келу, жүздеріңізді көру, осындай жақсы пейілмен қарсы алуларыңызды танып білу дегеннің барлығы — ол зор сыйлық. Әр жақта, талай-талай жерлерде, талай-талай жылдар келмей жүрсем де, менің көңілім осы жерлермен, осы елмен байланысты. Өйткені, Отан

дегенде, ел дегенде біз осындай туған жерді, осындай елді айтамыз. Сол ел сіздерсіздер. Көріп тұрсыздар, менің де көңілім толқып тұр. Кешіккеніме, айып етпеңіздер!

Бұл сыйларыңыз жалғыз маған ғана жасалған сый емес, осы күнгі қазақ совет әдебиетінің өсіп келе жатқан жолына, өскен табыстарына, соған арналған сый-құрмет бір жағынан. Бұл сіздердің көңіл пейілдеріңіз, өздеріңіздің ғана көңіл пейілдеріңіз, бүкіл Абай ауданының, қала берсе бүкіл Семей облысының, қала берсе Қазақстан, совет халқының осы күндерде менің аз ғана еңбегіме, менің кешегі өткен еңбек жолыма жасап отырған аналық-аталық, отандық, достық құрметінің айғағы, соның белгісі.

Сол үшін де жүрек, көңіл қуанышқа толы. Ал бұл құрметті бұл күнге шейін істелген ісіммен ақтадым деп ойламаймын, есептемеймін. Бұдан былай да, ендігі қалған өмірде қолдан келген күш-қуаттың барлығын жұмсап, сіздердің көңіліңізге осындай маған, менің еңбегіме жақсы пейілмен қарап, жақсы бағалайтын, алғыс айтарлық еңбек берсем деп мен соны арман етемін. Сол еңбекті мынау отырған кішкентай балалар ертең мектепке барғанда, бүгінгі мектептегі балалар бұл арадағы мектептерін бітіріп, жоғары дәрежелі мектептерге барғанда еңбегіміздің маңында туып жатқан халықтың осы бүгінгі сіздер көрсетіп отырған сый-құрметін олар да еске тұтатындай, жадына сақтайтындай болса екен деген арман болады менің көңілімде. Бір емес, тірі болсақ талай рет әлі де оралып келерміз. Әрбір келген сайын елдің, өлкенің көркейіп келе жатқанын естігенде, білгенде менің де көңілім шат. Сіздер менің табысымды қуаныш етіп құттықтасаңыздар, мен сіздердің табыстарыңызды, сіздердің жетістіктеріңізді, бүгінгі буынның, бүгінгі нәсілдің, совет елінің осы Абай ауданындағы, осы колхоздағы совхоз елінің бүгінгі нәсілдерінің қолы өнерге, білімге жетіп отырғанын мен де сондай қуаныш етемін. Сіз бен біз бір жанбыз, бір тәнбіз.

Сіздерден жырақта жүрсем де көңілменен, ниетпенен, ойдағы арман-мақсатпенен бәріміз бір тұтас денеміз. Совет халқы деген халық солай. Біздің ортамызда ала мен құла, ардақты мен төмен деген болмайды. Әр уақытта теңбіз, біз еңбекте туысып, қанаттасып келе жатқан халықпыз. Осындай қуаныш күнінде әсіресе жаңағы

жүздеріңізді көрісіп отырып айтқан алғыспен бірге бар көңілімдегі алғысымды, көңілімдегі ең жақсы ыстық сезім жалынымды сол бізді осындай дәрежеге жеткізіп отырған Отанымызға арнаймын, бізді осындай дәрежеге әр сатыда, әр жерде, әр жақта осындай бақытты күндерге жеткізіп отырған Коммунистік партия мен Совет үкіметіне арнаймын.

Сондықтан да, жасасын Коммунистік партия!» Жасасын Совет үкіметі!— деп сөзімді аяқтаймын.

1957

ОЯНҒАН ХАЛЫҚТАР ҮНІ

Баяғының көп ертегілерінде айларға, жылдарға созылған ұзақ ұйқыдан оянған алыптар туралы сөз болушы еді. Бүгінгі Азия мен Африка елдері сол алыптарға ұқсайды. Сан жылдар империализм мен отаршылдықтың қанды шеңгелінде болған бұл елдер меңіреу ұйқыдан оянған қас батырдай, балуан тұлғаларын дүр сілкіп, ұлттық азаттық пен тәуелсіздік жолында жеңсыбанып ұлы күреске шығып жатыр, бірінен соң бірі құлдық құрсауын шарт-шұрт үзіп, талқандап жатыр. Ұлы Октябрь социалистік революциясының өшпес нұрынан сусындап, өз елдерінде социализм орнатып жатқан халықтық Қытай, Корея, Вьетнам, Монғол халық республикалары бүгінде шығыстың шолпанындай жарқырайды. Шетелдік үстемдіктен, отаршылдық тепкісінен құтылған Индия Индонезия, Біріккен Араб республикалары, Марокко мен Тунис елдері өздерінің ұлттық тәуелсіздігін нығайтып, халықтар достығы үшін күресіп отыр. Осыған орай, соңғы айдың ең бір үлкен оқиғасы — тәуелсіз Ирак республикасының жариялануы. Бұл — американ-ағылшын империализмінің қол шоқпары болған агрессияшыл Багдат шартына қаусата тиген соққымен бірдей болды. Осылай бүгін Азия мен Африка елдері өздеріне бүкіл әлемнің назарын аударып отыр.

Әр халықтың бостандығы мен тәуелсіздігін, өнер-мәдениетін аса қадір тұта білетін совет халқы, соның ішінде Қазақстан жұртшылығы Азия мен Африка елдерінің өскелең әдебиетімен де барынша танысқысы келеді. Ол

үшін Шығыс халықтары әдебиетінің өзін оқыған не жетсін! Осы мақсатта Қазақтың көркем әдебиет баспасы соңғы жылдары Қытай, Индонезия, Корея, Индия, Араб және басқа шығыс елдері жазушыларының ондаған кітабын қазақ тілінде басып шығарды. Солардың ішінде ең бір шүйделісі — баспадан енді шығып жатқан «Азия-Африка ақындары» деген кітап. Бұл түгелдей поэзия шығармалары бола тұрса да, Азия мен Африка елдері әдебиетінің жалпы бағытынан бізге көп мағлұмат береді.

Бұл жинақ — біздің оқушылардың қалың көпшілігіне тосын, тың жинақ. Бұнда аты аталған ақындардың көптен-көбін біздің оқушы жете білмейді. Себебі, бұл ақындар біздің Одақтағы туысқан елдердің жазушылары емес. Дүниежүзілік, европалық әдебиеттерден аттары, шығармалары көбірек аталып, молырақ мәлім болатын жазушылар да бұл жинаққа кірген адамдар емес. Солай бола тұрса да, біздің оқушы барынша бейіл бұрып, көңіл ойын аудара, ынтыға танысарлық жырлар, шығармалар осы жинақ ішіне молынан кірген дей аламыз.

Жинақты күнделік көп шығармалар қатарынан бөле сөйлеп, оқшау жайы, мәні бар еңбек деп атауымыздың себебі бар. Қазақ тілінде бірінші рет бәрі тұтасып, бір жинақ көлемінде бұл жолы көрінетіндер — ұлы Азия мен алыс алып Африканың көрнекті ақын-жазушылары. Осы жинақта Қытай, Индия, Араб елдерімен қатар, Кореяның, Бирманың, Монголияның, Вьетнамның ақындары, жырақ Жапония, Индонезия, Малайя, Пакистан, Турция, одан бері де Иран, Ирак, Ауған тәрізді сан елдердің сан алуан ақындарының үндері ұғылады. Жүрекжарды жырларында ел-отандарының тағдырлары, сыр-шерлері шертіледі.

Әдетте, осы аталған елдердің әдебиет мұраларын Шығыс әдебиеті, кейде жырақ Шығыс әдебиеттері деп те атаймыз. Бұл ретте азиялық Шығыста неше мың жылдар тарихтарын бастарынан кешкен қарт Қытай, ұлы өнерлі Индия, Иран тәрізділер қадым замандардан әлем әдебиетіне бал-бұлақтай көп асыл тәтті сырлар, жырлар, көркем күйлер, асыл үлгілер берген әдебиеттер саналады. Олардан кейінгі Европа, Америка, бар дүние ақындары, жазушылары сан алуан үлгі, нәр алғаны мәлім.

Жаңа Европаның ең ұлы ойшыл ақынының бірі — Гете өз аузымен Шығыс поэзиясының қадір-қаснетін ба-

ғалай келіп: «Иранда жеті шебер ұлы ақын бар. Солардың ең жаманы менен сонағұрлым артығырақ»— деген еді. Дүниеге өзге мол білім, даналық үлгісінің талайын берген Азия, Африка елдері көркемсөз өнерінде де көп үлгі тарататы даусыз. Бірақ сол ұлы Шығыс, көне тарихты алып елдер соңғы ғасырларда құлдықта, қанауда, отаршылдық қорлығында қалғаны мәлім еді.

Империалистік отаршылдық айласы мен бұғауы, жоғарыда айттық, ұйқыдағы алыптай етіп нелер көне тарих иесі көп миллиондаған халықтарды қараңғылықта, тұсаулы тұтқын етіп келді. Шығыстың сондай қайғылы мүшкіл халін терең толғанып ойлаған адамның бірі — Ұлы Ленин болатын. Ол Азия халықтарының ояну, азаттық алу дәуірін қиял етіп, шын көксейтін. Қытайдай, Индиядай халықтар жақын шақта өз азаттығына жетеді деп мейлінше сенетін.

Міне, бүгін біздің оқушының қолында отырған, жоғарыда жұрттары аталған көп ақындар үндері сол Ленин арман еткен оянуды паш етеді.

Жинаққа кірген өлеңдердің бәрі де — соңғы ұлы соғыстан кейін туған шығармалар. Бұл жылдарда көп тілдер мен бірінен-бірі жырақ жатқан жаршы-жырлар үндері өзді-өз отанының тарихы мен тағдырын бүгінгі барлық азаттық сүйген адамзаттың үн-ұранына жалғастырады. Соңғы он жылдар ішінде азаттыққа жеткен қалың елдердің елдік арман-мүдделерін шертіседі. Сонда ең бір басым сарын есебінде отаршылдық қорлығынан құтылу ең айбынды ұран болып өктем шығады. Және сондай бар әлем адамзатына ардақты болып отырған бейбітшілік пен қанды соғысқа қарсы қайратты жігер үндері және де үдей-үдей естіледі.

Халықтар достығын тудырушы, барлық отар болған елдерге ұлы қамқорлық етуші — біздің Отанға — социализм әлеміне, өзгеше бауырмалдық, достық, ыстық, жалынды сенім, серт арнаған жырлар да осы жинақ ақындарынан аңғарылады. Сол жайлардың бәрінде өз отандарының басынан кешкен бағы замандарымен жалғастырып жырлау да бар. Баяғысы сондайлық болған ұлы халықтардың ендігі ояну, өрлеу дәуірі бейбітшілікті сүюші еңбек әлемінің бар талабы, зор талабымен табысып жатқаны да жыр етіседі. Бірінен-бірінің жұрттары, жастары, көзқарастары басқа-басқа болса да, жаңағы соңғы аталған жайлар, сырлар осы жинақты біріне-бірі-

нің күйі, күні, асыл мұны, үні жақын ақындардың біріккен жинағы етеді.

Қазақстан көркем әдебиет баспасы осылайша Азия, Африка халықтарының ақындарын Қазақстандағы ірі ақындарымыздың біріккен еңбегімен әдейілеп аудартып, 1958 жылы күз кезінде Ташкентте болатын Азия, Африка елдері ақын-жазушыларының тарихтық зор жиналысына арнап шығарып отыр.

Ардақты оқушы, мәні, жөні өзгеше осы жинақпен айрықша бейіл беріп танысар деген үміт артамыз.

1958

ҮЗІЛМЕС ДОСТЫҚ ӨРЕНІМІЗ

Достық асылы тілде емес, көңіл-бейілде, істе, ертелікешті өмірде екенін әркім айырады. Соның үстіне және де достық адам арасында ғана емес, қауым, халық пен халық, тарих пен тарих достығы боп та келеді. Бұл соңғы қалпында ұлы сипатты достық іске асқанда, тарихқа, қауымға, нәсілге ырыс-береке бергендей мұралар тудырады.

Ұлы орыс халқының достығын біз қазақ совет халқының ата, бала буындары еске алып, ой қозғай бастасақ, сол жаңағы айтқандай жөні бөлек жайларды арғыдан да, бергіден де және әсіресе бүгінгі социалистік ұлт болған алтын арай дәуірімізден де ұшан-теңіз молынан ұшыратамыз. Тек қана Шоқан, Ыбырай, Абай үшеуін ғана алсақ, қазақ халқының саналы тарихының үш сеңгірі екен. Олар бастарын үнемі күн шалғандай нұр шалған, бұлыңғыр тартпас, бұлдыр болмас биік шұғылалы сеңгірлер дейміз. Ал сол үшеуіне де сондайлық өлместік, өшпестік қадірден қасиет қосқан ұлы орыс халқының беймезгіл заманда бұратана елдерге борышсыз жасаған достығы болатын.

Ал қазіргі басымыздан атқарып келе жатқан 41-жылдың бізге бергенін ойлай, сөйлей бастасақ, сан салалы дастандай анық халықтар достығының алып дастанын шолып өткендей болар ек.

Бұл сияқты ел сыры — жырының ішінде ең әуелі жеке аталық, аналық, азаматтық пен балалық тапқан талайлы

бақ табысын алсақ, ол өзі бір сарқылмас сән-сыпаттар. Сол буындардың әр адамы «қандай едім, кім болдым», «қандай күйден бастап ем, қаншалық өріске жеттім?» деген сұрауларға жауап бере бастаса, аз өмір, ұзақ өмір болсын — бәрі де ұлы орыс халқының ұдайы үзілместей дос өнері, дос ғылым тәрбиесі, ұлы достық табыс, тәжірибесі жәрдемші болып, жетекші аға достығын істегенін баян етеді. Ал міне қазір қазақ искусствосы мен әдебиетінің онкүндігіне Москва сапарына аттанған толып жатқан өнер шеберлерінің түрін, тегін алсақ, барлық үлкендікішілі жайларымызда, табыстарымызда және де ұлы орыс тарихы мен бүгінгі советтік өнер мәдениетінің жебеп-демеп келе жатқан, үзілмес те айнымас аға достығы танылады.

Көркемөнер ән-күйлі, сахналы, әралуан спектакльдей сан асыл сапасын танытар. Бұл қатарда бүгінгі шақта біз жеткен биік өрелі опера, балет, филармония, драмалық театр спектакльдері, әлденеше ансамбль, сурет, сәулет өнерлері, музыка, кино табыс көріктері және өзіне бөлек бір төбе бүгінгі қазақ совет әдебиетінің шалқып жеткен бел-биігі — бәрі-бәрі де және де сол атаған ұлы мәдениетінің ұлан-ғайыр достығын дәріптеп, дәлелдейді.

Кешегі ғана екі шекті, қоңыр момын үнді домбыра баяулай тартқан ақырын саз бүгін өр де, зор үнді ұлт оркестріне айналып, нелер киян алысқа атақ жайды. Жеке, жалғыз домбыра орнына және симфониялық оркестр, жалғыз көмейден шығатын жапа-жалғыз әнші орнына көп үнді хор, әлденеше топты опера түрлері қазіргі қазақ музыкасының қалыпты мерзіміне айналды.

Ұлы орыс халқының сахналық опералық мәдениетіне иық сүйеу, қол арту арқылы сол орыс халқының өнерін де баурады, ол арқылы дүниежүзілік опера өнерінің де асқарын асып келеміз.

Баяғы Біржан, Жаяу Мұса, Шолақ, Ыбырай, Әсет, Абай әндеріне қоса, немесе Құрмангазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина күйлеріне өз көркімен үйлесе жалғасып, шабытты шат жарқын табыстарға тартып Чайковский, Мусоргский, Римский-Корсаков, Глинкалар көп дос көмегін ұсынды.

Қырық жылдан аса даму мен толысу сапарын, көркейе өрлеу жолын кешіп келе жатқан қазақ совет әдебиеті де өзінің бар түр табысында ұлы орыс әдебиетіне дос алғысын айтудан айнымақ емес. Бұл жөнде ұстазымыз

Горький бар қазақ жазушысының еңбектерінен өзінің достық игі ниеттерінің әсерін, ізін, елесін ұдайы табады. Горькийдің кей шығармаларынан өзіміздің көркем шығармаларымызға ауысқан үлгі-өрнектен басқа, сол Горький айтқан әдебиет жөніндегі ұлы тұрғы ойлардан ой алмайтын, бағыт-бағдар танымайтын қазақ жазушысы жоқ деуге болады.

Сол тәрізді Маяковскийден де қазақ поэзиясына ауысқан достық үлгі, үлкен тұлғалы революциялық сарын мол болумен бірге, Маяковский поэзиясы тек қана қазақ совет поэзиясынан өз елесін аңғартады десек, ол аз болар еді. Әлі көп ойланып, көп үңіле бойлап, зерттейтін әдебиет терең сырындай жайлар бар. Сонда Маяковскийдің революциялық көрегендігі мен ерлігі, өзінше соны жол іздеп тапқан өскелең шабытты тіл теңеу табыстары, жаңашыл дабылдары тек қана қазақ поэзиясы емес, біздегі өзге көркем әдебиет түрлерінен де өз үлгісін табады.

Бізге қазақтың «Қобыланды», «Қыз Жібегі» ерте жастық шағымызда есітумен сіңген жар-жары, ән-сөздері, берідегі Ыбырай, Абайлар қандай ыстық, қымбат болса, Пушкиннің, Тургенев, Толстойдың, Горький, Маяковскийдің, Фадеев, Шолоховтың өлең жолдары мен көркем кітап беттері соншалық ыссы, соншалық қадірі кетпес қасиетті қазынамыз. Міне, үзілмес достық осылай болған шағында, әрқайсымыздың бас табыс бақытымызда да өзінің зор үлесі бар достық дейміз. Сол себепті сол ырыс достыққа мың да бір алғысымыз арналған! Біз үзілмес достық өреніміз!

1958

ӨНЕРГЕ ӨНЕГЕ

Қазақ көркемөнері мен әдебиетінің екі онкүндігі — 1936 жылғысы мен казіргісі — ұлттық тарихымызда, рухани мәдениетіміздің тарихында аса маңызды кезеңдер болып отыр. Бірінші онкүндік — бастамасы еді, сол кездің өзінде де біз белгілі бір шын нысаналы шыңға шыққанбыз. Екінші онкүндік — шабыт пен шарықтаудың, қазақ халқының көркемөнері мен әдебиетінің орасан зор

өрлеу онкүндігі болып отыр; қазіргі қол жеткен табысымыздың шыңына бұрынғы тең келмейді, онан әлдеқайда биік тұрмыз.

Қазір онкүндікте біз өресін жайған көркемөнер мен әдебиеттің есейгенін, құлашын кең жайғанын көріп отырмыз. Халқымыз, мәдениетіміз өзінің алтын ғасырының саясында өмір сүруде деп тайсалмай айтқызып отыр ол бізге. Мәдениет саласына зер салсақ, біз жасаған көркемөнердің балетін, драмасын, киносын көреміз, опералары мен симфониялық музыкасын көріп тыңдаймыз, сахнаның, бейнелеу өнерінің тамаша ансамбльдеріне, көрнекті шеберлеріне қол соғамыз. Ал әдебиет ше, ол әрі алуан түрлі, әрі талапты, алға ұмтылған әдебиет.

Москвада, астана маңындағы поселкелер мен қалаларда күн сайын дерлік әркилы өнер көрсетілді. Спектакльдер, концерттер, творчестволық талқылау, сауық кештері өтіп жатты. Ойын көрушілер мен кітап оқушылар көргендері мен естігендерінің бәрін жай тамашалап қана қоймай, спектакльдерді, кітаптарды, бейнелеу суреттерін, полиграфиялық жұмыстардың сапасын, тағысын тағыларды белсене талқыласып, талғампаздық талаптар қойғаны бізді қандай қуандырғанын айтсаңызшы.

Талқылаулар, айтыстар әр жерде-ақ болып жатты — мұның өзі үлкен мамандық тәжірибесі бар адамдардың пікірін білу үшін де арнайы ұйымдастырылды. Сол кезде бұл талқылау мен айтыстар театр мен кітаптың «қарапайым» әуесқойларының арасында да өзінен-өзі туып отырды. Осы талқылау, әңгімелесу — мейлі орыс, мейлі қазақ, мейлі украин қай ұлттың әдебиеті болса да, советтік көп ұлттық мәдениетті сүюші, терең түсінуші адамдармен тікелей бас қосу бізге өте көп пайдалы, бағалы, рухтандырушы ақыл берді және бізге деген тілектер тамаша жемісті ой салды. Осы ойлар жаңа өлеңдердің, романдардың, балеттердің тууына сөзсіз себеп болмақ.

Ия ,біз шабытымызға шын мәнінде аса зор өнеге алдық. Біз өнерпаздық құлашымызды бәсеңсітпеуіміз керек, мен тіпті қуанышты іске қызу үстінде (кемшіліктер мен әділсіздіктер бар да ғой, ол туралы бізге беторай тіке айтылды), онкүндік кезіндегі кеңестер мен игілікті тәжірибені ескере отырып тезірек кірісуіміз керек дер едім.

Өзім жазушы болғандықтан, әсіресе москвалық әдебиетшілермен кездесу менің есімде қалды. Жазушылар

одағында әдебиетіміздің әрқилы жанрларын талқылау маған өте-мөте әсер етті. Прозаны үш күн талқылауда отыздан аса адам сөйледі. Олар талдап, нақтылап, жаны, ашып айтты.

Мұның маңыздылығы сол, нақтылы талдау — туысқан әдебиеттердің бәріне ортақ мәселелер жөнінде сөз болып жүрген проблемамен ұштасты. Осы бағдарда ұлттық өзгешелік туралы айтылған пікір есте қалды. Жазушылардың творчестволық психологиясы туралы, көркем әдебиетте халықтар достығын бейнелеу туралы айтылған пікірлер де барлық жұрттың назарын аударды. Туысқан халықтардың өкілдерін көркем әдебиетте бейнелеу туралы мәселенің барлық жазушылар үшін ортақ көптеген қиыншылықтары мен шектері бар. Бұл жөнінде де, басқа мәселелер туралы да өзара творчестволық тәжірибе ауыстырулар үлгі аларлық қызғылықты болды.

Біздің әдеби мұрагерлеріміз үшін — жас жазушылар мен ақындар үшін онкүндіктің өте пайдалы болғаны мені қатты қуантты. Әдебиетшілер саны соңғы жылдар ішінде жақсы әзірленген мәдениетті жас әдебиетшілер есебінен толықтырылып отыр. Меніңше, онкүндікте олар өз мамандығы жөнінде көптеген сұрауларына жауап алды және бәрінен бұрын біздің бәрімізге, әсіресе сол жастарға, қазіргі ұлы шындықтың ынталы замандастарына дәл қазіргі осы шындық туралы, біздің бүгінгіміз туралы жазу қандай маңызды екеніне олардың тағы да бір рет көзі жетті.

Біз Москваға өлеңдер, суреттер, музыкалар, билер, кітаптар әкелдік. Сонымен бірге біз үлкен арман да ала келдік — кітап оқушы және өнер көруші москвалықтар өзімізді таныса екен, жаңа жоспарлар және тәжірибелермен «қаруландырса» екен деген арманмен келдік. Біз үшін бағалы болғаны сол — қызу еңбек күндерінен кейін біздің арманымыз орындалды, арманымыз ақталды деген сеніммен қайтып барамыз. Біздің Қазақстанда даналық — орындалған армандардан туар болар деседі. Сөйтіп біз достарымызға, туысқан Москваға зор алғыс айтамыз.

1959

ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Дәуіріміздің, қазіргі адам баласының ақыл-ойының шамшырағы — Коммунистік партия, Ленин партиясы туралы ойдан артық ешқандай ой болуға мүмкін емес.

Әрбір адамның туған халқы туралы, ұлт туралы, адамзат туралы көкейкесті ойы Коммунистік партиямен тығыз байланысты, тереңдей түссек, семья, адамның жеке басы, іс-әрекеттері туралы ойлар партия деген қасиетті есімге барып тіреледі. Адамның да, қоғамның да, табиғаттың да бүкіл өмірлік дамуы, ғажайып өзгерістері осы партияның қуат жігерімен, қырағы данышпандығымен барып ұштасады.

Әрбір адам еңбегінің қасиетті тері арқылы жасалған қалаларды, заводтарды, ауыл шаруашылығы мен ғылым табыстарын еске түсіріңізші — мұның бәрі партияның ісін, идеясын, оның кешегісі мен бүгінгісін, айта берсек, ертеңгісін бейнелейді. Адамның жеке қара басының да, қоғамның да, ғылымның да, социалистік одаққа біріккен халықтардың да жолы — партияның жолы.

Біз Отанымыздың, халқымыздың, отандастарымыздың, совет адамдарының партиямен күнделікті жанды байланысын, өмірлік мызғымас табиғи бірлігін сезінеміз.

Біз адамзаттың бүгінгі тарихы туралы ойласақ та, оның келешегі туралы ойласақ та партиялық идеялармен ұштастыра ойлаймыз. Бұғауды үзіп, азат болған кезде адамзат партия нұсқаған жолмен жүреді, бүкіл планетада жеңіп шыққан коммунизмнің бақытты дүниесін орнатады.

Одақтағы туысқан халықтардың бірінің өкілі ретінде және әдебиетшісі ретінде партия туралы ойымды, өз халқымның, туған республикамның бүгінгі, кешегі күнімен салыстыра, байланыстыра шоламын. Сонда мынадай ой туады. Егер халқымның қолы бақытқа жетпесе, Октябрьден бастап бүгінге дейін жасаған табыстары болмаса, мен не ойлай алар'едім? Халқымның, өлкемнің кешегісі туралы ойларды жарқын ойлармен салыстырғанда, мен мынадай қорытынды жасаймын! Ленин партиясының басшылығымен менің халқымның жаңа тарихы жасалды, ол жеткен табыстардың бәрі ой-өрісімді шексіз кеңейтті және айқындады. Бұл ойдың өресі қалықтап ең биікке көтерілген қыранның көзі жетерлік аса алып кеңістікке керілген көк жиектей кеңбайтақ дүниеге жетіп отыр.

Ия, дәл осы партия қыранның көзі жетерлік кеңістікті қырандай айқын көретін етіп көзімізді ашты, ой-өрісімізді өрлетті, кеңейтті, халқымыздың ата-бабамыздың тарихы ешқашан білмеген жаңа сезім туды.

Біз өмір сүріп отырған алтын ғасырдың азаттық алған қайта туған халықтарының ұрпақтарына лайықты, дүние тануы терең де жарқын, бақытты жандармыз. Советтік Отанның ұлдары мен қыздары өз бақытымызды мақтанып айта аламыз. Ал осы ой-сезімдермен бірге біз социалистік Отанға деген ыстық сезімді, оған деген советтік патриоттық сезімді адамзаттың жаңа тарихында ерекше сеземіз. Біз халықтардың өзара туысқандық, достық сезімін де, дүние жүзінің барлық халықтарын құрметтеу сезімін де коммунистік адамгершілікпен байланыстыра ұғамыз.

Осы сезімдер мен ойларда әрбір саналы адам үшін аса зор маңызы бар, бек бағалы нәрселер де бар. Бұл ең алдымен өзінің туған халқын мақтаныш ету сезімі, оған деген патриоттық сезім. Оның бер жағында мен, өз халқымның тарихында болған мынадай шындықтың куәсімін: Ленин партиясы бұл сенім мен сүйіспеншілікті өз халқының санасында орнатқанға дейін — шаруалар, жұмысшылардың басым көпшілігі, яғни бүкіл еңбекші жұрт — халықтың негізгі бұқаралары — өз халқын сезбеді, оны өз ұлтым деп танымады. Қорғансыз, правосыз болғандықтан өздерінің әлеуметтік ой-өрісінің тар болуы себепті де оларда Отанға деген патриоттық сезім де болмайды.

Партия бізді Отанға деген сүйіспеншілікті сезіммен тәрбиеледі. Асыл идеялардың шыңынан ілгері қарауға және мәңгі бағалы дүниені, барлық жерде өзіміз жасап жатқан дүниені тануға, адамдарды, олардың тағдырын және өзіміздің адамдық қарым-қатынастарымызды бағалауға, ұғынуға, тануға үйретті.

Маркс-Ленин ғылымының данышпандылығын өз бойына жинаған партияның тәрбиелік ықпалының түбірлі айырмашылығы мен принциптік ұлылығы, оның жалпыға бірдей дәрежеде бүкіл халыққа білім беруінде болып отыр. Өз қатарында миллион, ондаған, жүздеген миллион адамдары бар әрбір халықтың партиялық саналылығын көтерді. Мысалы, Ұлы Отан соғысының майдандарында қазақ халқының жігіттері мен қыздарының жасаған ерлігі кездейсоқ нәрсе емес, дәл партия берген

тәрбиенің заңды көрінісі еді. Тек жауынгер еркектер ғана емес, Мәншүк Мәметова және Әлия Молдағұлова сияқты қыздар — Отан соғысына қатынасқан қарапайым қатардағылар Совет Одағының Батыры болды, партияның арқасында қайта туған халықтың қыздарына лайықты рухының ұлы ерліктерін көрсетті. Әскерлеріміз Днепрден өтісімен-ақ жауынгер қазақтар украин жерін құшақтап мейірлене сүйді. Мұның өзі партияға және Ұлы Отанға деген адалдығын айқындайтын сезім сәулесі еді. Иә, партия халықтардың туысқандық өзара байланысының бұрын болып көрмеген мейірбандық сезімін оятты. Ұрпақтарымызды осылайша тәрбиеледі, дағдыландырды. Қартайған Жамбылдың көкірегінде туған өлең, Ленинград іргесінде болған соғыста жауға оқ болып атылған өлең, тек осындай терең де, үлкен де сезімнен туашақ еді.

Бұл партияның тәрбиесінде өскен шынайы да кең бейілді, мейрімді сезім. Қазақтың мектеп балалары Шевченконы, Пушкинді туған классиктеріндей құрметтейді, сүйеді, сондай-ақ Фирдоуси, Низами, Науаилар да қазақтар үшін ұлы классиктер өз классиктері болып есептеледі. Абайдың да атағы кең жайылып, Украинаға, Арменияға, Өзбекстанға тағы да басқа туысқан республикалар мен автономиялы облыстарға әйгілі болды. Майдандағы қанмен дәнекерленген, рухани қазынаға құйылып, терең тамыр жайған мұндай туысқандықты партия тәрбиелеген, халықтарымызды адамгершілік жағынан жан-жақты байытқан туысқандықты біз мақтан етеміз. Партия бізде барлық халықтық. Отан сезімін тұрызды, көп ұлтты, көп тілді Ұлы Отан деген намыс, патриоттық сүйіспеншілік, бүкілхалықтық мақтаныш қанымызға да, тәнімізге де сіңді.

Совет адамдарында ой-сана да басқаша болып отыр. Советтік патриот дегеніміз өз отанының барлық халықтары үшін, оның барлық ұрпақтары үшін, аталық үшін, аналық үшін, жастық пен балалық үшін терең ойлап еңбек ету болып табылады. Совет адамдары жалғыз өз Отаны емес, бүкіл адамзаттың болашағына жауаптымын деп ойлайды. Совет адамындағы бұл ойларда халықтарға шын достық істеу, езушіліктің, қанаудың қандайына болса да қарсы шығу, сөйтіп халықтардың правосын қорғау ниеті жатыр.

Партияның бізге берген тәрбиесі халықтар достығының идеясы бұл ұлы ұстаздарымыз Маркс пен Лениннің

өсиеттерін тарихи түрде жүзеге асырудың жарқын бейнесі. Ол достық деген: «адам адамға қасқыр» деп мейрімсіз қастандықты дәріптеуші зоологиялық өшпенділіктің орнына келді. Жауласушы қоғамда адам адамға қас болған кезде, онда халықтар арасында достық та бола алмады — оларды өшіктірді, бірін-бірі қыруға, ұзақ уақыт езуге, өмірлік жауласуға айдап салды.

Міне, коммунистік адамгершілік пен советтік гуманизм идеяларымен нұрланған совет адамының рухани табиғаты, адамгершілік мәні осылай жаңарып, ой-санасы байыды, ал мұның өзі, біздің бүкіл мемлекеттік, қоғамдық, қызмет-кәсіптік, семьялық қарым-қатынастарымызда және жеке бастық өмірімізде бейнеленіп отыр.

Партия өзінің жиырма бірінші съезінде өз тарихының бүгінгіден де ерекше, тағы бір жарқын, данышпандық бетін жазады да, өз шешімдерімен ол біздің мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық және жеке бастық өмірімізге жарқын жаңалықтарын, зор болашақтарын алып келді.

Съезд шешімдері алда тұрған тамаша соулетті жылдарды нұсқайды. Біздің ұрпақтарымызға, халықтарымызға, елімізге деген партияның жан-жақты ұлы қамқорлығын бейнелейді. Біз партияның ойлаған ойы мен идеясына қарай қатарымызды түзей отырып, саналы еңбектен өз орнымызды — тұрмысымыздың мәні мен мақсатын тауып аламыз. Туған елімізге, халқымызға партия айтқандай адал қызмет атқарамыз.

1957

ӘДЕБИ МҰРАҒА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар!

Өткен төрт күн, бүгін, міне, бесінші күн бойында біздің мәжілісіміз қазақ әдебиет ғылымының табыстарына ізденулеріне, алдағы міндеттеріне арналған мол мәселелермен шұғылданды. Бұл жайларға үлкен бейіл мен көп көңіл бөлінді. Зор күш салып, еңбек еткен ғылымдық конференция бүгін, міне, осы мәжілісімізде бар жайды аяқтай баяндап, түйіндеу кезеңіне жетті. Бұл үлкен жи-

налысқа біздің барлық мәдениет майданындағы басшы жұртшылығымыз ойдағыдай аса жақсы көңіл бөлді.

Соның айғағына, осы жиналысқа қатысқан қадірлі қауым топтарының қатарын санап өтсек те жетерлік. Мәжілісімізге ұдайы қатысқан Қазақстан Ғылым академиясы қайраткерлерінің мол қатары болды. Республикадағы жазушы әдебиетшілер топтары, қазақ тілін зерттеуші ғалымдар, әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар мәжіліске ұдайы ат салысумен болды. Бұлардан бөлек әлеуметтік ғылымдар саласындағы қайраткер, көрнекті академиктер тегіс араласты.

Республикамыздағы ғылым-мәдениет, ғылым-тәрбие орындарының, жалпы ағарту басшы орындарының ірі қайраткерлері және атақты ғылым ошақтары: университет, пединституттер, әйелдер педагогикалық институты оқытушылары да конференция ісіне толық қатысты.

Қазақстан Жазушылар одағынан хатшы-басшы, аға жазушылар бұл конференцияға бастан-аяқ ат салысқан ойларымен, ақыл қосқан пікірлерімен ұдайы араласты. Барлық осы саналған кең көлемді мәдениет майданының азаматтары, құрметті өкілдері әдебиет мәселелерінің көбіне өз көзқарас, ой-пікірлерін айтумен елеулі үлес қосты.

Конференцияның алдында тұрған проблемалық көп мәселелерге қалың жұртшылығымыздың көңіл бөліп, бейіл беруі осындайдан бір көрінсе, сонымен қатар айрықша атап, алғыспен айтып өтетін тағы бір жай бар. Ол — осы мәселелерімізге Қазақстан Орталық Партия Комитетінің ерекше мән беруінде.

Конференция мәжілістеріне Москвадан, Одақтық республикалардан, облыстық білім-тәрбие орындарынан келген қонақтар қатысты. Қазақ әдебиеті жайынан елеулі пікірлер айтып жүрген Одақтық Ғылым академиясы мен Жазушылар одағының көрнекті өкілдері де өз пікірлерін ортаға салып, жақсы көмек етісті. Осылар қатарында туысқан республикалардан келген бірнеше қадірлі қонақтарымыздың да пайдалы пікірлерін еске аламыз.

Қатарларын осылай атап өткен жеке қайраткерлер мен арнаулы топтардың конференция жұмысына көрсеткен көмектері үшін осы мәжіліс атынан алғыс бейіл білдіреміз.

Біздің конференциямызда күн тәртібі бойынша негізгі жеті баяндама, қосымша тоғыз баяндама тыңдалып

өтті. Жарыс сөзге жиырма сегіз адам қатысты. Осынша жұрттың қосылып өткен еңбегін жалпы айтқанда, ол ойдағыдай, жоғары дәрежеде, жақсы өтті деп айта аламыз. Конференция кезегі жеткен келелі мәселелерді дер кезінде ғылымдық сын, ғылымдық-теориялық қалыпта орнымен қоя білді. Бұдан былайғы шақтарда көп жайларды жауапты шешудің бет бағдарын анықтады.

Өткеннің мұраларына, ғылымдық еңбектерге қорытынды боларлық сынау, байлау пікірлер де аз айтылған жоқ. Осы белгілерге қарап та конференцияның ғылымдық дәрежесі жоғары сапада болды деп айта аламыз. Бұл конференцияның осылай болып өтуіне алдын ала негізгі бет нұсқап, идеялық басшылық міндеттер артқан және сол жөнде көмектескен Қазақстан Орталық Партия Комитетінің еңбегі айрықша.

Конференциядағы сыншылық, ғылымдық жүйелік, әдебиет тарихтық мәселелерді алға қойғанда баяндамашылар да, жарыс сөзге шығушылар да бір үлкен, зор тұрғыдан тарайтын пікірлер қозғады. Бұл нысана тұрғы КПСС-тің XX және XXI съездерінің қаулы-қарарларына, ғылымдық жүйелік негізгі нұсқауларына сүйенген негіздер болатын. Сол съездерде Ленин партиясының барлық ғылым саласында арнаған терең қорытынды байлаулары біздің де ғылымдық ізденулеріміздің өзекті арқауы, кең арнасы болды. Енді конференцияның нақтылы дәл деректі істерін еске ала келе, ең әуелі мынадай бір қорытынды айтар едік. Шақ шындық болса да, естіген мен білгенді жинақтай келе айтқанда, біз бұл бес күн ішінде ғасырлар бойына созылған қазақ әдебиеті тарихының үлкен көлін кезіп-кешіп өттік. Есте жоқ ескі, сонау жырақ жағасынан бүгінгі жақын жағасындағы жиегіне дейін мәжіліс кемесі жүзіп өтті дер едім.

Бүкіл әдебиет тарихының ұзын өлке бойын алсақ, арғы бір жағасы «Қара Қыпшақ Қобыланды» болса, бергі шегі Ғ. Қайырбековке дейін бір жол тарттық. Және бір арғы жиегі ескі аңыз болса, бергі беті Т. Ахтанов пен Ә. Нұрпейісовтен аяқтады. Осындай көл-дариядай мол дүниені бүкіл мәжіліс боп бойлап өткен жайымыз бар. Терең жай болмаса да, қорытынды есебінде айта кетер осындай да бір шындық бары рас. Сондайлық мол мұхиттай әдебиет әлеміне енді міне қорытынды жасай қою да, әлбетте, оңай емес. Осы міндетті мен мойныма алсам да, қолымнан келе қояды деп анық сеніп, кірісіп тұрғам

жоқ. Көңілдегі заңды күдік-қобалжумен кіріскелі тұрмын.

Сол жөнде ең алдымен айта кетерім: конференцияда қаралған бар мәселе жөнінде және бар баяндамашылар мен жарыс сөзде сөйлеушілердің ойларына тегіс түйін түйе сөйлеу мүмкін де емес екенін еске сала кетейін. Әрине, жалпы жайларды ғана қопсыта қозғап, желе жортып, көктей өтіп кетемін деп те тұрғаным жоқ.

Тек алдын ала айтар бір өтініш: баяндамашылардың бәрінде болған орынды, дұрыс, даусыз жайларына тоқталмауға рұқсат етіңіздер. Олардың кемшіл соққан, олқы қалдырған немесе дұрыс айта алмаған жайларына ғана тоқтап өтуге тура келеді.

Негізгі жеті баяндаманы алсақ, менің ойымша, бұлардың барлығы да жарамды еңбектер болды. Қазақ әдебиет тарихының арғы-бергі дәуірлерін зерттеу жолында барлығы да әрі оқытушы боп, әрі монографиялық еңбектер жазып жүрген жолдастар болғандықтан баяндамаларында да өскелең еңбек етісті. Мысалы, советтік ғылым алдында тұрған міндеттер жайында Е. Ысмайыловтың баяндамасы көп күрделі жайларды жарамды түрде салмақты етіп қоя білді. Қанағаттанарлық түрде шешулер де айтты. Сол сияқты Қажым Жұмалиевтің де баяндамасы оның көп ойланып, көп толғанған тақырыптарға жауапты түрде талдау жасап жүргенін танытты. Қажым баяндамасының кейбір тұстары даулырақ болып, дәлелдеуді молырақ керек ететін жайлар болса, ол Есмағамбет баяндамасында да бар еді.

Н. С. Смирнова баяндамасы — ол кісімен екеуміздің академияда, фольклор бөлімінде бірге істеуімізге байланысты менің де тікелей катысым бар баяндама болатын. Бұл баяндама фольклор саласындағы ғылым жолымен істеліп жүрген және істелейін деп отырған істердің программалық жайларын дұрыс таратып, дәл баяндап өтті деп ойлаймын.

Көпшілікке ұнаған баяндаманың бірі Бейсенбай Кенжебаев жолдастың баяндамасы болды. Ол баяндаманың өзіне тән, көбімізге соны, ерекше бір корытындылары болғандықтан сол тұсына аз тоқтап кетейін. Біздің әдебиет сияқты, көп туысқан әдебиеттердің жүріп өткен жолдарын, өну-даму әдістерін алғанда, орыс классик әдебиетінің өрісімен салғастыруға келмейтін, олқы, кемшіл жақтары мол екені мәлім ғой.

Сол қатарда орыс әдебиетінің үздік бір ерекшелігін еске алайлық. Профессор Благойдың «Орыс әдебиетінің ұлттық ерекшелігі» деген мақаласы шықты. Сонда революцияға дейін болған ерекшеліктер де мол саналады. Дүние жүзі әдебиетінің академиясы дерлік — орыс классик әдебиетінің зор бір қасиеті: XVIII ғасыр жарымынан бастап, бүкіл XIX ғасыр және XX ғасырдың басында ол — Россиядағы патшалық құрылысқа, абсолютизмге ұдайы оппозицияда болып келген.

Сол классикалық әдебиеттің кейбір ірі өлшеуі мен мөлшерін атасақ, төрт қасиеті айқын аңғарылады. Ол әдебиет ең алдымен — халықтық, екінші — демократтық, үшінші — революцияшылдық, төртінші — реалистік сипаттарға ие болған.

Бұл әдебиеттің осы аңғарын ойлай отыра қазақ әдебиетін шолсақ, әрине, бұнда Октябрь революциясына дейінгі шығармалардан революцияшылдық қасиетті көре алмаймыз. Әсіресе XX ғасырдың басындағы біздің әдебиет Б. Кенжебаев айтқандай, революцияшылдық дәрежеге шынында да көтеріле алмаған. Бұл ретте Абайдан кейінгі дәуірдегі даму-өрлеу Шоқан, Ыбырай, Абай тұсындағы қазақ әдебиетінің жеткен өресіне жете қоймаған деуге болады. Әрине, бұл сынды шартты түрде айтамыз. Шоқан алпысыншы жылдардағы орыс әдебиетінің алдыңғы озғын, халықтық-демократиялық ой-өрісіне жеткен еді. Ыбырай мен Абай да өз дәуірлеріндегі орыс әдебиетіндегі демократияшыл халықтық озғын сана-эстетикаға молынан қол артқан болатын.

Ал, Торайғыров, Дөнентаев, Көбеев мұраларында бұлардың өз дәуіріндегі озғын ой-сананың үлкен сипаты — революцияшылдық қасиеттер табыла қоймайды. Россиядағы екі революцияның аралығында еңбек етсе де, Ұлы Октябрь революциясының туар шағына шендес тірлікеңбек етіп жүрсе де, бұларда революция сарыны өз орнын таппады.

Ал осы кездердегі Украина, Грузия, Армения, Латвия, Татар әдебиеттерінде таптық революцияшылдық ағымдар қазақ әдебиетінен әлдеқайда озғын еді. «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» дейтін өзімшілдіктен аулақ болу шарт. «Квасной патриотизм» дейтін шалағай патриотизмнің де орны жоқ. Біздегінің де «бәрі жақсы, ойдағыдай» дей салу, тек шығарып салу, қанағат емес.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет шығармаларын көп зер салып, зерлеп жүрген Бейсенбайдың баяндамасындағы қорытынды, жаңағыдай сын пікір өте орынды, дұрыс айтылған ой деп білемін. Бірақ Бейсенбай, Қажым зерттеген дәуір турасында онымен дауласуда дұрыс пікір айта алған жоқ. Ол жөнде Қажым пікірлері әлдеқайда орындырақ.

Ысқақ Дүйсенбаев өз баяндамасын Қазақ ССР тарихына сәйкестеп, көп сын мен талдау, баға беру мәселелерін дұрыс түйген сияқты. Қазақ ССР тарихының соңғы редакциясында XIX ғасырдың екінші жарымындағы көп күдікті адамдар — ақындар жөнінде тұжырымды, дәлелді сын бағалар айтылған еді. Ысқақ сол пікірлерді кеңейтіп, дәлелдей түсіп, болашақ зерттеулерге дұрыс бағыт сілтеді.

Абайдан кейінгі дәуір жайында М. С. Сильченко баяндамасы да орынды, бағалы сөз болды. Зерттеушілерге көп көмек берерлік, ой саларлық сөз.

Қазақ совет әдебиетіндегі жаңалық дәстүр жайындағы Мүсілім Базарбаевтың баяндамасы жалпы негіз жағынан жақсы зерттеу болып шықты. Тек мазмұн, идея жағына көңілді көбірек бөліп, өзі зерттеген дәуір шығармаларының көркемдік сипаттары жайынан аз талдау жасады. Жаңалық пен дәстүр түрде де мазмұнға сай неше алуан стильдік көркем ерекшеліктер, тың табыстар қосқан кездерді айқындап аша түсу керек еді.

Бұл ретте республикалардағы съездерде және Одақтық III съезде көп ірі жазушылар аузымен айтылған іргелі талаптарға көңіл бөлмеуге жол жоқ. Идеялық жаңалық пен көркемдік, шеберлік жаңалығы қос өрімдей, біте қайнасқан түрде қатар бағалансын, ескерілсін дейді. Міне, осы жағынан алғанда М. Базарбаев баяндамасы кей тұстарында біржақтылау болып шықты.

Конференцияда біз бір топ қосымша баяндамалар тыңдадық. Бұлардың да көпшілігі дұрыс бағыттағы маңызды, пайдалы, келелі баяндамалар болды. Сонымен қатар осы баяндамалардың кейбіреулері едәуір кемшіл, олқылық байқатты. Кейбірі біз өтіп кеткен, күйкі кейінгіге қарай қайта мегзеді, ескі аңызды қайталағандай болды.

Қосымша баяндамалар ішінде жақсы шыққан баяндаманың бірі Мырзабек Дүйсеновтің — әдебиеттің теориялық мәселелеріне арналған сөзі. Бұнда тек қазақ әдеби-

еті емес, бүкіл одақтық туысқан әдебиеттер көлеміндегі жалпы жүйелік жайлар көбінше орынды, дұрыс талқыланды. «Дружба народов» журналында 1957 жылы бір жыл ұдайы талқыланған мәселе социалистік мазмұнға байланысты ұлттық түр жайлары еді. Бұның негізі біздің әдебиеттегі шеберлік жөніндегі талаптарға да саяды.

Мырзабек Дүйсенов осы жөндерде көбінше дәл деректер келтіріп ұтымды, қонымды сындар айтумен жүйелік мәселелердің кейбір негіздерін тап басып, дәл шешуге жақын келді.

Тағы бір бағалы баяндама Мұхаметжан Қаратаев баяндамасы болды. Жалпы Мұхаметжанның зерттеулерінде орысша, қазақша тілде бірдей көңілдегідей салмақты, орнықты шығатын сыншыл алғырлық болады. Әрдайым алған тақырыбына оның терең бойлай тексере білетінін байқаймыз. Сол сияқты қазіргі баяндамасында да таразысы әділ, талабы батыл. Әрбір өлшеу-мөлшері орнықты, салмақты шыққан ой түйіндерін байқадық. Бұл сыншыл ойы піскен-өскен және сол ойын орамды тілмен, орынды бояумен сай етіп қалыптаған баяндама жасады.

Отан соғысы кезіндегі қазақ поэзиясы жайында жайшылықта айтылып жүрген жайлардан гөрі соны, тың ойлар мен сындар қосып Сағынғали Сейітов те бағалы баяндама жасады.

Зәки Ахметовтың Шәңгерей мұрасы туралы жасаған зерттеуінде жан-жақты, кең көлемді, байыпты сын бар. Ақын мұрасының қайшылық қос-қыртысы екіқатар дүниесі кеңінен дәлелді, деректі боп ашылған да сынмен қонымды болып талданған.

Осы конференцияның жұмысына едәуір үлес қосқан бір баяндамашы Н. Қарашева деп айтуға болады. Тіл ғылымының маманы есебінде жақсы өсіп келе жатқан жас ғалымның бірі Н. Қарашева жолдас бұл күнге дейін толық айтылмай, ашылмай жүрген біраз бағалы жаңалықтар айтып берді. Рас, бұл баяндаманың тақырыбы «Айқап» журналы мен М. Сералин туралы болғандықтан, Нүсіпбеков жолдастың осы конференцияда айтып өткен аса орынды, салмақты ескертулерін бұдан кейінгі зерттеулерде ескермеуге болмайды.

Менің көңіліме және көпшілікке де көп жайлары даулы көрінген ендігі бір үш қосымша баяндама болды. Бұлар: Шортанбай жайындағы Сәйділ Талжановтың, Дулат жайындағы Қанғали Сүйіншәлиевтің, Мәшһүр Жүсіп

жайындағы Ісләм Жарылғаповтың баяндамалары. Осы сөздерге арналған ой-пікірлерді мен сәл кейінірек айтамын. Әзірше жарыссөзге қатысқан жолдастардың пікірлеріне тоқтап өтейік.

Жарыссөзге шыққандар қатарында шынымен мазмұнды, маңызды ойлар таратып, конференцияның ісіне пайда көмегін тигізген, кейбір ғылымдық түйінді жайларды орынды түрде толықтыра түскен сөз — Мәлік Ғабдуллиннің сөзі. Мәлік көп уақыттан бері қазақ эпосын арнай зерттеп және қазақтың ауызша әдебиет мұралары туралы жоғары дәрежелі мектепке арнап докторлық еңбек жазған. Ол — көп дайындығы бар зерттеушіміз. Сол тәжірибелері, зерттеу ойлары бүгінгі сөзінен жақсы көрінді. Ауыз әдебиетін зерттеу жөніне ғылымдық жүйелік пайдалы ойлар, елеулі үлестер қосты.

Экономика ғылымының көрнекті өкілі болудың үстіне, қазақ тілі мен әдебиетін маман филологтен кем білмейтін Серғали Толыбеков сөзі де конференцияға көмек етерлік, бағалы сөз болды деп білемін.

Қазақ романдарына көптен сыншы ғалым есебінде көңіл бөліп жүрген, қазақ прозасы туралы диссертация қорғаған, қазақ әдебиетінің бұл жанрдағы жаңалықтарына әрдайым мазмұнды зерттеулер жасап жүрген Е. В. Лизунова жолдастың сөзі де конференция үшін аса бағалы сөздің бірі болды.

Қазақ совет әдебиетінің ең алғашқы адымын, ұлтшылдықпен алысқан дәуірін, лениндік эстетика жолымен зерттеп жүрген Т. Қәкішев жолдастың сөзі де әдебиет тарихын зерттеу жөніндегі бағалы, елеулі еңбек деп санаймын.

Баяндамалардың кемшілік жақтарын сынап, кейбір олқылықтарын түзей толықтырған орынды пікірлерді Манап Хасенов айтты. Ауыз әдебиетіндегі «Шешендік сөздер» деп аталатын арнаулы бөлімді өзі зерттеп нақтылы еңбектер жазып жүрген Балтабай Адамбаевтың осы жөндегі сөзін де керекті, дұрыс сөз деп санауға болады.

Әдебиет — тілмен әдебиет. Сол тіл, стиль түрінде әдебиет жүйесі мен тарихы көлемінде тексерілсе, осымен қатар тілдің бар заңы бойынша тіл ғылымының оқымыстылары зерттейтін дүние екені және мәлім. Біздегі тіл ғалымдарымыз қазақ әдебиетінің арғы-бергі мұраларын, үлгілерін ұдайы зерлеп, зерттеумен өз ғылымдарының

өрісін ұлғайта дамытып келеді. Сол еңбектерімен олар біздің егіз-қатар серігіміз дейміз. Әрдайым иық сүйесе, тізе қоса өсетін еңбектес сыңарымыз. Осы құрметті достарымыз — тілшілер қатарынан конференция үстінде екі адамның атын арнай атап өтейік.

Бұның бірі — барлық Қазақстандағы тіл ғалымдарының ағасы, үлкен ұстазы Ісмет Кеңесбаев, екіншісі — Абай «Қара сөздерінің» тіл ерекшеліктерін зерттеп, кандидаттық диссертация қорғағалы жүрген Рабиға Сыздықова жолдас.

Ісмет Кеңесбаевтың кешегі мәжіліс соңында едәуір күрделі мәселелерді тіл ғылыми тұрғысынан қорыта айтқан сөзі өте деректі, көп мәнді және қазақ әдебиетшілері үшін аса пайдалы, қымбат сөздер болды.

Рабиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша ырза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік: тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты.

Конференция басталар сәтте ең тұңғыш, кіріспе сөзді Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті Сақтаған Бәйішев жолдас бастаған еді. Мәжілістеріміздің алдында тұрған ғылымдық, жалпы идеялық негізді үлкен жайлар жөнінде сол кіріспе сөзде бағалы ескертулер жасалды. Әрқайсымызды конференция ісіне үлкен жауаптылықпен, ылғалды оймен қатысуға шақырып, мәні зор, өте бағалы жетекші көмек пікірлер айтты.

Жалпы осы мәжіліс ісіне бастан-аяқ белсене қатысқан және кенеулі ойларын мезгілді көмек ретінде сарапқа салған қадірлі қонақтарымыз болды. Бұл жолдастардың сөздерінде тек көңілқостық-тілектестік пен жалпылаған жайлар ғана қозғалған жоқ. Конференция шешкелі отырған күрделі түйіндерге бұл жолдастар кәміл бойлап, мейлінше батыл араласты. Қиын күйлерді қоса талқыласып, әр мәселенің ішіне қанық адамдар қалпында кіре сөйледі.

Мысалы фольклор жөнінде Н. С. Смирнова жасаған баяндамаға профессор В. Ф. Сидельниковтың қосып айтқан нақтылы кеңестері, ғылымдық зерттеушілік әдіс жолдары өте орынды болды. Бұл жөнінде ол кісі айтқан кеңестің бірқатары Горький атындағы дүние жүзі Әдебиет институтының ғылымдық іс тәжірибесінен туған,

біздегі фольклор жайын зерттеу үшін аса керекті деректер болатын. Бұ сияқты кеңес-көмектің біздің тәжірибемізде программалық пайдасы бар бағалы жайлар.

Қазақ совет әдебиетінің әр кездегі айнымас досы, әрі аударушы, әрі сыншы Зоя Сергеевна Кедринаның сөйлеген сөзінде де үлкен бағалы көмек ойлар болды. Қазақ әдебиетінің барлық мәселелеріне үлкен дос бейілмен тереңдей араласатын бұл жолдас, өз сөзінде жүйелік көп мәселелерді еске жақсы салды. Әдебиеттік тарих мәселелерін де нақтылы таратты. Әсіресе, біздің қазақ совет әдебиетінің табыстарын зерттеуде үлкен мүдделерін мәдениетті түрде тереңдеп сынай ұғынуда Кедринаның таратып айтқан пікірлерінің өте бағалы мәндері мол.

Осы қатарда қазақ әдебиетіне сіңіріп жүрген бағалы еңбегін арнай атап айтар адамның бірі — біздің конференцияда ұзақ жақсы сөз сөйлеп шыққан профессор Михаил Иванович Фетисов. Бұл кісі өзінің докторлық диссертациясында қазақ пен орыс арасындағы тарихтық, мәдениеттік қатынас-байланыс жөніне арнап қорғаған болатын. Сол тақырыптың ішінде Шоқанның орыс мәдениет-әдебиетіне қатынасын кең таратып зерттеген. Дүние жүзі әдебиеті институтының ұлттар әдебиеті бөлімінде қазірде де зор жауапты, кең көлемді ғылымдық қызмет атқаратын көрнекті зерттеушінің бірі — Фетисов жолдас. Ол бүкілодақтық әдебиеттер арасындағы қатынас-жалғасты да мол деректермен зерттеп жинап, жақсы таныған адам. Бұл кісінің біздің конференцияда айтқан пікірлерінде бүгінгі партиялық талапқа сай КПСС XXI съезі қойған ірі тарихтық талаптарынан туатын нақтылы жайлар аталды. Және сол проблемалар қазақ әдебиет тарихын зерттеу жөніндегі бүгінгі конференцияның міндетіне байланысты өте орынды, ғылымдық-жүйелік түрде танытылды. Бұл үшін біз Фетисов жолдасқа айрықша алғыс айтамыз.

Туысқан республикалардан келген З. Мамытбеков, А. Сейфуллаев жолдастардың пікірлерінде де біздің әдебиет зерттеушілері қатты ескеретін бағалы жайлар болды. Мысалы Қырғызстан мен тіл әдебиет институтының тәжірибелерін еске ала отырып, Мамытбеков жолдас біздің зерттеушілерге бағалы кеңес берді. Қазақ әдебиетіндегі Шортанбай тәрізді Қырғызстанда Молда Қылыш мұрасы да аса даулы мәселе болған. Осыдан екі-үш жыл бұрын Молда Қылыш мұрасын зерттеп, сынап бағалауға

арналған айырықша ғылымдық кеңестер болған. Шортанбаймен салыстыра тексеруге ұқсас келетін Молда Қылыштың өте үйлес сипатты жырлары бар. Сол қатарда «Зар заман» атты көп жырларын және «Зилзала» деген еңбегін атауға болады. Соңғы шығармасы 1911 жылы баспаға шыққан дидактикалық поэма болатын. Ол Жетісуда сол жылы болған апат — жер сілкінуге арналған мистикалық, діншілдік сарындағы шығарма.

Молда Қылыштың бұлардан басқа «Чуй Баяны» деген бір мол шығармасы Шу өзені бойында отырықшы болып, еңбек еткен елдердің өнерлерін баяндаған пайдалы мұра. Одан басқа тамаша бағалы екі поэмасы: «Бүркіттің тойы», «Қанаттулар» деген шығармалар еді. Бұл соңғылары мықты мысқыл, сатира сарынында жазылған, шын бағалы мұралар болатын.

Қырғызстандағы мәжілістерде Молда Қылыш мұрасынан жоғарыдағы «Зилзала» мен «Зар заман» атты шығармалардың көп қайшылықтарын ескеріп, кертартпалық мән-мүдделерін мінеп талдай келіп, ғылымдық кеңестер жарыққа шығармау керек деп қорытқан.

А. Сейфуллаев жолдас шығыс классиктерінің көпшілігін бұрынғы біздің зерттеулерімізде тек «Шығыс» дейтін жалпылаған дерексіз, адрессіз санай беретіндікті сынады. Сондықтан жақын шығыс, соның ішінде өзіміздің туысқан тәжік әдебиетінің классиктері Рудаки, Фирдоуси, Хафиз, Сағди, Насри-Хисроу мұраларын әр бөлек, өзіндік қасиеттерімен тану керек екенін дұрыс атап өтті. Бұл тұстан тек Гетенің ғана айтқанын еске алмай болмайды. Ол: «Фарсы тілінде жазған жеті ұлы ақын бар, соның ең нашары менен артық» демеп пе еді.

Мүсілім Базарбаевтың сөзінде шығыс ақындарының өлең мұрасында кестешілдік көбірек делінген еді. Соған А. Сейфуллаев жолдас орынды жауап бере кетті. Тегінде көп аузы үйренген жалпы шығыс әдебиетінің классиктеріне жаппай тарата айтылып жүрген «сын сөздерді» енді бұрынғыша жалпылай айта салуға болмайды.

Туысқан тәжік поэзиясының совет дәуіріндегі өрлеу, даму жолдарын алып қарасақ, Лахутидің ізденулері өзіне бөлек. Көне жырлардың бейнелеу, өлшеу ырғақ жағын өзгерте жүріп, ұлы дәстүрлерді, біздің заманның жаңалықтарын қосып, жаңғырта байыту жолында Мырза Тұрсын-Заденің да көп табыстары бар. Сол жайларды біз мейлінше бағалаймыз. Олардың іздену тәжірибелерін те-

рендеп тани түсіп, өз іздену жолымызда көмекке алып, керекке жаратамыз.

Бұл қатарда және де қырғыз әдебиет тарихындағы тәрізді тәжік әдебиетінің де табыстарын, жалпы ортақ ұстазымыз орыс совет әдебиетінің табыстарымен тегіс салыстыра, талдай танитын боламыз. Осы тұрғыдан қарағанда қонақ достарымыздың советтік шығыстағы әдебиеттерімізді ұдайы салыстыра, салғастыра тексерейік деген ұсыныстарын құп қабылдауымыз керек.

Енді жоғарыда атап өткен кемшілік жайлары болды деген үш қосымша баяндамаға қайта оралайық. Шортанбай жайында С. Талжанов жолдас өрнек жағынан шешен тілді, орамды түрде талдау жасай алатынын байқатты. Оның баяндамасы сыртқы стильдік сипатын алғанда, шешен тілмен жасалған баяндама. Бірақ сол баяндаманың негізгі мазмұнына қарағанда Шортанбайдың «мұрасын дұрыс бағалады, толық әділ сын берді» деп айта алмаймын. Бұл баяндама Шортанбайдың көпке мәлім кертартпа, қайшылығы мол мұраларын, сол қайшылықтарды атай отырып, ақтау жағына бейім болды. Әрбір сыннан арашалап аршып алу жағы баса сөйленді. Ал анығында Шортанбайдың бар көзқарасының бір ғана шыны бар емес пе еді? Ол — діншілдік, кертартпалық сарынға соғатын. Шортанбайлық көзқарастың түп қазығы, сарқып құяр сағасы қайсы десек, ол: «заман азды, бұл ақырзаман ғаламаты» дегенге саятын.

Осы сияқты Қанғали Сүйіншәлиевтің Дулат турасындағы тексеруі де сыңаржақ боп шықты. Дулаттың идеялық тарихтық кертартпалығы, мін деп айтылып жүрген жайлардың бәрін баяндамашы бүркемелеп, көмескілей сөйледі. Көпке мәлім даулы, күдікті жерлердің бәрін де «әрі итеріп, бері жығып» дегендей бұлдырға соға берді. Айналып келіп Дулаттың құлап жатқан жерлерінде де құлағынан тартып, көтере беруге бой ұрды. Баяндамашының дәл осы жайын жарыс сөзге шығып сөйлеген жолдастардың кейбірі әділ сынап өтті. Ол сындардың ішінде, әрине, кейде асыра кеткен даулы жайлары болса да, жалпы баяндаманың негізгі арна нысанасын сынауы орынды болды деп білемін.

Қанғали Сүйіншәлиевтің баяндамасы зерттеушінің баяндамасынан гөрі Дулат мұраларын баспаға ұсынып отырған баспасөздің авторы — комментатордың сөзіне ұқсады. Сыншылық жағынан гөрі «ұғындырушылық»

жағы басым болған кезде осылай шықпасқа амал жоқ. Баптап, ептеп «өткізу» бұл конференцияның мақсаты емес, қайта сондай болған бұрынғы жалпылама әдістермен алысу емес пе еді?

Мәшһүр мұрасында да патшалықтың отаршылдық саясатына байланысты сын наразылық сарындар болғанмен, оны бар басқа міндерінен ақтап алу, мақтап кіргізу конференцияның мақсатына үйлеспейді. Жалпы марксстік-лениндік әдебиеттану ғылымының қазақстандық зерттеушілерінің қазіргі талабы бұндай көзқарасты құптамайды. Біздің халық та, Отан да партиялық талапқа сай шынайы ғылымдық зерттеу жасауды біздің бәрімізге де шарт етеді. Мысалға Мәшһүрдегі пантюркистік дегеннің өзін алайық. Россиядағы мұсылман атаулыға пантюркистік үгітін таратқан Гаспринскийдің «Таржиман» газетін үзбей оқитын ұдайы көп жылғы оқушысының бірі Мәшһүр болған. Мәшһүрде іздесең пантюркистікті де, панисламистікті де табуға болады. Бірақ ол жайлар бұнда Гаспринский тәрізді пантюркистердей программдық бағыт, өріс алған ойлар емес десе бір сәрі.

Кейбір пікірлері оғаштау шыққан кісінің бірі — менің коллегам, өзім сияқты зерттеуші Белгібай Шалабаев жолдас. Ол, әсіресе, Ақылбекті қатарға қосамын деп қара терге түсуде оғат істеді. Және көршілес, туысқан шығыс елдерінің «халықтық дастан» аталатын «Сейфіл — Мәлік», «Таһир — Зуһра», «Шәкір — Шәкірат», «Жүсіп — Зылиха тәрізді жырларының қатарына «Сал — Салды» қосуы да орынсыз болды. Бұл жыр — Мұхаммед пайғамбар мен оның шариярларының ислам дінін тарату жолындағы барынша агрессивтік қантөгіс, діншіл озбырлық аңыздарды дәріптейтін шығарма. «Сал — Салды» халықтық дастандармен қатар атау ол дастандарға жаңылыс, жаңсақ бояу жағумен тең.

Қожа Ахмет Яссауи туралы сөйленген сөздерге жауап ретінде айтарымыз: Яссауи сияқты адамдарды китаби жазушылардың да қатарына кіргізуге мүлде болмайды. Яссауи ескі шағатай тілі деп аталатын, беріде, қазірде көне өзбек тілі деп аталып жүрген тілде жазған. Ол тарихқа кірсе тек өзбек әдебиет тарихына кірер еді. Бірақ мұрасының залалды мистикалық діншілдік, кертартпалық санасы себепті өзбек тарихынан да шығарып тасталған. Бір кезде оны өзбек ұлтшылдары әдебиет тарихына кіргізе бастаса да, кейінгі марксстік-леніндік әдебиет

тану негізі бойынша өзбек ғалымдары Яссауиді жоғарыда айтқандай, әдебиет тарихынан мүлде өшірген.

Сөйтіп, қорыта келгенде, жарыссөзде сөйлеушілердің біразының сөзінде әдебиет тарихында болған адамдардың, мұралардың дәл бағасын партиялық-лениндік тұрғыдан қатал сынау жағы жетіңкіремеді.

Тегінде, дәл қазір қазақ әдебиет тарихының бар мәселелерін бірден шешіп-кесіп қоймаймыз, қоя алмаймыз да. Конференцияға бірқатар мәселелер өздерінің барлық қайшылықтары, қиындықтарымен орынды қойылды. Келешекте сол жайлары терең зерттеліп, тексеріліп, кейбір мәселелері әлі де зерттеле түсіп, кейіндеп барып анықтап шешіледі.

Біздің барлық ойларымыздың, ізденулеріміздің ұстаз басшысы — партия талабы. Ал, XX—XXI съездер қарарлары біздің бәрімізден де осы әдебиет мәселесіндей мәдениет майданының көп күрделі, қайшылықты жайларын кең талғауды, терең талдауды талап етеді. Бірталай жайларды әлі де ілгеріде зерттей көреміз, тани түсеміз дейтініміз сондықтан. Сол себепті кейбір ескерткіштер, кейбір ақындар жайындағы мәселелерді «әлі де ойлануды шарт ететін мәселе» деп неге қарамаймыз?

Жарылғапов жолдас тілге шебер, көрнекті еңбектері бар, өзі ойшы, сыншы адам. Мәшһүр шығармаларын тереңдей талдауға мүмкіндігі бар. Бірақ Мәшһүрдің ұзақ өміріндей шығармалық жолының да талай-талай кезеңдері болған. Соны ескеру қажет еді. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға да жақындаған. 1905 жылғы патшаның манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтық, заңды жайлар, бұндай кездерін мінеудің қажеті жоқ. Осындай тарихтық әдебиеттік фактілерді талдап шешкенде, әрине, тек өзіміздегі белгілі өлеңнің тілін, тапқырлығын ұнатқан сырт сезім, эмоционалдық түсінікпен талдауымыз дұрыс емес.

Бүгін ғылымдық мәселенің барлығы да анық лениндік принципте бағаланып, талданып, сынала шешіліп отырған шақта біздің конференциямызда жүйелік әдебиеттік мәселелерді бар міндеттердің асылы деп, негізді партиялық қалыпта шешу керек.

КПСС XXI съезінде бұл жөнінде жауапты басшы адамдардың кейбірінің аузымен айтылған бір шындықты ұдайы есте тұтуымыз керек. Сол сөзде шығыстық респуб-

ликаларда тарихты зерттеу мен бағалауда бірыңғай ағын (единый поток) әдісі әлі түгел жойылған жоқ деген. Солай болып, жаңағы жоғарыда айтқандардан ұзамай, әрі сондай пікірлерге жол бере берсек, біздің әдебиеттану ғылымымыз тағы да қырқыншы жылдардың ішіндегі көпшілігіміз жіберген қателіктерге тағы да қайта соғар еді. Шортанбай, Мұрат, Дулаттардың бәрі бірдей «анау ақауы», «мынау кемшіні», ол-пұл міні бола тұрса да «жақсы ақын» дейтін болсақ, тағы да бірыңғай ағын-арнасына түсеміз. Ал, бұған бізге тарих та, партия да бірде-бір рұқсат етпейді. Солары шексіз дұрыс, ол біздің ғылымның ырысы.

Қазақ ССР тарихының соңғы редакциясында Бұқар, Мұрат, Шортанбай, Дулат және сол Мәшһүр туралы айтылған көп тұжырымды пікірлерді естеріңізге салып өтейік («Қазақ ССР тарихынан» орыс тілінде бірнеше үзінділер оқиды).

Міне, осы айтқандарға қарасақ, «Қазақ ССР тарихының» жалпы әдебиет мұралары туралы жазылған бөлімдері әдебиет тарихын жасаушы біздерге үлкен сеп-көмегін жасап отыр. Тарихта бұрын бізге бағасы айқын емес, даулы деп жүрген ескерткіштердің, адамдардың көбі өз бағасын дәл алған. «Қазақ ССР тарихының» соңғы редакциясын басқарған жауапты тарихшылар мен үлкен әдебиетшілер болды. Мысалы, әдебиет мәселелерін бағалап шешуге С. Мұқанов сияқты жазушы, Е. Ысмаилов, І. Кеңесбаев сияқты филология ғалымдары, С. Покровский, А. Нүсіпбеков, В. Шахматов тәрізді тарихшылар, экономика ғылымының өкілі С. Бәйішев, жазушылардан және М. Әуезов қатысып жазысты.

Бірталай жылдар бойы ақылдасумен, талқылау кеңеспен жасалған бұл тарихтық еңбекті ең әуелі Қазақстан Орталық Партия Комитеті, жалпы алғанда, дұрыс еңбек деп бағалады. Бүкіл одақ көлемінде зор беделі бар «Коммунист» журналы тәрізді үлкен таразы беделді баспа орнының бетінде біздің тарихтың бірінші томы жалпы жақсы бағаланды. Әсіресе, мәдениет бөлімі айрықша аталып, құнды бөлімдер деп саналды.

Олай болса, ендігі әдебиет тарихының бірнеше күрделі, күдікті мәселелерін осы тарихпен үйлес-үндес шешуіміз керек. Әрине, сонымен қатар ескертетініміз бұл тарих әдебиет тарихы емес, әлі көп көлемді, мол түйінді нақтылы әдебиет тарихының өзі шешетін проблемалары-

ның баршасын әдебиет тарихшылары тікелей өз міндеті есебінде ілгері қарай дамытып, зерттей беру шарт.

Ал енді конференцияда нақтылы қандай проблемалық мәселелер қойылды? Олар қалай шешілді?— дегенге келетін болсақ, тарихтық хронологиялық ретімен ең алдымен ауыз әдебиетін еске алайық. Бұл жөнде Н. С. Смирнова жолдастың баяндамасында сыналған нақтылы ұсыныстар орынды. Ол қатарда даулы жайлар жоқ. Конференция алдағы іс, міндет қатарында сол ұсыныстарды қабылдауға, нықтауға болады деп санаймын. Сол себепті бұл жайға көп тоқтамаймын.

Мәліктің пікіріне байланысты бір ғана елеулі үлкен жайды ескерте кетейін. Тегі қазақтағы батырлар жырлары бұдан былай Қазақстан тарихы көлемінде де өз дәуірлерін таба тексерілуі керек. Әзірше біз қазақ батырлар жырларын қазақ халқының жалпы тарихынан сыртқары алып, шын тарихқа жанастырмай талдап жүрміз. Қазіргі шақта біздің одақтағы советтік әдебиет ғылымы эпостарды тексергенде орыс халқының батырлар жыры сияқты етіп, Европа елдерінің батырлар жырларын біздің советтік ғылым сол елдердің көне тарихтық дәуірлерімен жалғастыра талдайды.

Феодализм жаңа туып келе жатқан рушылдық қалып ыдыраған кездің шығармаларын бірқатарда талдаса, феодализмнің күшейген кезінде клерикальдық сарындар басымдаған кездерде туған эпостарды өзіне бөлек сынап, талдап таниды.

Қазақ ауыз әдебиетінде діндік сарын рушылдық дәуірдің біте бастап, феодалдық құрылыстың алғашқы қалпы туа бастаған кездерінде көрінеді.

Дау-дүдәмалы көп ақындар, ескерткіштер қазақ әдебиеті тарихы көлемінде XVIII ғасырдың, XIX ғасырдың және XX ғасыр басының мұралары. Бұл дәуірлер ескерткіштері жөнінде мықты ұсталатын жүйелік, ғылымдық, тарихтық негізде бір ғана жол бар. Ол, ең алдымен, бірыңғай ағымды жоюға арналған және әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік ғылымға толық тура келетін тарихтық-диалектикалық негізді қолдану. Бұл үшін тексерілетін ақындарды бір-бірімен салғастыра, біріне-бірін қарсы қоя талдау мақұл. Сол арқылы кертартпа ақындардың көп сыр-сипатын аша тексеру қажет болады. Мысалы, Шоқан мұраларын тексергенде Шортанбайды, сол Шоқан айтқан пікірлердің қарсы, ерсі жағы ретінде

кертартпа қараңғы фон есебінде алу керек. Шоқанның: Бұқардан, Қазаннан оқыған молдасымақтар қазақ халқының сыншыл сау санасын шырмауға, бұзуға айналды дегені түгелімен сол Шортанбай жырында тұрған жоқ па? Сол сияқты Дулат мұрасын тексергенде, оны жаңағыдай Алтынсарин шығармаларына қарсы, кертартпа сырларын аша тексеруге болады.

Абайды зерттегенде Мұрат шығармасын қарсы қойып, салғастыра отырып, бар қос-қыртысын, қайшылығын, ерсілігін түгел ашуға болады. Шәңгерей жайында сөз болғанда гимназия бітірген, орыс тілін, әдебиетін өзі оқып түсінген ақын ретінде тексеру жөн. Өзі орыс дворяндарының Самар губерниясындағы тізіміне тіркелген оқымысты ақын. Сол Шәңгерей Пушкинді, Некрасовты біле тұра, оларша жырламай, өзінің Еділ бойындағы ордасында отырып алып, дворян усадьбасында дарашылдық күйде жырлаған Фет, Тютчевке еліктемей ме! Олар көбелектің ұшқанын, қарлығаштың қонғанын, көңілдің бұлдыр елесін зауқ етсе, Шәңгерей қосаяқтың құмдағы ізін шабыт еткен жоқ па?!

Өмір үшін, халқының күнделік тірлігі үшін зар-шер шегіп, жырлар жазған Абайды сол Мұрат, Дулат кейде Шәңгерейге де диалектикалық отрицание ретінде қарсы қоя зерттеу ғылымдық анық, дұрыс жол емес пе?

Бұқар жыраудың өзін әшкерелейтін де көпшілік бұқара сын сөздерін табуға болады. Мол үлгі, мысалдар толып жатыр .Билерге қарсы, сол феодалдар, билер езгісінде болған бұқара — халық не деген? Жемқор билер жайындағы елдің сыны да, ащы-зәрлі шыны да халық шығарған нақыл мақалдарға, өлеңдерге көп іздерін қалдырған болатын. Бір ғана мысалды естеріңізге салайын.

Қайырсыз болған жазыңнан,
Қайырлы болған қыс артық.
Пара жеген билерден
Қарғы тақкан ит артық...

деген жоқ па сол халық.

Бұқар сияқты билер жайында халық айтқан осындай сындардың саны да көп, соларға себеп болған тарихтық шындық та мол. Егер Бұқар мұрасын зерттеу жайы ВУЗ программасына кіретін болса, осындай жайларды Бұқар шығармаларына қарсы қоя, қатар тексеру мейлінше мақұл болады. Алмажан сияқты қазақ әйелінің ханға қарсы сөйлеген сөздерін, қаралы әйелдің Кенгірбай-

дай биге қарсы арнаған сөздері сияқты халық тудырған мысқыл жырларды мықты мысал етіп пайдалану керек.

Сол тәрізді XX ғасыр басына келгенде де Сұлтанмахмұтты тек жеке тексермей, Сәбит Дөнентаев, Сералинді тек өз беттерімен ғана тексеріп қоймай, Мәшһүрді осылармен салғастыру ретінде сыпайы талдаса, оның діншілдік, ескішілдік жақтары жақсы ашылмас па еді?! Ұлттық тар көлемдік, кертартпа феодалдық, діншілдік сананың бұның мұрасынан танылатын шындықтарын, Сұлтанмахмұттың жаңашыл демократтық жайларын ашумен және де әшкерелей түсуге болар еді.

Осы аталған проблемалардың бәрін де жоғарыда біз еске салған КПСС XXI съезі атаған бірыңғай ағым әдістерін, біздің әдебиетті тексеру ғылымымыздан жою үшін қолдану керек. Ғылымдық диалектикалық мықты негіз осы деп тану қажет, шарт деп білеміз.

Енді қай ақынның мұрасын қай дәрежеде, қай түрде бастыру, тексеру керек дейміз? Конференция осы сұрауға жауап бергенде барлық әдебиет мұраларын үш қатарға бөлсе дұрыс болатын тәрізді. Бұның бірінші тобы орта мектепте оқуға жararлық ақындар шығармалары болады да, бұлардың еңбектері көпшілікке таратуға тұрарлық, баспа жүзінде кең орын алатын еңбектер болады. Біздің орта мектеп программасында соңғы жылдарда мысалы, XIX ғасыр көлемінде бес-алты-ақ адамның басы көрініп тұр. Ал сол XIX ғасырда орта мектепке кірерлік Сүйінбай, Шөже тәрізді ақындардың да шығармаларынан таңдап, талдап алып, орта мектепке кіргізерлік жөн бар. Бұл саналған топтар көпшілікке таратуға және орта мектепке кіргізуге болатын құралдарды құрайды.

Екінші топ — XIX ғасырдағы даулы деген адамдар жайында болғанда, бұлардың біразы орта мектеп емес, тек жоғары дәрежелі оқу орындарының көлемінде ғана қайшылығын аша, жоғарыдағы аталған диалектикалық әдіспен зерттеуге болады.

Ал үшінші топ — ақын-жазушылар жоғары оқу орындарының программасына да кірмейтін, шығармалары көпшілікке бастырылып таратылмайтын кертартпа реакцияшыл ақындар болды. Бұларға тек арнаулы үлкен монографиялар ішінде ғана теріс бағытты мұралар мысалы есебінде сыншылдықпен әшкерелей баға беру шарт болады.

Кейбір ақындар мұралары жөнінде тағы бір алуан дү-

дәмал, даулы жай бар. Мысалы, сондай күдіктің көбі Мәшһүр атымен байланысты. Мәшһүр өзінен соң қалдырған қолжазба «Мес», «Қара кітап» дейтін қалың қолжазбаларында өз шығармаларымен халықтық, немесе өзге алдыңғы ақындар, шешендер қалдырған сөздердің араларын жіктемеген. Сол себепті өз сөзі қайсы, өзгенікі қайсы, ол қалай аталған деген жайларды әрдайым зерлеп, анықтап қана айырып алу шарт. Сол және Мәшһүр қолжазбаларында оңай емес, қиын да жұмыс болады.

Ал, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілу шарт.

Қазақ совет әдебиетін жүйелік, ғылымдық проблемалары бойынша зерттеу жөнінде және біраз ойларды конференция қозғаған түрде топтап, түйіндеп көрейік. Қазақ совет әдебиеті Ұлы Октябрь революциясынан бастап азаттық алған еліміздің социалистік мәдениетінің үлкен бір саласы, тарихтық ұлы табыс айғағы. Ол әдебиет Ленин партиясының идеялық майдандағы үлкен сенімді құралы, көмекшісі деп танылады.

Советтік әдебиетіміздің бүкілодақтық совет әдебиетіне тән төрт түрлі негізгі ерекшелігі бары мәлім. Ең әуелі бұл — революцияшыл, екінші — интернационалдық, үшінші — халықтық, төртінші — социалистік мазмұнды, ұлттық түрі бар көп ұлттық әдебиет.

Қазақ совет әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыздың өздері айтқандай және Фетисов жолдас атап өткендей, біздегі бар олқылық өз әдебиетіміздің жеке үлгілерін, кейде тұтас қатарын өзге туысқан елдердің советтік әдебиетімен байланыс- жалғасы жағынан салыстыра тексермей жүрміз. Біздің әдебиеттің кейбір көрнекті үлгілерін орыс классикалық әдебиетінің және совет әдебиетінің үлгілерімен салғастыра тексеруіміз де үлкен шарт!

Көптен бергі тексерулерімізде ауыздағы жеңіл әдетке айналғандай, жалпылай айтылатын бір шындық бойынша Маяковскийдің Сәбитке, Тайырға еткен әсері бар дейміз. Горькийден Ғабит, Сәбит, тағы басқалар үйренген, әсер алған дей жүреміз.

Бірақ осы жайларды ғылымдық дәрежеде нақтылап,

анықтап терендей зерттеу жасаған еңбек жоқ. Жалғыз совет әдебиет классиктері емес, орыстың революциядан бұрынғы классикалық, әдебиетінің өзінен де үлгі-өнеге алған, анық көп салалы, көп сатылы «қарға тамырлы» дегендей байланыстар барлығы да даусыз. Мысалы, Құнанбай мен Абай арасындағы, әке мен бала шалғайлық тартысы деген тақырыпты алсақ, бұл жайды М. Әуезов қана тапқан жоқ. Әріректе И. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романы, беріректе Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтары» бар емес пе еді? Әке мен балалар арасындағы қайшылық өрши келіп, ширатыла, шұбатыла барып Ф. Достоевскийде баланың әкені өлтіру шытырманына соғатын.

Құнанбай Федор Карамазов болмасын, Абай да Карамазовтың балаларының бірі емес. Бірақ бұнда да әкенің баланы жою ойы туғаны анық қой. Құнанбайдың Абайға теріс батасын беріп, қарғап-сілеуі — өз баласы Абайға «сен өл, жоғал» деген ниеті емес пе еді?

Бұл күй де бір алуан зерттеулер тақырыбы болуға жararлық. Ал, одан беріде көп ұлтты туысқан әдебиеттер үлгілерін алып қазақ жазушыларының шығармаларымен салғастыра бастасақ, санаудан терең проблемалық, жүйелік, шынайы қызық жалғас жайлар ашылар еді.

Осы проблеманы сөз ете бастаумен қатар қазақ әдебиетші, сыншыларының, әсіресе, әдебиет ғалымдарының туысқан елдер әдебиет үлгілерін көп зерттеп, оқымайтынын үлкен кемшілік деп атап өтер едім. Қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, башқұрт сияқты ұлт республикаларының тілдері біздің тілмен туыстас болғандықтан, солардың көп шығармаларын өз тілдерінде оқып-білу өте қажет. Түп нұсқасынан оқу өзбек, түрікмен тілінен оқығанда сәл қиындау болса да, біраз еңбектену соңында ұғына оқып кету қиындыққа түспес еді. Сөйтіп алты-жеті тілдегі әдебиет нұсқаларын өзді-өзінің түп нұсқасының тілінде оқи білу қазақ әдебиетшілеріне өз мамандығын ақтайтын сапа қосар еді.

Біздің филология қатарындағы мамандығымыздың аты тек «Қазахология» емес (қазақты тану ғана емес) филологияның бір саласы — бір тілдес елдердің әдебиеттерін түгел зерттеу емес пе! Сол өз мамандығымыз талап еткен дәрежеге көтеріле білейік.

Ендігі бір күрделі мәселе — қазақ совет әдебиеті кө-

лемінде социалистік реализм мәселелері көркем түр, шеберлік жөнінде қалай шешіліп келеді? Осы жерде жүйелі проблемалық тексеру, топшылау қажет.

Бұл жайда әрбір көркем шығарманың социалистік реализм әдісімен жазылған сипаты ретінде ұлттық спецификалық ерекшеліктерін анықтай талдау шарт екенін ескертеміз. Біздің әдебиетіміздің ұлы одақ әдебиетіне қосатын тың үлесі, жарқын жаңалығы дегенді айтқанда, осы жаңағы аталған тың, соны ерекшеліктерін еске аламыз. Сол тың үлестерді қосу шама-шарқына қарап, ұлы совет әдебиетінің одақтық қазынасына біздің әдебиет қосқан бағалы сапаны танытамыз.

Біздің шығармаларымыздың социалистік реализм қасиеттерін ұлттық түрдегі шеберлікпен туыстыра, өрлете білген өнерін аңғартамыз. Қазір бүкіл одақ көлемінде әдебиет жүйесінің проблемалық жайларын сөйлегенде, шығармаларды тек тақырыптық идеялық жағынан тексеру сыңаржақ, шап-шағын талдау болады деп танылады.

Биыл III съезді ашарда К. Фединнің сөйлеген сөзінде бұл жайлар анық, дұрыс аталған. Орталық Партия Комитетінің совет жазушыларының III съезіне арнаған хатында және жазушылар съезінің Орталық Комитетке жазған жауап хатында да идея мен шеберлік талаптарын біртұтас, бір дәрежедегі талаптар ретінде атасқан. Осымен шеберлік ерекшеліктер әр шығарманың сырын, нәрін ашуда сыншылар мен зерттеушілердің алдында ерекше міндет екенін ұдайы есте тұту шарт.

Ал, ұлттық специфика мәселесін түсінудің әр түрі бар екенін және есте айқын сақтау керек. Егер ұлттық спецификаны ерекшелік дегенде, өзге ерекшелік жоқтай, өз әдебиетінің ғана бөлекше жаралған өзгеге бітпес артықшылығы, елден ерекше дара үздік бітімі деп қарайтын болсақ, онда бұл мәселені ұлтшылдыққа айналдырамыз. Ол идеялық-ғылымдық дұрыс жол емес, консервативтік қияс жол болар еді. Ал, маркстік-лениндік ғылым жолымен қарағанда мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениет жайы айтылғанда, ең әуелі Лениннің мәдениетті идеологиялық категория деп түсінгенін есте сақтау шарт. Идеологиялық болса, ол ең алдымен таптық категория болады. Сондықтан да Ленин әр мәдениетте екі мәдениет болады деген. Ол ұғымға мектеп те, баспасөз де түгел қосылады. Әрине, мектеп атаулыны алсақ, олардағы оқылатын ғылымдар негізінде бір мазмұнды болған шақта,

әрбір ұлт мектептерінің айырмасы әсіресе тілінде болатыны, тіл түрдің ең үлкен, ең айқын белгісі екені даусыз. Одақ көлеміндегі көп ұлттар тілдерінде шығатын кезекті баспасөзді — прессаны алсақ та, олардағы айырмашылықтардың ең зоры тіл екені тағы да даусыз.

Әдебиет те негізінде сол аталған мәдениет қатарының бір саласы болумен қатар бұған эстетикалық сырсипатынан туатын тағы бірнеше айқын ерекшеліктер қосылады. Мұнда жалғыз ғана тіл емес, соның үстіне бөлекше үлкен орын бар бірнеше анықтаулар мен түсініктер қосылады. Мысалы, қазақ поэзиясы — он бір буынды силлабикалық, орыс поэзиясы — лепті-лепсіз буындарға бағынатын тоникалық, француз поэзиясы — силлабикалық, араб поэзиясы — ұзақ созылатын мәтті-мәтсіз буындардың метрикалық өлшеуіне бағынады. Бұл аталған бір ғана мысалдан әдебиет ерекшеліктері өзіне бөлек тұрақты түр, үлгі-өрнектер заңдарын ескеруді қажет ететінін көреміз.

Әдебиеттік ұлттық түр мәселесінің бір іргелі үлкен мәні — стильде. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел құрала келіп жазу стилін қалыптайды. Әдебиеттік ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір үлкен стиль — сөздік, ақындық теңеу, кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол — ұлттық мінез, бейне жасаудың стилі. Міне ұлттық түрдің жайына ауысқанда осындай ірі белгілер тілден гөрі артығырақ орын бар, өзгеше сипат есепті болатын жайлар бар.

Стиль мәселесі жөнінде біздің конференцияда Мырзабек Дүйсенов бұрынғы тілдегі теңеудің ұлттық стиль ретіндегі мәселелерін аша келіп, бүгінгі әдебиеттік стильдің даму процестерін атай сөйлейді. Тегінде социалистік революция тұрғысынан қарағанда ұлттық ерекшелікті ұдайы бір қалыпта тұратын, айнымайтын күй деп қарауға болмайды. Оның көп жайлары ұдайы қозғалыс, өзгерісте болатын диалектикалық процесс деп тануымыз керек. Әрбір даму үстінде әдебиет шеберлігі ілгерілеп, үдей түседі де өзінен бұрынғы ұлттық дәстүрдің бар жақсысын пайдалана отырып, соған тың жаңалықтар, игі үлгілер қосып үдете, өсіре береді.

Бірақ осы жайға байланысты тағы бірнеше ерекше күйді атай кетуіміз қажет. Ол — ұлттық бейне характер

турасындағы ойлар. Кедрина жолдас ұлттық бейне мәселесін жазушының шығарушылық психологиясына байланыстыра шешу керек деді. Мен өзім де осы пікірді түгел қостайтын адаммын.

Социалистік дәуірдегі жазушының революциялық психологиясы өз халқының революциялық психологиясымен біте қайнасқан бірлікте. Халқымен оның еңбегі, аңсаған арманы, ішкі сезімінен туған жүрек сыры, шыншыл үні мүлде бірге. Сондықтан да совет жыршысы қай тілде жазса да сол тілде сөйлейтін социалистік ұлтының жан тілін жар етеді дейміз. Олай болса, ұлттық психология мен сол социалистік ұлт жазушысының шығарушылық психологиясы арасындағы байланысты ашып отырып зерттегенде, осы өзгешеліктерден туған әдебиеттік шығармалардағы ұлттық бейненің сырын, сипатын айқын тануға болады. Жоғарыда атағанымыздай ұлттық бейне, стиль — теңеу қалпында өзі де екі түрлі дедік.

Сөздегі теңеулер стильдік бейнелер системасын құрайды. Сондықтан мал баққан көшпелі елдің өмірі, бар тіршілігі қазақ ақын, жазушыларының сөздік ақындық стилінде теңеудің сол бұрынғы болмыс, реальный қорынан алады. Сол негізді жаңалық қосып молайтып, өзгертіп жаңа өмір реальный қорымен байытады. Тілдегі стиль дегеннің осындай ерекшелігі және де мықты ескерілуі шарт. Енді бір алуан жай адам бейнесі жөнінде. Оның ең ерекше бітім-тұлғасы ішкі психологиялық қабілетінде. Сол психологияны халықтық психологиямен нық байланыстырып, шебер терең талдау жасап ашқанда, маркстік-лениндік тұрғыдан дұрыс түсінік беруге болады.

Осы аталғандай әралуан ерекшеліктер біздің туысқан елдеріміздің әр әдебиетінде бола тұрса да, бұлардың бәрін көп түрлі, біртұтас мазмұнды туысқан әдебиеттер ететін жиын қасиеті тағы бар.

Социалистік дәуірдегі революцияшыл жазушылардың әр ұлт тілінде шығарма тудыруымен қатар бәрі бірігіп интернационалдық бағытта еңбек етуі — ұлттық ерекшеліктердің бар сыпатын бастайды, билейді. Социалистік әдебиеттердің мазмұны мен идеясындағы революцияшылдық ең үлкен сипат болғанда, ұлттық түр сол әдебиеттердің қосымша байытушы қасиет-сипаттары есебінде болады.

Жүйелік мәселелерді осыдан әрі қарай апара түссек әрбір жеке шығарманың жекелік ерекшеліктеріне үңіле

бойлау шарт болар еді. Ұлттық бейне (характер) әр шығарманың ішінде әртүрлі болады, ол қайталамайды. Өйткені шығарушылық психология өзі де әр шығарма тұсында өзгеріп, үдеп отыратын психология. Ол өз айналасындағы тірліктің, болмыстың және қоғам өмірінің өзгеруіне, өрлеуіне байланысты қоса өзгеріп отырады.

Жазушыдағы көңіл-күйдің өзі де ортасының мәдениет тіршілігіне, өндіріс еңбек табысына байланысты алған сезіміне неше алуан тірлік берген қуат-нәрден құралып қалыптасады. Осылайша талдағанда эстетикалық ерекшелік дегеніміз тіл ғана емес, кең мағынада алынған ұлттық стиль болады. Ол өзі ұлттық бейне ретінде — адам, екінші ұлттық сөздік шеберлік ретінде ақындық стиль болады.

Осындай түсінікпен жазушының шығарушылық еңбек жолын бірнеше саты деп түсіну керек. Ол ең алдымен өмірді тану, білуге міндетті. Сол өмір болмысын алғашқы кезекте жазушы логикалық ұғым тілімен ғана түсіне таниды. Өмірді танымай, таныған іштей меңгеріп алмай жазушының шығарушылық шабыты тумайды. Жеке жазушы өмірмен байланыса отырып, сол өмірді терең тани жүріп, жазушылық еңбекке кіріседі. Алғашқы сатыда ол, көбінше, ынталы зерттеуші қалпында болады. Осыдан кейін туатын екінші сатыда жазушы еңбегі сол ақылмен, біліммен танылғанын суретпен бейнелеуге ауысады.

Ұлттық әдебиеттік ерекшеліктерді осыларға қоса тани талдау — шығарушылық күрделі процесті тану болады. Сол жайлары түгел ашылғанда ғана, әрбір тілде жазылған әдебиеттік көркем шығарманың бүкілодақтық табыс ретіндегі асыл сипаттары ашыла түседі. Көп өрнекті, көп нақысты бауырлас әдебиеттер қатарлары ұлы одақтық әдебиет қазынасына сан саладан сондайлық көп сымбатты сипат қосады.

Алдағы міндеттеріміздің бірі есебінде қазақ совет әдебиетінің очеркін бүкіл оқушысына арнап ойдағыдай толықтырып аяқтап шығуымыз керек. Бұл іске одақтық академияның, дүние жүзі әдебиеті институтының тікелей көмегі тимекші. Қосылған еңбек нәтижесінде, орыс тілінде қазақ совет әдебиетінің очеркін жаңа редакциямен шығару шарт. Әрбір туысқан совет әдебиеттері жөніндегі очерктер жазылып болған соң бүкіл совет әдебиетінің біртұтас тарихын жазу міндеті барлық советтік әдебиет

тану ғылымының алдында тұрған үлкен мақсаттың бірі болмақ.

Қазақ әдебиет тарихының үлкен проблемаларын атағанда, совет әдебиетінің дәуірін зерттеу ең зор, ең қадірлі ғылымдық міндет екенін баса айту керек. Арнаулы үлкен монографиялар, мысалы, қазақтың романдарын, пьесаларын тереңдеп, кең түрде зерттеуге арналу керек.

Болып өткен ұлы мазмұнды партия съездері совет жазушылары үшін бүгінгі күн тақырыбына шығарма жазуды қасиетті міндет деп атап отыр. Сол міндет қазақ әдебиетінің советтік дәуірін айрықша зерттеу ретінде, әдебиетті зерттеуші ғалымдарға да арналған ардақты міндет болды. Зерттеу ісіміз тіл ғылымы мен әдебиет тану ғылымы көлемінде, қазақ совет әдебиетінің бүгінгі татымды табыстарын зерттеуге арналу қажет. Жеке жазушылар туралы монография жазғанда, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің мұраларын тереңдеп, сапалы түрде саралап зерттеу шарт. Осымен қатар жоғарыда аталғандай бүгінгі әдебиетіміздегі өскелең үлкен жанрларға да арналған мол монографиялық зерттеулер туу керек.

Туысқан елдермен байланыс-жалғас жайларды салыстыра тексергенде, мына төмендегідей үйрім-үйрім тақырыптарды күрделі, қызықты зерттеулер ретінде атап өтер едік. Мысалы, Горькийдің өз өмірі жөніндегі әңгімелерінен бастап Садриддин Айнидің «Бұхарасын», Сәбиттің «Өмір мектебін», Ұлық-Заденің «Біздің өмір таңы» деген повестерін өзара салыстыра талдауға болар еді.

1916 жылға арналған шығармаларды туысқан елдер әдебиеттерінен іріктеп салыстырғанда, Берді Кербабаевтың «Айғытылы адым» романын, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романын, Айбектің «Құтлұғ қан», Аалы Тоқамбаевтың «Қанды жылдар» романымен салыстыра тексеруге болады.

Тарихтық романдар қатарында Айбек жазған «Науаи», Ахмет Файзи жазған — «Тоқай» және «Абай жолы» романдарын қатар салыстыра тексеруге, тергеуге көп деректер табылар еді.

Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің Қарағанды көмір кені жөніндегі романдары мен Мехти Гусейннің «Апшерон» романын, Асхад Мұхтардың өзбек әйелдері арасынан жұмысшы табы туғанын көрсететін «Апалы-

сіңлілер» романымен салыстыра тексеруге болады. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» романына жалғастыра, салыстыра Сыдықбековтың «Біздің заманның кісілері», Айбектің «Алтын вадидан шабадалар» романын, Башировтың «Намыс», Мұстафиннің «Миллионер» романдарын және Ата Қаушутовтың «Көпетдағтың етегінде» деген романын тағы да салыстырып зерттеуге болар еді.

Дәл соңғы жылдарда туған табысқа қосарлық масайған колхоз бастығының жайында жазылған бірнеше елеулі қызық шығармалар бар. Олар Абдулла Қаххардың «Зымыран құс» («Птичка-Невеличка»), Мирза Ибрагимовтың «Сулар тоғысуы» атты романдары, қазақтағы Әбділда Тәжібаевтің «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасы арқылы көп жайларды қызық талдап, салыстыра тексеріп шығуға болады.

Қазіргі ең соны және көп республикаларымызға ортақ қадірлі тыңды игеру тақырыбына арналған шығармалар да көп. Бұл жөнде өзбек әдебиеті көлемінде Шараф Рашидовтың «Жеңгендер» және «Дауылдан кейін» деген романдары едәуір елеулі баға алып жүр. Қазақстанда бұл тақырыпқа үлкен шығарма туа қоймаса да жазылған очерктер, әңгімелер көп. Орыс, қазақ жазушылары Қазақстан әдебиеті көлемінде түгел ат салысып жүрген қазіргі күннің ең асыл тақырыбының бірі осы. Бұл тақырыпты біз ұлы жетіжылдық жоспар жайын көркем түрде суреттеген кезде партияның зор талаптарына сай көркем түрде жырлауға міндеттіміз. Ендеше осы тақырыпта бірнеше туысқан елдер тілдерінде туған шығармаларды тағы да толық салыстыра тексеру шарт. Поэзия жанрына келсек, біздегі Тайыр, Әбділда, Хамит Қалижан тәжірибелерінен басталған поэмалар үлгісін Тұрсын-Заде, Ғафур Ғұлам, Самед Вургун, Аалы Тоқамбаев, Алықұл Осмонов, Жомарт Бөкенбаев шығармаларымен салыстыра тексеру де үлкен, жемісті нәтижелер берер еді.

Міне, осындай зерттеулерді жүргізу үшін біздің әдебиетші-сыншы ғалымдарымыз, жоғарыда айтқандай, одақтық елдер тілдеріндегі өздеріне оңай, түсінікті болатын тілдердегі шығармаларды түп нұсқасында өзді-өз тілінде оқып талдау керек. Бұл жөнде украин, белорус және орыс әдебиетін зерттейтін сыншы-ғалымдардың біздер үлгі етерлік жақсы дәстүрлері бар. Олардың көбі

сол үш тілдегі шығармаларды өзді-өз тілінде мейлінше ұғына оқуды, өздеріпіц ғалымдық зерттеушілік шарт міндеті деп санайды. Осы жөнінен ойласақ қазақ зерттеушілеріне қырғыз тілін түсіну оңай-ақ. Рас, сөздік қорда қырғыз тілінің қазақ тілінен көп өзгешелігі бар екені рас. Бірақ қырғыз тілінің үлкен сөздігі жарыққа шықты. Қырғыз үшін қазақ тілінің жалпы сөздік қорында да жеке түсініксіз сөздер болады. Бұған орай қазақ тілінің де неше алуан сөздіктері туды, соларды мол пайдалану шарт. Осы сияқты өзбек тілінің сөздігін ала отырып, бүгінгі өзбек әдебиетінің асыл нұсқасын оқып танып кету соншалық қиын емес. Менің ойымша, осы конференция қазақ әдебиетін зертеуші-сыншы ғалымдарымызға туысқан республикалардың бізге жақын тілдерін жақсы білуді орынды талап етіп қою керек.

Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым — біздің барлық мәдениетіміз тәрізді жас ғылым. Осында отырған көбіміздің жас кезімізде бұл ғылым басталар-басталмас қалыпта еді. Революциядан бұрынғы кез-кезеңдерін алсақ, онда қазақ әдебиет мұраларын әдебиет тану ғылыми жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинауға арналатын. Ал, міне, бүгін «Қазақ әдебиет тарихы» деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиет тану ғылымы туғанын көреміз. Әуелі орта мектепке арнаулы сабақ болып кірген қазақ әдебиеті жөніндегі ілім-білім енді жоғары дәрежелі мектепте әр сала болып, бірнеше жылдар бойына созылған ғылымдық курстар ретінде оқылатын, зерттелетін болды.

XIX—XX ғасыр әдебиеттерінің, совет әдебиетінің кейбір тараулары университет пен институттарда арнаулы спецкурс ретінде де оқылып жүр. Сан алуан зерттеу, монографиялар жалпы әдебиет тарихтарымен қоса сол жаңа ғылымның қатарын күшейтіп, дамыта қосылып жатыр. Адам саны жағынан алғанда да қазақ әдебиетін орта мектептер мен ВУЗ-дарда оқытатын маман оқытушылардың және ғылым дәрежелері бар ғалым әдебиеттшілердің мол отрядын жасап алдық. Біздің әдебиетіміздің өскеленділігін, сол өсу жолында көп жас күштердің қоса тәрбиеленіп, талантты топтар құралып келе жатқанын өзіміз ғана емес, орыс әдебиетінің беделді сыншылары, ғалымдары да айтып, бағалап жүр. Солайша тілектес достарымыздың аузымен айтылған талассыз

табыстарымыз аз емес. Кемшіліктері бола тұрса да біздің әдебиет тану ғылымымыз жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз.

Жоғарыда мен біздің баяндамашылардың көпшілігінің баяндамалары қанағаттанарлық тәуір сапада шыққан баяндамалар болды дедім. Бірақ сонымен қатар анық ғылымдық, жүйелік зор талаптар партия мен халқымыз қойып отырған өскелең тілектер тұрғысынан қарағанда, сол баяндамалардың да терендік сапасы ойдағыдай зор болды деп айта алмаймыз. Көпшілік баяндамалар біздің сол ғалымдарымыздың, университет пен институттарда оқып жүрген лекциялары, немесе оқтатекте жасайтын кейбір баяндамаларының шамасынан оншалық ұзап кеткен жоқ.

Сол қатарда Есмағамбет пен Қажымның жасаған баяндамалары да бұлардың бар мүмкіншілігін барынша мол көрсеткен, кең өрісін, кенеулі түрде ашқан баяндама деп танымаймын. Екеуінің де өз талаптарына сай ғылымдық өскелең ойларын-нәрін, бойдағы барын көрсете алған баяндамалар деп бағалау қиын. Рас, ол жолдастар қырық минуттық, бір сағаттық сөздің ішінде қаншалықты терең бойлауға болады дейтін шығар. Бірақ анығында жүйелі терең қамтылған ғылымдық ойлар әзір тұрған шақта сол аз уақыттың ішінде де көп жүйелі ойлар жотасын көрсетуге болар еді.

Қорыта келе айтарым: ұлы ұстазымыз Коммунистік партияның сенімін, баршамыздың алдымызға XXI съезд қойған міндетін біздің әдебиетіміз де және оны зерттейтін ғылымымыз да өздерінің ойдағыдай өсіп-өркендеуімен ақтауы шарт. Әдебиеттің өсуіне әдебиет жөніндегі ғылым көмекші, себепші болсын.

Партияның әдебиетке қойған озғын талабы бүгінгі өмірді сапалы көркем сипатта суреттеу болса, әдебиет сыны мен әдебиет зерттеу ғылымы сол жөнде әр табыс пен кемшілікті айқын терең ашумен жалпы әдебиеттік құрылысқа мол араласу шарт. Тегінде, ешуақытта жазушы жөнінде жазушы монография зерттеу жазбайды. Кей жерлерде кейбір шығармалар туралы әлдебір жазушылар өздерінің көзқарас бағаларын айта кететіні болмаса жазушының үлкен-кішілі еңбегі, еңбек жолы туралы өзге жазушы күрделі еңбек жазып танытқан емес. Мысалы, Толстойды Салтыков-Щедрин әдебиет ғылымы сыны үшін еңбек жазып танытқан жоқ. Әдебиет ғылымымен

жалпы оқушы жұртшылыққа Толстойды толық танытқан Лениннің сын пікірлері болды. Гогольді Тургенев танытқан жоқ, Белинский түсіндірді. Сөйтіп, тарихта жазушыны сыншы мен әдебиет тарихшысы түсіндіреді. Әдебиетіміздің үлкенді-кішілі табыстарын сол табыс-келіс ретінде талдап, саралап жұртшылығымызға танытып беру, дәл бағасымен әділ таразы боп өлшеп айырып беру — сыншылар мен әдебиетші жолдастар, сіздердің міндеттеріңіз!

Кейде әдебиетке партия, Отан, халқымыз қойған талабын ескертіп, бағыт сілтеу, алға қарай жол тарту, ат салысу — сіздердің міндетіңіз. Осымен қатар тағы бір еске сала кететін жай бар. Әдебиет нұсқалары туралы сын жазғанда шебер, шешен тілмен жазу керек. Жазушыдан шеберлік қасиетін, өнерін орынды талап еткен шақтарыңызда, сіздерден жазушы да өнерлі, өнегелі шебер тілмен жазылған алғыр, орамды, шешен сынды талап етеді.

Орта мектеп мұғалімдеріне, жоғары оқу орындарының оқу құралдарына, студент атаулыға және жалпы қазақ әдебиетінің жайын ынтамен оқитын қалың көпшілік мәдениетті, талабы зор оқушыларымызға сіздердің сын тілдеріңізден де ауысатын үлгі-өрнек, нәр-нақыс мол болу шарт.

Әдебиет сапасы өсу үшін көмектескен шақтарыңызда, негізгі талаптар тұсында батыл ойлар басым болсын. Жаңа туатын шығармаларға зор талаптар қойып, әділ таразы боларлық өзі талғағыш, өзі негізді терең әділ сын басшымыз болсын. Көңіл, ажарға қарау, сылай-сипай сөйлеу, кемшілікті кешіргіш, жалған көңілшектік аралас бітімшіл, көнпіс сын бұдан былай болмауы керек.

Осы айтқанның бәрі де қазіргі сыншы әдебиетшілеріміздің жат санайтын мінездері болсын! Ал, халқымызға бүгінгі әдебиетіміз туралы, бұрынғы мұралар туралы партиялық талапқа сай ғылымның сапалы нәрін беру біздің ең қадірлі міндетіміз болсын. Сол үшін КПСС XXI съезі бар ғылымдардың алдына қойған зор тарихтық міндет-талаптарды, халқымызды шынайы ырза қылар-лық сапада ада қылуға шақырамын!

1959

БІЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Жазушылар — жауапты ойдың адамдары. Бұл не деген сөз? Ең алдымен, әдебиет өзінің жаратылыс-болмысында азаматтық екенін ұмытпайық. Жаңа адамды тәрбиелеу мұратында шығармалар тудыру — оның міндеті. Бірақ осы бір жалпы ойдан өзге, мәселенің бір маңызды қырын ерекше атап айтуға болар еді. Әрбір жазушыны азаматтық нәрлі ой мен берекелі іске белсендіріп, оған әсіресе жауапты міндет жүктейтін жәй — оның өзінің творчестволық мүдделерімен көбірек байланысты болып жүрген, өзі жетігірек білетін өмір саласы ғой. Бұл салада ол шындық болмыстың осы бір «кесегінің» нақилы нәзік сырларын анық, дәл ұғынған шебер суретші ғана емес, соған орай оқиғалардың қалың ортасында жүрген публицист есебінде де көрінуге тиіс.

«Отан» деген әрі аумақты, әрі нақты ұғым. Оның әрбір түкпірінде қазір жеті жылдық үстінде, партия мен халықтың жүзеге асырып жатқан алып зор істерімен саралас, барынша тығыз байланыста қаралып ұғынылуға тиіс әртүрлі істер істеліп жатыр. Жазушының былай ұғынуы өмірді жете білуге негізделмек керек.

Жазушы және жеті жылдық деген сөздерді біз жиі айтамыз. Ал осы проблеманы қалай нақты түсіну керек? Мәселен, мен үшін жеті жылдық — бұл алдымен өзім жақсы білетін адамдар тұратын облыстардың болашағы. Мен қаталаған адам қасық су таба алмайтын құрдым шөлдерді, аңызақ жел улеген шөлейт жерлерді, бірлі-жарым ғана ел мекендеген бұрынғы иесіз тау аңғарларын, шетсіз-шексіз сары дала, жапан түздерді көп көрдім. Қыстық азық деп үнем етер басы-артық бірер қап астығы болса бар мұратына жеткендей көрінетін кедей адамдарға да мен өмірімде көп кезіктім. Сол жерлерді халық түңілгеннен Бетпақдала, Қарақұм деп атайтын. Қазір ол өлкелерде өмір өзгеше. Жердің өңі өзгерді, өзі де еңсеріліп, жеңілді. Жеті жылдық тұсында жеріміз қазіргіден де жомарттана, мейірлене түспекші. Отанымның осы бір өлкесінің болашақ тағдыры маған жерүйектей, байлық пен бақ-дәулеттің түпсіз қоймасындай көрінеді.

Партиямыздың Орталық Комитетінің ауылшаруашылығы мәселелері жөнінде алда болатын пленумымен және жазушының өмірдегі орны жайындағы жалпы әңгі-

мемен байланысты Советтік Шығыс республикалары өмірінің бір қырын сөз еткім келеді.

Әңгіме мал шаруашылығында еңбек етіп жүрген адамдар жайлы. Бәрімізге аян жеті жылдық жоспарда мал шаруашылығына үлкен орын берілген. Жазушының міндеті — осы проблемаға адамдардың өзара қарым-қатынасы тұрғысынан қарап көру, экономика тілін адамның жаны мен характерінің тіліне аудара білу.

Мал жұмысында істеп жүрген жұрт өте көп, мал жайының ел назарын аудармай келген күні жоқ. Орта Азия мен Қазақстан республикаларында мал шаруашылығының дені жайылымдық болып келеді. Біздің шөлді-шөлейтті, таулы жерлердің көбі — жайылымды кең жайлау. Жазушының қамқор ойы, жіті көзі осынау қалың малшы коллективтің творчестволық еңбегін тани білуге керек. Практикалық іспен де және олардың бүгінгі, ертеңгі өмірінің шындығын, ерлік істерін көркем тілменен көрсету арқылы да оларға көмектесуге тиіс.

Малшылар отырықшыл ел емес, маусымдап құмнан саяға, бөктерден қияға көшіп, үнемі қоныс аударып жүреді. Сол адамдар жайын ойлағанда, көңілде қуаныш пен қобалжу қатар тұрады. Тіпті, солардың тұрмыс жайынан бастайықшы. Өздерінің бір жерде орнықты мекені болмағандықтан, олар алым-салымы, ашық-тесігі көп көшпелі киіз үйлерде тұрады, кейде жалаң қабат киіз жапқан қоста күнелтуге де мәжбүр. Көптеген шопандардың үй-іші жыл бойына осындай жағдайда болады. Мұндағы өмір сарыны да бірыңғай жұпыны. Жас ержетіп, үбірлі-шүбірлі болып, үлкендер еңіске тартып, қартайып жатады. Жеке отарлардың тұрақты мәдениет орталықтарымен, клубтармен, емхана, кітапханалармен байланысы кейде тіпті болмайды. Дүркінді баспасөз бен кітап малшыларға тым кешеуілдеп келеді.

Бұл үйлердегі жастар жағының қалаға барып, білімге қолы жеткендері кейде осындай қиындықтардан қаймығып, қайта оралмайды. Осындай бір ерсі сәйкессіздік бар, мал басы жылдан-жылға көбейіп отырғанда, шопан кадрларының жайы қиындай береді — олардың қатарының өсуі мардымсыз.

Малшы балаларын оқыту жайы да қиын. Аудан орталықтарынан соларға арнап жатақханалар ұйымдастырылады. Бірақ олар мектеп-интернаттардан әлі алыс жатыр. Бастауыш мектептер кітаптармен, оқулықтармен,

оқу құралдарымен нашар жабдықталады. Олардан жоғары мектепке жастар аз түседі. Әсіресе осы проблемаға баса назар аудару қажет-ақ. Менің ойымша, республикадағы мектеп-интернаттар жайлау мен отардан келген балаларға мейірленс, пейілдене есік ашатын болуы шарт. Олай болса, Алматы, Шымкент ,Қарағанды, Семей сияқты қалалардан көбірек интернат ашу қажет.

Байырғы қарт малшылардың тұрмыс, еңбек жағдайлары түбірімен түп-түгел жақсартылатын болсын. Сонда олардың балаларында да әке жолын қуу тілегі мол болады. Осы айтылғанның бәрі де меніңше, жалғыз ғана Қазақстан емес, Орта Азияның малды аудандарында да қатысы бар мәселелер.

Жазушы — қоғам қайраткері... Демек, әлгі аталған республикаларда осы мәселені қай жағы болса да моральдық тұрғыдан да, үй тұрмысы, семья қарым-қатынасы тұрғысынан да — жазушыға соқпай, оны толғантпай кете алмайды. Бұл реттерде біздегі жағдайдың бәрі бірдей өзгеше емес екенін ешкімнен жасыра алмаймыз. Аудандық, облыстық, республикалық газеттерді бір ақтарып қарап өтсек те жеткілікті. Солардың беттерінен ескіліктің кісі ренжірлік қалдықтарының, әйелге теріс көзқарастың неше түрлі фактілерін табамыз. Қызға зорлықпен құда түсу, қос қатын алушылық, қалың мал, ескілікті әдет-ғұрыптар тағысын тағылар. Осындай оқиғалардың кейбірі РСФСР жерінде де кездеседі. Қазақ халқының бірсыпырасы Батыс Сібірде (Алтай өлкесінде, Омбы, Новосибирь облыстарында) тұратыны мәлім. Солардың арасында сақталып қалған кеселді жайлар, зиянды әдет-ғұрыптар бар. Өткенің жағымсыз салттарын қызғана қорғайтын молдалар мен жалған батагөй ақсақалдардың қынжыларлық қылықтарына тиісінше тойтарыс берілмейді. Міне осындай істер Ғылым академиясының Сібір бөлімшесіне немесе Сібірдің ежелгі мәдени орталығы Омбы сияқты қалаларға жақын жерлерде болып жатады! Жеті жылдықта біз сол араларда көп жайды өзгертуіміз керек. Сібір қазақтарының арасына ана тілінде әдебиет, баспасөз тарату мейлінше қажетті шара.

Осы фактілердің бәрін мен «қара даққа» әуестіктен жазып отырғаным жоқ. Біздегі бұрынғы шаңырқаған шөлдер мен құлазыған түздердің қазір өңі өзгеріп, дәулеті шалқыған бай өлкеге айналғанын тілегі түзу адам-

ның ешбірі көрмей өте алмайды. Ендеше бұған жазушы, совет жазушысы, неге қуанбасын! Бір кезде бедеріне бүр түспей, безерген бедеу бетпақтың астындағы мол суы бұл күнде кең өңірлі өлкемізге өң берейін деп жатса, елсіз, иесіз жатқан тау қойнаулары мен кең сахара байлықтары адам игілігіне жаратылып, аймағымыздан алтын ағылайын деп отырса, қарт бурыл Ертіс суы Қарағанды даласына қарай бұрылу алдында болса, соның қуанышы кернеген жазушы жүрегі неге шаттанбасын! Коммунизм құрылысы ұлан-байтақ мол жерлердің бойына жан бітіреді, тамырына қан жүгіртті. Бұл тақырып жазушының шабытын шақырады!

Жазушы — партияның көмекшісі. Ал көмектесу — үлкен мен кіші жайында да, жаңа мен ескі — өткеннің қарасы өшпеген қалдықтары жайында да қастерлеп жаза білу деген сөз.

Ойымыз әрқашан ояу болып, шабытымыз шарқ ұра берсін. Халықтың өмірімен тығыз байланысты болу бізді, жазушыларды, ылғи осындай күйде ұстауға тиіс.

1959

ӘКЕЛ ДОСТЫҚ ҚОЛЫҢДЫ, БАУЫРЛАРЫМ

Биылғы октябрьдің 10—12 күндері туысқан Тәжікстан астанасында Азия, Африка халықтарымен ынтымақ жасаудың бірінші Советтік конференциясы өткізілді. Конференцияға Азия мен Африка елдерінен көптеген қонақтар қатысты.

Мұнда Советтік заманда бақыт тапқан азат республикалар өкілдері Лениндік ұлт саясаты арқасында сол елдердің жаңарып, жасарғанын, гүлденіп өскенін тебірене айтты; отаршылдықтың масқаралық системасын айыптады, оны аластауға үн көтерді.

Жазушы Мұхтар Әуезовтің мақаласы сол конференцияда сөйлеген сөзі негізінде жазылған.

Сөз басы, сыр арқауы заманның түбірлі һәм түбегейлі мәселесі — күллі адамзаттың, барша цивилизация қаулым тағдыры жайына тірелген шақта Біріккен Ұлттар

Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясы өтіп жатқан бұл күндері, жер бетін мекендеген барлық халықтардың арман-ойы адам баласы тарихында дәл мұндай еш уақытта бірлесіп, бірегейленіп көрген емес, ақыл мен сананың құдіретіне деген зор үміттен қанат таққан күллі нәсілдер атаулының жүрегі дәл мұндай бірлесе соққан жоқ.

Қара ма, ақ па, сары ма — қай нәсілдегі адам болса да, оның лүп-лүп соққан жүрегі барша жанға ортақ үміт-пен, ортақ арманмен толы. Адам атаулының жүрегі бір-бірінен айнымайды, адам атаулының азаттық пен тәуелсіздік үшін төккен қаны қай құрылықта болса да, бір-біріне ұқсас, демек олардың жүректерін кернеген қасиетті үміт те ортақ. Міне, сондықтан да Совет мемлекетінің басшысы Ассамблеяда сөйлеген сөзін жер-дүние асқан зейінмен құлақ түре тыңдады. Өйткені ол дәуіріміздің көкейкесті мәселелерін, тарихи даму бағытын құрыш қисын, құдіретті логикамен топшылай келіп, ұлттардың халықаралық сарапшы жиыны алдына жайып салды. Халықаралық шиеленісті бәсеңдету жаппай және толық қарусыздану, адам баласының тұрмыс-тіршілігінде соғыс деген ұғымды жою, отаршылдық тамырына балта шабу проблемалары халықтар жүрегіне замандар бойы ұялаған ұлы арманның бір түйіні еді. Оның қасиетті қарқарасы — соғыссыз, қанаусыз бейбіт өмір, барша нәсілдер мен ұлт ұрпақтары түлеп өркендер, тыныштық орнату.

Осы заманғы тарих дамуы адам баласының алдына осындай талап қойып отыр, одан жалтарып, бұлтарып кете алмайсың, оны нақты, байсалды, пәрменді шешпей болмайды, өйткені қытайлықтар айтқандай, желпуіш күнге көлеңке болмайды, немесе Африка нақылынша, «күн батқанмен, таң атуы ақиқат». Біз Азия мен Африка халықтарының тағдырына селқос қарай алмаймыз. Орта Азия мен Қазақстан халықтарын құлдық пен күндіктен 1917 жылы Октябрь революциясы ғана азат етті. Әйтпесе біздің тағдырымыз да Азия, Африка халықтарының тағдырына ұқсас болар еді. Отаршылдық құрсауы бір кезде біздің де басымыздан өткен.

Бейбітшілік, қарусыздану және отарлық қанаудан құтылған халықтарды көркейту идеялары — құр ғана идея емес, ол тарихи фактілердің декларациясы, адамзат дамуының жолдарын терең түсіну сезімі болып табылады. Бейбітшілік жаппай қарусыздануды жүзеге асырмақ,

ал бейбітшілік пен қарусыздану халықтар ынтымағының, езілген ұлттардың теңдікке жетуінің беташары болмақ.

Бұл мәселелер бір-бірімен жымдасып қабысып жатыр, түйінді шешу — әлем халықтарының өз қолында.

Аззаттықтың халыққа, елге берер игілігі қандай?

Орта Азия мен Қазақстанға келетін болсақ, мұнда ел түгіл, жердің өзі ғажайып өзгерді. Шөл далалар игеріліп, нәрлі су жаһан далаға өң берді. Қолдан теңіздер жасалып, сән-салтанатты социалистік шаһарлар орнады, солардың бірі — асыл зерлі астана Сталинабад. Әрине, халықтың тұрмыс қалпы да, оның өмірлік мүдде, талаптілектері де өзгеріп, өсті, ұлттық тән қасиеттер замандар бөгетін бұзып өтіп, өзінің ең асыл сырлары мен гүлдерін ашты, жаңа сипат, жақсы дәстүрлермен байыды, ұлттық бейнесі көркейе түсті. Бірақ одан ұлт келбеті, ұлт тұлғасы солғын тартқан жоқ, жайнай түсті.

Бұрынғы отарлық құлдықтан азат болған біздер осының бәріне Азияның дәл жүрек ортасында, жасампаз социализм дәуірінің арқасында жеттік. Бұл өлкеде материалдық жағдайлардың жасалуы, ғасырлар бойы тебіренбей тұнып жатқан табиғи байлықтардың толық пайдаға асуы нәтижесінде халықтарымыздың рухани мәдениетінің адам айтқысыз өсіп, өркендеуіне тамаша мүмкіндіктер туды. Ал материалдық қазынамыздың молдығы өзіне басқа, Өзбекстан мен Тәжікстан мақтасы, Қазақстанның алтын астығы, таңғажайып кен байлығы, түсті метталл, көмір, мұнай, темір қоры, сол алқапта орын тепкен алып заводтар, әлемге әйгілі өндіріс ошақтары өз алдына бір дастан.

Мен рухани мәдениеттің, ғылым мен халық ағарту ісінің, өнер мен әдебиеттің белгілі бір саласына ғана тоқталмақпын.

Тек бір ұрпақтың ғана өмірімен өлшенетін тарихи қысқа мерзім ішінде халықтың қалың бұқарасына білім беру арқасында, бұрын 2—2,5 проценті ғана хат танитын қазақ халқы жаппай сауаттанып шықты. Ол кезде мемлекет қаржысымен тірлік етер, ұлт тілінде сабақ жүргізер бірде-бір бастауыш мектеп жоқ болатын. Ал қазір Қазақстанда жалпы білім беретін он мыңдаған мектептерді былай қойғанның өзінде, толып жатқан арнаулы оқу орындары — техникумдар, институттар бар. Ғылым адам айтқысыз гүлденіп, көркейді. Егер бұдан 40 жыл бұрын Қазақстан жерінде бірде-бір ғылыми мекеме бол-

маса, бүгін Қазақтың Ғылым академиясы жұмыс істейді, оның қамтуында 25 ғылыми-зерттеу институттары, мыңдаған ғылыми қызметкерлер бар. Олардың ішінде дүние жүзіне әйгілі оқымысты, Академия президенті, геолог, Лениндік сыйлықтың лауреаты Қаныш Сәтбаевты мақтанышпен атап айтуға болады. Бізде ғылымның барлық салаларын дамытып келе жаткан қазақ ғалымдары — биологтар, физиктер, математиктер, астрономдар, химиктер, инженерлер, геологтар, кеншілер, металлургтер, гуманитарлық ғылым салаларының сан-алуан өкілдері көп-ақ. Оқымысты қазақ әйелдері де баршылық. Душанбедегі конференцияға медицина ғылымдарының докторы Кәмила Өтегенова, көрнекті қоғам қайраткері, әлеуметтік қамсыздандыру министрі Балжан Бөлтірікова, белсенді қоғам қайраткері, өнер сыншысы Ләйлә Ғалымжанова, мұғалима Әлия Дүйсенова қатынасты.

Осының өзі біздің республикаларымыз мәдениетінің жан-жақты жайнай өскендігінің белгісі емес пе!

Қазақ халқының өнер өркендеуіндегі тамаша табыстары айырықша қуантады. Халық сөзімен бейнелей бағаласақ, оны «екі шекті қу қарағай» домбырадан симфониялық оркестр шыңына көтерілу жолы, «жалғыз әнші — жаяу серіден» мың дауысты қуатты хор биігіне шыркау жолы деп айтар едік. Осы заманғы музыка теориясы мен тарихынан тағлым алған қазақ композиторлары күрделі композициялы шығармалар — скрипкаға арналған концерттер, симфониялар, симфониялық поэмалар, тамаша опералар, ораториялар тудырып жатыр.

Октябрь революциясына дейін, европалық ұғыммен айтқанда, театр өнері болмаған халықтардың енді опералық спектакльдері бар. Олардың ішінде кейбір актерлер бүкілодақтық құрмет-сыйға бөленіп, СССР халық артисі деген жоғары атаққа да ие болды. Драма театрларының сахналарында дүниежүзілік классиктер шығармалары ойналады.

Қазіргі уақытта өнерпаздардың бұқаралық коллективтері етек алып, халық өнері кең жайлауға, ен өріске шықты. Біздің республикаларымызда жастар арасынан талантты әнші, тамаша артист, дарынды ақын тудырмаған бірде-бір аудан жоқ. Барлық жерде де: колхозды ауылда да, өндірісті қалаларда да халық таланттары қаулай өсіп келеді. Халықтың жан жүйесі серпіле сергіп, өнер өріне өршелене құлаш ұрды да, оның даналық

асқарынан мыңдаған құйрықты жұлдыздар жарқырап ұшты.

Өнерпаз қауым мен өскелең жұртшылық — ажыраспас ағайын, дос, біртұтас тұлға іспетті, олар бірін-бірі ерлік еңбекке құлшындырып, шабыттандырып отырады.

Бұл тұрғыдан алғанда қазақ совет әдебиеті айырықша көзге түседі.

Қазақ халқының ақындық һәм шешендік өнері Октябрьге дейін өлең саласында ғана бой көрсетуші еді. Қазір қазақ әдебиеті, ең алдымен жанр байлығымен күшті, онда поэзия да, көркем проза да, драматургия да, сын да, әдебиеттану да мол дамыған. Әдеби қайраткерлеріміз — бүкіл дүниежүзілік әдебиет жөніндегі терең ғылым мен қаруланған білімді адамдар.

Қазақ әдебиетінде күллі совет халықтарына, одан қалды, ағылшын, француз, американ, қытай, чех, неміс халықтарына және басқа елдерге мәлім болған әлеми туындылар бар.

Қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, гүлденуі нәтижесінде Қазақстанның орта дәрежелі оқу орындарында қазақ совет әдебиетінің тарихы жөнінде арнайы курс оқылады, қазақ әдебиеті мен тілін үйрену үшін дербес факультеттер жұмыс істейді, қазақтың филолог ғалымдары сонда тәрбиеленеді.

Орта Азия мен Қазақстанның рухани мәдениетінің өркендеуіндегі айырықша бір жәйт мынау: бүгінгі мәдениетіміз ғылым, өнер, әдебиет салаларының бәрінде де халықтарымыздың өткендегі рухани мәдениетінің таңдаулы дәстүрлерінен үлгі нәр алып отырады.

Өткен заманның асыл мұраларын қастерлей сақтап, терең зерттей отырып, әлем халықтарының, оның ішінде ұлы орыс халқының классикалық өнерінен үйрене отырып, жазушыларымыз дәстүр мен жаңашылдық қазынасын молайта түседі. Соның барысында совет халықтарының тұтас тұлғалы социалистік рухани байлығы жасалады, империализм және отаршылдық бұғауынан босанған халықтар, материалдық прогреспен қатар, социалистік жолмен қайта жасарған өнер бағының мол жемісіне ие болып келеді.

Халықтарымыз барша ұлттардың ұлы лениндік достығы аясында осылайша қатар өрбіп, тең өсіп келеді.

Жасыратыны жоқ, бұрынғы патшалы Россия тұсында, отарлық құлдықта болған кезінде бұл халықтар рушыл-

дық-феодалдық мерез салттың уағызшылары болған өз әміршілерінің айдап салуымен бір-біріне күдіктене қарап, бас қоса алмаған еді. Орта Азия мен Қазақстандағы ұсақ хандықтар, Қырғызстандағы манаптықтар тарихы — осынау ұлтаралық, руаралық араздық-алауыздықтың шұбырмалы шұбалаңындай. Ол бір запыран құсқан зар-заман, жас жүректі қасірет түнегі бүркеп, ару ана ат артына бөктерілген қырсықты заман еді. Ру, тайпа, ата-тұқым, адам тағдыры, қыстақ, ауыл, шаһар тұрғындарының тағдыры қыл үстінде қиналған шақ еді ол.

Ал бүгінде Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тағдыры мүлде басқаша, ол — ұрпақ, ата-ана, үрім-бұтақ тағдыры бәйшешектей құлпыра жайнап, жасара келіп, бақыт бақшасына айналған, сөйтіп күллі әлемді өзінің тамаша көркімен таң қалдырған ғажайып тағдырға айналды. Қырық пен алпыс арасындағы әрбір қазақтың, тәжік, өзбек, түрікмен, қырғыздың жеке басы сонау бағы заман — бақытсыз орта ғасырдан басталып, аяғы коммунизм қақпасына келіп тірелген таңғажайып эпопеяны құрайды.

Жеке адамның шежіресі, тағдыр айнасынан қарағанда, замандардың арғы басынан XX ғасырдың орта беліне дейінгі, азиялық рушылдық дәуірден коммунизм шыңарына дейінгі орасан ұлы кезеңнің шағылысқан сәулесіндей. Халқымыздың әрбір перзентінің, әрбір қазақ ғалымының, қазақтың халық артисінің, қазақ жазушысы мен дәрігерінің, инженері мен агрономының, партия және совет қайраткерінің өмір жолы осыған айғақ. Жеке адам тағдыры да, жеке халықтар тағдыры да өзара ұштаса келіп, Бас Ассамблеяның XV сессиясында совет делегациясы ұлы шындықты, біздің тамаша тарихымыздың сындарлы ақиқатын даусыз дәлелдейді.

Сол ұлы ақиқат үшін, бейбітшілік пен туысқандық үшін, отаршылдықтың құруы үшін, әкел достық қолыңды, Азия мен Африка елдері!

1960

ЗАМАН ШАРТЫ

Ғажайып шақ. Совет вымпелі айдың сиқырлы жүзін сипай жетті. Өзіміздің замандасымыз, совет адамы планеталар сапарына ұшқалы отыр. Ал сол кезде көркемөнер аталатын адамзат еңбегінің бір сахнасында әрекет ететін біз, жазушылар, тамашалаған күйдеміз. Сүйсінеміз. Ғылымның ұлы табысына қызыға таңырқаймыз. Және біз тек қана тамашалап тұрғанымыз жоқ, өзімізге өзіміз сұрақ та беріп: «Дәл бүгінгі шақта біздің еңбегіміздің мәні қандай? Біздің орнымыз қай жерде? Әдебиеттің барар жолы, ақсар арманы енді қандай болмақ керек?»— десеміз.

Жер серіктері, космос кемелері, атом қуатының серпіні кейбір әдебиетшілерді шындап шіміркентті. Жә, осы қобалжу тегін емес пе? Жоқ, менің ойымша тегін емес. Рас, мен осы дискуссияны алғаш бастаған П. Антокольский мен К. Зелинский екеуінің бүгінгі көркемөнер тағдыры жөнінде топшылаған көзқарастарына қосыла алмаймын. Бірақ сонда да жазушылардың өз басына, өз еңбегіне заңды түрде талап қоя сөйлеуге кіріскенін барымша құптаймын. Иә, бүгін біздің сөйлесетін жайымыз мейлінше мол.

Көркемөнердің мүмкіншілігімен, оның бүгінгі біздің замандасқа ұсынып отырған нәрі барына қарағанда, оқушы да, жазушы да тып-тыныш қала алмайды. Сондықтан да біздің әдебиеттік клубымыздың осы дискуссиясына қатынасушылардың саны молайып келеді. Дауға әркім де өзіндік өнімді үлесін қосуға талпынады. Ал біздің бәріміз қосылып шындықты іздейміз. Сол шындықты іздеудің қиын да болса қызықтырған жолына ат салысуға менің де көңілім ауды.

Космос дәуірінде әдебиетті қайтпекпіз?

Бұл мәселені, мен, мысалы, көркемөнер мен әдебиет — дүниені бейнемен танытатын күш деуден бастауыма да болар еді. Эстеттер солай айтады да, озғын мәдениет үздіксіз септесуден құралатынын ескертеді. Немесе тағы бір жайдан сөз қозғауға болар еді.

Неше мың жылдар бойына адамзаттың көп дәуірлердегі көп халқының творчестволық қуатымен жасалған қымбат қазыналы өнерін бүгін есептен шығара қою жол

емес. Қандай ғылымның қандайлық ғажайып табыстары тұрғысынан қарасақ та олай ету жол емес дер едік.

Бір алуан ой өрісін осылай да бастауға болар еді.

Бірақ қазір мен Гомер туралы Платон айтқан бір жайды еске салайын. Ол Гомер ақын бүкіл Элладаны тәрбиеледі деген. Ал тек Элладаны ғана тәрбиеледі ме екен сол Гомер? Маркстің айтқаны кәне? Грек өнері «осы шақта да бізге көркемдік рахатын береді де, белгілі дәрежеде әлі күнге шеніне ілестірмейтін әсем үлгі, дәл таразы боп тұра береді» деген. Көркемөнер біздің ішкі дүниемізге, жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді. Ең зор шындық осы емес пе? Осыны қайтып ұмытар едік!

Біз көп кездерде, Гомер өз дәуірі адамының дүниетану, дүниесезіну ерекшеліктерін бейнеледі деп сөйлей де, жаза да жүреміз. Сонда бізді оған құмар етіп тартатын тек қана соныға құмарлық, қызыққыштық қана ма? Тек қана таза күйдегі эстетикалық нашалану ғана ма? Әлде «ескі жырды» оқи отыра, біз соның ішінен жаңа ырғақ, сарын тауып, танып бүгінгі күнімізге керек бір нәрсені ала отырамыз ба? Әрине, ала жүреміз. Ендеше бүгін де Гомер біздің замандасымыздың ойын, сезімін, жанын да тәрбиелеуге қатыса жүреді емес пе!

Осы жайды заманы бізге жақын суретшілер жайынан, әсіресе батыл айтуға болады. Өткен ғасырда Россияның озат қауымын тәрбиелеген Пушкин бізді бүгін де тәрбиелемей ме екен? Маяковский тәрбиелемей келе ме? Солар тәрізді бар ғасырдағы бар халықтардың барша классиктері де бізді сөзсіз тәрбиелейді. Өздерінен кейінгі әлденеше буындардың ой әлеміне ізі қалмаса, олар классик те болмас еді. Сөйтіп көркемөнерде заманнан заман тозбайтын да қазына бар дейміз. Ешбір «Ай серіктері» оларды біз үшін жоқ ете алмайды. Адамзаттың ғылымдық ойы қаншалық тапқыр, өр талапты болмағанмен де, дәл адамның өзінің бойындағы бар байлықты ол да жұтатпайды.

Жер баласын табиғаттың, махаббаттың, жастық пен балалық шақтың қуанту, сүйсіндіру, қызықтыра сыйқырлауы еш шақта да тозбайды. Адамзат пәлендей ғылымның сонау заңғар биігіне барып шықса да, Пушкиннің «Я помню чудное мгновенье...» дейтін жырын сүйсініп оқудан танбайды. Болашақтың адамымен бірге, біздің ертеңгі күніміз деп отырған коммунизмнің өзіне де көркемөнер бірге барып кіреді. Олай болса: «Поэзия,

көркемөнер енді керек емес, себебі ғылым бүгінгі жаңа жолмен адам ойын тез жетілтеді, оңай тәрбиелейді, «ескі» асқа ол адам құштар болмайды» деп ойлау шалағайлық.

Бұл жолда біз істейтін іс көп. Сол жайдан «Ғылым мен утопия» деген өлеңінде ақын Н. Қоржавин жақсы айтқан. Оның ойы бұрыннан айтылып келген гармониялық төрт тарапты өсу заңынан артығырақ шыққан.

Біздің заманымыздың көрнекті саясат адамының бірі, Эйнштейн еңбегінің үш қана бетін түсіну үшін үш ай отырдым деп жазған еді. Кім білсін, кей әдебиетшіге үш күн емес, үш ай да жетпес. Бірақ мәселе сонда ма екен? Ақын өзінің өлең жолдарына, мысалы, квантмеханикасының, немесе кибернетиканың, болмаса астрофизика мен астроботаниканың жеке ұғымдарын қанша кіргізсе де, ол өлеңнен біз өзіміздің замандасымыз сырын таппас едік. Әсіресе, ол замандасымыздың ой-сезім байлығын танытатын жаңағыдай өлең болмас еді. Не себепті солай дейміз? Себебі көркемөнер ғылыммен салыстырғанда ойдың төменгі сатысы емес, бөлек саты математикамен салыстырғандағы арифметиканың орны-орнында әсте болмайды.

Дискуссияға қатынасушылардың кейбірі көркемөнердің өз майданы, өзінше өсу логикасы, өз диалектикасы бар деген пікірлерін мен де қостаймын. Рас, бұған қарап білімнің өзге арнаулы саласында қалыптанған мамандар әдебиетке келе алмайды деген байлау жасауға болмайды. Тек қана олар келгенде ең алдымен жазушы сыпатында келетінін есте тұту керек.

Бұл ретте әдебиетке дәрігер Чеховтың келгеніндей бол, өлшеу мөлшерді, ішкі таразыны дәл ұстап тұту керек. Иә, сөйтіп адам тану ғылымы мүлде өзіне бөлек жеке үлкен сала дейміз.

Физик пен химиктің біліктері, көркемөнердің жаңа дәуіріне апаратын жолдың жасырын кілтін тауып беретін көмекшілер емес. Адамның жан дүниесін жеке бейне арқылы жан-жақты терең етіп ашып көрсетіп беретін де ол емес. Осы соңғы міндетті ада қылатын тек көркемөнер, сондағы Данте, Шекспир, Сервантес, Гете, Толстойлар...

Бүгін біздің алдымызда тұрған міндет, солайша ғасырлар бойлап атой бергенде біздің заманның геройларының аттары да Дон Кихот, Гамлет, Фауст. Болконский-

лер аттарымен қатар тұруға жарауында. Көркемөнердің өзге саласының өкілдері ренжімесін, бұл жөніндегі бірінші сөз әдебиеттікі.

Біз жаңалық табу жолындамыз

Осыған жұрттың бәрі келіседі. Өзгерген дүниені баяндау үшін көркемөнер өзі де өзгеру керек дейміз. Олай болса ендігі мәселе: сол өзгеріс кезеңі қайда? Қайсы? Міне осы жайда көп пікірлер айтылды. Негізінде көпшілік шығарманың қысқа түрлі болуын, сөйлемнің жаңа ырғақ табуын, жанрлар шектерінің өзгерулерін, қысқасы, қорыта айтқанда, әдебиеттік стильдің жаңаруын тілеседі.

Әдебиет жөніндегі салмақты сөз, тіпті жауапты сөз жөнін ойлағанда, менің ойымша, жаңағы жайлар кемші соғады. Мәселенің ең зоры, бүгінгі әдебиетте, бүгінгі адам психологиясы бар көлемінде көрінбей отырғанында ғой. Олай болса, сол біздің бүгінгі геройымыз жайын ең алдымен ойлау керек те.

Бүгінде оқушының ең алдымен тосып отырған адамы — ой еңсесі биік адам, интеллект иесі адам. Сондай адам есеп машинасын шеберлеп шығару жайында шұғылданған инженерге, космосқа алғаш баратын төрт аяқты жеңіл жәндік жайын зерттеп отырған биологке де ең алдымен керек адам екені даусыз. Заман ерекшелігі осылай. Тіпті заман шарты да осылай. Енді ойлы адам, интеллектуальный адам дегеніміз кім? Әрине, бұл «оқымысты» немесе «интеллигент» деген сөзімізбен барабар емес.

Адамды тарихтың ірі қайраткері ететін анық творчестволық ойдан жырақ, тек қана өз жұмыстарын жақсы білетін: агроном, инженерлер, оқытушы, дәрігерлер аз емес. Оларды интеллигент десек те биік интеллект иесі дей алмаймыз.

Энциклопедиялық көп жақтан хабардар болу да интеллектің терендігін танытпайды. Қазіргі білім жеке ғылым саласына терендейтін мамандықты тілейді. Аристотельдің, Абу Али Ибн-Синаның, Леонардо да Винчидің жан-жақтылығы бұл күнде мүмкін де емес. Дәуіріміз бізден өзгені тілейді. Адамзаттың көп ғасырлы мәдениеті бізге қалдырған мұра да өз дәуірің туралы жауапты терең ойлан дейді. Ал біздің әдебиетіміз анық күткен қадірлі замандасымыздың өзі де өзінің дәуірін барлық

қайшылықтарымен, бар кең көлемінде даналықпен қамтып тани білетін адам. Ол адам коммунизмнің құрушысы, бейбітшілік үшін алысушы, болашақ заманға бой ұрған, тек бүгінгі күннің барымен ғана бақыт таптық демейтін, алға қарай даму жолындағы кемшілік олқылықтарды да терең сезінетін адам. Қай жерде, кім болып, не кәсіппен айналыспаса да, оның жұмысы болмайтын мәселе жоқ. Себебі оның ныығына артылған жауаптылық күшті. Ол — тарих арнасында, сол тарихтың тізбегіне өзі де кіретін жан.

Міне әдебиеттік шығарманың ең қасиетті міндеті — дәл осындай адамның жүрегін, жанын, жалынды ойын кең де терең күйде ашып бере білуде.

Ал әдебиетімізге келсек, дәуірдің құлашы мен құлашы тең түсетін герой біздің шығармаларымызда аз ұшырасып отыр. Адамның ішкі әлемін суреттемек болғанда, біз көбінше оның сыртқы белгілерін ескереміз, күнделік еңбектегі өмірбаянын терумен болып, үлкен жанның өмірбаянын ескермей кетеміз. Замандасымыздың ой-сезім әлемін шамалы-ақ таныту — біздің көп роман, драма, ұзақ әңгіме, қысқа әңгіме атаулымыздың бәріне ортақ әлсіздігіміз. Осы жайды мен өзім жақсы көретін жазушылар ішінде Г. Николаева романынан, Мехти Гусейннің, Ғабиден Мұстафиннің жаңа шығармаларынан және Асхат Мұхтардың, Түгелбай Сыдықбековтың соңғы кітаптарынан да байқап жүрмін. Мұнда аты аталмаған, аталуға мейлінше дәл келетін талай жазушыларды айтпай-ақ қояйық.

Жүрекке жүрек ашылсын

Замандасымыздың жан түкпіріндегі, жүрек тереңіндегі сыры мен шынын ашу үшін, өзіміздің де жүрегімізді соған үйлес ашу керек. Герценнің жас шағында «Воробьев тауында» берген анты «Былое и думы» сияқты жан тарихын ашатын кітап тудырды. Сүю мен жіренудің қызуына барынша берілген Белинскийдің жаны Гогольге арналған хатты жазғызды.

Заманымыздың геройы үшін біздің жанымыз өзіміздің туған балаларымызға ашылғандай ашылсын. Ал, көбінше, сондай шын сырға сараңбыз. Өз күшімізді өзіміз жасырып іріккендейміз. Соны іріктей, барды сарқа берген шағымызда көркем шығарма жайнап кетеді. Шоло-

ховтың «Адам тағдыры», Твардовскийдің соңғы поэмасы, Овечкиннің кейбір очерктері біздің бүгінгі әдебиеттің ең алдыңғы шебінде тұрған сияқты. Себебі бұл жазушылар өз геройларына тынымсыз ойдың және өз заманы үшін ұлы жауаптылық сезіміне берілген ойдың қасиетін беріп отыр. Шолохов эпопеясындағы ең ірі қасиет, менің білуімше, жазушы мен геройдың жүректері бар шындарымен ашылысып ұшырасуында.

Сөйтіп, реалдық өмірдегі жандардың интеллект байлығымен салыстырғанда, өз геройларымыздың іші жүдеу, жұтаң екенін көріп отырмыз.

«Лириканың қағажу» көруі ретінде оқушының күткен жерінен шықпай, заман мен адам турасындағы ой толғауды ашып бере алмауында сияқты. Осы жайды мен, әсіресе, өзіме әрі жақын, әрі таныс ортаазиялық республикалар поэзиясы жөнінен айтар едім. Тіпті поэзия ғана емес, қалың романдарды, қысқа эпопеяларды оқығанда да біздің туысқан әдебиеттердің өсу-дамуы көп түйіндерді қамтып отырса да, өңдеп жайылу сипаты мол. Ал адамына келсек, көңілің тоя алмайды. Шын геройды алсақ, ол оқушыны өзінің соңынан ертіп әкететін ұлы адамгершіліктің үлгісі болатын бүгінгі советтік қайраткер емес пе!

Рас-ақ, көп шығармаларды оқып отырғанда сол геройлардың еңбек етіп жүргенін, жиылыстарда сөйлегенін, кейде тіпті бас тұрмысын, үй іші тірлігін де көреміз. Ал жан әлеміне келсек, дәл сол геройларымыз оқушы үшін жабық күйде қалады. Жабық қана дейміз-ау, тіпті үстірт олақ бейнеленіп қалады. Тегі адам құр ғана әрекет етпейді, ол белгілі байлау жасап, соның нәтижесінде мінез көрсетеді. Сол байлаудың жасалуын ішкі бір қажетті сырдан туатын байлау екені бізден жасырын қалады. Ал оқушыға ең керекті, ең қызық жай сол бүркемеде қалған жасырынның өзі емес пе.

Біз болсақ оқушыға геройдың интеллектін ашып беру орнына күнделік сыртқы күйін ғана көрсетеміз. Орны толмас олқылық осы. Мұның мысалына ешкімнің де атыжөнін атамай отырғаным — осы кемшілік бәрімізге ортақ мін! Жай ғана мін емес, жазушылық жөніндегі ауыр айып.

Біздің республикалардағы халді алсақ, осы мәселенің орны өзгеше екенін аңдаймыз.

Мәдениет тарихы бүгіннен басталмағаны баршамыз-

ға айқын. Орыс әдебиетін алсақ заманының өрескеліне, халық тағдырының ауыртпалығына жаны да, ойы да үңілген дәстүрлі герой сонау Радищевтен бастап Горькийге дейін үздіксіз жалғаса келген. Сондықтан бүгінгі орыс совет әдебиетіне интеллект иесі геройдың жөнінен жаңа, мығым дәстүр жасаудың қажеті жоқ. Ол дәстүр ерте туған. Ал ортаазиялық туысқан елдер әдебиетіндегі жайға келсек, мұндағы күй басқаша. Біздің халықтарымыз өз уақытында капиталистік даму дәуірінен аттап өтті. Белгілі дәрежеде әдебиетте бұның кейбір қиыншылығы да болды. Біздің әдебиеттеріміз ұлы орыс әдебиеті мен мәдениеті көшін өткен шыңдала шыныгу дәуірін бастан кешкен жоқ. Сол себепті біздің жазушыларымыздың мойнында тұрған жауапты міндет, оқушыны тәрбиелегенде оның мәдениетін көтеріп, интеллектін тереңдетуіміз керек. Олай болса әдебиеттегі интеллектуал дәстүрді тұғызып, өсіре беруіміз керек.

Әрине, бұл жөнде өткен шақтың да кейбір табыстарына сүйеніп, Абай, Шоқан сияқты мәдениет пен көркем-өнер қайраткерлерінің дәстүрін пайдалану шарт. Сонымен қатар ең алдымен біздің бүгінгі күніміздің өзінің рухани байлығына сүйенуіміз керек. Әсіресе біздің жас жазушыларымызға жазушылық жолы, ең алдымен, өз басының мәдениеті зор болуына байланысты болғандықтан ізденіп өсуі молырақ болса екен деген тілек айтар едім.

Геройдың интеллекті — көбінше жазушының өз интеллектінің тереңдігі мен кеңдігінің туындысы. Әдебиеттің болашағын сөйлегенде, жаңа стиль мен жаңа түр жайын ойласқанда, жазушының өз заманы алдындағы жауаптылығы да ең алдыңғы қатардағы, ең үлкен жай екенін ұмытуға болмайды.

1960

ҚАЙТА ТУҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘДЕБИЕТІ

Жас шағынан бастап, құлаш соза, жетіле түскен кезіне шейін жүріп өткен жолын аңдасақ, қазақ совет әдебиеті көп салалы, күрделі өмір кешкенін көреміз. Октябрь тудырып өсірген тамаша өренінің бірі — қазақ совет

әдебиетін барлық халқымызбен бірге қуаныш мақтан ете отырып, сол әдебиеттің көп жайларын тілектес көңілмен шоламыз.

Қазақ совет әдебиетінің қырық жылдық дәуірі деген сөз — ол ең алдымен, әдебиеттік нақтылы фактілердің, ағымдардың, қозғалыстардың және үлкенді-кішілі шығармалық шабытты процестердің тарихы деген сөз. Бұл тарих сонымен қатар, деректі, қомақты дүние. Жалпы бағыт жайлармен қатар, бұл жөніндегі әрбір деректер жеке шығармалар түрінде, жеке жазушылардың өмір тартысы ретінде өте айқын, салмақты келеді.

Сан жағынан мол болып, әр салалы кең көріністер аңғартатын табыстардың сапалы жағы да ойдағыдай. Бір адамның өмірінен де қысқа дәуір ішінде дүниежүзілік майданға шығуға жараған жаңа әдебиет пайда болды. Революция тудырған қазақ әдебиетінің анық өскелендік, сапалық сипатын, табысын танытатын кей көрнекті жайларын арнай атау керек.

Бұл жөнінде біз бар табысы тың болған көркем проза мен драматургияны ең алдымен ауызға аламыз. Қазақ көркем прозасы революциядан бұрынғы кезде үлкен табыс дәстүрге жетпегенінен қарамай, қырық жыл ішінде анық зор өріске жетті. Осы аталған санаулы жылдар ішінде біздің көркем прозамыз өз оқушысына сан алуан үлгі, өрнектер әкелді. Бұл қатарда: терең драмалық құрылысы бар, сюжеті қызықты құрылған немесе психологиялық әңгімелер баяндайтын, болмаса тарихтық жайларды суреттейтін, тарихтық-революциялық шындықтарды бейнелейтін және өмірбаяндық, қызық оқиғалық романдар да туды. Өткір сана — мүдделі күнделік тартыс көрінісін бейнелейтін очерктер, әңгімелер жазылады.

Соғыстың қатал күні мен бейбітшілік күндерді немесе тынды көтеру күндерінде де еңбек қарқынын суреттеген көркем проза үлгілері шықты. Осының бәрімен қазақ прозасы партияның өткір құралы болуға жарады. Біздің прозаның табыстарын одақтағы барлық халықтарымыздың бәрінің де тілінде таныған, танытқан бағалар бар екені белгілі.

Дүниежүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәстүріне сүйенетін реалистік прозамызды жасаған жазушылар — роман жазушылар мен әңгімелер жазушылар. Мысалы, қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбет Майлиннің өзгеше мұрасынан танылатын. Ірі формалы

прозаның роман үлгілері: Сәбит Мұқановтың «Ботакөзі», Ғабит Мүсреповтің «Оянған өлкесі», Ғабиден Мұстафиннің «Шығанағы» деп санаймыз.

Мен қазақ көркем прозасының ең ірікті шығармаларын ғана екшеп алып отырмын. Бұл шығармалар — мезгіл сынын көтерген, тұрақты табыс ссебінде бағалануға мейлінше жарарлан кітаптар. Осы аз ғана еңбектердің бәріне ортақ ерекшелік жайлары бар және әрине, әрқайсысының өзіне ғана тән, өзіндік жекешелік қасиеттері тағы да бар. Бұлардағы жалпы жақсы белгі, әрбір жас әдебиеттің алғашқы Абайдан соңғы дәуірде қазақтың көркем сөзінің сапасы артып, жалпы әдебиеттік мәдениеттің жаңа үлгісін жасайтын жазушылар туғанын аңғартады. Сонымен қатар әрқайсысының жекеше бағалы қасиеттері бар. Мысалы, Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды боп шығады. Және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуірінде қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады.

Сәбиттің «Ботакөз» романындағы ерекшелік қасиет: бұнда лирикалық жан күйлері мен драмалық жайлар жақсы қабысады да, соның бәрі тарихтық, қоғамдық қозғалыспен ,революция дәуіріндегі үлкен тартыс шыңдығымен жақсы үйлесіп бейнеленеді.

Ғабиттің «Оянған өлке» романы — көркемдігі де, ойы да терең шығарма. Өзіндік даралық, жекеше жайлары мен тіл кестесі, сөз шеберлігі оқшау сезіледі. Осындай стильдік те толық сыпаттары арқасында оң-теріс адам бейнелерін ішкі, сыр-сыпаттарымен жақсы ашады. Бұнда жазушының өзіндік психологиялық суреттеу үлгісі талай жандарды сатиралық мысқыл, ажуамен бейнелеуге бейімделіп, дұрыс дамып отырады. Осы әдіс, нақыстар, бұл жазушы шығармасының өзгеше өзіндік қасиеті болып айқын байқалады.

Ғабиденнің «Шығанақ» атты романы да өзгеше, қызықты шығарма. Замандасымыздың ішіндегі аса өнерлі егіншісі Шығанақ бейнесін жазушы халық бойындағы даналық қасиеттің жаңа сападағы бір үлгісі, өнегелі адам сипаты етіп көтере көрсеткен. Ұлы Отан соғысы

жылдарында сусыз сарań сахарада ғажайып мол егін — өнім алған еңбек даналығын келісті қып көрсете білген. Шығанақ бейнесінде еңбек батырлығын танытатын өзі дана, барынша адал бейілді, совет патриоты жақсы сыпатталған. Бұл шығарманың өзгеше бір қасиеті: роман дағдылы өндіріс жөніндегі шығарма ғана болып қалмай, зор көркем шығарма болып қалыптасқан. Өйткені бұнда геройдың ішкі-тысқы сын-сыпаттарын тұтас ашып суреттейді. Адамның ішкі сезімдері, ой толғауы, қажырлы арманы халықтық кең, қызықты мінездер ретінде әдемі үйлесіп, тұтаса қалыптасқан. Бұл кітаптың осындай өзіндік өзгешелік қымбат-сымбаты бар.

Жоғарыда аталып өткен төрт жазушының төрт алуан шығармалары қазақ көркем прозасының ең көрнекті, ең елеулі табысы болып саналуға татиды. Осылардай алдыңғы аға буын жазушылармен қатар соларға ілесе жедел келе жатқан тағы бір топ талантты жазушыларды еске аламыз. Бұлар реалистік әңгімелердің, очерктердің және романдардың жазушылары — С. Ерубаев, Ә. Әбішев, Ғ. Орманов, Ғ. Сланов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, З. Шашкин, Т. Ахтанов, З. Қабдолов, С. Шәймерденов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов тағысын басқалар.

Біздің жаңа әдебиеттің соңғы қырық жыл ішінде тауып бауырған жаңа жанрының бірі — драматургия. Қырық жыл ішінде сол драматургия ең алғаш киіз үйде, балаған күрке астында қойылып жүрген жастар ойынсауығынан бастап, үлкен шеберлікке,реалистік көркемдікке жеткен шығармалар тудырды. Бұл қатарда айрықша атап өтетін ірі пьесалар: Ғабит Мүсреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» және «Ақын трагедиясы» атты (Ақан сері туралы жазылған) пьесалары.

Біздің жұртшылық анық жоғары бағалайтын Мүсреповтің бұл драмалық шығармалары адамның сезімін, көңіл мінез құбылысын, аңсау-арманын ақындықпен сипаттайды. Сол қасиеттері жаңа аталған шығармалардың дүниежүзілік драматургия мәдениетінің жақсы дәстүрінде жазылғандығын байқатады. Тек революциядан кейін ғана туған қазақ драматургиясы Мүсреповтің сол трагедияларының табыстары арқылы жалпы драматургиялық мәдениеттің биік сатысына көтерілді.

Оқиғалар жағынан өткір, тартымды, қызғылықты, шабытты құрылған күйлер, бұндағы тартыс пен қақтығыс кездерінде адам мінездерінің ішкі-сыртқы қалыптарын

қатар ашып отырады. Осындай ерекше жайлары шығарманың монолог, диалог сөздерінде және де шебер, шешен, тапқыр тілмен жақсы үйлеседі.

Майлин, Жансүгіров, Сейфуллин, Мүсірепов, Әбішев, Мұқанов, Тәжібаев, Хұсайынов, Ақынжанов — қазақ совет драматургиясының көрнекті жазушылары. Қазақстандағы академиялық драма театры, опера театры, жастар театры, облыстық театрлар коллективтерімен қосылып әрекет етіп, бұл аталған жазушылар революциядан бұрынғы қазақ қауымы білмеген жаңа бағалы, оригиналдық көркем-өнер үлгілерін туғызып жүр.

Бірнеше буын ақындардың еңбек ізденулері арқасында қазақ поэзиясы да революция жылдарында, әсіресе, реалистік поэмалар туғызу жөнінде биік сапаға жетті. Оның ірі көркем шығармалары Сейфуллиннің кейбір поэмаларында, Сәбиттің отызыншы жылдардағы кейбір жаңа өлендерінде, Ерғалиев пен Бекхожиннің поэмаларында, Қасым Аманжоловтың, Ғали Орманов пен Сырбай Мәуленовтың лирикалық қысқа шығармаларында және әсіресе, Ілияс Жансүгіровтың ірі поэмалары: «Дала» «Күйші», «Құлагер» сияқты шығармаларында айқын танылады.

Ілияс Жансүгіровтың ақындық мұраларының ішінде жаңағы үш поэма қазақ совет поэмасының екі үлгісін аңғартады. Бір алуаны — лирикалық-философиялық, екіншісі — оқиғалы, сюжетті поэма үлгісі. Осы үш поэма тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сана табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүниетану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас — барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік (образность) кеңеулі тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады. Жансүгіров поэмалары сезім сырына да толы. Ал өлең үлгісіндегі мәдениет те басқа.

Жаңа қоғамды жасау жолында көркем сөз — поэзияның міндет, мүддесі қандай болатыны да бұнда терең сыпатталады. «Күйші» мен «Құлагер» поэмалары әрі поэма, әрі өлеңмен жазылған роман болумен бірге, дүниежүзілік революцияшыл поэзияның алдыңғы қатар дәстүрлерін өз бойларынан жақсы танытады. Бұл шығармалар біздегі поэзия мәдениеті Абайдың соңғы дәуірде революциялық тәрбие нәтижесінде биік сатыға шыққанын дәлелдейді.

Халқымыздың ақындық шеберлігінің көптеген сыпатын біздің советтік поэзиямыз өз бойына жақсы аңғартады. Халық шығармасындағы суретшіл бейнелегіштік, образға байлық, азаматтық өткір сана, азат ойдың еркін серпіні — біздің оқиғалы, оқиғасыз поэмаларымыздың бәрінде де сол халықтық сыпатты өсіре түскенін көреміз. Шеберлікке мағналықты қосады. Және, әсіресе, сол халықтық сыпатты орыс поэзиясының үлкен формадағы реалистік дәстүрлерімен жақсы үйлестіріп, келісті күйде тоғысқандық байқатады.

Бірнеше буын ақындардың аттарын атасақ олар: Тоқмағамбетов, Орманов, Тәжібаев, Жароков, Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Саин, Бекхожин, Әбілев, Сәрсенбаев, Ерғалиев, Хакімжанова, Сатыбалдин, Молдағалиев, Шаңғытбаев, Әлімбаев, Жармағамбетов, Сейітов, Мәмбетов сияқты жемісті талантты ақындарымыз бар. Бұлар — қазақ совет поэзиясының көп ізденіп, өнерленіп өсіп келе жатқан тобы. Қейбіреуінің басып өткен жолы жемісті, тағы біразының алдағы болашағы қызықты. Қазақ поэзиясының табыскер талаптылары осылар.

Көне күндер, қарт замандар шағында шебер жырлар туғызған халық дәстүрін біздің заманымыздағы жаңа үлгідегі ақындық шеберлікпен үйлестіре білген халық өнерпаздары — Жамбыл, Нұрпейіс бастаған қазақ халық ақындарының өрлеу, даму жолы да өзгеше. Революциядан кейінгі дәуірде халықтық шабыт-өнер жаңа сапа табады. Бұл тұста, мәдениеттің егіз екі саласының бірбірінің қарым-қатынасына терең әсер етіскенін байқауға болады. Жазба әдебиет үшін ауызша әдебиет тек ескі дәстүрдің көркемдік бейнелегіштік үлгісі ғана емес. Сонымен қатар ауызша әдебиет өзі де жазба әдебиетінің қымбатты дәстүрлерін бойына сіңіре өседі. Солайша, социалистік реализм әдісін халық ақындары неғұрлым өздеріне қанықты үлгі етіп алған сайын олардың ақындық табысы да жемісті бола түсетіні байқалады.

Жаңа жанрлардың туғаны, ескінің жаңғырғаны екі сала ақындықтың, шеберліктің бір-біріне ық сүйесе өсуі — біздің іздену жолымыздағы асыл сырлы, қымбат сыпаттар. Ол, біздің әдебиетіміздің бар бітімін алғанда, соның ұлы жүрегінің жақсы соққан ырғағын танытады. Ол сыр, ырғақ — коммунистік партиялықты, терең идеялылықты, халықтық қасиетті танытқан жүрек ырғағы болады.

Қазақ совет әдебиетінің өсу, даму жолдарын шолып өткенде сол әдебиетіміздің өрлеу табысына көп көмек ететін бір топ жандардың аттарын қоса атамасақ, сөз сыңаржақ болар еді. Біздің әдебиетіміздің бар жаңалығын, батыл ізденгіш өзгешелік қасиетерін өзіміздің заманымызбен нық байланыстырып өсіре түсуге айнымас көмекшілеріміз де себепші болды. Олар бар жазушылармен тізе қосып, білекке білек жалғасып, қатар жасасып келе жатқан біздің сыншыларымыз бен әдебиет, тарихшыларымыз. Бұлардың кейбіреуінің өздері де жазушы. Ол: Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов. Ал, зерттеуші сыншылар аттарын атасақ олар: Ысмайылов, Кенжебаев, Жұмалиев, Шалабаев, Мәлік Ғабдуллин, Қаратаев, Дүйсенбаев, Базарбаев, Нұртазин, Ахметов, Сәрсекеев, Нұрқатов, Сейітов, Жармағамбетов, Қирабаев, Ахтанов, Шашкин, Әлімқұлов, Қабдолов, Сахариев, Сүйіншәлиев, Сармұрзина, Құттыбаев, Ордалиев, Ғұмарова, Нұрмағамбетова, Хасенов, Дүйсенов, Әбетовтерді қосамыз.

Жиырмасыншы жылдардың ортасында қазақ әдебиетінің тарихына арналған зерттеу еңбектері туа бастаса, отызыншы жылдардың басында әдебиет тарихы жөнінде орта мектепке арналған оқу құралдары шығады. Содан бері қарай қазақ филологтарынан жоғарыда аталған көп адамдарының еңбегі, ізденулері бойынша жалпы қазақ фольклоры және XVIII-XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттейтін әдебиет тарихының ғылымы туа бастайды. Қазір міне жоғары дәрежелі мектептерге арналып, қазақ совет әдебиетінің де очеркі екінші рет толық түрде қайта шықты. Оның жазылуына аталған көп сыншы-тарихшыларымыздың қатынасы болды. Жалпы редакциясын Сәбит Мұқанов пен тағы бірнеше жолдастар басқарды.

Отызыншы жылдардан бері қарай қазақ әдебиетіне үлкен достық көмек ететін орыс достарымыз көбейе түсті. Бұлар қазақ халқының арғы-бергі әдебиетіне зор бейіл беріп, достықпен зерттеп келудің үстіне, біздің әдебиетіміздің табыстарын мол үгіттеуші, көпке танытушы достар. Аттарын атасақ олар: З. Кедрина, М. Сильченко, Н. Смирнова, Е. Лизунова, К. Зелинский, М. Фетисов, В. Сидельников. Осындай достардың тағы бір мол тобы орыс жазушылары. Бұлар Қазақстан туралы өз шығармаларын жазудың үстіне, қазақ жазушыларының өсу, даму жайында туысқандық қамқорлықпен қатынасып

отырады. Аттарын атасақ, олар: Леонид Соболев, Всеволод Иванов, Николай Анов, Иван Шухов, Павел Кузнецов, Илья Сельвинский, Николай Сидоренко, Дмитрий Снегин, Николай Титов сияқты жазушы, ақындар.

Қазақстандағы филология ғылымының тереңдеп өсіп дамуында біздегі әдебиет тілінің өсіп, көркеюіне күнделік көмек етеді. Халқымыздың жалпы тіл байлығы, тіл мәдениеті, сөз өнері өсу жөнінде көп әсер, көмегін тигізетін біздің тілші ғалымдарымыз — оқымысты тюркологтеріміз. Бұлардың көп жылғы іздену, зерттеу тапқырлығының жемісі де мол, ол тарихтық табыстар. Солар еңбегімен бір заманда арапша, кейін латынша, ал қазір орыс графикасы бойынша туған жаңа жазу үлгіміз жасалды. Олар оқу құралдары мен методикалық әдебиетті туғызады. Әлденеше түрде екі тілді сөздіктер жасалады. Ұлттық терминология атаулыны қалыптастырды. Бұған қазақ филологиясының көрнекті ғалымдары, профессорлар: І. Қеңесбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Н. Сауранбаев, ғылым кандидаттары: А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев ,Қ. Махмудов, Ғ. Бегалиев, А. Хасенова, Ш. Сарыбаев және басқаларының еңбегі сіңді. Сондай зерттеулерімен қазақтың қазіргі көркем әдебиетінің мүмкіншілігін молайта түсіп отыр. Көркем әдебиетке жасалған көп көмектердің көрнекті бір алуаны осындай.

Әдебиет пен лингвистика ғылымының егіз-екі қанаттас іздену, өсу жолында біріне-бірі сүйене, пәр берісе, айқаса өсу процесі осылайша болатыны — заңды күйлер. Рас, бұның әлі түгел анықталмаған, ашылмаған күйлері де көп болу керек. Бірақ солай бола тұрса да, қазіргі мәлім табыстардың өзі де социалистік дәуірдегі қазақ халқының ой мәдениеті жеткен қымбат жаңалықтардың белгісі деп бағалануға тиіс.

Осылайша саналған табыстардың барлығы да социалистік қазақ ұлтының рухани мәдениеті ірілеп, өрлеп өскенін аңғартады. Тарихтық дамудың осынша жоғары билігіне ескі Россияда езгіде өскен бұратана елдің бірі тек социалистік революция арқасында жетіп отыр.

Сондайлық табыстарымызды еске алу үстіне қазақ халқының тағдыры мен тарихы Октябрь революциясы болмаса, қандайлық басқа қиракезік жолдарға соғып, не күйлер басынан кешіруіне мүмкін болар еді? Соны да кейде болжап көру теріс емес.

Тегінде, біз Лениннің тарихтық жағынан аса терең

толғаған бір ойын жиі еске аламыз. Ол ойы: Россияның отары болған бұратана елдер социализмге келгенде, капиталистік дамудың азап дәуірін аттап өтіп жетеді деген болатын. Біз осы шындықты еске алғанда, өзіміздің қоғамның: экономикалық, қоғамдық-тарихтық, азаттық-теңдік, заттық-техникалық, тірлік-салттық жағдайдағы өсулеріне өлшеу етіп еске аламыз. Ал сол ойларды біздің халықтарымыздың рухани мәдениеті, әдебиеті жөнінде салыстыра сөз қыла қоймаймыз. Қазір біз сол Ленин толғаған ойды қазақ әдебиетінің Абайдан соңғы Октябрь-революциясының алғашқы жылдарына шейінгі өткен кезеңіне мегзеп, еске алайық.

Осы тұрғыдан қарағанда, Октябрь революциясы қазақ халқының рухани мәдениетін неден тазартты, қандай жайларды мансұқ етіп сыртқа тепті? Нақтылай сөйлегенде біз неден аттап өттік, нені тәрк еттік? Әдебиеттегі революциялық тұрғыларға қалайша шықтық? Қырық жылдықтың қарсаңында бұл жайға да тоқтап өту әбден орынды.

Ерте күндерде бізде Шоқан Уәлиханов пен Абай тәрізді ағартушы-демократтарымыз болды. Бұлар өздерінің бағы мен өз халқының бағына қарай орыс мәдениетінің ең алдыңғы дәстүрлері мен үлгілерін бойларына сіңірген еді.

Ал солардан бері қарайғыны алсақ, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында майданға талантты ақын Шәңгерей Бөкеев шығады. Бұл да Абай тәрізді орысша білім алған, өзін хан тұқымы, Самар губерниясындағы орыс дворяндарының лауазымына ие болған адам. Бірақ ол өзінің сезім-күйін таратқан сыршылдық өлеңдерін Абай үлгісімен жазбайды. Одан бөлек кетіп, алпысыншы жылдардағы «көркемөнер — өнер үшін» деп буржуазиялық бағытқа берілген орыстың Фет сияқты ақынына еліктейді.

Революцияның аз алдында Россиядағы жадидтік медресе «Ғалиядан» бір топ қазақ мұғалімдері оқып шығады. Бұлардың молдалары Мединеде, ескі Бұхарада, Стамбулда оқып қайтқан адамдар еді. Солардан оқыған жаңағы қазақ мұғалімдері енді таза қазақ тілінде исламның шарттарын оқытатын кітаптар шығара бастайды. Бұрынғы діншілдік кітаптар ескі шағатай тілінде, кітапша — түрік тілінде болушы еді. Исламның жаңа шыққан, қазақ ішіндегі үгітші молдалары: Н. Күзембаев, М. Тұр-

ғанбаев сияқтылар қазақ тілінде «Дін ислам», «Пайғамбар заманы» деген кітаптар бастырып шығарады. Бұл кітаптар, әрине, ислам үстемдігін үгіттейтін жадидтік схоластикалық идеяға толы реакцияшыл кітаптар еді.

Сол кездерде орыс мектептерінде толық білім алған кей қазақ ақындары алдында өткен Шоқан, Абай, Ыбырай тәрізді адамдардың алдыңғы қатарлы реалистік дәстүрін өздеріне үлгі етпейді. Оның орнына Октябрь революциясының алдында Россияда болған декадент ақындарға еліктейді. Үлгі етіп алғандары Бальмонт, Мережковский тәрізділер болады.

Бұ жайды сөз қылғанда, әсіресе күн шұрындай анық жарқын, әрі деп дерттен сау Абай поэзиясының халықтық сыпатын қатар еске алмай болмайды. Абай болса өз халқының бойындағы жақсылық қасиеттің бәрін де өз ақындығына сиғызып, сезімнің сарасын, ойдың асыл санасын ғана мұра қып қалдырған еді.

Жаңағы атағандай әдебиетшілердің шығармалары революцияның алғашқы жылдарында пантюркистік, ұлтшылдық саналарын дамыта түсіп, Шыңғысханның, Ақсақтемірдің, Кенесарының аттарын да әйгілей бергіш болған. Шығыс тарихындағы ең қатал қаны шыққан деспоттық пен тирандықтың өкілдерін буржуазияшыл-ұлтшылдықтың санасына қосқан. Сонымен қатар кейбір жазушылардың буржуазиялық реакциялық романтиканы үлгі еткісі келгені де мәлім еді.

Октябрь революциясының алдындағы жылдар мен алғашқы жылдарында болған, осы аталғандай көрініс күйлерді еске алғанда Абайдан бергі дәуірдің ішінде қазақ әдебиетінде халыққа қарсы едәуір реакцияшыл ағымдар болғанын көреміз. Бұлар еңбекші елдің талай-талайына залалды, қараңғы мистика жолына түсіп, әдебиеттің өсу бағытын теріске бұру талабында әрекет еткен ақындар болды.

Ал енді осы айтқан жайларды басқа да барлық әдебиттерге жанастыра ойлап көріңіз, Россиялық шығыстың барлық әдебиетіне де панисламистік, буржуазиялық-ұлтшылдық, декаденттік және мистикалық идеясымақ сарындар әбден жайылуға мүмкін еді. Біз бүгін өзіміз сондайлық залалды күйлерден аттап өттік дегенде тек қазақ әдебиетін ғана айтып қоймаймыз. Осы алуандас халді жалпыға бірдей жай деп түсіну лайық. Бұндайлық күйлерді атап, анықтаған сайын Октябрьден кейінгі

дәуірде біздің халықтарымыздың рухани мәдениеті жеткен табыстардың тарихтық мәні қаншалық зор екенін андай түсесің.

Қазақ совет әдебиетінің негізін туғызушы алғашқы қазақ жазушыларының зор қасиеті, олар революция орнай салысымен Лениннің жарқын жолды іліміне сүйене отырып, әуелгі адамдарынан бастап, сол жаңағыдай реакцилық ағымдардың бәріне қарсы бітімсіз күрес ашты.

Еңбекші қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында осы бағыт ең жемісті, зор жаңалық басы болып бекн берді. Бұл жөнінде анық тарихтық бағалы еңбек етушілер қазақ совет әдебиетінің көрнекті қайраткерлері: Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сияқты адамдар еді.

Сырттай жаңалық тәрізденгенмен, мазмұн сыры бойынша арзан еліктеу үлгісіндегі реакциялық шығармаларға күрес ашумен бірге, қазақ совет әдебиеті анық, үлкен, халықтық арна тапты. Бұл жолда Горькийдің дәстүрін меңгеруден бастап, жалпы революциялық идеяны бойына сіңіріп, орыс совет әдебиетінің ең ірі өкілдері бастаған дәстүрлерді баурап, меңгере берді. Сол бағытта Маяковскийдің, Демьян Бедныйдың, Багрицкийдің, Фурмановтың, Серафимовичтің, Фадеевтің, Шолоховтың үлгілерінен үйрену, өсу дәуірі басталды.

Өзінің содан арғы өсу кезеңдерінде қазақ әдебиеті, әсіресе, проза мен драматургия саласында, біздің жұртшылығымыздың және дос туыстарымыздың бағалауы бойынша, енді барлық совет әдебиетінде де үлес қосарлық жаңа дәстүрлер жасап келе жатқанын көреміз. Бұл процесте қазақ әдебиетінің сапасы өсті. Біз қазақ жазушылары сол жайды ойлағанда, әрине, ең алдымен революция дәуіріндегі ғажайып жақсы жағдайымызды, барлық сапалы өсуімізді — ең бірінші себепшісі деп санаймыз. Бұл жөнінде Октябрь революциясының болуы, қоғамның социалистік құрылысы, қалың елдің арасындағы ағартушылық жұмыс, әдебиет кадрының өзінің мәдениеттенін өсуі — осының бәрі де жиын, үлкен табысты негізіміз. Әрине, бұндайлық шарттарды барлық совет әдебиеттері көріп отырған ортақ игілік, революция берген бақытты жағдайымыз деп санаймыз. Осыны алдымен атаумен қатар біздің және де зор алғыспен ауызға алатынымыз — өз мәдениетіміздің топырағында туған өз

алдымыздағы кейбір ата буын ағартушыларымыз болады.

Шоқан Уәлиханов елуінші-алпысыншы жылдарда орыстың ұлы демократтарынан аса жақсы үлгі алып өтті. Абай болса орыс классиктерінен пәрлі үлгіні тамаша шеберлікпен ала білді. Сонымен дара жол салып, алдыңғы қатарлы ойшыл, мәдениетті ақын болған қалпымен қазақ әдебиетінің болашақта да өнімді жолмен өсуіне жақсы шарттар жасап кетті. Сондай қаснеттері, әсіресе, бір жөнде өзгеше оқшау көрінеді. Бұл орайда олардың классикалық алдыңғы қатардағы демократтық әдебиеттерден өте сапалы, аса бағалы үлгі ала білгендігін айтамыз.

Енді бүгін біз алдымызда өткен Шоқан еңбегін оқып, Пушкин, Лермонтовтан Абай жасаған аудармалар бойынша тәрбиеленіп отырмыз. Орыс поэзиясының ұлы мәдениетін меңгеріп тудырған Абайдың өз шығармалары бойынша тәрбиеленіп отырмыз. Және бүгінгі социалистік дәуірде Абайдың әрі мұрагерлері, әрі оның ісін ілгері қарай апарушы біз екенбіз. Ендеше біз, қазақ совет жазушылары, сол алдыңғы ұстаздарымыздың үлкен үлгілерін ескермей отыра алмаймыз.

Мысалы, проза жазушы есебінде сол Абайдың Пушкин, Лермонтовтан үлгі алғаны тәрізді біз де: Толстойдың, Тургеневтің, Чеховтың, Горькийдің, Шолоховтың эстетикалық, көркемдік дәстүрлерін қалай баурау жөнін ойламай қоя алмаймыз. Драматург есебінде біз орыс драматургиясының Островский, Чехов, Горький, Тренев тер тудырған тәжірибелерін ескермей қоя алмаймыз. Ақындар есебінде біз орыс поэзиясының асыл үлгілері болған Некрасов поэмалары мен Маяковский мұраларын ойламай да қоя алмаймыз.

Осыған орай қазақ совет әдебиетінің жүйелік, ғылымдық проблемалар бойынша зерттеу жөнінде және біраз ойларды топтап, түйіндеп көрейік. Қазақ совет әдебиеті — Ұлы Октябрь революциясынан бастап азаттық алған халқымыздың социалистік мәдениетінің бір саласы, тарихтық ұлы табыс айғағы. Ол әдебиет Ленин партиясының идеялық майдандағы үлкен сенімді құралы, көмекшісі деп танылады.

Советтік әдебиетіміздің бүкілодақтық совет әдебиетіне тән төрт түрлі негізгі ерекшелігі бары мәлім. Ең әуелі бұл — революциящыл, екінші — интернационалдық,

үшінші — халықтық ,төртінші — социалистік мазмұнды, ұлттық түрі бар кең көп ұлттық әдебиет.

Ең алдымен, біздің әдебиеттің кейбір көрнекті үлгілерін орыс классикалық әдебиетінің үлгілерімен салғастыра тексеру — үлкен шарт.

Бірақ осы жайларды ғылымдық дәрежеде нақтылы анықталып, тереңдей зерттеу жасаған еңбек жоқ. Жалғыз совет әдебиет классиктері емес, орыстың революциядан бұрынғы классикалық әдебиетінің өзінен де үлгі-өнеге алған, анық көп салалы, кең сатылы «қарға тамырлы» дегендей байланыстар барлығы да даусыз. Мысалы, Құнанбай мен Абай арасындағы әке мен бала шалғайлық тартысы деген тақырыпты алсақ, бұл жайды Әуезов қана тапқан жоқ. Әріректе Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романы, беріректе Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтары» бар емес пе еді? Әке мен балалар арасындағы қайшылық өрши келіп, ширатыла, шұбатыла барып Достоевскийде баланың әкені өлтіруі шытырманына соғатын.

Құнанбай Федор Карамазов болмасын, Абай да Карамазовтың балаларының бірі емес. Бірақ бұнда да әкенің баланы жою ойы туғаны анық қой. Құнанбайдың Абайға теріс батасын беріп, қарғап-сілеуі өз баласы Абайға «сен өл, жоғал» деген нисті емес пе еді.

Бұл күй де біралуан зерттеулер тақырыбы болуға жарарлық. Ол одан бөріден көп ұлтты туысқан әдебиеттер үлгілерін алып қазақ жазушыларының шығармаларымен салғастыра бастасақ, сан-алуан терең проблемалық, жүйелік, шынайы қызық жалғас жайлар ашылар еді.

Ендігі бір күрделі мәселелері: көркем түр, шеберлік жөні де қалай шешіліп келеді? Осы жөнде де жүйелі проблемалық тексеру топшылау қажет.

Бұл жайда әрбір көркем шығарманың социалистік реализм әдісімен жазылған сыпаты ретінде, ұлттық спецификалық ерекшеліктерін анықтай талдау шарт екенін ескертеміз. Біздің әдебиетіміздің ұлы одақ әдебиетіне қосатын тың үлесі, жарқын жаңалығы дегенді айтқанда, осы жаңағы аталған тың, соны ерекшеліктерін еске аламыз. Сол тың үлестерді қосу шама-шарқына қарай ұлы совет әдебиетінің одақтық қазнасына біздің әдебиет қосқан бағалы сапаны танытамыз.

Біздің шығармаларымыздың социалистік реализм қасиеттерін ұлттық түрдегі шеберлікпен туыстыра, өрлете

білген өнерін аңғартамыз. Қазір бүкіл одақ көлемінде әдебиет жүйесінің проблемалық жайларын сөйлегенде шығармалары тек тақырыптық, идеялық жағынан тексеру сынаржақ, шаң-шағын талдау болады деп танылады.

Қ. Федиинің III съезді ашарда сөйлеген сөзінде бұл жайлар анық, дұрыс аталған. Партияның Орталық Комитетінің совет жазушыларының III съезіне арналған хатында да идея мен шеберлік талаптарын біртұтас, бір дәрежедегі талаптар ретінде атасқан. Осымен шеберлік ерекшеліктер әр шығарманың сырын, пәрін ашуда сыншылар мен зерттеушілердің алдында тұрған ерекше міндет екенін ұдайы есте тұту шарт.

Ал ұлттық специфика мәселесін түсінудің әр түрі бар екенін және есте айқын сақтау керек. Егер ұлттық спецификаны ерекшелік дегенде өзгеде ерекшелік жоқтай, өз әдебиетінің ғана бөлекше жаралған, өзгеге бітпес артықшылығы, елден ерекше дара үздік бітімі деп қарайтын болсақ, онда бұл мәселені ұлтшылдыққа айналдырамыз. Ол идеялық-ғылымдық дұрыс жол емес, консервативтік қиыс жол болар еді. Ал маркстік-ленициндік ғылым жолымен қарағанда мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениет жайы айтылғанда ең әуелі Ленинінің мәдениетті идеологиялық категория деп түсінгенін есте сақтау шарт. Идеологиялық болса, ол ең алдымен таптық категория болады. Сондықтан да Ленин әр мәдениетте екі мәдениет болады деген. Ол ұғымға мектеп те, баспасөз де түгел қосылады. Әрине, мектеп атаулыны алсақ, олардағы оқылатын ғылымдар негізінде бір мазмұнды болған шақта, әрбір ұлт мектептерінің айырмасы әсіресе тілінде болатыны, тіл түрдің ең үлкен, ең айқын белгісі екені даусыз. Одақ көлеміндегі көп ұлттар тілдерінде шығатын кезекті баспасөзді — прессаны алсақ та, олардағы айырмашылықтардың ең зоры тіл екені тағы да даусыз.

Әдебиет те, негізінен сол аталған мәдениет қатарының бір саласы болуымен қатар бұған эстетикалық сыр-сипатынан туатын тағы бірнеше айқын ерекшеліктер қосылады. Мұнда жалғыз ғана тіл емес, соның үстіне бөлекше үлкен орыны бар бірнеше анықтаулар мен түсініктер қосылады. Мысалы, қазақ поэзиясы он бір буынды силлабикалық, орыс поэзиясы — ленті, лепсіз буындарға бағынатын тоникалық, француз поэзиясы — силлабикалық, араб поэзиясы — ұзақ созылатын мәтті-мәтсіз буындардың метрикалық өлшеуіне бағынады. Бұл аталған бір

ғана мысалдан әдебиет ерекшеліктері өзіне бөлек тұрақты тұр, үлгі-өрнектер заңдарын ескеруді қажет ететінін көреміз.

Әдебиеттік ұлттық, тұр мәселесінің бір іргелі үлкен мәні стильде. Теңеу тілі, әралуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел құрала келіп, жазу стилін қалыптайды. Әдебиеттік ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы қоры ғана. Екінші бір үлкен стиль сөздік, ақындық теңеу, кесте мағынасынан басқа екінші мағнаны және тудырады. Ол — ұлттық мінез, бейне жасаудың стилі. Міне ұлттық түрдің жайына ауысқанда осындай ірі белгілер тілден гөрі артығырақ орны бар, өзгеше сыпат есепті болатын жайлар бар. Тегінде социалистік революция тұрғысынан қарағанда ұлттық ерекшелікті ұдайы бірқалыпта тұратын, айнымайтын күй деп қарауға болмайды. Оның көп жайлары ұдайы қозғалыс, өзгерісте болатын диалектикалық процесс деп тануымыз керек. Әрбір даму үстінде әдебиет шеберлігі ілгерілеп, үдей түседі де, өзінен бұрынғы ұлттық дәстүрдің бар жақсысын пайдалана отырып, соған тың жаңалықтар, игі үлгілер қосып үдете өсіре береді.

Бірақ осы жайға байланысты тағы бірнеше ерекше күйді атай кетуіміз қажет. Ол — ұлттық бейне, характер турасындағы ойлар.

Социалистік дәуірдегі жазушының революциялық психологиясы өз халқының революциялық психологиясымен біте қайнасқан бірлікте. Халқымен оның еңбегі, аңсаған арманы, ішкі сезімінен туған жүрек сыры, шыншыл үні мүлде бірге. Сондықтан да совет жыршысы, жазушысы қай тілде жазса да сол тілде сөйлейтін социалистік ұлтының жан тілін жар етеді дейміз. Олай болса ұлттық психология мен сол социалистік ұлт жазушысының шығарушылық психологиясы арасындағы байланысты ашып отырып, зерттегенде осы өзгешеліктерден туған әдебиеттік шығармадағы ұлттық бейненің сырын, сыпатын айқын тануға болады.

Сөздегі теңеулер стильдік бейнелер жүйесін құрайды. Сондықтан мал баққан көшпелі елдің өмірі, бар тіршілігі қазақ — ақын жазушыларының сөздік, ақындық стилінде теңеудің көбін сол бұрынғы болмыс қорынан алады. Сол негізді жаңалық қосып молайтып өзгертіп жаңа өмір қорымен байытады. Тілдегі стиль дегеннің осындай ерекшелігі және де мықты ескерілу шарт. Енді бір алуан жай адам бейнесі жөнінде. Оның ең ерекше бітім-тұлғасы ішкі психологиялық қабілетінде. Сол психологияны халықтық психологиямен анық байланыстырып, шебер терең талдау жасап ашқанда, маркстік-ленниндік тұрғыдан дұрыс түсінік беруге болады.

Осы аталғандай әралуан ерешеліктер біздің туысқан елдеріміздің әр әдебиетінде бола тұрса да, бұлардың бәрін көп түрлі, біртұтас мазмұнды туысқан әдебиеттер ететін жиын қасиеті тағы бар.

Социалистік дәуірдегі революцияшыл жазушылардың әр ұлт тілінде шығарма тудыруымен қатар бәрі бірігіп интернационалдық бағытта еңбек етуі ұлттық ерекшеліктердің бар сыпатын бастайды, билейді. Социалистік әдебиеттердің мазмұны мен идеясындағы революцияшылдық ең үлкен сыпат болғанда ұлттық тұр сол әдебиеттердің қосымша байытушы қасиет-сипаттары есебінде болады.

Жүйелілік мәселелерді осыдан әрі қарай апара түссек, әрбір жеке шығарманың жекелік ерекшеліктеріне үңіле бойлау шарт болар еді. Ұлттық бейне (характер) әр шығарманың ішінде әртүрлі болады, ол қайталамайды. Өйткені, шығарушылық психология өзі де — әр шығарма тұсында өзгеріп, үдеп отыратын психология. Ол өз айналасындағы тіршіліктің, болмыстың және қоғам өмірінің өзгеруіне, өрлеуіне байланысты қоса өзгеріп отырады.

Жазушыдағы көңіл-күйдің өзі де ортасының мәдениет тіршілігіне, өндіріс табысына байланысты алған әсер — сезім мен неше алуан тірлік берген қуат-нәрден құралып қалыптасады. Осылайша талдаганда эстетикалық ерек-

шелік дегеніміз тіл ғана емес, кең мағнада алынған ұлттық стиль болады. Ол өзі ұлттық бейне ретінде — адам, екінші — ұлттық сөздік, шеберлік ретінде ақындық стиль болады.

Осындай түсінікпен жазушының шығарушылық еңбек жолын бірнеше саты деп түсіну керек. Ол ең алдымен өмірді тану, білуге міндетті. Сол өмір — болмысын алғашқы кезекте жазушы логикалық ұғыммен түсіне таниды. Өмірді танымай, таныганын іштей меңгеріп алмай, жазушының шыгарушылық шабыты тумайды. Лениндік ұлы партияның талабы жазушы өмірімен тыгыз байланысты болсын дейді. Жеке жазушы өмірмен байланыса отырып, сол өмірді терең тани жүріп жазушылық еңбекке кіріседі. Алғашқы сатыда ол көбінше ынталы зерттеуші қалпында болады. Осыдан кейін туатын екінші сатыда жазушы еңбегі сол ақылмен, біліммен таныганын суретпен бейнелеуге ауысады.

Ұлттық әдебиеттік ерекшеліктерді осыларға қоса тани талдау: шыгарушылық күрделі процесті тану болады. Сол жайларды түгел ашылғанда ғана әрбір тілде жазылған әдебиеттік көркем шығарманың бүкілодақтық табыс ретіндегі асыл сыпаттары ашыла түседі. Көп өрнекті, көп нақысты бауырлас әдебиеттер қатарлары ұлы одақтық әдебиет қазынасына сан-саладан сондайлық көп сымбатты сыпат қосады.

Алдыңғы міндеттеріміздің бірі есебінде қазақ әдебиетінің очеркін бүкілодақ оқушысына арнап ойдағыдай толықтырып аяқтап шығуымыз керек. Бұл іске одақтық академияның дүние жүзі әдебиеті институтының тікелей көмегі тимекші. Қосылган еңбек нәтижесінде орыс тілінде қазақ совет әдебиетінің очеркін жаңа редакциямен шығару шарт. Әрбір туысқан совет әдебиеттері жөніндегі очерктер жазылып болган соң, бүкіл совет әдебиетінің біртұтас тарихын жазу міндеті барлық советтік әдебиет тану ғылымының алдында тұрган үлкен мақсаттың бірі болмақ.

Қазақ әдебиет тарихының үлкен проблемаларын атағанда совет әдебиетінің дәуірін зерттеу ең зор, ең қадірлі ғылымдық міндет баса айту керек. Арнаулы үлкен монографиялар қазақтың романдарын, пьесаларын, поэмаларын тереңдеп, кең түрде зерттеуге арналу керек.

Мұның бір зор себебі өткеннен қалған мұра атаулы қазақ әдебиетінде шақ қана. Сол Бұқар, Шортанбай, Дулат, Мұрат дейтін ақындардың бар шығармаларын бір араға жинап келіп, таразыға салғанда бір ғана Қасым Аманжолов ақынның шығармалары көлеміне жетпейді. Тек көлемі ғана емес, мазмұны жағынан әсіресе солай.

Халықтық санасының биіктік сыпатымен, революцияшыл бағытымен, көркемдік мәдениет қаснетімен — қысқасы шар-тарап шарттарымен солай болған Қасым басым емес пе!

Болып өткен ұлы мазмұнды партия съездері совет жазушылары үшін бүгінгі күн тақырыбына шығарма жазуды қаснетті міндет деп атап отыр. Сол міндет қазақ әдебиетінің советтік дәуірін айрықша зерттеу ретінде әдебиетті зерттеуші ғалымдарға да арналған ардақты міндет болады. Зерттеу ісіміз, тіл ғылымы мен әдебиет тану ғылым көлемінде қазақ совет әдебиетінің бүгінгі татымды табыстарын зерттеуге арналу қажет. Жеке жазушылар туралы монография жазғанда Сейфуллин, Майлин, Жансүгіровтердің мұраларын тереңдеп, сапалы түрде саралап зерттеу шарт. Осымен қатар жоғарыда аталған бүгінгі әдебиетіміздегі өскелең үлкен жанрларға да арналған мол монографиялық зерттеулер туу керек.

Туысқан халықтармен байланыс-жалғас жайларды салыстыра тексергенде мына төмендегідей үйрім-үйрім тақырыптарды күрделі, қызықты зерттеулер ретінде атап өтер едік. Мысалы, Горькийдің өз өмірі жөніндегі әңгімелерінен бастап Садриддин Айнидің «Бұхарасын», Сәбиттің «Өмір мектебін», Ұлық-Заданың «Біздің өмір таңы» деген повестерін өзара салыстыра талдауға болар еді.

1916 жылға арналған шығармаларды туысқан халық-

тар әдебиеттерінен іріктеп салыстырғанда Берді Кербабаевтың «Айғытлы адым» романын, Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романын, Айбектің «Құтлұғ қан», Аалы Тоқамбаевтың «Қанды жылдар» романымен салыстыра тексеруге болады.

Тарихтық романдар қатарында Айбек жазған «Навои», Ахмет Файзи жазған «Тоқай» және «Абай жолы» романдарын қатар салыстыра тексеруге көп деректер табылар еді.

Ғабит Мүсреповтің, Ғабиден Мұстафиннің Қарағанды көмір кені жөніндегі романдары мен Мехти Гусейннің «Апшерон» романын, Аскад Мұхтардың өзбек әйелдері арасынан жұмысшы табы туғанын көрсететін «Апалы-сіңлілер» романымен салыстыра тексеруге болады. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» романына жалғастыра, салыстыра Сыдықбековтың «Біздің заманның кішілері», Айбектің «Алтын вадидин шабадалар» романын, Башировтың «Намыс», Мұстафиннің «Миллионер» романдарын және Ата Қаушытовтың Қопетдағың итәгіндә» деген романын тағы да кең салыстырып зерттеуге болар еді.

Дәл соңғы жылдарда туған табысқа масайған колхоз бастығының жайында жазылған бірнеше елеулі қызық шығармалар бар. Ол өзбекте Абдулла Каххардың «Зымыран құс» («Птичка невеличка»), Мирза Ибрагимовтың «Сулар тоғысуы» атты романдарын, қазақтағы Әбділда Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасын қоса көп жайларды қызық талдап салыстыра шығуға болады.

Қазіргі ең соны және көп республикаларымызға ортақ қадірлі тыңды игеру тақырыбына арналған шығармалар да көп. Бұл жөнінде өзбек әдебиеті көлемінде Шараф Рашидовтың «Жеңгендер» және «Дауылдан да күшті» деген романдары едәуір елеулі баға алып жүр. Қазақстанда бұл тақырыпқа үлкен шығарма туа қоймаса да, арнай жазылған очерктер, әңгімелер көп. Орыс, қазақ

жазушылары Қазақстан әдебиеті көлемінде түгел ат салысын жүрген казіргі күннің ең асыл тақырыбының бірі осы. Бұл тақырыпты біз ұлы жетіжылдық жоспар жайын көркем түрде суреттеген кезде де партияның зор талаптарына сай етіп көркем түрде жырлауға міндеттіміз. Ендеше осы тақырыпта бірнеше туысқан елдер тілдерінде туған шығармаларды тағы да толық салыстыра тексеру шарт. Поэзия жанрына келсек, біздегі Тайыр, Әбділда, Хамит, Қалижан тәжірибелерінен басталған поэмалар үлгісі Тұрсын-Заде, Ғафур Ғұлам, Самед Вургун, Аалы Тоқамбаев, Алықұл Осмонов, Жомарт Бөкенбаев шығармаларымен салыстыра тексеру де үлкен жемісті нәтижелер берер еді.

Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым — біздің барлық мәдениетіміз тәрізді жас ғылым. Революциядан бұрынғы кез-кезеңдерін алсақ, онда қазақ әдебиет мұраларын әдебиеттану ғылымы жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинауға арналатын. Ал міне бүгін «Қазақ әдебиеті тарихы» деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиеттану ғылымы туғанын көреміз. Әуелі орта мектепке арнаулы сабақ болып кірген қазақ әдебиеті жөніндегі ілім білім енді жоғары дәрежелі мектепте әр сала болып, бірнеше жылдар бойына созылған ғылымдық курстар ретінде оқылатын, зерттелетін болды.

XIX—XX ғасыр әдебиеттерінің, совет әдебиетінің кейбір тараулары университет пен институттарда арнаулы курс ретінде де оқылып жүр. Сан-алуан зерттеу, монографиялар жалпы әдебиет тарихтарымен қоса сол жаңа ғылымның қатарын күшейтіп, дамыта қосылып жатыр. Біздің әдебиетіміздің өскендігін, сол өсу жолында көп жас күштердің қоса тәрбиеленіп, талантты топтар құралып келе жатқанын өзіміз ғана емес, орыс әдебиетінің беделді сыншылары, ғалымдары да айтып бағалап жүр. Солайша тілектес достарымыздың аузымен айтылған талассыз табыстарымыз аз емес. Біздің әдебиеттану ғы-

лымымыз жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз.

Октябрь берген ұлы жағдайларды, марксизм-ленинизм ғылымының мол жемістерін өзіміздегі әдебиеттің жақсы дәстүрлерімен үйлестіре, жалғастыра отырып, біз, қазақ жазушылары, еңбек етеміз, ізденеміз, өсіп өрлейміз. Сондайлық сыпатпен бүгінгі жазушыларымыздың бар буындарының ырысты, асыл, жарқын шабыттары алда әлі талай қасиетті қазыналар туғызады деп сенеміз. Сол үшін де бүгінгі күніміз турасында жауапты ойлар — басшымыз болады. Өткен дәуірлерімізге де саналы сынмен қарай өсеміз. Әсіресе, өз әдебиетіміздің келешек көрнекті табыстарына зор сеніммен қараймыз. Ол табыстарымыз әр майдандағы қаһармандық қасиеттер танытып жатқан замандастарымызды ойдағыдай бейнелеуге арналады.

Советтік ерлік жеңіс, табыстарымызды еліміз, Отанымыз сүйсінердей етіп суреттеу ең асыл арман мұддеміз болады. Өйткені, біз — Ұлы Октябрь тудырған дәуірдің ұлы жолды өркеніміз.

1960

ЖЫЛ КЕЛГЕНДЕЙ ЖАҢАЛЫҚ СЕЗЕМІЗ

Жолдастар, мен поэзияның жайын айтудан бұрын жалпы поэзияға иық сүйеп келе жатқан, қатар жүріп келе жатқан өзіміздің ісімізде, тіршілігімізде, тарихымызда поэзияның табыстарымен қатар халқымыздың әрқашан есімізде жүретін бірер жайларға жұбаныш алған, сүйсінген күйді айта кеткім келеді.

Қырық жыл деген бір адамның өмірімен өлшенетіндей бірталай ұзақ дәурен. Қырық жылдың ішінде толып жатқан жаңалықтар, қырық ғасыр да жетпейтін өріске біздің одақ, оның ішінде қазақ сияқты елдердің табыстарын көрсететіні рас. Он-он бес жылдан соң болған жаң-

ғыру, жаңа табыс өрлеудің жиынтық ойларын ойлай бастағандық сонда аңғарылады. Бізде осы күнде музыка саласында соңғы жылдары қазақ композиторларының қатарына жас талант композиторлар келіп қосылды да, қазақ әнін Абай әкелген дәрежеден, халықтық шырқау әндерінің үнін Абайдан әрі қарай дамытып, камералық музыкадан ауыстырғанда бірталай симфониялық музыка тілінде айтылатын соңғы жылдарда туып жатқан формалар туған да шығар, бірақ соңғы жылдарда туып жатқан жаңа әндер де бар. Ол әндер қандай ән? Оны мен бұл арада авторларын, әндерін айтып жатпайым, оны өздеріңіз де білесіздер. Колхозда болғанда жастардың аузынан, шоферлардан, кейде шопандардан, кейде обком, райком секретарьларының өздері-ақ айтып жүретін, адамды сүйсіндіретін тамаша әндер бар. Бұрынғы Абай, Біржан, Ақанның әндері емес. Жуықта болып өткен композиторлардың жиналысында Қазақстан композиторлары вальсомания жолына түсті деп сын айтты. Бірақ Хамидидің «Қазақ вальсі», Ш. Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлым» сияқты вальстеріндей вальс көбейе берсе екен дер ем. Штраустың «Үлкен вальсі» осы күнге дейін жұртшылықтың сүйсіне тыңдайтын вальсі.

Осы сияқты суретшілерге келгенде, суретшілердің арасында да бірсыдырғы жақсы буын өсіп келе жатыр. Халық суретшісі Қастеевті сағынамағанда, Орал Таңсықбаевтан кейінгі үзеңгілес келе жатқан Кенбаев, Мәмбеев, Телжанов, Нұрмұханбетов сияқты кіші жас буындар бар. Осы күнді олардың сезінуі, сол жайларын өздерінің өнерімен көрсетуге келгенде қазақтың жаңа сурет өнері өте жақсы, жаңа сапада өсіп келе жатқандығын көреміз.

Сол жайды біз өзіміздің жастар туғызып жатқан қазақ поэзиясы, қазақ лирикасы жайында айтқым келеді. Осы үш саланың табыстарын жаңа жыл келгендей өнердің жаңа, жас қайраткерлері келіп, қазақтың музыка, живопись, поэзия өнеріне жаңа бір жыл келгендей жақсылық әкеле жатқан сияқты.

Біздан арғы кездегі ақындарды қоя тұрып, біздан бергі атақты ақындар мен жас ақындардың бірқатарының шығармаларын алғанда бұл арада жақсы-жақсы айырмыс бар әрине, сонымен бірге олқылық та, кемшілік те бар. Соз нақтылы болу үшін мен өзім кімдердің шығармасын оқыдым, соларды атап өткім келеді. Сол оқыгандарыма сүйсіне отырып, лирика туралы айтатын қорытындым да бар. Мәселен: 1. Мәмбетовтен «Жас қанат» жинағының ішінен тәуір деген өлеңдерім: «Жайыққа», «Өгей шешеме» сияқты өлеңдерін атап өтер едім. Т. Шопашевтан сүйсініп оқыған өлеңдерім: «Сарысудағы жас», «Шиелі», «Нартай ақын», «Сырласу» өлеңдерін көп өлеңнің ішінен сүйсініп оқыдым. Т. Молдағалиевтың өлеңдерінің ішінен: «Алматы таңы», «Көктем», «Асыл ұстазға», «Немере сыры», «Хат» деген өлеңдері ұнатып оқыған шығармаларым. Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңдерін сүйсініп оқыдым. «Партия туралы жыр», «Анама», «Абзал ана» деген сияқты өлеңдері. Жинаққа кірген шығармалардың көпшілігін түгел оқып шықтым. Жинаққа кірмеген, бұл өлеңдердің сыртында баска өлеңдер де бар, бұрын да көзге түсіп жүрген өлеңдер. Жинақтағы барлық шығармаларды түгел оқып үлгергенім жоқ, бірақ келешекте оқымақшымын. Менің де ойымда жүрген жайлар бар. Ертедегіні еске түсіре жаңа поэзия әкелген жаңалықтарды білмек мақсатымның бар екенін айтқым келеді.

Қ. Мырзалиевтің өлеңдері маған өте ұнады. Мысалы: «Жас ақынға», «Жырға симас нұр көрдім», «Еңбек» деген өлеңінің өзінде жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетін сияқты болады. Жаңа шығармалардың әрқайсынан бұл сияқты цитаталар келтіріп жатсам менің сөзім үлкен баяндамаға айналған болар еді. Менің оқымаған шығармаларымның ішінде де жақсы нәрселер болу керек.

Жалпы лирика туралы, қорытып айтқанда, біздің әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе баста-

ған. Бүкіл Совет Одағы көлеміндегі жазушыларды алмағанда, көршілес қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, татар әдебиеттерін алғанда да оқыған, мәдениеттенген ақындар әкелмеген, өмір тәжірибесін басынан көп кешкен, өмірді, Отанның арманын ұға келген жақсы жазушылар бар екені рас. Бірақ қазір бірталай жанрлар білімді керек қылады. Оқымаған адамның драматург болып кетуі, оқымаған адамның романист болып кетуі оңай нәрсе емес сияқты. Шын жақсы өлең жазу үшін оқымаған адам болуы мүмкін емес. Халық поэзиясының өз шама-шарқына қарай жақсы шығарған шығармалары бар. Біздің дәуірімізде оқымысты ақындардың өмірге келгендігінің бір белгісі — қазақ әдебиетінің өзіндегі дәстүрлер ғана емес, айналасын көріп, шарлап қалғандығы байқалады. Твардовский, Исаковский, Вургун, Гамзатов сияқты ақындар қалай жырлайды? Айналаны, есікті түртіне жүргендігі байқалады. Жалғыз қазақ әдебиеті көлемінде өзімен-өзі болып, жалғыз шапқан аттың көдеден, бұтадан озғаны сияқты болу жарамайды. Ұлы орыс әдебиетінен туысқан тілдес елдердің әдебиетін, тілі бөлек әдебиет ақындарының аудамаларын оқып, үлгілерін көре отырып, ойлана отырып, іздену деген оқыған жастардың поэзияға келіп жеткендігін көрсетеді. Жинаққа кірген өлеңдердің олпы-солпы еш жері жоқ, бәрі де жып-жинақы, жап-жақсы әзірлікпен жазылған өлеңдер. Соның ішінде әдебиетке қойылып жүрген талаптарды ескергендігі байқалады. Өйткені, қайталанбайды. Ой, тақырыбы қайталанғанымен бұрынғы біреулердің жазғанын қайталау деген жоқ, әркім өз үнін танытқысы келеді. Поэзияның тақырыбы шағын болса да өзінің туған жерін, анасының жайын, көктем, күз, қыс, махаббат мәселесін айтқысы келеді. Бұл тақырыптар бүкіл адамзат тарихы болғаннан бері айтылып келе жатқан тақырыптар. Әрдайым өз үнімен, өзіндік сөзімен, өз күйі, өзге білмеген бір пернені басады. Қазіргі поэзияның, мәдениетті поэзияның өкілдерінің — әрбір ақынның өзінің өзіндік тілі, үні біреудің айт-

қанын жазу керек емес дегендей талаптарды өздеріңізге өздеріңіз қойып келе жатқандықты байқатады.

Адам поэзия арқылы дүниеде танымағанын танытып, өзінің сезімі, санасы арқылы адамға танытады. Ақын бірқыдыру өзіндік жаңалық тапқысы келеді, өзін-өзі танығысы келеді, өз өмірінің үлкен шындығын, балалығын, анасын айтады. Жарды, жерді айтады, махаббат жайын жырлайды. Бар ақындар көп жерлерде тақырыптарды қайталап жүреді, үйіріліп жүрген бір шумақ тақырыптар бар екенін көресіздер. Соның ішінде партия, Ленин жайы осы қырық жылдан бері келе жатқан ұлы дәстүр бойынша тақырыптардың ішінде бұлар да жүр. Соларды жырлағанда, соны тілмен жырлағысы келгендігі байқалады. Сағи Жиенбаевтың «Партия туралы жырында» толып жатқан образ, көп шындық, жұртшылыққа ортақ шындық бар. Ол шындық бас мақаланың көлемінде публицистика, журналистика ретінде шебер айтылып жүрген шындық. Бейбітшілік, халықаралық достықты айтқанда өлең, публицистикалық түр мен саяси лирикалық түр деп жатсақ та, бәрібір лирикамен ұйқастырылған бас мақала сияқты болып келетіні бар. Тың ой, тың образ болмаса шешен ұйқастырылған сөздер болады. Мұның өзі поэзия болуы сенімсіз емес пе? Мұнда жастар Отан жайлы айтқысы келгенде, Ленин жайын айтқысы келгенде жастардың бұл жағынан да жаңалығы байқалады. Жастардың «мені» біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас иігізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар, поэзияға керек нәрсе — осы шыншылдық.

Менің бүгінгі аңғарғаным бүгінгі жастардың барлығы да өз тілін жақсы біледі екен. Мен, менен кейінгі буын Әбділда, Ғали, Тайырлар қазақ халқының тілі дегенді білуге жағдайлары, мүмкіншіліктері көп болған жастар. Мен сіздерге бұл бола бермейді, қазақтың халық тілін жақсы білдіретін адамдар, орта кездесе бермейді, сондықтан да сіздер тілді жақсы білмейді ме деуші едім.

Әдебиеттен, кітаптан оқып үйренесіздер, кезі келгенде, колхозға барғанда, ауданға барғанда, ұшырасқан кәрі-құлақ адамдардан естімесеңіздер көпшілігінде газет, радио тілі болады да, сондықтан жастар тілге шорқақ болады-ау деп ойлаушы едім. Қазіргі жастар талабы бар, табиғатты, көргенін айтқанда, басқа ақындардың үніне үн қосып, ілесе сөйлеп келгенде, барлығын да тіл орамы, ой толғамы сай келіп отырғандығын танытады.

Осымен бірге айтылатын нәрсе: тағы бір үлкен қасиет — көпсөзділік азайыпты. Сіздерден алдыңғы буында көпсөзділік байқалатын. Көпсөзділікке терең ой қосылса нұр үстіне нұр ғой. Көпсөзділік пен ойы ұштасқан Уитмен, Павло Неруда, Жоржу Амаду, Луи Арагон сияқты дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін алысып жүрген революциялық санадағы ақындардың бірі Назым Хикмет, міне, бұлардың ұзағырақ жазатыны бар. Бірақ, олар соны, тың, терең ойлы келеді. Ой болмаса, шығарма терең қасиетті болмайды. Жұрт айтқанын айтарсыз, соның өзінде өзіндік тілмен айта білу керек. Сол ой образын айтылуы керек. Мұндайлар болмаған жерде поэзияның аз сөзді болуы жақсы нәрсе.

Көпсөзділік халық поэзиясында, тіпті екі жүз жолға бармай атының басын ірікпейтінін, тоқырау болмайтынын сіздер білесіздер. Міне осындай нәрселер сіздерде жоқ. Ал шұбыртып жіберген болсаңыздар өлең түрінен айрылады. Өлеңнің өлшеуі өзінің мөлшерімен қадірлі. Олай болса осы қасиетінен айрылады. Ұзақ өлеңнің ұзына бойына бірдей ой да жете бермейді, образ да болмайды. Өлеңнің бірқатары асығыс жайларда жазылады. Ал біздің жастар — оқымысты жастар, ізденуші жастар, білімді жастар. Бұл жастар — поэзияға қойылып жатқан талапты ескеретін жастар. Міне мұндай жастар терең сырлы, сөзге сараң болғысы келеді.

Образ болмай ойдың да қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз. Жұрт айтпаған ойды айту — анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол ырыс.

Жұрт айтпаған ой образдары партияның, жұртшылықтың сүйетін ойы — ол табыс, ол бақыт. Ойдың көпшілігі жұрт айтқан ой болуы мүмкін, бірақ соны басқаша түрде айта білудің өзі қасиет.

Біздің поэзияда да терең ой, мол образ жете қоймай жатыр. Жастар поэзиясына үлкен образдылық керек. Бұл образдызық бірталай жастар өлеңдерінде бар. Мысалы, партия тақырыбында қызық образдар аңғарылады. Т. Молдағалиевтің, Т. Шопашевтің, Қ. Мырзалиевтің өлеңдерінде жақсы ойы образымен табысып жатады. Бұлардың шығармаларын алдыңғы поэзиямен салыстырғанда өзіндік кемшіліктері де бар. Біздің алдыңғы буын поэзиясында үлкен әлеуметтік тақырып, халыққа тәрбиелік тақырып, маркстік-лениндік философияның бүкіл жаңа адамзат тарихына әкелген кең-кең, ұлы-ұлы тақырыптардың бір қатары азайып кеткен сияқты. Халықаралық достық, бейбітшілік, комсомол, ұлы орыс халқы жайындағы тақырып, ұлы адамдардан үйрену мәселесі, халықтар достығы деген тақырыптар Сәкеннен бастап Қасымға дейін, Қасымнан М. Әлімбаевқа дейін бір буын ілгері жастарға келетін тақырыптар біздің поэзияда, осы жинақтың ішіндегі ақындар шығармаларында азайып кеткен сияқты. Осы күшпен осы сыпатты, осы ізбен көтерсеңіздер бұл тақырып тозатын тақырып емес, жырланып мәдениетті дәрежеге жетіп болды деуге болмайды, бірде жетіп, бірде жетпей жүрген тақырып.

Біздің поэзияның барлық буындарына айта кетерлік бір жайды осы арада атап өткім келеді. Орыс поэзиясын былай қойғанда қырғыз, өзбек, азербайжан, тәжік поэзияларын, дағыстан поэзиясын алып қарасаңыздар, осында бірнеше адамдардың шығармаларында әр буын ақындардың аузына түсе қоймаған тақырыптар бар. Отан соғысы жылдары басқыншылық жерін шауып алған, бірінің атасы өліп, бірінің әкесі майданға кеткен жастар, бет-аузы қап-қара май болып қалған сан жетім балалар

үлкен топтарымен поездарға мініп, бірнеше күн жүдеп-жадап әр алуан халге ұшыраған, суыққа тоңып, аштыққа ұрынып Ташкент, Алматы, Омскі қалаларына келді. Бұл балаларды Отан қойнын ашып қабыл алды, тәрбиеледі. Міне, осы мәселе бүкіл совет поэзиясында сол сұрапыл қиыншылық соғыс дәуірінің анық белгісі ретінде қалған бір өлең «Бауырым, мен сенің атаңмын» деген Ғафұр Ғұлямнің өлеңі. Бұл өлеңінде Ғафұр Ғұлям майданда жүрген, қиыншылық көрген советтің жас буынының барлығына аталық қойынын ашып сөйлеген, Отан жүрегін, совет елінің жүрегін көрсеткен. Белоруссияда, Украинада ерте заманнан еврейлер отыратын жерлер болатын, сол жерлерге фашистер келгенде еврейлерді қыра бастаған. Міне, осы еврейлер ауыр халде, бет-бетімен қашып үлкен қалаларға келген уақыттарда кулактық мінездер көрсетушілер болды. Осыған қарсы Ғафұр Ғұлям «Мен де евреймін» деген өлеңін жазды. Бұл лениндік аса бір асқақ ұран сияқты. Біздің туысқан елдердің ауыздарынан шыққан өлеңдерінің ең бір ірісі.

Дүние жүзіндегі езілген халық елдерінің атынан Африка, Америка негрі атынан «Негр сөйлейді» деп құлдыққа, теңсіздікке қарсы сөйлейтін ақын өз дәуірінің тарихы атынан сөйлейді. Бұл негрді сөйлетіп отырған совет ақыны — Самед Вургун.

Дағыстан ақыны Расул Гамзатовтың «Әкеммен әңгіме» деген поэмасы да бар. Ақын сөйлеп отырып халық алдында өзінің қандай қарызы бар екенін, өз арын халықтың арымен салыстырғанда қарыздармын, соны түсіндім деп ақын әкесінің аруағымен сөйлеседі. Бұл үлкен серпінді, кең тынысты поэзия.

Тәжік ақыны Тұрсын-Заде біздің поэзиямызбен қатар жасап келе жатқан ақындардың ойларына не берді? Оның «Голос Азии» деген өлеңінде тіпті көп білетіндігін көрсетеді. Осы өлеңінде Азия, Африка халықтарының атынан тіпті Үнді, Қытай ақыны, Гана ақыны, Жапон ақыны айтпаған ойды тәжіктің Тұрсын-Задесі сөйлеп

тұр. Мұның әрбір жолы бірдей адам аузына түспейтін мәселелер емес, бірақ, үлкен, өрлеген ой дәуірдің биігіне шығып сөйлейтін сөздер. Жеке бастың, үй тұрмыстың, туған жеріннің тақырыбы —бәрі де керек. Бірақ оның да шегі болады. Оның өзін де үлкен ақылдылық, зор толғау арқылы үлкен әдебиеттік шеберлік бар екендігін аңғару керек.

Өздеріңізге белгілі, осы Түрксиб жолы салынғанда бір ақындар өлеңінде, теңеулерінде «қара айғыр» деп, «отарба» деп алғанда, сонда бір өлең жазылды. «Бұл қай жол?» деген. Өткен жылдарда көзінің жасы төгіліп, тұтқын жүрген, өмір зары сан кезген Жетісу жолы деген жол Қытай мен Европаның сауда қатынас жолы, сол жолмен адамзат көрмеген қастықтар жүрген, бір кездегі Шығыстың қан-құйлы жолы қазір Түрксиб жолы түсумен қандай жол болады? деп бұрынғы қандыбалақ жауыздар жүрген жолдың енді жаңа Отанның күре тамыры болады, сол темір жол арқылы жаңа ойлар, жаңа тамырлармен жаңа қандар жүреді деп Ғафұр Ғұлям жазған.

Азия, Африка елінің азаттығы жөнінде де жырлайсыздар. Қатарда келе жатқан ақындар калай жырлайды? Міне, солардың шығармаларына қарап, танысып отыру керек. Үлкен образ болмай поэзия болмайды. Сіздер жаңа бақыт пен жаңа мәдениетті іздепудің бойында осы жайларды ойланыңыздар. Сол мәдениетті ақындардың ешбірі айтпаған образды ойлар мен айтқандарын сіздер де айта алады деп ойлаймын. Іздену үстінде, үміттену қалпында бір достық тілек: Мен ақын емеспін, бірақ ақын өнерімен достардың алдында жақын тұрған қандай өрістер бар, жап-жақын бір белестің астында тұрған кейбір шындық бар, сол белеске шығып табылмаған жоқты табу, соған тырысу керек деп ойлаймын.

Осымен бірге, Мұхтар қартайғасын ақыл айту дағдысына түскен екен деменіздер, бірақ бір нәрсені айтқым келеді. Жастар осы бастан бірнеше әдеттен сақ болы-

ңыздар. Ең алдымен, жақсы жаздым екен деп асқақтамау керек, тумай тұрып толдым, жазбай жатып болдым деуден қашу керек. Бұл мінез адамды жаман нәрсеге апарып ұрындырады. Арақ ішу, мастану осыдан туады. Ұлы Лениннің, Горькийдің кішіпейілдік сияқты жақсы дәстүрі бар. Осыны үйрене білу керек. Мастану дегенді көрмей жүрген жоқсыздар, болып қалдым екен деп алдыңғыны мүйіздеп, шынтағымен қаққылап, өзін-өзі ғашық болушылық — бұл адамның үлкен соры. Бұл ең алдымен өзімшілдікті, өзімшілдік күншілдікті туғызады. Мәдениеті аз әдебиеттерде бұл үлкен сордың бірі.

Екіншіден, жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпаңдар, танылмаған Шекспир мен танылмаған Толстой көп бола береді деп ойламаңыздар. Олар дүниеде біреу-ақ. Олар көрінгенге мысал емес. Шала Шекспирлер, толыспаған Толстойлар танылмай жүре берсін. Одан келер-кетер аз ғана. Өңірі табылмаған тау, тереңі танылмаған өзен бар ма? Біздің өмірімізде баға берілмей қалған қасиет бар ма? Бағалы-бағаланбай келген қасиет жоқ. Советің адал сыны, әділ бағасы құмның түкпіріндегі Кербебаевты да таныды, тапты да ғой. Кішкентай Чукчаның Рытхэуін, Туваның Салчак Токасын таныды да, тапты ғой. Ақындық жақсылығым танылмайды деп ойламаңыздар. Жақсылықты тану ретінде ең әділ, әрі әділетті халық біздің совет халқы. Жақсы баға, орын тауып беріледі. Сондықтан әдебиет үшін реклама керек емес. Бұл реклама өзімшілдік, күншілдікті туғызады. Америкаға барғанда Маяковский «Бруклинский мост» деген жыр жазған. Маяковский бұл көпірдің үлкендігін, талантты инженердің кім екенін айтпаған. Ол заманда Бруклин көпірі Маяковскийді таңдандырса, оның бер жағында бізде салынған астында тіреуіші жоқ көпірді салған инженердің атын қайсыңыз білесіздер? Осыған қарағанда әдебиет саласы ең бір рекламалы, сондықтан өзін-өзі рекламалаудың ешбір қажеті жоқ. Еңбек жақсы жазылса «басылғалы жатыр» деп бір хабарласа, «басыл-

ды деп екінші рет хабарлайды. Ол шығарманың циклдары журнал бетінде басылады, кітап боп шығады, сыншы мақтау жазады, міне, көріп отырсыздар, әдебиеттен рекламалы не бар? Көп еңбек қаламның сиясы құрғап болмай-ақ даңқтанып жатады. Социалистік Отанда еңбек етіп жүрген жандардың ішінде еңбегін дабырлап жататын тек әдебиетшілер. Сондықтан соның ішінен реклама іздеу бейшаралық нәрсе деп санаймын. Ал жеке адамды рекламалау талантсыздықтың белгісі, ол бишаралық. Күншілдік пен өзімшілдікке байланысты «менікі оныкінен артығырақ, мені бағаламады» деген нәрселердің барлығы осындай дерттерден пайда болады.

Сіздерден алдыңғы буын алдағы заманның жамандығын ала келетіні болады, сіздер адал әдебиетші, үлкен әділ таразыларың бар, салмақты сабырларың бар, әдебиеттің жақсылығын шын сүйетін, шын берілген кішіпейіл әдебиетші болыңыздар. Жақсы жазғандарыңыз далаға кетпейді, ешбір қасиет бағаланбай қалмайды, алтының танылмай қалмайды. Жақсылық арта түседі. Әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті қасиетті әкелуші, нұрлы, жақсы, жарқыраған өрісі бар жастар, еңбектеріңіздің жемісті болуына, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып оқу білімдеріңіздің өсіп-өрлеуіне зор ағалық достықпен тілек айтамын.

1960

«РҮСТЕМ — ДАСТАН» ПОЭМАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Батыр Рүстемнің аты — қазақ халқының ортасына көп заманнан жайылған ауызша аңыз-әңгімелер, ертегілерден мәлім болған аса даңқты ат. Оның жайын жалғыз қазақ халқы емес, қазақпен туыстас, тілдері жақын өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ елдерінің бәрі де көбінше қарасөзбен айтылатын ертегі аңыз, әңгіме ретінде баяндайтын.

Сол бар тілдегі Рүстем жайындағы әңгімелердің түп негізінің бірі — атақты Шығыс классигі Әбілқасым Фирдоуси жазып шығарған «Шаһнама» болады. Бірақ Рүстемнің жайы жалғыз Фирдоусиден басталмайды. Ол турасындағы көне аңыз, әңгімелер Фирдоусиден бұрын да көп жайылған болатын.

Осы баспада оқушыға ұсынылып отырған «Рүстем-дастан» жыры Фирдоусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның қатарында Фирдоусидің де еңбегінен ауысқан) ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры. Өлеңмен жыр етуші Тұрмағамбет ақын бұл жөнінде XIX ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған.

Қазақтың кейбір ақындары «Мың бір түн» ертегілерінен алып жыр-дастан жазатын. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдоусидің «Шаһнамасындай» болғанмен, мынау еңбекті Фирдоусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз.

1960

ТАГОРДЫҢ КЕМЕҢГЕРЛІГІ

Үнді халқының рухани мәдениетінің даналыққа толы, әрі алуан түрлі, ұлан-ғайыр аясында Рабиндранат Тагордың тамаша тұлғасы ғажайып жарқырап көрінеді. Ол шет жұрттың бұғаудан босар шақтағы жаңа Үндістанның құдіретті де қуатты бейнесіндей. Оның тұлғасы

Батыс пен Шығыс мәдениетінің тұтаса тоғысқан бір әлеміндей, асқар алып шыңындай.

Өз шығармаларының бүкіл мазмұнымен, өзгеше бітімімен, өзінің Үнді дүниесімен стене байланысты. Оның үстіне Тагор қазіргі заман талабына тіл қатқан лирикақын; Тагор новеллист әм романист; Тагор — драматург, публицист. Өзінің өзгеше жазушылық мәдениетінде ол қазіргі Батыстың творчестволық дәстүрлерін де мол бауыраған.

Бұл күндері, ұлы ақынды барша жұрт дән разы көңілмен еске алып жатқан шақта әркайсысымыздың да ол жайындағы ой-толғаныстарымызды аздап та болса айтпасқа лажымыз жоқ. Бұл орайда мен Рабиндранат Тагордың өзгеше әрі айрықша бақытты тағдыры жайында ең алдымен атап айтар едім.

Бағзы бір ақындар, жалпы творчество адамдары болады. Олардың мұрасы лап етіп, жарқ ете қалады да, тасқараңғы сөніп жүре береді. Тарих үшін олар бейнебір құйрықты жұлдыздай. Бірақ сөніп жоғалуы да тез. Бұлардан алуаны бөлек ақындар, суреткерлер бар. Олардың шығармалары сіздің ой-сана көгіңізде мәңгі-бақи сөнбейді, өмір бойы тап қасында болады. Олар бейнебір тарихтың шұғыла шашқан серігіндей. Тагор тағдыры да осыған меңзес. Бұл орайда бір халықтың перзенті болған Тагор бұл күнде талай-талай халықтың ұлы болып кеткенін, бір кезде екі тілде (бенгал және ағылшын) жазған ақын қазір екі жүзге тарта тілде сөйлейтінін, бір ғана елдің — Үндістанның ғана адамы енді барша жұрттың, бүкіл бес континенттің азаматы болғанын қалайша еске түсірмессің. Бір ғана тарихи дәуірде дәурен кешсе де ол болашақ сан-сан ғасырлар бойына да өлмей, өшпей жасай бермек. Міне бұл ақынның кісі қызығарлық талайы, бақытты тағдыры осындай.

Рас, бұл жайды басқа замандарда өмір сүрген, басқа жұрттардың классиктеріне орайластырып та айтуға болады. Сол жайды Тагорға тұтастай арнап айтудан

оның бағасы кемімейді. Бұл — Тагор әлем әдебиетінің санаулы ғана классиктерімен терезесі тең халде, соларға барабар күйде деген сөз. Оның атақ-даңқы шар-тарапқа жайылуы да осыдан. Бүкіл жұмыр жер оның Отанына айналды.

Бірақ Тагор жайында сөз еткенде біздің еліміздің — Совет Одағының жөні айрықша бөлек. 1913 жылдан бастап Тагор Россияда орыс, грузин, татар тілдерінде шығады. Ал совет дәуірінде оның шығармалары Совет Одағының 18 халқының тілінде 180 рет басылып шықты. Сол шығармалардың жалпы тиражы — 3 миллиондай.

Ал енді, яғни туғанына жүз жыл толуына байланысты Тагор Совет Одағындағы қырық халықтың тілінде аударылып шықпақ. Бұл айтылғандар Тагор өзіміздің төл әдебиеттеріміздің бір классигіндей болып кеткенін көрсетеді.

Бейбітшіліктің дүниежүзілік Советінің ұранына үн қосып, Қазақстан жұртшылығы 1961 жылы 7 майда Тагордың туғанына 100 жыл толуын молынан мерекелеуге әзірленіп жатыр. Қазақ халқына Тагор ежелден-ақ, яғни орыс тіліне аударылған шығармалары арқылы мағлұм. Тагор шығармаларының орыс тіліндегі он екі томдығы Қазақстанда да кең таралды. Қалың жұрттың Тагорға деген ықылас пейілін ескере отырып, Тагор шығармаларын қазақ тілінде үш том етіп шығару қажет деп табылған еді. Енді Тагор шығармаларының бес томдығы қазақ тілінде шығарылмақ. Тагорды аудару ісі одан әрі де жалғаса бермек. Республикалық және облыстық газеттер Тагор күнін мерекелеп өтуге даярлық үстінде. Тагорды еске түсіруге арналған сурет көрмесі де әзірленуде.

Бір нәрсе айдан анық. Тілдік-нәсілдік және ұғым-нанымдық шектен аттап өтіп, Тагор біздің еліміздің халықтарына келіп жетті. Ол әр семьяға ананы мейірлендіре, жастық шақты қанаттандырса, әкені даналық ойға кенелдіре келді, халықтардың тіпті бүкіл прогресшіл

адам баласының бауырластық ұлы сезімін нығайта келді. Осы орайда біз Тагордың мұрагері, мирасқоры тәріздіміз. Рас, біз оның шығармаларын түп нұсқада, ағылшын немесе бенгал тілінде оқи алмаймыз. Бірақ біз Үнді классигінің прозасы мен өлеңдерін туған еліміз халықтарының өзімізге түсінікті бес-алты тілінде оқимыз. Сөйтіп, біздегі әр жазушының рухани қорында Тагор мәдениеті мен творчестволық тәжірибесінің де өзіндік орны, мәнмағынасы бар.

Өзінің творчестволық тағдырын өз халқының, өз еліжұртының тағдырымен табыстыруы да терең, толғана ойлаған талай-талай жазушы Тагор мұрасындағы нәр мен құнардан ғажайып тағлым табады.

Өзінің әдеби творчествосы, суреттері мен публицистикасы, белсенді қоғамдық-саяси қызметі арқылы Тагор басқа жұртты өз халқының рухани өмірімен, тұрмысымен, дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, оның қуанышымен, қайғы-қасіретімен таныстыруда ұлан-ғайыр іс тындырды.

Россиядағы Ұлы Октябрь революциясынан кейін, Рабиндранат Тагор интернационализм идеяларын, әсіресе беріле насихаттады .Ал Амритсардағы бейбіт демонстрацияға оқ атылғанда ол өзіне 1915 жылы ағылшын үкіметі сыйға тартқан баронеттік құрметті титулдан бас тартты. «Менің Отандастарымды адам қатарында санамай, аяқ асты етіп жатқанда,— деп жазды ол,— менің қандай да бір артықшылық көруім мүмкін емес. Мен бұған ұяламын».

Жас советтік республика — өзіне де, халыққа жат империализм системасына, отаршылдыққа қарсы тұратын күш екендігін Тагор көре білді.

Тагорға тұстас Үндістанның өмірі, оның езілген, қорлық көрген халқы өмірінің әлеуметтік-психологиялық саяси қоғамдық жақтары, тұрмысы, отаршылдардың халықты қайыршылыққа душар етуі — міне, Тагор творчествосының негізгі тақырыбы осы еді. Тагор — тек Үндістанның ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі

халықтарының, халықаралық ынтымақ пен көктеп өсу, гуманизм идеяларын ардақ тұтатын жандардың баршасының аса ұлы мәдени жеңісі болып табылады.

Тагор әңгімелерінің феодализм мен отаршылдыққа қарсы бағытталғандығы да даусыз. Рас, бұл әңгімелер күреске ашықтан-ашық шақырмайды. Бірақ олар объективті түрде соған үндейтіні күмәнсіз. Жазушы халықтың асқақ моральдық, адамгершілік бейнесін нанымды да, шынайы ашады, оның ауыр, қараңғы өмірін көрсетеді. Тагор әңгімелерінің аса құнды ерекшеліктерінің бірі де осында. Ол қарапайым жандарды мейірлене суреттейді және байлардың сарайларынан гөрі жадау лашықтарда адамгершілік мол екендігіне оқушының көзін жеткізеді («Пәруайсыз Гамканая», «Оңалмас бақытсыздық» және басқа да әңгімелер).

Оның «Тау» атты романы бүкіл үнді әдебиетіне зор ықпалын тигізді. Тагормен тұтас және оның мұрагерлері болған көп жазушылар сол романнан тағлым алды. Езіліп қаналған, қасірет шеккен Үндістанға деген аяулы сүйіспеншілік сезімі романның әр тарауынан-ақ байқалады және елді азат ету жолындағы күреске үндейді. Бұл — Үндістандағы сыншыл реализмнің аса ірі тұңғыш шығармаларының бірі.

Социализм еліне келіп қайтуы жазушының дүние тануының өсіп толысуындағы ерекше бір кезең болды. Тагор мәдениет қайраткерлерімен, шаруалармен, студенттермен, пионерлермен кездеседі, СССР-дағы ағарту жүйесіне, ауыл шаруашылығын дамыту тәсіліне ықылас қойып көңіл бөледі. Ол халық бұқарасына білім беру және мәдениет мәселесіне де зор ынта қояды.

Сол кезде сөйлеген сөздерінің бірінде ол былай дейді: «Менің қызметім — тәлім-тәрбие беру. Адам баласын толғандырған мәселелердің бәрі де өзінің түбегейлі шешімін тәрбиеден табатындығына мен сенемін». Тагордың совет адамдарымен кездесуі жүрек тебірентерлік жағдайда өтті. 1930 жылы 17 сентябрьде Москвада

Тагордың соңғы жылдары салған суреттерінің көрмесі ашылды. Соғыс атаулыға жаны қас Тагор жаңа соғыс өртін тұтандыруға даярланып жатқан империалистерге өшпенділігі өршіген сайын гуманист-жазушының Совет Одағына деген достық сезімдері, татаусыз ықыласы соншалықты өсіп тереңдей түсті.

«Цивилизация дағдарысы» (1941 жылдың апрелі) атты мақаласы жазушының публицистік қызметінің қорытындысы тәрізді болды. Бұл мақала Үндістанды езіп-жаншыған британ империализміне деген кекті қарсылық, айбарлы айыптау рухына толы. «Тарих дөңгелегінің жүрісі көп кешікпей ағылшындарды Үндістаннан кетуге мәжбүр етеді. Сонда олар артында не қалдырмақ? Олардың екі жүз жылға созылған өктемдігінің тасқыны суалып тартылғанда олардың соңында балдыр басқан, кір-лайсаң жайлаған телегей ғана қалады»,— деп жазды Тагор.

Рабиндранат Тагор үнді әдебиетінің дамуына тұтас дәуір құраған шығармалар тудырды. Оның шығармалары терең лиризмге, өмірдің шұғылалы нұр шапағына толы. Тагордың өз Отаны азат болуын аңсауды мұрат етуден туған аса ірі айтулы шығармаларын мәңгі-бақи ескірте алмайтын да осындай қадір-қасиеті.

1961

ШОҚАН ТУРАЛЫ СЦЕНАРИЙДЕН ӘСЕР

Жолдастар, сіздер бағанадан бері Шоқан Уәлиханов жайлы сценарийді тыңдадыңыздар, ол туралы менің пікірімді күлліңіздің құптайтындарыңызға сенімім кәміл. Сценарий Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметінің, тағдыр талайының қыруар қырын қамтыған. Ойлы да терең талқыға келсек, бұл сценарий қандай үлкен әңгіменің де тақиясына тар келмейді, егер белгілі бір ұйымдас-

тырушылық іс бабында жиналсақ, онда көп сөйлеудің қажеті шамалы. Мен бұл жерде осы дүниеге деген өз көзқарасымның тұрғысынан сөйлемекпін. Оның талай нұсқасымен таныса жүріп, Сергей Александровичпен әлденеше рет мәжілісте жүріп, мен белгілі бір пікірге келіп болғанмын-ды. Тап осы қазір де сол пікірдемін. Ол қандай пікір — оны осы арада ортаға салмақшымын.

Алдымен, мен сол пікірлерімді неге негіздегенімді, Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметін мәшһүр етпек, үлкен көркем фильмде Шоқан бейнесін көрсетпек сценарийдің қандай болмағы жәйлі бірер жалпылама ойларымды айтайын. Бұл шығарманың үлесіне тиіп отырған міндеттің мән-маңызын Шоқанның тек қазақ халқының ғана емес, барша Россияның мәдениет тарихындағы елдеп ерек сипатынан іздеу керек.

Шоқан тақырыбын тек Қазақстанға ғана еншілейтін адамдар қатты қателеседі, Шоқанды, оның қызметін, оның шынайы бейнесін жасауды бөліп-жармай, бағызыға байланыстыра айтсақ, бүкілроссиялық, бүгінгіше айтсақ, бүкілодақтық құбылыс деп ұғатын адамдар әбден дұрыс ойлайды. Бұл пікірімізге дәйектеме, дәлелдер толып жатыр. Шоқан 50—60 жылдардағы орыс интеллигенциясының өкілі. Оған бірінші айғақ — Шоқанның орыстың ғылыми қауымында қалыптасқан оқымысты, сол ортадан шыққан қайраткер екендігі. Ендеше, ол орыс ғылымдарының түлегі. Оны бізге дейін мәпелеп жеткізген де орыс ғылымы.

Шоқанның ой әлемінен, тәрбиесінен 50—60 жылдардың түс өкілі екені бесенеден белгілі болып тұрады. Сол себепті де Шоқанды ойлағанда, ол туралы шығарма жазғанда оның қайраткерлік дидарын өз тұсынан, өз ортасынан алабөтен оқшаулап әкетпеу керек. Шоқан өз тұсының ең озған қауымының өкілі боп, өзінің еңбекті талшық еткен елінің тағдырын ойлап, қам жеді. Бұл ретте ол Совет Одағы халықтарының тарихындағы қай қайраткермен де қатар тұра алады. Бұның бәрі де Шо-

қанның өз бейнесін, оның қызметін, дәуірін көрсетудің ересен міндет екенін айғақтайды. Совет Одағы халықтарының өзге қайраткерлері сияқты Шоқан да халқының қамын жей отырып, қазақ халқы секілді өзге де бұратана жұрттың аңсарын айтты. Оның ойы жарты ғасыр алға озып жүрді. Ол орыстың озат ойының өкілі. Сондықтан ол туралы Базаров пен Рахметов болмысын әдемі түсінетін, сол дәуірдің сырын аса нәзік ұғатын, 50—60 жылдардың патшадан басқа қақпашыға дейінгі әр қилы жандарын, халқын аса жақсы білетін жазушы ғана жазуға тиісті. Ол сол дәуірдегі швейцарларша, сол кездегі аналар мен балаларша сөйлей білуге, қысқасы сол кездегі Петербург қауымының ойы мен сезімін қалт жібермей дәл ұғып, дәл аңғаруға тиісті. Сценарийде патшадан Чернышевскийге дейінгі екі Россия бар. Мен С. А. Ермолинскийді бұл тақырыпта сәтті табылған автор деп білемін. Оның өзі жазып отырған заманды өте жетік білетіні баршамызға бұрыннан мәлім. Ол өзі Станиславский атындағы театрда жүріп жатқан «Грибоедов» пьесасында Шоқандарға әке болуға жарайтын Грибоедов буынының тұсын аса сенімді көрсете білген-ді.

Ермолинский бұл тақырыпта әлденеше жыл қатарынан еңбектеніп келеді. Бізде бұл тақырыпта біраз әуре-сарсаң болдық. Енді соны бір түйіндейтін шақ келген сияқты.

Сценарийдің ең басым үздік қасиеті қайсы? Алдымен, оның 50—60 жылдардың әлеуметтік-экономикалық кескінін әсем аша білгенін айтқан жөн. Бұл кескінде қауымның жоғары-төменгі барша қабаты түгел қамтылған. Шоқанның өзі бұл ортада әрі ғалым, әрі мемлекет қайраткері болып көрінеді. Бұнда Александр II-ның Россиясы, Чернышевскийдің Россиясы да қаз-қалпында шыққан. Тарихи тақырыпта еңбектенген романистке, сценарийстке тарихи материалды, өмірбаяндық мәліметтерді барынша мол, барынша шебер пайдалану керек. Ермо-

линский өз тақырыбынан әдемі диссертация қорғап шыға алар еді.

Тарихи тақырыпта жазатын романистің, драматургтың, сценарийстің тарихи деректерге сүйенуімен бірге өз қиялына жүгінуге де әбден қақысы бар. Бұнда қиялсыз тарихи шығарма туа алмақшы емес. Әйтпесе, тарихи шындық көркем шындыққа айнала алмай әншейін бір ғылыми трактатка айналып кетер еді. Суреткердің бір фактыны пайдаланып, екінші бір фактыны пайдаланбауына еркі бар. Бірақ, ол бұл таңдауды өз тақырыбындағы тарихи деректердің күллісін түгел біліп тұрғанда ғана іске асыра алады.

Шоқанның тамсанарлық тамаша, мән берерлік маңызды бір сипаты — көп жыл шарлап өткен саяхатшылығы, өз қызметін ғалым боп, оқымысты боп бастағаны. Шоқан орыс мәдениетінің, орыс мектебінің түлегі.

Тарихта бардың бәрі де жақсы алынған. Мен оның Чернышевскиймен кездесу сахнасы аса жарқырап шыққан екен десем, ешкім, сірә, дауласа қоймас. Мүлгіп қалғыған патшаның төңірегіндегі жұрттың не деп жатқанында да ісі жоқ, оның өмірі бір меңіреу тірлік. Ал, енді Чернышевскийдің ортасындағы елгезек, тынымсыз өмір неткен әсем. Сәл ғана штрихтар, бірақ дөп түскен дәлел шындық. Шоқан Чернышевскиймен кездескен болса, дәл осылай ғана кездесе алады. Ал, мұндай панымдылық қолға түсе бермейтін бақыт. Шоқан арқылы екі Россия да көрінген. Шоқан тек астанада ғана емес, провинцияда да, Омскіде де көрінеді. Мұнда екі ниет, екі полюс бар: бірі — патша, бірі — Чернышевский. Қалған кейіпкерлер осы екі ортада орын тепкен. Композициялық жағынан да сол кездегі шайқастың шындығына дәл келуі жағынан да бұл керемет келісім.

Екі бірдей басты тұлға көрінеді. Шоқан мен Шыңғыс. Ол екеуінің Россияға деген көзқарасы екі қиян. Шыңғыс — патша мундиріне көмілген феодал, ұлтшыл, Бұндай жік-жік жандар, саты-саты топтар Шоқан бейнесін

жарқырата түскен. Барлық қозғалыс, барлық ағын Шоқан тағдырының арасында өтеді.

Енді композициялық шеберлік жәйін сөз етсек, шығарманың неден басталып, немен тынғанына тоқталалық. Меніңше, хикаяның Қашқардан өрбігені өте дұрыс. Кейбіреулер қайдағы жоқ Қашқар, қайдағы жоқ қыз қайдан киліккен деп кінәлайды. Меніңше, келімсек еркекке кеткенінше неке қиысып, телінетін сұлу әйелдер — шалқандар алынбай, күнәдан пәк уыз қыздың алынғаны әбден жөн болған. Шоқанды бірден географиялық қоғамда көрсетуге болмайды. Онда құрғақ сөздің топанына көміліп калар ек. Сюжеттің шиеленісуі де сәтті.

Шығармадағы кісі бейнелеріне келсек олардың көбі келте көрінсе де, жете көрінген. Міне, әр қилы түсінетін Достоевский мен Чернышевский. Олар екеуі де орыс классигі бола тұра, бір-біріне атымен ұқсамайды. Әрқайсысы өзінше сөйлеп, өзінше күледі. Сценарийдің өн бойындағы бар деталь, бар штрих заман келбетін, заман колоритын аша түскен. Ол сөйленген сөзде де, сезіну-түйсінуде де, кісілердің әрекеттерінде де, қайдағы жоқ елеусіз бір әннің өзінде де көзге ұрып тұрады.

Жолдастардың Садық сияқты тұлғалар неге керек болды деп ойлауы да мүмкін. Біз тарихи еңбек жазып отырған жоқпыз. Егер жазушыны да тәй-тәйлеп, қолынан жетектеп жүрсек, ештеңе шығара алмаған болар едік. Жазушы ненің болуы мүмкін болса, ненің болуы қажет болса — соны жазады. Сонда Садық неге қажет болды? Оның бүлдірушілік әсер-әрекетін көрсету керек болды. Бұнда Қоқанға тура тартқан ұры бүйен реакциялық күштердің болғаны рас. Иә, Россияның, иә мұсылманның жарты айлы жасыл туын таңдайтын екі талай күндер де өткен. Күрес содан өрбіген.

Менің енді тілектерім қандай. Ермолинский бұл сценарийдің үстінде көп еңбектенді. Көркемөнердің туындылары туралы қашан да дауласуға, таласуға болады, өйткені бұнда екі жердегі екі — төрт секілді хақ қағида-

лар бола бермейді. Мен Ермолинский аса игі іс істеді, қазақ қауымы орыс совет жазушысының бұл еңбегі үшін үлкен алғыс айтуға тиісті деп білемін.

Енді халықтың қатысы жәйлі бірер сөз. Фильмге жүз елуге жуық кісі қатысады. Шоқанды шығарып салып, қарсы алып, әбігер боп жататын қарақұрым халық бар. Тек осы халық шығармада белсенділік көрсетсе нұр үстіне нұр. Ол үшін не жетпей тұр? Ол үшін Шоқанның Садықпен мықтап тұрып бір шайқасуы қажет сияқты. Үлкен реалистік шығарма бұдан көп нәрсе ұтар еді.

Әрине, халық өз аңсарын, өз арманын түгел адалап өзі айтып шыға алмайды. Бұл Шоқанның міндеті. Менің-ше, Шоқанның моральдық жеңісі Әулие-ата оқиғасында көрінуге тиісті. Бұндай көпшілік сахнасы өте қажет.

Достоевскийдің қатынасуы жәйлі де екі ұдай пікірлер туып отыр. Достоевский әлемдік тұлға, оның шытырман қайшылыққа, кейде күңгірт түнекке толы жан дүниесі жақсы таныс, ол біздің бүгінгі қауымға жете мәлім. Ал, фильмде бұның бәрі Шоқан аузымен айтылады. Шынына келсек, бұл Чернышевский, Добролюбовтардың ғана бойына сыятын іс.

Достоевскийдің бұл сахнадағы сөзі ойдан шығарылмаған, оның өзінен алынған. Бұл да дұрыс. Осы сахнада Шоқан өзінің қоғамдық қызметінің бірден бір хақ жолын тапқандай болды. Шоқан мен Шыңғыстың шығысуын бұрынғыдан да аша түсу, егей түсу қажет сияқты.

Маған Шоқан Садықпен алғаш ұшырасқанда тым қызу кеткен сияқты боп көрінеді, ол оны қас дұшпан санады, ендеше бұл жерде өзін ұстамдырақ ұстап күшті де парасатты кісі боп көрінгені ұтымдырақ болар еді.

Мен бұл жерде жекелеген детальдардың бәр-бәріне тоқталып жатпаймын, тек жалпылама ойлармен ғана шектелемін.

Сөз соңында айтарым, сценарий шын мәніндегі үлкен

шығарма. Менің одан алған әсерім — орыс жазушысы С. А. Ермолинскийге аса разы болдым.

1961

ЕСТЕ БОЛАР СӨЗДЕР

Көп сөз — қола, аз сөз — алтын.

Дау мұраты — біту, сауда мұраты — ұту, қыз мұраты — кету, жол мұраты — жету.

Бардан пайда, жоқтан залал.

Құнажын көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді.

Ас тасыса, қатығы төгілер, ашу тасыса, ақылы төгілер.

Көп сөздісің дегенге біреу жауап айтыпты: «екі жүз қырық беті бар құраннан көп сөзді емеспін» деп.

Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға айту керек.

Қойды қой деп қомсынбаңдар, қойсыз елге үй бітпейді.

Көнеден дәурен озды, атадан ұл озды, анадан қыз озды.

Жігітті жылы сөз ширатпайды, сын ширатады.

Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз оба қорған емес.

Не керек? Ой керек... ойсыздық қатер... Жаска да, кәріге де бір шарт, жалғыз шарт: ішіндегі, өзіңнің шынынды, өз көңіл төріндегі шынынды (шын) шалғандай, орағандай ойың қайда? Үлкен шығарманың үлкен сырынан, шыңынан соның білінсін... Шығарма — қарақ суынан суарылған, әр жаның өз түп-түкпірінде туған меруерті болсын.

Кейбір жеке әзіл ретінде қолданатын арнаулы сөздер: жансебіл, иісалмас, итжемес, алақұйын, аласұр.

«Ара» журналы жөніндегі әзіл!

Өзін таразы санайтын жігіт жөніндегі әзіл

Тентек бала жөніндегі әзіл.

Араққор, сырақорлар туралы әзіл. Зинақор, винақор жөнінде.

Түйеге қанат бітпесін, қанат бітсе, аспанды әлек етпесін.

Аспан латунь (жез) түсті еді. Бұл күн шығар алды.

Осы бөтелкелер қатарына ашқарақ көзбен сұғына қарап:— біреуінің мойнын үзсек қайтеді,— деді.

Мынау шарап иісі сондай ғажап екен. Бұған теңеу табу үшін ең биік поэзияға бару шарт.

Машинада келе жатқанда алдағы қала кешкі жарықтарымен жалтырай жарқырап және қалықтап толқып қарсы келе жатады.

Таңертең тұрғандағы қаланың, үй сыртының дыбысы, дабылдары есте қаларлықтай.

Мен махаббат мәселесінде чемпионмын, гроссмейстрмін.

Оның жанының топас сезімсіздігі отқа күймес шкафтай болатын.

Өсекші әйелдер ордалы жыландай: сусылдап, ысқырып кетісті.

Ол біралуан қиялға кеткен шағында келеңсіз аюдай қопал еді.

Оның момындығы жаңа ғана туған киіктің лағындай болатын.

Біздің машина өзге қатар көп машиналар ішінде көшекөшемен сырғып, қалқып келеді. Екі жақта магазиндер, есіктер, терезелер, гүл газондар, кішкене бақшалар, шарбақтар, ательелер, аптектер тізіліп өтіп, сыртта қалып жатыр.

Кішкене ғана әдемі бояулы үйлер, көгі қалың, жемісті бақшалар ішінде қалғып, ұйықтап тұрған тәрізді.

Мен хозяйкамен халықаралық жағдайлар туралы сөйлестім.

Жырақ көшеден итше ұлып келе жатқан мотоциклдің дыбысы естілді.

Машина дөңгелегінің сыдыртқан дыбысына қарап,

біз қандай жолмен келе жатқанымызды сезіп, аңғара отырдық.

Көрікті, биязы, әсем тәрбиелі, өзі сәнді әйелдің айна алдында өзін-өзі көріктеуі, бояуы: көруге соншалық сүйкімді суреттің бірі болса керек.

Ат бәйгесінде егесе таласқан біреу, өз атын мақтағанда: «менің атым сенің атыңнан екі аяғының өзімен де озады» дейді.

Ол әйелдер көзінде бағалы еркек сыпатында еленіп, саналып көрген емес.

Индия ғалымдары сөзінен:

Өлке халқының ең зор бақыты не болар дегенге: жаман әкімнің өлімінен артық не болсын депті.

Арақ ішкенде адам әуелі тауыс боп сыланып, сұлуланып байпаңдайды. Одан кейін маймыл болып ойнақыланып, қылжақтайды. Содан әрі кәрлі арыстан боп қоқияды. Ең ақыры шошқа болып тынады.

Қызғаншақтың әрдайым ызалы, күйікті болатыны несі дегенге: оның өз міні, жаманшылығы өзін қинау үстіне, өзгенің артықтығы, игілігі де оны азаптайды ғой, дейді.

Пифагордың жүзігіне жазылған нақыл бар екен: кейбір сәтті істеп де сәтсіздіктің өзі артық, депті.

Біреу аса арық әйелге үйленгенде «мұның не» десе: «мен жауыздықтың ең азын таңдап алдым» депті.

Төзім тамаша сыпат. Бірақ шексіз ұзақ төзуге өмір тым қысқа.

Ақымаққа жақсылық етуші шошқаны асыл бұйыммен безегенге, немесе жыланды балмен асыраганға ұқсайды.

Тәнге ас керек болғандай, жүрекке де ақыл сонша қажет.

Қатыныңмен ақылдас та, оның айтқанына қарсы істе.

Найзаның жарасы емделеді де жазылады. Жазылмайтын — сөз жарасы.

Бір семіз кісі ет жеп отырса, «майлы етті майлы ет жеп отыр» депті.

Ел мінін түзеймін деген әкім әуелі өз мінін түзесін. Болмаса қисық ағашты түземей тұрып, қисық көлеңкені түзеймін дегенге ұқсайды.

Сөйлеп айтқаным үшін өкінішім көп болды. Үндемегенім үшін өкінішім аз еді, дейді.

Түлкі арыстанға: менің күшігім қандай көп, жыл сайын табам және көп-көптен табам. Сенікі не, бәрі біреу-ақ дегенде, арыстан: біреу де болса ол арыстан ғой, депті.

Тағы бір топ сөздер

Бір шақта Англияда адам сенімді дегісі келсе, Англияның ақшасы фунт стерлинг қандай сенімді болса, о да сондай сенімді кісі, деседі екен.

Махаббат ойынында тәжірибе дегеніңіз, жастыққа бергісіз, мықты көзірдің бірі.

Мен газетшімін, сондықтан ешнәрсе туралы менің өз пікірім болмайды.

Сүйген шақта біздің ақылсызданып, ақымақ боп кететініміз де болады.

Сол шақта мен өзім сенбеген құдайға жалбарынып, «не өлім жібер, не есімнен тандыр» дедім.

Сенің шындығың шақ шындық, өмірі қысқа шындық.

Ішкен арақ менің ішімде «өле қалсам қайте қояды» деген ойды да ойлатты.

Оның беті сырт ажарымен, бояуымен, жас бұзаудың етіне ұқсаушы еді.

Көп сөйлегеннің соңында қарның ашатыны несі екен?

Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана шын мәнінде қымбат табыс.

Ерлер туралы әйел сөзі

Мен сиқырланғандай едім.

Ол менің құдіретті әміршім, менің тәңірім, өмірім, бар махаббатым еді.

Әйелдің жанында ажым болмайды.

Мендегі адамгерлік қасиеттің қуаты, соның өзі еді.

Оның әрбір қозғалысы, әр сөзі, көзқарасынан «ғажайып қасиет осы ғой» деген ойлар туды.

Бір тойдан соңғы стол үстіндегі, үй ішіндегі сурет

Бұл хал той басталған соң үш сағаттай уақыт өткеннен кейінгі жайды баян етеді. Столдың үстінде бейнебір соғыс, майдан болып өткендей ойран болған жай көрінеді. Сынған бокалдар, рюмкалар, бүктеліп уқаланған салфеткалар. Тарелкаларда жартысы желінбей қалған закускалар. Оларға қарасаң, көзің түссе, құсқың келеді. Әр жерде төгілген, дастарханды былғаған қызыл арақ, оған себілген, шашылған тұз. Жығылып жатқан бөтелкелер. Жерде домалап жүрген, жарымы сынған бос бөтелкелер. Үзіле құлаған пробкалар. Кей графиндердің тығындары. Әр тұста күл сауыттар толы жартылай тартылған, мыжырайған, кірлеген папирос қалдықтары. Ал үй ішінде айғай-шу. Арада күлкі. Дарақы тостар. Кей жерлерде шарпылысқан қалжыңдар. Тағы бір тұста өте дөрекі, тұрпайы сөздер. Адам жүздері қызарған. Күреңіткен көздер жасаурай түсіп, тұнжырай жанған тағы бір тұстарда, ұялмастан барын ақтарып, құмарлық тілек айтып, күлегеш әйелдерге сыбырлай күбірлеп жабысқан зинақор еркектер. Осындай шұбар ала жын ойнағы «сауығым», «қонағым» аталушы еді.

* * *

Көбінше екі дұспан қастас араз адамдар, бірінің бірі жасырын ойларын ғажайып түрде сезеген келеді. Кейде екі жау адамдар екі ғашықтан бетер көрегендік, ішкі бір қырағы көз көрегендігін табады. Ғашықтардың бірінің жанын бірі оқып білгеніндей олар да бірін-бірі соншалық шетін, нәзік түрде аңдағыш, танығыш келеді.

Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу.

Кейбір жоқшылық пен мұқтаждық сорына ұшыраған жандарды көргенде өзіннің амандығын мен бақытын үшін ұялғандай боласын.

Табысып, сүйісіп қосылған екі таза сезім әдемі қосылған екі әншінің бірігіп айтқан әнінен кем бе екен!

Ой үстіндегі түйіліп қалған бір адам жарқыраған толқындардан көз алмай тұр. Көз шыдап болмас жарық болса да жалтармайды. Рас болса: жарқыраған күнге бүркіт көзі таймай, жасымай қадала қарайды, дейді ғой.

Ащылы сордың кейбірін көргенде, оны да жердің іріңдеп тұрған жарасын көргендей боласың. Жұтаң, сортаң, ащылы борбастақ шынында адам денесіндегі ірің басқан жарадай. Тұлдырсыз тақырлар таздай сезілетіні болады.

Ердің тамаша әрекеті көз алдында істеліп жатқан шағында онша бағаланбайды. Көбінше ол ер сол істің үстінде қаза тапса, қатерге кетсе, сонда ғана жұрт көңілі оның ерлік қасиетін дуылдай мақтай жөнеледі.

Кей адамдар жөнінде

Табиғаттану ғылымын оның жіктеуі екі салаға бөлінетін: жеуге бола ма, жеуге болмай ма, деген ғана айырмыстарды білуші еді.

Жер күнді оның көмегінсіз-ақ айналатынын білетін де тыныш болатын.

Оның сырты сөнген күлдей боп тұрған тыныш түсінің астында әлі көп сөнбеген көмірлер де бар еді. Оның ойы жалқау еді. Сондықтан көбінше жұрттың пікірін тұтынатын — қолданатын. Мысалы, жақсы көру жайын ақынның жақсы көруімен, сұлулықты суретшінің көзімен өлшейтін. Тірі адамдардың түстерінен гөрі ол кинода көрген артисткаларды көбірек есте тұтатын. Солармен салыстырып бағалайтын. Оның ақылы батыл да, ісі жалтақ болатын.

Әйел затына шындықтың өзінен гөрі әсірелеп өсіре сыпаттау көбірек ұнайтын.

Әйел жұбатуға әрдайым бейім. инстинктыға билететін, тегі қайғы әйелді тартқыш болады. Айна торғайды сондай тартады, дейді ғой.

Оны достарының мақтарлық ештеңесі болмаса, жауларының жамандар да түгі болмайтын адам дейміз.

Кейбір көріністен, мінездерден ішің пысқанда тіпті отырған үйдің қабырғасының да есінегісі келгендей сезінесің.

Кей мақтаншаққа не қылсаң да есебін тап та өзінді өзің мақтай бер. Қарынды үре бергендей өзінді өзің үріп қампита бер. Жарылып кеткеніңде із-тоз да қалмастай болсын, деп ақыл айтуға болады.

Тегінде әр адамның көңіл түкпірінде қалғып жүретін сенімсіздік, қарсылық, ерсілік ұрықтары болады. Кей кісілердің сөздері соларға қозғау салып, от беретіні болады.

Басқа келген ойлар сондай бір ұсақ қиқым жайлар, ол ой да емес. Жаңа көріп өткен адамдардың бұлдыр жүздері, ұшқын сөздері кейбір айғай, кейбір қимыл қозғалыстары сияқты, қысқасы ішкілікпен өткен күннің соңында қалған сыпырынды сияқты, қоқыр-соқыр еді.

Ол кей уақыттар атылып жарылғандай сөйлеп қайнап кетеді де, артынан бірнеше минут тоқтап қалып қайтадан сөзіне қақалып, қырылдап, жөтеліп булыға сөйлеп кетеді.

Сөзімен бықсық түтіндетіп кеткенде кәдімгі оттан суырылған күйген кесеудей ащы түтіні бұрқырай жүрді.

Түнгі жауын аспанды мөлдірете тазартып кетті. Адам итшілеген тіршілігіне сондай бір шегіне жеткен тәрізді де, енді подлец болуға мейлінше праволы сияқты сезінеді.

Ас бөлмеде, алакөлеңкеде күздікүнгі сүлесоқ талмау түрде өлусіреген шыбындар ызыңдай ұшып жүр.

Поездан жаңа түскен адамның басында сол поездың темір салдыры әлі де даңғаза қып білініп тұрғандай.

Самауырда көп масалар ызыңдап жүргендей.

Магазиндердің ашық есіктерінен дем шыққандай иістер келеді. Былғарының, темекінің, бір жерде майдың, еттің, тәтті дәмдінің де иістері білінеді де мазасыз сезіледі.

Алыстан естілген оркестр күйі әрқашан жез трубалардың үндерін басыңқырап жұмсартыңқырап әкеледі де, барлық жырақтан келген сол оркестр күйлерінде қиялға, мұңға бейім бір әсер болады.

Адам өзінің жанын ұсақ уайым, болымсыз қам-қаракеттің дертімен былғанудан сақтау керек.

Кейбіреулердің сөйлеген сөзі жел ұшырып жатқан қиқым қордадай.

Скепсис адамды оқытады, өсіреді. Ал оптимистік көбінше ақымақтыққа бейім етеді.

Сол бір осал әдет оның миындағы шығу сияқты еді.

Күзгі жауын астында көшенің тасы майлағандай жылтырайды. Терезе шынылары қорғасындай сұрқылкөкшіл ірең береді.

Жағымпаз, тынымсыз бір сорақы тыпырлап, жалбақтап, дөңгеленіп құйтыңдағанда өзін табаға салып пісіріп жатқандай бұлталаңдайды.

Оның аптұрған бір мінезі кейбір жайды әдейі көрмей қоятын. Байғыздың күндіз көрмейтіні сияқты ол күлгір, көрместікке салынатын.

Бір араб оқымысты айтқан екен: ағылшын Европада түлкі, отарда аты белгісіз қанішер жыртқыш деп.

Жас ұлғая келе туысқандық сезім де тозып, бұрынғы ыстық қуатынан айрыла береді.

Ол қайғы мен тәкаббарлықтың екі арасында қақ бөлінгендей.

Оның ішінің пысқаны, қасіреті соншалық, тіпті мұндайды жас көңілі бойынша ешбір кітаптан да оқыған жоқ. Ешбір киносуреттен де көрмегендей еді.

Қасынан қыз өтіп бара жатқанда ол әуенің де жеңіл толқып ырғалғанын сезді.

Ол әйел бұның көңілінше бар адамның тіршілігінен, ортасынан жоқ болып өшіп кетіп, енді тек жалғыз бұның жанында ғана тірлік етіп қалған тәрізді.

Қараңғылық, қош иісті жылы ғана қараңғылық, сондай бір терең құпия қалыпты аңғартады. Өзі және бір қою ағым тәрізді.

Айнаға қараңыз, сволочьтың дәл өзін сонда көзіңізбен көресіз.

Көзіңнің ашық тазалығы — таза бұлақ мөлдір суындай. Көзқарасы біралуан, адамға жабысқақ қарайды.

1961

ТҮСІНІКТЕР

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы

(монографиялық зерттеу)

Мұхтар Әуезов өзінің творчестволық жолдағы саналы өмірінің ұзына бойында қазақ халқының асқан ойшыл ақыны ұлы Абайдың әдеби мұрасын зерттеуге отыз жылдан астам уақытын жұмсады. Өмірінің соңғы күніне дейін ұлы ақын мұрасынан қол үзбей, үнемі іздену жолындағы осы процеске 40-жылдар ортасында «Абай» рома-

М. Әуезовтің Абай мұрасын зерттеп, танудағы ұзақ жылдарға созылған ізденістері әлем әдебиеті тарихында аса сирек ұшырасатын құбылыс, әрі мейлінше өзіндік ерекшелігі бар ғылымдық, творчестволық зерттеу әрекетіндегі бірлікке, үйлесімге негізделген жұмыстың қатарына жатады. Осы ерекшелікті автордың өзі де әр тұста атап өтіп, ескертіп те отыратын тұстары бар. Өзінің осы мұра айналасындағы ғылыми-творчестволық ізденістерінің қорытындысы екі түрлі саналы нәтижеге әкелгенін автордың: «Бұл күнде өзім түсінген Абайды тану ғылымының бір нәтижесі — «Абай» романы деп білемін. Екінші нәтижесі — биылғы жылы мен жазып бітірген, әзірше қолжазба түрде жүрген ғылымдық зерттеу — «Абай жөніндегі монография» (Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1951 № 2, 136-бет),— деп ескертуінде де айқын сезіліп тұр.

М. Әуезов Абайдың әдеби мұрасын жинастыру, оны әр қырынан зерттеп тану жолында әр жылдар кезеңінде пісіп жетілген ой пікірлерін, жаңаша танымдарын мақала, зерттеулері арқылы көпшілік оқырман талқысына салып отырудан тартынбаған. Әсіресе, бұл әрекеті абайтанудың іргелі саласы — Абайдың ғылыми өмірбаянын төрт рет қайта жаңғыртып жазу үстінде де үздіксіз ғылыми творчестволық іздену жолында іштей түлеп, соны ой-пікір, жаңа танымдары біртіндеп қорланып, жыл өткен сайын молыға берген. Творчестволық іздену жолындағы осы процеске 40-жылдар ортасында «Абай» романын жазуды қолға алып, 1942 жылдан бастап университет аудиториясында қазақ әдебиетін оқыту тарихында тұңғыш рет абайтанудан арнайы курс оқытып, арнайы семинар сабақтарын өткізу әрекеті қоса жүргізілді. Автор тарапынан жүргізілген бұл іспеттес қажырлы твор-

чествoлық жұмыстың нәтижесі зерттеушіні жаңа танымдар мен соны ой-пікірлерге молықтырып, Абай мұрасының асыл табиғатын танып білуін сапалық жағынан да терендете берген іс тәжірибесін көреміз.

Ұзақ жылдарға созылған абайтану саласындағы құстың қос қанатындай екі түрлі саладағы (ғылыми және творчествoлық) ізденістері үстінде пайда болған ой-танымдарын жүйелі түрде бір жерге шоғырландырып қорытындылауды да мақсат еткен еді. Осы абайтанудан арнайы курс пен арнайы семинар сабақтарын өткізу үстінде Абай мұрасы жөніндегі әр жылдар тұсында туындаған соны ой-толғаныстарын бір жүйеге түсіріп, жетілдіру арқылы соңғы ой қорытындысы ретіндегі монографиялық зерттеу еңбегін жазуға айрықша мән береді. Мұны М. Әуезовтің тіпті 1954 жылы 27 августа Семей облыстық «Екпінді» газетінің редакциясы қойған сұрауға берген жауабының ішінде: «С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінде бірнеше жыл бойында мен оқыған **Абайды тану» атты курстан құралып келген көлемді монография болатын.** Ол — Абайдың өмірін, дәуірін, шығармалық мұраларын зерттейтін еңбек. Абай жөніндегі өзімнің соңғы бір көлемді еңбегім ретінде сол монографияны қазақша және орысша әзірлеп, жақын жылдар ішінде жарияласам деген мақсат бар»,— деген пікіріпен де зерттеуші мақсатының негізгі ойы айқын сезіліп тұр.

Бұл мақсатқа М. Әуезов оңайлықпен жетпеген. Жоғары оқу орнында жиырма жылдай үзбей абайтанудан оқыған арнайы курс пен арнайы семинар сабағын жүргізу үстінде Абай мұрасының аса күрделі табиғатын жете танып, меңгеру жолында өз тарапынан тікелей жүргізіп отырған әртүрлі творчествoлық әдіс тәсілдерді де қолданғанын көреміз. Мәселен, оқыған дәрісінің студенттерге жету, айтқан ой-пікірдің негізгі буындарын түсіну жағын және өзі дәріс үстінде баяндаған ой-пікірлерінің жыл өткен сайын толығып, жаңа сапа, соны мағлұматтар беру дәрежесі қандай болғанын студенттер жазған конспектіні нақтылы талдап оқып, ерекше белгілер қою арқылы да сын көзімен қарап отырған әрекеті де қызықты творчествoлық тәжірибе десе болғандай. Осындай мақсат тұрғысынан М. Әуезов оқтын-оқтын әр жылдар тұсында өз лекциясын стенографияға түсіріп, онда айтылған ой-пікірлері мен жаңадан қосып қорландырған соны деректері мен танымдарын қайта қарап үстемелеп, қорландырып отырудан тартынбаған. Әрі осы ойларын не жаңадан тауып қосқан соны деректерін лекция үстінде тыңдаушыларына кеңінен хабарлап, түсіндірген творчествoлық әрекетіне де кездесеміз. Мысал ретінде атап өтер болсақ, 1946 жылы 3-курс студенті Рәзия Рүстембекованың (қазіргі филология ғылымының кандидаты) конспекті дәптерін тексеріп, онда баяндалған ойларының желісіне ой көзімен қарап, әрі шәкіртінің лекцияны қабылдау жағына да сынмен қарап, ескерту жасаған шаш-

па пікірлері де ұшырасады (ӘӘММ архиві, № 249 папкідегі конспекті дәптер). Немесе Р. Рүстембековадан бірнеше жыл кейін оқыған Шора Сарыбаев (қазіргі ҚазССР ҒА корр. мүшесі) жазған конспекті де М. Әуезовтің Абай мұрасын танудағы ойының күрделеніп, жаңадан көптеген соны деректер көзін қосып үстемелеп, толықтырып отырған ой желісін де анғарта алады. Абайтанудан оқылған лекцияларынан-ақ жазылған студенттер конспектісінің өзінен ғана зерттеуші ойының, пікір танымының қаншалықты дәрежеде молығып өсіп өркендеп отырған эволюциялық даму жолын ап-айқын түрде анғара аламыз.

1950 жылдың өзінде-ақ автор әр жылдар кезінде ақын мұрасы жөнінде жарияланған мақала, зерттеулері мен ұзақ жылдар бойы абайтанудан оқыған арнайы курстағы ойларын жинастырып, бір желіге түсірілген қолжазбасы болған. Бірақ монографиялық еңбектің алғаш жазылған қолжазба нұсқасы толық түрінде сақталмай, бізге бірлі жарымды тараулары ғана жетіп отыр. Кейінірек автор көп жылғы ой-танымдарын жинақтап қорытындылау, оны баспаға даярлау мақсатымен монографиялық зерттеуін қайта жазып, қолжазба нұсқасын даярлап, бүгінде біз біліп, оқып жүрген қалпына келтіреді. Бұл қолжазба автордың тағы да қайта редакциялап, үстінен түзетулер ендірген нұсқасының негізінде (ӘӘММ архиві, № 193-папкі) тұңғыш рет 1959 жылы «Әр жылдар ойлары» (7—190-бет) деп аталатын жинағында жарық көрді. Екінші рет осы басылымның ықшамдалған түрі Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты шығарған «Қазақ әдебиеті тарихында» (2-том, бірінші кітап, 383—492-беттер) жарияланды. 1967 жылы Мұхтар Әуезовтің туғанына 70 жыл толуына орай үшінші рет «Абай Құнанбаев» деген атпен (15—228-беттер) жарияланған мақалалар мен зерттеулер жинағында да басылды. Осы басылымды баспаға даярлаған филология ғылымының докторы Ы. Дүйсенбаев өткен басылымдарда мағынасы өзгеріп ауысқан көптеген сөздерді түзетіп, бастапқы қалпына келтіреді. Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (1969) бұл монографиялық зерттеу төртінші рет 1967 жылғы «Абай Құнанбаев» деп аталатын мақалалар мен зерттеулер жинағының нұсқасы негізінде өзгеріссіз сол қалпында жарық көрді.

Ал М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының ең соңғы томына жіберліп отырған Абай мұрасы туралы бұл монографиялық зерттеуді жазушының әдеби-мемориалды музейіндегі № 193-папкіде сақталып отырған асыл түпнұсқамен қайта салыстырып, сол түпнұсқа негізінде көптеген мағынасы ауысып түскен сөздер байырғы табиғи қалпына келтірілді. Біршама қалып кеткен сөздер мен сөйлемдер де осылайша бастапқы қалпына келтірілді. Ал өткен басы-

лымдарда қысқартылып қалған кейбір сөйлемдер тұтас абзацтар, бүтіндей беттер тұпнұсқасының бастапқы қалпын сақтап отыр.

* * *

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының ең соңғы томына негіз етіп алынған М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында жарияланған Абай туралы монографиялық зерттеудің нұсқасы (1969, 12-том, 241—471-беттер) архивтегі қолжазба түріндегі осы еңбектің тұпнұсқасымен (ӘӘММ архиві, № 193-папкі, 1—339-беттер) қайта салыстырылды 12-томдағы мағынасы бұзылып, жаңылыс берілген сөздер мен сөйлемдер бастапқы қалпына келтіріліп, түзетілді. Мұхтар Әуезовтің өз архивінде сақталып қалған қолжазбаның тұпнұсқасында (ЛММА архиві, №193-папкі, 1—334-бет) басылымда қысқартылып берілген деректер автор таранынан сызылмаған яғни қысқартылмаған, бастапқы қаз қалпында тұр. Осы ерекшеліктерді ескере отырып әрі автордың о бастағы ой-пікірінің желісін үзбей тұтас та толық түрде оқырмандарға жеткізу үшін, Түсініктеме бөлімде қосымша ретінде беріліп отырған бұл деректер тұпнұсқадағы қалпы бойынша рет-ретімен берілгенде, олардың беттері қолжазба тұпнұсқадағы автордың беттеуі бойынша да және архивтің беттеуі бойынша да бірдей көрсетілді. Олар мыналар:

а) «В. И. Ленин Россияда бұрын болған әдебиеттік ой туралы жазғанда: «Бақытқа қарай, Россиядағы әлеуметтік ойдың озғын топтарының бәрінде де салмақты түрдегі затшылдық дәстүр бар»,— деген болса, біз Абайдан бұл сияқты сипатты таппаймыз» «Автордың беттеуінде 250-бет, архивтің беттеуі бойынша 256-бет).

б) «...филология ғылымының кандидаттық дәрежесіне диссертация жазған З. Ахметов, С. Нұрышев және Н. К. Полибина жолдастардың еңбектері бұл жөніндегі салыстыру, тексерудің толығырақ деректерін береді» (Автордың беттеуінде 287-бет, архивтің бетеуі бойынша 291-бет).

в) ...Абайдың да тіл структурасы, грамматикалық құрылысы, негізді сөздік қоры біздің бүгінгі қауымымыз сөйлеп жүрген тілдің өзі болады. Әрине, Абай шығармаларында қазақ тілінің байлығы бар қалпында Пушкин шығаррмаларына орыс тілінің байлығы кіргендей араласқан жоқ. Көбіне поэзия жанрында, саны мол емес шығармалар жазғандықтан, Абай өзі білген қазақ тілінің де барлық қорын пайдаланып болмаған. Рас, оның шығармаларының тілінде халықтық қордың ең асыл, көркі, мән-мазмұнды қасиеттері, шамасынша қамтылғаны анық. Егер Абай өз поэзиясымен қоса қалың роман тәрізді, повесть сияқты не драматургия сияқты үлгілерде көп жазған болса,

өз халқының сол замандағы салттық сөздерінен, тілдерінен де көп сөздіктер кіргізген болар еді.

Абайдың қазақ әдебиет тілін жасаудағы екі алуан ерекшелігін атап өту қажет. Ең әуелі, Абай қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорын кең пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетті. Екінші, қазақ қоғамының ортасында Абай заманында таптық диалект, жаргон есебінде кіре бастаған бөтен тілдер әсері бар еді. Ол мәдениеттен кейін қалған, реакциялық, діншілдік бағыттағы пантуркистік, панисламистік түрінде қазақтың жазба тіліне араласа бастаған араб, иран сөздері болатын. Бұлар кітапшылаған молдасүрей ақындар қолданған, жазба әдебиетке кіре бастаған және ресми кеңсе тіліне кіре бастаған, үстем тап қолданған жаргон сөздігі болатын. Мекеден, Бұхардан, Стамболдан, Қазаннан шыққан ишан, имам, пірлер мен схоластик медреселр тәрбиесінен шыққан хазірет, халфе, молдалар жаргоны болатын.

Олар Абай тұсында дінисламның ықпалына тартып және «түркі» деген тілді пантуркистік саясатының құралы етіп әрекет жасады. Бәрінің жиын саясаттық бағыты біреу болатын, ол Россиядан орыс халқы мәдениетінен, қазақ сияқты елдерді аулақ, алыс етіп ұстаудың шарасы еді. Түп мақсаттары империалистік Англия қолданған отаршылдық бағытқа жәрдемдескен, үстем таптан халыққа шат, залалды идеологиясының бағыты еді.

Панисламист, пантүркистердің тіл жөніндегі және жалпы саясаттағы талабы, кейін шығатын буржуазиялық ұлтшылдар бағытымен астарлас, армандас болатын. Араб, иран тілімен жаңағы түркі деп кірген жаргондық сөздер, сөйлемдер Абайдың алдында, оның тұсында да мол жайылып келе жатқан-ды. Ең алғашқы шәкірт ақын шағында, Абайдың өзі де идея жағынан бағынбаса да, өлеңдік сыртқы түр, тіл жағынан сол жаргондық сөздерге әуестеніп, еліктеп жазып жүргені болған. Кейін қарасөз сияқты шығармаларында оқтатекте сол ескі сөздікті дәлел үшін қолданғаны болмаса, негізінде жаңағы аламыш тілдің керексіз шұбарлығынан Абай арылады.

Хат жаздым Әзірет — Әлі айдаһарсыз,
Бізде жоқ алтын нек сарала қыз,—

деген сияқты өлеңдерінде Абай шығыстық, діншілдік мазмұннан жиреніп қана қоймайды, өзі тұстас кітапшыл ақындардың араб, парсы сөздерінен құрап, әралуан ақындарды сол тілдермен атап, өлең тілін шұбарлағанын да «сарала» бояумен баттастырганын да шенеп, сынап отыр.

Осының керісінше, Абай өзінің барлық өзіндік көркем терең шығармаларын жазғанда халқының тілімен жазады. Бар қасиетті, қадірлі нәрді, ажар кестені, толық сыпатты өз халқының тілінен таба-

ды. Бұл Абайдың өзгешелік, ірілік, классиктік сыпаты еді (Автордың беттеуінде 317а—317б-бет, архивтің беттеуі бойынша 322—323-бет).

г) «Абайдан соңғы сол тұстағы ең бір талантты, анық озғып идеялы адам Мағауияның ақындық еңбектерін біз осымен аяқтаймыз» (Автордың беттеуінде 342-бет, архивтің беттеуі бойынша 344-бет).

Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы басты еңбегі болған монографиясы «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904)» жазылып біткен уақытты еске алмай, ол тұстың әдеби атмосферасында болып өткен ауажайылушылық сол дәуір «талабына» орай автордың өзін өзі сынап, кейбір ойларын терістеп отыру сарыны барлығын еске алмай отыра алмаймыз. Бұл іспеттес пікірлерді қолжазбаны баспаға тұңғыш рет даярлаушы редакторлар орынды түрде қысқартып отырған. Ал тұпнұсқада М. Әуезовтің өз қолымен қайталай редакциялап түзеген, немесе үстемелеп қосымша пікірлер қосқан тұстары сол қалпында сызылмай өзгеріссіз сақталған. Осыларды негізге ала отырып, түпнұсқаның бастапқы табиғи қалпын сақтау мақсатында осы іспеттес қысқартылған пікірлерді түсініктемеде сол қалпында толық беруді мақұл көрдік. Өйткені автордың творчестволық ғылыми іздену жолындағы ой-пікірі мен танымындағы эволюциялық даму жолының жанды процесін білуге құштар оқырман қауымның тілегі де ескерілді. Бұл бөлімдегі қосымшалардың беті де жоғарыдағы тәртіп бойынша көрсетілді:

а) «Бұл жинақтарда редакторлық еткен орыстың совет жазушысы — Леонид Соболев. Екі жинақта да Соболевтің кіріспе сөзімен қатар М. Әуезовтің «Абайдың өмірі мен еңбегі» деген зерттеу мақаласы басылды...

Көкпай өмірі, творчествосы туралы айтылғанын автордың. «...біздің жоғарыда аталған талабамыз бойынша, әзіргі тексеруде арнап бөліп айтатынымз: Абайдың үш ақын шәкірті. Бұлар: Ақылбай, Мағауия, Көкпай.

Енді осылардың әрқайсысының ақындық еңбектеріне жекеше тоқтаймыз (ӘӘММ архиві, № 193-папкі, 318 (324)-бет),— деп ескертуінен де байқаса болады).

б) «Сол өмірбаян алғашқы жазылуындағы кейбір қателік, кемшіліктерінен, ғылымдық олқылықтарынан арылып, осы монографияда «Абайдың өмірбаяны» деген бөлім болып, енді баспаға шыққалы отыр.

Өмірбаянды алғашқы жазудағы М. Әуезовтің қаталықтары, Абайдың өз басын халықтық демократтық қасиеттері жағынан ашып көрсете алмағандықта болатын. Осымен қатар, Абайдың жақын туыстары (соның ішінде Құнанбай да бар) таптық, тарихтық тұрғыдан қарағанда, жете әшкереленіп, сыналып тексерілмеген. Кейбір кертарт-

па зиянды теріс салт-санадағы адамдар Абайдың досы, шәкірті деп дәріптелгеп, тарихи шындықтан тыс орынсыз бағаланған. Абайдың әлеуметтік, салт-саналық панымы қалыптасуда айдалып келген орыс достарының кейбіреулерінің ролі мен орны қаталық түрде асыра дәріптелген.

* * *

Мұхтар Әуезовтің қолжазбасындағы ендігі бір назар аударар ерекшелік — зерттеушінің өз қолтаңбасымен қолжазба беттеріне арнайы түрде жазған ескертпелерінде жатыр. Бұл ескертпелерді сыпатына қарай екі топқа жіктеп көрсетсе болғандай.

Бірінші топқа, автордың өз қолжазбасына әлі де қайта оралып, көптеген тың деректер қосып жаңа ой-танымдармен жетілдіріп толықтыратын ниет мақсатынан хабар беретін мағлұматтар жатады. Мысалы, автор қолжазбадағы «Абайды тану» деп аталатын тақырыпшаға сілтеме белгісін қойып, балақбауда: «Бұл бөлімге С. Мұкановтың, Қ. Жұмалиевтің кемшіліктерін көрсеткен тексеру де қосылады...» (ӘӘММ архиві, № 193-папкі, 13-бет),— деп ескерту жасауынан бұл тақырыпқа келешекте қайта қаралып, абайтану саласында жазылған күрделі зерттеулерді сын талқысынан өткізіп барып жазатындығынан хабар беріп тұр. Автордың осы ойын айғақтайтын нақтылы дәлел деректі жазушы музейінің архивінде сақталып жатқан № 239 папкідегі С. Мұкановтың Абай туралы монографиялық зерттеуінің қолжазбасына жазған көлденең пікірінен де ұшыратамыз.

Қолжазбаның 29 (32)-бетіндегі «Абайдың өмірбаяны» деген көлемді бөлімге: «Бұл бөлімге көп түзетулер қосылады...» деп ескертуі жайдан жай жазылмаса керек-ті. Өйткені Абайдың ғылыми өмірбаянын төрт рет қайта жазып жетілдіру процесінде (1924—1933, 1940, 1945, 1951 ж. ж.) бұларға зерттеушінің әлі де қанағаттанбай тағы *да қайырыла карап екшейтін, соны* дерек-мағлұматтар қосып, тың танымдар қосатын жоспарлы ниет-мақсаты барлығын білдіреді емес пе?

Немесе автордың қолжазба шетіне сырлы көкжасыл қаламмен: «Түзеу керек. Өзі дауласатын дін басылармен өз тілінде сөйлегені... 38-сөз...»,— (ӘӘММ архиві, № 193-папкі, бет) деген ескертпе жасап, арнайы түрде пікір білдіруінде көп ойдың ұшқыны жатыр. Автор осы пікірі арқылы Абай шығармаларында бөлекше орны бар қарасөздеріне қайта оралып зерттейтін ниетін сездіргендей болады. Осы бетте айтылған пікірлеріне түзетулер ендіріп, жаңа танымдарын ұсынатындығы, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясының төртінші кітабында автор *Абайдың дін басыларымен пікір таласып түскен сөздерінде* солардың өз тілі, өз ұғымдарымен сөйлетіп, қарасөздердегі (әсіресе 38 сөздегі) сөз қорын, сонда талқылаған дінге, моральге байланысты

ұғымдарды пайдаланған. Осындай творчестволық ізденістерден туған соны танымдарын Абайдың қарасөздерінің стильдік табиғатын зерттеу үстінде жаңаша баяндап, түсіндіруге ұмтылған пікірін білдіреді.

Екінші топқа негізінен автордың Абай қарасөздерін он, онбір тақырыпқа бөле қарағанда, олардың өзін ортақ ой сарындарына орай шартты түрде болса да бес топқа жіктей қарайтын сыңай білдіреді. Бірақ мұндай танымдары қолжазбада баяндалмай, сол қолжазбаның шеттеріне қосымша түзету ретінде жазған шашпа пікір (Һашия) түрінде беріліп отырады. Абайдың 46 қарасөзінің ішінен тақырыбы, стилі, ой желісі бөлекше жатқан әрі пікір қайталаулары бар он бір сөзді өз алдында бір бөліп шығарады. Ал қолжазбада талдау үшін негізінен 35 қарасөзді зерттеу нысанасына алатындығын қолжазбаның шетінде: 46 — 11 = 35 разбор» (ӘӘММ архиві, № 193-папкі, 302 (306) бет),— деп ескерту белгісінде көп ойдын, істелер істің желісі жатыр.

Ал осы 35 қарасөздің өзін он, онбір тақырыпқа бөле қарағанның өзінде олардың өзара іштей ортақ ой сарындарына қарай бес салаға топтастырып жіктей қарау керектігін қолжазбаның әр жерінде қойылған арнаулы белгілерінен (ӘӘММ архиві, № 193-папкі, 306 (310), 309 (313), 313 (317), 314 (318) беттер) көреміз. Бұл Һашия ретінде қойылған автордың қолжазба шетіне жазылған шашпа пікірлері бұл қолжазбаны алдағы уақытта жағдай болса тағы да жетілдіру, зерттей түсу, сол арқылы барынша толықтыру ниетінде болғандығын білдіреді.

Халықтың ұлы перзенті

1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай жазылып, алғаш «Советский Казахстан» журналында жарияланды (1954, № 10, 119—123 беттер). Жазушының «Мысли разных лет» жинағының (1959, 457—466 беттер) жане 1961 жылғы (261—271 б.,) басылымдарына, 1967 жылы «Ғылым баспасы шығарған М. Әуезовтің «Абай Құнанбаев» атты мақалалар мен зерттеулер кітабына (346—357 б.,) енген. Қазір «Мысли разных лет» жинағының кейінгі басылымы ұсынылып отыр.

«Абай» және «Абай жолы» романдарын қалай жаздым.

Бұл мақала алғаш Москвада — А. М. Горький атындағы Әдебиет институты студенттерімен кездесуде сөйлеген сөзі негізінде жазылып, «Вопросы литературы» журналында жарияланған. (1959 № 6, 93—110 б.), «Мысли разных лет» жинағының 1959 жылғы басылымында (397—413 б.), «Абай Құнанбаев» жинағына (1967, 357—376 б.), Москваның «Художественная литература» баспасы жарыққа шығарған бес томдық шығармалар жинағының 5—томына (1975, 439—460 беттер) енген. Сол кейінгі басылымы ұсынылып отыр.

Мақаланың Зейнолла Қабдолов қазақшалаған нұсқасы «Абай» романының жазылуы жайынан» деген тақырыппен «Әдебиет және искусство» журналында (1955, № 3, 93—104 б.), жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (1969, 106—124 беттер жарық көрген.

Ф. М. Достоевский мен Шоқан Уәлиханов

Алғаш «Дружба народов» журналында жарияланып (1956, № 3, 154—155-б.), кейін жазушының «Мысли разных лет» жинағына (1961, 272—276-б.), «Художественная литература» баспасы шығарған бес томдық шығармалар жинағының 5—томына (1975, 439—460 беттер) енген. Сол кейінгі басылымы ұсынылып отыр.

Жетіжылдық эпосы жайында толғаныс

Алғаш «Литературная газетада» (1958, 18 май) кейін «Художественная литература» баспасы шығарған бес томдық шығармалар жинағының 5-томында (1975, 333—337 б.) жарық көрген. Кітап нұсқасы ұсынылып отыр.

Ташкентте өткен Азия және Африка елдері жазушылары конференциясының негізгі мәжілісінде сөйлеген сөзі

Тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінде 1958, 10 октябрьде аударылып басылып, орысша нұсқасы М. Әуезовтің «Мысли разных лет» жинағында (1961, 29—34 б.), Москвада басылған бес томдық шығармалар жинағының 5-томында (1975, 327—332-б.) жарияланған. Соңғы басылым бойынша жіберілді.

... 1959 жылы «Правда» газетінде (8 май) жарияланып, іле-шала «Қазақ әдебиеті» (15 май) аударып басқан. Орысша нұсқасы кейін Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының 5-томына (1975, 338—343-б.) енген. Сол кітаптан алынып отыр.

Сәт сапар

Тілек — бата түріндегі бұл мақала «Новый мир» журналында жарық көрген Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесін («Литературная газета», 1958, 23 окт.) оқығаннан кейін жазылған. Баспаға сол бойынша жіберілді.

Әлемнің ұлы азаматы

Орыс тілінде «Знамя» журналы мен (1960, № 4, 4—5 б.) «Казахстанская правда» газетінде (1960, 22 апрель) бір мезгілде жарияланып, жазушы еңбектерінің орысша, қазақша әртүрлі басылымдарына («Мысли разных лет», «Уақыт және әдебиет», он екі томдық шығармалар жинағының 12-томы) енген Ұлы көсеміміз В. И. Ленин туралы публицистикалық толғаныс. Тұңғыш рет «Қазақ әдебиеті» газетінде (1959 ж.) жарық көрген. Баспаға Москвадан шыққан бес томдық шығармалар жинағының 5-томы (1975, 461—464-б.) бойынша ұсынылып отыр.

Орыс әдебиетінің шырқау биігі

1960 жылы СССР Ғылым академиясы шығаратын «Литературное наследие» сериясының А. П. Чехов творчествосына арналған 68-томында (11—12-б.) жарияланып, сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде (29 январь) берілген. Жазушының «Мысли разных лет» (1962, 277—279-б.) «Уақыт және әдебиет» (1962, 414—417-б.) жинақтарына да енген. Баспаға орыс тілінде аталған бес томдықтың 5-кітабы бойынша ұсынылып отыр.

Дәстүр мен жаңашылдық жайында

Москваның Шығыс әдебиеті баспасы 1960 жылы жарыққа шығарған «О традиционном и новаторском в казахской советской литературе» дейтін арнаулы кітапқа еніп, сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде де (28 август) жарияланған. М. Әуезовтің «Мысли разных лет» жинағы (1961, 18—23-б.), он екі томдық шығармалар жинағы-

ның 12-томы (1969, 508—512-беттер), «Казахский государственный университет им. С. М. Кирова к сороколетию республики» (1964, 67-беттер) сияқты әртүрлі басылымдарда жарық көрген мақала. Жазушының орыс тіліндегі бес томдығының 5-кітабы (1975, 472—477-б.) бойынша жіберіліп отыр.

Туысымзы, досымыз біздің

Тарас Шевченко жайлы бұл мақала алғаш «Литературная газетада» (1961, 9 март), келесі күні «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған. Жазушының «Мысли разных лет» (1961, 280—282-б.), «Уақыт және әдебиет» (1962, 418—420-б.) жинақтары мен он екі томдықтың 12-томына (1969, 521—524-б.), «Брат наш, друг наш» деген тақырыппен Қазақ ССР Ғылым академиясы жарыққа шығарған арнаулы кітапқа (1964, 7—9-б.) енген. Баспаға орыс тіліндегі бес томдықтың 5-кітабы бойынша жіберілді (1975, 534—541-б.).

Қазіргі роман және оның геройлары

1961 жылы алғаш «Литературная газетада» (20 май) жарияланып, іле-шала Зейнолла Қабдолов аудармасымен «Қазақ әдебиеті — газетінде (26 май) берілген. М. Әуезовтің «Мысли разных лет» (1961, 58—65-б.) жинағына, «Өскен өркен» романының 1962 жылғы басылымына алғысөз ретінде (3—8-б.), он екі томдық шығармалар жинағының 12-томына (1969, 513—521-б.) енген. «Художественная литература» баспасы жарыққа шығарған бес томдықтың 5-кітабынан алынды (1975, 534—541-беттер).

Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің социализм дәуіріндегі даму жолдары

Евгения Васильевна Лизуновамен бірігіп жазылған мақала 1957 жылы «Советское востоковедение» журналының № 2 санында жарияланған. Сол нұсқасы беріліп отыр.

Қазақ әдебнетінің тарихынан

Бұл мақала Евгения Васильевна Лизуновамен бірігіп жазылған. 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы «Вестнигінің» 1957 жылғы, № 11 санында шыққкан. Жиырмасыншы томға осы нұсқасы беріліп отыр.

Ірі оқымысты

Профессор Құдайберген Жұбанов туралы Ісмет Кеңесбаевпен бірігіп жазылған бұл мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы 5 декабрьдегі нұсқасы бойынша ұсынылды.

Үмітті ұрпаққа — игі тілек

М. Әуезовтің 1957 жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің V пленумында сөйлеген сөзі. «Лениншіл жас» газетінде жарияланған тексті бойынша (1957, 11 декабрь) берілгіп отыр.

Жүрек алғысы

М. Әуезовтің 60 жасқа толу торқалы тойы тұсында өзінің балдырған балалық шағы өткен жер Қасқабұлақта болған еді. Сүйікті жерлестерімен кездесуде тебірене сөйлеген сөзі магнитофонға жазылып қалған екен. Арада он жыл өткеннен кейін бұл сөз «Социалистік Қазақстан» газетінде (1967, 8 декабрь) жарық көрген. 1967 жылы, 6 июль және жазушының 80 жыл (1977, 25 сентябрь) толу салтанатына орай жергілікті «Совхоз туы» газеті «Біз бір жанбыз, бір денеміз», «Алғысым саған туған жер» деген тақырыппен екі дүркін қайталап жарияланған. Баспаға «Социалистік Қазақстанда» жарияланған нұсқасы берілді.

Оянған халықтар үні

Бұл мақаланың сәл ықшамдалған түрі 1958 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының жарыққа шығарған «Азия, Африка ақындары» атты жинағына алғысөз ретінде — «Ардақты оқушы» деген тақырыппен берілген. Біз жазушы пікірінің сол жылы «Жұлдыз» журналының 9-санында (14—15-б.) жарияланған толық нұсқасын ұсынып отырмыз.

Үзілмес достық өреніміз

Қазақ совет әдебиеті мен өнерінің 1958 жылы Москвада өткен онкүндіктің ашылуына орай жазылған (12 декабрь) бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің мерекелік санында жарияланған. Жиырма томдыққа сол қалпында жіберіліп отыр.

Өнерге өнеге

Бұл мақала қазақ әдебиеті мен өнерінің 1958 жылы Москвада өткен онкүндігі әсерінен туған. Енді «Қазақ әебиеті» газетінде (1959, 1 январь) жарияланған нұсқасы бойынша беріліп отыр.

Партия туралы ойлар

1959 жылы «Қазақ әдебиетінің» 30 январьдағы санында «Партия туралы ойлар» деген тақырыппен шыққан мақаламен салыстырғанда бұрынырақ орыс тілінде жазылған (Мухтар Ауэзов. 1957 октябрь, Москва) жоспары әлдеқайда көлемділеу көрінеді.

Мақала газеттегі басылымынан кейін «Уақыт және әдебиет» (1962 ж.) жинағы мен он екі томдық шығармалар жинағының 12-томына (1969, 472—475 беттер) енді.

Қорытынды сөз

Бұл сөз 1959 жылдың 15—19 июнь аралығында Алматы қаласында өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларын әңгіме ететін ғылыми теориялық конференцияның қорытынды мәжілісінде сөйленген сөз. Артынан конференция материалдарына (1961) әдейі арналып шығарылған «Әдеби мұра және оны зерттеу» деп аталатын жинақта жарияланды. Баспаға жазушының он екі томдық шығармаларының 12-томынан алынып беріліп отыр.

Біздің жауапкершілігіміз

Негізінде, алғаш орыс тілінде жазылып, «Литературная газета» (1959, 2 август) мен «Ленинская сменада» (26 август) бір мезгілде жарияланған жазушы толғанысы. Іле-шала «Қазақ әдебиеті» (28 август) аударып басқан. Сол текст ұсынылып отыр.

Әкел достық қолыңды, бауырларым

Жазушының 1960 жылы туысқан Тәжікстанда өткен Азия, Африка халықтары ынтымақтастығының бірінші советтік конференциясында сөйлеген сөзі негізінде жазылған мақала. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі (21 октябрь) нұсқасы алынды.

Заман шарты

Қазіргі ғылыми техникалық революция заманындағы көркем әдебиеттің тағдыры жөніндегі аса күрделі мәселелерді сөз ететін бұл еңбек — «Заман шарты», «Космос дәуіріндегі әдебиетті қайтпекпіз»,

«Біз жаңалық табу жолындамыз», «Жүрекке жүрек ашылсын» деген бір тақырыпқа арналған бірнеше мақалалардан тұрады. Алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінің 1960 жылғы 28 октябрьдегі санында жарияланды. Одан кейін «Уақыт және әдебиет» (1962) жинағы мен он екі томдықтың 12-томында да (1969, 493—499 беттер) жарық көрді.

Қайта туған халықтың әдебиеті

Мақала Қазақ ССР-нің құрылғанына қырық жыл толу мерекесіне орай жазылып, «Советтік Қазақстан ғылымы» деп аталатын жинақта (1960) жарық көрді. Соңынан жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (1969, 475—493-беттер) басылып шықты.

Жыл келгендей жаңалық сеземіз

1960 жылы 26 декабрьде С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде өткен жастар поэзиясының кешінде сөйленген сөз.

Газеттегі жариялануы мен стенографиялық түпнұсқаны салыстырып қарағанда бірлі-жарым сөздерде айырмашылық кеткендігі байқалды. Солардың кейбіреулері түзетіліп жиырма томдыққа ұсынылып отыр.

«Рүстем-дастан» поэмасына алғысөз

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты дайындап, Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1961 жылы жарыққа шығарған «Рүстем-дастан» поэмасына алғысөз. Бұл басылымға сол қалпында берілді.

Тагордың кемеңгерлігі

Мақала үнді халқының ұлы перзенті Рабиндранат Тагордың туғанына жүз жыл толу мерекесіне орай жазылып, алғаш рет «Уақыт және әдебиет» (1962, 421—425-беттер) жинағында жарық көрді. Одан кейін он екі томдық шығармаларының 12-томына (1969, 524—527-беттер) енді.

Шоқан туралы сценарийден әсер

Бұл ұлы ғалым-ағартушы Шоқан Уәлиханов туралы түсірілген кинофильмнің премьерасын көргенде сөйлеген сөзі. («Ленинші жас»,

1963, 30 ноябрь) Жазушының жиырма томдығына сол газеттен алынып ұсынылып отыр.

Есте болар сөздер

Өмірден көрген, білген, түйген және ізденіп ой қуғандағы сәтшақтарының қандайлық екенін аңдататын жазушының бұл жазбалары өзінің жазу столындағы бір топ материалдардың ішінен табылған. Оны жазушы музейінің бұрынғы ғылыми қызметкерлері, марқұм М. Бөжеев пен Б. Сахариев «Қазақ әдебиеті» газетіне (1967, 19 май) ұсынған. «Тағы бір топ сөздер», «Ерлер туралы әйел сөзі», «Бір тойдан соңғы стол үстіндегі, үй ішіндегі сурет», «Кей адамдар жөнінде». «Индия ғалымдарының сөздері» деген аттарының өзінен-ақ ой арнасы сезілгендей болып тұрады. Мысалға «Индия ғалымдарының сөздері» ертедегі атақты араб жазушысы Абул — Фараджды оқу үстінде жазылған. Бұлар жазушының іздену мен еңбек жолдарына ой жүгіртіреді. Архивтағы қолжазба мен газеттегі басылымы қайта салыстырылып баспаға ұсынылды.

* * *

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағы — ұлы ойшыл, кемеңгер суреткердің қаламынан туған дүниелердің барлығын бірдей қамти алған жоқ; зерттеулері, мақалалары, диссертациялық жұмыстар меп жекелеген еңбектерге жазған ой-пікірлері, әртүрлі жнын-талқылауда сөйлеген сөздері мен баяндамалары, аудармалары, хаттары әлі де мол. Бұл басылым — бұрынғы он екі томдықта жарық көргендерінен басқа жиырмасыншы, отызыншы жылдар ішіндегі газет-журналдардан және содан бергі түрлі-түрлі басылымдардан, сондай-ақ жазушының өз архивынан алынған жаңа, тың еңбектерімен толықтырылды. Бұлардың қай-қайсысы да мәдениетіміз бен тарихымызға қосқан жазушы үлесі, асыл қазынасы болып табылады.

* * *

Он екі томдықта жарияланғандары сол қалпында жіберіле салмай, текстологиялық түзеу, жөндеулерден өтті. Әртүрлі басылымдарда жарияланып қолжазбалары сақталмай қалғандары болмаса түпнұсқасы бар туындыларының барлығы қайта қаралып, қайта салыстырылды, түзетілді, толықтырылды, мүмкіндігінше алғашқы нұсқалық қалпы сақталды. Әйтсе де көркем шығармалары мен ғылыми еңбектерінің вариант-қосымшаларының көптігі әлі де терендей үңіліп салыстыруды керек етеді, егер олай болған жағдайда әрқайсысы өз

орындарын тауып толық нұсқасы жасалынар еді. Дегенмен, бұл басылым — келешекте шығар шығармаларының толық, немесе академиялық жинақтарына негіз бола алады.

М. Әуезов кейбір көркем шығармаларын, ғылыми зерттеу еңбектері мен публицистикалық мақалаларын екі тілде — қазақ, орыс тілдерінде қатар жазған; жиырма томдықты әзірлеу барысында осы жағы ескерілді де алдымен қай тілде бұрын жазылса сол тілдегі нұсқасы негізге алынды. Он екі томдықта біраз еңбектерінің қазақша аудармасы берілген еді, енді олардың орыс тіліндегісі жіберілді. Ертеректегі басылымдарда кездесер өз кезі, өз уақытының лебін танытатын сөз, тіркес, ұғымдар өзгертілмей сол күй, сол қалпында берілді де, тек біраз еңбектері едәуір қысқарту, ықшамдауларға ұшырады.

Он екі томдықты баспаға әзірлеп, түсініктерін жазуда филология ғылымының докторлары: Мұратбек Бөжеев пен Бекмұрат Уахатов, филология ғылымының кандидаттары Баламер Сахариев, Айқын Нұрқатов марқұмдар елеулі еңбек сіңірген еді. Бұл реттс филология ғылымының докторы Бейсенғали Наурызбаев пен филология ғылымының кандидаты Керімбек Сыздықовтар да көп күш жұмсаған. Осы басылым тұсында бұрын өздері әзірлеп, түсініктерін жазған біраз еңбектерді қайта қарап, қайта дайындады. Кейбір туындыларды әзірлеу барысында белгілі ғалым Рахманқұл Бердібаев пен Қайым Мұқаметхановтардың көрсеткен ақыл-кеңестері болды.

Соңғы басылым көптеген жаңа, тың еңбектермен толықтырылғаны жоғарыда айтылды. Солардың басым көпшілігі қазақтың А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық кітапханасынан, кітап палатасы мен Қазақ ССР мемлекетік архивынан алынды. Осыларды жинастыру, араб әрпінде басылғандарын көшіріп жазып алу жұмысын негізінен жазушы музей — үйінің ғылыми қызметкері Нариман Мұқаметханов атқарды. Сонымен қатар ол біраз еңбектерді қаран, түсініктерін жазуға да араласты.

«Калкаман — Мамыр», «Степной батыр», «В нашем совхозе», «Новый аул», «К трехлетию Кирреспублики», «Лучший друг национальных литературы», «За большие художественные обобщения», «Бессмертный поэт», «Джамбул и народные акыны», «Мудрый певец», «Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература», «Пушкин и братские литературы советского Востока», «Заметки о теории советской драмы», «Общее дело советских литераторов», «Колонализму позор!», «Вся наша литература за мир»,

«О развитии литератур народов Средней Азии и Казахстана в эпоху социализма», «Высокое призвание», «Свет зари негасимой», «Особенности развития литератур социалистических наций», «Народность и реализм Абая», «Манас» — героическая поэма киргизского народа», «Киргизский героический эпос — Манас», «Достоевский и Чокан Валиханов», «Великий сын народа», «Как работал над романами «Абай» и «Путь Абая», «Размышление об эпосе семилетки», «Речь на пленарном заседании конференции писателей стран Азии и Африки в Ташкенте», «Братство наших литератур», «Путь добрый», «Человек мира», «Светлая вершина русской литературы», «О традиционном и новаторском», «Брат наш, друг наш», «Современный роман и его герой» атты шығармаларды баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктерін жазған — Л. Әуезова.

«Жуалы колхозшысы», «Істері сөйлейді», «Сөз алған тау сағыз бен көк сағыз», «Қарғалы совхозындағы төрт күн», «Ол күнгі Алматы», «Мәдениетті Қазақстан», «Әр тыныс ың «Отан» дейтін күн бүгін» «Ерлік — елдің сыны», «Жеңеміз біз, жеңеміз», «Асыл елдің алып ұлы», «Ақын елінде», «Жыр жалауы Аманкелді», «Ер серігі сергек ой», «Қазақ бөлімі», «Халықтың ғасырлық жыры», «Үшқоңыр жайлауында» «Әйел жолы», «Бәйбіше — тоқал», «Абай» (трагедия) «Абай (либретто», «Абай» (кинодрама), «Абай» (әдеби сценарий), «Қасқыр», «Булька», «Ақсүйектер, «Оқудағы құрбыларына», «Философия жайынан», «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті», «Әдебиет тарихы», «Абайдың туысы мен өмірі», «Абай ақындығының айналасы», «Абайдың идеялық мәдени ізденістері», «С. Қ» басқармасына ашық хат», «Орыс классиктері және Абай», «Абай еңбектерінің биік нысанасы», «Қазақ халқының ұлы ақыны», «Абай өмірбаяны (1945)», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев», «Жамбылдың айтыстағы өнері», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айтыстар», «Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі», «Ұлы ойшыл, сыншы», «Пушкин мен Абай», «Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері», «Ұлы ақын, ағартушы — Абай Құнанбаев», «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (монография)», «Мұхаңа қойылған төрт сұрақ», «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» т. б. шығармаларды баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктерін жазған — М. Мырзахметов.

«Тартыс», «Октябрь үшін», «Ақ қайың», «Бес дос», «Хан Кене», «Жеткіншек», «Қазақстан көркемөнері», «Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері», «Қыз Жібек» қан-

дай?», «Тарғын туралы», «Жұмбақ туралы», «Өмірі үлгі, еңбегі таудай жазушы», «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар», «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы», «Көркем жырдың ұлы ақыны», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Шыншыл, тәкаббар ақын», «Дворян ұясы», «М. Әуезовтің съезді ашардағы сөзі», «Реалистік драма жолында», «Жүрекпен туысқандар», «Дүниежүзілік маңызы бар оқиға», «Қазақтың әдеби тілі туралы», «Бейбітшілік әлем тілегі», «Ірі оқымысты», «Біздің жауапкершілігіміз», «Үзілмес достық өреніміз», «Ең дана заңды, ең жас мемлекет», т. б. шығармаларды баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктерін жазған — З. Серікқалиев.

«Шыңғыстау», «Татьянаның қырдағы әні», «Тұман айығарда», «Түркістан солай туған», «Оңтүстік сапарынан», «Шаяндағы шешен Керекеу», «Өскен өркен», «Дос — Бедел дос», «Отелло», «Асауға тұсау», «Ревизор», «Аққасқа», «Жердің жаратылысы туралы», Бұхар жырау», «Махамбет», «Шортанбайдың шығармалары», «Әдебиет тарихы», «Әбубәкір», «Шәңгерей», «Әдебиет хрестоматиясынан: «Пушкин», «Гоголь», «Лермонтов», «Толстой», «Некрасов», «Шевченко», «Молда Мұса», «Сәбит Дөненталев», «Әбділдә ақын», «Алдағы жылға асқын тілек», «Ертегілер», «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы», «Қазақтың ауыз әдебиеті», «Тағы да көркем әдебиеттің тілі туралы», «Республиканың жарқын жолы», «СССР халықтары әдебиеті», «Алтындай асыл болашақты ұрпақ бар», «Байсалды зерттеу қажет», «Еңбегім Ұлы Отандікі», «Игілікті сапар», «Шоқан туралы сценарийден әсер», «Партия туралы ойлар», «Есте болар сөздер», т. б. шығармаларды баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктерін жазған — Т. Әкімов.

«Қорғансыздың күні», «Сөніп — жану», «Қыр әңгімелері», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Ворошилов колхозында», «Алуа», «Ахан — Зайра», «Будда», «Той тарқар», «Алма бағында», «Қорқыныш», «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа», «Құрылыс материалдары», «Қош бол», «Ақ аю» туралы», «Тарих путевкасын берген адам», «Ұлы ұран — Отан ұраны», «Ерлік еткен коллектив», «Мұхтар жолдастың сөзі», «Жақсы сынға жан пида», «Сәт сапарға дос ниет», «Көрген, сезген жайлардан», «Қасиетті парыз», «Миллиард», «И. Крылов», «Үмітті ұрпаққа ізгі тілек», «Ана тілі әдебиетін сүйіңдер», «Өткен жыл жеміс-тері», «Сөз кітап достың жөнінде», «Индия очерктері», «Америка әсерлері», т. б. шығармаларды баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктерін жазған — Р. Досымбекова.

МАЗМҰНЫ

Абайтану мәселелері

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 6
Великий сын народа 246
Как работала над романами «Абай» и «Путь Абая» . . 257

Мақалалар, ойлар

Ф. М. Достоевский и Чокан Валиханов 280
Размышления об эпосе семилетки 284
Речь на пленарном заседании конференции писателей стран . —
Азии и Африки в Ташкенте 289
Братство наших литератур 295
Путь добрый 300
Человек мира 302
Светлая вершина русской литературы 306
О традиционном и новаторском 308
Брат наш, друг наш 314
Современный роман и его герой 316
О развитии литератур народов Средней Азии и Казахстана в эпоху социализма 323
Из истории казахской литературы 337
Ірі оқымысты 358
Үмітті ұрпаққа — игі тілек 363
Жүрек алғысы 369
Оянған халықтар үні 371
Үзілмес достық өреніміз 374
Өнерге өнеге 376
Партия туралы ойлар 379
Әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөз. . 382
Біздің жауапкершілігіміз 411
Әкел достық қолыңды, бауырларым 414
Заман шарты 420
Қайта туған халықтың әдебиеті 426
Жыл келгендей жаңалық сезінеміз 446
«Рүстем-дастан поэмасына алғысөз 457
Тагордың кемеңгерлігі 458
Шоқан туралы сценарийден әсер 463
Есте болар сөздер 468
Түсініктер 477

Мухтар Омарханович Ауэзов

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ

том двадцатый

Монография об Абае Кунанбаеве
и литературно-публицистические статьи, речи

(На казахском языке)

Редактор *К. Узакбаева*
Художник *Т. Мухатов*
Художественный редактор *Б. Машрапов*
Технический редактор *Н. Галицкая*
Корректоры *Г. Тельтаева, З. Кузекова*

ИБ 2834

Теруге 07.05.85 жіберілді. Басуға 10.10.85 қол қойылды. УГ17417. Қалпы 84×108 1/32. № 1 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 26,0+0,3 вкл. Шартты бояу көлемі 26,2+0,3 вкл. Есепті баспа табағы 26,8. Тиражы 20 000 дана. Заказ № 2478. Бағасы 2 с. 60 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа,полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93 үй.

Мұхтар Әуезов. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігінің кезінде казак прозасын талқылауда сөйлеп тұрған кезі.

Мұхтар Әуезовтің музей-үйі

Мұхтар Әуезовтің музейінде. Солдан оңға қарай Ж. Молдағалиев, М. Тұрсын-Зада, Ә. Әлімжанов.

Шыңғыс Айтматов Мұхтар Әуезов музейінде қолтаңба қалдырып жатыр.

Мұхтар Әуезовтің музейіне алғашқы келушілер. Ноябрь, 1963 ж.